

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А.С. Еспенбетов, А.С. Ақтанова,

А.К. Жундибаева

ЭДЕБИЕТ ТАРИХЫН ДЭУҮРЛЕУДИН ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Алматы, 2019

**Баспаға Семей қаласының Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университеттік Фылыми Кеңесі ұсынған**

Рецензенттер:

- Сабырбаева Р.К. – Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетті, казак әдебиеті кафедрасының кауымдастырылған профессор м.а., ф.ғ.к.;
- Мұқажанова Р.М. – Казак инновациялық гуманитарлық заң университетінің казак тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

A 37 Еспенбетов А.С., Ақтанова А.С., Жундибаева А.Қ.
Әдебиет тарихын дәүірлеудің теориялық негіздері: оку құралы /
А.С. Еспенбетов, А.С. Ақтанова, А.Қ. Жундибаева. – Алматы:
«Бастау», 2019. – 360 бет.

ISBN 978-601-7991-04-3

«Әдебиет тарихын дәүірлеудің теориялық негіздері» атты оку құралы казак тілі мен әдебиеті мамандығының магистранттарына арналған.

«Әдебиет тарихын дәүірлеудің теориялық негіздері» пәні магистратураның кәсіптендіру пәннің міндепті компонентіне кіреді. Оку құрлын дайындаудағы басты мақсат – әдебиет тарихының кезеңдері мен теориялық талдауларына арналған ғылыми зерттеулерді оку үрдісінде тиімді пайдалану арқылы магистранттардың ғылыми-зерттеушілік күзіреттіліктерін дамыту.

*Оку құралы магистранттарға, филология факультетінің студенттеріне,
әдебиет теориясы мен тарихын зерттеуші ғалымдарға арналады.*

ӘОЖ 821.0(075)

КБЖ 83.3я73

ISBN 978-601-7991-04-3

© Еспенбетов А.С., Ақтанова А.С., Жундибаева А.Қ., 2019
© «Бастау», 2019

МАЗМУНЫ

АЛФЫ СӨЗ	4
Б.Кенжебаев. Қазақ әдебиеті тарихын дәүірлеу.....	7
М.Жолдасбеков. Орхон ескерткіштері туган дәуір, ондағы тарихи шындық	17
Х.Сүйіншәлиев. «Диуани лұғат ат-турік» – көне түркі поэзиясының тұнғыш жинағы.....	50
Х.Сүйіншәлиев. Қорқыт ата кітабы	69
А.Қыраубаева. Түркі әдебиетіндегі нәзира дәстүрі	88
М.Әуезов. Зар заман ақындары	124
Б.Омарұлы. Шортанбай шығармашылығы: таным мен тағылым	154
Ж.Аймаутов. Мағжанның ақындығы туралы.....	166
З.Қабдоллов. Ахаңның әдеби кисындары	175
Қ.Жұмалиев. Сөз өнеріндегі бет пен бағыт.....	190
М.Мырзхметов. Қазақ әдебиеті тарихын дәүірлеу мәселесі	208
З.Ахметов. Қазақ өлеңінің құрылыш-жүйесі	229
P.Нұргали. Тарихи трагедия	251
Қ.Жүсіп. Стиль және бейнелілік	270
Д.Ысқақұлы. Әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері	294
Қосымша окуға ұсынылатын зерттеу еңбектері.....	354

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ әдебиеті тарихының дәуірленуі туралы жазылған зерттеу енбектері ел тәуелсіздігін алған уақыттан бастап жаңаша бағытта дамып, әдебиет теориясының ғылыми корына жаңа тұжырымды зерттеу енбектері косылды. Халықтың ауызша тараган фольклорлық шығармалардың түп негізін зерттеген енбектер, ортақ түркі әдебиетіне қатысты зерттеулер, әдебиет тарихының кезеңдеріндегі ерекшеліктерді заманауи көзқараста бағамдаپ қайта қарастырган тың мазмұнды талдаулар дүниеге келді. Десек те, қазақ әдебиеті тарихын зерттеуде бастау болған алдыңғы толқын ғалымдардың енбектеріне де назар салып, мақаладағы ғылыми методологияны түсіну керек. Әдебиет тарихының қалыптасу кезеңдері туралы жазылған ғалымдардың мақалаларына талдау жасату арқылы зерттеудің салыстырмалы-тарихи әдістерін магистранттарға өз еркімен менгерулеріне ықпал етеді.

Әлемдік өркениет өз дамуының жаңа сатысына көтерілгенде қазақ әдебиетінің кандай орында тұрғанын білу үшін әдеби үрдістің даму жолына баға беру манызды. Қазақ әдебиетінің дәуірлеу теориясы туралы алғашкы ой-тұжырым Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» айтылды. Кейіннен Мұхтар Әуезовтің, Қажым Жұмалиевтің, Бейсенбай Кежебаевтің, Алма Қыраубаевының, Ханғали Сүйіншәлиевтің, Мекемтас Мырзахметовтің, Немат Келімбетовтің және тағы басқа зерттеушілердің ғылыми енбектерінде халық тарихымен үндескен әдебиет тарихының дәуірлерге жіктелуі беріледі. Десек те, әдебиет тарихын дәуірлеу теориясының алғашкы тәжірибелі орыс әдебиеті тарихын дәуірлеу мен шетелдік әсіресе Еуропалық әдебиет тарихының дәуірленуі негізінде жасалған көркемдік әдістерді өз жүйесі ретінде алып отырды. Әлі де солай келеді. Бірак әр халықтың өз тарихы мен өз әдебиетіне тән ерекшеліктері болады. Б.Кенжебаев: «Әдебиет тарихы халық тарихымен тығыз байланысты, соның бейнелі көрінісі, сүрлеуі: ол қай кезде болсын халық тарихының ізімен жасалады. Демек, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихы да қазақ халқы азаматтық тарихы ізімен жасалуы тиіс» – дейді.

Әдебиет тарихын дәуірлерге жіктеу арқылы сол замандағы әдеби ағым мен бағыт, көркемдік әдіс, әдеби үрдістің дамуы мен жаңа тақырыптар мен идея, дәстүр мен жаңашылдық мәселелері қарастырылады.

Әдеби процесс кезеңдері қай көғамда да адамзат тарихы дамуымен байланысты. Әр көғамдық даму кезеңінің әдебиетінде өз ерекшелігі мен жаңа әдеби бағыты болады. Соған байланысты әдебиеттің ежелгі дәуірі, ортағасырдағы дамуы, және жаңа заманғы әдеби кезеңдері болады.

Алғашкы кезең – бұл архаикалық немесе аргы әдеби кезең деп аталады. Бұл кезең фольклорлық дәстүрдің ықпалының басым уақыты. Архаикалық кезеңде көркемдіктің мифопоэтикалық сана ерекшелігі басым болып келеді. Сондыктан да бұл кезең әдебиетінде әдеби сын да, көркемдік бағыттар да болмайды. Есесіне халықтық сананың әлемді танудағы алғашкы негіздері көркем сөз арқылы көрінеді. Бұл кезеңдің аяқталуы біздің заманымызға дейінгі бірнеше мыңжылдық деп болжанды.

Екінші әдеби кезең қазақ әдебиеті тарихында түркілік дүниетанмен байланысты орнықкан. Ол тұбі бір түркі жүрттарының әлемдік аrenaға шығуы мен дүние жүзіне таралуымен байланысты. Егер орыс және шетел әдебиеті дәуірлеуінің теориясына қарасақ, олар өздерінің мифопоэтикалық кезеңдерінен кейінгі әдеби кезеңі ретінде Қоңе Грекия әдеби процессын бастап 18 ғасырға дейінгі уақытты белгілейді. Бұл кезеңді олар риторикалық кезең немесе дәстүрлі канондық деп атайды. Себебі сөз шеберлері өз заманының қалыптасқан канондық, дәстүрлі, қалыптасқан форма негізінде ғана өз туындыларын дүниеге экелген кезең болды. Бұл кезеңдің екінші бөлімі Қайта өрлеу дәуірімен ұласып, ақын-жазушылардың жеке шығармашылықтарында стиль мен жанрлық түрлердің қалыптасуы пайда болды. Автордың «мені» басты орынға шығып жаңа әдеби дәуір басталды. Қазақ әдебиеті тарихының дәуірленуі Қоңе Түркі заманынан басталды десек, онда ортақ түркілік әдеби мұралардың зерттелуіне және талдауына назар аударуымыз керек. Бұл ойдың негізсіз емес кенін «Ежелгі әдебиетті зерттеу мәселелері» атты ұжымдың еңбек авторлары да атап өтеді. Зерттеуде: «Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ертедегі темір дәуіріндегі (б.з.д. VI-VIII ғ.ғ.) сақ, ғұн, үйсін, қаңы, тайпалары, б.з.ертедегі ортағасырлық мемлекеттер тұсындағы карлұқ, оғыз, кимак тайпалары, дамыған ортағасырлық мемлекеттер кезіндегі наймандар, керейттер, жалайылар, қыпшақтар тарихы мындаған жылдарға созылғандығын назарға алсақ, қазақ әдебиетінің тарихы да бұрынғы кеңес кезіндегідей XV ғасырдан емес, одан арғы дәуірден-қоңе заманнан басталады. Сол себепті ұлттық әдебиеттің негізі мәселелерінің бірі дәуірлеу болып табылады.» – деп төл әдебиетіміздің тарихи кезеңдеріне жаңаша қарауды, талдауды ұсынады. Олай болса, қазақ әдебиеті тарихының екінші кезеңі IV ғасырдағы бүгінгі Қазақ елі аумағында құрылған феодалдық мемлекеттің даму тарихымен байланысты деген орынды. Бұл тарихи кезең IV-XX ғасыр аралығын қамтыған үлкен аралық болып отыр. Қазақ әдебиеті тарихында бұл аралықты өз ішінде тағы да бірнеше кезеңдерге жіктейміз.

Соңғы үшінші кезеңде орыс және шетел әдебиеті тарихында агар-тушылық және романтизм кезеңі деп жіктеледі. Бұл уақытта тарихи-әдеби саңаға жеке – шығармашылық, көркем сана шығады. Қазак әдебиеті тарихын дәуірлеуде қазақ ғалымдары зерттеулерінде негізгі із тарихи кезеңдермен байланысты қарастырылған.

А.Байтұрсынов Қазак әдебиетін дәуірлерге белуде шығарманың жанрлық ерекшелігін басты ұстаным еткен. Мәселен, Хисса, хикаят, насиҳат, мінажат, мактау, даттау, шығармаларды діндар дәуір әдебиетіне жатқызыса, сындар дәуір әдебиетіне ұлы әңгіме (роман), ұзақ әңгіме (повесть), әңгіме деп жіктейді. Лирика түрлерін саф толғау, марқайыс толғау, налыс (мұнайыс) толғау, намыс-таныс толғау, сұқтаныс толғау, (даттау, каралау, наз) деп жіктеу, мазақ, мыскыл, кұлық, сыйқақ, әзіл деп саралау, тартыс түрлерін әлектеніс, әуреленіс, азаптаныс деп саралап береді.

Хрестоматиялық оку құралына Б.Кенжебаевтың «Қазак әдебиеті тарихын дәуірлеу», М.Жолдасбековтің «Орхон ескерткіштері тұған дәуір, ондағы тарихи шындық» Х.Сүйіншәлиевтің «Диуани лұғат ат-түрік» – көне түркі поэзиясының тұңғыш жинағы», «Қорқыт ата кітабы» А.Қыраубаеваның «Түркі әдебиетіндегі нәзира дәстүрі», Ж.Аймауытов, М.Әуезов «Зар заман ақындары», Б.Омарұлының «Шортанбай шығармашылығы: таным мен тағылым» Ж.Аймауытовтың «Мағжанын ақындығы туралы», Қ.Жұмалиевтің «Сөз өнеріндегі бет пен бағыт», М.Мырзахметовтың «Қазак әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселелері» З.Қабдолотовтың «Ахаңың әдеби кісындары», З.Ахметовтың «Қазак өлеңінің құрылым-жүйесі», Р.Нұрғалидың «Тарихи трагедия», Қ.Жүсіптің «Стиль және бейнелілік», Д.Ысқақұлының «Әдебиет тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» деген зерттеулері кірді. Аталған ғылыми талдаулар магистранттың әдебиет тарихы мен теориясының қалыптасу және даму сатыларын анықтауда ғылыми пайым жасауға үрлену күзіреттіліктерін дамытады.

1-ТАҚЫРЫП

Тапсырмалар.

1. Әдебиет тарихын дәуірлеудің негізгі принциптері мен қазақ әдебиеті тарихын дәуірлерге бөлу тәжіриbesі туралы зерттеулерге талау жасаңыз.
2. Ғалым Бейсембай Кенжебаев өмірі мен шығармашылығы туралы жазылған зерттеулерге шолу жасап, ғалым зерттеулерінің негізгі бағыттары бойынша таныстырылым дайындаңыз.
3. Б.Кенжебаевтың әдебиет тарихына байланысты басқа да зерттеулерін оқып, шағын ғылыми зерттеу жұмысын жасаңыз. Зерттеуде ғалымның ғылыми методологиялық ұстанымдары мен зерттеудегі жүргізу ерекшеліктеріне назар аударыңыз.

Б.КЕНЖЕБАЕВ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ

Әдебиет тарихы халық тарихымен тығыз байланысты, соның бейнелі көрінісі, сүрлеуі: ол қай кезде болсын халық тарихының ізімен жасалады. Демек, қазак әдебиетінің ғылыми тарихы да қазақ халқы азamatтық тарихының ізімен жасалуы тиіс.

Қазақ халқының құрамына енген руладар ежелден, арғы заманнан осы күнгі Орта Азияны, Қазақстанды, Орталық Азияны, шығыс-оңтүстік Сібірді, орта, төмен Еділді, Казпий жағалауларын мекендеген. Сол жерлерді ертеде мекендеген көптеген түрік, монгол руладымен, кейін азербайжан, түрікпен, қарақалпак, өзбек, қыргыз, үйгыр, ойрат, тува, хакас, башқұрт, татар халықтарының құрамына енген ру-тайпалармен бірге кейде қатар жасаған. Солардың біразымен кейде жауласып, қактығысып, соғысып; кейде одак құрып, қызы алысып, құда болып, әскери топ жасап, анда болып жүрген. Біздіңше, тегі ерте уақыттарда аргы, бергі тарихтарда аталатын скиф, ғұн, қанлы, сак, сармат, алан, құрлұқ, казар, оғыз, куман – бәрі де есте жок ерте замандардан Орталық Азия мен Византия аралығын мекендеген түрік, монгол ту-тайпаларының кай-кайсысы да болмасын үнемі бір орында, өзі әуелі мекендеген жерінде отыра берменген. Кейде өзара жауласып, соғысу салдарынан, кейде басқа жактан келген ру-тайпалардың, халықтардың жорығы, қошіп-конуы салдарынан бір жерден екінші жерге, бір өлкеден екінші өлкеге ауып, мекендерін жиі өзгертіп отырган. Әсіресе, Александр Макендонскийдің жорығы, ғұндардың босқыны, арабтардың жауап алуы, монголдар шабуылы, оナン кейінгі түрлі жаугершіліктер әлгі өлкелер мен ру-тайпаларды әр кезде

зор жойқынға ұшыратып отырды әрі әбден сапырылыстырып жіберді. Тек осыдан деп білу қажет, тарихи деректер бойынша, мысалы, казак халқы болып құралған рулардың дені біздің жыл санауымыздың IV ғасырда Сырдарияның орта, жоғары бойын жайлаған; I ғасырда Ыссық көл төнірегін коныстанған. Біздің жыл санауымыздың алғашкы ғасырларында Шу, Талас, Қаратая, Сарысу жағын алып жатқан; IV-VIII ғасырларда Орталық Азия мен шығыс, онтүстік Сібірді жайлаған; X-XIV ғасырларда орта, төменгі Еділ бойын, Казпийдің шығыс, солтүстік, батыс жағлауладын мекендерген.

Қазак ауыз әдебиетінде: «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген сөз тіркесі бар. Бұл казак руларының бір заманда Балқан түбегіне дейін ығысып барғандығын аңғартады. Яғни казак рулары басқа түрік, монгол ру-тайпаларымен бірге ерте уақыттардан шығыс жағы Орталық Азия, батыс жағы Византия аралығын жайлаған, әр кезде сол араның әр жерінде болған. Осы күнгі Қазакстан жеріне XV ғасырдан, негізінде өз алдына халық, хандық бол құрылғаннан бастап жайғасқан.

Әлгідей әр кезде әр өнірді жайлағанынан болуға тиісті, тарихшылар арасында казак рулары түгелдей әуел бастаң, әміrbаки көшпелі болды, тек мал шаруашылығмен ғана айналысып, үнемі жөңкіліп көшіп жүрді деген пікір, көзқарас бар. Бұл пікірді түгелдей дұрыс деуге, түбірімен костауға болмайды.

Қазак рулары түгелдей әмір бақи көшіп жүрмеген, ерте уақыттан жартылай көшпенді болған. Яғни, бірқатары көшпенді, бірқатары отырықшы бол әмір сүрген. Қыстакты, кентті, қалалы жерлерді мекендерген, солардың маңында тұрған. Мал өсірумен қатар, егіншілікпен де, ұсақ колөнер кәсібімен де айналысқан. Сондай-ақ, әлеуметтік, шаруашылық тіршілігіне сай қазак руларының әр кезде өзіндік мәдениеті де болған. Әйткені, тарихта ешқандай мәдениеті болмайтын, әртүрлі өнер, мәдени, әдеби шығарма жасамайтын адам қоғамы, ру-тайпа, халық болған емес, болмайды да.

Ертедегі қазак рулары жөніндегі біздің бұл айтып отырғанымызды олар мекендерген, жүрген өлкө-өнірлерде, Қазақстан жерінде әр кезде болған әртүрлі қалалар, кенттер, мекенді жерлер тарихы мен тарих, археологияғының бүгінгі табыстары айқын дәлелдеп отыр.

Тарихтан мәлім, ертедегі түрік, монгол ру-тайпалары мекендерген жерлерде әр заманда әртүрлі одак-бірлестіктер, қауым-мемлекеттер болған. Хорезм патшалығы, Қыпшақ бірлестігі («Дәшті Қыпшак»), Алтын Орла (Ақ Орда, Көк Орда) мемлекеті, түрлі хандықтар әмір сүрген.

Кейір тарихшылар осы одак-бірлестіктердің, қауым-мемлекеттердің қай-қайсысы болсын бірді-екілі ру-тайпалардан құралған болатын деп

түсіндіреді. Үйсін мемлекеті тек Үйсін руынан, түрік қағанаттары тек үйғыр, ойрат, руларапан құралған еді деп жориды.

Бұл дұрыс емес. Арғы-бергі тарих мәліметтеріне қарағанда, ол одактар мен мемлекеттердің ешқайсысы бірді-екілі ру-тайпалардан ғана құралмаған. Керісінше, қай-қайсысы болсын әлденеше ру-тайпалардан құралған, көп ру-тайпалы одак, мемлекет болған. Айта берсек, кейбіреулері бірнеше ұлыстардан құралған. Басқа сөзben айтқанда, атаптап одактар мен мемлекеттердің құрамында бұрынғы қазак ру-тайпалары да болд; бірінде көшпілігі, екіншісінде азшылығы болд; солардың саясатына, соғыс, шаруашылық, мәдени өміріне араласты, өз әлінше қызмет атқарды.

Қысқасы, ертедегі казак ру-тайпалары бұрынғы уақытта, казак халқы, казак хандығы болып құрылғанға дейін Қытай, Рим аралығындағы аймактар мен өлкелерді мекендерген түрік, монгол руларымен бірге, тіпті солардың құрамында тірлік еткен. Сондыктан бәрінің тарихи, қоғамдық, мәдени өмірі ұксасболған.

Ерте кездерде Қытай, Рим арасын мекендерген көптеген ру-тайпалар, шамамен айтқанда, IX ғасырға дейін қоғамдық дамудың ру-ұлыстық сатысында болды. Соған лайық олардың тұмыс-тіршіліг, шаруашылығы, тілі, мәдениеті, әдебиеті болды.

Бірте-бірте халықтың наым-сенімі, ұғым-әдеті, салт-санасы, даналығы пайда болады; халық түрлі өнер, жазу-сызу ойлап шығарды.

Халық даналығы дегеніміз – оның ауыз әдебиеті: еңбек, шаруа, ғұрып-әдет, өлең-жырлары, жұмбақ, макал-мәтеддері, ертектер, аныз-әңгімелері.

Қай халықтың болсын ауыз әдебиетіндегі төрт түлік мал, аң, құс, аңшылық, малшылық жөніндегі өлең-жырлар, тұрмыс-салт өлең жырлары осы ру-ұлыстық дәуірде, соның алғашкы кезінде туа бастайды.

Бері келе тайпа, ұлыс өзінің басынан өткендерін, бұрын-соңды болған атакты ер, батыр адамдарын әңгіме, аңыз, жыр еткен. Олардың елісін жоктаған, тірісін мактаған. Осыдан аныз-әңгімелер, ертектер, батырлар жырлары шыққан.

Біз айтып отырған ру-тайпалардың ұлыстық дәуірдегі ондай туындылары: қиял-ғажайып ертектер, алып батыр, Қорқыт жөніндегі аңыздар, Оғыз, Алпамыс, Құлтегін туралы дыр-дастандар деп айттуға болады.

Осы күнгі біз Қорқыт жөніндегі аңыздар, Оғыз, Алпамыс, Құлтегін жөніндегі жыр-дастандар қазіргі түрік текті халықтардың анасының әдебиетінде бар, мынасының әдебиетінде кездеседі; оларды бұл халықтар бірінен бірі ауысып, үйреніп алған деп түсіндіреміз. Кейде тіпті пәлен халық жасаған, басқасы сол халықтан үйренген деп дәлелдеуге тырысамыз. Біздіңше, осының бәрі бекер. Себебі, айтылған аңыздар мен жыр-дастандар түркі халықтар бірге араласып, жиі қатынасып жүрген кезде

жасалған. Солардың бәріне ортақ, бәріне бірдей туынды. Сондай-ақ, түркі ру-тайпаларының ру-ұлыстық дәуірде бәріне ортақ әліппесі, жазу-сызыу болған. Олар бұрынғы ұйғыр, арамей әліппелері, Орхон-Енисей, Талас, Шу жазулары деп аталады.

Тегі тарих, археологияғының қазіргі табыстарына қарағанда, Орталық Азия мен Шығыс Еуропа аралығында жасаған ру-тайпалар біздің жыл санауымыздың V-VII ғасырларында қоғамдық тіршілігі, шаруашылығы, мәдениеті, бірталай жетілген ел болған. Халықтың біразы мал шаруашылығымен, біразы егіншілікпен тірлік еткен. Меру, Самаркан, Ургеніш, Бұхар, Пенжікент, Отырар, Тараз, сияқты үлкендікішілі қалалар, кенттер мәдениет орталықтары жасалған. Оларда керамика, тоқыма, зергерлік сияқты әртүрлі кол өнері көсібі, астрономия, математика сияқты ғылымдар дамыған; сурет, сөүлет, музыка өнерлері болған.

К.Маркс арғы замандағы гректердің әдебиеті мен өнері туралы сөз еткенде: «рулық дәуірде халықтың әдебиеті мен өнері мейлінше өркендейді; бірді-екілі халықтың әдебиеті мен өнері өзін туғызған қоғамдық құрылыштан әлдекайда озып кетеді,» – дегенді айтады. К.Маркстің осы қорытындысына сүйеніп, сөз болып отырған дәуірде түрік, монгол, ру – тайпаларының да әдебиеті, өнері өркендеді, гректің әдебиетіндегі өз дәуірінен озып кетпесе де, заманына лайык едауір гүлденді деп айтуга әбден болады.

Арабтардың осы күнгі Орта Азия, Қазақстан жерлерін жауап алу әрекеті IX ғасырдың басынан басталады. Қоپ жылдар бойы кескілескен соғыстар болды, арабтар жергілікті халықтарды «ак білектің күшімен, ақ наизаның ұшымен» бағындырды. Арабтар өте катал келді: жергілікті халықтарды, олардың бұрынғы мәдениеттерін набыт қып қырды, жойды. Өсірепе мәдениеттерінен ешқандай жұрнақ, нұсқа қалдырмауға тырысты.

Хорезмдік ғалым Әбурайхан әл-Беруни (973-1048) X ғасырдың басында жазған «Өткен буындардың ескерткіштері» атты кітабында арабтардың осы қырғын-жойқыны туралы былай деп жазады:

«Кутайба бин Мұслим әл Балиқи әртүрлі тәсілмен бұрынғының бәрін таратты, жойды; Хорезмдіктердің жазу-сызуларын, кітаптарын, бумаларын өртеді; дін қызметкерлерін, аныз-әңгімелерін билетін адамдарын, ғалымдарын түгел құртты: Хорезмдіктердің исламға дейінгі тарихы түгел көрге көмілді, оны қазір ешкім білмейді».

Сонымен бірге, арабтар жауап алған жерлерінде өзінің мемлекеттік тәртібі – халифат орнатты; жергілікті халықтарға өзінің ислам дінін зорлап енгізді; араб тілін, араб әліппесін үйретті, араб мәдениетін таратты.

Арабтар жауап алған кезден бастап сөз болып отырған өлкелер, халықтар, олардың әлеуметтік өмірі қоғамдық дамудың жаңа сатысына кетерілді – феодалдық қалыпта қошті. IX ғасырдың аяғы мен X ғасырдың басынан өлкенің, ондағы халықтардың шаруашылығы, мәдениеті қайтадан өркендеді. Бұл кезде оқу, білім, өнер, әдебиет – бәрі де араб тілі, араб мәдениеті ықпалында дамыды.

Осыдан бірқатар оқымыстылар осы күнге дейін Орта Азия мен Қазақстан бұрынғы уақыттарда жасалған мәдени, әдеби үлгі-нұсқаларды арабтікі деп, жергілікті халықтардан шықкан кейір жазушылар мен ғалымдарды араб жазушысы араб ғалымы деп көрсетеді, түркі текті халықтарды өз мәдениеті болмаған деп көмітеді.

Дұрысында, тарихтан көріп отырмыз, X-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда кала, кенттер өркендеген, жергілікті халықтардан талай ұлы жазушылар, ұлы ғалымдар шықкан; жергілікті ру-тайпалар өкілдері шағарған, жазған түрлі әдеби шығармалар, ғылыми еңбектер болған. Бұл жерде оларды түгел теріп отырмай, Мұхамед Хорезмиді, Әбунасыр әл-Фарабиді, Әбурайхан әл-Беруниді, Әбуғали Ибн Синаны Әбілқасым Фердоусиді, Рабғузиді Махмут кашкариді, Қожа Ахмет Ясауді, Омар һаямды, Баласағұндық Жүсіпті және солардың көркем шығармалары мен ғылыми еңбектерін атасақ, біздің әлгі пікірімізді толық дәлелдей алады.

Оның үстінен, тарих мағлұматтары бойынша, Орта Азия, Қазақстан халықтарының өкілдері арабтың сол уақыттарғы өз әдебиеті мен ғылымын дамытуға да араласкан. «Бағдад шаһарында мұсылман елдерінің көптеген әдебиетшілері мен ғалымдары болған, олардың басым көшпілігі Таяу Шығыс пен Орта Азиядан еді», – деп жазады, бір еңбегінде академик В.В.Бартольд.

Араб әдебиеті мен ғылымының тарихында «Әл-Сығанаки, Әл-Түркістани, Әл-Қыпшақи, Бин-Түрік» деген әдебиетшілер мен ғалымдар аттары кездеседі. Археолог А.Якубовский өзінің «Сығанак қалдықтары» деген археологиялық еңбегінде Сығанактың деген бір ақынның Бағдатта жүріп араб тілінде өзінің туған жерін, елін, сағынып жазған мынадай өлеңін көлтіреді:

Бұл ел бұрын бейбіт, еркін ел еді,

Білімділер мекен еткен жер еді.

Мұнан «нұхаяны» жазған ақын шыққан,

Мұнан «қидаяны» жеңілдеткен ғалым шыққан,

Егер бізге кайта туу настіп болса,

Біз екінші рет осы Сығанакта тұарар едік

Рас түрк ру-тайпаларының бұл тұстағы әдебиеті араб әрпімен, араб тілінің ықпалымен жазылды. Бірақ араб әдебиеті болып кетпеді. Өздерінің ежелгі әдебиеттің жалғасы, жаңа жағдайдағы жаңаша өсіп-дамуы болды.

Түркі тайпалары мен ұлыстарының ертедегі әдеби нұсқаларынан «Оғыз-Нама», «Мұхаббат нама» деген шығармаларды зерттеген түрколог ғалым А.М.Щербак: «булардың алдыңғысы IX ғасырға, үйғыр дәуіріне, екіншісі XIII ғасырға, араб, монгол билеген дәуірге жатады. Бірак екеуінің тілдік, әдебиеттік негізі бар. Екеуі бір әдеби дәстүрдің екі дәуірін сипаттайды» дегенді айтады.

Көпкө мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға XIII ғасырдың басынан тағы бір шапқыншылық келеді. Ол – күншығыстан келген Шыңғысхан бастаған монгол шапқыншылары еді. Монголдар Қытай, Рим аралығындағы көнбайтак жерлерді түгел жаулап алды. Онда улken мемлекет құрды, ол Алтын Орда (Ақ Орда, Көк Орда) деп аталып, үш ғасыр шамасы уақыт өмір сүрді.

Араб басқыншылары сиякты монгол шапқыншылары да өлкенің елін, жерін әбден ойрандады. Ертедегі батырлық жырлардың сөзімен айтқанда, оның «халықтарын қан қылды, қалаларын шаң қылды»; шаруашылығын әбден күйретті, өлкенің өнін мұлде өзгертіп жіберді. Ол замандарда Орта Азия мен Қазақстанға, ондағы халықтарға қарағанда абар елінің, арабтардың мәдениеті жоғары еді, олар мәдениетті халық деп саналушы еді. Ал, монголлардың мәдени дәрежесі арабтарға қарағанда да, Орта Азия мен Қазақстан халықтарына қарағанда да біраз төмен болушы еді. Сондықтан монголдар билеп-төстеп тұрған кезде, Алтын Орда тұсында, XIII-XV ғасырлар арасында Орта Азия мен Қазақстан өлкелерінің, ондағы халықтардың мәдениеті оншалықты өркендерінде. Бұрынғы қалпына келтірлген қала-кенттер мәдениет орындары Алтын Орда ыдырағаннан кейінгі болған бірсыныра хандар соғысы кезінде тағы кирайтылды.

Қазақтың кейбір әдебиетші ғалымдары біз жоғарыда көрсеткен ертедегі әдеби, ғылыми шығармаларды, жазушылар мен ғалымдарды қазақтікі емес, қазаққа олардың тілдері түсініксіз, рухы жат дейді. Бұл дүрыс емес.

Себебі: бірінші, кай халықтың болсын ерте замандардағы алғашқы әдебиеті, жазба әдебиет нұсқалары сол халықтың бүгінді тілінде болуы шарт емес. Кейбір халықтардың ондай әдебиетінің басқа тілді, сол халыққа осы күнде түсініксіз тілде болуы, бірак, сол халық жерінде, сол халық өкілдері тарапынан жасалған, сол халықтың бір кездегі өмірін көрсететін әдебиет нұсқалары болуы ықтимал.

Бұған француз, орыс, белорус, украин халықтары жазба әдебиеттерінің тарихы күэ бола алды. Француз ертерек орта ғасырдағы жазба әдебиетінің басым көпшілігі француз тілінде жасалмай, латын тілінде, француз халқы үшін бөгде тілде жасалған: орыс, белорус, украин халықтары бұрынғы әдебиетінің көп нұсқалары ертедегі бұлғар тілінен ербіген шіркеу-славян тілінде, казіргі орыс, белорус, украин халықна түсініксіз тілде жасалған.

Екінші, көрсетілген әдеби, ғылыми шығармалардың бірқатары түрік, үйғыр, шағатай тілдерінде, бірқатары бұрынғы түрік, шағатай, араб тілдерінде (көбірек шағатай тілінде) жасалған. Ал шағатай тілі араб, парсы сөздері араласкан, араб, парсы тілдеріндегі кітаптар стиліне түскен түрік тілі, түркі ру-тайпаларының кітаби тілі еді.

Осы күні бірқатар ғалымдар шағатай тілі жөнінде әртүрлі пікір айтады: бірі оны Орта Азия мен Қазақстанда жасалған бір тайпаның өзбек тайпасының тілі еді дейді: енді бірі – шағатай тілі қазақ ру-тайпаларына мұлде түсініксіз тіл болған еді дейді. Мұның бәрі әбес, жаңылыс. Себебі, «Өзбек тайпасы, Өзбек хандығы тарихта XV ғасырдың жиырмасынши жылдарында, Алтын Орда мемлекеті ыдыраған кезде пайда болды». Ол басқа жактан ауып келмеди, ежелден Орта Азия мен Қазақстанды мекендейген, Алтын Орда қол астында болған көптеген түркі ру-тайпаларынан іріктеліп, бөлініп шыкты.

Ал, шағатай тілі Орта Азия мен Қазақстан жерлерін мекендейген ру-тайпалардың кітаби тілі ретінде Өзбек тайпасы, Өзбек хандығы пайда болғаннан көп бұрын, аталған жерлерді арабтар жаулап алғаннан бастап жасала, қалыптаса бастаған болатын. Сол өлкелердегі ру-тайпалардың бәріне ортақ, бәріне түсінікті тіл болатын. Тіпті XI ғасырда нағыз шағатай тілінде жасалған Рабгузидің «Қисса-сұл Әнбия» деген кітабын алсақ, оның тілі сол дәуірдегі қазақтарға ғана емес, бүгінгі қазақтарға да түсінікті. Мысалы, былай болып келді.

«...Зұлиқаның сабыры қалмады. Бір күн Юсіпті бостанға келтірді. Айтты: Ей, Юсіп, менің көnlімде бір сөзім бар, кімсеге айта алмасмын. Сен білермусін? – деді. Юсіп: Ей, Зулика, сенің көnlіндегінді мен не білейін? – деді. Зулика айтты: – Ей, Юсіп, менің көnlімде сенің сүйкілігің бар, сені бегаят сүйемін, – деді. Юсіп айтты: менің сүйгенге, өз ерніңнің сүйгіл. Зулика айтты: – Мен бәрі сенсіз сабыр қылмаспын, нечік қарап қылайын.»

Және осы «Қисса-сұл-Әнбияны» XX ғасырға дейінгі, Қазан революциясынан бұрынғы хат таныған қазақтың бәрі оқыған, білген. Мысалы, әйгілі Біржан сал мен ақын Сараның айтысында Сара осы кітаптан мысал келгіре сейлейді:

Біржан: «Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері...» деп келіп, Сараға «алдынан шық, аттан тұсір» деп әмір етеді. Сонда Сара Біржанға: «Қисса әнбиядың» оқымадын ба? Онда Адам ата Хаяу анаға бұрын барған, еркектен әйелдің жолы үлкен» дегенді айтады.

Қысқасы, шағатай тілі ертедегі өзбек тайпасының ғана тілі емес, Орта Азия мен Қазақстан жерлерін мекендейген көп тайпаның тілі, солардың ортақ тілі. Батыс Еуропа халықтарының бір кездегі әдеби тілі латын тілі

болғаны сияқты, шағатай тілі – Орта Азия, Қазакстан жерлерін мекендеғен халықтардың бір кездегі әдеби тілі.

Бірқатар ғалымдар Қытай, Рим аралығында жасаган ру-тайпаларда сөз болып отырған замандарда шықкан жазушылар мен ғалымдарды анасы ана ру тайпаның үекілі, мынасы мына халықтың перзенті деп бөлед: пәлен өзбек, түген түрікпен деп жіп тағады. Бәрін дерлік казакқа қатысы жоқ етіп шығарады. Бұл мүлде бекер.

Өйткені, алдымен, бірқатар жазушылар мен ғалымдар өздерін «Әл-Фараби», «Әл-Беруни», «Әл-Қыпшақи», «Әл-Сығанақи», «Әл-Түркістани», «Яссайи» деп атаған. Бұл олардың казак жерінен, казак жерінде әр кезде болған белгілі қала-кенттерден, казак руладынан шыққанын, казакқа қатысы болғанын аңғартады.

Онан соң, мәселе қай жазушының, қай ғалымның қай ру, қай тайпадан шығуында емес, көбінше, әсіресе, оның шығармасы мен еңбегіндегі, өз шығармасы, еңбегін қай тілде жазғанында болуга тиісті. Мәселе осы жағынан келсек, біз сө етіп отырған жазушылар мен ғалымдар әрқайсысы әр ру-тайпадан шықса да, шығармалары мен еңбектерін жалпы түрік тілінде, өз тұстарындағы барлық түркі ру-тайпаларына бірдей тілде, солар бір кезде білген, түсінген, ортақ әдеби тілдерде жазды.

Сондыктан жоғарыда аталған жазу-сұзыуларды, жазба әдебиет нұскаларын, әдеби шығармаларды, жазушылар мен ғалымдарды өзбек пен ұғыры да, әзербайжан мен түрікпен де, қырғыз бен қарақалпақ та, казак та, өз әдебиетіміз, жазушыларымыз бен ғалымдарымыз деп иемденуіне, әдебиеттердің тарихына енгізулеріне әбден болады, солай иемденуге, қабылдауға міндетті де.

Міне, сонда еліміздегі түркі текті, түркі тілді халықтардың ертедегі әдебиеттерінің тарихы бір болып келеді. Бәрінің ертедегі әдебиеттері тарихында бір әдеби нұскалар, шығармалар, бір жазушылар, ғалымдар қарастырылатын болады. Мұның ешбір оғаштығы жоқ.

Өткені, орыс, белорус, украин әдебиеттерінің ертедегі тарихын алсақ, олар да бір болып келеді: бір кезде бәріне ортақ, бірдей болған жазба әдебиет нұскаларын әрқайсысы өзінің ертедегі әдебиеті деп есептеп, әрқайсысы өзінің ертедегі әдебиетінің тарихында зерттейді, тексереді.

XV ғасырдың басында Алтын Орда мемлекеті ыдырады, жойылды. Оның орнына жеке-жеке шағын хандықтар құрылды. Солардың бірі Қазак хандығы деп аталады. Қазак ру-тайпалары Қазак хандығы құрылғаннан бастап халық болып қалыптасты.

Қазак хандығы бірде тұтас, бірде жұз-жұз болып бөлініп, XVIII ғасырдан бастап, біртіндеп Ресейге қосыла бастады. Қазак хандығы тұсында да халық қоғамдық тұрмысына лайық, қабілеті келгенше жана, өз мәдениетін, әдебиетін, өзінің халықтық әдеби тілін жасады.

Қазактың ертеден келе жаткан дәстүрлі ауыз әдебиеті, көбінесе бұрынғы әдеби-ғұрыпка, қоғамдық тірлік, шаруашылық байланысты әр кезде туған салт өлеңдері, қасіп жырлары, батырлық дастандары бар еді. Осылар тарғы да дамыды. Мысал ретінде айтканда, казак хандығы тұсында «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер тарғын», «Ер Сайын», сияқты эпостық жырлар, «Қозы-Көрпеш – Баян құлу» «Қызы Жібек» секілді салт жырлары жасалды.

Сөз болып отырған дәүірде қазактың Асан Қайғы, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадыргани Жалайри сияқты ойшылдары тарихшылары: Сыпира жырау, Шалгез, Қодан тайши, Қазтуған, Доспамбет, Марқасқа, Актамберді, Жиенбет, Тәтіқара, Үмбетей, Шал, Бұқар сияқты ақындар ақындары мен жыраулары болған. Осылар қарағанда, бұл дәүірде көшпенілік жағдайға байланысты, казак халқының ауыз әдебиеті, соның ішінде эпостық, салттық жыр-дансандары, ақындық, жыраулық өнері молырак дамығаны байкалды.

Қазак хандығы дәүірінде шығарылған көркем әдебиет туындылары көбінше бұрынғы қыпшақ диалектінде шығарылды да, жазба әдебиет нұскалары, ғылыми еңбектер бұрынғы кітаби тілде жасалды. Осылар негізінде қазактың әдеби тілі қалыптасты.

Қазак халқы XIX ғасырда Ресейге қосылып болды. Ресейге қосылғаннан бастап өсken, капиталистік қалыпқа жеткен XX ғасыр басында оның жоғары сатысында – империализмге ұласқан елдің әсер-ықпалымен казак халқының саяси-әлеуметтік тұрмысы, шаруашылығы мен мәдениеті өзгерді.

XIX ғасырда, XX ғасырдың басында казак тілінде кітаптар көп басылды, газет-журналдар шығып тұрды; казактың жана оқығандары, озат идеялы орыс мәдениетінен үлгі алған адамдары Шокан, Ұбырай, Абай, Сұлтанмахмұт, Мұхаметжан, т.б. шыкты.

Бұл дәүірде қазак халқының жана әдебиеті: демократияшыл, ағартышылық идеялы, сыйныш реалистік әдебиеті туып, өркендеді. Онда әдебиет жанрларының жана түрлері, көркем проза, публицистика пайдала болды. Бірді-екілі драмалық шығармалар көрінді.

Ал Қазан тәңкерісінен кейін қазак халқы қоғамдық дамудың социалистік жолына тұсті. Сонымен, жинақтап айтканда, казак халқының бұрын-сонды әдебиетінің тарихын былай жүйелеген дүрыс деп білеміз.

2-ТАҚЫРЫП

Тапсырмалар.

- I. Бұрынғы әдебиет (V-XV ғасырлар арасы). Қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру-ұлыс дәүірлеріндегі әдебиеті. Қебінше сол замандардағы түркі ру-тайпаларымен бірге жасаган ортак әдебиет.
- II. Қазақ хандығы дәүіріндегі әдебиет (XV-XVIII ғасыр арасы). Қазақтың өзіндік әдебиеті.
- III. Қазақтың XX ғасырдағы жаңа, сыншыл реалистік әдебиеті
- IV. Қазақтың XX ғасыр басындағы (1900-1920 жылдарындағы) әдебиеті
- V. Қазақ халқының Қазан төңкерісінен кейінгі әдебиеті. Біз қазақ халқы әдебиетінің тарихын дәл осы жүйемен жасауды, оқырман көпшілікке осы жүйеде талдан, таныстыруды жөн көреміз.

1955 жыл

Ой-түйін.

Макаладағы негізгі ғылыми идея	Макаладан үзінді	Менің пікірім...

М. ЖОЛДАСБЕКОВ

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТУҒАН ДӘУІР,
ОНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Тарихтан жи ұшырасатын Скиф (Сак), Уйсін, Қаңғы (Қанлы), Дулат, Оғыз, Қыпшак – бәрі де Сібірді, Қазакстанды, Орта Азияны, Орта-Төменгі Еділді, Каспий жағалауларын сонау ерте замандардан-ак мекендеген түрк-монгол руладының әр кездегі ру-ұлыстық, түрлі бірлестік аттары еді.

Заманымыздың V ғасырынан бастап бұл өңірлерде әлгі аталаған бірлестік-мемлекеттердің негізінде түрк халқы қоғамдастып, соның негізінде Түрк қағанаты орнады. Бұғанде түрк халықтары деп аталағын қазіргі әзербайжан, түркмен, қыргыз, казак, өзбек, карақалпак, башқұрт, татар, алтай, хақас, ұйғыр, чуваш, ойрат, тува халықтары осы Түрк қағанатына топтасқан ру-тайпалар негізінде қалыптасқан.

Түрк халқын әдette хан басқарған. Ханның Ордасы болған. Ордада ханмен бірге әр уақытта ақылшы жырау тұрған. Ханнан кейінгі басшыны – жабғы (бас уәзір), ханның әз мұрагерін – тегін деп атаған. Ал дулаттар (дулу) билеген Батыс Қағанатында ханнан кейінгі дәреже жора деп аталаған.

Әскери демократияға негізделген түрк қоғамында халық: бек (аксүйек), кара будун (бұқара), құл, құң деп жіктелген.

Күші жағынан да, мекені жағынан да заманының іргелі мемлекеті болған Түрк қағанатының тарихы V ғасырда Хундардан кашым шығып, Алтай тауының түстігіне коныс тепкен Ашындалдан басталады.

Тарихи деректерге қарағанда, Ашындар көшіл келген Алтай тауын ол кезде өздерін түркпіз деп есептеген қанлылар, қыпшактар, телістер, қырғыздар, байырқылар, басмалдар, құрықандар, отыз татарлар, ізгілер, едіздер, карлұқтар, кеңгерестер, дулаттар, үйсіндер, сол сиякты бертінде түрк халықтарының негізін құрған басқа да көптеген дала тайпалары мекендеген.

VI ғасырдан бастап осы аталған рулардың бәріне түсінікті, ортақ түрк тілі қалыптаса бастайды. Бүкіл Сібірді, қазіргі Қазақстан мен Орта Азияны түгел жайлған «ұзын наизалы, жарau атты» түрктер үш ғасыр (VI-VII-VIII ғ.ғ.) бойы кең далада адам айтқысыз алапат, жойқын соғыстарды басынан кешкен.

Түрк халықтарының бірлесуін тарихшылар Бумын қаған үстемдік еткен 545 жылдан сарайды. Бумын – саясатқа мықты, айлакер адам болса керек. 551 жылы өзімен көршілес жужандарды талқандап, көшпелілердің арасында даңқы аскан ол Елханы деген атқа ие болады. Бумын қайтыс болған соң, таққа бірінен кейін бірі катарынан оның үш ұлы отырады. Солардың ішінен тарихта Муганханның есімі ерекше аталады. Ол өзімен көршілес жужандарды, татабыларды, қидандарды түгел бағындырыды.

Түрктердің жойқын соғыстарының біразы Бумын ханының інісі Естеми (Естіми, ақылды деген мағынада) ханының атымен сабактасады. Ол – Бумынның тірісінде-ак қол басқарып көзге түскен, ханының жабғысы (үзірі) болған адам. Естеми Батыс жорықтарын баскарған. 555 жылы Шаш (Ташкент) қаласын, Жейхун (Амудария), Інжу (Сырдария) өзендерін қаратып, Арап теңізіне дейін жеткен. Осымен Естеми жорығы тәммудалады.

VI ғасырдың 80 жылдары хан тұқымдарының арасында дау-жанжал өршип, соның салдарынан Түрк қағанаты Батыс және Шығыс қағанаты болып екіге бөлінеді. Жетісу өніріндегі, Шу бойындағы, Еділдің төмөнгі, Ертіс, Есіл өзендерінің жоғарғы сағасындағы өзара жауласып, әбден титықтаған түрк рулары Батыс қағанаттың құрамына енеді.

Батыс қағанаттың құрамына енген рулардың ішіндегі ең бастылары Дулу (дулаттар) одагы мен Шу, Талас, Ыстықкөл маңындағы нушебилер (үйсіндер) еді. Дулаттар мен нушебилердің әрқайсысы дербес бес рудан тұрса керек. Батыс қағанатын кейде «он ру» немесе «он оқ» халкы деп атайдыны да сондықтан.

604 жылы Батыс қағанат құлайды. 635 жылы дулаттың бес руы, нушебидің бес руы бөлініп, өз араларынан бек сайладап, биліктің белгісі ретінде оларға оқ береді. «Он оқ түрк» деген сөз содан қалған. Дулаттар мен нушебилердің шекарасы ретінде Шу өзені белгіленеді. Қолдарына билік тимеген қарлық, яғма, қыпшак, басмал тәрізді ру басылары жаңа тәртіпке көне коймайды да, өршіген наразылық ақыры Шубар Төліс

баскарған он оқ ордасына қарсы көтеріліске ұласады. Шубар Төліс хан төнірегіндегі достарымен қашып, Ферғанаға жетіп, 639 жылы дүниесалады. Ал жауласқан екі жақ бітім жасап, Иле өзенінің екі бетін бекініс етеді. Иле өзенінен бастап Сібір тайгасына дейінгі аралықты жайлған батыс түрк руларының басына 641 жылы Үкі шад таққа отырады. Олардың құрамына Жонғариядағы басмалдар, Алтайдағы қыпшактар, Минусинск ойпатындағы қырғыздар, Енисей, Тарбағатайдағы басқа да көптеген тайпалар енеді.

Үкі шад Жетісудың оңтүстігінде дулаттармен жойқын соғыс жасайды. Бірақ дулаттардан жеңілген ол қашып Байшынху (ертеректе Исфиджаб, бертінде Сайрам аталған қала, Шымкенттің шығысында) қаласына жасырынады. Бұл жерден кол жинал, қайта шабуыл жасайды. Бірақ жауынгерлікпен атағы шықкан дулаттар батыс ашын руларының бірінен шықкан Халлығты (лақап аты, оның шын аты тарихта сакталмаған) хан көтеріп, Үкі шадтың қолын қайта талқандайды. Сөйтіп, Халлығ соғыстан әбден шағылған, калжырған он оқ халқына кеп жылдар бойы олардың аңсаған бейбітшілігін қамтамасыз етеді. Дулаттарға – «Чур» (Шора), нушебилерге – «иегін» атағын беріп, өзіне және өзінің сарбаздарына арнап Мыңбулак (қазіргі Жамбыл кала-сының маңында) алқабында камал салдырады. Өзінің ұлына «Багадүр жабғы» деген дәреже тағып, оны өзінен соңғы Батыс қағанаттың әміршісі етіп сайлады.

656 жылдың қақаған қысын пайдаланып, Қытай империясы Батыс қағанатқа төтеннен шабуыл жасайды. Тұтқылдан лап берген есепсіз құшке төтеп бере алмаған нушебилер, дулаттар бірінен соң бірі жеңіліп, олардың басшысы Халлығ қалған қолымен Иле өзеніне шегінеді. Сөйтіп, он оқ халқынан бүтіндей қол үзген ол шегінгеннен шегініп, ақыры Шу өзенінде тізе бүгеді.

Бірақ Халлығ соңына баласын ертіп, аздаған атты әскерімен жауды адастырып, оңтүстікке қашып кетеді. Шаш (Ташкент) қаласына жақындағанда әбден титықтап, болдырған аттары торт аяктап табандап тұрып алыпты. Шаш қаласының тарханы бұларды ұстал, кол-аяғын байладап, қуғыншылардың қолына берген екен. Сөйтіп, Халлығ 659 жылы зындан түбінде азап шегіп, жалғыздықтың таксыретінен дүниесалады.

Ал, көп жылдар өктемдік еткен қытайлар 692 жылға дейін дулаттар мен нушебилердің 60-70 мындаған кісісін қырып тынады. Осыдан бастап Түрк қағанаты құйреді деп есептеледі.

Әбден корлық көрген түрктер VII ғасырдың аяғында Қытай империясына қарсы көтеріліске шығады. Әделкіде біраз табысқа жеткенмен, Қытайдан жаңа күш келіп, Қаракұмға шегінген көтерілісшілер ақырында, аштыққа ұрынады.

Бірақ тұрк халқы бұл жолы жеңілгенмен, тойтарыс алдық деп босқа қарап отырмадан. Бір жылдан соң Гудулу (Құтлығ) басқарған тұрк халқының жаңа толқыны қайта өршиді. Құтлығ – әскери білімі бар, айла-тәсілге жетік кісі болса керек. Ол тоз-тоз болған тұрк халқын қайта жиып, дана Тонықөкті соңына ертіп, 683 жылы Қытай басқыншыларынан тұрк жерін азат өтеді. Осы әрекеті үшін халық Құтлығты Елтеріс (елді теруші, жинаушы мағынасында) хан деп атап көтеді.

Тұрк халқын құрап іргелі ел еткен Елтеріс 693 жылы дүниe салады. Соңында әлі де балағатқа жетпеген, әжетке жарай қоймаған екі ұлы қалады. Сондыктан да такка оның інісі Мочур (Қапаган) отырады.

Қапаган тым арманышыл, киялышыл, катал кісі болыпты. Ол бір кезде даңқы жайылған Тұрк қағанатында мемлекет орнатуды арман етеді. Оның тым әсіре каталдығы халық наразылығын қүштейтіл, ақыры Қапаган 716 жылы көтерілісшілердің колынан қаза табады.

Бұл жағдай Елтеріс ханның буыны бекіп, бұғанасты катаған занды екі мұрагері – Білге мен Құлтегінді такқа әкеледі.

Кішісі – Құлтегін өте ер болған. Қарлұқтармен арада болған соғыста (711-715) даңқы жайылған жас батыр бұрыннан келе жатқан ата дәстүрін бұзбай, «Білге хан» деген ат беріп, такқа өзінің ағасын отырғызды. Ал, Білге хан болса, інісі Құлтегінді әскер басы етіп сайлады. Басқаша айтқанда, бұл шын мәніндегі Қағанат иесі деген сөз еді.

Билікті түгел қолдарына алған Елтеріс (Құтлығ) Қағанның үйелмелі-сүйелмелі екі ұлы (Білге мен Құлтегін) саясатты әуелі ағасы Қапаганмен сыйбайлас болған ақсакалдарды жоюдан бастайды. Бұрын-соңды соғыска араласып жүрген кәрі тарландардан Елтерістің тұсында да көрегендігімен көзге түсken, Қапаганға да кенесші болған Тонықөкті ғана ақылшы етіп қалдырып, оған Баға Тархан (мемлекеттік кенесші) атағын береді. Қарт данышпан бұл кезде 70 жаста еді. Қөп кешікпей айлакер Тонықөк өз қызын Білге Қағанға қосады. Сейтіп, осы үшеуінің тұсында тұрк халқының даңқы қайта жер жарады.

731 жылы Құлтегін қайтыс болады. Батырдың азасына ат қойып ел-елден келген көніл айтушыларда есеп болмаған. Батырлығының күесі ретінде оның басына мәнгілік ғажап ескерткіш орнатылды.

Қөп кешікпей, 734 жылы дүниеден Білге Қаған да өтеді. Оны сатқындар у беріп өлтіреді. Таққа отырған Иоллығ-тегін әкесі Білге ханның басына зәулім ескерткіш орнатады. Сейтіп, ағасына да, әкесіне де арнап тасқа қашап олардың ерліктерін дәріптеген жоқтау-мадак жырын жазады.

Иоллығ-тегін ақын әрі тарихта болған адам. Ол 739 жылы өз ажалынан қайтыс болады.

Міне, Тұрк халықтарының тарихына қатысты және біз осы кітапта жариялады отырған Орхон жырларында (Құлтегін, Тонықөк ескерткіштері)

бейнеленген тарихи оқиғалардың желісі осында. Біз мұны негізінен Н.Я.Бичуриннің «Собрание сведений Азии в древние времена» (М. I т, 1950-1953), А.Н.Бернштамның «Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена» (Москва, т. I-II, 1950-1953); Л.Н.Гумилевтің «Древние тюрки» (Москва, 1967) деп аталағын еңбектеріне сүйеніп жаздық.

Тұрк қағанатының құрамына енген, бертінде тұрк халықтарына үйіткіз болған және Орхон ескерткіштерінде аталағын руладар, тайпалар өте көп. Олардың басты-бастылары жайында қысқаша мынаны айтуға болады:

Төлістер – казіргі таулы Алтайдың шығыс бөлігін мекендейтін телеуіттердің аргы ата-тегі. Телеуіттер терістігінде – татарлармен, шығысында – тувамен, түстігінде – казактармен, батысында – алтайлықтармен шектеседі.

Мәдениеті, тілі жағынан тұрк руладымен төркіндес келетін ру – қырғыздар. Олар VII-VIII ғасырларда Енисей бойын мекендей, өзімен көршілес қарлұқ, құрықан, дубо (тува), меркіт тайпаларымен үнемі қактығысып тұрған.

Тарихшылардың айтуына қараганда, қурықандар казіргі якуттердің ата-тегі де, ал қырғыздар – хакастардың аргы тегі. Екеуінің де тілі, әдет-ғұрпы тұрк тектес. Әйткенмен, қырғыздарды тек қана хакастардың аргы тегі деу жеткіліксіз. Біздінше, көне Орхон ескерткіштерінде жиі кездесетін қырғыздар бірнеше руладың бірлікті аты болуға тиіс. Өйткені, олардың казіргі қырғыздардан бүтіндей бөліп қараша дұрыс болмас еді. Сондыктан да байыргы қырғыздардың казіргі хакас, қырғыз халықтарына бірдей қатысы бар бірнеше рудың бірлікті одағы деп түсінген жөн.

Сырдария мен Амударияның аралығында оғыздар тұрған. Оғыздар – казіргі әзербайжан, тұркпен халықтарының аргы тегінен саналады.

Жонгария мен Жетісу өлкелерін мынадай елдіктер жайлайған: Қара Ертісте – қарлұқтар, Орталық Тянь-Шандағы Іле өзенінің бойында – тұргештер. Ертістің жоғарғы сағасында басмалдар тіршілік еткен.

Тұрк руладының бірінен саналатындар – кенгерестер. Кенгерестердің тарихтағы басқаша бір аты – Қанғарлар (қаңлы). Олар Сырдарияның төменгі және орта сағасын мекендейген. Қара Ертістегі қарлұқтар мен Сырдариядағы печенег – қанғарлардың арасында бұл кезде қыпшактар келіп коныстана бастаған кең дала жатады. Қазіргі Қазақстандағы далалы өлкенің Дешті қыпшақ – Қыпшақ даласы аталауы осында. Бұл жерде қыпшактар қанғарлармен араласып, шығыста – қыпшақ, Еуропада – коман (құман) ал, Россияда – половецтер деп аталағын кеткен халықтың құрайды.

Тарихта аты сакталған Орта Азия, Қазақстан, Сібір жерлерін мекендеғен ол кездегі басты ру одактары жайындағы қысқаша деректер осындағы. Ал, заманымыздың III-V ғасырларына дейін өзара кактығыс салдарынан аты жоғалып кеткен, не бертінде өзгеріп кеткен шағын рулардың есебі жок.

Жоғарыда аталған түрк рулары үнемі бір орында өздерінің алғаш коныс тепкен жерінде тұрактап отыра бермеген. Кейде өзара жауласу, соғысу салдарынан, кейде бінде ру-тайпалардың, яки халықтардың жорық-шапқыншылықтары салдарынан зор жойқыншылыққа ұшырап, бір өлкеден екінші бір өлкеге етіп, коныстарын жи өзгертіп отырган. Сондыктан да болу керек, тарихшылар арасында казақ рулары түгелдей әуел бастаң, өмірбаки көшпелі болды, тек мал шаруашылығымен ғана айналысып, үнемі жөңкіліп көшіп жүрді деген пікір бар. Бұл пікірді түгелдей дұрыс деуге, костауға болмайды.

«Күн шығыстағы ру, тайпалар тарихтың басынан-ақ бір жағы көшпелі, бір жағы отырықшы өмір сүрген» деп адамзаттың ұлы ойшылы Карл Маркс айтқандай, қазак рулары да түгелдей өмірбаки жөңкіліп көше бермеген, біразы көшпелі мал шаруашылығымен айналысса, біркатары отырықшы өмір сүрген – қыстакты, кентті, қалалы жерлерде, солардың тәңірегінде тұрып егіншілікпен, кол өнер кәсібімен шұғылданған. Олардың теріден, ағаштан, киізден, жібектен жасаған небір әсем жиһаздары опат соғыстардың салдарынан жойылып кеткен.

Түрк сарбаздары металмен қаптаған қазіргі казак тымағы тәрізді бас кім, үстіне жезден істелген ұзындығы тізеден, жеңі шынтақтан сәл жоғары сауыт, аяқтарына етік киеді екен. Жауға аттанған жауынгер сауыт киіп, садақ асынып, беліне алдастан байлан, білегіне шоқпар іліп, кеудесіне қалқан, колына наиза ұстап шығады екен.

Олар соғыстан бос уақытында мал шаруашылығымен, аңшылықпен айналысқан. Соғылған малдың, ұстаған аңның терісін киім етіп киген. Ол заманда киімнің жалпы аты «тон» дейінген. Осы сез киім мағынасында әлі де кездеседі. Мәселен: «Әркім өз бойына қарап тон пішеді», «Кеңеспен пішкен тон келте болмас», «Апасы киген тонын сіңлісі де киеді» тәрізді мақалдар бар.

Негізгі бақкан, есірген малдары – кой, жылқы. Жылқының қымызын, койдың ағын ішіп түрктер малдың қамымен қыс-қыстауға, жаз-жайлауға көшіп жүрген. Осы кәсібі жайында тарихшы Л.Гумилев былай дейді: «Түрктердің әйелге деген құрметтін есептемегенде, олардың семьясын XIX ғасырдағы қазактардың семьясынан пәлендей өзгешілігі бар еді деп айтуымызға ешқандай негіз жок», (Л.Гумилев. Древние тюрки, М., 1967, 71-бет). Жаз салқын тау койнауын саялап, қыс түссе жазықты жайлайтын түрктердің басты панаы көшіп-конуға женіл киіз үй болған.

Октябрь революциясына дейін қазақ арасына кең жайылған әменгерлік салт сол замандардан қалған. Түрк халқының салты бойынша ағасы өлсө, інісі женгесіне үйленетін болған. Деректерге қарағанда, түрктер әйелді ерекше құрметтеген. Жолаушылап келген баласы үйге кіргенде, әкесінен бұрын әуелі шешесіне бас иеді екен. Мұның үлгісін Орхон ескерткішіндегі Құлтегінге арналған үзінділерден көреміз.

Түрк халқының діни көзқарастары жөнінде. Ол уақытта (ислам діні тарамаған кез) халық құдайды, әулиені білмеген. Қекке-Тәңіріге, қара жерге, суға табынған. Небір қысылшаң тар кезендерде дағдарған, есенгіреген түрк халқына дем беретін де осылар – түрктің қасиетті жерсүсі. Демек, түрк халқы жеке бір адамға емес, көбінесе табигатқа, жер көкке табынған: «Тәнірідей, тәніріден жаралған» деп басталатын Орхон жазбалары жасанды, жалған дінмен әлі уланбаған, діннің үрейінен шошынбаған елдің кескінін аңгартады.

Түрк халқы о дүниені жер үстіндегі тірліктің жалғасы деп түсінген. Дүниеден кайткан кісінің казасына жоктау шығарып айтатын болған. Жоктау шығаратындар сыйытчылар (жоктаушылар) деп аталған. Өлгендерге қайғыру белгісі ретінде әйелдер бетін жыртқан, кейде тіпті өзін құрбан ететін болған. Сол дәуірдің мәліметтерінде: «Қаны мен көз жасы бірдей ағылды» деп жазады.

Көңіл көтерген сауық кештерінде жұрт как жарылып бетпе-бет тұрып өлең айтысатын болған. Қазақ халқының арасында кең тараған жар-жар, айтыс содан келеді.

Жоғарыда аталған тарихи деректер түрк халқы жасаған эпиграфиялық ескерткіштерде сакталып бізге жетіп отыр. Орхон, Талас өзендерінен, Қазақстанның басқа да жерлерінен көтеп табылған мұндай ескерткіштер бұл өнірді мекен еткен үйсін, дулат, қаңлы, найман, қыпшак, керей, конырат тәрізді ру, тайпалардың VII-IX ғасырларда-ақ өз дәуіріне лайыкты мәдениетінің болғандығын айқындаиды. Мұны әр кезде жүргізілген археологиялық зерттеулер бүгінде мұлтікіз дәлелдеп отыр. Ол мәдениет жанадан қалыптасып келе жатқан феодалдық катынастар негізінде дамыған еді.

Қазақстан жеріндегі халықтар Византиямен, Қытаймен, Киев Русімен мәдени, сауда катынасын ерте кезде-ақ өрістеткен. Қазақстанның, әсіресе батыс, солтүстік батыс аудандарының халқы Русыпен етene берік ынтымақта, байланыста болған. Мұндай катынастар Қазақстан тайпалары мен халықтарының мәдениетінің өрлеуіне үлкен ықпал жасайды.

Аталған дәуірде материалдық мәдениет, тоқыма өнеркәсібі, кала құрылышы өрістейді. Ол кездегі қалалардың шоғырланған жерлері – Қарату маңы, Сырдария алабы, Талас, Шу жағалаулары, Жетісу өлкесі.

Орхон ескерткіштерінің жанрлық сипаты

Орхон ескерткіштері тіл, тарих мұрасы ретінде толық тексерілгенмен, жанры жағынан әлі тиянақты анықталған жок. Бұл маңызды мәселені шешу түркологияның қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін жауапты мінде-тінің бірінен саналады.

Орхон жазбаларынан әдебиеттің белгісін танып, оның өлеңдік қасиетіне мән берген галымдардың бағалы сөздері ертеде шықкан кітаптардан да кездеседі.

Мәселен, Түрк халықтар өлеңінің күрылышын алғаш жете зерттеген галымдардың бірі Ф.Корш өзінің «Древнейший народный стих турецких племен» (СПб, 1909) деген әйгілі еңбегінде Орхон жазулары мен түрк халықтары өлеңінің арасындағы ырғақ сәйкестігіне назар аударған еді.

«Как строится кара-киргизская былина» («Наука и просвещение» журналы, Ташкент, 1922, № 1) деген аталағын макаласында зерттеуші Фалев: «Халық эпосы шығармаларын Орхон жазуларымен салыстыру әбден орынды» деген өте құнды пікір айтады.

Құлтегінге арналған ескерткішті өлең текстіне алғаш жатқызған кісінің бірі – А.Бернштам. Фалым өлең деген тануын танығанмен, өз ойын нактылы дәлелдей алмаған да, соның салдарынан үміт сәулесіндей осы бір құнды пікір кезінде түркологтар тарапынан колдау таппаган.

Ескерткішті тек лингвистік түрғыда зерттеген П.Мелиоранский мен С.Малов секілді көрнекті галымдар өз еңбектерінде руналық жазулардың тілінде, баяндау стилінде өзгеше жатықтық бар дегенді айтады.

Жайындағы ой-пікірлер осындай болатын.

Орхон жазуларының жанрлық табигаты туралы түркологияда қазір қарама-қайшы екі түрлі көзқарас қалыптасып келеді. Оның бірі А.Щербактың, екіншісі И.Стеблеваның есімімен байланысты.

А.Щербак былай деген жазады: «Өзінің сипаты жағынан бұл жазуларды ақындық шығармаға, жатқызуға болмайды». Басқаша айтқанда, Щербак Орхон ескерткіштерін әдебиет үлгісіне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, Түрк қағанатының қысқаша, дәл, тарихи деректер жиынтығы деген қарайды.

Осы айтылған пікірді тарихшы Л.Гумилев қуаттайды: «И.В.Стеблеваның монографиясы Құлтегін мен Тонықектің құрметіне арналған жазуларды өлеңге жатқызып және оны тарихи поэма ретінде дәлелдеуге әрекеттеннен. Автордың сонысына қарамастан, біз одан өлеңге ен қажетті нәрсе – ырғакты таба алмадық. Сол себептен де «Сипаты жағынан бұл жазуларды ақындық шығармаға жатқызуға болмайды» деген А.Щербактың тұжырымына қосыламыз», – дейді зерттеуші (Л.Н.Гумилев «Древние тюрки», М., 1967, 322 бет).

Демек, Л.Гумилев те қоңе руналарды жыр емес, түрк халқы тарихының қысқаша шежіресі есебінде танып отыр.

Бұл пікірді біз костай алмаймыз. Қоңе түрк руналарын өлең жолына түсіріп, ақындық өнердің үлгісі деп танып, алғаш рет композициялық, жанрлық, стильдік түрғыдан тексерген И.Стеблеваның монографиясындағы батыл да бағалы тұжырымдарды ескеру қажет.

Фалым былай деген жазады: «Тұған елінің тәуелсіздігі мен құлдыққа карсы күресін, халқына және оның ерлеріне деген сүйіспеншілігін ақындық шабытпен жазған Орхон текстілерін жалаң тарихи (тарихи-емірбаяндық) деректемелерге жатқыза қоюға болар ма екен? Керісінше, белгілі бір ақындық дәстүрдің ортасында тұған осы жазуларды тарихи-ерлік поэма деген тану әлдекайда орынды болар еді». (И.В.Стеблева – Пoesия тюроков, Москва, 1965, 61-бет).

Біз И.Стеблеваның осы пікіріне, негізінен, қосыламыз. Бірақ, ол фалым айтқандай бірегей ағыл-тегіл жырға жата ма?

Орхон жырлары тек қана өлеңге құрылмаған, жогарыда айтқанымыздай, арасында қара сөз арапасып келіп отыратын өзіміздің «Алпамыс», «Қобыланды» тәрізді эпикалық жырларды еске салады.

Мәселен, «Құлтегін қоң ылқа ယеті ယегірмеке учды. Тоғызыңч ай ယеті отузқа йоқ ертүртіміз. Барқын, бедізін, бітіг ташын бечін ылқа ယетінч ай ယеті отузқа коп алқадымыз. Құлтегін өл (ліп) қырқ артқы յа-шық бұлдыт».

Жаңашасы: «Құлтегін қой жылы он жетінші құні өлді. Тоғызыңшы айдын жиырма жетісінде жерледік. Мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын мешін жылы жетінші айдын жиырма жетісінде аяқтадық. Құлтегін өлгендे қырық жаста еді» тәрізді жолдардан зорлап өлең жасаудың еш қысыны жок.

Өйткені, эпикалық мұраның ең қоңе үлгілерінің біркелкі өлеңнен ғана тұруы шарт емес. Әдебиеттің көптеген түрі бір шығармада-ақ арапасып жататын (синкретизм) ерте дәуірде өлең де, қара сөз де катар журсе, оған таңданбауга тиіспіз. Орхон ескерткіштерін кейбір галымдардың (Л.Гумилев) өлеңнен іргесін бүтіндей аулақтатып, керкем прозага жатқызуының себебі сол арапастық белгісін болу керек.

Алайда: «Мінсіз қара сөз жазу үшін де өлеңдік өлшемдердің үлкен шебері болу қажет» деген ғой ұлы Гейне. Сонда әдебиет әлемінде үлгілі әсем қара сөз жасап қалдырудың өзі ақындық өнердің тамаша бір белгісі болып шықпак.

Қазақ әдебиетінде өзге халықтар творчествосында кездесе бермейтін шешендік сөздер деген аталағының қызық жанр бар. Соның кай үлгісін алсан да, өмірдің шындығына суарылған, ешкім өзгерте алмайтындағы асыл

жолдарды көрсөң. Тындастың да халқың жасаған ғажап өнерге ғашық боласың. Соның, бірін тыңдаң көрің.

Баяғы заманда аяқтыға – жол, ауыздыға сөз бермейтін бір кедей шешен дауда суырылып сөйлеп отыrsa, дәүлетті біреу: «Сөйле, сөйле, құлағы жок шұнақ бім, құйрығы жок шолак бім» – деп кекетіп: сонда әлгі кедейден шықкан шешен: «Сөйлесе несі бар. Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз исесін табады. Сен мал мен басқа мактандың. Байлық тұбі – бақыл, казына тұбі – ақыл. Ешкі егіз тауып қойдан көп болмас, ит сегіз тауып майдан көп болмас. Құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын, құйрығым шолак болса, тұлпар шығармын. Тасыма! Құдайдың маган берейін десе баласы жок па, саған жіберейін десе, бәлесі жок па?» – деген екен. Осы бір аз ғана жолда каншама өмір, канша даналық бар?! Осының езі жосылған мінсіз жыр емес пе?

Екі сөздің бірінде дәл осылай мақалдап сөйлейтін, кара сөзден сан түрлі жарасымды кисындар тауып сан құбылтқан, жадағай сөзді алтайы түлкідей ойнатқан ақын халық-казак халқы – Гейне айтқан мінсіз қара сөз жасаудың асқан шебері. Ендеше, қазак халқындағы асқан шешендіктің бір ұшы сол байыргы Орхон ескерткіштерінде жатыр деуге болады.

Шынында да, Орхон жазулары әдеби мұра ма? Болса, оның кай үлгісіне жатпақ? И.Стеблеваның пікірінде қаншалықты қисындылық бар? Міне, бұл сауалдарға жауап берудің жалпы түрк халықтары әдебиеті үшін, оның ішінде қазақ әдебиеті үшін үлкен мәні бар.

Егер халқымыздың ерлік дәстүрлерін көркем образдарға ұластирган казақ эпостары мен Орхон жазуларының арасындағы табиғи туыстықты айқындаі алсақ, онда заты қазақ өлеңінің ең әдепкі үлгілері хақында нақтылы сөз етудің мүмкіндігі туатыны да ақиқат.

Руналық жазудың жанрын айқындаудығы И.Стеблеваның еңбегін тиісінше бағалай отырып, ғылымдағы дәлділік, әділдік үшін мына бір мәселенің де бетін ашып алу керек-ак сектілді.

Расында ескерткіштің жанры тұрасындағы концепция бір ғана И.Стеблеваның атымен байланысты айтылуға тиіс пе? Ол туралы бұрын-сонды одан бұрын ешкім ештеңе жазбады ма екен? Рас, И.Стеблева Орхон ескерткіштерінің жанрлық табиғатына арнайы тәп-тәуір зерттеу жұмысын жүргізді. Бірак сол шығармалардың жанры туралы ғылыми күнды пікірлерді одан да бұрын кездестірген жок па едік.

Бұл ретте біз көрнекті қазақ ғалымдарының қағаберіс қалдыруға еш болмайтын, И.Стеблевадан әлдекашан бұрын-ак жасаған аса маңызды тұжырымдарын еске салғымыз келеді.

Түрк қоғамын терең зерттеушілердің бірі академик Әлкей Марғұлан түрк халқының мәдениетін, әдебиетін кеңінен тәптіштей келе былай деп жазады:

«VI-VIII ғасырлардағы халық фольклорында эпостық поэзияның Орхон ескерткіштерінде жазылып калған ең ертедегі ақындық тәсілдері мен дәстүрлері белгілене бастаған. Бұл поэзияның элементтерін Күлтегін мен Білге-ханның басындағы құлптыастарына жазылған жазулардан көруге болады. Бұл жазулардың текстісі эпостық әңгіме стилінде жазылған».

Фалымның Орхон ескерткіштерінен ақындық тәсілді де, дәстүрді де тауып, оларды жанры жағынан ерлік жырына жатқызып отырғанын осы мысалдан да көруге болады.

Заманымыздың әйгілі жазушысы, ойшылы академик М. Өуезов Совет түркологиясы бас коскан үлкен мәслихатта мынадай бір құнды пікір айтқан еді:

«Орхон жазулары» деген не?

Бұл қүнге дейін оларды тіл тарихының ескерткіші ретінде зерттеп жүр. Соған коса ол фольклордың мейлінше көне үлгілерінің де ескерткіштері емес пе? Сол жазуларда эпостық аныздардың шағын да ықшам фабулалық желілірі бар ғой».

Фалым дәл осы жерде Күлтегін мен Тонықекке арналған руналық ерлік жырының белгілерін айқын тауып отырған жок па?

Орхон мұраларын зерттеуші ғалымдардың, әсіресе оның әдеби сипаттына ерекше мән берген И.Стеблеваның жогарыда келтірілген бағалы тұжырымдарды ескермеуі өте өкінішті-ак. Біздің мұны әдейі айтып отырған себебіміз, біздің ғасырымыздың елуінші жылдарына дейін советтік түркологияда Орхон ескерткіштерінің табиғатына жақын пікір айтқан бірде бір зерттеуші болған жок. Жүзеген жылдар бойы тек тілдік, тарихи мұра ретінде зерттеліп келген Орхон жазуларынан әдебиет сипатын тану, сөз жок ғылым әлеміндегі үлкен жаңалық еді.

Сондықтан да Орхон ескерткіштерінің жанры туралы мәселені құн тәртібіне алғаш қойған ғалымдар: Мұхтар Өуезов пен Әлкей Марғұлан деп есептеліп, Стеблева болса, осы зерттеушілердің концепциясын ғылымда тұңғыш рет дәлелдеуші ретінде танылуға тиіс.

Түрк қағанатының тарихын Күлтегін мен Тонықекке арналған жазулармен салыстырудың нәтижесі ескерткіш авторының алдында әдеттегідей тарихи жүйелеуден ғөрі әлдекайда бөлек, әлдекайда биік міндеп тұрғандығын көрсетеді. Басқаша айтқанда, Орхон жазуларының авторларын жалаң тарихи фактілер емес, белгілі бір идеяға арқау бола алатын тарихи оқиғалар қызықтырган тәрізді.

Түрколог – тарихшылардың біразы (С.Кляшторный, Л.Гумилев): «Тарихи оқиғалар дәл, алайда жеткіліксіз» деген пікірді айтқанда, руналық жазулардың әдебиет үлгісіне жататындығынан ғана халық тарихын егжей-тегжей баяндамай, оның ең кажетті, тартымды деген сәттерін ғана сұрыптаң алып суреттейтіндігін ескермеген.

Екіншіден, егер біз Орхон жазулары сөз етіп отырған фактілер жайында ертеректе жазылған мәліметтерден бұрын-соңды оқып білмеген болсак, онда ескерткіштердегі там-тұмдап қана берілген сараң тарихи деректерден жарытып ештеңе түсінбеген болар едік.

Сол себепті Орхон ескерткіштерін жалаң тарихи фактілер тізбегі деп карамай, түрк халқының ізгі арманын, кескілескен соғысын, абынды батырларын өзгеше әуезben жыр еткен ерлік эпосының ең әдепкі үлгісіне жатқызу орынды.

Сондыктан да бір кездерде эпостық дәстүрі айырыкша дамыған казак халқының бай мұрасы мен Орхон ескерткіштерін салыстыра зерттеудің ерекше мәні бар.

Өйткені, Орхон жырларын зерттеу проблемасын жалпы әдеби процес-сімізден бөліп карауға болмайды. Қайта біз халқымыздың тарихи өткенин, рухани өсуінен мол мағлұмат беретін шығарманы төрөн зерттей түссек, онда бұл шығармалар әпикалық мәдениетіміздің көп сырларын ашуға мүмкіндік береді.

Басқаша айтканда, эпостарымыздың жасалу процесін, оған қоса ғасырлар құрдымынан бұғінге дейін үзілмей, жалғасып келе жатқан жанды дәстүрді дәлелдей алатын боламыз. Қазақтың ұшан-төңіз әпикалық, жыр дәстүрінің қайнар бұлағын, оның сарқылмас көзін ендігі жерде біз солардан іздеуге тиіспіз.

Осы уақытқа дейін казақ эпосының тууы жайындағы корытындылар тұспалдап қана айтылып келсе, Тоныкөк, Құлтегінге арналған жырлардың зерттелуімен байланысты, бұл мәселені накты дәлелдермен топшылауға мүмкіндік алатын боламыз. Осы ретпен біз енді Орхон жырларын казак эпостарының кейбір үлгілерімен салыстырып көрейік.

Орхон ескерткіштері және қазақ эпосы

Жалпы эпос (хебос) – жыршы деген сөз. Демек; бұл ұғымның ең алғашында белгілі бір елеулі оқиғаны дәріптеумен, жыр етумен байланысты шыққандығы сөзсіз.

«Шынын айтқанда, – деп жазды А.Н.Веселовский, – батырлардың ерлігін жырлаган эпостар халықтың қалыптасуымен қатар тұа бастаган. Тарихи кезеңдердің елеулі тұлғалары – ерлердің төнірегінде неше түрлі өлеңдер құрастырылып, солардың негізінде бүтін цикл жасалған, (А.Н.Веселовский. История эпоса, отд. I, СПб, 1882, 267-бет).

Қазақ эпосының тууы жайындағы академик Қажым Жұмалиевтің мына бір пікірін келтірейік: «Қай елдің эпосы болмасын, белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса тұғанға ұқсайды және ол бір күн, не бір жылдың гана жемісі емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай ғасыр, талай тартыстардың нәтижесі... Қазақтың осы күнгі ұзак эпостарының

бастамалары ерте замандағы патриархалдық рулық құрылыш кезінде: Үйсін, қанлы, қоңырат, керей, қыпшақ замандарында, әр рудың өз істерін ерлікке айналдырып жыр еткен қыска қолемді жырлар жатуы, кейін олар ұмытылса да есте сакталынып қалған аңыздардың негізінде ұзак жыр, поэмалардың тууы мүмкін». (Қ.Жұмалиев. Қазак эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, I том, Алматы, 1958, 10-бет).

Бұл пікірді бір ғана Қ.Жұмалиев емес, әдебиетіміздің тарихын зерттеген: М.Әуезов, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин тәрізді көрнекті ғалымдарымыздың қай-қайсысы да кезінде айтқан болатын.

Демек, А.Веселовский айтқандай, ерлік жырлары халықтың қалыптасуымен бірге қатар тұған болса, онда Құлтегінге арналған жыр, дәл осылай, түрк халқының қалыптасу кезеңінде жасалған. Ал, Құлтегін, Тоныкөк жырларының өзі Үйсін, Қанлы, Қыпшак, Қоңырат, Дулат, Керей, Найман, Жалайыр, Алшын руладының VI-VIII ғасырлардағы Түрк қағанаты астына топтасқан дәуірдегі мұралары еді.

Сол себепті біз қазақ эпостарының әдепкі арналары Түрк қағанатының кезінен басталады дейміз. Қырғыз әдебиетіне қатысты бұл пікірді академик М.Әуезов баяғыда-ак айтқан болатын:

«Түрк рулады мен қағанаттарының тілсіз таста із қалдырган осынау жорықтары қырғыздың сол кездегі эпостық аңыздарының тууына ықпал жасамаған бола ма? Егер мұндай ескерткіштер қара тастан ойылып, кашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша айтылып тараған әрі бұдан да толық нұсқалары болмауы мүмкін бе? Егер мұндай жыраныздарды тоғыз оғыздар; түргештер және басқа да тайпалар шығара алған болса, сондай аңыздарды сол дәуірде, тіпті IX ғасырда емес, VI-VII ғасырларда соншалықты бұғауда болған, халықтың коргаушы батырға әсіресе ділгір болған қырғыздар қайтіп шығармайды?.. Эпостың туу дәуірін айқындал анықтағанда осындай жәйттерді ескеру кажет» (М.Әуезов. Уақыт және әдебиет, 244-бет).

Осы айтылғандардың бәрі де тегі бір түрк тілдес халықтардың эпосының, оның ішінде қазақ эпосының тууына қатысты емес деп кім айта алады? Әрине, ешкім де айта алmas еді. Түрк руладының Азман атты Құлтегін, қыпшактағы Тайбурылды, Қобыланды, Қоңырраттағы Байшұбарлы Алпамыс жалпы түрк халықтарының М.Әуезов айтып отырған сондай ділгірлігінен тұған қаһармандары еді.

* * *

Сонымен, жинақтай келе айтарымыз: Біріншіден, Орхон ескерткіштері – түрк халықтары тарихының көп деректерінің әсерлі желісін жеткізген, әпикалық шығармалардың шағын фабулалық өрістерін қамтыған тарихи – ерлік жырлардың ең әдепкі үлгілері.

Эпостық баяндауға негізделген бұл ескерткіштерде женілуді біл-
меген ежелгі жыр батырларындей, Құлтегіннің басынан кешкен ерлік
кимылдары, жорық сапарлары қаншама? Тілсіз тасқа сыйғызған сол
жойқын соғыс суреттерінен біз Құлтегіннің жекпе-жек шайқастарын анық-
елестеміз.

Орхон жырларының негізіне түрк руларын біріктіру, нығайту, сыртқы
жаулардан корғау идеясы алынған. Элбette, сонымен бірге біз олардан
рулық дәуірдің әлеуметтік теңсіздігін де көреміз.

Устем тап өкілдерін, аксүйектердің (бек) тәменгі бұқараны (кара
будун) қалай қанағандығы жайында елеулі деректер табамыз.

Бұл жайында Орхон жырлары: «Ер жыныстың құл болды. Пәк қызы-
дарың құн болды» деп жазды. Шығарманың ең халықтық сипаттағы жол-
дары – осылар деп білеміз.

Аталмыш ескерткіштерде жырды шыгарушылардың өмірден түйген,
білген философиялық толғаныстары да жоқ емес: «Тағдырды тәнірім
жасар, адам баласы өлмекке жаралған», «Қай халық болмасын, сол елдің
ішінен пәтүеңіз (жұғымсыз, жалқау) табылса, (онда ол халықтың қаншама
соры бар десенізші» деген данышпан Тонықектің сөзі қалыптасан
қағида, казақ арасында кең етек алған толғаудын түпкі сағасы тәрізді.

Екіншіден, Орхон ескерткіштері мен ежелгі қазақ эпостарын салыс-
тырудың нәтижесі олардың арасындағы дәстүрлік байланыстын барлығын
дәлелдейді деп білеміз. Бұдан шығатын корытынды – қазақ халқындағы
бай жыр дәстүрінің негізі сол Орхон ескерткіштерінде каланған.

Образдар

Орхон жырларында бір топ қағандар образы бар. Олар: Бұмын, Естіми,
Білге қағандар. Алғашқы екеуінің түрк қауымына иелік етуін адамзаттың
жаратылысынан бастайды да, оларды ақылды қаған, алып батырлар дәре-
жесінде бейнелейді.

Қырық жеті рет аттанып, жиyrма шайқас жасаған Елтерістің де есімі
ерекше аталауды.

Ескерткіште дербес образ дәрежесіне көтеріліп жырланғандардың
бірі – Білге қаған.

Білгенің жырда қайда, қандай жорықтарға барғаны, қандай, қан-
шалықты ерлік көрсеткені толық суреттеледі: ол халықты жинап,
ұйымдастыруши ретінде бейнеленеді.

Жырда Білгенің іс-әрекеттері ғана емес, көніл-куй де баяндалады. Ол
табғаштар салған ылан мен іріткіге ырық беріп жалған сөздің жетегінде
кетіп, қырылып-жойылып бара жатқан халқына катты назаланады.

Шығармада оның образы түрк халқының иелігін молайткан, тұрмысын
жаксарткан батырдың бірі ретінде суреттеледі.

Жырдың сонында Білгенің түрк халқын біріктірудегі еткен еңбектерін,
азаптарын баяндай келе, түрк руларының үстем тап өкілдерін, бектерін
жақылғыштығы (қателескіштігі, ақылсыздығы), жағымпаз таққұмарлығы
үшін айыптайды.

Жырдың негізінен суреттеген кейіпкерлері тектіден шыккан батыр-
лар болса, сонымен бірге шығармаларда «ұлдары – құл, қыздары – құн
болған»; ұшарын жел, конарын сай білген; ілгері-кейін бүлтттай жөңкілген;
«Қаны судай аққан», «аш-жалаңаш, жаяу-жалпы босыған», титықтаған
қара халықтың – жалпы бұқараның жиынтық образы жасалған.

Аз құн бейбіт өмірдің дәмін татып, ракатын сезген, сәл тыныстан ес
жиып, көзін ашқан қарапайым халықтың басына табан астында-ақ қаралы
құн, акыр заман орнап жатады.

Сол қорлыққа төзе алмай, шыдамы таусылған қөпшіліктің енді бір сәт
бектермен айқасқа шыққанын көреміз.

Әлбette, бұл максаты айқын, бітіспес тап қүресі емес, сол дәуірдің
шындығынан өршіген қанауши тап пен қаналушы таптың келіспес
наразылығы ғана болатын. Ол туралы Орхон ескерткіштерінде «Бек пен
халқы жауасты» деп жазады.

Қоғамның негізгі құрамы, басты құші – осы кедей халықты сонша-
лықты ауыр азапқа салып жүргендер – ел билеуші аксүйектер. Мұның
дәлелі ретінде ескерткіштен мынадай жолдарды оқимыз.

Біліксіз қағандар отырған екен,

Жалтак қағандар отырған екен.

Әміршілері де біліксіз екен,

Жалтак болған екен.

Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,

Табғаш халқының алдауына сенгендігінен,

Арбауына қонгендігінен,

Інілі-аганың дауласқандығынан,

Бекті – халқының жауласқандығынан,

Түрк халқы елдігін жойды.

Міне, ел ішіндегі бакталастық, ымырасыздық; билеген хандардың,
олардың атқамінер әміршілерінің ақылсыздығы салдарынан халық осы-
лай қатты қүйзеліске ұшырайды, титықтайды, быт-шыт болып тозады.

Орхон шығармаларында эпостық образ дәрежесіне жеткен басты әрі
ең өзекті тұлға – Құлтегін.

Ат жалын тарта халқына қорған болған бала батыр жырда үнемі беку,
өсу үстінде суреттеледі.

Жеті жаста атадан жетім қалған Құлтегін он жасқа келгенде ер ата-
нады. Он алты жаста қару-жарап асынып, ел намысын, халық кегін қуып
табғаштарға аттанады.

Жиырма бір жаста Тадықын чурдың Боз атына мініп, чача Сенұнмен айқасады. Шайкастың тәткісіне төтеп бере алмаған Боз ат та, одан соң мінген Торы ат та қан майданда жан тапсырады. Осы соғыста Құлтегін өзіне жау оғының бірін де дарытпай шығады.

Жиырма алты жасында қыргыздарға карсы аттанып, наиза бойлар қардай етіп, қыргыздарды үйқыда басады.

Қыргыздардың жәйт батырларының бірін окка ұшырып, екеуін наизага ілген. Құлтегін астындағы байырқылық Ақайғырдың белін мертіктіреді, бірақ жауды женіп тынады.

Одан соң түргештерге жойқын соғыс жасайды. Алып Шалшы ақ атқа мінген ер Құлтегін түргешті түгел талқандайды.

Отыз жасында – карлұқтарды, отыз бір жасында аздарды алады.

Бұл жойқын кескілестерде Құлтегіннің астынан баяғы Алып Шалшы атты көреміз. Оғыздармен ізгілдермен айқаста Құлтегін Азман ақ пен Каракерді алма-кезек мінеді.

Сөйтіп, қырық жеті жасында дүние салған Құлтегін ылғи жорыкты санар, қанды майдан үстінде, жекпе-жек айқастарда, тенденсі жоқ колбасшы-кеменгер бейнесінде көрінеді.

Батырдың сырт пішіні, портреттік суреті жырда берілмегенмен, жаумен бетпе-бет келіп наизаласкан сәттерден қазақ эпостарындағыдай «Бұырқанған, бусанған, мұздай темір құрсанған» ер-жүрек алыптың келбетін елестету киын емес.

Бір ғана Құлтегін жырында сан атаулы сәйгүлік аттар Құлтегіннің мінісіне шыдамай бірінен соң бірі құлап жатса – бұл-дағы батырдың соқталы образын аша түсетін, айқындай түсетін айшықты мотив.

Ал, талай қыргынга Құлтегінмен бірге кіріп, женіске ортақ болған атакты Алып Шалшы мен Азман актардан «Алты айлық жерді алты аттаған», «Бір тәбенің тозанын бір тәбеге косқан», «Суға салса батпайтын, отка салса жанбайтын» жүрісте – көлік, жауда – серік өзіміздің сүйікті Тайбурыл, Байшұбарларды көргендей боламыз.

Құлтегін – түрк халқының ерлік сипаттарын бойына дарыткан жиынтық образ. Оның тұлғасында бір кездерде жалпақ даланы еркін билеген түрк тайпаларының өршіл, қайтпас мінезі бар. Оның тұлғасында жойқын соғыстардан жанышты, ерқашты болып, титыктаған халықтың сондай батырым болса деген арманы бар. Батыр мерт болғанда, қазасына досығана емес, дұшпандарының да косыла жылауы оның сол – бұлжымас ерлік қасиеттерін танытады.

Батыр дүние салған күндері әр рудан басшы алып, жылап-сықтап келіп жаткан халықта есеп болмаған. Құлтегіннің қазасымен байланысты түрк жеріне орнаған ауыр түнек пен есепсіз кара шеруді жыр өте жақсы бейнелеген.

Құлтегіннің дұшпаны дегенде айтарымыз кім?

Жырда оның өзімен теңдес, иықтас батырдың аты атальмайды. Бірақ сүңгіге ілінбей берілмеген, есімі атальмаған атсыз ерлер өте көп. Құлтегіннің алып келбетін ашатын да солар. Құлтегін батыр бастаған түрк халқымен шайқасқа түскен елдің ішінде осалы жок. Олар бірінен соң бірі кол кусырып, құлдық ұра бермеген, ақтық деміне дейін айқаскан.

Құлтегінге карсы шықкан жаудың сондай сұсты кейпін Орхон ескерткіштері аз сөзбен-ак жеткізіп береді. «Корқынышты кіслер, алып кіслер шабуыл жасады». «Жауымыз жыртқыш құстай еді». «Отша, беріше келді» дейді Орхон жырларында.

Бұл отша жанып, бөріше ұмтылған, жыртқыш құстай улы тырнағын жайған үрейлі жау қолың көз алдымызға экеледі.

Міне, мұның бәрі де жырдың басты тұлғасы – Құлтегін образын жанжакты толықтырып аша түсетін ақиқатты, жанды кескіндер.

Құлтегіннен басқа Орхон ескерткіштерінде жиі аталағын өзгеше кейіп, оқшау бейнеленетін образ – Тонықек.

Ол – Елтеріс, Білге қағандардың ақылгөй дем берушісі, талай жорықтарға бастап, жауды талқандаған колбасшы, батыр.

«Мен – кеменгер Тонықекпін» деп басталып, соның өз атынан баяндалатын ескерткіште Тонықектің барлық айла-тәсілі толық қамтылған.

Ол көбіне, бірнеше ханға ақылгөй болған, телегей жыр тудырған Бұқар тәрізді ғұлама жырауларының еске салады. Ол оғыз батырлары жайындағы мол жырларды шығарған Қорқытқа да ұқсайды. Өйткені, Орхон ескерткіштеріндегі Тонықек жыр авторы ретінде де белгілі. Мұның өзі, қыргыз халқының әйгілі эпосы «Манастың» тууы жайындағы академик М.Әуезовтің: «Алғашқы жырды аты шулы жорыққа өзі қатысып, көзімен көрген адам шығарған» дейтін өте құнды тұжырымын бекітеді.

Ғалым айтып отыргандай, Орхон жырларындағы Тонықек те небір жорықтардың куәгері, ізінше сол соғыстар жайында әсерлі дүниелер тудырған эпикалық өнердің иесі. Сонда біздің Тонықек дег отырганымыздың өзі, алдымен жырау болып шығады.

Екіншіден, Тонықек – ақылды колбасшы. Оның есімімен Білге эпитетті (Білге Тонықек) үнемі егі заталып отырады. Біздіңше, бұл Тонықектің сондайлық ақылдылығына сәйкес халықтың бертіндегі косып берген аты. «Ақыл иесі, сез иесі болдым» – дейді бір сөзінде Тонықек. Соған карағанда оның әрі ақылды, әрі сезге шешен болғандығы аңғарылады.

Тонықек – ұрда-жық асығыстың келте адамы емес, алдағыны құні бұрын болжап білетін сергек ойшил.

Небір киын-кыстай күндерде қай мәселенің тұсында да асықпай-аптықпай: «осылай етсем ше?» деп, өзіне сауал қойып барып, шешімін содан соң іздейді.

Өлсіреп жойылып бара жатқан түрк халқын қайта біріктіріп, қайтадан ел ете алатын басшыны сайлаудан бұрын Тоныкек: «Арық бұқаның, семіз бұқаның барын білер ме екен? деп толғанады. Бұл – оның аксүйектермен бұқараны өштестірмей, жауықтырмай ұстай алар ма екен, жақсы мен жаманды ажыратса алар ма екен дегені еді.

Тоныкектің данышпандық касиетін түрк халқының жаулары да мойындайды. Түрктерден сескенген қидандар, табғаштар, оғуздар өздерінің одактастарына елші жіберіп, ақыл қосып, құш біріктірудің қажеттігін қайта-қайта пысықтап, әбіржіп жатады. Өйткені, олардың айтуынша: түрк халқының «Қағаны – алып, ақылгөй – кеменгер. Осы екеуі тірі болса, бізге жену жок» деп налиды. Мұндағы түрк халқының ақылгөйі деп отырғаны – Тоныкек.

Тоныкек – айлакер, әскери әдістердің жетік білгірі. Оғыздар, табғаштар, құтандар түрк халқына карсы аттану үшін құш қосқалы жатыр дегенді естіген Тоныкек құні-тұні алдағы болғалы тұрған апаттан құтылар жолдарды, тәсілдерді іздейді ғой. Ақыры күллі ел болып соның дегеніне көшеді.

Тоныкектің ойынша: «жұқаны бұктеу оңай, жінішкені – үзу оңай, ендеше ол үшеуі бірігіп қүшемей тұрғанда шабуылға түрк жауынгерлерінің өзі шығып, оларды шетінен біртіндеп талқандау керек».

Көпті көрген, өмірден түйгені мол Тоныкектің ақыл-айласы, сөйтіп, түрк халқына женіс әпереді.

Жауға ойламаган жерден, дәл осылай, тұтқылдан шабуыл жасау, бұл да қatal сындардан қапысыз өткен ең сүйікті әскери әдістерінің бірі.

Тоныкек – саясаттың адамы. Осы қасиетіне байланысты академик Бартольд оны француз тарихындағы Талейранмен салыстырады. Көзі тірісінде өз атынан өзіне ескерткіш орнаттыруы да, тексте басынан аяғына дейін үнемі «мен», «мен» деп сөйлеуі де, оның тарихта өз атын қалдыруға қам жеген саясатшылдығынан еді.

Жоғарғы айтылғандардың үстінен Тоныкек – жауапты, шешуші жорықтарға кол бастаған ерен батыр.

Ел шетіне жау келгенде түрк халқы үшін ол тұн тәсегінен түнделіп, үйкесін төрт бөледі.

Тұнде үйықтамадым,

Күндіз отырмадым.

Кызыл қанымды ағыздым,

Қара терімді төктім, –

деп жазады.

Ол – коркуды білмейтін, жауға намысын жібермейтін ержүрек батыр. Оның қайсар, батырға тән ерлігін мына бір үзіндіден айқын көреміз:

Алтын тауын асып келдік,

Ертіс езенін кешіп келдік,

Көп екен деп неге қашамыз,

Азбыз деп неге қорқамыз,

Неге басындырамыз?

Шабамыз, –

дейді.

Мұнда мұқалмас жігер, орасан батылдық бар. Өздерінізге мәлім, Білге қаған таққа отырғанда, оған кеңесші болған карт данышпан жетпіс жаста еді.

Әзім қартайдым

Ұлық болдым, –
деген жолдардан біз оның сол ұлғайған шағын көреміз.

Бірақ көрі тарлан қартайдым деп отырмаған, өле-өлгенше түрк халқының қамында болған:

Мен өзім ұзак жорықтарға да бастаным,

Бүкіл түрк халқына

Қарулы жау келтірмедім,

Атты әскер жолатпадым, –
деген жолдар Тоныкек өмірінің мақсаты мен нәтижесіндегі. Орхон ескерткіші суреттеген көне дәуірдің жырауы, батыры, білгірі Тоныкек міне, дәл осындей.

Орхон ескерткіштеріне тән қасиеттер

F.Мұсабаев билай деп жазады: VIII ғасырдың бірінші жартысында эпикалық дастанның өзіне лайық көне дәстүрі болған. Соның ең басты ерекшелігінің бірі – әнге құрылуы еді. Мейлі ол сарын, әлде қара әлен болсын, белгілі бір әуенге құрылған. Ерте кездегі ән, әлен сөзі, музыкасы бөлінбейтін дәстүр түрк халықтарында біздің заманға дейін келгені анық». (Жұлдыз», 1970, № 3, 144-бет).

Орхон жырларының қандай әуенмен орындалғандығын бүгінде айқындау өте қыны. Шынында да қазақ жыршылары жырды белгілі бір мақам, әуенмен орынданап келген ғой. Келешекте бұл бағытта да зерттеу жүргізу керек.

Ал, әзірше біз Орхон ескерткіштеріне тән мынадай ерекшеліктер атар едік:

1. Біз талдап отырған Орхон ескерткіштері түгелімен түрк халқына арналған үндеу – жыр ұлғасынде жазылған да, ондағы суреттегетін оқиға баяндауға құрылған. Тек Тоныкек жырындағы Тоныкектің терең толғаныс

үстіндегі ойлы сөздері мен жау елшілерінің, басқа да кейіпкерлердің сөз кезектесуін, сөз алмасуын (диалог) айтпасақ, құллі әрекет, соғыс қимылдары, халықтың әркілі хал-ахуалы – бәрі де автордың атымен баяндалады. Мәселен,

Мен өзім қаган болып отырғанда,

Әр жерде босыған халық еліп-жітіп,

Жаяу-жалпы келіп жатты. (КТу)

Немесе

Күлтегін Байырқылық ак айғырына мініп

Шабуылға ұмтылды,

Бір ерін оққа ұшырды,

Екі ерін наизаға ілді.

Сол шабуылда байырқылық ак айғырдың белі мертікті;

Қырғыз қағанын өлтірдік,

Елін алдық. (КТу)

Алғашқы келтірілген мысалдарымыздан жер-жерден, жан-жактан, жаяу-жалпы келіп жаткан босқын халықтың титықтаған мүшкіл халін автор кеңінен сипаттап, суреттеп жаткан жок.

Сол сияқты, екінші үзіндіден Күлтегіннің ак айғырға мініп шабуылға ұмтылғанын, бір батырын оққа ұшырып, екі ерін наизамен түйрекенін, астына мінген атының белі мертіккенін, қырғыз қағанының өлгенін, халқының женілгенін білеміз. Ал, шындығында, ойга шомып, көзге елестетіп байқаса, осы азғана жолдарда қашама оқиға, қашама қантөгіс бар?

Біз бұдан бергі эпостарымыздың жойқын жорық суреттерін, қанды майдан көріністерін, женілген халықтың басына туған ауыр қүндерді көз алдымызға елестетеміз. Басқасын былай қойғанда, бірғана Тайбурылдың шабысының өзі «Қобыланды» жырының үлкен бөлігін құрамаушы ма еді?

Ендеше, соншалыкты қыргын жасап, қыргидай тиіп жүрген Күлтегіннің айқас үстіндегі сұсты кейпін, қайтпас қаһарын, үрдіс қимылдарын бірғана жолға сыйғызу мүмкін бе? Бұл сауалдар: «Егер мұндай ескерткіштер кара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жылардың ауызша айтылып, таралған әрі бұдан да толық нұқсалары болмау мүмкін бе?» (Уақыт және әдебиет. 243-бет) деген Мұхтар Әуезовтің тамаша сөзін еріксіз еске түсіре береді.

Шынында да, М.Әуезов айтқандай, тасқа қашалған осы бір жылардың ел ішінде кеңінен жайылған ұзак жыр нұқсалары болмау мүмкін емес. Өкінішке орай, қазіргі кезде мұны анықтау өте қын.

2. Орхон жырларында батырдың жорықтары, шайқастары, соғыс, нәтижесі біркелкі ұқсас болып келеді де, үнемі қайталанып отырады.

Әдетте жау женіліп, олардың ханы өлтіріледі. Тұрк халқының батыры женіске жетеді; оның үстіне батырдың астындағы ат өледі, не белі мертігеді. Мысалы:

Ізгіл халқымен соғыстық,

Күлтегін алып Шалыш атын мініп,

Шабуылға ұмтылды.

Ол ат сонда құлады,

Ізгіл халқы қырылды (КТу) яки,

Күлтегін Байырқының

Ақ айғырын мініп, шабуылға шықты.

Сол айқаста

Байырқылық

Ақ айғырдың белі мертікті.

Қырғыз қағанын өлтірдік, елін алдық.

Тағы бір мысал:

Соғыстық.

Талқандадық.

Ханын өлтірдік.

Сол сияқты, Күлтегіннің жау батырларын жену әдісі де бір сарында болып келеді.

Бірнеше мысал келтірейік:

Бір ерін оққа ұшырды,

Екі ерін наизаға ілді.

Кос батырын наизамен шанышты,

Қарлықтарды қырдық, алдық.

Алты ерін шанышты,

Жетінші ерін қылыштады.

Бұл келтірілген үзінділер Орхон жырларында қайталаудың жиі кездесетіндігіне көз жеткізеді.

3. Орхон ескерткіштерінде жоғарыда айтқанымыздай, кара сөз арасын отырады. Ондай жолдардың өзі қазақ эпостарында кездесетін прозалық ұлгілердей, мейлінше, көркем болып келеді, кейде үйқасып жатады.

Мысалы, «Беглері, будуны түзсіз үчін, табғач будун теблігін құрліг үчүн, армакчусун үчүн, іні-ечілі кіншір-түкін үчүн, беглі-бурунлығ ыоншұртікін үчүн тұрк будун ілледүк ілін учуну ыдымыс, қазғанладуқ қағанун үйітү ыдымыс». (КТу).

Жаңашасы: «Бектерінің, халқының ымырасызығынан, табғаш халқының алдауына сенгендігінен, арбауына көнгендігінен, інілі-аганың дауласқандығынан, бекті – халқының жауласқандығынан тұрк халқы елдігін жойды, хандығынан айрылды».

Дәл осындай көркем әрі ішкі үйкасқа құрылған кара сөзді «Алпамыс» жырынан да оқимыз: «Сол кезде жасы үш жүзге жеткен, ыстық ішкен, сүйік тышкан, көрінгенмен ұрысқан, қабағы қатып тырысқан, дамбалы бұтына катқан, өзін тұғаннан құдай атқан; бір кез ширек бойы бар, адам таппас ойы бар; тізесіне шекпен жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген; басы мүйіз, арты киіз бір мысттан кемпір келеді» (Қазак эпосы, 269-бет).

Асты сызылған сөздер көнгендігінен, сенгендігінен, дауласқандығынан-жауласқандығынан; ұрысқан-тырысқан, жетпеген-кетпеген, мүйіз-киіз деп, өлең тәрізді үйкасып тұр.

4. Орхон жырлары риторикалы сұраптарға толы болып келеді. Олар шығармаға ерекше әуез, көтеріңкі леп беріп, жырдан аскак ерлік сазын танытады.

Елліг будун ертім,
Елім амты қаны,
Кемке еліг қазғанұрмен? –
тір ерміс.
Қағынлығ буду ертім,
Қағаным қаны,
Но қағанқа ісіг-күчіг біурмен? – тір ермес
Жаңашасы:
Елді халық едім,
Елім казір қайда,
Кімге ел-жүрт іздермін?
десті.
Қағанды халық едім,
Қағаным қайда,
Қандай қағанға күш-қуатым берермін? –
десті.
Немесе,
Азу бу сабымды ігіц барғу?
Түрк беглер, будун, буны есідін?
Жаңашасы:
Осы сезімде өтірік бар ма?
Түрк бектері, халқы, бұны тындандар!

Бұл жырлардың риторикаға құрылғанына анық көз жеткізу үшін Қ.Мырзалиев аударған «Күлтегін» жырына тағы бір зер салса да жеткілікті.

* * *

Ескерткіштердің құрылышы да назар аударуды кажет етеді. Орхон жазуарын пәлендей тарауларға бөлу киын-ак. Дегенмен, олардағы оки-

ғаның баяндалуына қарай төмендегідей шағын бөліктерден тұрады дер едік.

Күлтегін (кіші жазу):

1. Қарамағындағы халыққа үндеуі;
2. Түрк қағанатының суреттелуі;
3. Әскери жорықтар;
4. Табғаш халқының араға іріткі салу әрекеттері;
5. Түрк халқының өзіне тағылар кінәлары;
6. Ескерткіштің қойылу себебі;

Күлтегін (үлкен жазу):

1. Түрк халқының ата-тегі жайындағы әнгіме;
2. Табғаштардың түрктерді жауап алуы;
3. Елтеріс ханның тұсында ел тұрмысының қайта өрлеуі;
4. Қапаған, Білге қағандар жайындағы әнгіме;
5. Күлтегіннің жорықтары.

Ескерте кететін бір нәрсе, үлкен жазудағы оқиғалар кіші жазудағыдан ғөрі әлдеқайда кең, серпінді баяндалған. Айырмашылығы осындаға.

Ал Тонықек құрметіне арналған жырдан аз да болса желілік айырым тауып, ажырату өте қын. Мұнда Тонықектің жақсылықтары мен әр елге жасаған жорықтары үнемі қайталанып отырады. Сондықтан, бірінен-бірінің айырмашылығы шамалы, белгілі бір тақырыпшаларға топтастыруға келмейтін оқиға желістерін бөліп жатуды тиімді деп таппадық.

Орхон ескерткіштерінің көркемдігі

Орхон жырларындағы арнайы сөз етуді қажет ететін және осы күнге дейін зерттелмеген келелі мәселенің бірі олардың көркемдік ерекшеліктері.

Көне түрк әдебиетінің ең әдепкі нұсқаларындағы өлеңдің жасалу тәсілдерін егжей-тегжей талдамай, анықтамай тұрып қазак өлеңінің тууы, қалыптасуы, дамуы жайында жүйелі, дәлелді сөз айту мүмкін болmas еді. Басқаша айтқанда, Орхон ескерткіштеріндегі поэтикалық заңдылықтарды ашу халқымыздың өлең жасаудағы алғашқы адымдарын, үйқастың қалыптасқан, жетілген кездері мен оған дейінгі өлеңдік тіркестердің барлық катысын негіздеумен барабар болып шықпак.

И.В.Стеблеваның айттынша, Орхон ескерткіштері түрк халықтары поэзиясына ортак төрт тармакты өлең принципіне негізделген. Мұның дүрыс еместігін және Орхон жырларының төрт тармакты шумактардан ғана тұрмайтындығын жоғарыда айттық.

Орхон ескерткіштерінің үш, төрт, бес, алты, сегіз тіпті онан да көп жолды шумактардан тұратындығын, әр алуан үйқасты, әр буынды, көбіне 7-8 буынды болып келетін жыр өлшеміне негізделгенін байқауға болады.

Ескерткіштегі өлең жолдары жыр тәрізді бірімен-бірі тығыз байланысты болып келеді де, негізінен бір ой түйдегіне бағынады. Демек, Орхон ескерткіштері жыр өлшемімен жазылған. Мұның дәлелі ретінде «Күлтегін» жырындағы батырдың айқастарын суреттеген жолдарды алуға болады. Онда өзара байланысты ұзақ бір түйдек өлеңдер тобы «оплайу тегді» (шабуылға ұмтылды), «бініп тегді» (мініп шапты), «ол ат анта өлті» (ол ат сонда өлді) тәрізді тіркестердің жи қайталану арқылы айқас туралы бүтін бір жыр циклін құрайды.

Орхон ескерткіштерінде жетілген өлең үйқастарының өте аз ұшырасатындығы да біздің пікірімізді дәлелдей түседі. Өйткені өлендердегі емес, жырдағы үйқас көбіне ойға құрылады.

Біздің есебіміз бойынша, Орхон ескерткіштері 727 жыр жолынан тұрады. Жыр жолдарының буын сандары түрліше болып келеді (3-тен 15 буынга дейін кездеседі).

Кестеге қараңыз.

Буындар							үш буынды	төрт буынды	бес буынды	алты буынды
жыр жолдары							3	32	82	102
процент есебімен							0,4	4,4	11,3	14,0
жеті буынды	сегіз буынды	төгіз буынды	он буынды	он бір буынды	он екі буынды	он үш буынды	он төрт буынды	он бес буынды	он барлығы	
119	101	80	71	61	28		13	7	727	
16,4	13,9	11,0	9,8	8,4	3,9	3,9	1,9	0,9	100%	

Уш тармақты жыр үлгілері үнемі дәл осылай бола бермейді екен. Аракідік олардың әрбір жолы бір ғана сөзден тұратын шумактары да кездеседі.

Мысалы:

Сұнұсдіміз (a)

Санчыдымыз (a)

Канун өлтүртіміз (a)

Соғыстық,

Шаныштық,

Ханын өлтірдік.

Біз келтіріп отырган шумактардың бүгінгі поэзия тұрғысынан қаранды тіпті өлеңге ұксамауы да мүмкін, бірақ аталған ескерткіштің осы-

дан бір мың екі жұз жылдан астам уақыт бұрын жазылғандығын ескеруіміз керек.

Енді төрт тармакты жыр шумактарына бірнеше мысал келтірейік. Олардың өзі үйқасы, буын саны жағынан да түрліше болып келеді.

- | | |
|----------------------------------|---|
| 1. Құл құллығ болмыс ерті (7a) | 1. Құл құлды болған еді,
Күн күнліг болмыс ерті (7a) |
| інісі ечісін білмез ерті (106) | Інісі ағасын білмес еді.
Оғлы қацын білмес ерті (96) |
| Сонұқун тағча йатды (7a) | Ұлы әкесін білмес еді. |
| 2. Қанын субча йүгүрті (7a) | 2. Қанын судай жүгірді,
Сүйегін таудай үйілді. |
| Бегілік ұры оғлын құл болты (96) | Бек ұлдарын құл болды,
Сілік қызы оғлын құң болты (86) |
| 3. Иоруклығ қантан келіп (7a) | Пәк қыздарын құң болды. |
| Иана өлті? (46) | 3. Қарулылар қайдан келіп,
Тагы (сені) құлдыратты. |
| Сүңгіліг қантан келіп (7a) | Найзалаудар қайдан келіп,
Қайта (сені) ыдыратты? |
| Сүре елті? | 4. Тәнірі жарылқады. |
| 4. Тәнірі йарулказу (6a) | Бұқұл түрк будунқа (66) |
| Бұқұл түрк будунқа (66) | Иаруклығ йоғуг келүрмедім (9в) |
| Иаруклығ йоғуг келүрмедім (9в) | Төгүнліг атуғ йүртмедім (8г) |
| Төгүнліг атуғ йүртмедім (8г) | Атты әскер жолатпадым. |

Бұл үзінділерден үйқасы, буын саны түрліше болып келетін қазақтың жыр үлгілерін көріп отырмыз. Біріншісі мен екіншісі егіз (аабб) үйқасты, шіншісі шалыс үйқасты (абаб) болып келсе, төртіншісінде тіпті, үйқас жок. Ой шумағы, ой үйқасы мықты болғандақтан мұны да жырға жаткызып отырмыз. Ал, осылардың кай-қайсысында да буын саны әр түрлі (4, 6, 7, 8, 9), айнымалы екендігі байқалады.

Орхон жазуаларынан бес тармакты жыр шумактарын да кездестіреміз. Бірақ оларда өлең үйқасынан гөрі ой үйқасы, дыбыс үндестігі әлдекайда басым жатады.

Мысалы,

Елігіт елсіретміс,
Қағанлығығ қағансыратмыс
Иағығ баз қылмас,
Тізлігіг сөкүрміс,
Башлығығ йүкүнтірміс

Елдігін елсіз етті,
Хандығын хансыз етті.
Жауын бейбіт етті,
Тізеліні бүктірді,
Бастыны еңкейтті.

Ескерткіштердегі алты жолдан тұратын жыр үлгілері мынадай болып келеді:

Елліг будун ертім,
Елім амты қаны,
Кемке іліг қазғанурмен? – тір ерміс.

Елді халық едім,
Елім қазір қайда,
Кімге ел-жұрт іздермін? – десті.

Қағанлық будун ертім,
Қағаным қаны,
Не қағанқа ісіг-күчі
бірўрмін? – тір ерміс
Бір өзгешелігі мұнда бірінші мен төртінші, екінші мен бесінші, үшінші
мен алтыншы жолдар үйқасып отырады.
Ескерткіштерден сегіз, тоғыз, тіпті, одан да кеп тармақты жыр
шумактарын көреміз.

Бірақ тоғыздан әргі жыр шумактары, көбіне, үндестігі, қилюастығы
әлі де түгелдей жетіліп бітпеген шұбыртпалы жыр үйқасын еске салады.
Ондай ұзак шумактарда да негізінен ой түйдегі, ой сәйкестігі басым
жатады.

Эпикалық шығарманың табиғатына желісі ұзак шумактар өте-мөте тән
болатындықтан, ескерткіштердегі сегіз, тоғыз тармақты жыр үлгілерінен
бір-бір мысал.

1. Ілгеру – Шантұң یазықа
сүледім (а)
Талуїка кіңіг тегмедім (о)
Біргеру – Токуз Ерсенке тегі
сүледім (а)
Тұпұтке кіңіг тегмедім (б)
Құрығару – Иінчу үгіз кече
Темір Қапығқа тегі сүледім (а)

Пырғару – Иір Байырқу иіріне
тегі сүледім (а)
Бунча иірке тегі йорытдым

2. Елтеріс қағанка
Түрк Бөгү қағанка
Түрк Білге қағанка
Қанаған қағанка
Тұн ұдымату
Құнтұз олұрмату
Күзул канум төкті
Кара терім йұгурті
Үсіг-күчіг бертім оқ

Осы келтірілген екі үзіндінің алдынғысы – сегіз, соңғысы тоғыз
тармақты. Бірінші мысалдың әдепкі төрт жолы кезекті үйқаска, соңғы
төрт тармағы ерікті үйқаска құрылған. Ал, екінші шумактың алдынғы

Ханды халық едім,
Ханым қайда,
Қандай ханға құш-қуатым
беремін? – десті.

Бір өзгешелігі мұнда бірінші мен төртінші, екінші мен бесінші, үшінші
мен алтыншы жолдар үйқасып отырады.

Ескерткіштерден сегіз, тоғыз, тіпті, одан да кеп тармақты жыр
шумактарын көреміз.

Бірақ тоғыздан әргі жыр шумактары, көбіне, үндестігі, қилюастығы
әлі де түгелдей жетіліп бітпеген шұбыртпалы жыр үйқасын еске салады.
Ондай ұзак шумактарда да негізінен ой түйдегі, ой сәйкестігі басым
жатады.

Эпикалық шығарманың табиғатына желісі ұзак шумактар өте-мөте тән
болатындықтан, ескерткіштердегі сегіз, тоғыз тармақты жыр үлгілерінен
бір-бір мысал.

1. Ілгері – Шантұң жазыққа тегі
дейін жауладым,
Тенізге сәл жетпедім
Тұстікте – Тоғыз Ерсенге
дейін жауладым,
Тибетке сәл жетпедім.
Батыста – Инжу өзенін кеше
Темір қакпаға дейін
жауладым.
Терістікте – Байырқы жеріне
дейін жауладым.
Осыншама жерге дейін
жорыттым.

2. Елтеріс қаға үшін
Түрк Бөгі қаған үшін,
Түрк Білге қаған үшін,
Қанаған қаған үшін,
Тұнде ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.
Қызыл қанымды ағыздым,
Қара терімді төктім
Күш-қуатымды аямадым.

төрт тармағы үйқасады да, қалған (соңғысынан бөлегі) жолдары екі-
екіден ой үйқасына бағынған.

Енді әдепкі үзіндінің так (1, 3, 5, 7) тармақтарының басында келетін
ілгеру-біргеру, қурығару-йыргару төрізді өзара үндесіп, жымдастып тұрған
сөздерге назар аударыныз. Сөз басында үйқасып келген дәл осы сөздердің
дербес шумағын Құлтегіннің кіші жазуынан кездестіреміз.

Ілгеру – күн тоғсықа
Біргеру – тұн ортасына
Қурығару – күн батысықына
Йыргару – тұн ортасына
Ілгері – күн шығысында,
Оңымда – күн ортасында,
Кері – күн батысында,
Солымда – тұн ортасында

Бұл үзіндінің бастапқы сөздері егіз (аабб) үйқаспен жазылған. Қарап
отырсаңыз, ортадағы сөздердің өзі де (күн, тұн) өзара үйқасып тұр.

Енді осы шумакқа басқа бір жағынан келсек, (ілгеру-біргеру, құрығару-
йыргару) сөздерінің үндесіп, өлең болып естілетінін байқаймыз. Ондай
үндестік пен әуезділік аллитерация түріндегі дыбыстық қайталауларға
байланысты. Мұнда, тіпті, соңғы үйқастардан гөрі әдепкі сөздердің
дыбыс үндестігі, жарастығы әлдеқайда қүштірек екені көрінеді. Демек,
мұның өзі әуезділікке, үнділікке ерекше мән берген тұрк халқының
жырлары аллитерациялы болып келетіндігін яки үйқастың басында
жасалатындығын дәлелдейді.

Сонымен, жыр үйқастары, жыр шумактары жайындағы сөзімізді аяқ-
тай келе мынадай тұжырым жасауга болар еді.

Біріншіден, өлең жасаудың, ойды көркем бейнелеудің әдепкі адым-
дары деп біз жырдағы жиі кездесетін: іші-сырты, касы-көзі төрізді кос
сөзді тіркестер мен тәтті сөз, асыл қазына, бағынды, жүгінді секілді
ынғайлас мәндес сөздердің жарасымды бірлігі деп есептейміз.

Мұнай сөздер катарласа, жапсарласа келіп, шешендік ынғайға ойы-
сып, содан макал-мәтелге, қанатты жолдарға, әуезді, ырғакты жырға
үласады.

Екіншіден, Орхон жырларында екі, үш, төрт, бес, алты, сегіз, тоғыз
және одан кеп тармақты жыр шумактары кездеседі екен және үйқасы
(сынар, егіз, кезекті, шұбыртпалы) жағынан да, өлшемі (4, 6, 7, 8, 9, 10
буынды) жағынан да әр түрлі болып, кейде тұлғасы үйқаспай да жатады
екен.

Бейнелеу тәсілдері

Орхон жырларында «Олар бізден төрт есе артық еді», «есепсіз жау
келді» деген төрізді деректі-дерексіз ұлғайтулар болмаса, әсірелеу жокқа
тән.

Бұл, біздіңше, аталмыш жырлардың өзін тудырған тарихи арна-
лармен іргелес, жақын тұрғандығынан әрі олардың шежіре ретімен

келетіндігінен болу керек. Өйткені, эпос неғұрлым өзін тудырған тарихи шындықтың желісінен қашықтаған сайын солғұрлым оларда әсірелеудің мол болатындығын аңгарамыз. «Қобыланды», «Алпамыс» тағы басқа қазак жырлары осының аңғартады.

1. Орхон ескерткіштеріндегі бейнелеу құралдарының ең молы

эпитеттер:

Білге қаган (білге қаган), кексіз түрк (анығ иоқ түрк, Темір қакпа (Темір қапығ), тәтті сез (сүчіг саб), асыл қазына (йымшак ағы), жырак халық (йырак будун), әдепсіз қылық (аныз біліг), ақылды қісі, (білге қісі), батыл қісі (алып қісі) еш адам (анығ қісі), жаман сыйлық, (йаблақ ағы), жақсы сыйлық (едгұ ағы), біліксіз адам (біліг білмез қісі), кедей, халық чығай будун, кіріптар бектер (көрігме беглер), мәңгі тас (бенгұ таш), көк тәнірі (көк тенрі), кара жер (йағыз иер), жетім халық (өксіз будун), ұлы қаган (куліг қаган), жалтак қаган (йаблақ қаган), бек ұл (бегіліг ер оғул, пәк қызы (сілік қызы оғул), қасиетті жер-су (ыдуқ йір-суб), аш-жалаңаш халық (ічре ашсыз, ташра тоисыз будун), бейшара, мұсәпір халық (йаблақ үабыз будун), боз ат (боз ат), торы ат (торығ ат), арық ат (түрүк ат), ақ айғыр (ак адғыр), шағын қол (аз ер), бұлікшіл ел (камашығ іл), қара қол (қара қол), қаракер ат (йағыз ат), қырагы көз (көрүр көз), терен ақыл (білір біліг) жазба тас (біртіг таш), қара құм (қара құмұғ), қошпелі ел (йоруйур будун), жасырын сез (ічре саб), қызыл қан (кузул қан), қара тер, қарулы жау (йоруклұғ), атты әскер (төгүнліг атұғ), сары алтын (саруғ алтун), ақ күміс (орұн құмұш).

Ескерткіштердегі эпитеттерді түгел келтірумен катар, ондағы тұрақты эпитеттердің астын сыйзық. Жоғарыдағы мысалдарға қарап отырып, көне түрк дәүірінде жасалған бейнелеуші тіркестердің бізге фонетикалық жағынан да пәлендей өзгеріске ұшырамай жеткендігін көреміз.

2. Сол сиякты, Орхон жырлары белгілі бір нәрсені қоркемдеп жеткізу үшін оны басқа бір затпен де салыстыра суреттеуді кең қолданған. Ескерткіштердегі теңеудің ұлгілері мынадай болып келеді.

1. Қаным қаған сусі бөрі тег 1. Әкем ханның әскері ерміс

2. Қаның субча үйгірті 2. Қаның судай ағылды

Сөнүкүц тағча ятды Сүйегің таудай үйілді.

3. Тұргіс қаған сүсі 3. Тұргеш халқының әскері

Болчуда Болышда

Отча, бөріча келді Отша, бөріше келді

Иагумуз төгіре учук 4. Жауымыз тегіс жыртқыш

күстай төгерті еді.

Біз өз өртіміз

5. Екінші күн келті.

Өртче кузуп келті.

Бұл келтірілген мысалдардан соғыс суреттерін терең ашу үшін колданылған теңеулерді көріп отырымыз.

Оз әскерінің күштілігін, басымдылығын көрсету үшін түрк халқының жауынгерлерін бөріге, жаулағын койға теңеиді. Сұрапыл майданнан жосылған қан – селдей аққан суға, өліктер жоталы тауға теңеледі.

Ескерткіштердегі түрк халқына қарсы тұрған жаудың бері қой аузынан шөп алмас момакан емес. Өйткен жағдайда Құлтегін, Тонықек керсетіп жүрген тенденсі жоқ делінетін ерліктерден қадір-қасиет қалмас еді. Сол үшін де (түрк батырларының ерлігін дәлелдеу үшін) жырларда жауқолы – жыртқыш құсқа, лаулаған өртке, ашқарап бөріге теңеледі. Түрк елінің ерлері осындай тажалдарды женіп барып зор даңққа ие болады.

3. Орхон жазуарында троптың түрлерінен – аллегория мен метонимия кездеседі.

Аллегорияның біз

Түрүк бұқалу

Семіз бұқалу

Арқада білсер

Семіз бұқа

Түрүк бұқа тійін

Білмез ерміс тійін

Анча сақунтум

Тонықекке арналған жырдан көреміз.

Арық бұқаның,

Семіз бұқаның

(Артта) барын білсе де,

Семіз бұқаны,

Арық бұқаны

Айыра алмас – дедім.

Осылай ойладым.

Бұл – метафораның ұлғайтылған түрі.

Бұл жерде Тонықек табғаштарға талай жыл кіріптар болған, өз ішінде бакталастық, құншілдік өріс алған түрк халқын ол азаптан құткарап жолды іздеп отыр. Басқаша айтқанда, Тонықек: өтер Құтлығты хан етсем, ел ішіндегі жақсы мен жаманды, қүлілі мен құйсізді ажыратып, сонын берін өштестірмей біріктіріп отыра алар ма екен деген ойға келіп отыр.

Ескерткіштерде троптың бір түрі метонимия да ұшырасады.

Мәселен:

1. Будуп боғзу тоқ, – халық тамағы тоқ еді.

2. Алтун, куміш, ісігті, құтай бұнсыз анча бірүр табғач будун сабы-сүчіг, ағысы йымшак, ерміс (Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті соншама шексіз беріп жаткан табғаш халқының, сөзі – тәтті, бұйымы жұмсақ еді).

3. Бірікі будунның от-суб қылмадым. – Біріккен халыкты от су қылмадым.

4. Тулуг, сабуғ алу олур тіді – Тіл, сөз алып отыр деді.

Міне, бұл келтірлген мысалдардың қайсысында да заттың не құбылыстың қасиет-белгісі тұра өз мағынасында емес, басқа бір мағынамен алмастырылып алынған.

Осылың әрі-дағы – жырды әр жағынан безендіру, көркемдеу үшін алынған бейнелеу құралдары. Ескерткіштердің әсерлі, тартымды болуының өзі осыларға байланысты.

4. Құлтегін мен Тонықекке арналған жырларда мақал-мәтелді еске салатын әсем қилюласкан өнегелі-өснепті жолдар бар:

1. Едгүті есід

Қатығды тында

2. Ырак ерсер йаблақ ағы

Иағұқ ерсер едгү ағы бірүр

3. Ачсық тосяқ емезсен

Бір тодар ачсық емезсен

4. Өд төңіре йасар

Кісі оғлу көп өлгелі төрүміс

5. Келүр ерсер күч үкүлүр

6. Арут обкту ііг

7. Иуйқа ерікліг топлағалу

8. Иінчге ерікліг үзгелі үчүз

Талай тәжірибе негізінде қалыптасып барып тұракты көркем сөз тіркесіне айналған бұл секілді мақал-мәтелдерден өмірдің өзінен туған ойлы тұжырымдарды, терен пайымдауды аңгарамыз.

Задында, мұндай өснеп-накыл сөздер ертедегі жырларымызға рен, көрік, әр берген ен басты құралдардың бірі болса керек.

Мақал-мәтелдің бірер жылда ғана тұа салмайтындығын, талай ғасырларды аттап барып бұлжымас қағидага айналатындығын ескерсек, казактың: «Табы бірдің тәңірісі бар», «Сұңғінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес», «Отыз тістен шықкан сөз отыз ру елге тараптар», «Ұлын-ұрымға, қызын-Қырымға», «Барар жерін Балқан тау, ол да біздің барған тау», «Күштіде тәңірі жоқ», «Жазған құлда шаршау бар ма» тәрізді мақал-мәтелдерін тұрк дәүірінен келе жатқан көне мұралар деп есептейміз.

Тағы бір ерекше көңіл аударатын жэйт: сол ертеде туған мақал-мәтелдер дами келе бертінде ойы жағынан да, тіркесі жағынан да өзінің жетілген үлгілерін туғызғанға үқсайды.

Мәселен, «Ашта жеген құйқаны тоқта ұмытпа», «Тоқтың жоктығы бар, аштың тоқтығы бар», «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» немесе «Ат қадірін жоқ білмес, ас қадірін тоқ білмес» тәрізді қазақ халқының мақалдары Орхон жырларынан өзіміз келтірген «Аштықта тоқтықты білмейсің, бір тойсан аштықты білмейсің» деген секілді мақалды тіркестің дамыған, жетілген түрліше үлгілері деп білеміз.

Сол сиякты, түрк ескерткіштеріндегі «жыrap тұрғанға – жаман сыйлық, жақын тұрғанға – жақсы сыйлық» тіркесі қазактың «Алыстан арбалаганша, жақыннан дорбала» дейтін мәтеліне көбірек үқсайды.

Бір ғана мақал-мәтел емес, басқа да кейбір лепті, өлеңді тіркестердің өткіленген, ықшамдалған ұтымды түрлерін кездестіруге болады. Мысалы, Орхон жазуларындағы «Іші-ассыз, сырты-тонсыз» – дейтініміз дами келе бүгінде «аш-жалаңаш», «Тұнде ұйқы, құндіз тыным» яки «тұн ұйқысын төрт бөліп» болып өзгерген.

Немесе, ол кезде «күн ортасы, тұн ортасы, күн батысы, күн шығысы» деп сейлейтін болса, бүгінде олар қысқартылып: тұстік, терістік, батыс, шығыс деп кана айтылады.

Осы айтылғандардың бәрі де халық ойының, сөз саптау, тіл ұстартудың, сөйлеу мәдениетінің жетілуін, дамуын дәлелдейтін бағалы, деректі дүниелер.

Халыктың азаматтық тарихы, оның рухани байлық коры бірден жасалмайды. Бүгінде коммунизм орнатып жатқан совет халықтары және оның өскелен қазіргі мәдениеті өзінің даму барысында сан ғасырларды, бірнеше дәуірлерді өткерген. Әрбір дәуірдің өзіне лайықты мәдениеті, салт-дәстүрі, ұғым-нанымы, әдебиеті болған еді.

Әдette ертеде жасалған ежелгі мұраларда тарих, мәдениет, әдебиет белгілерінің араласа жүретіні анық. Сондыктан да байырғы ескерткіштерді тек тарих мұрасы, яки әдебиет үлгісі ретінде ғана танып бағалау дұрыс болмайды.

Сіз танысқан Орхон ескерткіштері сондай мұрамыз. Онда халық тарихының көптеғен құнды деректері де, халыктың сол кездегі ұғым-нанымының, салт-дәстүрінің қөріністері де, ежелгі әдебиет белгілері де аралас. Оның үстіне аталған ескерткіштер тіл тарихының аса бағалы мұрасы болып есептеледі.

Әрбір елдің тарихы, оның мәдениет, әдебиетінің шежіресі жалаң ойдан жасалмайды, осындай ежелгі жазба мұраларға, шежірелерге сүйеніп жасалады.

Орхон жазбаларын оқи отырып түрк халықтарының алғаш қалыптасу процесін; өлең жасаудың, ақындық тәсілдің әдепті адымдарын, бұл ескерткіштерді жасаған қауымның ой-дәрежесін анық байқауға болады. Тасқа басылып, еш өзгеріссіз жеткен Орхон жазуларының осындаи деректік мәні өте-мote күшті-ак.

Ата-бабадан ұрпакқа мирас болып келе жатқан казак сөз өнерінің үлкен мектебі бар. Бірі – өмір жайында терең толғанатын шежіре-шешендік, философиялық, данышпандық мектеп. Мұның аты сақталып бізге жеткен түпкі атасы Асанқайғы, одан бұл өнер ғасырлар аттап кешегі біздін ұлы Абайдың колына тиді. Екінші – өле-өлгөнше көмейі күмбірлеп, жаты сембекен дәрия-данғыл жыраулар мектебі. Мұның әзірге жұрт білетін түпкі арнасы Сыныра жырау. Оған іліктес Қазтуған, Шалқиіз, Бұқар, Майкөт жыраулар аталауды. Сондай ұлыкты жыраулардың ең соңғы үздігі Жамбыл мен Нұрпейіс еді.

Ал, Асанқайғы, Сыныра жыраулардан да бұрын талай-талай ойшылдардың ақын-жыраулардың өткендігі даусызы.

Мәселен, біз сөз еткен Орхон жазуларында, немесе одан беріректегі (IX ғасыр) «Оғыз-нама», «Қорқыт» тәрізді түрк дәүірінің әр циклды тарихи-шежіре, ерлік жырларында әлі де қалыптасып бітпеген, дараланбаған ойшылдардың, ақын-жыраулардың аттары аталауды. Орхон ескерткіштеріндегі Иоллығ-тегін мен Тонықек (VIII ғасыр), «Оғыз-намадағы» Ұлық Түрк (IX ғасыр), «Қорқыт» аныз жырларындағы дана Қорқыт – (IX ғасыр) осы оймызыздың айқын дәлелі бола алады.

Орхон ескерткіштеріндегі Тонықек талай ханға ақылшы болған Құлтегіннің жорықтарына дем берген карт данышпан ретінде көрінеді. Демек, жыраулардың ақындық өнері, ойшылдығы оларды сол тайпалық дәүірдің өзінде-ақ ел құрметіне бөлеп, ру-тайпаның ақсақалы, ақылгөй дәрежесіне дейін көтерген. Ол дәүірдің бектері мен хандары алдағыны сол жырауларға болжатып отырған. Осы дастүрді тілті беріде (XVIII ғасыр) емір сүрген Бұқар жыраудан да анық көреміз. Жорыққа шығар алдында Абылай үнемі алдағыны Бұқарға жорыткан. Ол Абылайдың түсін жорып, алдағы істі қөбіне дәл болжап отырған.

Тонықекке, дана Қорқытқа жуық бейнені «Оғыз-намеден» де көреміз. Ол – Ұлық Түрк. Ұлық Түрк те көп жасап, көпті көрген көне көз ақылшы, батыр бастаған жорық-сапарлардың айнымас серігі. Жас шағында аттанауды, жорықтан еліне картайған шағында оралған Оғыз батырдың түсін жорып, Оғыздың тақтан тайып, тұғырдан тұсетін мезгілінің жеткенін де болжайтын сол – Ұлық Түрк.

Егер, аты бізге жеткен ежелгі казак жырауларының бәрі шетінен батыр болғандығын ескерсек, онда тапқырлығымен, болжампаздығымен,

шешендігімен дараланатын Ұлық Түрк «Оғыз-наманы» тудыруушы жыраудың өзі болуға тиіс.

Задында Тонықек пен Асан қайғы, Сыныра жыраулардың екі аралығындағы жеті-сегіз ғасырдай уақыт мөлшерінде де сөз өнерін дамытуға ықпал жасаған басқа да көптеген ақын-жыраулар өткендігі даусызы. Өкініші – солар әлі күнге дейін анықталмай отыр. Казір әбден толысқан, ең озық идеялармен каруланған бүгінгі ғылыми мұсылымдардың бұрынғы өткен ойшылдарды, ақын-жырауларды анықтап, олардың творчествосын шынайы бағалауға мүмкіндігі толық жетеді.

Зерттеу жұмысына талдау.

1. Ұзіндінге талдау жасаңыз. Талдауда Орхон-Енесей жазба ескерткіштерінің көркемдігі мен әдеби-эстетикалық өроекшеліктері туралы айтылған ғылыми пайымдаулар мен зерттеу еңбектерін пайдаланып өз ойнызызды дәлелденіз. (Өзініз таңдаған көлемдірек үзіндіге талау жасауға болады.)

Ілгеру – Шантұң ғазыркка тегі Сүледім,
Талуїка кічік тегмедім,
Біргеру – Токуз ерсенкे тегі сүледім,
Тұптуқте кіңіг тегмедім.

Құрығару – Иінчұ үгізіг кече
Темір Қапығқа тегі сүледім,
Йыргару – Йер Байырқу йеріне тегі сүледім,
Бунча йерге тегі йорытдым (КТ) (ұ)

2. Кестені толтырыңыз. Кестеге макаладағы басқа да ғалымдардың пікірлерін жазып салыстыра отырып, өз ойнызызben қорытындылаңыз.

Басқа ғалымдардың пікірі	М. Жолдасбеков ой-түйіні	Менін қорытынды ойым...

3-ТАҚЫРЫП

Тапсырмалар.

1. Х.Сүйіншәлиевтің басқа да зерттеулерін оқып, ғалымның зерттеу әдістеріне назар аудар. Берілген мақалада зерттеуші қандай зерттеу тәсілдерін қолданған? «Диуани лұғат-ат түрік» жинағының тарихы туралы ғалым пікіріне өз ойыныңызды жазыңыз.
2. «Диуани лұғат-ат түрік» жинағындағы көркемдік ерекшелік пен тарихилық сипаттың талдаңыз.

Х. СҮЙІНШӘЛИЕВ

«ДИУАНИ ЛҰҒАТ АТ-ТҮРІК» – КӨНЕ ТҮРКІ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТҮҢГҮШ ЖИНАҒЫ

«Диуани лұғат ат-түрік» атты түркі тілді елдердің әйгілі кітабының авторы Махмұд ибн әл-Хусайн ибн Мухаммед әл-Қашқари – Орта Азияның түркі тайпаларынан шықкан орта ғасыр ғалымы. Қысқаша Махмұд Қашқари. Мамұттың ата мекені – қазіргі Қазақстан жері. Ол Барысқан қаласында 1029-30 жылдары (Ыстықкөлдің онгустік жағында болған қала) туып, Қашқарда қызмет еткен, өз заманының білімді, алдыңғы катарлы филологы, араб, парсы мәдениетіне жетік, білгір лингвист. Бағдат оқымыстылары үлгісінде түркі тілінің алғаш сөздігін, грамматикасын жасауға бел буган ғұлама болған. Мысалы, ол Халил бин Ахмедтің «Китаб ул-айны» еңбегін үлгі тұтады. Басқа да араб, парсы авторларының филологиялық зерттеулерін жете игереді. Ол – түркі тілдес халықтардан шықкан түңгүш филолог, түркі тілдес елдердің көлемді сөздігін жасаушы, көшпенді түркі ұлыстарының тұрмысы мен әдебиеті үлгілерін жинап, қағазға түсіруші.

Аталған кітаптың түпнұсқасы бізге жетпеген. Барлық түркологтардың зерттеп, пікір айтып жүрген 1266 жылғы көшірме нұсқасы. Оны Дамаск (Шам) қаласында тұратын Мұхаммәд ибн Ебілфетих көшірген. Ал, «Диуанның» түп нұсқасын Махмұд Қашқари 1072-1074 жылдар арасында Бағдат қаласында құрастырып, жазу жұмысын аяқтаган. Автордың ескертуі бойынша, бұл сөздікті ол өмір бойы жазған: «Мәңгілік енбек, сарқылмас әдеби-көркем мұра жасадым», – деп өзі де ескерткен. М.Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» туралы алғаш хабарлар ерте кезден-ак мәлім болса да, оны зерттеу іci Еуропада тек XX ғасырдаған тиянакты колға алғынған... Илкі назар аударушы Абу Хаян «Андалузиялық» деген XIV ғасырда жасаған тіл зерттеуші ғалым, М.Қашқари сөздігінің түпкілікті зерттелуі үшін 1915-1917 жылдары

Анкара қаласында үш том болып басылып шығуының маңызын атап көрсетуге лайық. Түріктің ірі оқымыстысы Басим Аталай 1914 жылы «Диуанның» негізгі нұсқасын бір үлкен етіп бастырады, кейін 1934-1943 жылдары үш томдық аудармасын жасады. 1960-1970 жылдардағы өзбек аудармасы осы Басым Аталайдың «аударма нұсқасынан алынды. Рифат пен К.Броккельмандар да «Диуанды» үзік-жұлық бастырып жүрді. Қазір «Диуанның» түркі тілдес елдерінің бәріне түгел ортак мұра екендігі ешкімді күмандырмайды. Кейін бөлініп, өз алдына үлт болып қалыптасып кеткен түркі тілді елдер бұл мұрадан бір кездегі тайпа дәрежесінде жүрген кезінде жасалған өздерінің ескі тілдік, әдебиеттік нұсқаларын табады. Осы күнгі жетілген мәдениеттің түп тамырын айқындайды.

«Диуан» – түркі тілдерінің салыстырмалы лұғаты, соған коса алғашқы тілдік филологиялық зерттеу, онда түркі елдерінің тілдері түңгүш рет ғылыми жүйеге түседі. Жеке сөздердің маңызы мен этимологиясы түсіндірледі. Келтіріліп отырған сөздердің кай ұлыстың тіліне тән, кай тіл жүйесіне жатуға тиіс екені көрсетіледі. Қыпшакша деген белгісі бар сөздердің көбі казіргі қазақ тілі қорында, оғызыша дегені – түрікмен тілінде бар сөздер болып шыгулары да таңдандырмаса керек. Себебі, ескі оғыз тілі көбінше қазіргі түрікмендердің, ескі қыпшак тілі – көбінше қазақ тілінің негіздерін құраган ғой. Олай болса, «Диуан» фактілері біздің және түркі елдерінің тіл тарихын танытуға септігі мол енбек.

Махмұд «Диуанның» ғылыми маңызын казақтың зиялы азаматтары бірден-ак көре білген. Мысалы, Халел Досмұхамедов Түркиядан алғаш басылымын (1914-1918) алдырып оқып, оған ерекше мән берген. Шыгармаларға алғыс айтып, өзінің куанышын жасырмаган. «... Түрік ұлты әрбір түп (том) шықкан сайын пайдаланып, әдебиеті, тарихы туралы көп жаңа білімдерді, сөздерді майданға шығарыпты. «Түрік азаматтарының білімге, түрік ұлтының тілі мен әдебиетіне мұнданай назар салғандықтарына куанышымыз койнымызға сыймай отыр», – деген. Халелдің куанышы өте орынды еді. Ең алдымен ол қазақ халқының тарихы, тіл әдебиеті үшін де өте зәру енбек екенін бірден таныған. Оған өзінің қолы жеткенін, окуға мүмкіншілік алғанын ризашылықпен хабарлаган. «Диуанның» әрбір томы туралы өзінің сынни пікірлерінде жасырмай, кітаптың шығуына арнап көлемді мақала жазған. Махмұд «Диуаның» Баласағұн, Фараби енбектерімен аталастық байланыстары барын көре білген.

Қашқаридың «Диуаның» өзбек тіліне аударып бастырушы филология ғылыминың докторы С.Муталлибов Махмұдты «Орта Азия халықтарының атакты перзенті, түркология ғылыминың түңгүш ұстазы,

оның негізін салушысы» деп орынды бағалайды. Қалың үш томдық сөздік калдырған Махмұд енбекін осылайша жоғары бағаламауға болмас та еді. Қазак тілінің тарихын, ескі сөздік корын тану үшін де маңызы зор еңбек біздің мәдениетіміз тарихынан да өзінше лайыкты орнын табады.

Тағы бір айта кететін жай, бұл кітапты тек сөздік деп қана үғу жеткіліксіз. «Диуани» – сөздік қана емес, ол сонымен бірге XI ғасырдағы Орта Азия тайпалары жайлайған өлкे халықтарының тарихы мен ол халықтардың әдебиеті үлгілерінен көптеген мәлімет берелік маңызды дерек, тұңғыш әдеби жинақ. Әсіреле, мұнда халық ауыз әдебиетінің алатын орны өзгеше. «Диуанда» халықтың мәтеп сөздері барынша мол қамтылған және олардың көбі қазір қолданылып жүрген сөздер. Қазіргі қазак мақалдарының төркінін, қолданылған түрлерін тану үшін Махмұд сөздігінің маңызы зор. Мысалы, «Еңбек етсең емерсің», «Тас бас жаар, еңбек тас жаар», «Жаз еңбек етсең, қыс қуанарсың», «Етін айдаудағы бірлік астық органды бұзылмас», «Күз болары қоқтемнен мәлім» деген мақалдардан сол кездеңі халықтың егіншілік кәсібі, соған сай талап-тілектері байкалады.

«Диірменде туған тышкан тарсылдан корықпас», «Киіз жамылған су болмас», «Басқага ор казба, оған өзің түсесін», «Атқан оқ кері қайтпас», «Атын аямаған жаяу қалар», «Түйеге тінген қой ішінде жасырына алмас» деген мақалдардан өнегелі пікірлерді көреміз. Онда тұрмысқа байланысты нақыл сөздер де беріледі. Халықтың осындай нақыл сөздері «Диуанда» ете көп кездеседі. Мысалы, «Күдікқа құлан құлап түссе, құрбака ағур болар», «бөрі, қосшысын жемес», «қөрікті кісіге сөз ерер», «Ақылмен аристан ұстaugа болады, ал күшпен тышкан да ұстай алмайсың», «Бір тұлқіден екі тери сойып болмас», «Тау таумен қауышмас, адам адаммен әрқашан қауышар», «Білімді болғың келсе, дананың айтқанын тында», «Бейнет тұбі ракат», «Түйенің үлкені көпірде таяқ жейді», «Айтылған сөз – атылған оқ», тағы сол сияктылар.

Махмұттың өзі «Диуан» мазмұны туралы былай дейді: «Тұркі ұлыстарының ерте дәуірден бергі бастарынан кешкендерін сараптап, атадан балаға мирас болып келген, зер шеккен әдемі сөз өрнектерін теріп шықтым. Өмір көріністерін жақсы баяндайтын өлең-жырларын, шаттық қуанышы мен қасірет-қайғысын қамтитын терең ойлы мақал нақылдарынан үлгі ұсындым. Оқыған адамдар бұл меруерт сөздері пайдаланып, өзінен кейінгі ұрпакқа мирас етер деп үміттендім. Міне, осылайша лұғат кітабым атадан балаға ел қазынасын жеткізер қымбат мұра болып мәнгі сақталар деген зор үмітпен ұзак сапарға аттандырыдым».

Дала табигаты, жазғы жайдары өмір, қоқтемгі жан-жануардың рақаты әсем суреттер арқылы баяндалады. Кейде өлеңдер арқылы беріледі. Бұл

өлеңдердің автор қыпшактар сөзі деп ашық айтады. Махмұд сөздігінде жергілікті көшпелі халықтар өлеңі өте көп кездеседі.

Шынында да Махмұд сөздігі әдебиеті материалдарына өте бай. Онда халықтың даналық сөздері жинақталған. Ақылды, білімді, ойлы, мейрімді болуга үндейтін тәлім сөздер көп.

Бұл сөздердің көшпілігінің маңызы әлі жойылған жок. Әдебиет тілінің ескі үлгілерін танытатын деректерді де біз осы жанама түсінігі, шығу тарихы, басқа тілдермен байланысы, көптеген тайпалардың сөз қолданыстары, өзгерістері сиякты құрделі мәселелерді шешуге де көмектеседі. Сондыктан, Махмұд сөздігін XI ғасырдағы ескі түркі тілі жайын білгізіп қана қоятын еңбек демей, сонымен қатар оған дейінгі дәне одан кейінгі дәуірлердегі тіл өзгерістерін, әдеби тілдің жайын, тарихын танытатын бағалы еңбек деп білген жөн.

Махмұд сөздігінің жазба мәдениетіміздің осуіне косқан үлесі зор. Оны Орта Азиядағы түркі тайпалары ұзак жылдар бойына қолданып келді. Сол кездеңі өкігінан білімді қауым бұл кітапты жақсы білген болуы керек. Осы сөздік арқылы араб сөздерін аударып, түсінуге де мүмкіндік туган.

Махмұд сөздігінің кейбір беттерінде түрлі аныздар да орын алды. Мысалы, сөздіктегі бір анызда Уыз (Оғыз) ханының аты қалай қойылғаны туралы дерек беріледі. Аныз желісі мынадай: қараханың әйелі үл туады, бірақ баласы анасын ембейді. Баласы бір жасқа толысымен, хан ел-жұртын жиып, той жасайды. Баласына ат қоюды сұрайды. Ешкім тіл қатпай тұрғанда жас нәрестенің өзі сөйлейді. Менің атымды «Уыз» кой дейді. Бір жасар баланың сөйлегеніне таңданып, жиылған жұрт бала тілегін қабылдайды мыс. Осыдан Уыз хан тұқымы өсіпти... деп түсіндіріледі. Осындай эпостық жырларға тән сюжет казак ауыз әдебиетінде де кездеседі. Қазак жырларының кейбір қаһармандары да туысымен сөйлейді, емшек ембейді, ет жемейді.

Махмұттың ойынша тұркілер тәнірдің сүйікті құлы, оларды тәнірі жебеп, баскалардан артық кадірлейді. Ол былай деп жазады: – «Мен, тіршілкін тақсіретін тартып, тәнірдің өзі тұркілер жеріне қоныстандырыған, ғұлденген мемлекетін, өмірін, өркендеген жұртын көрдім. Тәнір оларды тұркі елі деп атап, ғажайып сән-салтанатка қожа қылды. Кезені-міздегі қағандарды солардан таңдан, басшылық еркін солардың қолына тұтқызды. Құресте олар көмектескендерге бек құрмет көрсетті...» – «Ұлы тәнір былай депті: «Менің бір тайпа қосын жасағым бар. Оларды мен тұркілер деп атадым. Құн шығыстан мекен бердім. Өзімінің қосын жасағым болғасын оларды мен керек жерлерге аттандырып, басқа бұзық елдерді тыныштандыруға жұмсаймын...»». – «Тұркі халық, – деп жазады Махмұд, – өзгеше қасиетті ел. Олар шырайлы, сымбатты, өндөрі ұнамды,

ашық мінез, үлкендерді қадірлейтін әдепті, кішіпейіл, уәдешіл, жарқын жүзді жомарт жандар».

Сөздікте кездесетін кейбір өлең үзінділерде қазақтың жер су аттары нақ қазіргі құйінде аталады. Мысалы:

Етил суву турур – Еділдің, сұзы ағады.

Қайа түрі қака турур – Қай шыңдарға ұрады?

Балук тәлім бака түрүр – Балығы толы көрініп түрар.

Көлүн такы қүшерур – Көлдер толып қүшейер.

Бұлардан басқа үзінділерді де қөптеп келтіруге болады. Іле, Ертіс, Мыңылық, т.б. атаулар қазақ жер, сұларының аты екені ешкімді таңдандырайтын. Жоғарыда келтірілген өлең жолдары кездейсок нәрсе емес. Диуанда түркілердің өлең ұлгілері біршама бар.

М.Қашқарі еңбегін соңғы кезге дейін зерттеушілер тек сөздік деп карап келді. Бұл бір жақты баға. Ол тек сөздік қана емес, соған қоса әдеби мәні бар шығарма. Онда түркі елінің ауыз әдебиет ұлгілері, эпос жырлары барынша мол жинакталған. «Махмұд Қашқаридың «Түркі тілдері диуаны» – халық сөздерінің (өлеңдерінің) мол қоймасы... Онда үш жүзге тарта халық өлеңдерінің төрт жолды шумағы, қөптеген мақал, мәтелдер бар. Бұларда автор араб тіліне дәлме-дәл аударған, кейірін кеңінен түсіндірген» деп С.Е.Малов әлдеқашан орынды ескерткен еді.

«Диуанды» құрастырғанда автор тек жеке сөздерді жиып, жіктеп қоймай, оған көркем шығармаларды да пайдаланғанын айтады: «Диуанда мақал-мәтел, данаalyқ нақылдар және кейбір дастан-киссалардың ұлгілері де тәртіппен құрастырылған, – дейді. Бұдан кейін автор өзінің негізгі мақсаттарын да ескерткен: «Жұртшылық қажетін ескеріп, кітабымды бұрын ешкім қолданбаған әдіспен, мұлде жаңаша жіктеп, өзімше құрастырдым», – дей келіп, ол: – «Мақсатым – талапты жас ізденімпаздарға дәл бағыт-бағдар сілтеп, ілім-білім болашағына барынша мол қөмектесу. Пікірлестерімді толық риза еткендей, керегіне жауап беру», – дейді.

Кітабының маңыз-мақсатын автор осылайша өз ауызынан дәлмен дәл түсіндірген. Асылы, бұл пікірлері өте орынды. Артық, кемі жок сөздер. Сұңғылағұлама өзінің кім үшін, не істеп қалдырығанын, не үшін тер төгіп, азап шеккенін, өкінішсіз-ак ескерткен. Асылы Махмұд түркі елінің патриот оқымыстысы, өз кезінің ірі коғам қайраткері болған адам. Ол түркілердің өзін де, тілін де салтын да кастерлей біледі: «... Түркілер өз еркімен беріліп косылған жат ұлыстарды тілекtesі танып, орталарына алды. Корлау-зорлаушылардан корғады. Өздерінің әдет-салттарына көндірді. Ишкі жауларынан қашып келгендерді де түркілер қамқорлықтарына ала білді. Осылайша елін өсірді. Қасірет мұның түсін-

діріп, шағыну үшін түркілерге өз тілінде сөйлеуден артық жосық болмақ емес. Сол себепті түркі тілін үйренудің қажеттігін өмір талабы мен ақыл атарзысы дәлелдеді...» «Мен сол түркілердің ділмәр шешені, зор кабілет иесі, жетік білімді, зерек ойлы адамы және ұрыстарына қатысқан қыран наизагері бола жүріп, олардың қала, далаларын түгел аралап шықтым. Түрік, түрікпен, оғыз яғма, чігіл, қырғыздардың тілін, сөйлеу тәсілдерін зерттеп қажеттісін пайдаландым. Эрқайсысының тілі менің санама әбден сізіп қалыптасты. Сол білімдерді мұқият игеріп, біліп, тәртіпке салып шықтым. Ақырнда мәңгілік мұра, сарқылмас әдеби-көркем казына болып қаларлық кітап жаздым. Оған «Дуани лұғат-ат түркі» деп ат койдым.

Көне мекен-жай, түркі ұлыстарының қоныстары, тайпа, бірлестіктері, тілі, әдебиеті, мәдениеті жайлы мынадай мәлімет береді. «Рум өлкесінен Мачинга дейін орналаскан түркі елдерінің ұзындығы бес мың, ені үш мың, барлығы сегіз мың персек (бір персек – 6,24 шақырым). Олардың мекен-жайын анықтап беру үшін жер жүзінің бедерлі картасын анықтап көрсеттім». Түркі тайпаларының колданатын тілдеріне де түсінкітер беріп, оларды топтап танытады. «Түркі тілінің ең жеңілі – оғыз тілі. Анығырағы – тохси мен яғма тілдері. Іле, Ертіс, Еділ, Ямар өзендері өнірлерінен ұйғыр тайпаларына дейін жасайтын халықтардың тілдері де сондай. Ең ауыр тіл – хақанияның орталық өлкесіндегі халықтардың тілдері... Қырғыз, қыпшақ, оғыз, тохси, яғма, чігіл, ұфрак, қарұқ тайпаларының тілі – түркі тілі, қай, ябаку, татар, басмыл, имек, башқұрт, бұлғар, суар, печенек ұқсас түркі тілдер», – дейді автор.

Махмұд Қашқаридың келтірілген пікірлері, оның кең тынысты гажайып ғалым екендігін әбден танытады. Өзі туып есken түркілер елін жете біліп қоймай, сол халыққа деген өзінің ерекше ықылас-ниетін де ашық айтады. Ғалым сол түркілер үшін аяnbай еңбек етіп келгенін және солардан елі де жанын аямайтынын білдіреді.

«Диуани лұғат ат-түрік» түркі тілдеріне де аударыла бастады. Өзбек тілінде үш том болып басылып шығуы жаңалық болды. Орта Азиядағы түркі тілдес халықтар ғалымдарының, әсіресе, оның жас буындарының колдарын ұзартты. «Диуанның» қазіргі графикада мол дана болып басылуына байланысты, оның ішіндегі әдебиетшілер көпшілігіне беймәлім болып келген сырлар да ашылды. «Диуанды» біз сол кезден бастап, тек сөздік деп қана қарамай, оны, белгілі дәрежеде, көркем сөз жинағы, өлең, жыр, нақылдар мен макал-мәтелдер қоймасы деп тани бастадык. Әдебиетіміздің тарихына қажет бағалы материалдарды ғасырлар бойына сактап келген «Диуан» әдеби мүлік ретінде де бағасына ие болды. Көне әдебиет ұлгілерінің қазақ және басқа түркі елдер әдебиетіне жанасымы

ашыла бастады. XI ғасырдағы көшпелі түркі тайпасы номандарының әпикалық туындылары сыр шертті. «Диуандағы» көркем туындыларды зерттеу үстінде біз бұл шығармалардың өзінше бөлек дара нәрселер емес, өзіне дейінгі және кейінгі шығармалар мен сюжеттерге, өлең-өрнектеріне іштей байланысы бар екенін анықтай бастадық. Ең алдымен, «Диуандағы» осиет, бата, мақал мәтеп мен шешендік үлгілері қазіргі кездің өзінде көп өзгеріссіз колданылып келе жатқаны мәлім. Ал «Диуандағы» өлең-жырлар түркі елінің ең коне ортақ мұрасы Орхон-Енисей-Талас жазуындағы «Күлтегін» ескерткіштерімен де жалғасып, өзіндік тілі, өлең құрылышы жағынан «Күтадағу білік», «Хикмет» сияқты тұтас туындыларға ұштасып, казак ауыз әдебиеті үлгілеріне ұксасып келетіні ойландырап жайлар. Ондағы көптеген ғашықтық лирикалар да қызықтырап дерек.

И.В.Стеблеваның «Развитие тюркских поэтических форм в XI веке» (М., 1971) атты кітабында «Диуандағы» өлеңдердің поэтикалық формалары ұқыпты зерттелді.

«Диуандағы» өлеңдердің үлкен бір тобы өзара өзектесіп, өзінше бөлек тұтас бір шығарманың мазмұнын беріп жатқандыктан, оны түркі елінің ерлік құрестерін баяндайтын қаһармандық көне жырлардың бірінен санау орынды. Бұл пікірдің дұрыстығын жоғарыда аталған И.В.Стеблеваның зерттеулері де анықтап отыр. «Диуан» жыры (әпосқа қосылатындары) біздіңше, көне түркі ұлыстарының ерлік жорықтарда көптеген женістерге ие болғандықтарын мактан етеді. Шығарма мазмұнында жеке адамдарды немесе батыр, хандарды дәріптеуден гөрі жалпы халық күшін немесе белгісіз батыр тұлғасын дәріптеу басым. Эпоста түркілердің бірнеше жорықтары жырланады. Алғашқы тарауда танғұттарға карсы құрестері, сондағы Қатұнсина мен лирикалық кейіпкердің ерліктері баяндалады. Танғұттардың алдауға дейін барып, Қатұнсинаиді жақақаттанғанын сөйтседе сазайларын тартып, бас иуге, тізе бұтуғе мәжбүр болғандарын айтады. Лирикалық кейіпкер жауларына мейірімділік көрсетіп, оларды қырып -жоймай, сый-сияптарын қабылдал тірі қалдырады. Жыр сөзінен бір мысал келтіре кетейік (сөзбе-сөз аударма жасаған автор).

Тәлім башлар йуvalадымат – тәмәм бастар жоғалды,

Иагы андын йавалдумат – Жау осылай женілді.

Күші авын көнілді авын көнілдімәт – Күші оның қалмады.

Құлыш қанға құфүен сұвдұ – қылыш қанға құп болды.

«Диуан» жырының екінші тарауы – үйғырлармен құресті жырлайды. Үрістің болған жері, үйғырлардың діни-сенімдері де әңгіме болады. Түркі қолы Иле өзенінен өтіп, Мыңлақ елін басып алады. Ондағы будда храмын киратып, сол діннің идолдарын – тас мұсінді әулиелерін тәрк

етеді. Тұтқылдан түнде шауып, қалаларын қамағандарын айтады. Осы сапарда Оғрәк татарлармен де соғысып жеңгендерін мактан етеді. Өздерінің батырлықтарына сүйсінеді. Түркі елінің қолы тасқын судай ағып, құстай ұшып, кара жерді шандатып, қандатып желдей есті» деген сөздермен бейнеленеді. Олардың жауға карсы құресте талай тактикалар колданғандарын да білдіреді.

Құдрық катуғ түғдеміз – Құрығын (аттын) қатты түйдік біз.

Тәнріг өгуш өкдүміз – Тәнірге өтініш еттік біз.

Кәмшіб атығ йәндіміз – Қамшылап атты (жауға) жеттік біз.

Алдал йана қаштымыз – Алдал (жауды) және кері қаштык біз.

Үшінші тарау мен төртінші тараулар Иабакулармен үрісты баяндаған. Иабаку батыры Будрач кол жиып, Ертістегі Имекимен шарт жасап, антасып, қалың қол бастап, түркілерді шаппақшы болады. Оларға карсы түркілердің лирикалық кейіпкері кол жиып, Иаумар өзенінен түнде өтіп, ертемен Басмыл бегі Будрачтың қанын төгеді. Жауды женіп, түркілердің жігіттері асқан ерлік көрсетеді.

Таң ата йорталым – Таң ата жорытқанмын (жорытқанбыз).

Будернаш қанун ертемәлім – Будраш қанын ерткенмін (төккенбіз).

Басмыл бегін өртәлүм – Басым бегін өртедім.

Әмди иігіт үйбұлсұн – Әммә жігіт жылдысын.

Қоқрыб атығ қемшәлім – Ақырып (корқытып) атты қамшыладым.

Қалқан сұнын үймешәлүм – Қалқан сұнғы жұмсадым.

Қайнаб йана үйбұлсұн – Қатты (қайсарап) жауды жібітіп (қиаратып).

Токыш үрә үрғыштұм – Тоғыз рет үрьстым.

Үлғұ бірле қарыштым – үлұлармен (карыстым) құрестім.

Такүш атын йарұмтым – Тоғыз атпен жарыстым.

Айдұм әмді ал Үтар! – Айттым енді (кегінді) ал Үтар (ұлыстар)!

Бұл жырдың кейінгі бір тарауы «Алып ер Тұңғаның өліміне байланысты жоктау деп аталағы. Түркі ұлысының алып ері Тұңғаның мезгілсіз өліміне кайғырған жұрттың аянышты сезімі образды сөздермен шебер бейнеленеді. Алып ердің өлгеніне жұрт сенбейтін сияқты. «Бұл өмірді кімге қалдырып кеттің» деп жоктау айтып ексіген қалың ел жүрегі как айрылып, зарлаган қаралы адамдардың аңы үні естіліп тұрғандай әсер етеді.

Уакыт ұрланып өтіп жатады, ақыры өлім торына ілігесің, бектің begi де өлімнен қашып құтыла алмайды, егер өлім оғы тұра келсе, оны ешкімде алып қала алмайды деп зар шегеді. Үлкен-кіші, ер, әйел, жай адамдар мен бектер – бәрі зарлап, ат сабылтып шапса да, қанша зар шексе де өлімге ара тұра алмайды... Уакыт дегенін жасайды. Қайырымдылық иесі алып ер осылай дүниеден өтеді. Дүние біткен өзгеріп, азып кетті. Себебі әлем begi,

мейірімді өмір иесі дүние салды. Сөйтіп, әуелі Алып ердің тірі кезінде істеген ұмытылmas жақсылықтарын, қаһармандық істерін дәріптеп, одан кейін осындағы қадірлі адамның қазасының қаншалықты қайғылы болғанын жырлайды.

Алл ер Тұңға өлдімү – Алтын ер Тұңға өлді ме (өлтегін ме?)

Иесіз аздұн қалдымү – Иесіз жұрт қалды ма.

Өзләк өшүн алдымү – Тағдыр (уакыт) өшін алды ма.

Әмдү йұрдқ йұртұлұр – Енді жүрек жыртылар?!

Ұшшұб әбден бөрәйе – Ұлыды ерлер бөріде.

Йұртыб иақа ұрлайы – Жыртып жаға жырлады.

Сығаб қөзі әртүрлүр – Суланып қөзі өртегер (көз жасы қөл болар).

Тағы бір көңіл аударатын жыр – «Белгісіз батырды жоктау» деп атаплатын тарау. Мұнда да жаудың құлін көке ұшырып женіске жетіп жүрген белгісіз бір батырдың ойда жокта оқ тиіп, дүние салғаны өкінішпен жырланады.

Иағы отын өшүрген – Жаудың отын өшірген.

Тойдың аны көшүрген – Тұған оны көшірген (kestірген).

Әшләр үзүб көшүрген – Өмірін үзіп қашырган (өлтірген).

Тәгді оқы өлдүрү – Тиді оғы өлтірді.

Міне, Диуандагы ерлік мазмұнды эпос түркі елінің қаһармандық құрестерін, өлмес алып ерлерін, дарқан даласын, өзен, сай-саласын жыр қылады. Оқиға қазіргі Қазақстан жерінде: Іле, Ертіс, Еділ, т.б. өзендер бойында етіп жатады. Асылы, бұл жыр – қазір қазақ, қырғыз, езбек болып кеткен түркі ұлыстарының үйін, қыпшақ сияқты ежелгі атапата-бабаларының көрші басмылы, иағма, ұғырылармен наразы болып соғысқан кезендерін танытатын шығарма. М.Қашқари заманында қөшпенділер жатқа айтып жүрген ерлік жырлардың жұнағы. Ал бұл эпостың «Күлтегін», «Қорқыт ата» ескерткіштерімен үндесіп жатуы осы екі жырдың да бір елдің мұлқі екендігін дәлелдесе керек.

Көне түркі елі соғыста ерлікпен қаза тапқан батырларына арнап арнап жоқтау, жыр шығаруды ете ерте заманнан бастап дәстүрге, ғадетке айналдырыған той. Міне, осы дәстүрлері бойынша, олар тарихи дәуірдің әрбір кезендеріне тамаша эпос шығарып, қалдырыған. Мұның себебі, – дейді акад. Ә.Марғұлан, – көне түркілер үшін тасты қашап мүсін жасаудан ғері поэзиямен ескерткіш жасаудан ғері әлдекайда жеңілдірек көрінген.

Әңгіме болып отырган «Диуан» жырларының Орхон ескерткіштеріне және кейінгі «Құтағду білік» сияқты тұтас дастандарға жақын келетін фактілерінің көптігі және құрастыруышы авторларының ой толғамдарының біркелкілігі түркі поэзиясының үзілмей, бірімен бірі жалғасып келе-

жатқан желісін, занды өсу жолын белгілеп, бірінен-бірі қабылдан алған тұстарын анықтауға мүмкіндік береді.

Орхон ескерткіштеріндегі сияқты «Диуан» жырының қаһармандары да тұн жүріп, жауына ойда жокта тұтқылдан шабуыл жасайды. Олардың колы тасқын судай немесе нөсердей ағылады, женілген жауына тізе бүктіреді, мойны мен басын игізеді, жау өздерінің жанын қалдыруын сұрап алас ұрады. Жорық аттарының құйрығын қатты түйеді, берген анттарына берік, татулық пен тыныштық белгілері – қой мен қасқырдың біріне-бірі тимей бірге жайылуы сияқты түркілердің армандары бірінебірі ұксас баяндалған.

Ерлік әңгіме болған жерде ел бірлігі, адамдар тірлігі сез болмай қалмайды. Сондай-ақ азамат ердің естен шығармайтын бір міндеті – сактық. Ел шетін бақылау, бейқам болмай, жаудан сақ болу, бейбіт өмірді баянды етуге құш салу: «Жау жағына жіті қара, канжарың тұрсын қайраулы, дұшпаның қарсы шықса, құш жиып, қайрат қыл, қорықпай қасқып қарсы тұр» деген сияқты нақылдар әлгі пікірлерге толық негіз болады.

Олең құрылыстарында да онша алшактық жок. 7 буынды жыр үлгісі, 7-8 буынды төрт жолды өсінет сөздер немесе 11 буынды екі жолды нақылдар ретіндегі көне шумактар үлгілері, өлеңдері өзінің әуенделігімен ерекшеленеді және қебіне соңғы буындардың үндесуімен үйқасады.

«Диуандағы» көркем туындылар тек жоғарыда біз көрсеткен эпостарға емес, соған қоса, онда бірнеше әдемі лирикалық шумактар да бар. Олардың негізгі көпшілігі махабbat лирикалары мен табигат лирикалары. Махабbat лирикасына он бестей өлең жатады. Онда сүйген жарға деген ғашық жігіттің арнау сөздері жүрек төбірентерлік. Қара қоз, қара мен, қызыл жұзді, әсем ару келбеті шебер суреттеп, оған құмартқан жас жігіттің жүргегімен алысып, алабұртуы, ауыр азап шегуі нәзік те тартымды лирикамен жырланады. Кейде құмартқан жас өз көнілін образды сөздермен де бере алады. «Көзімнен ақкан жас теніз болып, ғашық құсы оны айнала ұшып қонып жүр» – деп немесе «Мен ғашық торына оралдым, одан айрылып қалма, уағыдаца берік бол», – деген сөздер тамаша суретті лирикалар арқылы беріледі. Төрт жолды бір шумақ өлең жолдарын жасайды. Кейбір махабbat өлеңдерінде тенін таптай адасқан жас жігітке, есерлікпен қызы жүргегіне дак салғандарға наразылық білдіріледі. Енді бір өлең.

Жалын оның қөзі

Жаны оның өзі

Толған айдай жүзі

Жарды менің жүргегімді,

деген жолдардан басталады. Махаббат деген жеп-жөніл нәрсе емес, ол үлкен қасірет дейді, онымен ойнауга болмайтыны әдемі жырланады. Құмарлық адам бойында жасырын жүреді де ғашығыңан айрылып, қоштасар шакта сыртқа шығып, дертке айналады дейді. «Ғашықтық мені жеңді», – деп басталатын екі шумак өлеңде сүйгенінен айрылған жігіт зары шертіледі. Сүйген сұлуға арнау ретіндегі лирикалар да жүрек төбіреністеріне толы.

Құзұр оты тұтандып,

Әкпе, жүрек қабынар.

Тұн, күн тұрып жылаймын,

Жасым менің, сауылдар.

Сұлудың сиқыры бар, оған арбалу өте оңай іс, колына бал алдып, саған үмтүліп түрган сұлуға – сиқыршыға қайтіп шыдарсың, – деген бейнелі сөздер тізіледі.

Арбады сені қыздың тал бойы,

Қолан шаш, қыр мұрыны...

Барды саган періште колына ұстап бар,

Жібек киініп шықса, сен есіңнен танып қал...

«Ортақ болып білшіті» – деп басталатын шумакта зұлым ала аяқка алданған адамның адап жан сыры шертіледі. Онда Құлбак, Қай, Тұрымтай деген адамдардың аттары аталады. Солардың арасындағы орындалмаған арман бейнеленеді.

«Айттым мен оған сенбे» деп,

«Құлбактың ізіне ерме» деп

«Сасық суынан тіленбे» деп,

Құртты ақыры ол менің

Қай атымды күнімді...

Енді міне маған қайғы орнатты,

Алдып кашты Тұрымтайымды,

Неліктен мен онымен таныстым?

Құшақтасып тағы табыстым.

Тозіп кайта жарастым,

Алдып кетті ол менің жазымды.

«Диуан» лирикалары махаббат жалындарына шарпылған жастардың жүрек сырларын актарады.

Қойындастып (құшактасып) жатсан (оның) жүзі,

Алжастырар айткан (оның) сөзі.

Мың кісі (ғашық) құрбан қылар өзін,

Жанынан артық санар оның (бір ауыз) сөзін.

Торланармын өзім оның көркіне,

Ем (болар) аяғының тозаны менің дертіме.

Мың кісі (ғашық) құрбан қылар өзін,

Ғашығының көріп көзін...

Келтірілген ғашықтық жырлар – өзінің образдылығымен ерекшеленер өте тартымды лирикалар. Ғашықтар харakterі көз алдыңа елес беріп тұрады.

Күйдің сазы түзелді,

Құмыра ыдыс тізілді,

Сенсіз әмірім үзілді,

Келсенші армансыз ойнал–қүлелік...

Жас жігіттің серілікті армандаяуы, әмір қызығын көріп, дүниені шай-кап өтуді көздейтіні баяндалады:

Жігіттерді жүгіртпі,

Алма ағашын ыргатып,

Құлан, киік аулатып,

Тамаша қылыш қуансам,

Асауды мініп тұлатып,

Есін жиып үйретсем,

Итке киік қайыртып,

Ұстап соны бір тынсам.

Аңға барып құс салсам,

Тұйын салып аңды алсам,

Тұлкі мен доңызды алсам,

Ерлігіме мәз болсам.

Бұл жолдардан көшпенді әмірі олар айналысада іс-әрекет, тұрмыс тіршіліктер, аңшылық серуендері көрініп тұрады. Білімді адамның артықшылығын ерекше таныттып, өнер-білімге, ізденімпаздыққа жетелейді. Білім жолын шын көңілмен сүйіп калауды керек етеді. Сол жолда қандай киындық болмасын төзіп, беріліп іс қылуды үлгі етеді:

Кәкім ұстаз иемді сүйермін,

Білімді мен жиярмын.

Көңілімді оған түзermін

Жәрдем қылар ол, жетілермін.

Білім жолын қуған жастың алдына кояр серттерін санап көрсетеді:

Ұлылықты тілермін,

Дүниемді жұмсармын.

Тілегіме жетермін.

Жылымды сол жолға жоярмын.

Білімді мен іздермін,

Данышпанды таңдармын.

Өзім де азып-тозармын,
Жалғыз қасқа атымды шығын қылармын.
Мал-жанды аямай, шығынға қарамай, алған беттен кайтпай, батыл іс
қылып, білімге жетілуге үндеді.
Күшті кетті білегімнің
Жақында орындалар тілегім,
Табылар білім бұлағы,
Жетіп те оған адам өзі жойылар.

Білімге жету жолы – қыын, қауіпті де ауыр жол екенін ескертумен
бірге, оның түбіне жету мүмкін емес, бірақ сол жолда каза тапсаң өкінбе,
оны кейінгілердің ізгілігіне жарата біл деп түйеді.

Ақыл мен үгітті менен ұғын, ұлым, жәрдем тіле,
Ұлысындағы ұлы дана болып танылсан білімінді,
Еліңе жай. Білімді кісі берген ақылды тез үгар.

Ұзақ ізденіп тапқан білімің ел керегіне, халық тілегіне жаратылсын
деп, екенің баласына берер ақылды ретінде өнегелі сөз тізеді.

Білімді, парасатты адам ізгі, кайырымды болады, ал кайырымдылық
елде көп болса, дүние жетеді. Ел-жұрт тату-тәтті өмір сүреді деп, жарлы,
жок-жітікке жәрдем беруді де уағыздайды. Мысалы: «Жарлы-ғарып
келсе, ықыласпен күтіп ал, тойғызып ризалығын шығарып сал», – дейді
«Диуан» нақылдары.

«Диуан» авторы өзі тұстас көшпенделердің ой-өрісінен, дүниетаным
жайларынан да хабар береді. Табигат күбылсыы, күн мен тұн, аспан
әлемінің тұрақты кайталанатын занылықтары өлең сөздер арқылы
суреттеледі.

Тәнірі әлемді жаратқан,
Дамылсыз аспан айналар,
Жұлдыздар тізіліп, жүгірісіп,
Тұн күнді (түгел) оранар.

Немесе:
Жаратты тәнірі (жасыл) (көк) аспанды,
Оринастырып оған көп жарыктарын.
Тізілді каракшы жұлдызы,
Тұн күнді (түгел) оранар.

Көптеген нақыл сөздер замана адамдарына тәлім берер адамгершіл
ереже ретінде айтылады. Адалдық, адамгершілік, ізгілік термеленеді.

Адамның күні мен тұні жолаушыдай өте шығар,
Мактанба көп екен айғыр, атанаңа,
Алтын, күміс, жіп-жібек бұйымына!
Зиян болар адамзат артық бұйым,

Білімді адам не қылсын дүние жиып.
Дүниеге келген адам ешқашан қалмайды мәңгі,
Тек әлемнің күн мен жұлдызы ғана кайта тауар.
Дүние-мұлік ерлердің пейілін алады,
Дүниекор одан естерінен танып қалады.
Нәрселерін тұтар құлыпташ өзі жемес,
Сараңдықтан жылайды алтын жиып.
Дүниекор тәңірін де танымас,
Өз бакытын соған құрбан етер.
Ақылды адам тәкаппар болмас,
Ақылсызды мақтасаң, есінен жаңылар.
Білімдіден ақыл аз, асыл сөзді ұғып ал, бойына сіңір.
Ізгілік қанша керек болса,
Өз қолыңмен де оны істей біл.

«Диуан» сөздері ақыл-нақылдар тізбектеп, жоғары адамгершіліктің
кағидаларын жасайды. Адамның басқадан айырмашылығы оның бойын-
дағы ең ізгі қасиеттерінде, ақылында, білімінде, әділдігінде, ізгілігінде
деп түйеді.

Дүниекоңыздыққа салынып, ішпей-жемей, бермей-кимей жиған мал-
мұліктің еш кайырымы жоқ деп «Диуан» авторы қасиетсіз адамдардың,
пейілсіз жандардың тоғышар мінездеріне лағынет айтады. Жастарға ақыл
айтып, жат мінезден сактандырады.

«Диуандағы» үлкен бір толғау «Қыс пен жаздың айтысы» деп аталаған.
Жиырма үш шумактан тұратын бір өлең қазақ айтыстарының алғашқы
нұсқасы дерлік көркем туынды. Жекпе-жек айтысқа шыққан қыс пен жаз
бірінің бірі кемістігін, әрқайсысы өзін адамға тигізетін пайдасын баян-
дайды. «Қыс: – Мен ер жігітке күш берем, ауру-сырқауды азайтам, кардың
суына жаз егін шығады, жау да қыс жатып, жаз шығады. Жаз шықса бүйі,
жылан, шыбын-шіркей тіріліп зиян келтіреді – дейді. Бұған қарсы жаз: –
Қыс түссе-ақ жер-көкті кар, мұз басады. Адам тәні тонып, калтырайды.
Суыкка тоңған мұсқундер інін жылыта алмай бүрсөң қағады, олардың
саусактары домбығып, тек отқа қызыға ғана жаны кіреді. Қыстың ызығырық
желінен бұлт басып, боран тұрады. Жұрт үйге тығылады. Ал жаз шықса,
халықтың аркасы кеңіп, жер-көкті күн нұры қөгертіп, жаңыр селі сай-
саланы толтырып, қаһарлықардың ызығырық жояды. Түрлі гүл-бәйшешек
шешек атады, кек шөп өседі. Жер жәннаттай құлпырады. Адам шатта-
нып, куанышқа бөленеді, құлын кунап, тай тулап, айғыр, бие кісінеп,
шұрқырасады. Өзен-суга молығып, сиыр, бұқа мәнірдейді, көктемде құлан
да кунаиды, арқар мен сайғақтар да тау-тасқа секірісіп ойнақтайды.
Қошқар мен текелер де саулықтардан бөлінеді. Сүт селдей ағады, козы

мен лак енесіне жамырасады. Жазда мал-жан тойынады, семіреді. Бектер сәйгүлік аттарына мінеді. Қыс, сенен құс та қашады, маган (жазға) келіп карлығаш ұялап, бұлбұл ән салады. Олар да өз қызығына батады. Дүние жүзі кілемге оранып, күн нұрына боленеді. Жаңбыр жауып жан рақатын табады...» – деп женеді.

Енді осы айтыстың кейбір жерінен мысалдар келтіре кетейік:

Қыс жазбен соғысты,
Қыс көздерін бакырайтты,
Ұстасуга (олар) жакындасты,
Ұтысуға (жекесуге) ойласты.
Қыс жазға сөз тастанды:
Ерім мен атым тынаяр,
Ауру-сырқау азаяр,
Төлім тағы нығаяр...
Сенен (ғана) бүйе (біткен) жанданар,
Мың сан улы жәндәк жыландар...
Суық келіп кусырды (деді жаз);
Құтты жазды (қарлы) қыс күндейді.
Қар жауып (бар елемді) жабады.
Ет пен иін үсіп (тәні адамның) түршігер.
Балшық (пен) лас жұғар,
Пақыр мұскін зыр қағар.
Алақандары жарылар,
Тек отка жылынар...
Мың сан шешек тізілді,
Бұршігін ашып (ол) жайылды,
Түрлі гүлдер көбейді,
Бой салып өсіп бүгілді...
Құлындар түгел куанады,
Арқар, киік ұйықты.
Жайлауга қарай жөнкіді.
Тізіліп тұрып секірді...
Сенен (қыстан) қашар сандугаш,
Менен (жаздан) табар тыным қарлығаш...
Жібек орны көрінді.
Суық (қыс) қайтып келмestey көрінді...

Осы айтыска жалғас бірнеше табигат лирикалары келтіріледі. Оның кепшілігі көктем көркін, жаздың жайдары шуағын, жан-жануарлардың рақатын паш етеді.

Казақ әдебиетіндегі, оның ішінде XIX ғасыр классикалық поэзиясында калыптасқан табигат лирикаларының төркінін біз батыс әдебиетінен іздел, сол әдебиеттердің ықпал етуінің ғана нәтижесі деп танытып келдік. Ал Диуанда және басқа да орта ғасыр әдеби ескерткіштерінде көтеп кездесетін табигат лирикалары, наурыз жырлары бұл ықпалдың төркінін мүлде басқаша пайымдатады.

«Диуанның» жоғарыда біз атап өткен бір өлеңінде дүниені тәнір жаратты, әлем дамылсыз айналып тұрады, құнгі тұнғе айналдырып, түпсіз терең аспан әлеміне сансыз жұлдыздарды тізіп кояды», – деп заманындағы түркі ұлыстарының дүние танымынан, философиялық ойларынан да хабар береді. Олардың әр кайсысынан тек ақыл сөз, өсiet кана емес, орта ғасырдың терең ой түйіндерін де байқауға болады. «Диуандағы» көркем сөз ұлгілері алуан түрлі. Құлағына шалынған халық дاناалыктарын қалт жібермей тізбектеу, аудару, нәтижесінде мазмұнға бай жинак құрап шықкан. «Диуандағы» өлең сөздер мен шешендік-даналық тізімін, оның жанр түрлерін ғалымдар әр түста сөз етіп, талдап, ажыратып, бөлек жинактап та жүр. Төрттаган мен қостаган (төрт, екі жолды) өлең түрлері мен шешендік тұжырымдар, тұспалдар жинағын бөлек шығарудың да кезеңі жеткен сиякты.

«Диуанға» кірген тұспал-мәтел сөздерден орта ғасыр көшпендері мен тұргын халыктарының сана-сезім тұргысы, дүние танымдары, ой түйіндері, салт-сана, кәсіп тәсілдері танылады. Пікіріміз дәлелді болуы үшін кейбір мысалдар келтіре кетелік.

Адам баласы үрілген мес сиякты. Аузы ашылса – босап біtedі. Тірі адам көп нәрсені көреді. Итке ұят келсе, (ит ұялса) сирақ тастасаң да тимейді. Ауыз жесе, көз ұялады. Ұяты бармен ұрыс, ұятсызben ұрыспа. Ізгі ердің сүйегі шіріп бітсе де, аты өшпейді. Бидай арасында (өсken) бидайық су іshedі; Татсыз (жатсыз) түрік болмас, бассыз берік болмас. Құс – канатымен, ер – атымен. Көптен күреспе, қысыракпен жарыспа. Отты жалынмен өшірмейді. Түріне қарама, қасиетіне қара. Тесік інжу (маржан) жерде қалмас. Қайыр садака – салық емес. Құралған (құраған) жай иілмес. Тау арқанмен бүгілмес (оралмас). Қос қылыш (бір) қынга сыймас. Корада лак туса, орыкта (өрісте) оты өнер. Тұтін тұтеткен ыс жұтады. Тесік етік су кешкенде білінеді. Бұтагы көп ағашқа құс конады. Атасы жақсы адамға бак конады. Ағаш басына жел үйір, жақсы адамға сөз үйір. Ердің ісін ауыр қылма, сәйгүлікті жауыр қылма. Ер шекіспей бекіспес, жел айдамай бұлт кетпес. Батыр жауда сыналады, жуас жайда сыналады. Қылышты tot басса, істің қырсықканы, ерді tot басса, күштің қырсықканы. Құтсыз (құты қашкан) құдыққа құласа, үстіне құм құйылар. Жақсы киім өзіне, жақсы асың – өзгеге. Ішпей жемей жинаған алтынын

сараң жатқа қалдырады. Сараң – санға қосылмас. Өзі бірдей сыйлы емес. Су татырмағанға сұт бер. Алушы – арыстан, төлеуши – тышқан. Алажак кешіксе, алымсақтың берекесі кетеді. Алада арадай, төлерде төредей бол. Тәкаппар (түбі) қасірет тартады. Мактанташак өз дамбалын бұлдіреді. «Қазан айтар – түбім алтын, шөміш айтар – мен қайдамын» – деп Малым бар деп мактантаба! Жиган малың сел ағыны, – деп білдерсің. Қара тастай домалатар иесін. Ашу қысса – ақылың гайып болады. Қашқан адам касындағыны да көрмес. Еріншекке есік те асу көрінер. Жалқауға бұлтта жүк болып көрінер. Еңбеккордың ернінен май ағады. Жалқауға бұл саясы да тимейді. Құндестердің құліне дейін жау. От түтінсіз болмас, жігіт жазықсыз болмас. Жазбайтын мерген болмас. Қауын ұрланып жатса, иесі қос қолдан жинайды. Момын жан адаммен төбелессен де, пасықпен байланыспа. Көз көрсе, көңілден де кетеді. Құлак естісе, көз көрер. Көз көрсе, жүрек ұғады. Қөп сүйінсен – катты өкінерсің де. Катты қуанғаның қайғысы да катты. Ердің басын мұн шалар. Таудың басын жел ашар. Қуантар болсаң асық, кинар болсаң тос. Қара күн туғанша, қара суды кешпе. Қындықты қөп көрген керегесін арқалар. Басқа түскен қайғы катып калмайды.

Жоғарыда тізілген нақылдардың біразын Баласағұнның «Құтағду білігінен» де ұшыратуға болар еді. Асылы, тұтас өмір кешкен түркінің екі кеменгері – Жүсіп пен Махмұд пікірлес адамдар. Олар түркі халықтарын адамгершіл халықтық нақылдарымен ғасырлар бойы тәрбиелеп келген елмес сез иелері.

Қашқари сөздігінен бір-екі нақылдармен өлең үзіндісін қазіргі тілімізге келтіре кетелік:

Тұғандар мәңгі өмір сүрген жок,
Дүние, жұлдыздар да күнде туып, өшеді.
Адамдарға дәулет пен даңқ дұшпан бопты деседі.
Бұндай жаудан білімді адам жырағырақ өседі.
Киімін болса жақсы өзін ки,
Дәмді тағам болады өзгеге сый,
Күрмет қылсан қонақты
Асады данқын халқына.
Жау жағынан көз алма.
Еліңе шапса дұшпаның
Қарсы тұрып табанда,
Кек алудан аянба.
Саган қарап құлсे біреу.
Жайнаған жүзін, жасырма.
Сак болғайсың, тіліне,
Жақсы сөзден тайсалма.

Бір қызығы «Диуан» өлеңдерінің бәрі дерлік ақыл, кенес беру үлгісінде келіп отырады да көбіне батырлықты, ерлікті дәріптейді. Лирикалық толғаулар, ғашықтық сыр шертіледі. Қөптеген адамгершіл нақылдар айтылады.

Біз бұл жерде «Диуан лұғат ат-турік» қазақ тілінің тарихын, оның қалыптасу жолын тану үшін де, әдебиетіміздің ескі нұсқаларынан хабардар болу үшін де маңызы бар филологиялық шығарма екенін ескертіп отырмыз.

Махмұд Қашқари сөздігінің түркология тарихынан алатын орны орасан. Қазіргі Орта Азия түркі халықтарының орта ғасырлық манызы зор философиялық туындысы ретінде ол жоғары бағалануда. Жер жүзі мәдениеті тарихында атап көрсетерлік мәні бар, заманындағы үздік еңбек.

Белгілі түркітанушыларымыз 1970 жылдары Қашқари «Диуанының» 900 жылдығын атап өтті. Баку қаласында шығып тұратын «Советская тюркология» журналы өзінің 974 жылғы бірінші санын түгелдей осы ескерткішке арнады. А.Н.Кононов, С.Г.Кляшторый, М.Ш.Ширазиев, А.М.Демирчизаде сияқты белгілі түркологтардың макала зерттеулері жарияланды. Аталған журналға 1971 жылы Ферғанада өткен «Диуаның» 900 жылдығына арналған конференция материалдары түгел енген, Ташкент, Уфа, Алматы, Фрунзе түркітанушыларының пікірлері, ғылыми еңбектері басылған. Қазіргі түркі тілді халықтары өзінің ең ежелгі филологы Махмұд Қашқаридың «Диуаның» еш ұмытылmas ортак ескерткішінен санап, оны ең асыл мүлкі деп таниды. Қадірлей, қастерлей отырып зерттей түседі. Түркілер тіліне аударылып басылуын тездетіп, әр ел өз тілдерінде де оқитын болады. Тоғыз жұз жылға созылған тарихы бар түркі филология ғылымы, өзінің ілкі арнасын осы Махмұд сөздігінен бастайтын болады.

Соңғы 40-50 жыл ішінде қазақ әдебиетінің көне тарихы негізделіп, орта ғасыр түркі әдеби ескерткіштері шұғыл зерттеле бастады. Оның кейбір үлгілері оку хрестоматияларына еніп, кейбір зерттеулерге дәйек болып жүр. Сөйті тұрса да жоғары оку орындары студенттері көне түркі әдеби ескерткіштер мәтіндерін әбден менгеріп кете алған жок. Оған кедергі сол ескерткіштердің қазіргі окуышылар үшін алғынbas жазуынан (тілінен) қазіргі тілімізге әлі де аударылмай келуі. Көрші өзбектер мен үйғырлар аталмыш еңбектің біразын қазіргі әдеби тіліне аударып алды. Ал қазақ түркітанушылары бұл салада тым баяу қимылдауда. Осыдан болса керек, көне дәүір ескерткіштерін оку, аудару үшін ең қажет өзімізге тиесілі транскрипция да жасалған жок. Бұл жағдай аударма жұмысына мықты кедергі екені өзінен-әзі түсінікті.

Бұл ретте алдымен, Махмұд Қашқаридің «Диуан лұғат ат-турік» жинағындағы поэзия үлгілерін танытуды қолға алып отырмыз. Атал-

мыш ескерткіште сакталған өлең сөздерді И.В.Стеблева ажыратып, бөлек жарияланғаны мәлім. Ол факсимилесін және орысша ұғымдарын да көлтірген-ді. Біз осы ғалым ажыратқан мәтінді қазіргі әліппеге түсіртіп, ең алдымен, оның оқылу мүмкіндігін жасадық. Одан кейін казақша сөзбесез аударма үлгісін бөлек кітап етіп ұсындық. Осы аудармамызың кейір тұстарын ақын Фариза Онғарысынова қазіргі поэзия тілінде сөйletеп, оны «Қазак әдебиеті» газетінде 1983 жылы жариялады. Бұларды болашақ улken істің бастаулары деп қана тану абзал.

1990 жылдардан бастап ғасырлық ескерткіштерді қазіргі қазак тіліне аудару мәселесімен шұғылданушылар көбейіп келеді. Мысалы, Жүсіп Баласағұның «Құтты білігін» аударып тәжірибе жинаған акын Асқар Егеубаев таяу арада Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» жинағын түгел (3 том) аударып шықты. Қазақтың зиялды жүртшылығы атальмыш аударманы жылы қабылдады.

Түйинди ой.

1. «Диуани лұғат-ат түрік Х.Сүйіншәлиев зерттеуінде» деген такырыптағылымы эссе жазыңыз. Эсседеғалым зерттеулерін басқа да отындық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерімен салыстырып, өз пікіріндізде білдіріңіз.
 2. Ф.Оңгарсынова аударған ескерткіш мәтініне талдау жасап, көркемдік ерекшелігі туралы өз пікіріндізде жазыңыз.

4-ТАҚЫРЫП Тапсырмалар.

Тапсырмала

1. «Қорқыт ата кітабы» туралы жазылған ғылыми деректерді пайдаланып, ғалым X Сүйіншәлиевтің ғылыми пайымдауларына сынни бағалау макаласын дайындаңыз.
 2. «Қорқыт ата кітабы» туралы түркі халықтары ғалымдарының зерттеулеріне назар аударыныз. Х.Г.Кероглы, Э.Мухаррем, Ф.Кепрүлузаде, О.Ш.Кокжай, казак ғалымдарынан Ш.Ұәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Б.Ысқақов, М.Байділдаев, Ш.Ыбыраевтар зерттеулерін салыстыра отырып ғалымдардың ортак ой-тұжырымдары мен жекелеген пікірлері туралы таныстырылым дайындаңыз.

Х. СҮЙИНШӘЛИЕВ КОРҚЫТ АТА КИТАБЫ

Қорқыт есімі – түркі тілдес халықтар арасында кеңінен мәлім. «Қорқыт ата кітабы» – түркі елінде кең тарап келген аныздар негізінде XI ғ. шамасында жазылған шығарма. Қорқыт – тарихта болған өнер иесі, заманының аксақал-біi, батыры, даңкты ақылгөй адамы. Зерттеушілер пікірінше ол оғыз қыпшактардың Баят-қият руынан шықкан, VIII-IX ғасырларда өмір сүрген. Қорқыт істерін әр халық әр түрлі аныз еткен, оның атын әулиелер қатарына қосқан. Қазақ аныздарында да Қорқыт көп жасаған көрекен, ақыл иесі дана, ел мұхының жырлаган күйші, көбиз өнерінің атасы болып келеді.

«Корқыт ата кітабын» тұңғыш зерттеушілерінің бірі неміс галымы Н.Ф.Диц өзінің «Аталар сөзі» атты жинағында Корқыттың экесі Қармыш (немесе Қырмыш), шешесі диу пері қызы деген аныз бар дейді және оны 366 алып батыр, 24 бек, 32 данкты сұлтандар шығқан Оғыз тайпасының өкілі дей келіп, көп халықтардың әулие тұтатының ескертеді. Ал оғыздар IX-X ғасырларда ірі мемлекет құрған. Олар Алтайдан батысқа қараған кең өлкені, Орта Азия мен Кавказ жерлерін түгел дерлік өзіне қаратқан. Осынша байтак жұртты билеген оғыздардың құрамында казіргі түркі тілдес халықтардың көпшілігі болған. Соның ішінде кейін қыргыз, қазак, түркімен, өзбек, азербайжан аталаң кеткен халықтар да бар. Сондыктан «Корқыт ата кітабын» сол халықтар арасында кең тараған ескі аныз сюжеттерінің негізінде жасалды деуши галымдардың (В.В.Бартольд, А.Ю.Якубинский, В.М.Жирмунский, т.б.) пікірлерін қостамаска болмайды. Ал осман түріктерінің ұлтжанды тарихшылары (Яғыджи-оғлы

Али) «Қорқыт атаны» имеленіп, өздерінің XV ғасырда жасаған аттас сұлтандары (Екінші Баязит балалары – Коркут, Огуз) есімдерімен орынсыз байланыстырады. Мұны әйгілі ғалым В.М.Жирмунский езінің «Оғыздардың қаһармандық эпосы және Қорқыт кітабы» атты еңбегінде келтіреді. Кеңес ғалымдарының болжауынша, «Қорқыт ата кітабы» бір мезгілде жазылған не бір ғана оқиғаға байланысты пайда бола калған шығарма емес. Ол – ең алдымен халықтардың аузын әдебиетінде ғасырлар бойы айтылып келген ақыздар мен жырлар негізінде қалыптаскан, ұзак жылдарды қамтитын, тарихи ерлік кезеңдердің туындысы. В.М.Жирмунский пікірінше, казір қөшілікке мәлім «Қорқыт ата кітабына» кірген жырлар баска да эпостар сиякты құрделі де ұзак сапар шегіп, талай заманның өндөу-жөндеулерінен өтіп жеткен. Ол ілкіде ұсақ жыр, ертедегі әңгіме түрінде өмір сүре келіп, кейін біріктіріліп ұлken бір циклды эпосқа айналған.

Эпостагы «Домрул» (Домбауыл), «Хан-Төрәлі» жырлары тіпті өріде V-VI ғасырда пайда болған. Қорқыт оқиғасына тікелей байланысы жоқ, өзінше бөлек шығармалар. Оларды жыршылар кейін «Қорқыт ата кітабынан» оғыздардың ата аруағын әріден бастап, даңқын арттыра түсү мақсатына коса салған. «Қорқыт ата» циклында осындаи 12 жыр-әңгіме бір желіге біріктіріліп, ұлken эпос жасалған. Эпостың бұлайша циклденіп біту кезеңін В.М.Жирмунский XIV ғасырдың орта шені мен XV ғасырдың бас кезіне жатқызады.

«Қорқыт ата кітабы» 12 жырдың косындысы десек, онда оншакты ғасыр ішінде өмір сүрген он шакты ру тайпа ұлыстардың өткен дәүіріне сай оқиғалар суреттеледі. Жыр оқиғасы әр түрлі жағрапиялық ортада өтеді. Бірі Алтай жағында болса, енді бірі Орта Азия, Жетісу өнірінде, немесе Сыр бойы, Сардала (Дешті қыпшак), Персия, Кавказ, т.б жерлерде өтіп жатады. Бұлай болуын зерттеушілер оғыздардың бір кездерде сол өлкелерді қоныстанғандығымен байланыстырады. Бұл болжаудың да шындығы бар. Соған коса, біздіңше «Қорқыт ата кітабына» енген әңгімелер бір кезде, жоғарыда аталған оғыздарға караған өлкелерді жайлайған көптеген халықтардың өртегі-ақыздарынан алышып құрастырылған. Сондықтан «Қорқыт ата кітабын» бір ғана халық меншіктене алмайды. Онда казіргі бірнеше түркі халықтарының ұлесі бар. Бұл пікірдің шындығын «Қорқыт ата кітабының» мазмұнына көз жіберген адам бірден сезеді. «Қорқыт ата кітабының» мазмұнымен В.Бартольд аудармасы бойынша танысады.

1. Дерсекан ұлзы Құқаш хан туралы жыр.

Мұнда хандардың ханы Баяндүр той жасап, ел жүртін жинап, оғыздардың бектеріне сый-сияпат көрсетеді. Тойға жиналғандар үшін

ол үш жерге түсті үй тіктіріп, үш түсті ту көтереді. Ақ тулы үйге ұлы барларды, қызыл ту астындағы үйге қызы барларды, қара тулы үйге баласы жоктарды кіргізеді. Баласыздарды құдай карғысына ұшырағандар деп санайды да, олардың астына қара киіз төсөтіп, қонақасыға қара кой соғызызады, артық құрмет көрсетпейді. Осы жиынға Дерсекан деген белгілі бек те келеді. Оның не қызы, не ұлы жоқ екен. Ол бұл қылыққа әбден налып, үйіне кері кетеді. Үйде калған тамаша сұлу ханшасына барып, болған жайды түгел баяндап береді. Оны қінәлап, не бала тап, не қанынды жерге төгемін дейді. Оған әйел: «О ханым! Саспа, ашумен асығыс іс қылма. Мені тында: Құдай үшін қызмет қыл, шын тілекпен жалбарынайық, той жаса, мал-жанды құрбан қылайық. Етті тауғып үй, қымызды қөл ғып қүй, ел-жүртты түгел жи, бәріне тік тұрып сый-құрмет көрсет, аш-жалаңаш, пакыр-мұскіннен дүниенде аяма. Олар да біз үшін перзет тілесін, көптің тілегін құдай кабылдар», – депті. Құдайы қылған үйдің конактарының тілегі қабыл болыпты, хан балалы болынты...

Бала ер жетіп, 15 жасқа келгенде алып құш иесі болады. Ол Баяндүр ханының мүйізімен қара тасты ұн қылатын бұқасы мен қара буласына қарсы шығады. Айбатына адам шыдай алмайтын асқан қара құш иелері – бұқа мен бураны женеді. Осыдан кейін халық жас баланың қайратына, батылдығына риза болады. Қорқыт атасы алдырып, оған Құқаш деп ат қойғызылады. Хан сайланып, таққа отырады. Алып құш иесі жастың құн-дестері оны әкесіне жамандайды, әкесін баласына қарсы айдалап салады. Хан анда жүріп өз баласын өзі атады. Мұны сезген ханым қырық қызben келіп, баласын іздеп зар шегеді. Бірак оған дейін батыр баланың басына Қызыр келіп, ем-дом беріп, етіне түскен жараны тау ғуліне ана сүтін косып емдеуді аян етеді. Кавказ тауының қарлы шыңындағы құзға құлап, әбден әлсіреп, құзғынға жем болғалы жатқан ұлын анасы табады. Қызыр аян еткен емді жасайды.

Бұл арада ананың өте қайғылы зары ұзак толғау арқылы беріледі. Ем конған батыр 40 күнде бүрынғы қалпына қайта келеді. Аң аулап, әкесіне көрінбей, дала кезіп ат арқасында жүреді. Дерсекан баласының тірі қалғанын көпке дейін білмейді. Ол күндердің күнінде өзінің қырық үәзірлерінен жапа шегіп, құлдарша жаяу айдалып, жауына тұтқын болады. Осы кезде анасы батыр баласына барып, болып жатқан жайды хабарлайды. Баласы қырық жолдасын ертіп әкесін құткарады. Жауды женеді. Өзі Ұлы хан болады. Бұлар туралы Қорқыт ата жыр шығарады. Осымен бірінші жыр аяқталады.

2. Салар Қазанның ордасында жау шабуы туралы жыр.

Оғыздардың панасы, адамзаттың данасы, кедей-кепшіктің сүйеніші, Ораз (Урыз) ханының әкесі, Баяндүр ханының күйеуі, бак-даулеттің иесі

Салар Қазак саят құрады. Ол қара көз ұзын бұрым, саусактарын қынаға бояған тоғыз қыз жұмсап, шарапты судай шашып, тоқсан алты отау тігіп, тоқсан жібек кілем төсеп, өзінің атақты бектерін жиып, той тойлап, ойынсауық құрып жатады. Бұдан да жалықкан Қазан бір құні өзінің батыр бектеріне тұлпарын ерттеуді бүйірып, алыс сапарға аттанып, аң аулауға әзірлеуге бүйяды. Осылайша ордадан жырақ кетіп думандатып жүргенде оның елін андыған жау шабады. Шүйкелі патша (шокли) гәуірлері Қазан ханының казынасын түгел талап, баласын, әйелін, еліндегі бас көтерген ерлерін құлдыққа, қундікке айдайды. Шүйкелі алтанға канагат тұттай, Қазанның енді несі қалды деп тіміскілене түседі. Сонда біреу тұрып, оның 9 мың койы тығылған жерді айтады. Ол койларды Қарақойши, оның інілери Қабан қойши, Деморкайшилар бағып жатады. Жау койға тигенде олар үш жерде тұрып жауға тас лактырып берілмей, айтарлықтай ерлік көрсетеді. Жауды Қарақойши күшпен бөгеп, баккан малын алдырмайды. Бірак шаршал, шалдығады, көмекке келер ханды жоктап жапа шегеді.

Алыстағы Салар Қазан да бұл кезде тұс көреді. Тұсінде жаман іс көреді. Ақ тұндіктің ордасын қара тұман басқанын сезеді. Үш күндік жерді бір қүнде жүріп үйне келсе, қанырап қалған жұртын көреді. Шапқынға ушыраған туған жердің әрбір бұғасымен тілдесіп, әбден кайғырады. Көзі қарайып, қанды жасқа толады, ес жиып, жаудың соңына жалғыз түседі. Жолында кездескен суға қарап, онан жөн сұрайды. Ол жауап бермейді. Қасқыр кездеседі, одан жау алған ордасын сұрайды, ол да жауап бере алмайды. Қарақойшиның қара итін кездестіреді. Одан да жауап ала алмайды. Қарақойшиға келеді. Қарақойши болған жайды өте ауыр кайғымен хабарлайды.

Қазан мен Қарақойши жаудың соңына түседі. Бұлар жеткенше гәуірлер Қазанның әйелін, баласын корлайды. Ораздың етін кесіп, отқа қактап анасына жеziгбек болады. Анасы мен баласы тілдесіп, зар шегіп, мұндасады. Бірі мен бірі жауға берілмей, арын корламай өтуге серттеседі. Осы кезде Қарақойши мен Қазан хан да жетеді. Олар жаумен кездесіп, аруағын шакырганша Қазанның тоғыз батыры мен басқа бектері де келіп жетеді. Бәрі гәуірлерге шауып, кескілескен қантегіс ұрыс салып, кектерін алады. Жеті құн, жеті тұн женіс тойын жасайды. Қырық құлы мен қырық құніне еркіндік береді, ер-азаматтарына ұлken сый-сияптау көрсетеді, киім кигізеді. Жырда тоғыз батырдың ерлік сипаты ерекше бейнеленген.

Оқиғаның аяғында, бұл жырды Қорқыт ата шығарып кеткен еді дейді.

3. *Хан Бураның (Байбурабек) баласы Бамсы-Бейрек туралы жыры*.

Хандардың ханы Баяндұрхан той жасайды. Оған келген бектердің ішінде Байбурабек пен Бай-Биджан бектер де болады. Той қанша қызық болып етіп жатса да бұл екеуінің көңілі көтерілмейді. Олар кайғылы-

болады. Себебі бірі ұлсыз, бірі қызызы екен. Бұлар жиылған бектерге шағынып, құдайға жалбарынып, перзент сұрап әперуін өтінеді. Ол кездерде бектердің «әк дегені алғыс қара дегені карғыс болып», айтқандары келеді екен. Бұлардан қол жайып, перзент сұрап, бата аллады. Қөп ұзамай екі бай бірі ұлды бірі қызды болады. Олар бектердің алдына баталасып, кұда болысады.

Байбурабектің ұлы алып болып өседі. Байбурабек баласы өскеншөған ең қымбат сый даярлау үшін саудагерлерін алыс сапарға аттанырыады. Ол Стамбулға барып, балаға лайық сыйлықтар алып қайтады. Олар келгенше 16 жыл өтеді. Бала далага алыс кетіп, жалғыз аң аулайды. Келе жатқан саудагер-лер керуенін гәуірлер тонап алады. Тонағандар далада жалғыз шатыр тігіп жатқан жас батырды көріп шағынады. Батыр далада жалғыз шатыр тігіп жатқан жас батырды көріп шағынады. Батыр гәуірлерлі күп, саудагерлердің мұлқін кері нелеріне әпереді. Бұл Байбурабек баласы болып шығады. Әкесі оның ерлігін естіп, той жасап, Бамсы деп ат кояды. Ол саудагерлер әкелген көк тұлпарды мініп, қарау-жарагын асынып, аң аулайды. Бір құні ол, ойламаған жерден, әдемі көп қыздар ерткен Банушешек (Гулбану) деген әрі батыр, әрі сұлу қызға кезігеді. Оның өзіне болашақ некелі болуга жаралған сұлу екенін аңғал батыр сезбейді. Қыздарға өзі атып алған қанжығасын сыйлайды. Банушешек жігіт сиына риза болып, атын ерттеп онымен бірге аңға шығады. Банушешектің ешкімді алдына салмаған атынан Бейректің көгі озып жол бермейді, атқан оғынан оғы озып түседі. Бұған нағыстанған ер қыз жігітпен белдесіп күш синасады. Жігітпен ұзақ тірессе де жыға алмайды. Осы күрес үстінде олар бірін-бірін ұнатады. Бейрек өз әкесіне келіп, кұда түсуді өтінеді. Бірақ қыздың Қараашар деген әпербақан ағасы болады. Ол кұда түсуге келгендерді аяусыз өлтіріп отырады. Сөйтсе де Байбурабек Қорқытты шакырып құдалыққа аттандырады. Ол Ешкібас, Қойбас дейтін екі атты тандап алып, қыз ағасына барады. Құда болуга келгенін кобызға коса жыр етіп айтса да оған тұра үмтүлұп, өлтірмекші болады. Қорқыт екі атты кезек мініп қашады. Ақылсыз қыз ағасы құтқармайды. Қорқыт құдайға жалбарынып аман қалады. Ақылсыз қараашар алла әмірімен тілге келіп, Қорқытқа мынадай талап кояды. Егер ешбір інгенді қайытпаған мың бура ешқашан үйірге салынбаған мың айғырды, кой көрмеген мың кошқарды, құйрығы мен құлағы жок мың төбетті, мың бүргені тауып берсең қарындастымды ұзатайын дейді. Бұл талапты Қорқыт өте шебер орындаپ, қыз ағасын бүргеге талатып сазайын береді. Ақыры үйлену тойы болады. Ғадет бойынша қыз жактан оқ атып, оқтың түсін жеріне қүйеудің отауы тігіледі. Қүйеу түсіп жатқанын естіген гәуірлер тұнде келіп, Бейректі қырық жолдастымен ұйықтап жатқанда байлан әкетеді. 16 жылға дейін бұлардың кайда екенін ешкім білмейді. Байбурабекке

кімде-кім баламның тірі екенін біліп хабар етсе көп сый берем, ал кімде-кім өлгенін аныктаса, қалындығы Банушешекке үйленсін деп жарлық шашады. Осыны естігेन жаланыш баласы (Яланчи) қаргалған Жарташек (Яртачук) Бану сыйлаған Бейректің ак көйлегін ұрлап алып кетіп, қанға бояп, соны дерек етіп, балаң өліпті деп, Банушешекті айламен алмақшы болады. Осы кезде гәуірлер Бейректі 39 жігітімен тұтқында ұстайды. Басқа елдерден келген саудагерлер қатысқан бір тойда гәуір begi Бейректі алдырып кобыз тартқызынды. Сол жиынға Байбурабек елінің іздеуши саудагерлері қатысады. Бұлар тұтқынмен жасырын тілдеседі. Бірақ олар көмектесе алмайды. Гәуір begiңін қызы ғана Бейректі босатады. Себебі, ол Бейрекке ғашық болады. Екеуі қосылуға уағда қылады. Бейрек тұтқыннан шығысымен өзінің көк атын тауып мініп, еліне келеді. Елде Банушешекті қарғыс аткан Жарташек алғалы той жасап жатады. Ел-жұрт батырды жоқтап, жылауда, әке-шеше, ағайын-тума көңілсіз сүйген жары Банушешек аса қамықкан. Бір ақын жоқтау айтып зар шегіп отырады. Қонілді жүрген тек Жарташек онғаған екен. Бейрек қыздар шатырына келіп кобыз тартады. Қыздар билемейді. Қыздардың қасіреті өзі екенін көреді. Биге тек Қысырша-Бике (Қысырча-Бике) деген бейбак әйел мен үйде отырып жұкті болып калған бейшара Яғыз-Буазча-Фатима шығады. Бейректің келгенін Банушешек сезіп, оны таниды. Қыздар куанып батырдың әке-шешесіне хабарлап куантады. Куанышты ел-жұрт, ата-аналар жылайды. Тек Яланчи баласы Жарташек кана үрейленіп, кірерге жер таптайды. Ол Тана өзені бойындағы қамысқа тығылады. Бейрек оны куып келіп қамысты өртейді. Өрттен қорықкан бейбак батырдың алдына келіп, аяғына жығылады, қылышының үстінен өтеді. Бейрек оның кінасін кешеді өлтірмейді. Байбурабек баласына енді дегеніңе жет, үйлен, хан бол дейді. Бірақ Бейрек өзінің 39 досы жау колында, тұтқында жатқанын айтады. Жау камалын бұзып, достарымды азат етпей тұрып, оны істемеймін дейді. Ол оғыздың жеті батыры бастаған ауыр колын өртіп барып, гәуірлердің жеті батырын өлтіріп, қамал бұзып, жолдастарын азат етеді. Еліне келіп қырық күн ойын жасап, дегендеріне жетеді.

4. Қазанбектің баласы Оразбектің тұтқындалуы туралы жыр.

Бір күн Алаша (Улаша) баласы Қазанбек тоқсан қолбасы бек-терін жиып кеңеседі. Баласы Оразбектің әлі ер жетіп, так иесі батыр бола алмай жүргеніне ренжиді. Баласы өзін танытқысы кеп әкесімен аңға шығады. Анда жүргенде мың сан гәуірлерге килігіп соғыс ашады Әкесі айтқан ақылды тындармай Ораз-бек жауға шауып тұтқынға түседі. Ұрыс аяқталған кезде Қазан өз баласын таба алмайды. Қашып үйге кетті ғой деп ренжиді. Кейін жау колына тұскенін біліп қатты қайғырады. Оразбектің анасы Бурла хатун да баласын жоқтайды. О да қырық қыз-

ертіп, кара айғырға мініп іздел шығады. Қазан өзінің батырларымен барып баласын босатып алады.

Бұл жырда баланың ата-анаға деген назды мейірі, ата-ананың балаға деген жан жүрекten айтылған жалынды монологы әсерлі суреттеледі.

5. Бұқа Қожсаның ұлы Домбауыл (Домрул) туралы жыр.

Оғыздар ішінде Домбауыл деген мықты болыпты. Ол сусыз кепкен жырага көпір орнатып, өткеннен отыз үш тенге, отпегендерден қырық тенгеден өтемекі алынты. Бұл өктемдігінің себебін ол: менен артық алып жан, күші көп мықты бар ма екен, соны білгім келеді, – деп түсіндіріпті. Менің ерлігімді, мықтылығымды, Рум мен Шам біледі деп даурыпты.

Бір күні сол көпір тұбіне кеп бір кеш амалсыз бөгеліпті. Сол ауылдың ете кадірлі, аяулы жас азаматы қайтыс болыпты. Олар жылап-сықтап катты қайғыда отырғанда әлгі Домбауыл келіп, менің көпірімнің жанына келіп жылап отырған кім деп балағаттапты, қайғы себебін сұрайды. Олар өлікті қөрсетеді. Өлтірген кім? – деп Домбауыл дікілдей түседі. Құдай жіберген Әзірейіл дейді өлген жігіттің әкесі. Домбауыл: ол Әзірейіл дегеніңіз кім? Әдемі, мейірімді жігіттің жанын неге құдай Әзірейілге алғызынды? – деп, құдайға тіл тиғізеді. Құдай енді Әзірейілді өктемсінген Домбауылға жұмысады. Ол Домбауылдың жанын алмак болады, қинаиды. Әзінің Әзірейіл екенін айтады. Сонда Домбауыл есін жиып, Әзірейілді үйіне қамап, болат қылышын сұрып алып, жаналғыштың өзіне ұмтылады. Әзірейіл дереу қөгершінге айналып, терезеден ұшып шығып қашып құтылады. Домбауыл бір Аллаға: Жаным керек болса өзің ал, Әзірейілді жіберме деп жалбарынады. Құдайға бұл қылышы ұнайды. Домбауылдың өз жаны өлмейтін болсын, бірақ оның орнын басқа бір адам жанын беретін болсын деп бұйырады. Мұны естіген Домбауыл жан іздейді. Қартайып отырған аксақал әкесіне келіп жайын айтады. Әкесі бар мұлкімді, тағымды, малымды ала бер, тек жаным өзімде калсын деп жылап қоя береді. Шашы ағарған кария шешесіне келіп, жанын сұрайды. Ол: сені тогыз ай кетеріп қиналып таптым. Он ай емізіп бақтым, тұн үйкымды төрт бөлдім. Сүтімді акта, қартайсам да жаным тәтті, ғұмырым кымбат деп баласына жанын бермейді.

Әзірейіл тағы келіп, Домбауылды қысады. Ол енді сүйікті жарым мен балаларым бар, соларға жолытуға рұқсат бер деп өтінеді. Әзірейіл көнеді. Әйеліне келіп болған жайды түгел баяндайды. Сүйген жары оған: Сенен аяған нем бар деп, жанын да беруге келіседі. Әзірейіл әйелдің жанын алуға келеді. Домбауыл тағы құдайдың өзіне жалбарынады. Алсаң әйеліммен өзімді бірге, екеумізді катар ал, алмасаң екеуміздің де жанымызды сакта деп жалбарынады. Құдай ойланып, Әзірейілге Домбауыл мен әйеліне 140 жыл өмір бердім, енді оның әке-шешесінің жанын ал деп бұйырыпты. Солай болыпта да. Корқыт ата бұны да жыр қылыпты.

6. Қаңлы Қожсаұлы Хан-Тұралы (Төрәлі) туралы жыр.

Оғыздар дәүірінде Қаңлы қожа деген бір ақылды адам болыпты. Оның Төрелі деген ержеткен ұлы болыпты. Әке орнын бала басып, бәріне мұрагер болып қалар сенсін, көзім тірісінде үйленуің жөн болар – депті ол баласына. Баласы: макұл, бірақ маған әперетін қызыңызға қояр талағым бар депті. «Мен орнынан тұрғанда ол бұрын тұруға тиіс болсын, мен атыма мінбес бұрын ол атына конатын болсын. Мен аттанып, шабатын жауымды ол бұрын барып шауып, басын алып алдымға тартсын», – депті. Сонда әкесі: «Бұл не дегенің балам? Саған қалыңдық керек емес екен гой. Өзінді асырайтын адам, сауық-сайран құрып тұруынды камтамасыз ететін ержүрек жігітті керек етеді екенсін ғой» – депті. Баласы: «Иә, әкежан, менің тілегім осы. Әйтпесе, сіз маған тұркімениң мұсәпір қызын әпергің келер. Ол мен қасына жантая бастағанда жүргі жарылып елер» – дейді. Әкесі: «Олай болса, балам, қызды көріп, таңдау сенің жұмысын болсын да, тамақ пен акшы тауып беру менің жұмысым болсын», – дейді. Баласы іздеген болады. Алысқа ұзамай тұстік жерден кері орала береді. Ешкімді таба алмадын ғой деп әкесі де іздеп, алыс сапарға аттанады. Жердін арғы бетінен Трапезунтдерден бір алып қыз табады. Бірақ оны алу үшін сал, ақша керек емес, аскан ерлік жасау керек екен. Әкесі ол қызды арыстан, қара бұқа, қара бура ұшеуін женгенге берем депті. Талайдың басы осы жолға құрбан бопты. Мұны баласына әкесі әбден корыққандай етіп, жолының да ауыр екенін үрейлі баян етеді. Баланы әке-шешесі токтатқысы келеді. Ерлік іс үшін туган Төрәлі бас тартпайды. Ол ел жұрты, әке-шешсімен коштасып, 40 дос ертіп аттанады. Талай қындық көріп ол бұқаны да, арыстанды да, бураны да ерлікпен женеді. Бұдан кейін да талай қындыққа душар болады. Ақыры әрі сұлу, әрі батыр Салдар сұлуды алып келеді. Әкесі той жасайды. Қорқыт бұл ерлікті де жыр қылады...

7. Қазылық қожа ұлы Йұгенек туралы жыр.

Баяндүр ханның үлкен мәжілісінде, көп бектердің ішінен Қазылық қожа деген үзірі тұрып жорықта шығуға рұқсат сұрап алады. Ол көреген аксақалдар мен ерлерін ертіп көп жүріп, Қара теңізге келеді. Осы жердегі (Дұzmұрт) деген гәуірдің қамалына шабуыл жасайды. Қазылық қожа осы алыпка қарсы тұра алмай, тұтқынға тұседі. Оның үйінде бір жасар Йұгенек деген ұлы қылады. Иұгенек 15 жасқа толады. Ойнап жүргенде бір баламен ерегісіп қылады. Ол бала: – Маған күш көрсеткенше тұтқындағы әкендей боласып алмайсың ба, – дейді. Оны естіген жас батыр ханға барып рұқсат сұрайды. Хан 24 алып ерлерін косып беріп аттанырады. Аттанбас бұрын бала тұс көреді. Жау қамалына келіп, әуелі 24 батырын дәуге қарсы бір-бірлеп жіберіп көреді. Бәрі де дәуге қарсы тұра алмайды.

Йұгенектің жаны қалмай құдайдан жәрдем тілейді. Ақыры құдайдан күш алған Йұгенек жауын жеңіп, әкесін босатады. Қорқыт келіп бұл жеңісті де жыр қылады.

8. Бисаттың Дөп-Гөзді қалай өлтірген туралы жыр.

Бір күні оғыздарға жаут тиіпті, асып-сасып қашып шыққанда жүрттада Аруз (Абыз) қожаның баласы ұмыт қалыпты. Ол баланы бір арыстан баурына басып, асырап, өсіріпті. Ел бұрынғы конысына қайта келгенде әлгі баланы тауып алады. Ол алып болып өседі. Атын Бисат қояды.

Ел жаз жайлауға шығады. Арудың (Абыздың) койшысы кой шетінде жүріп, пері сұлуын кездестіреді. Пері ұзын судеген жерде койшымен жанасады да ұшып жок болады. Екінші жылы тағы сол жерге кой бағады. Қой үркे береді. Қараса бір төмпешік жатыр. Бір кезде пері қыз шығып, койшы карызынды ал, бірақ оғыздарға өлім тиеді дейді. Қойшы коркып кетіп қалады. Сол төмпешікке хан үзірлерімен келеді. Бәрі төмпешікті бір-бір ұрып шығады. Төмпешік ұлкейіп өсе беріпті. Бір кезде Аруз қожа кеп өкшесімен темпешікті тұртіп қалады. Төмпешік как айрылады. Оның ішінде бір ғажап жалғыз көзді бала жатады. Баланы Аруз орап алып, үйіне әкеліп асырайды. Ол емізген әйелдің бір сорғанда сүтін, екінші сорғанда қанын, үшінші сорғанда жанын алады. Содан кейін сұтпен асырайды. Сұт те шак келмейді, балалармен де дұрыс ойнамайды. Бірінің құлағын, бірінің мұрның жеп коя береді. Оғыздардың тынышы кетеді. Бұған шыдамаған әкесі Аруз оны ұрып-соғып қуып жібереді. Ол биік тауға кетіп қалады. Тауда жүргенде пері анасы келіп, қолына алтын сақина кигізеді де, оған – «балам, сен оқ өттейтін, қылыш кеспейтін боласын», – дейді де жок болып кетеді. Халық оны Дөп-гөз (Жеке көз) деп, немесе жалғыз көз деп атап кетеді. Ол тауда жатып алып ешкімге жол бермейді, тонайды. Жеп қояды. Ел оған Қорқыт атана елші етіп жібереді. Оған күніне азыққа екі адам, 500 кой беріп тұруға келіседі. Осылайша оғыздарды құрта жаздайды. Бұл кезде жорыкта жүрген Бисат үйіне келеді. Бұл жайды біледі де, оған қарсы құреске шығады. Көп қындық көріп, жалғыз көзін ойып, ақыл-айламен женеді. Елді ауыр індеттен құткарады. Қорқыт кеп... бұл оқиғаны да жырлайды.

9. Бегіл ұлы Әмірен туралы жыр.

Баяндүр ханға алыс Грузиядан сыйлық келеді. Бірақ сыйы тек қылыш пен сауыт болып шығады. Бұрын алтын, күмістен басқа сый алмай жүрген хан қайғырады. Қорқыт кобызымен оны жұбатады. Бұл батыр құралын иеленер кім бар деп сұрайды. Оған Қорқыт Begіl батыр бар, соған бар дейді. Барады. Begіl жау жакты торып жүреді. Оны хан өзінің қасына алдырады. Аңға шығады. Хан оны: сенің ерлігің, мергендігің, аңшылығың өзінің жеке басыңа бітпеген, мен сыйға берген ат пен

карудың күші, – деп кемсітеді. Бұл батырдың намысына тиеді. Хан сыйларын өзіне кайтарады да үйіне кеп, әйеліне гәуірлер жағына көшіп кетелік дейді. Әйелі қарсы болады. Оғыздың аруагын еске салады. Хан – кудайдың көлеңкесі. Онымен қарсыласпа, еліңден кетпе зеріксен аңғашық дейді. Ол әйелінің айтқанын істейді. Бірақ аңды қуып жүріп, аттан күлап, аяғын сындырады. Үйге әрең жетеді. Баласы Әмірен оны қарсы алады. Гәуірлер Бегіл батырдың мертіккенін естіп, кек алуға аттанады. Әмірен көп гәуірге қарсы аттанады. Ол жеңіске жетеді. Коркыт бұл жеңісті де жырға косады.

10. Үйсін Қожаұлы Секрек туралы жыр.

Оғыздар заманында Үйсін Қожа деген бір адам болыпты. Оның екі ұлы болыпты. Улкені Әкірек деген екен. Ол хан сарайында сый-сияппатты болыпты. Әкіректі хан алдынада Теріс Узамыш деген күндейді. Ешбір ерлік көрсетпеген Әкіректі не үшін сыйлаймыз дейді. Мұны естіген Әкірек ханнан рұқсат алып жауға аттанады. Ол біраз жерді өзіне қаратып ерлік көрсетеді. Алынбақ қамалына таяған жерде демалу үшін шешініп жатады. Бұлардың бейқам жатқандарын жау біледі дағы қапыда тұтқындаиды.

Үйсін елі мұны естіп кайғырады. Жаудан тұтқындарды құтқаратын ешкім шықпайды. Үйсіннің екінші баласы Секрек жастау болады. Ол ойнап жүргенде екі жетім балаға тілі тиеді. Ол балалар мықты болсан, ағанды тұтқыннан азат етсейші дейді. Секрек әкесі Үйсін қожаға келіп жайды біледі. Аттанбақ болады. Әке шешесі жылап жібермейді. Қыз айттырып, үйлендіреді. Қалыңдығы да оған: «Жауға аттаңба, қасымда бол», – дейді. Бірақ батыр жарын да тындармайды, ағасын тұтқыннан азат етуге аттанады. Үш күн, үш тұн жүріп, жау қамалына жетеді. Әуелі жаудың жылқысына тиеді. Жылқышыларын ұрып жығып, жылқыны айдал жібереді. Үйкы басқасын, тұлпар шылбырын беліне байлайды да үйыктайды. Гәуірлер бұны біліп, 60 адам келіп қамайды. Тұлпары жауды сезіп, иесін оятады. Ол қамалаған жауды қуып, қамалға қайта тығады. Қайта үйыктайды. 100 гәуір қайта қамайды. Қайтадан аты оятады. Алласына сиынған жігіт жауына беріше тиеді. Үшінші рет үйыктайды, бір ретте аты шешіліп кетіп қалады. Жау 300 адам болып шықса да, бата алмайды. Жаулар ақылдасып, тұтқындағы батырга ағасы Әкіректің өзін жіберуді үйғарады. Оны алдап, ұры тиді, соны елтірсең бостандық аласын дейді. 300 қол косып береді. Үйкыда жатқан жас жігітке Әкірек келіп қараса: Толған айға үқсаған ғажап бір жас жігіт шырт үйқыда, белінде кобызы бар екен. Әкірек кобызды алып, зарлап коя береді. Бала оянады. Екеуі тілдесіп, танысып, мұндасады. Гәуірлерді күш қосып, бірнеше күн соғысып, екеуелп кырады. Еліне келіп, куаныш тойын тойлайды. Коркыт жыр шертеді.

11. Салар-Қазанның тұтқынга тусуі, оны баласы Ораздың құтқаруы туралы жыр.

Гәуірлер Қазанға сұңкар сыйлапты. Бір күні құсын алып анға шығады. Анға салғанда сұңқары аң алмай алысқа ұшып кетеді. Оны Қазан куа береді. Ақыры гәуірлерге дейін келеді. Қазан ұйқысы келіп жатып қалады. Жау тыңшылары мұны біліп, Қазанды байлан, арбамен апарып, зынданға аштырып, сұрау салады. Қалай жатканың сұрайды. Қазан жауап береді: Жер асты жақсы екен, Сіздің өлген ағайын-тұмаларыңың бәрін көлік етіп, ат орнына мініп, оларға берген астарында жеп жүрмін, – дейді. Ханым бұған сенеді. Менің жеті жасар қызым өліп еді. Оған мініп жәбірлей көрме деп жалынады. Қазан айтады: Мініп жүрген көлігімнің ішінде ол қыздан асқан жүйрігі жоқ. Оның үстінен тұспеймін, – дейді. Ханым қатты қайғырады. Еріне келіп, мына татарды қайдан қамадын, ол тірімізді ғана корлап коймай, өлімізге тыным берер емес. Өлгендердің аруагын корлатпай қуып жібер, дейді. Гәуірлер Қазанды шығарып алып, біз сізді босаттық, бірақ ендігәрі бізге шаптаймын, оғыздарды қыруга бізге көмектесемін деп ант бер – дейді. Қазан: «Тұзу жолым тұрғанда қисық жолға тұспеймін, – деп сіздердің алдында ант етем» – дейді. Мұны ең адал ант деп тұсінген гәуірлер оның қобызын береді. Қазан жауға ешқашан берілмейтін, жауын мактап жалынбайтынын қобызыға қоса айтады. Жаулары Қазанның қайтпасына көзі жетіп, оны енді шошка сарайына қамайды.

Міне, жырлардың мазмұны осылайша халықтық эпостарға сай баяндалып отырады. Аталған жыр оқигаларын көп елдін аңыз әңгімелері мен ертегі-жырларынан кездестіруге болады. Жер, су, ру, мекен аттары, түрлі атаулар мен есімдердің тұп қазығы алысқа кетпейді. Әз жерімізден табылып жатады. Коркытты көп ел біледі. Кіші Азия, Орта Азия, Азербайжан, Түркия, Кавказ, Қазақстан елдеріне тегіс мәлім. Бірі – оны әулие, пайғамбардың досы, екіншісі – имам, бақсы, үшіншісі – Қызыр аруақ, төртіншісі – батыр деп, бесіншісі – өнер иесі, қобызшы, жыршы, ақын, алтыншысы – асқан ақыл иесі, ізгі істерді бастаушы, алдын болжагыш, көріпкел – деп үғады. Бәрі де Коркытты меншіктеп сөйлейді. Оны өз атам, бабам деп үғады. Өздерінше аңыздал, дәріптейді. Соның бірі – қазақ халқы. Қазақ арасында тараған аңыздарда Коркыт әр түрлі бейнеде көрінеді. Мысалы, Шоқан есіткен аңызда Коркыт – казактың бірінші бақсы-шаманы, елге қобыз үйретуші ұстазы, күйші, өлең сазының шебері. Потанин Коркыт – казактың тұнғыш жырауы десе, И.Кастенеъ Коркытты казакты қобызға үйретуші, өнерпаз, ұстаз, балгер деп танытқан.

Коркыт туралы аңыздардың біразын Ә.Диваев жазып алған. Ол Коркыттың моласын 1898 жылдары тауып, суретке түсіріп, көп мәліметтер

жариялаған. «Мола туралы бірер сөз» деген еңбегінде ол: Коркыттың казак аулие тұтады, моласына түнейді, – дейді.

Қазанның баласы Ораз есіп қалады. Ол әкесінің жау тұтқынында жатқанын естіп аттанады. Бұлардан қорықкан гәуірлер Қазанды шығарып, жауымызды жеңіп бер, босаталық – дейді. Келісіп, жау алдына келеді. Тілдеседі. Баласын таниды. Өзін танытады. Жауды қосыла шабады. Гәуірлерді қырады. Коркыт бұл жеңісті де жыр қылады.

12. Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы көтеріліске шыгуы, Бейректің өлімі туралы жыр.

Қазан хан бірнеше рет өз мүлкін ішкі оғыздарға бөліп береді. Сыртқы оғыздар белістен құр қалады. Осыны ілік етіп, сыртқы оғыздар Қазанға қарсы шығады. Қазан Құлбашты жіберіп, сыртқы оғыздар басшысы Арудың сырын біледі. Аruz Қазанға қарсы топ жиады. Оған жактас Бейректі шакырып алғып, өздеріне қосылуды талап етеді. Ол Қазаннан өлсе айрылмайтынын айтады. Сол үшін оны өлтіреді. Қазан Бейректің жазықсыз өліміне ренжіп, кек алу үшін аттанады. Қазан колы Арударды жеңеді. Қазан алпыс тұтам ак найзасымен Аруды шашып өлтіреді. Жеңісті тойлайды. Коркыт жыр шығарады.

* * *

Міне, жырлардың мазмұны осылайша халықтың эпостарға сай баяндалып отырады. Аталған жыр оқигаларын көп елдің аныз әңгімелері мен ертегі-жырларынан кездестіруге болады. Жер, су, ру, мекен аттары, тұрлі атаулар мен есімдердің түп казығы алыска кетпейді. Өз жерімізден табылып жатады. Коркыттың көп ел біледі. Кіші Азия, Орта Азия, Азербайжан, Түркия, Кавказ, Қазақстан елдеріне тегіс мәлім. Бірі – оны аулие, пайғамбардың досы, екіншісі – имам, бақсы, үшіншісі – Қызыр аруақ, төртіншісі – батыр деп, бесіншісі – өнер иесі, кобызшы, жыршы, ақын, алтыншысы – аскан ақыл иесі, ізгі істерді бастаушы, алдын болжагыш, көріпкел – деп ұгады. Бәрі де Коркыттың меншіктеп сейлейді. Оны өз атам, бабам деп ұгады. Өздерінше аныздан, дәріптейді. Соның бірі – казак халқы. Қазақ арасында тараған аныздарда Коркыт әр түрлі бейнеде көрінеді. Мысалы, Шокан есіткен анызда Коркыт – казактың бірінші бақсы-шаманы, елге кобыз үйретуші ұстазы, күйші, өлең сазының шебері. Потанин Коркыт – казактың тұнғыш жырауы десе, И.Кастене Қоркыттың казакты қобызға үйретуші, өнерпаз, ұстаз, балгер деп танытқан.

Қоркыт туралы аныздардың біразын Ә.Диваев жазып алған. Ол Қоркыттың моласын 1898 жылдары тауып, суретке түсіріп, көп мәліметтер жариялаған. «Мола туралы бірер сөз» деген еңбегінде ол: Коркыттың казак аулие тұтады, моласына түнейді, – дейді.

Қазактар арасында көп тараған аныздың бірі – Қоркыттың өлімі туралы В.Вельяминов-Зернов оның бірін 1867 жылы қазактардан жазып алған. Ол Қоркыттың өлімінен кашып, ақыры Сыр сұның үстіне кілем төсеп отырып, өлімді өзіне жолатпай, 100 жыл өмір сүргенін, оның бойының ұзындығы екі сажын болғанын аңыздайтынын айткан.

Осы анызды И.А.Кастене де естіп жазып алған. Бұл сияқты аныздардың бір түрін П.С.Спиридонов Төлес Айшуаковтан 1899 жылы жазып алған. Қазақ жерін көп аралап, бағалы этнографиялық деректер жазып қалдырған. И.В.Аничков та Коркыт кабірін көріп, Сыр қазактарынан ол туралы көп мәліметтер жазып алған.

«Қоркыт атанаң» сюжетін 1921 ж. Фалымжан Шарипов Қазан каласында «Арслан бек» деген атпен қыскаша баяндап шығарды. Бірак аталған басылым тым еркін болғандықтан, ғылыми жағынан маңызы аз дерлік енбек болды.

Жоғарыда аталған зерттеушілірдің бәрі де казақ еліне тараған Қоркыт ата туралы аныздардың мұсылман дінінен әлдекайда бұрын шыққан дыбын атап көрсетеді.

Қазіргі қазактың көрнекті әдебиетшілерінің де көпшілігі Қоркыт туралы аныздарға тиісті дәрежеде қоңыл бөліп отырды. Әсіресе, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Е.Ісмайлов, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, А.Жұбановтар Қоркыт анызының мазмұны негізінде казақ халқының да Қоркыттың өз адамы катарынан санайтынын, оның тарихта болғандығын растаған. Осыған орай Сыр бойындағы Қоркыт қабірінің жаңынан 1980 жылы үкіметтіміз ескерткіш орнатты.

Енді жоғарыда сөз болған «Қоркыт ата кітабының» сюжеттік ұқсастықтарына тоқтала кетелік. Ол екі жырдан тұратын кітаптың сюжетіндегі кейбір эпизодтарға сай не жақын келетін жайларды қазақ жырлары мен аныз-ертегілерінен көпtek кездестіреміз. Сондай-ақ түркімен, өзбек, қаракалпақ, қыргыз, т.б. халықтардың жыр-аңыздарында да ұқсас сюжеттердің ұшыраса беретіні анықталған нәрсе. Қазақ жырларының ішінде «Қобыланды», «Алпамыс» сияқты жырлардың көптеген оқиғасы «Қоркыт ата кітабына» ұқсап жататынын 1947 жылы жазған бір макаласында Ә.Қоңыраттаев айқын көрсетеді. Біздіңше «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Қырымның қырық батыры», т.б. жырлардан да ұқсас көріністерді көпtek кездестіруге болады. Аталған жырлардың жалпы әуені өте жақын екенін атап көрсеткен орынды. Оғыз батырлары мен қазақ батырлары мінездерімен де, ерлік дәстүр, әр түрлі түсінік әрекеттерімен де үндес. Олар әулиелердің арқылы дүниеге келеді, алыптарша жыл санап өмес, күн санап өседі, ерте ер жетіп, жауга бөрідей тиеді. Тәнірі колдағандықтан, қандай киындықты да жеңеді. Олар ер, бірак анғал.

Аты мен жыры өзіне сай. Батырлар жырында тұс көру, аян беру, қоштасу, жоқтау, үйленуге байланысты салт, ата жолын сыйлау сиякты дәстүржоралғылар үнемі кездеседі. Батырлар әрқашан үstemдікке, зұлымдыққа карсы құресседі, мұсәпірге жәрдем береді, т.б. моральдық сапаларымен, адамгершілік қадыр-қасиеттерімен көрінеді. Дерсеханның Токтарбай мен Бозмұнайлар сиякты бір балаға зарығуы, сол үшін бар мал-мұлқін сарп етіп, кезуі, әулиелерге түнеуі, ақырында оның ұл көру мотиві мұлде ұксас. Қазанның өзі жорыққа кеткенде елінің шабылуы, оның тұс көруі, шабылған жұртын көріп зарлауы, оның баласы Ораздың тұтқындалуы, елдегі жауыздық, әке-шешенің жоктауы, зар жылаған сүйген жарының әрекеттері, батырдың жарасын емдеудегі анасының әдістері, қойшылар ісі, казак жырларын, әсіресе «Қобыланды» жырын еске салады. Құртқа мен Қарлыға бейнелеріне де ұксас көріністер көп. Баласыз Байбөрі, Бозмұнайлардың бала тілеуі, той-думаны бәрі келеді.

Коркыт кітабындағы: «Ат тұяғы асқар, ақын тілі қақсар», «Отыз екі тістен шыққан сөз, отыз рұлы елге тарарап», «Жалғыз шауып жауды женіп», т.б. мәтеп сөздер казакта әлі де кездеседі.

Жырдағы тұсінде Қазанның елін жау шапқанын көріп, Қара көне деген ағасына айтқан монологінен бір үзінді көлтірелік:

Кара көне ағамыз,
Бүгін мен бір тұс көрдім,
Тұсімде кара күш көрдім.
Қолымдағы сұңқарым, ұшып кетті.
Ақ тұндікті үйіме найзагай тұсті,
Ордамды калың тұман, нөкер басты.
Үйіме құтырған қасқыр шапты.
Қара түйем бұқама тап берді,
Қара қарғадай шашым көзімді жапты.
Он саусағым қанға боялды...
Шашым көзімді жапты.
Он саусағым қанға боялды...

Батырлардың тұс көру арқылы камдануы, аруактармен тілдесуі ескі тұсініктегі ел ұғымына сай баяндалады. Бул сиякты халық жыраныздарда жиі ұшырайтын ұғымдар өте көп. Елінің кайғылы жайын қойшысынан сұрап білуі – Алпамыс, т.б. қазак батырлары әрекетіне сай. Мысалы: Қазанды көріп, болған жайды хабарлаған Каракойшының сөзі мұнадай:

Тірі ме едің, өлі ме едің Қазан хан,
Кайда жүрдің әкем Қазан хан?!
Кеше емес, уш күн бұрын өтті.

Үйдің шабылғанын осы арадан, Қазан хан
Қарт анаңды гәуірлер,
Қара нардың мойнына іліпті,
Әйелдің Бурыла катын еңсели,
Қырық кызы сындарлы,
Катар түзеп қасында,
Жылай кетіп барады.
Қырық жігіт қасында,
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Балаң Ораз о дағы,
Күл бол кетіп барады.
Жүйрігінді мініп, жылқынды Гәуірлер айдал барады. Алтын, күміс
казынанды, Гәуірлер айдал барады.

Қорқыт кітабында халыққа тән ерлік, өз еліне деген сүйіспеншілік өте сенімді суреттеледі. Әрбір кейіпкерлер іс-әрекеттері бұған айғақ. Әсіресе Қаракойшының жауға карсы айтқан ерлік сөздері бұған айқын дәлел. Ол бес қаруы сай, көп дұшпан камап алып, тізе бүтүін талап еткенде, кайсарлықпен мына сөзді айтады:

Бос сөйлеме ит гәуір,
Итіммен бірге ас ішерсін,
Бурылды міндім деп мактанба,
Ол да бір алабас текеме тең келмес.
Дұлыға кидім деп мактанба.
О дағы тері бәркіме тең келмес.
Алпыс тұтам найзанды мактама,
О дағы қызыл шоқпарыма тең келмес.
Қылышым бар деп мақтанба,
О дағы кисық таяғыма тең келмес.
Беліндегі тоғыз-он окқа мақтанба,
О дағы шұбар сапты пышағыма тең келмес,
Жігіттерім қуатын байқап қара
Жақын келіп біздерге ит гауір!
Жау қолына түскен жазықсыз жас батыр Ораз дарға тартылмак болады. Осы жағдайдың өзінде соңғы сөз сұрап, өз арманын дар ағашына қаратып былай дейді:
Ағаш-ау, ағаш, ағаш десем ұялма,
Мекке менен Мединеге калқа болған сен ағаш!
Аллаға өзі тілдескен Мұсаға аса болған ағаш!
Улкен өзендерге көпір болған бұл ағаш.
Кара теңізге кеме болған сол ағаш.

Әли патша дүлдүліне ер болған да бұл ағаш.
Зұлқарнайын кылышын атуға, қынап та болған сол ағаш.
Хұсайын, Хасан патшага бесік болған бұл ағаш.
Әйел менен ерлерді коркытқан да сол ағаш.
Жоғарыға карасам, мәуең сенің көрінбес.
Төменге егер көз тікsem, тамырыңды көрмеспін.
Мені саған асканда шыдармысың, сен ағаш?!

Егер шыдап сынбасаң, жас өмірім киылса,
Жазаңды да тартарсың сен, кара ағаш.
Кес деп әмір берер ем, кара құлдарыма,
Халқыма керек болдың сен ағаш....

Келтірілген жолдар қазак ақындарының кейбір шығармаларын еске салады. Мысалы, Қашағанның Ескали сопыға айтқан өлеңдеріндегі домбыраның «Куағаш» емес екенін түсіндіруі әуендес сиякты.

Жас, кінәсіз бала батыр Ораздың сөздері окушыға әсерлі. Оның кайғысы, зары өмірге құштарлығы аянышты. Халық, жырлары сюжетімен әуендес:

Тағы да Ораз сөйледі, сейлегенде ханым не деді?
Ағайынды жактаған жолдастарым қымбат болмаса,
Шұрқырасып кісінеген жылқыларым қымбат болмаса,
Тұғырында түлеген сұнқарым қымбат болмаса,
Бек бола алмай бос өткен өмірім қымбат болмаса,
Жастықтың кызығын көре алмай арманда
Қыршын қыылған жаным қымбат болмаса...

деп Ораз дар алдында түрпін зарлайды. Бұл сиякты зарды Жәдігердің басынан да кездестіреміз ғой.

Ет Сейшіл, Көбілданы, Альпамистар сиякты Персекханның жалғызы

Ер Сайын, Қобыланды, Алтамыстар сиякты дөресканиның жасының да күн санап тез еседі. Он бес жасында-ак өзі тұстас балалардан өзгеше күшті, ақылды, ересек болып көзге түседі. Болашақ батырдың алғашкы ерлігі аңшылыкта, қауіпті жыртқыштарға карсы күресте көрінеді. Жолбарыс сиякты қауіпті жыртқышпен жекпе-жек арпалысып, оны женеді. Жалғыз көзді дәуді тұншықтырады... Жас батыр-анғал, жауы-керісінше, айлакер, катыгез, катал. Бұқашханның анасы тұс көріп, баласының басына түскен қасіретті сезеді. Ол қырық кызы ертіл, баласын іздең жолғашыгады. Өлім халинде жатқан ұлын тауып оны өзі емдел жазып алады. Бұл көріністер түгелдей қазақ жырларындағы Қобыланды мен Ерсайынды емдел жазған ана, жар әрекеттерімен үндес.

«Көркүт ата кітабындағы» Қазан мен Қобыландының елін суюп, шабылған жұртын азат етулері де ұқсас. Қобыланды Қызылбастарға, Көбіктіге карсы жорыкта жүргенде елін Алшағыр шабады. Жаудан

жөңіспен оралған батыр елінің жұртының көріп зарлайды. Сондай-ақ Қазанда шүйкелі гәуір келіп елін шапқанда алыста жорықта, аң аулап жүреді. О да елінің жұртының көріп зар шегеді. Есін жиып, жауын куып, өш алады. Қырық қызы, қырық жігіт, тоғыз батыр, жеті күн, жеті күн сияқты үғымдар да «Қорқыт» кітабында қазак аңыз

Жырларындағыдан үғымдас. Мысалы, Қазанның тоғыз батыры бірінен-бірі құшті болып, әсірелене суреттеледі. Бұл сияқты көріністердің қазақтың XVI ғасырда жасаған жырауларының «Жуанхан», «Шона батыр» жырларынан айқын сезінеміз.

Коркыт кітабындағы Бейректі тұтқыннан босату эпизоды да «Қобыланды» жырларындағы батырлардың Көбікті тұтқыннан босағандары сияқты. Екеуінде де гәуірдің қыздары батырларға ғашық болып, сол ғашықтың сезімдері үшін іс қылады. Бұл қыздардың бәрі де батыр. Өздері де жеке ерлік көрсете алады.

«Қорқыт» эпосының жетінші жырында Дирек деген алып батыр бейнеленеді. Оның бойы – 60 аршын, 60 пұтты өзі ғана көтеретін ертегелік қаһарман. Бұл сияқты дәулер қазақ жырында да кездеседі. «Қобыланды» жырынның бір нұсқасында Қырық құлаш Қызыл Ер деген бар. Мұның сиқы сол Дирекпен шамалас.

«Корқыттың» оныншы жырында Үйсін қожа Секрек өзінің ағасы Әкіректін жау қолына түсіп қамауда ұзак жатып қалғанын балаларымен ойнап жүргенде, бір баланың одан өш алу ретімен айтқан сөзі арқылы алғаш естіп, үйіне келіп шешесінен анық-қанығына көз жеткізеді. Бұл сияқты қөріністерді қазак жыр-аныздарынан да жие ұшыратамыз. Ағасын, босатпақ болып аттанған Секрек ұзак жүріп, арып-талып жау қамалына жетеді. Бірақ, жаудан сактану орнына, камал какпасының алдында қанин-қаперсіз бірнеше тәулік үйықтап, аңғалдық жасайды. Бұл мотивтердің де батырлық эпостарға тән екені дәлелдеуді тілемейтіні айдан анық жай.

Қазақ жырларында кездесетін бел күда, бесік күда салты Қорқыт атада да ұшырайды. Бамсы мен Бану-шешекке (Гүлбану) аналарының белінде жүргенде құдаласады. Бұл да «Қозы Қөрпеш, Баян Сұлу» жырындағы Сарыбай мен Қарабайдың құдалық уағдаларын еске түсіреді (Қорқыттың үшіншіжыры).

«Қорқыт ата» кітабында нақылдар да көп кезігеді. Олардың мазмұны жалпы адамгершілікке тәрбиелейді. Мысалы: Инабатты болса, әйел көрікті. Ак сақалы жараскан – шал көрікті, сүйікті (сыйлас) болса – ағайын көрікті. Үлкен шаңырактың касында отау көрікті. Жібек шатырдың жібі көрікті. Өнегелі болса бала көрікті. Дуние-малы шашылмай. Мырза деген атақ жоқ. Тәкаппарлыкты тәнірі сүймес. Мыкты, жүйрік бедеуге корқак

жігіт міне алмас. Аナンың хакы (парызы) – құдайдың хакы. Күйеу бала – ұл болмайды. Ұл – атанаң ері, екі көзінің бірі. Қыз ақылды ескермес – ана үлгісін көрмесе, ұл жарытып ас бермес – әке үлгісін көрмесе. Әдепті сөйле де, тыныш отыр. Қыз анадан үйренбей өнеге алмас, ұл атадан үйренбей сапар шекпес. Қабыргасы бүтін көтеріледі, сүйегі бүтін – өседі. Жалғыз жігіт қол (әскер) болмас, бос ыдыстың түбі мықты болмас. Көрші ақысы – құдай қақысы. Қонақ келген үйдің құлағаны артық. Көп коркытады, терең батырады. Дүшпанның біреуі өлсे – куанба, жүрттың бәрі де өледі. Сауыт күші – қылышпен қылышладып ұрғанда (білінер), аттың күші – жігітті (жаудан) алғы шығып құткарғанында. Шіріген мактадан мата шықпайды, нағыз жаудан дос шықпайды. Қып түсер қылышты мұқалтқанша, шаппаған жаксы. Ат жемейтін аңы шөптің өспегені ігі, адам ішпес аңы судың акқанынан ақлағаны ігі. Атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың туғанынан тумағаны ігі, жалған сөздің болғанынан болғаны ігі. Өтірік сөз өрге баспас. Ат арытпай жол бітпейді. Ұра білген жігітке оқ пен қылыштан ғөрі шоқпардың өзі артық. Қаратаудың басындей байлық жиса да, бұйрығынан артық ешкім ештеңе жей алмайды. Ұлдың күні күн емес, атадан мал қалмаса, ата малы пайдасыз, баста дәүлет болмаса. Дәүлетті ұл – ошактың коры, дәүлеттің ұл атанаң көрі (адамның коры). Жердің соны (шүйгін) шебін киік білер, жайылымның шалғынын құлан білер. Әр жолдың сүрлеуін түйе білер, жеті бұлақтың иесін тұлқі білер, керуенниң түнгі жүрсін торғай білер, ердің батқанын ат білер, ауыр жүктің михнатын тұлпар білер, саз орайын бөкен білер, қапелімде бастың ауырғанын ми білер, ер жомартын, кісі ақылын жырау білер?! Отыз тістен шыккан сөз барлық ордага жайылар. Есқи киімнің (тоннын) биті аңы, жетім баланың тілі аңы. Ат тұяғы ақсауық, ақын тілі қақсауық. Топырак төбе болмайды. Қанша тасып тулағанмен өзен суы теңізді толтыра (тасыта) алмайды, қанша қалың жауғанмен кар көктемнен калмайды. Гүл жайнаған шалғын да кара күзде калмайды, кара есектің басына жүген салғанмен қашыр болмайды. Әр жердің отын бұғы біледі, тегістік отын құлан біледі. Ат шапса, ер мактанды. Ажал жетпей өлмек жоқ. Өлген кайтып тірілмес, шықкан жан кері оралмас.

Қысқасы, казак эпостарына жақын келетін жайлар мен нақылдар өте жи ұшырасады. Қазақтың өткен дәүір ақындары жырларына сай келетін көріністерді де көптеп кездестіру қын емес. Ең бір танқаларлық жай, Қорқыт ата кітабының тілі қазіргі қазак тіліне аудармасыз-ак түсінікті. Біз Анкара (Түркия) қаласында 1964 жылы басылған «Қорқыт ата кітабының» түпнұсқасын оқып көрдік. Қазақ окушысына түсініксіз сездерді ол кітаптан өте сирек ұшыратқанымызды батыл айта аламыз. Кіз үй жабдықтары, мал аттары, үй саймандары, адамның, малдың

әрекеттері, айғырдың кісінеуі, құлышның куануы, қымыз післіп, канып ішіп қызған бектердің дау-далабалары, т.б. көріністер Қорқытты қазақтарға мұлде жақындана түседі.

1970 жылдың аяғында «Қорқыт» жырларының көркемдік сырын ашуға жас зерттеуші Ш.Ыбыраев назар аударып, осы жырдың поэтикасын, эпитеттерінде тән құбылыстарды айқындаپ, еңбек жазды. Асылы, «Қорқыт ата кітабы» қазаққа жат емес. Оның әдебиетіміз тарихында сөз болуы орынды.

Oй түйін.

1. «Қорқыт ата кітабындағы» 12 сюжетті оқып, көркемдік ерекшелігі мен оқигалар желісіне байланысты талдау жасаңыз. Талдауда тарихи-салыстырмалы, типологиялық әдістерді пайдаланып өз ойындызben корытындылап беріңіз.
2. Кестеге жырдың 12 сюжетіне байланысты негізгі оқигалары мен кейіпкерлерін жазыңыз. (Ескерту: кестені қажеттіне қарай толықтыра беріңіз.)

Жырдың аты	Негізгі оқигасы	Кейіпкерлері

5-ТАҚЫРЫП

Тапсырмалар.

1. Алтын орда дәүірі әдебиетінің қазіргі қазак әдебиеті жанрлық және көркемдік қалыптасуына ықпалын аныктап, «Қисас-ул Рабғұзида» баяндалатын оқигаларға талдау жасаңыз. Талдауда А.Қыраубаева зерттеулері мен ғылыми пайымдауларына негіз болған ғылыми тұжырымдарды анықтаңыз.
2. Берілген тақырыптардың бірін таңдал, ғылыми эссе жазыңыз. Эссе де қазак әдебиетінің жанрлық қалыптасуы мен көркемдік ерекшелігіне сараптама жасаңыз.

А. ҚЫРАУБАЕВА ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ НӘЗИРА ДӘСТҮРІ

XIII-XIV ғасырлардағы түркі текстес халықтар әдебиетіндегі негізгі бағыттың бірі – откенге назар салу, өз заманындағы тірлік-тынысына үқсас жауапты өткен ойшылдар мен ұлылардың шығармаларынан тауып, соларды өз тілінде қайта сөйлетуге ұмтылыс, кейде одан да асырып жазып, айрықша талант биігін танытуға талаптану еді. Мұндай ағымның бел алуына бір кезде әл-Фараби ден койған Қайта өрлеудің, сол дәүірде жер жүзі мәдениетіне жайылып жатуы орасан әсерін тигізді.

Мұндай әсерлер мен ықпалдар Әли Құтба, Сәйф Сараи шығармашылығындағы классикалық парсы әдебиетіне еліктеуден, сондағы қайта өрлеу идеясына бой ұрған ақындардың шығармаларын, бұрынғы араб-парсы әдебиеті үлгілерін өз заманына лайықтап қайта жаңғырту талпынан туған шығармалардан көрінеді.

Бұлайынша бір ақынның жазғанын екінші ақынның қайталап өзінше баяндауы шығыста көп тараған. Бұл нәзира дәстүрі деп аталады. Ол жөнінде М.Әуезов кезінде мынандай анықтама берген: «Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша, шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін, тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді... Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды занды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқигаларды негізінде пайдаланса да, көп жерде өз еркімен өзгертіп отырып, тыңнан жырлап шығатыны болады. Бұлайша, әр тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты занды деп біліп, осы дәуірде «Нәзира», «Нәзирагейлік» деп атаяу да берген».

XIII-XIV ғасырда туған шығармалардың бірқатары аудармага жақындау болса, бір парасы нәзирага жақын. Кейде бір шығарманың ішінде осы екі әдіс те катар колданылады. Осыдан, соңғы кезде «аударма-нәзира» деп алынып жүрген анықтама бұл шығармалардың ерекшелігін толык көрсетеді.

* * *

«Рабғұзи қиссалары» – сөз болып отырған бір дәуір әдебиетінің жинағы, хрестоматиясы, әр түрлі жанрдағы шығармалар қамтылған, өз дәуірі әдебиетінің негізгі ерекшеліктерін аңғартатын құнды мұра.

Шығарма 1310 жылы (710 қыжыра) Насреддин Токбұға бекке арналып жазылған:

Иеті йуз он ерді йылға кім бітілді бұ қітаб

Иазуб елттім Насраддин Токбұға бек табұғұна.

Бұл қітап жеті жуз онынши жылы жазылды...

... Насреддин Токбұға бектің құрметіне арнал жаздым...

Жазған Рабат Оғыз қыстағының казысы Бұрнанеддин ұлы қазы Насреддин. Рабғұзи – Фараби, Хорезми тәрізді туған жеріне байланысты алған лақап аты. Өзі: «Сенің қолынан шықкан, қаламынан түзілген сөз оқуға, үйренуге женіл, түсінікті болады деп жұрт қолқалаған соң, Тәнірден тауғиқ тілеп, кітап бастадым», – дегеніне қаралғанда, бұрын да білімділігімен, жазғыштығымен танымал болған кісі сияқты. Арабша, парсыша, түркіше жақсы білген.

Шығарманың ең ескі көшірме колжазбалары Лондондағы Британия музейінің кітапханасында, Ленинградтағы М.Е.Салтыков-Щедрин атын-дағы көшілік кітапханасында сакталған. Бірнеше көшірмесі КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институтының Ленинградтағы бөлімінің кітапханасында да бар. Ең алғаш 1859 жылы белгілі түрколог Н.И.Ильминский Императорлық Қазан университетінің баспаханасынан толық мәтінін бастырып шығарды. Шығарушы көшілікті ескерткіштің мазмұнымен таныстыруды ғана мақсат еткен. Қандай қолжазбаны пайдаланғаны анық мәлім емес. Жорамал бойынша, екі түрлі қолжазбаны негізге алған сияқты. Бұл жөнінде П.М.Мелиоранский билай дейді:

«Шамасы Н.И.Ильминский кейін Азия музейінде сакталған №361 колжазбаны пайдаланған тәрізді және ол императорлық көшілік кітапханасында Дорн каталогында тіркелген №VII колжазбамен де таныс болған болуы керек».

Түрколог ғалымдар «Рабғұзи қиссаларының» ең көне қолжазбасы бойынша толық тағылыми мәтінін іздестірген. «Іздеңген жетер мұратқа» демекші, 1893 жылы Лондонға барған сапарында П.М.Мелиоранский

Британия музейіндегі ең ескі, толық қолжазбаны қарап шығып, кейбір көшіріп алған үзінділерін елге оралған соң, 1897 жылы жариялаган еді. Бұл болашақта жасалатын ғылыми-салыстырмалы толық мәтінге үлгі етіп аларлықтай енбек болды. Автордың үйғаруы бойынша, ескерткіштің ондай баспасы тарих, әдебиет, тіл зерттеушілеріне жан-жакты, толық сенімді материал бола алатын кітап болып шығуы керек. Фалым үзіндіде Британия нұсқасын Москва, Ленинград кітапханаларындағы қолжазбалармен де салыстырып отырған.

П.М.Мелиоранский енбегінің жалғасындағы қолжазбаларының ішінен бұрын ол жарияладап үлгермеген Лондон нұсқасының бірнеше үзіндісін С.Е.Малов тауып бастырган.

Ал, Н.И.Ильминский баспасы бойынша берілген үзіндісі С.Е.Маловтың 1951 жылы жогары оку орындарының студенттеріне арналған шығарған «Көне түркі жазба ескерткіштері» деген кітабына да енгізілді.

«Рабғұзи қиссаларының» жеке үзінділері Н.П.Остроумовтың (1874 ж.), Н.Ф.Катановтың (1894 ж.) мақала енбектерінде бар.

И.Ф.Катанов «Мұсылман ақыздары» деген мақаласында Қытайдың Гань-Су-Синь-Цзян провинциясын аралаганда жергілікті мұсылмандардың айтуынан жазып алынған кейбір ақыздарды Құранмен, «Рабғұзи қиссаларымен» салыстыра қатар жарияладап, өзара ұқастығын көрсеткен.

«Рабғұзи қиссалары» әдеби мұра ретінде өзбек әдебиетінің тарихында ертеден қарастырылып, 1950 жылы М.Айбектің алғы сөзімен шыққан «Өзбек әдебиетінің антологиясында» жарияланған.

Бұл ескерткіш қазақ әдебиеттану ғылымында бірінші рет 1967 жылы профессор Б.Кенжебаевтың басшылығымен филология факультеттерінің студенттеріне арналып шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты хрестоматияға енгізілді. Мұндағы үзінділер «Рабғұзи қиссаларының» 1914 жылғы Қазан баспасынан алынып жарияланған. Ал, зерттеушілер F.Айдаров, Ә.Құрышжанов, М.Томановтың филология факультеттеріне арналған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971) деген окулығында ескерткіштің жазылу тарихы, әртүрлі көшірмелері жайында бір-қатар мәліметтер берілген.

«Рабғұзи қиссалары» туралы арнайы зерттеулер кітапты тілдік-лингвистикалық түрғыдан талдауға арналған.

«Рабғұзи қиссаларының» алғаш колға алынған кезінен бастап, қазірге дейінгі зартtelі барысын қарастыра келгенде көретініміз: ескерткіш – тілдік-лингвистикалық жағынан бірқатар толық зерттелген, ал оның әдебиеттік сипаты сез арасында, шолу ретінде ғана айтылғаны болмаса, арнайы зерттелмеген.

Бұл ретте профессор Бейсембай Кенжебаевтың арнайы мақаласының танымдық мәні зор болғанын айта керек. Онда ғалым ескерткіштің 1914 жылғы Қазан баспасы бойынша сюжетін, құрылышын, басты ерекшеліктерін, кейбір жеке әңгімелерін талдайды. Біраз мысалдар келтіреді. Осы кезге дейін атына ғана қарап, діни шығарма деп, ескерткішті керексіз дүние санап жүрген сыңаржак көзкарастарға қарсы нақты дәлелдер айтады. 1951 жылы С.Е.Малов: «Басқа көне түркі ескерткіштері сияқты бұл ескерткіштің де мән-мағынасын ашу, тарихи-әдебиеттік жайын зерттеу жағы елі басталған жок деуге болады», – деп жазған еді. Одан бері біраз уақыт өтсе де, ғалымның бұл ескертпесіне пәлендей назар аударыла қоймаганы байкалды. Оған бір үлкен себеп: кейде сонау көне замандардан, талай қоғамдық, тілдік өзгерістерге ұшырап, бізге санғасырларды асып жеткен ескерткіш мұраларға «өзінің бұрынғы озық ой-пікірлерге қосқан жаңалығы, сол тұстағы әдебиетті дамытудағы аздық-көпті үлесі қандай?» – деп қарамай, қазіргі заманымыздың биігінен, қазіргі талап тұрғысынан қарайтынымызда болса керек. Эр дәуірдің ескерткішін өзін тудырған қоғамдық-әлеуметтік құрылышқа тығыз байланыстыра тексергенде ғана оның сан-салалы сипаттары ашылатыны кейде ескерілмей қалатын тәрізді. Сөйтіп, шығарма терең зерттелмегендіктен, ол туралы үстірт пікірлер тууы да мүмкін.

Мысалы, «Рабғұзи қиссалары» жөнінде осы күнге дейін әр түрлі пікірлер болып келді. Бірі оны дүниәүи сипаты мол құнды мұра деп караса, енді бірі діни кітап, қажеті шамалы деп біледі. Алғашқы пікірдің дүрыстығын зерттеуші Н.М.Маллаев былай деп дәлелдейді:

«... Рабғұзи қиссаларының» тематикасы, идеялық бағыты негізінен діни сипатта болғанымен, жазушының жеке дүниәүи әңгімелері мен өлеңдері көркем әдебиеттің дамуына игі ықпал етті. Рабғұзидың творчестволық қызметінде діни-мистикалық аныз берілген, оның дүниәүи өмір шындығы қатар беріле отырып, осы екі көзкарас өзара белгілі дәрежеде күресіп жатқаны байқалады.

... «Рабғұзи қиссаларында» діни нағымға тікелей қатысы жок, жер бетіндегі тірлікке бағытталған әңгімелер бар. Мұндай әңгімелердің дидактикалық, танымдық мәні зор.

«Рабғұзи қиссаларын» оқи отырып, осы айтылған пікірлердің орынды екенін аңғару киын емес.

«Рабғұзи қиссаларының» негізі шығыстан – араб, парсыдан келген әңгімелерден тұрады. Ежелгі араб, парсы арасында туған, бірден-бірге ауысып келе жатқан сюжеттерден алынған аударма-нәзира шығарма.

Автор ескі кітаптардан оқыған, ауызша естіген аныз-әңгімелердің құрастырылған, дамыткан. Сипаты, жалпы характеристикалық жағынан, идеялық, такырыптық мазмұны жағынан алуан түрлі.

Бұрын да түркі тілдерінде жазылған дидактикалық сипаттағы «Хибат-ул-хакаиқ», «Диуани Хикмет» (XII ғ.) сиякты кітаптар болған еді. «Рабғұзы қиссалары» олардан мазмұны жағынан өзгешерек болып шыққан. Кітап жалан өснет, уағыз түрінде емес, қызық сюжетпен баяндалады. Шығармада барлығы 60-тай (колжазбада – 42; баспасында – 64) «қисса» деген атпен берілген бөлек әңгіме-аңыздар бар. Оларды мазмұнына қарай мынадай топтарға бөлуге болады:

Табиғат, дүние құбылыстары, жаратылыстың пайда болуы жайындағы діни-мифологиялық әңгімелер.

Дінді таратушылар, халифалар, тарихи адамдар жайлы деректі, дерексіз әңгімелер, аңыз-қиссалар.

Ауыз әдебиеті үлгілері, өлеңдер.

Жаратылыстың пайда болуы жайындағы әңгімелер өз түсындағы діни түсінік рухында жазылады. Шығарманың жазылған дәуірін, қоғамдық жағдайын ескерсек, мұндай түсініктер ол заман үшін ғылыми мәні көне замандардагы адамдардың дүниетанымынан хабар беретіндігінде болса керек.

Ғылыми шындықка сай келе бермейтін, діни түсініктерден туған әңгімелер «Қиссада» мына түрлі:

Құдай Жәбірейілді үш түрлі топырак алып кел деп жұмсайды. Жер: «Менен топырақ алма», – дейді. Жәбірейіл жердің көңілін қимай, қайтып келеді. Құдай Ісраифілді жібереді. Ол да алмай қайтып келеді. Ең соңында Әзірейілді жібереді. Жер Әзірейілге де жалынады. Әзірейіл: «Сенің сөзінен Алланың ұхқімі құшті», – дейді де, жерден үш түрлі топырак алады. Құдай Әзірейілге: «Сенің көңілін бәрінен қатты екен. Бұдан былай адамның жанын алатын сен боласың!» – дейді. Содан адамның жанын Әзірейіл алатын болады. Топырактың түсі әр түрлі болған соң, дүниедегі адамдардың түрі де әр түрлі болады.

Адамның басқадан емес, топырактан жаратылу себебі: Тау: «Мен бікіпін, менен жарат», – дейді, алтын: «Менен жарат, мен әзизбін», – дейді, сойтіп, теңіз, аспан, су – барлығы таласады. Сол себепті адамды жерден жаратады. Алла Тағала жанға: «Адамның тәніне кір!» – деді. Жан басқа кірді, көзге келді. Адам өзін-өзі көрді. Мұрынға келді. Адам түшкірді. Жан көкірекке келді. Адам ғаламдағы бар нәрселердің есімін білді, мың түрлі тіл білді. Жан беліне келді. Адамға: «Орныңнан түр!» – деп бұйырды. Адам тұра алмады. Жан адамның құрсағына кірді, адам тамак тіледі. Адамның денесіне қан жүрді. Жанға: «Күшпен кір, күшпен шык!» – деді.

Адам үйқылы-ояу жатқанда сол жақ қабыргасын алып, одан Хая абаны жаратады. Ояу болса, қабыргасының ауырғаны білініп, жанына

батады, қатты қиналған соң Хаяны жек көретін болады, ал үйқыда болса, Хаяның өз қабыргасынан жаралғанын білмей, жат көруі мүмкін деп, әдейі үйқылы-ояу кезінде жаратады. Жұмақта Ібілістің азғыруымен Құдайдың тыйым салған бидайынан жеп койып, екеуі сол үшін жаза тартады: жұмақтан қуылады.

Табиғат әлемі, жаратылыстың құпия құбылыстары адам баласын ерте замандардан таң қалдырып, кейде тіпті үрей тудырған. Ол табиғаттағы нәрселердің жанды касиеті бар, олар сөйлей алады, сезінеді деп түсінеді. «Жабайы адам жан-жануардың, табиғат заттарының өмірін адам өмірінен басқа деп білмейді. Олар адам сиякты сөйлейді, сезеді... Ол жануарлар не істесе де, адам сиякты біліп, сезіп істейді, өзара сөйлеседі деп түсінеді... Ол өзен-судың, тау-тастың тіршілігін де осылай деп ұгады... Жабайы адам табиғат құбылыстарын адам өмірінде болатын құбылыстар тәрізді, оны да бір күш әдейі осылай істеп отыр деп біледі». Мұндай көріністерді шығармада жердің қиналып жылауынан, таудың, тастың, алтын, судың сөйлеуінен байқауға болады.

Бастапқы адамдардың ұғымына сыймайтын сан түрлі жұмбактардың бірте-бірте ашылуы үшін қаншама замандар өтті. Адам баласының фантазиясы сол шындықты іздеу жолында толып жатқан жорамалдар жасады, есепсіз көп әңгімелер туғызыды. Жоғарыдағы әңгімелер адамның дүниенін шын сиррын білуға құмартуы, аңсауының бейнелі көрінісі деуге болады. Мұнда адам аспан, тау-тас, орман қалай пайда болған, адам организмінің құпиясы қандай, ол неліктен өледі, тағы басқа сұраптарға жауап ізделеген.

«Дүниенің жаралуы туралы ұғым алғашқы қоғамдық құрылыштың ыдырау дәуірінде қалыптаскан. «Дүниені жаратушы» туралы идея антроморфизмің бір көрінісі, яғни бұл идея адамның өзі және өзінің іс-әрекеті, қабілеті жайлы ұғымын табиғатқа салыстыра байланыстырудан туған. Адамдар кару-жарап және басқа заттарды қолдан жасайды, олай болса, онда дүниені де біреу жаратты деп ойлаған. Тек ол жаратушы кәдімгі адамға қарағанда ерекше, ұлы деп түсінген». Кейбір діни ұғымдар өте көне тайпалардың аңыз-әңгімелерінің негізінде туды. Сондай аңыздың бірінде айттылатын жердің алты күнде жаралуы жөніндегі наным-түсінік Библияға, Құранға, басқа да діни кітапқа енді.

«Рабғұзы қиссаларына» ол аңыз-әңгіме Құран арқылы келген. Себебі, мұсылмандардың нанымы бойынша, Құран дүниені билеуші күштің өзі жіберген бірден-бір касиетті кітап. Бірақ тарихта ондай кітаптардың бірнешеуі белгілі: Төурат (Библия), Зороастризм дініндегілердің Зендавеста кітабы, будда дініндегі үнді, жапон, қытай, монголдардың Махаяна, үнді браминдерінің – Ригведа, жана индуизмінің – Махабхаратада және Рамаяна кітаптары, тағы басқалары бар. Ал, шын мәнінде Құранның

әңгімелері өзіне: «Ерте замандардағы арабтардың пүтка табынушылығын, христиан дінінің азыздарын, ежелгі Иран дінінің қалдықтарын арқау етті. Әрбір діннің мәнді-мәнсіз уағыздарын қабылдап, олардың көбін араб жағдайына сәйкес басқаша түсіндірді, оларға жаңа тұр, жаңа сипат берді».

Сонымен, Құранда, Библияда және басқа діни кітаптардағы дүниенің, адамның жаралуы жөніндегі әңгімелерде бір-бірінен айнымайтын, үнемі біркелкі келетін бірнеше ұксас деректер бар. Олар: дүниенің пайда болуының алты күн оқигасы, Ҳауаның қабыргадан жаратылуы, Адам ата мен Ҳая анатының ұжмактан қуылуы.

1966 жылы поляктың белгілі ғалымы, жазушысы Зенон Косидовскийдің «Библейские сказания» атты кітабы Москвада басылып шыкты. Бұл кітап будан бұрын да бірнеше тілге аударылып, көп елге тараған еді. Қарапайым окушылардың да, ғалымдардың да назарын қатты аударып, атеистердің колдан түсірмейтін өткір каруына айналды.

Кітаптың алғысөзінде автор өзінің мақсатын билай көрсетеді: «Меніңше, өткен замандардан келген сұренсіз мұралармен, ғылымның қаруымен құресу тиімді. Ғылымның ең жаңа жетістіктеріне сүйеніп, кейбір нағым-сенімдердің өтірік, алдамшы, қисынсыз екенін көрсете керек, олардың заңдылығын біздің қазіргі астрономия, астрофизика, атомистика және биологияның салтанат құрған ғасырында әлгілердің қандай жабайылық, балалық екенін ашып көрсетеу, айқындау қажет».

Зенон Косидовский, өзі айтқандай, кітабында археология, астрономия, тарих, этнография, әдебиет-тіл тарихы тағы басқа ғылымдардың ең соңғы жетістіктерін нақтыладап, тексеріп пайдаланған. Библияның «Ветхий Завет» кітабында айтылатын толып жатқан оқиға, әңгімелердің сырын, түп-тамырын ашкан. Сөйтіп, қазіргі ғылым діни кітаптар – «құдайдың сөзі, құдай жіберген» дейтін аңыздардың жалғандығын жалаң сезбен емес, ғылымның бұлтартпайтын қаруымен дәлелден отыр.

«Рабғұзидегі» кейбір «қалыптасқан сюжеттердің» түп негізі, дүниенің жаралуы, жерді топан су каптауы туралы аңыз және басқалар вавилон мифологиясынан алынғандығы дәлелденіп отыр. Мысалы, христиан, ислам дінінің негізгі концепциялары бұл діндердің шыгуынан көп бұрынғы бір мәліметтерден алғынған» болып шыкты. Ал, ол мәліметтерді өте ертеде өмір сүрген бір адамдардың фантазиясы туғызған. Әңгімелер ғасырлар өткен сайын өндөліп, өзгеріп, жамала берген. Олардың сырын әр түрлі қолжазбалар кезінде табылған шумерлердің клинопись (сына жазулар) жазбалары ашып отыр (Біздің жыл санауымызыдың үш мыңдай жыл бұрын шумерлер тамаша қалалар, көркем ескерткіштер туғызғандығы белгілі). Қазба кезінде табылған шумерлердің ұлттық батыры Гильга-

меш туралы эпос та сол үлкен мәдениеттің қалдығы.) Лондондағы Британия музейінің қызметкері, археолог Джордж Смит сына жазбаларынан «Энума Элиш» атты бір поэманды оқып шықкан. Сондағы қөктің, жердің, дүниенің алты күнде жаралуы, адамды алтыншы күнде жарату, тағы басқалары кейінгі діни кітаптардағы «қалыптасқан сюжеттерге» дәл келеді. «Адам мен Ҳауаның жаратылуы» жөніндегі діни аңызды да біздің жыл санауымыздан бірнеше мың жыл бұрын өмір сүрген адамдардың фантазиясы туғызғандығы дәлелденіп отыр. Археологтар ертедегі Месопотомия калаларының орнын қазу кезінде осы аңызды бейнелейтін сурет тапқан.

Библия мен Құрандағы Ҳая анатың Адам сиякты топырактан емес, қабыргадан жаралуы ғалымдарды ойға қалдырып келді. Бұл оқиғаның негізі қайдан, қалай алынғандығы көпке дейін жұмбак болды. Оның сыры кейін Вавилонның ескі қаласын қазу кезінде табылған клинопись жазба арқылы ашылады: Шумер мифі бойынша Энки құдайдың қабыргасы ауырады. Әйел құдай Нинти оның ауырған қабыргасын жазады. Шумер тілінде Нин – әйел, ти – қабырға деген мағынаны білдіреді екен. Сонда «қабыргадан шықкан әйел» деген ұғым туады. Бірақ Нинти өзінің екінші бір «Өмір беруші әйел» – деген мағынасы да бар екен. Кейін ескі тайпалар Нинтиді Ева деп атап, шумер аңызындағы құдайдың қабыргасын жазған оқиға өзгеріңкіреп, «қабыргадан шықкан», «қабыргадан жаралған» болып кетеді.

Бір айта кететін жай, мифтік аңыздардың барлығы бірдей қиялданғана тұмаған. Олардың кейбіреулері өте ежелгі замандарда болуы мүмкін оқиғаларды да түспалдап баяндайды. Сондықтан да тарихшылардың аңыз-әңгімелердің көмескі сүрлеуін күа отырып, бір тарихи деректің ұштығына тірелетін кездері де аз кездеспейді. Осындай деректің ұштығы жер жүзіндегі әр түрлі тайпалар мен халықтардың ескерткіштерінде мол кездесетін «Топан су» аңызынан шығып отыр. Рабғұзидегі бұл аңызың біраз орын берілген: Жер жүзін топан су каптар алдында Құдай Нұхқа кеме жаса деп бүйірады. Нұх кеме жасайды. Кемені үш қабат қыладады. Бір қабатына хайуаныттың әр түрінен, екінші қабатына адам, үшінші қабатына құстың әр түрінен алады. Қырық күн, қырық түн жанбыр жауады. Сел болып, жер бетін топан су қаптайды. Судың биіктігі қырық аршын болады, ең биік деген таудың өзінің басынан асып кетеді. Дүниеде қыбырлаған жан, макұлық қалмайды, барлығы харап болады.

Діни нағымның түсінігінше: ол топанды жер бетіне жіберген бір тылсым күш адамдарды дінге кірмегені үшін жазалап, оларды құртпақшы болған.

Нұхтың кемесі Жұдды тауына токтайды. (Библияда – Аарат тауары, қазак ұғымында – Қазығұрт тауы, «Гильгамеш» эпосында – Нацир, грек анызында – Офрис (Парнас) таулары.) Содан жер бетіндегі адамдар Нұхтың балаларынан тарапты-мыс.

Осындағы нөсер, топан су туралы жазылған мәлімет шумерлердің клинопись таңбаларынан табылған. Джордж Смит бір күні таңбаларды реттеп отырып, бірнешеуінен «топан су» жайлы аныздың үзіндісін оқыған. Дж.Смиттің ашкан жаңалығы жарияланысымен, оған діни қызметкерлер катты карсы шығып, бұл кездейсөк нәрсе деп көрсетпек болады. Джордж Смит ашкан жаңалығын жеріне жеткізе аныктап шығу үшін Месопотамияға жол шекті. Онда орасан ұлken қазба орынан аныздың қалған белгілі жазылған таңбаларды тауып алған. Онда Нұх Утнапиштим деп аталған.

Тағы бір Вавилон эпосында Эа құдай алда болғалы тұрған топан суды Убар Тутудың ұлы Ксисутроска ескерткені жайлы жазылған.

«... Ағылшын этнологы Дж. Фрезер Солтустік, Орталық және Оңтүстік Америкадағы 130 тайпаның ішінде бұл туралы аныз қылмайтын бірде-бір тайпаның жоқтығын атап өтеді».

Ежелгі Мексиканың «Чимпалпопока» кодексінде былай делінген: «Аспан жерге төніп келді де, бір күннің ішінде бәрі опат болды. Таулар да судың астына тұсті. Тастар балқып, сақылдан қайнап, көкке қып-қызыл таулар көтерілді».

Ал үндістердің киче тайпасының абыздары «Пополь – Вух» кодексінде былай деп жазған: «Топан су қантады... Жер бетін қараңғылық басып, қара жаңбыр жауды, күндіз де, тұнде де нөсер... Адамдар жанталасып, бет-беттеріне қашты...»

Амазонка бассейніндегі үндістердің аныздарында да бір күні корқынышты ғүріл мен құлак тұндырған ғұрслылік естілгені, дүниенің қараңғылыққа көміліп, содан кейін нөсер құйып, жер бетін топан су басқаны айтылады. Сірә, сол тұста тау пайда болу процестері жүріп жатса керек.

Англияның археологы Леонард Вулли Еスキ Шумер қорғандарын казу кезінде он төрт метр терендіктен біздің жыл санауымыздан үш мың жыл бұрын көмілген Шумер патшасының сүйегін тапқан. Фалым топырақтың ерекшеліктеріне қарап, мұның астында (1 метрден де терендеге) бұрынғы адамдар тіршілігінің қалдықтары бар деп болжаган. Одан әрі казып келгенде үш метр терендікке дейін (барлығы 17 метр) ештеңе шықпаған. Ал онан да теренірек тұсқен сайын өте көне заманда жасаған адамдардың отының күлі, керамика бүйімдарының сыйнұктары, кірпіштер табылған. Фалым оған дейін үш метр жер қабатынан тіршілік белгісі байкалмауын.

сол кезде катты бір тасқын су апаты болып, адамдарды жойып жіберген, су қайтып, жер құргағаннан кейін басқа адамдар келіп, Месопотамияға қайта орналаса бастаған деп түсіндіреді.

Бұл алат бірқатар ғылыми материалдардың көрсетуі бойынша, шамамен біздің жыл санауымыздан бұрынғы он бір мыныншы жылдарға сәйкес келеді. Бул туралы археолог, этнограф, діндердің шығу тарихымен айналысып жүрген ғалымдардың пікірі екіге жіктеледі. Тарихи негізі бар дегенді қолдаушылар жоғарыдағы деректерге сүйенеді. Екінші топтағы ғалымдар ол әнгіме «Красная шапочка» мен «Снегурочка» оқиғасы сиякты жай ғана аныз деп есептейді.

Жер жүзіне тарап кеткен бұл аныздарды тудыруышылар көне заманда өмір сүрген, тегі, тілі әр түрлі тайпалар. Олар: хандықтар, финикийліктер, филистимляндықтар, тағы басқалар.

Рабғұзидың бірақ киссалары – Құранда, Ислам ұғымында пайғамбар деп есептелінетін көбіне мифтік, кейде тарихта болған адамдар жайындағы әңгімелер. Әңгімелердің арасында құранни қағидалардан үзіндідәлелдер келтіріп отырған. Әңгімелердің негізгі өзегі сонда баяндалған оқиғалардан алынған.

Құранды көп жылдар бойы тексеріп, зерттеген арабтанушы ғалымдар оны араб әдебиеті мен мәдениетінің, тарихының көне ескерткіші деп бағалайды. Белгілі зерттеуші И.Ю.Крачковский: «Құран – Исламның ерте дәүірі тарихын бейнелейтін кітап, араб прозасының, әдеби тілінің негізі болған ескерткіш... Құран – дүниежүзі әдебиетінің ескерткіші», – деді. Құрандағы мифтердің біразы «тәурат», «Інжілдің», Исламға дейінгі арабтың аныз-әңгімелерінен алынған. Оның бір бөлігі – пайғамбарлар жайлы аныздар. Пайғамбарлар өмірі туралы, құраннан басқа, араб тілінде де діни кітаптар шыққан болатын. Рабғұзидегі пайғамбарлар туралы әңгімелердің негіздері осылардан алынған. Ол пайғамбарлар: Адам (Адам), Нұх (Ной), Әбраһим (Авраам), Исхақ (Исаак), Исаим (Исаим), Жакып (Яков), Жусіп (Иосиф Прекрасный), Лұт (Лот), Мұса (Моисей), Харун (Аарон), Айуб (Иов), Шұғайұб (Чофор), Дәүіт (Давид), Сүлеймен (Саламон), Илияс – Хызыр (Илья), Иса (Иисус Христос), Жұніс (Иона), Армия (Іеремия). Араб аныздарынан алынғандары: Лұқман, Зұлқарнайын, Салых. Бұлардың араб аныздары екенін Құран әңгімелеріне қарап И.Ю.Крачковский көрсеткен еді. Ал Л.И.Климович: «Зұлқарнайын – Қосмұйызді VI-VII ғасырдағы Сирія аныздарына сәйкес келеді», – дейді.

Көне замандардағы адамдар айналадағы түсініксіз құбылыстарды, өзінің акыл-ойына сыймаған белгісіз нәрселерді бұл ерекше күш, құдай деп есептеген. Сол сиякты бойында ерекше қасиет бар адамдарды, күштілікті, ерлікті, ептілікті, олар басқалардан дараланып тұратын

болғандыктан, «құдайдың қасиеті», «құдайға жақын» деген. Ондай қасиеттері бар адамдар басқаларды таң калдырады. Аттары азызға айналады. Анызға айналған адамдардың кезінде шешен, уағызы болуы, жауынгер – көне заманның батыры болуы, айрықша өнері бар адамдар болуы да мүмкін.

Ескендір Зұлкарнайынды алайык. Ол – тарихта әбден белгілі атақты Александр Македонский. Бұл адам туралы халыктар неше түрлі әңгімелер, мифологиялық сюжеттер, аныздар туғызыған. Оны қәдімгі адам емес, «құдайдың жібергені» деп ойлаған. Шығыста Ескендірдің колбасшылығынан гөрі, халыкты қырып-жойған жауыздығын айтудан гөрі, «пайғамбарлығы» жайлы аныз басым болып кеткен. Өмірбаяны да түрліше өзгеріліп айтылған.

Александр Македонский Иранды басып алғанда аксүектер, абыздар ортасында: ол Македония патшасы Филипптің баласы емес, Иран патшасы Дарий II-нің баласы, Иран тагының заңды мұрагері деген әңгіме тараған. Одан бұрын Египетті жаулаганда ол Египет абызының баласы болып шыққан еді. Сол сиякты Мұхамедтің өмірбаяны да адам сенбейтін аныздарға толы.

Культке айналған әулие, пайғамбарлар әр түрлі елдерде-ак бар. Мысалы: Грецияда – Гермес, үнділерде – Браhma, еврейлерде – Авраам, Моисей, парсыларда – Зороastr, христиандарда – Иисус. Мұсылмандарда – Мұхаммед, тағы басқалар. Халық дінді таратушыларды «бізге жаңа дінді экелген, шындыққа көзімізді ашқан адам» деп қастерлеп, есте берік ұстап, оларға мінәжат етуді парыз санаған.

Пайғамбарлардың бәрі бірдей тарихта болған адамдар емес. Тәураттан алынған пайғамбарлар есімі көне қалалардың, тайпалардың аты болуы да, олардың өмірі сол тайпалардың басынан кешкен оқиғалардан алынған жиынтық әңгімелер болуы да, тайпалардың кесемдері, патшалары болуы да мүмкін. Мысал үшін: З.Косидовскийдің зерттеуінше, Авраам Хананнан Месопотамияға ауысқан бір тайпаның мифологиялық жиынтық бейнесі.

Ал, Лұқман пайғамбар – біздіңше, ақылды, көреген қарттардың жиынтық образы, ауыз әдебиетінен, аныздан алынған кейіпкер.

Ондай адамдарды да пайғамбар деп санаған. Діни ұғымда пайғамбарлардың адамдың бейнесі қомескіленіп, мифологиялық бейнеге айналған. Әулиелерге сыйыну салты, әулиелердің культі де соның бір қалдығы болса керек.

Әлі күнге дейін діни сенімдерден ұзап кете қоймаған кейбір көрікіслер Түркістандағы Қожа Ахмет Яссаудің мовзолейіне барып түнейді, сыйынады. Оны әулие көреді. Ал, шындығында, Яссауи – XII ғасырда

өмір сүрген, «Диуани хикмет» атты діни-дидактикалық кітап жазған, сол кездегі мәдениетті, әдебиетті жетік білген өз ортасының білімдар адамы.

Түркістандың жаңында Моңғол шапқыншылығынан бұрынғы Сығанақ қаласында әл-Сығанақи деген ақын өмір сүрген. Ол да Яссави сиякты білімді, ақылды кісі болған. Кейінгі адамдар ақынның атына байланысты қаланы Сунак-ата деген. Сунакатага кей кіслер барып, табынған, түнеген. Оның керемет құшіне, әулиелігіне сенген. Пайғамбарлар жайлы азыз-әңгімелердің тууы, қалалардың, тайпалардың басынан өткізген өмірі, оқиғасы, тыныс-тіршілігі жиынтық образға айналып кететіндігі де осындейдан болса керек. Бірнеше мың жылдар бойы айтылып, жазылып тараған, әр заманға, әр дінге бейімделген аныздардан матриархаттың, патриархаттың, политеизм мен монотеизмнің де белгілерін табуға болады.

«Рабғұзы қиссаларындағы» пайғамбарлар туралы әңгімелердің негізгі өзегі, бастапқы түп-тамыры Құранда жатса да, қиссаларға халықтың фантазиясымен кебейіп, өрбіген, ауызша таралған аныздары, ауыз әдебиетінің үлгілері көп енген. Діни дидактика, мораль, этика мәселелері қызығылтықты оқиғалармен өріліп жазылған.

Ал пайғамбарлар жайлы қиссаларда олардың кереметін баяндауға көп көңіл бөлінеді. Ондай әңгімелерде пайғамбарлардың халықтың дінге үндеуі, сол жолда мекнат шегуі, өзін құдайдың жіберген адамы екенін дәлелдеу үшін керемет сиқырлы құбылыстар көрсетуі баяндалады. Мысалы: Салых қиссасы. Салыхтың атасы Қасурды бұтқа табынушылар зынданға тасталды. Оларды алдаған, Қасурғе әдейі қастық ойлаған Ібіліс болатын. Ібіліс адамдар келіп, бұтқа табынып жатканда, бұттың ішінен корқынышты дауыспен: «Уа, менің құлдарым, Қасурды зынданға тастандар!» – деп айқайлады. Жұрт оны Құдайды бұйрығы деп ойлады да, дереу айтқанды орындейді. Қасур зынданда қырық жыл жатады. Бір күні Жәбірейілге Қасурды босат деген жарлық келеді. Ол босатады. Қасур бұл жерден кетпек болады. Ұзақ жүріп, бір тауға келеді, үнгірдің ішіне кіреді. Ұзақ үйқыға кетеді. Оның Загұм атты әйелі бар еді. Ол Қасурдың қайғысынан диуана болған-ды. Құндерде бір күн бір құс келіп, Загұмға: «Сен менің сонынан ер!» – дейді. Құс оны таудың ішінде жаткан Қасурға алып келеді. Загұм Қасурға: «Сен кеткелі жұз жырма жыл болды, кайда жүрдің?» – дейді. Қасур оқиғасын айтады. Екеуі қөріседі. Қасур көп тұрмай, сол күні-ак өледі. Загұм қайтады. Екіқабат болады. Құс: «Жұрт сенен бұл баланың әкесі кім?» – деп сұраса, осы тауға ертіп келіп, Қасурды көрсет дейді. Құстың басы ак, тұмсығы сары, бауыры қара еді. Загұм оның себебін сұрайды. Құс: «Қабылдың Әбліді өлтіруіне себеп болдым. Соны үшін басым ағарды, ұжмақтың шебін жегендіктен, тұмсығым сары болды, тозактың үстінен үшіп бара жатқанда, от тиіп,

бауырым содан кара болды», – деп жауап береді. Загұмнан Салых туады. Сол елдің билеушісі: «Егер айтқаның өтірік болса, паршалап өлтіремін», – дейді, Загұм Мәлікті тауға ертіп келеді. Үңгір екіге жарылады. Мәлік ішіне кіреді. Сонда іштен Қасур үн қатты. Билеуші Қасурдың сөзін есіті, Загұмға: «Сөзің рас екен, баланы маған бер, мен асырайын, тәрбиелейін», – деді. Загұм келіседі.

Салых өсе береді. Бір күні Жәбірейіл жас жігіт бейнесіне еніп келіп, Салыхты шаһардан шығарып әкетті. Бір үлкен алғанға әкелді. Сол жерге өзі алтын, жапырағы күміс ағаштар өсті, үйлер пайда болды. Ертеңіне халық көріп кайран қалды. Салых елді мұсылмандыққа үгіттеді. Үш жұз кісі мұсылман болды. Салых құлшылық етіп, сәждеге басын қойды. Со заматта үйіктап кетті. Содан үш жұз қырық жыл үйіктады. Баяғы мұсылман болған үш жұз кісі әлдекашан өліп кетті. Оянған соң, жұртты тағы дінге үндеді. Жұрт сенбеді. «Шын пайғамбар болсан, тастан өзі буаз қызыл түйе шығар, көз алдымызда боталасын», – деді. Салых дұға қылыш еді, тастан түйе шықты, боталады. Ұыз сүтін жұрт ішіп тауса алмады. Оның есесіне түйе бір ішкенде, құдықтың суын құрғатты. Сонан былай суды бір күн түйе, бір күн халық ішетін болды.

Сол елде бір айлакер әйел тұрушы еді. Сол әйелдің қызына бір жігіттің көнілі ауады. Үйіне келеді. Әйел: «Сізге тамақ істеп берер едім, су жоқ. Түйе судың берін ішіп қойды. Сол түйені өлтіретін бір баһадүр жігіт табылмады-ау», – деп жігітті кайрайды, азғырады. Жігіт түйені қылышпен шауып өлтіреді. Ботасы қатты қиналып, үш рет бақырып, тасқа кіріп кетеді. Салых: «Ботаның үш рет бақырғаны – сендерге үш күнге азап келмегі», – дейді. Жұрт үш күннен кейін айтқаныңдай азап келмесе, Салыхты өлтірмекші болады. Үш күн өткен соң, аспаннан қатты үн естіліп, жерден от шығады. Адамдар қүйіп кетеді.

Біз «Салых киссасы» пайғамбарлар туралы әңгімелердің көбінің жалпы сипаттын аңғартатын болғандықтан, оны толығырақ келтірдік. Қиссадан табиғаттың от, су, жел сияқты дүлей күшін бұрынғы адамдардың құдайдың жіберген жазасы деп түсінгендей байқалады.

Ал, шындығында, «аспаннан қатты үн естіліп, жерден от шығуы» табиғатта бола беретін құбылыс қой. Күн күркіреп, наизағай шатырлап, аспаннан жай түсіп, жерді, үйлерді, ағаштарды өртеп жібергенін көзімен көрген, бірақ оның табиғи сырына зердесі жетпеген ертедегі адамның көкірегіне қорқыныш үялап, оны Құдайдың ісі деп түсінген. Ертеде туган діни мифологиялық әңгімелердің оқиғасын өрбіту үстінде мұндай құбылыстар ылғи адамдарды құндысы үшін жазалайтын Құдайдың қаһары түрінде кездесіп отырады.

Құстың адамша сөйлеуі, ақыл-кеңес беруі, көмектесуі де шығыс азыздарында көп кездесетін деталь, тотемдік түсініктің көрінісі.

Пайғамбардың «керемет» көрсетуі ертедегі адамдардың құр қиялынан ғана туды ма, болмаса соган аз да болса, жанасатын бір негіз бар ма?

Керемет жайлы әңгімелердің тууына да адамдардың өмірден көрген, түйген түсінігі тұрткі болды. Эр заманда химия, физика сияқты ғылымдардың дамымаған кезінде, кейбір адамдардың «сиқыр» жасауы жүртты таңғалдырған, шошынқан. Мұны істеткен құдай деп ұққан. Ал шынында, ол сиқыр гипноз, химия-физиканың кереметтері болуы мүмкін. Ондай оқиғалар адам санасында ұзак сакталып қалған. «Салых киссаларындағы» «Тастан түйе шығару» – адам фантазиясымен ұлғайған түрі. Қиссада бұдан басқа да ауыз әдебиетінде көп кездесетін деталдар көп. Олар: Салыхтың 300 жыл үйіктауы, Қасурдың дауысын есітіп, таудың екі айырылуы, өліп қалған Қасурдың сөйлеуі т.б. Салых – жай ғана Ислам дінін уағыздаушы, таратушы адам не олардың жынтық бейнесі: азыз, кисса бойынша пайғамбар делінген, оның іс-әрекетіне неше түрлі діни-мифологиялық оқиғалар араласқан. Бұл киссаны діни-дидактиканың бір үлгісі деуге болады.

Жазба ескерткіштердегі «құдіреттің құштілігін», пайғамбардың адамдарды дінге үгіттеуін баяндағын азыз-әңгімелер осылар тектес. Бұлардың қатарына жататындар: Мұхамедтің мигражға шығуы (көкке көтерілуі), Яхия мен Жұністің кереметтер көрсетуі. Өлген балыққа бір тамшы су тиғенде тіріліп кетуі, мұсылмандыққа үгіттеген әйелдің бала-ларын отка тастағанда өлмеуі, Файсаның тууы, Ыбраһимнің Смағұлды құрбандыққа шалмакшы болуы, Мұсаның хикаялары т.б.

«Христиан аныздарын жасауда неғұрлым оригиналдық бастау болғандар аударма әдебиеттермен келген христиандық көзқарастан туындаған пікірлер емес, орыс өмірінің шындығымен және халықтың ауыз әдебиетімен байланысты реалистік элементтер», – деген еді орыс әдебиетінің көне бастауларын зерттеуші ғалым Д.С.Лихачев. Сондай-ақ «Рабғұзи қиссасы» («Кисса-с Рабғұзи») кітабының да шығармашылық, тақырыптық-идеялық мәні ондағы халықтың ауыз әдебиеті үлгілерінен алынған не сол үлгімен жазылған, аз да болса реалистік, шындық элементтері кездесетін, өмірге жанасымды көркем әңгімелерден көрінеді деп ойлаймыз. Ондай әңгімелерге қастық, достық, адамгершілік, зұлымдық, ізгілік, бірлік, кайырымдылық, қарапайымдылық, мактансуйғіштік, көрсекзызарлық, махаббат мәселелері сөз болады. Кісінің бойындағы жақсы-жаман қасиеттері мен іс-әрекеттері неше түрлі қысқа да қызық, тартымды кисса-әңгімелерде беріледі. Оларда достық, қастықты, қарапайымдылық мактансуйғіштікі, адалдық арсыздықты, әлсіз әлдіні

женип, салтанат құрып отырады. Бұл әңгімелердің нәр алған қайнар көзі халықтың ғасырлар бойы жасаған ауыз әдебиетінде, халықтың ақыл-ой мұраларында екенін осыдан да байқауға болады.

«Нұх қиссасында» қарлығаштың адамға достығы, істеген жақсылығы айтылады: Нұхтың кемесінің түбін тышқан тесіп қояды. Тесіктен кемеге су кіріп, ішінде гілер суға бататын болады. Суды сыртқа төге бастайды. Оған болмайды, кемеге су толып кетеді. Сонда Нұх: «Кімде-кім тесікті бекітсе, тілегін орындаймын», – дейді. Жылан тесікті бітейді. Кейін ол Нұхқа келіп: «Дүниеде ненің еті тәтті болса, соны бер», – дейді. Ненің еті тәтті екенін дәмін татып білу үшін Нұх масаны жібереді. Күтеді. Ол кешігеді. Масаны тауып алыш кел деп қарлығашты жұмсайды. Қарлығаш масаны тауып алады. Одан: «Ненің еті тәтті екен?» – деп сұрайды. Бәрін татып көрдім, адамның қанынан тәттісін кермедім, – дейді. Қарлығаш: Оның дәмі тілінде бар болар, мен көрейін, аузында ашы, – дейді. Маса аузын ашады. Қарлығаш тұмсығымен масаның тілін жұлып алады. Екеуі Нұхқа келеді. Маса қатты ұн шығарғанымен, быжылданап, ештеңе түсіндіре алмайды. Нұх:

Бұл не айтып тұр, неге сөйлемейді? – деп сұрайды. Қарлығаш: Маған жолда айтқан, құрбаканың еті тәтті деп тұр, – дейді. Содан жылан құрбаканың етін жайтін болады. Бұл әңгіме-ертеңі халық азында көп тараған, бірнеше вариантпен айтылады. «қазак ертеңлерінде» «Қарлығаштың достығы» деп айтылады.

Лұқман Хакім қиссасы. (Арабша Лұқман – данышпан деген сөз).

Лұқман – шығыс әдебиетінде көп кездесетін, ақылды, дана, көп жасаған, көпті көрген көне қарттың бейнесінде жүретін сүйкімді, жағымды тұлға. Лұқман туралы аңыз-әңгімелер Исламға дейінгі арабтардың ауыз әдебиетінде мол айтылған. Содан әр түрлі халықтың өзінікі, өзінің данышпан карты болып кеткен. Бірте-бірте оның атына неше түрлі қызық, жаеама әңгімелер косылған.

Рабғұзи қиссасында ауыз әдебиетінде айтылатын Лұқман туралы бірнеше әңгіме-хикаялар «Лұқман Хакім» деген атпен берілген.

Бірінші хикаят: Алла Лұқманға: «Тілесен – пайғамбарлық берейін, жок, болмайды десең – ғылым берейін, кайсысын қалайсын?» – дейді. Сонда Лұқман: «Пайғамбарлық керек емес, ғылым, білім керек. Пайғамбарлық тым ұлық іс, онымен бірге болғанша, ғылыммен бірге болып, адал іс қылайын», – деп ғылымды алады. Сөйтіп, білімдар, көреген, ақылды болады. Жұрттың бері келіп, Лұқманнан ақыл сұрайтын болады.

Ушінші хикаят: Лұқман хакім қарыз сұрап келген кісінің бетін қайтармайтын еді. Бір күні бір кісі келіп, мың алтын алады. Іштей: «Қарызын бермей кетейін», – деп оайлайды. Жолда бара жатып, бір

жерге токтайды. Алтын қызыл жаулыққа ораулы болатын. Бір құс ұшып келеді де, тұмсығымен жатқан түйіншекті іліп алыш, ұша жөнеледі. Құс Лұқманнның үйінің төбесінен ұшып бара жатқанда түйіншек жерге түсіп кетеді. Лұқман түйіншекті көріп таниды.

Карыз алған кісі амал жок, Лұқманға қайтып келеді. Жайын айтып, тағы мың алтын бер деп өтінеді. Ішінен: «Осы жолы берсе, мың алтынның екі мың қылыш қайтарармын-ау», – деп ойлады. Лұқман сұрағанын береді. Алтын алған кісі сауда жасап, сол мың алтыннан он мың алтын пайда табады. Лұқман екі мың алтын береді. Лұқман: «Бірінші мың алтында алғанда, бермей кетейін деп арамдық ойлап едің, ол саған бүйірмады, екінші рет алғанда, адалдық ойлап едің, пайда таптың. Бұдан былай кара ниет болма!» – дейді.

Төртінші хикаят: Лұқман хакімнің қожасы Лұқманға ең жақсы ет асып бер дейді. Лұқман бір қойды әкеліп, бауыздап, тілі мен жүрегін асып береді. Біраз күн өткен соң ең жаман ет асып бер дейді. Лұқман тағы да қойдың тілі мен жүрегін асып береді. Қожасы мәнісін сұрайды. Сонда Лұқман: «Жақсы болмақ та тіл мен жүректен, жаман болмақ та тіл мен жүректен», – деп жауап береді.

Бесінші хикаят: Лұқман ұзақ уақыт жол шекпекші болып, кетерінде ұлына үш есінет айтады: Эйеліне сырынды айтпа, жаңа байығаннан қарыз алма, әкімнің нөкерімен дос болма.

Әкесі кеткен соң ұлы осы айтқандарының растиғын тексеріп, біл-меуші болады. Бір жаққа кетеді де, келерде бір қойды сойып, қапқа салып, арқалап үйіне әкеледі. Эйелі:

Бұл не? – деп сұрайды. «Сен ешкімге айтпа, далада бір кісінің өлтіріп алдым, қаптағы соның денесі», – дейді. Жаңа байығаннан қарыз алады, әкімнің нөкерімен дос болады. Қундерде бір күн әйелімен екеуі жанжалдасып қалады. Эйелінді: «Құдайынды біліп кой, әйтпесе мойныңнан байларатмын», – дейді. Бұл сөзді консы әйел есітіп: «Оны неге байлата-сын?» – деп сұрайды. Эйел: «Ау, халайық, бұл адам өлтірген, мені де өлтірейін деп жатыр», – деп жылайды. Бұл хабар әкімге жетеді. Әкім нөкеріне бұйрық береді. Өзімен дос болған нөкер келіп, мұны байлап алып кетеді. «Босат!» деп өтінсе де, босатпайды. Жолда жаңа байыған: «қарызымды беріп кет!» – деп жабысып, қарызын алып қалады.

Мұны дарға аспақшы бола бергенде, әкім танып қалып: «Сен Лұқман хакімнің ұлысың, бұл іс саған лайық па, неге істедің?» – дейді. Ол болған істі бастан-аяқ айтып береді. Әкім үйінен қапты алдырып, ашып караса, қойдың еті екен. Босатып жібереді.

Алтыншы хикаят: Бір залым патша Лұқман хакінді ұлымен бірге құдыққа тастатады. «білгір болса, көрейін. Осы құдықтан қали аман

шығар екен?» – дейді. Құдықтың аузын диірменнің тасымен бекіттіріп, үстіне егін ектіреді. Лұқман ұлына: «Арқама мініп тұрып, құдықтың қабыргасынан бір кісі отыратында жерді пышакпен ой», – дейді. Содан соң ұлына 40 түйір құрма беріп, сол жерде қалдырады да, өзі ары қарай қазып кете береді.

Лұқман құдықта жеті жыл жатады. Баяғы сұлтан өліп, оның орнына басқа сұлтан болады. Бір күні сұлтан құрма жеп отырғанда, тамагына дәні тұрып қалады. Қандай амал жасаса да, ала алмайды. «Мұның айласын білетін кім бар?» – дегенде, бір карт: «Лұқман деген білгір кісі бар, тірідей құдықта жатканына жеті жыл болды, егер өліп қалмаган болса, мұның یласын сол білер еді», – дейді. Сұлтан деру құдықты аштырып, ішіне адам түсіреді. Ол: «Бір кісі өліп жатыр», – деп қайта шығады. Қарт: «Сүйек бір кісінікі ме, болмаса екеу мә?» – деп сұрайды. Түскен адам: «Бір кісінікі», – дейді. Қарт қайта түсіреді. Бұл жолы өлер алдындағы Лұқманды тауып, құдықтың аузына әкеледі. Лұқман: «Құдықтың жанына үй тіктір, әр түрлі тағам пісірсін», – дейді. Содан соң шарап келтіртіп, үш күн бір-бір қасықтан шарап жұтады. Тіріле бастайды. «Енді бір сандық әкел, денеме жел тигізбей соның ішіне салып, сыртқа шығар», – дейді. Лұқманды сандыққа салып шығарады. Сандықтың ішінде түрлі дәрі кайнаттырып, ішіп үш күн жатады. Лұқман күш-куаты қалпына келіп, орнынан тұрады: оны сұлтанға алып барады. Сұлтанды көріп: «Сіз өз баланызды бауыздатып, жүргеңіп пісіріп жемесеніз, жазылмай, өлесіз!» – дейді. Сұлтан біразға дейін көнбейді. Ақыры өлетін болған соң уәзірлерінің үгіттеуімен көнеді. Лұқман сұлтанның баласын байлатып, алдына әкеледі. Сұлтан жылай береді. Баласының бауыздалғанын көрмесін деп, алдына перде тұттырады. Жасырып бір койдың аяғын байладап және әкелдіреді. «Ей, жігіт, саған ажад, маған бұйрық келді, атаң үшін сені бауыздаймын», – деп койдың тамагынан пышакпен тартып жібереді. Кой қор ете түскенде, сұлтан «аһ!» деп талып қалады. Ол қатты күйініп: «Ah!» – дегенде, тамагындағы сүйек атып шығады. Есін жиып караса, аласы тірі, алдында отыр екен. Сұлтан қатты қуанып, Лұқманның ақылдылығына сүйсінеді. Қөп мал беріп қайтарады.

Жетінші хикаят: Лұқман хакімнің ұлы ержетіп, қалыңдық іздейді. Лайық қыз таппайды. Әр ауылға барған жерде ұлын байладап койып, сабайды. Ел: «Неге ұрасың?» – деп сұраса, Лұқман: «Бұйырған істі ғана орындағаны үшін», – дейді. Ел: «Бұйырған істі орындағаны үшін ұра маекен?» – деп таң қалады. Кундер өте береді. Бір күні бір ауылға келіп, ұлын тағы ұра бастайды. Жұрт жиналады. Олар да Лұқманның сөзіне қайран қалысады. Әйелдер аяп, жылайды. Сонда мұның бәрін көріп тұрған бір қыз: «Уа, ұлken кісі, балан өзі біліп істемесе, мен бұйырмаймын», – дейді. Лұқман карт ұлын босатып, әлгі ақылды қызға үйлендіреді.

«Рабғұзи қиссаларындағы» Лұқман хакім жайындағы хикаяттар тапқыр оқигалармен өте тартымды баяндалған. Олардың халық аузында әбден пісіріп-шираған әңгімелер екендігі анық байқалады.

Хикаяттардағы Лұқман карт құр үағызбен күн кешіп, намазға үйшіп, дінге кірмеген халықты қырып жүрген пайғамбар емес, ақылымен, білімділігімен, адалдығымен озған, ақыл-айласына, еңбегіне сүйенетін адам. Әңгімелер Лұқмандай бол, арамдықтан, кара ниеттілікten, өтірік-өсектен без, білім-ғылым кү, сонда Лұқман тәрізді киындықтан оңай құтыласың деп үретеді. Ерлі-зайынты адамдар бір-біріне бұйрық беріп, бірі би, бірі күл болып күн кешпей, бірін-бірі айтқызыбай үғып, тәтті өмір сүруі керек деп өситет айтады. Ол ушін алған жарың ақылды, адал болсын дейді. Соның бәрі қысқа әңгімелерде жеріне жеткізе айтылып, көнілден берік орын алады.

Бұл тапқыр, тартымды хикая-әңгімелер халық аузында сонау замандарадан айттылып, бізге дейін жеткен болуы керек. Қанша уақыт өтсе де, Лұқман хакімнің осы әңімелерінің бәрі дерлік халық аузында әлі күнге айттылады.

Ескерткіштегі хикаяттардың біреуін (6-хикаят) жырау Р.Мәзғожаев 1946 жылы халық аузынан жинап, жазып тапсырған, «Халық ертегілері» атты кітапқа кірген. («Әкім Лұқман туралы», «қазақ ертегілері», 3-том, 363-бет).

Қазақ ертегілерінде Лұқман атына байланысты айталағын бұлардан бөтен де аныз, ертегілер кездеседі. Мысалы, «Лұқпан ата мен Әділ» («Қазақ ертегілері», 3-том, 343-бет), «Лұқман Әкім» (тапсырған Ә.Марғұлан) т.б.

Хақыта «Көплен көрген ұлы той», «Көп түкірсе – көл», «Көптен бөлінген көмусіз қалады», «Береке, бакыт – бірлікте» деген макал-мәтелдер бар. Мағынасы – бірлікке, ынтымаққа, берекеге шақыру, соны мұрат тұтқан кісінің мәртебесі биік болатындығын тұспалдағандығы белгілі. Халықтың ауа жайылған, тойымсыздықпен қолда барын қызға-намын деп, көптен бөлініп, кара басының күйкі тіршілігін күйттеген өрісі тар, санаасы саяз, дүниекоңыз жандарға айткан бір нақыл ескертпесі іспетті. Осы мақалдардың мысалы «Рабғұзиде» де кездеседі.

Аһил Хайруан қиссасы. Бір кісінің он екі ұлы және бір ұлкен мәуелі багы бар еді. Мәуесінің бітіктігі сондай, жемісі бір жылдан келесі жылға дейін жетуші еді. Ол кісі бақтың жемісін жинастын уақытта кедейлерді шақырып, қакқанда ағаш түбіндегі кілемнің үстіне түскенін өзі алып, сыртына түскен жемісті соларға беретін. Жұртпен бірлесіп, тез жинап алатын. Бір күні әлті кісі кайтыс болады. Жылдағы жемістерін жинастын уақытта балалары: «Атамыз жемістерді жүткө айтқандағын беруші еді,

енди өзіміз ешкімге көрсетпей, жасырып жиып алайык», – десті. Түнде жасырынып баққа барады. Жинамақшы болды. Сол кезде қатты жел тұрды, бір-бірін көрmedі. Жемістері қап-қара күйік болып, жеуге жарамай қалды. Олар өкінді, бірін-бірі кінелады. Ең кішісі: «Бұған бәріміз де кінәлымыз», – деді. Бәрі: «Енді жемісіміз болса, бүтіп ашқараС болмас едік», – десті.

Содан былай жемістері жақсы өсті. Бітік өскені сондай, мәуесінің бір үзімі он батпаннан болды.

«Рабғұзикиссаларындағы» әңгімелердің кебінің кейінкере, «пәлен пайғамбар» деп алынды да, солардың іс-әрекеті арқылы қарапайым адамдар арасында кездесетін жақсылық, жамандық мәселелері сез болды. Мысалы: «Дәуіт құссасында» ынсансыздық, көрсекзыарлықты сынайтын әңгіме бар.

Шығыс аңыз-әңгімелерінде Сүлеймен патша туралы да көп айтылады. Ол жайында «Рабғұзі құссасында» да бірнеше әңгіме бар. Оларда Сүлейменнің жастығына қарамай ақылдылығы, білімділігі, экесінің қате билігін түзеткені айттылады.

Екі кісі дауласып, Дауіттің алдына келеді. Біреуі: «Менің егініме қойларын жіберіп, егінімді жегізді», – деп екіншісін қаралайды. Дәуіт егіншіге: «Сен астығың үшін қойын ал», – деп билік айтады. Қойши егіншігін қойын бермейді. Екеуі бұрынғыдан жаман дауласып, Дауітке тағы келеді. Сүлеймен айтты: «Әй, ата, бұл билігін дұрыс емес, Одан да егінші қойшының қойын алыш, суалғанша сүтін ішсін. Қойши егіншінің бидайын алыш, егіні піскенше иелік етсін», – деді. Бұл сезге қойши да, егінші де риза болды.

Енді бір әңгімегі: Бір кісінің бір сұлу әйелге көзі түседі. Әйелді алғысы келеді, әйел көнбейді. Ерек: «Егер көнбесен, күә табамын да, маған зина қылды, алдады деп казыға алыш барамын», – деп коркытады. Әйел оған да көнбекен соң, әлгі кісі бірнеше кісіні күә қылып, әйелді алыш, Дауіттің алдына келеді. Арыз айтады. Дауіт: «Күән бар ма?» – дейді. Ерек куәларын көрсетеді. Олар коштайды. Дауіт әйелді жазага бұйырады. Сонда Сүлеймен: «Ата, асықпай тұра тұр, мен куәлармен сөйлесейін», – дейді. Куәларды бір-бірлеп онаша шақырып алыш: «Бұл оқиға құндіз болды ма, кешке болды ма, сыртта ма, үйде ме?» – деп сұрайды. Біреуі құндіз, біреуі кешке, бірі сыртта, бірі үйде деп, әрқайсысы әр түрлі жауап береді. Өтірік екенін содан білген Сүлеймен куәлар мен арыз айта келген кісіні жазага бұйырып, әйелді коя бергізеді.

Сүлеймен патша туралы бір хикаятта Сүлейменді сөзбен жеңген құниұрса туралы баяндалады. Бір күні құмырскалардың патшасы Сүлейменнің қалтаган әскерімен келе жатқанын көріп, басқа құмырскаларға

інге тығылуға бүйрек береді де, өзі күтіп тұрады. Сүлеймен мұны көріп, күледі:

Құмырскаларды неге қашырдың? – деп сұрайды.

Құмырса: Сенің әскерің аяғымен тантап, езіп кетпес үшін, – дейді.

Онда өзің неге қашпадың? – деп сұрайды Сүлеймен.

Құмырса: Мен құмырскалардың басшысымын. Бұкарасы бір пәлеге жолықканда, басшысы жан сауғалап қашпас болар, – деп жауап береді. Сүлеймен құмырсканың ақылдылығына тан қалып:

Мұның бәрін қайдан үйрендін? – дейді.

Дүние-галамның бар ғылымы сенің жалғыз өзінде деп ойлайсың ба? Сен білген ғылымды біз де білеміз, – дейді.

Не түрлі ғылымың бар? Айт, көрейін. Құмырса Сүлейменнің өзінен:

Сенің қандай қасиетің бар? – деп сұрайды.

Барлық билік бір менің қолымда, – дейді.

Құмырса: Онда тек «маған болсын, өзгеге болмасын» деген адам екенсін. Саған Жаратқан тағы қандай қасиет берді? – дейді.

Желдей жүйріктікте берді. Бір күнде бір йышылық жол жүремін. Құмырса: Онда жинағаның желмен кетеді екен. Тағы не тіледін?

Сүлеймен: Так сұрадым.

Құмырса: Отыруына жер де жетпейтін бе еді? Тағы не сұрадың?

Сүлеймен: Жер жүзіндегі адам да, жын да кол астында болсын деп жүзік сұрадым.

Құмырса: Жүзігінің құны бір-ак тас болады (бір тенге ақша). Сенің билігінің құны да бір-ак тас екен, – депті.

Сөйтіп, құмырса «менен білімді жок» деп жүрген Сүлейменді сөзбен жеңіпті.

Бір кісі Сүлейменге келіп: «жануарлардың тілін үйрет», – деп өтінеді. Сүлеймен: «Ешкімге айтпасаң, үйретемін», – дейді. Үйретеді. Ол адам тіл үйретіп болған соң, үйіне келіп, құлына есек пен өгізді бір жерге алдыратады. Сөйтіп, екеуінің сөзін тыңдайды. Есек өгізден: «Достым, халің нешік?» – деп сұрайды. Өгіз: «Несін сұрайсың, халім жаман, жұмыстың көп істеймін», – дейді. Есек: «Мен саған бір айла үйретейін, тыңда, жұмыстан құтыласың, – дейді. – Ертең саған шөп берсе, жеме, су берсе, ішпе, жатып ал. Дінкесі құрыған екен деп жұмыстан босатады».

Мұны естігендікесі құлына: «Ертең мына есекті әбден жұмысқа жек, өгізді босат», – дейді. Сол күні өгіз шөп жемей, жатып алады. Есек кешке дейін өліп-талып жұмыс істейді. Кешке өгіз: «Достым, қожам бүгін мені әңгімеледі ме?» – деп сұрайды. Есек: «Әңгімеледі, егер өгіз ертең су ішіп, оттап, жұмысқа салуға жарамаса, оны сойып, етін үлестіріп беремін деп үрсты», – дейді. Өгіз корқып кетеді. Салған шөптен өз сыйбағасын да, есектің сыйбағасын да жеп кояды. Жұмысты жанын салып істейді.

Соданбылай жұмысқа өгізді салатын болады. Есек сейтіп бейнеттен құтылыпты. Сүлеймен жайлар ертегілер, аңыз-әңгімелер қазак арасында едуәр кездеседі. Олардың кейбіреулері Қазак КСР Ғылым академиясы Орталық кітапханасының қолжазба корында сакталған: «Сүлеймен патша», «тәк Сүлейменнің хикаясы», «Сүлеймен пайғамбар».

Бұл сиякты мысал әңгімелерде жан-жануарлардың, жанды-жансыз нәрселердің бір-бірімен сөйлесуі арқылы түрлі мінез-құлықтар ашылады. Олардың айлакерлігі, ақылдылығы, мактаншактығы, момындығы көрсетіліп, адам бойындағы қылыш-қасиеттерге тән мінез-құлықтар түспалданып отырады. Фольклорда, казіргі жазба әдебиетімізде мол тараған ертегі, мысал, әңгіме, өлеңдердің терең тамырлары, міне, осындай үлгілер деуге болады. Осы сиякты «От пен жердің» айтысы да тәрбиелік мәні бар әңгімелердің катарына жатады: От: «Менің нұрым тұнді құндіз қылады, дұшпандарымды егессем – өлтіріп, өш аламын, ұзын тіліммен ағаштарды өртеп, күл қыламын», – деп мактанады. Сонда жер: «Мен адамдардың ауырлығын көтеремін, казына да, су да, тау да менің койнымда. Адамдарға ырзық беремін. Бір дән ексе, он қылып, жұз дән ексе, мың қылып қайтарамын» – дейді. От жауыздық істеріне мактанса, жер қайырымдылығын мактан қылады.

Зұлқарнайын қиссасы. Александр Македонскийдің аңызға айналған бейнесі ертеден-ак ақындардың киялын қызықтырып, өзіне тартқан. Оның шын бейнесі уақыт өткен сайын қиялмен түрленіп, түрлі шығармаларда түрлі таңғажайып оқиғалар қосылып, Александрдың шынайы өмірбаянына ұқсамайтын басқа біреу болып шыққан. Қебіне едеал патша бейнесінде жүрген. Сейтіп, біздің жыл санауымыз бойынша I ғасырдың өзінде-ак туған романдарда Александр атыға алынғаны болмаса, заты ойдан шығарылған аңыздан тараған еді. Мұның өзі көпке белгілі, Қожанасыр әңгімелеріне әр халық өз фантазиясынан туған күлкілі оқиғаларды қосып, өзінше өзгертіп айтып, бұрынғыларын дамытып, кеңейте беретіні сиякты, Александр туралы аңыздар да мол тарап, олар батыс пен шығыста «Александрия» деген өзінше бір жанрға айналып кеткен. Александр жайындағы романдарды Низами, Науай дастандарын зерттеген ғалым Е.Э.Бертельс жоғары бағалайды: «... Александр жайлар шығыс романдарының біз үшін үлкен маңызы бар. Бұлар жайға көркем шығармалар емес, сол роман жазылған дәурегі саясаттың, саяси танымының жиынтығы. Оларды тек әдеби-тариҳи жағынан ғана зерттеп қоймауымыз керек... Бұл шығармалардың барлығы да тарихта болған бір ғана Александрды мадактауға құрылмаған, басқа да идеал бейнелерді қастерлеуден туған жиынтық тұлға. Оны шаруашылар көбінесе, шын Александрды біле бермеген».

Александр туралы аңыздар араб-парсы елдерінде де осындай жолмен жайылған. Бұл аңыздар кейін Құранға кіргізілген соң, айрықша мол тарап кетті.

Араб-парсыда Ескендірді белгілі-белгісіз ақындардың көбі жырлап, прозалық шығармалар да, көптеген дастандар да туғызған. Низами, Жәми, Науаиге коса Табари, Абу Әли Мұхаммад ибн Мұхаммад Балами («Хроника», X ғ.), Фирдоуси («Шаһ-нама», X ғ.), Әбу Бәкір Мұхаммад ибн әл-Вәлид әл-Фахри, ат-Туртуши («Сирад ал-Мулюқ», XI ғ.), Әбу Хамид Мұхаммад ибн мұхаммад Газали («Ат-тибр әл-мәсбук фи Насихат әл-Мулюқ», XI ғ.), Әмір Хосрау (XIII-XIV ғғ.) ақындар да жазған. Бұлар бір-бірінен көшірілген аудармалар емес, әрқайсысы өзінше жазылған нәзира шығармалар.

Зұлқарнайын қиссасын жазу үшін Рабғұзидың көп тараған аңыз-әңгімелерді, өзінен бұрын жазылған кейбір кітаптарды қарап, оқығаны байқалады. Оларды өз сезімен баяндап берген, өз шығармашылығының елегінен өткізген. Бір оқиға әрқылдың нұсқалармен айтылса, оны да көрсетіп отырған. Мысалы: «Ескендірдің» «Зұлқарнайын» – «Қос мүйізді» делініп аталауының мәнісін әркім әр түрлі түсіндіреді. Біреулер: «Құрна» араб тілінде «мүйіз» деген сөзді білдіреді. Ал «Иұна» – көптік жалғауы, «екі» машинасын білдіреді, содан барып «Қос мүйізді» делінген, – дейді.

Қиссада екі аңыз-әңгіме көңіл аударады.

Зұлқарнайын көп елді жауап, Үндістанға жетеді. Әскерімен қалаға жақындағанда, үнділердің патшасы бұл келе жатқан кімнің әскери екен, біліп кел деп, бір аса білікті үзірін жібереді. Үзірі ұзын кісі екен. Зұлқарнайын оны көріп, енкейіп, басын тұқырайтады. Үнді үзірі саусағымен мұрның ұстап, маңдайын сипайды. Зұлқарнайын құліп жібереді. Қасындағылар бұл игараттың мәнін сұраганда, ол: «Менің басымды тұқыртқаным – «Бойы ұзынның ақылы қысқа болады» дегенін, ақылың, білімің аз шығар дегенім. Ол маган: «Мұрын құысыма дейін, басым, тұла бойым толған білім», – деп жауап берді», – дейді. Зұлқарнайын ірімшік толы ыдыс алып, үндінің алдына кояды. Үнді қайыра ине шашып қайтарады. Зұлқарнайын иненің бәрін балқытып, жұмарлап, қап-қара қылып қүйдіріп қолына береді. Үнді сыртын сұртіп-сұртіп қайтарады. Зұлқарнайыннан қасындағы кіслер тағы да мәнісін сұрайды. Ол: «Ыңыска ірімшік салып бергенім – біздің біліміміз осында көп дегенім. Оның ине шашып қайтарғаны – біз де қалыспаймыз, біліміміз жыпырлаған инеден көп дегені. Инелерді балқытып, қарайтып бергенім – «түрің қара екен, пиғылың қандай?» дегенім еді. Ол: «Түрім қара болса да, көнілім ақ, адамын деп жауап берді», – дейді.

Бұл әңгімен патшаны ақылды, блікті адам ретінде суреттеп, идеал бейнені көрсетуге ұмтылу жайы байқалады.

Тұркі халықтарында айтатын ойын тұспал сөзбен мензеп, жұмбақтап айтып көрсеткен, сойтіп ақыл-білім сайсының түскен білігі жоғары данышпан қарттар, ақылды қыз-келіншектер, жігіттер жайындағы әңгімелер, ертегілер мол айтылады. Олар қазақтың шешеніндік сөздерінде, ертегі аңыздарында да көп. Мысалы, Қараашаш сұлу мен Жиренше шешен жайлы әңгіме ертегілер, «Ақылды айел», «Мафрузаның оқигасы», «Орман молда мен Өтеш кү», «Жиренше шешенінің істері» тағы басқалар. Рабғұзы қиссасындағы жоғарыдағы әңгіме де осылай ойдан туып, дамып, Зұлкарнайынға телініп айтылағы болуы мүмкін.

Екінші әңгімеде Зұлкарнайынға Ысрағилдің тас беруі айтылады: Зұлкарнайын бірінен соң бірін кеп елдерді жауап алады. Бір күні Зұлкарнайын бұл Ысрағилді көреді. Ол бір тас береді. Зұлкарнайын бұл тастың не мағынасы бар екенін біле алмай, хакімдерінен сұрайды. Олар: «Тасты таразыға тартып көрініз, нeden ауыр екен», – дейді. Таразыға тартып еді, ол тастың ауырлығына тең келетін зат табылмады. Топырак салып еді, тасты басып кетті. Қызыр: «Мұның мәнісі – адам тірлікте ешнәрсеге тоймас, бетін топырак жапқандаған тояды деген», – дейді.

«Зұлкарнайын қиссасындағы» әңгімелердің екі түрлі бағыты байқалады. Бір – Зұлкарнайынның пайғамбарлығын көрсетуге көбірек қоніл бөлінген, таңғажайып оқиғалар араласқан әңгімелер; екінші – Зұлкарнайынды, оның іс-әрекеттерін адам, адамдық қалыпта суреттейтін үлгі, өнеге ретінде айтылаған, өмірге сыйымды оқиғаларға құрылған әңгімелер (Зұлкарнайынның үнділікпен сөйлесуі, топырактан басқаға тоймаған тас т.c.).

Зұлкарнайын туралы ертегі-аңыздар Рабғұзы нәр алған түркі халықтарының ауыз әдебиетінде, оның ішінде қазақ фольклорында көп айтылады. «Мүйіз шығады деймісің» деген сөздің төркіні де Зұлкарнайын әңгімесінен шығып жатыр. Мәні: «Зұлкарнайынның күштілігі екі мүйізінен екен» дейтін аңызы тұспалдағаны. Аңыз-ертегі 1946 жылы шыққан «Қазақ ертегілерінің» 1-томында бар. Қысқаша нұсқасы Қазақ КСР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сактаулы.

Жұсіп – Зылиха қиссасы. Жұсіп пен Зылиханың маҳаббаты жайлы аңыз талай ғасырлар бойы ақын мен жыршының өлеңінде, әңгімеші-шешенің көмейінде тербеліп, жыр-өлең, әңгіме-ертегі түрінде күні кешеге дейін айтылып келген, Шығыста көп тараған, көп жырланған сюжеттің бірі. Фирдоусидің «Иусуф ва Зулайха», Әлидің «Қисса-и Иусиф», Дүрбектің «Иусуф вә Зулайха», Жәмидің, Шайjal Хамзаның «Иусуф вә Зулайхасын» айтсақ та, бұл аңыздың шыңыс елдеріне каншалықты жайылғанын аңғаруға болады.

«Жұсіп – Зылиханың» ең көне нұсқасының бірі Фирдоуси жазған дастан. Парсы әдебиетінің жетік маманы, Фирдоуси шығармаларын,

өмірін зерттеушілердің бірі Е.Э.Бертельс Фирдоусидің бұл поэмасына Библиядағы Иосиф Прекрасный мен оның әйелі Пентефрия жайлы аңыз, Құрандағы Жұсіп оқигасы, осы аңыздың кейбір кітаптардағы апокрифтік версиялары негіз болды, оқигасын солардан алды деп көрсетеді.

Көпкө белгілі, Құранның 12-сүресіндегі «Жұсіп» әңгімесі әңгімелердің ішіндегі ең жақсысы, көркемі, бұрын белгісіз деп көрсетілген. Яғни бұл әңгіме Құраннан бұрын еш жерде жазылмаған, естілмеген болып шығады. Алайда, Жұсіп жайлы мифтік әңгіме-аңыздар арабтар арасындағы Исламға дейін де белгілі болған, көне Египетте кен тараған. Тәурутты зерттеуші З.Косидовский Иосиф туралы мифтік әңгіме көне бір тайпалардың басынан кешірген тарихи оқигаларын бейнелейді. Жұсіптің басынан кешірген жағдайларында көне бір тайпалар өмірінің көрінісі бар деп есептейді.

Айтылаған пікірлерді жинактай келіп, шығаратын корытындымыз: Жұсіп туралы аңыздардың түпкі тамырлары көне мифтерден тарайтындығы, кейін сол ауызша, жазбаша аңыз-әңгімелерден әр түрлі версиялармен тарап кеткендігі. Ол Фирдоусиге дейін де Тәурат пен Құраннан басқа түрлі діни кітаптарда біршама жазылған. Фирдоуси сол аңыздарды жинактап, корытып, өзінше нағыз көркем шығарма етіп жазып шыққан болса, одан кейінгі ақын-жазушылар алдыңғы материалдардың үстіне Фирдоуси жазған «Иусуф вә Зулайханы» да оқып, өз шығармаларын өзек күлгін.

Фирдоуси поэмасы, сюжеті Құраннан алынғандығына, басты геройлары мұсылман пайғамбарлары – Жақып пен Жұсіп екендігіне қарамастан, мистикалық әуеннен алшақ.

«... Бұл тақырыпқа Фирдоуси айырықша реалистікпен қараған, таңғажайып (діни) кереметтердің бәрін екінші орынға ысырып, оларға тым аз орын қалдырыған, сараң баяндаған», – дейді. Е.Э.Бертельс: «тіті Фирдоусидің «Шаһнамасы» бізге жетпеген күнде «Жұсіп» поэмасына қарап-ак, оны дүниежүзі әдебиетінің, парсы әдебиетінің тарихында ең құрметті орынға кояр едік», – деп баға берді.

«Жұсіп – Зылиханың» түркі тіліндегі ең көне нұсқалары: Әлидің «Қисса и Иусуфі» мен Рабғұзидің «Қисса Иусуфі». Бірі – өлеңмен, екіншісі қарасөзбен жазылған.

Екеуінің де негізгі сюжеті бір, бірақ аздал айырмашылықтары бар. Мәселен, Әлидегі Жұсіпті көрү үшін құдықта мың жыл отырған Мысыр көпесі Мәлік ибн Дағридың тұсі, Жұсіптің көркіне қайран болып, халықтың аштының ұмытқаны Рабғұзиде кездеспейді.

Фирдоуси творчествосын жетік билетін ленинградтық ғалым Г.Т.Тагир-дженов Әлидің, Рабғұзидің, Шайjal Хамзаның «Жұсіп – Хылихасын»

Фирдоусимен салыстыра карап, Эли мен Рабғұзи өздерінен бұрын туған көп үлгілердің ішінен Фирдоуси жыныса айрықша сүйенеді, оқиғасы ғана емес, жекелеген жолдарында да ұқсастық бар деген кортыныңға келген.

Бір ғана «Жұсіп кіссасы» емес, Рабғұзи кітабындағы әңгімелердің әркайсының негізі қайдан алынды, оларды автор творчестволықпен калай пайдаланды, Рабғұзидің нәзириашылдығы кай дәрежеде деген мәселелер арналы зерттеулерді қажет ететін даусыз.

М.Әуезов Тұрмамбет ақынның «Рұstem – дастанының» жазған алғы сезінде:

«... Рұstemнің жайы жалғыз Фирдоусиден басталмайды. Ол тура-сындағы көне аңыз, әңгімелер Фирдоусиден бұрын да көп жайылған болатын».

Осы баспада окушыға ұсынылып отырган «Рұstem – дастан» жыры Фирдоусидің «Шаһнамасынан» жасалған аударма емес. Ол арғы-бергі (соның катарапында Фирдоусидің де еңбегіне ауыскан! Ауызша да, жазбаша да хикаялардың бәрінен құралып, қазак халқы арасында ертегіше тарап кеткен батыр жорықтарының жынытық жыры.

... Сонымен Рұstemнің жайы туыскан тәжік әдебиетінің ұлы классигі Фирдоусидің «Шаһнамасында» болғанымен, мынау еңбегі Фирдоусидің «Шаһнамасын» тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фирдоуси үлгісімен халық ақыны Тұрмамбеттің өзі өлең етіп жазған Рұstem жөніндегі дастаның қазакша варианты дейміз», – деген еді.

Біздіңше, М.Әуезовтің көрегендікпен айтқан осы пікірі – аударманың нәзириалық шығармалардың тексеру бағытнда үлкен ой тастайтын мағыналы сездер. Пікірдің негізгі мәні Рабғұзи творчествосына, оның мағыналы сездерінде «Жұсіп кіссасын» әбден катысты деп ойлаймыз. Рабғұзи кіссасын жазғанда, Фирдоусиді ғана оқып қоймаған, араб-парсы тілдеріндегі «Қиссас-ұл әнбия» кітаптарды, Фирдоусиден бұрынғы Жұсіп жайлы жазба шығармаларды, ауызша тарлған аңыздарды, фольклорлық үлгілерді естіп билген. Соларды пайдалана отырып, өзінше жазған. Ол ылғи «багзы бір жерде айтады», «багзы біреулердің айтуы бойынша» деп отырады. Кейде кітаптың аттарын, авторын көрсетіп кетеді: «Тәфсир» кітабы, Әбу Исхак Нишабуридің «Қиссас-ұл әнбиясы», «Шейх Хусейн Басари, Габдолла ибн Фаббас...». Автор көп жерде өз жанынан өлеңдер көсип, өзінше баяндайды.

«Жұсіп кіссасының» негізгі сюжетінде бұрыннан белгілі Жұсіп –

Зылиха кіссаларынан анау айтқан айырмашылық жок:

Жақыптың ое екі баласы бар еді. Он екінің ішіндегі ең көріктісі, жақыптың аса жаксы көретін сүйікті баласы Жұсіп-тін. Бір күні Жұсіп таңғажайып тұс көреді. Тұсінде ол ағаларымен жерге ағаш тігіпти.

Ағаштар көгереп бастапты. Жұсіптің ағашы бәрінен биік өсіп, кекке жетіпти. Басқа ағаштар Жұсіптің ағашына иіліп сәлем беріп түр екен. Жұсіптің тұсін естіген агалары намыстанып: «Жұсіп атамызға өзін бізден артық етіп көрсетіп, жақсы атану үшін «тұс көрдім» дегенді ойлап тауып жүр», – деп жақтырмайды. Жұсіп екінші рет тұс көрді: оған он бір жұлдыз, құн, ай көктен сәлем берді. Ол тұсін атасына айтып еді, Жақып басқа балаларының қызғанышын оятпас үшін: «Бұл көргеннді ешкімге айтпа, агаларың жамандық ойлап жүрмесін», – дейді. Бірак Жұсіп пен Жақыптың әңгімесін оның рубил атты үлкен ұлының шешесі естіп қойып, өз баласына айтады. Ол басқаларына жеткізеді. Содан Жұсіптің агалары қатты ашуланып, оны өтірікші, мактаншак санайды. Тезірек көзін жойып, құтылмакқа дұға қылышады.

Көктем келді. Бір күні жақыптың балалары серуенде кайтпакқа жиналып, атасына: «Жұсіпті бізден бірге жібер, аң аулап, көніл көтеріп кайтсын», – дейді. Жақып мұның алдында жаман бір тұс көріп, үйқы-құлқіден безіп, шошып жүр еді. Тұсінде: тау басында отыр екен. Төмөнде Жұсіпті он бөрі ортаға алып, жемекке амал қылыш жүр екен. Ишінен біреуін бөлініп шығып басқаларын қуады. Сол кезде Жұсіп жерге кіріп кетеді.

Жақып балаларының сезінен сескеніп, Жұсіпті жібергісі келмейді. Бірақ Жұсіптің өзі де өтінген соң, көнілін кимай, босатады.

Агалары Жұсіпті алдаң, айдалаға ертіп апарады да, оны қалай өлтіруді кенеседі. Бірі: «Таспен ұрып өлтірейік», – десе, екіншісі: «Пышакпен бауыздап кетейік», – дейді. Жұсіп жылап, жалынады. Яхуда деген ағасы оның көз жасын көріп, аяп: «Қоя берейік», – дейді. Оған басқалары ұрысады. Ақыры, олар Жұсіптің аяқ-колын байлады, терен құдыққа тастайды. Олар қайтып келіп, Жақыптың алдына жығылып, жылайды. «Жұсіпті калдырып кеткен жерімізден бөрі жеп қойпты», – дейді. Жолда бір лакты сойып, Жұсіптің көйлегін қанға былғап әкелген еді, соны береді. Жақып жылайды. «Сол жеген бөріні көрсет», – дейді. Балалары бір бөріні ұстал әкеледі. Ол Жақыпка: «Жегенім жок», – дейді. Жақып балаларының қастық қылғанын сезеді. Балалары әкесі біліп қоймас үшін қайта барып, Жұсіпті өлтіріп, басын кесіп әкелмекші болады.

Сол кезде мысырдан Шамға сапар шегіп келе жаткан бір керуен құдықтағы үсіпті көріп, шығарып алады. Ағалары келеді. «Бұл – іздің кашып кеткен құлымыз, каласандар, сатамыз. Сатып алсандар, аяғына шынжыр кісен сал, ыңыршақ түйеге мінгіз, Шамға апарғаннан кейін бөтен елге сатып жібер», – дейді. Керуенбасы айтқандарын істеуге уәде береді. Ол Жұсіпті Мысырға апарып, Мысыр патшасына сатады. Патшаның әйелі Жұсіпті көріп, ғашық болады. Жұсіп оның құлы болса да, әдемі киіндіріп, жасандырып, жақсы ұстайды.

Бір күні Жұсіпті оңаша алып, оны өзінің сүйеттінін айтады. Жұсіп көнбейді, қашады. Зылиха ұстаймын деп етегінен тартып қалғанда, күімі жыртылып кетеді. Патша келіп қалады. Зылиха пәлені Жұсіпке жабады. Сонда 4 айлық бала сөйлеп, куә болады. «Жыртылған етегі алдыңғы жағында ма, артқы жағында ма, соны біліндер», – дейді. Патша көріп, түсіне кояды. Жыртылған артқы етегі екен. Зылихага: «Сен қашпағансың, құғансың», – дейді. Алайда, ел өсегінен корқып, Жұсіпті зынданға салады. Бір күні зынданға патшаның аспазы мен аякшысы түседі. Екеуі түс көреді. Жұсіп түстерін жорып: аякшының өлеңтінін, аспаздың үш күннен кейін құтылатынын айтады. «Құтылғанда патшага менің күнәмнің жок екендігін айта бар», – дейді. Айтқаныңдай, аспазды шығарып алып кетеді. Құтылғанымен, ол Жұсіптің өтінішін ұмытып кетеді.

Патша түс көреді. Түсінде: жеті жас бидай – жаң шығып келе жатқан жеті жас бидайды жейді, жеті арық сиар жайылып жүрген жеті семіз сиырды жеп кояды. Мұның шешуін ешкім білмейді. Сонда аспаздың есіне Жұсіп түсіп, патшага айтады. Жұсіп патшаның түсінің сырын шешіп береді: «Жеті жыл тоқшылық болады, қамбаға бидай сыймайды, одан соң жеті жыл аштық келеді, құрғакшылық болады, егін шықпайды», – дейді. Патша разы болып, Жұсіпті зынданнан шығармакшы болады. Ол: «Зындандағы кісілердің берін босатсан, шығамын», – дейді. Патша көріседі. Зындандағылардың берін босатады. Зылиханы шакырып алады. Зылиха Жұсіпті сүйеттіндігін, бірақ оның өзіне қарамағандығын, патшадан корықаның өтірік айтқанын шынайы баяндап береді.

Жұсіп содан былай патшаның барлық шаруасын басқарады. Жеті жыл бойы астықта камбаларға толтырып, кор жинайды. Ашаршылық келеді, жұрт қырылады. Тек Мысыр елі ғана тоқ болады. Жан-жактан ағылған адам астыққа ақшасын да, малын да салып, ақыр аяғында өлмес үшін Мысыр еліне құл болады.

Жұсіптің ағалары да ашығып, Мысырда астық сатады екен дегенге осында келеді. Жұсіп бұларды таниды. Ал, олар Жұсіпті кішкене күнде көргендіктен, танымайды.

Жұсіп ағаларына мол астық бергізіп, әкелген ақшасын да қабының ішіне коса салдырады. Ендігі келгенде үйде қалған ибн Иауминді (Жұсіп екеуі бір андан туған) алып келуді бұйырады. Ағалары еліне келіп, атасына болған жайды баяндап, көрген сый-сияпатын баяндап тауыса алмайды. «Ибн Иауминді алып кел» – деген сөзін есіткенде, жақып: «Жұсібімнен айырылдым, енді мұны жіберіп тағы пәлеге душар болармын, жібермеймін!» – дейді.

Айды: Иұсұфты алыб бардыныз, келтүрмәдіңіз. Енді мұны һәм алыб барсаңыз келтүрмәгәйсіз.

Айтты: Жұсіпті алып кеттіңіз, (кайтып) әкелмедіңіз. Енді мұны алып кетсөніз, (кайтып) әкелмессіз.

Ұзамай әкелген астықтары таусылған соң, Жақып амалсыздан ибн Иауминді ертіп, балаларын Мысырға тағы жібереді. Жұсіп ибн Иауминді көрген соң, жүрегі елжіреп, оңаша шығып, жылайды. Ақыры, інісіне өзінің Жұсіп екенін айтады. Сонында әкелі-балалы Жақып пен Жұсіп бір-бірімен көріседі. Жылай-жылай сокыр болған Жақыптың көзі ашылады. Жұсіп ағаларын бірнеше сыйнан өткізіп, бәрін кешіреді.

Күндердің бір күні Мысыр патшасы өліп, орнына Жұсіп патша болады. Шалқақтаған тұрмысы көзінен бұлдыр ұшкан Зылиха кедейленіп, жалғыз қызметшісімен ғана қалады. Өзі қартаяды. Сонда да болса Жұсіптің бір сәтке есінен шығармайды, ал ұрумен күн өткізеді. Бір көріп қалсам деп, Жұсіптің өткен-кеткен жолын тосады.

Бір күні Жұсіп аңға шығады дегенді естіп, жолға барып отырады. Көп әскерлермен Жұсіп етіп бара жатқанда:

– Мәула тағала арығ құлны ұлғұ мәртебәға йеткүрүр, патшан қылұр, یазұқ қылған падшаһны ұлғұ мәртебәдан түшүрүб, залып қылұр, – деді.

– Мәула тағала таза (адал) құлды ұлық мәртебеге жеткізер, патша қылар, жазық қылған (жазықты болған) патшаны ұлық мәртебеден түсіріп, залал қылар, – деді.

Жұсіп зылиханы танып, «Зылиха!» – деп дауыстайды. Зылиха Жұсіптің дауысын естігенде, талып қалады. Есін жиып, Жұсіптің әлі күнге тосып жүргенін, мал-жанын, жастық-сұлулығын Жұсіптің жолына құрбан еткендігін айтады. Жұсіп өмір бойы ғашықтық арманына жете алмай, шерменде болған Зылиханы аяп, іші жылиды. Түсінеді. Көп ұзамай Зылихага некелеседі.

Қиссаның оқиғасы қалың, барынша өз әлінше қызық, тартымды. Негізгі арқауы – махабbat, сүйіспеншілік, адамгершілік. Қашаннан адам-зат атаулының ізгі арманы, асыл мұраты, сенім, мақсаты, осы тақырыпта орайласып, жол тауып, тоғысып жатқан жоқ па? Жұсіп қиссасының да қадим заманынан адам баласының жүрекіне жылылық төгіп, ескірмей келе жатқаны да содан болар...

Махаббатсыз дүние бос,

Айуанға оны косындар,

Демекші, жер бетінде адам тұрғанда, махаббаттың қайтысы мен қуанышы жүректі тебірентпей сәрі да тұра ала ма?! Адамның туған жерге, адамның адамға, ата-анаға, балалага, ғашыққа деген махаббаты да мәңгілік. Махаббаттың қайғы-куанышы, сәтті-сәтсіз жактары әркімді-ақ толғандырған. Ал көне дәүірдегі діни сенім адамдарды соның бәрін құдайдың құдіретті күшінен деп түсінген. Мұндай түсінік Рабғузи қиссасында да айқын аңғарылады.

Қиссадағы бүкіл оқиға, іс-әрекеттің басын құрап тұрған негізгі екі өзек бар: Жақып пен Жұсіп, Жұсіп пен Зылиха. Қисса осы екі өзектің бойымен өрбиді. Ата мен баланың сүйіспеншілігін, ағайындардың бір-біріне жауыздығын, Жұсіп пен Зылиханың оқиғаларын баяндау арқылы автор жауыздықтан, күншілдіктен жиреден, ейтпесең өзің кор боласың, ата мен бала, бір-бірінді Жақып пен Жұсіптей сүй, махаббатқа берік болсан, Зылихадай мақсатына жетесің деген гибрат тастайды. Рабғузидың кітапка осы қиссаны кіргізуінің басты мақсаты ұлғ-өнеге беру:

Аларның ишләріндің сена хабар бердім, гибрат алғыл, бұл қиссада баш-рат аяа сена гибрат бар.

Олардың істерінен саған хабар бердім, гибрат ал, бұл қиссада басынан аяғына дейін гибрат бар.

Шығарманың бұрын да қайта-қайта жазылып, айтылып калыптастан композициялық тұстасығы бұл қиссада да сакталған.

Мұнда да оқиғаның басталуы, дамуы, шиеленісі, шарықтау шегі, шешімі сияқты композициялық бүтіндік беріп тұрған элементтерді табуға болады. Рабғузі ескіден келе жатқан қарапайым классикалық әдісті қолданған. Оқиға не аяғынан, не ортасынан алғынып басталып кетпей, басынан бастап, бірте-бірте өрбиді. Қиссаның басталуы мен аяқталуының арасында бір адамның бүкіл өмірі жатыр. Оқиғаның басы Жақыптан, оның балаларымен, Жұсіппен таныстырумен басталады.

Сюжеттің байланысы – Жұсіптің тұс көрүі, ағаларының күншілдікпен құдыққа тастайтын жерінен оқиға шиеленіседі. Оナン Жұсіптің құлдыққа сатылуы Зылиханың ғашық болып, өзіне қоңдірмекші болуынан оқиға дамып, Зылиханың Жұсіпті зынданға салдырған тұсында шарықтау шегіне жетеді. Шешімі Жұсіптің атасымен, ағаларымен косылуы, Зылихамен некелесуі.

Негізгі өзекті оқиғалар осымен бітеді. Сонында Жұсіптің, Жақыптың одан арғы хал-жагдайларынан мәлімет бар. Арман-мұраттарына жеткен Жақып та, Жұсіп пен Зылиха да ұзак өмір сүріп, дүниеден өтеді:

Зылиха Иұсф бірла он секіз иыл тіріклік қылды,
беш ұғұл, екі қызы тұғды, андан соң оғаты болды.

Бұрын-соңды жазылған Жұсіп жайлы қиссалардың біразында Зылиханың жастық шағы баяндалатын. Онда Таймус шаһтың қызы Зылиха тұсінде көркі жаеннан асқан бір сұлу жігітті көріп ғашық болады. Ол: «Атым – Жұсіп, Мысыр патшасымын, іздесен содан табасың», – дейді. Қызының ғашық отына түсkenін естіп, Таймус шаһ дереу Мысыр патшасына хабар қылады. Ұзамай екі жакты келісіммен Зылиха күйеуге шығады. Караса, күйеуі тұсінде көрген жігіт емес. Зылиха қайғыға түседі.

Бұл оқиға Рабғузидың қиссанда жок. Қиссада: Жұсіпті бір көруге бола, құдыққа тұсіп мың жыл жатқан адам, ашыққан халықтың Жұсіптің

көркіне есі кетіп, тамакты ұмытканы сияқты аныздар да кездеспейді. Оның себебі, Рабғузидың қиссанының өзінен бұрынғы жазылған сюжеттеріне талғаммен қарағанынан, лайықсыз, ретсіз деп есептеген сюжеттерін кіргізбегендігінен болса керек.

Бірақ бұл шығарма түгелдей діннің әсерінен таза дегендік емес. Әрдайым Жұсіпке Жәбірейілдің келіп, Құдайдың әмірін жеткізуі, Жақыптың Әзірейілден «Жұсіптің жанын алдың ба?», – деп сұрауы, Жұсіптің пайғамбарлықтары тәрізді тұстары діни сенімнен туған эпизодтар.

Қиссадағы негізгі кейіпкерлер – Жұсіп, Зылиха, Жақып, Жұсіптің ағалары. Бұлардың көзіркі шығармалардың қаһармандарымен салыстырып, солардың даралану, сомдалу дәрежесінен қарауга болмас. Сол заманның тұсінігін, талғамын танытатын, адам баласының көркемдік, эстетикалық биік дәрежеге жету жолындағы санғасырлар бойы жинақтаған тәжірибелалаптары деп бағалаған сыйымды болар. Оның үстіне Рабғузидың «Қисса-и Жұсібі» мұндай қөлемді жанрда түркі тілінде жазылған шығармалардың алғашқыларының бірі екенін ескерсек, автордың аса киын жұмысты игеріп шыққанын аңғаруға болады. Шығармада адамның шымшытырық іс-әрекеті, сезімі, күйінш-сүйінштері, қайы-қуаныштары да мол көрінген. Жүрек әмірі барлық істің билеушісі болып кететін тұстары аз емес. Мұндай жағдай Зылиханың қараеттерінен байқалып қалады. Сондыктан да Зылиха ондай кездерде шындыққа жақын, әрі сұлу, әрі ақылды әйелдің бейнесі болып көрінеді. Зылиханың басты қасиеті – алған мақсатынан қайтпайтындығы, махаббаттың ыстық-сұғынына беріктігі. Ол Жұсіп үшін мал-жанын құрбан қылып, су қаранғы, кедей кемпірдің күйіне түссе де, патшалық, байлықтан айрылдым демейді. Жұсіпті бір көрсем деп алыстағы үміт сәүлесіне бар күйін бағыштап, жүрегіне талып жеткен әлсіз жылуына жұбанып, көнілін сұытпайды. Қаншама рет көнбей кетсе де, Жұсіптің жолын тосудан жаляқпайды.

Иығлайу қозлары көрмас болды... қашан ач болса,
аһ Иұсф тейүр ерді, сусаса ан Иұсф тейүр ерді...

Жылаудан көзі көрмейтін (соқыр) болды. Ашықса да «аһ! Жұсіп» – дейтін еді, сусаса да «аһ, Жұсіп!» – дейтін еді...

Ақыры Зылиха өзінің Жұсіпті шын жүргімен сүйеттінін дәлелдеп, оған Жұсіптің көзін жеткізді. Зылиханың құсадан жиналған іштегі ыстық жалыны Жұсіптің қолындағы қамшысының алтын сабын ерітіп жібереді.

Жұсіп: «Не тілегің бар?» дегендे: Зылиха айтты: «Өзуелі – жастығым, екінші – көркім, үшінші – көрер көзім (болсын). Бұл үш қажетім орындалған соң (ен) басты бір қажетімді айтамын».

Сейтіп, Зылиха сұлу, жас кейіпіне түсken соң, Жұсіпті ынтық, құштар қылады. Енді Зылиханың баяғы шерменде күйінде Жұсіп қалып,

Зылиха тарткан азапты ол да тартады. Сонда барып, Зылиханың өткен уақыттарының тақсіретін түсініп, ғашықтық отын ол да бастан кешіріп, Зылихадай сұлудың сырт сымбатына да, жанының тазалығына да тәнті болады. Зылиха ақылдылығымен Жұсіптің жеңеді. Зылиханың ақылды әйел екендігін «құлыша ғашық болыпты» деп өсектеген әйелдердің өздерін Жұсіпке тәнті етіп, өз бармактарын өздеріне кестіретін зипозодынан айқын аңғаруға болады. Зылиханың сонымен бірге каталдығын Жұсіптің көнбейді деп зынданға салдырган тұстарынан көреміз. Бірақ кейін өзі бар кінәны мойнына алып, патшага Жұсіптің сүйетіндігін ашық айтудан қаймықпайды.

Зылиха қиссада осындай өмірдегі шын адамға тән мінез–құлықтарымен біршама жанды бейнелеген. Зылиха – асыл арманы, шынайы сезімінің іске асуы үшін құресе алатын әйел.

Жұсіп кейіпіне оны «пайғамбар» етіп көрсететін діни болмыстар көп араласқан. Аса жағымды, үлгілі, идеал адамның бейнесінде суреттемек болған. Жұсіп қорлық көріп қиналғанда, аспан түнеріп, дауыл соғады. Ол қуанғанда, шайдай ашылады. Ыстықтан қорғап, көленке түсіріп төбесінде бұлт жүреді.

Бұл сияқты нағымсыз жайлармен катар, Жұсіптің бойынан қарапайым, адамға тән сын-сипатын да қоруге болады. Жұсіптің атасына, бауырларына деген шын сүйіспеншілігі, ақылдылығы, адалдығы әсерлі бейнеленіп, киыншылық коруі аяныш тұгызып отырады. Кішкене күнінде ағалары құлдыққа сатып жібергеннен бастап, атасы Жақыпқа, іні-қарындастына сәлем айтып, сағынып жылауы, сонында астық алуға келген ағаларын қөргенде іштей қиналуды, білдірмей жас төгіуі оның аса бауырмал, адалдығын көрсетеді.

Айдылар: Иұсф атлығ ұғлы бар ерді, аны сүйэр ерді,
ол ғайыб болды ерса, ана ыығлайу көзі кермас болды, – теділар,
Иұсф аны ештіб ниқаб ічінда көп ыығлады.

Айтты: Жұсіп атты ұлы бар еді, оны аса суюші еді, ол ғайып болған соң, жылағаннан көзі соқыр болды, – деді. Жұсіп оны естіп, перде ішінде көп жылады.

Жұсіптің адамдық, адалдығы киссаның өн бойынан аңғарылып отырады. Ол ағалары өзіне қандай қастық қылса да, «таспен ұрғанды аспен ұр» деген аталы ойдың, мағынасын жөн тұтып, алдына келіп, аяғына бас ұрып, көздерімен жер шұқып тұрған ағаларын босатып қоя береді. Керісінше, сыйлап, арамдықты адамдықпен жер соктырады.

Жұсіптің патша зынданнан босатамын дегенде, ол зындандағылардың берін босатсанған шығамын, әйтпесе мені де козғама деп тұрып алады. Талай жыл дәм-тұзды бірге татысқан, мұны бір жолдастарын тастап кет-

пей, бірге алып шығады. Оларға бір-бір ат мінгізіп, шапан кигізіп, құрмет қылады. Бұл жайдан да жолдастын жау қолында қалдырмас ер жігіттің адамгершілігі Жұсіптің бойынан табылатынын аңғарамыз.

Жұсіптің көзі көріп, көңілі сенбей жатып, көрінгенге ұрынбайтын ұстамдылығы алғашқыда Зылиханың айтқанына көнбей, сұлудың құрған торына түспеуінен көрінеді. Өзін-өзі тыып ұстап, соқыр сезімге ерік бермейді.

Ол патша болғанда да ақылдылығы арқасында елін аштықтаң аман алып қалады. Басқа патшалықтың халқы малы бары малын сатып, малы жоғы ақшасын беріп, ақыр сонында астық үшін өзін сатып құл болып жатқанда, Жұсіптің халқы ондай қорлық көрмейді. Жок-жітіктерге кайыр-садақа деп астықты тегін беріп тұрады. Бұл жайлардан адамзаттың қашаннан әділ де ақылды, қайырымды патшаны армандағаны аңғарылғандай. Ауыз әдебиетінде көп таралған ақылсыз патшага ақылды узірдің жағымды қылығын қарсы қойып, ақыр сонында өзін патша қылатын мотивтердің әсері айқын сезіледі.

Киссадағы басты кейіпкерлерге Жұсіптің әкесі Жақып пен ағалары да жатады. Жақып бейнесі баласын шын сүйген атасын махаббат-мұнцына, шынайы сезіміне толы. Жұсіптен қапыда айрылған Жақыптың, ботасын жоғалтқан інгендей боздап жылауы, кайғы мен шерден бүк түсіп, қартайып, су қараңғы соқыр болуы аяныш туғызады. Бұл тұстарда тірі адамның, шын өмірдегі баласын сүйген әкенін кейпі көрінеді. Алайда, Жақыптың істерінде де Жұсіптің бойындағы «көреметтер» сияқты діни, фантастикалық эпизодтар баршылық.

Жұсіптің ағалары аттары, кескін-кейпі бөлек, әртүрлі адамдар болсада, киссада аса дараланбайды. Зұлымдық пен жауыздықтың бір түйдек жиынтығы сияқты.

Жұсіптің ағалары шығарманың басында қатыгез, қызғаншақ, жауыз болып көрінеді де, аяқ шеніне қарай қателерін түсініп, қылған істеріне өкіне бастайды. Мінез-құлықтарына өзгеріс енеді. Жұсіп өзімен шешеллес ибн Иауминді ұры деп алып қалғанда, ағалары, «Бізді де алып қал, атамыздың сүйікті ұлын тастап кетіп, тағы да қайыға салмайық», – дейді, серіктікке өз іштерінен Шамғұнды қалдырады.

«Рабғузи қиссаларындағы» бір топ қисса-хикаяттар тарихи деректі оқиғалардан алынып, өмірде шын болған, өткен жайларға құрылған. Жазушы сонау VI-VII ғасырларда араб халифатында болған тарихи елеулі оқиғаларды, фактыларды жүрдім-бардым құрастыра салмай, көркем де бейнелі тілмен әңгімелегуға тырыскан. Творчествоның шабыттың шарықтау кезінде көзіл қылын тербеткен әсем бояуларды шындықтың бір өнді полотносына шебер қолмен үстемелей жағып, қиялмен косып, нақты бол-

мысты бұрынғыдан да ерекшелендіріп шығарған, оқиғаның неғұрлым әсерлі болатын жағын көздеген. Сол шабытты шарықтау әсерімен кейде шындықтан алыс кетіп қалатын тұстары да ұшырасады.

Қиссадағы әңгімелерде тарих пен аңыз араласып жатыр. Мысалы: Мұхаммед, Әбубекір, Омар, Осман, Әли, Ҳүсейндер – VI-VII ғасырлардағы мұсылман мемлекетінің билеушілері, патшалары, дінге үндеушілері, феодалдар. Кітапта осы билеушілердің шын тарихынан алынған әңгімелер де көп, «әулиелігін, пайғамбарлығын» баяндайтын кияли аңыздар да бар.

Тарихпен тікелей үштасып жаткан әңгімелерден – деректі оқиғаларға, тарихи адамдардың өміріне байланысты жайлардан сол дәуірдің сипаты көрінеді. Бізді қызықтыратын да осы жағы. Бұл жағынан кітап көне тарихты зерттеушілер үшін де керекті. «...Қачан расул ғалейни-с-салам дүниедін нәфл қылды ерса, Файшаның хұжресіде қойдылар, халифалық Әбу Әкір хакында болды, екі жарым йыл халифа ерді, андын соң оғаты болды, қачан Әбу Әкір дүниадын барды ерса, мунафықлар барча баш көтердилар, мекеліклар уч бөлөк болдылар, мекеліклер бірла мәдиналықлар йағы болдылар».

Қазақшаласақ: «Расул алейни-с-салам дүниеден өткен соң, Айшаның үйіне қойылды. Әбубекір халиф болды. Екі жарым жыл халиф болды, онан соң опат болды. Әбубекір дүниеден өткен соң, барша екі жұзділер бас көтерді. Меккеліктөр үшке бөлінді. Меккеліктөр мен мәдиналықтар бір жақ болды», – деген жолдарды оқимыз. Бұл хабарда Мұхаммедтің, жақын серігі Әбубекір өлген соң тактың таласқа түскенін, түрлі рулар арасында тартыстың қүшегенін айтып отыр. Әбубекір, Рабгузи көрсетіп отырғандай, 632-634 жылдар арасында халифтық құрған адам.

Кітапта Әбубекірден кейінгі Халиф Омардың (634-644) өмірінен де біраз деректер дәл көрсетілген:

«Фомарны шаһид қылмак себебі ол ерді, бірагу келді: Ай халифа, бұқ күл менің сөзімін тұтmas, не іш қылайым? Фомар бұйырды, ол құлға ихтисаб қылмак керак, ол кіші Фомар сөзі бірла ол құлны ихтисаб қылды, ол құл кеме сақлаб, Фомарны намаз үстінде тұтұб, пычак бірлан ұрды».

«Омардың өлу себебі былай: біреу келді. (Айтты) «Ай, Халиф, бұл құлым менің сөзімді тыңдамайды, (құлды) не қылайын? Омар бұйырды: ол құлды жазалау керек. Ол кісі Омардың айтуымен ол құлды жазалады. Ол құл кемеден аман қалып, Омарды намаз үстінде ұстап алып, пышак салды».

Омар, шынында, иран құлыминың қолынан қаза тапқан. Рабгузи осы тарихи оқиғаны әңгімелеп жазған.

Рабгузи Әлидің халифтық құруы туралы әңгімесінде де ірі феодалдар арасындағы ел басқару үшін болған талас-тартыстан хабар береді.

Кітапта Әли мен Фатиманың балалары – ағайынды Ҳасан мен Ҳүсейндердің оқиғасы да қызығылыкты баяндалған. Ҳасанның өлімін былай суреттейді: Ҳасанның некелі әйелі – армян шаһының қызын ибн Мағауия кісі жіберіп азғырады (Ибн Мағауия – тарихтағы Муавияның баласы Иезді I болуы керек.) «Әли тұқымының бағы тайды. Әулет бізде: Ҳасанды өлтір, такты өзім аламын, бір өлкенін, барлық әйел затының билігін саған беремін», – деп алдайды. Ибн Мағауияның сөзіне сеніп қалған әйел Ҳасанды у беріп өлтіреді.

«Ҳасанға қасд қылды, Ҳасан рузәһ тұтар ерді, haya ыссығ ерді, ахшам шәрбәт бірла ағыз ачар ерді, ҳатуны ол шәрбәтқа ағу салды, Ҳасанға берді, алыб ічті ерса, көnlі бүлғанды, бағры үйрүлді, ағызға келді, Ҳүсейнге кіші иібарді».

«Ҳасанға қастық қылды. Ҳасан ораза тұтар еді. Ауа ыстық еді. Ақшамда шарбатпен ауыз ашатын еді. Қатыны шарбатқа у салды. Ҳасанға берді. (Ҳасан) Алып ішпі еді, жүргі бұзылды, жаны үйріліп аузына келді. Ҳүсейнге кісі жіберді».

Ҳасан өлген соң әйел Иездік хабар жібереді. Иезді: «Фали ұғлыға оға қылмадың, меңа не оға қылғайын теб алмады».

«Әли ұлына опа қылмадың, маған не опа қыласың», – деп алмады.

669 жылы ағасы Ҳасан өлген соң Ҳүсейн Мединеде түрді. Ол кезде патша Муавия еді. Муавия өлгеннен кейін орнына Иезді патша болды. Иездіті ұнатпағандар әр жерден көтеріліс үйімдастырып, әрқайсысы өз адамдарын қолпаштай бастады. Көтеріліс жасағандарға Ҳүсейн де қосылып, билікті өзі алмаққа амал жасайды. Айласы іске аспайды: 300 адаммен Меккеден Куфаға кетіп бара жатқанда, Кербаланың шөлінде Муавияның Зайад деген бауырының баласы Ғұрайдолла оны көп әскермен қоршап алып, құртып жібереді. Бұл ұрыс тарихта «Кербала трагедиясы» деп аталады.

Рабгузының Ҳүсейн туралы әңгімелерінде осы тарихи оқиғалардың желісі айтылады.

«Кербалаға тұшті, Кербаланың құмлары қантек қызармыш ерді... білді кім хал не тұрар». «Кербалаға жетті. Кербаланың құмы қан сияқты қызыарал еді, халінің нендей боларын білді».

Кітапта: Таиф, Мысыр, Қанған, Палестина, Куфа, Шам, Мекке, Медине, Кербаланың құмы сияқты қала, жер аттары кездеседі.

Ай, жұлдыз, аспан денелерінің аттары да бар: Хамал, Торт сары, Қозы, Арслан, Үлку, Шаян, Балық, тағы басқалар.

Рабгузи шығармашылығының айтарлықтай жетістігінің бірі – оның өз жанынан шығарған өлендері. Онда осы дүниедегі, шынайы өмірдегі тіршіліктің сұлулығын, табиғаттың әсем полотноларын, жыл мезгілін,

6-ТАҚЫРЫП

Тапсырмалар.

1. Қазақ әдебиеті тарихындағы жаңа ағымның пайда болуы туралы М. Әуезовтің зерттеуін оқып, ағымға атау беру мен халық тарихы арасындағы негізгі байланысты аныктап, ғылыми зерттеудің құндылығына байланысты шағын таныстырылым жасаңыз.
2. «Зар заман ақындары» зерттеуінде ғалымның қолданған талдау әдіснамасына назар аударып, ғылыми негізdemесіне сынни баға беріңіз.
3. Автордың ғылыми пайымдарына әсер еткен сыртқы және ішкі факторларды аныктап өз ойынызды нақтылы дәлелдер арқылы ғылыми мақала түрінде жазыңыз.

М. ӘУЕЗОВ ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫ

Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгері, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарының бір араға тұтастырығандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман» ақындары деген ат койдық. Бұл ақындардың дәуірі жоғарыда айтқан тарихи дәуірді туғызған дәуір. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Сондыктan қазактың тарихымен салыстырсак, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады.

Біз тарихи өлеңдердің қарастырған уақытта, осы жүз жыл қазак тіршілігіне қандай жаңалық экеліп, қандай күйге түсіргенін айтқанбыз. Бұрын өз бетімен еркін жүрген елдің тіршілігі осы дәуірде қайғыны да, қазаны да, толып жатқан өзгерісті де көрген. Сол ауыр күндері ел ортасынан екі алуан адамды шығарды дегенбіз. Біреуі – тарихи өлеңдерде саналған ел қаһармандары, екіншісі – ел тілегін айттып, зар, мұнын сөзбен шығарған ойышыл кария, өлеңші ақын, жырау болатын. Қазіргі қарастырғалы отырған зар заман ақындары – сол ел камын сөзбен жоқтаған жоқшылар. Бұлардың туысы мен бағыт сарыны ел басына келген тарихи дәуірден туғандықтан, барлық ақынды тарихи көлемінде қарастыру керек. Бұларды ұғу үшін соларды туғызған ел мен шартты тарих бетінен ұғыну керек. Бірак біз сол заманың жалпы тарихтағы нобай суретін тарихи әңгімелердің тұсында айтқандықтан, бұл бөлімде тарихи мағлұматтың дәл өзіне тоқтамаймыз. Оның орнына сол дәуірдегі

өлең, жырға тарих суреті қандайлық болып түсті, зар заман деген бағыт неден басталып, немен бітті? Ақындары кім? Бұрынғы өлеңдерден басқаңық жаңалығы бар ма? Кейінгі заманға қандай сарқыт қалдырыды? Онан соң әдебиетте бұл дәуір қандай орын алады? Мінеки, бұл бөлімде әрбір ақынның өлең, мысалдарын көбірек көрсетіп отырып, аныктамақ болған туйінді мәселелер осылар.

Бұл бөлімдегі өлең, жырды, тарих мезгілі бір болғандықтан, жоғарыда қаралып еткен тарихи өлеңдермен катар қарастыру керек еді. Болмаса сол бөлімнің артынан келу керек еді. Бірақ біздің қазіргі тізімімізде бұл екі бөлімнің арасына өртегі мен айтыс өлеңдер кірді. Бұның себебі: зар заман өлеңдерінің өзге барлық өлеңнен ерекше бір айырмасы барлығынан. Біздің білуімізше, зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиет екінші жікке қарай ауысады. Бұдан бұрын қарастырған әдебиет жұрнактарының барлығын ауызша әдебиет десек, мыналарды жазба әдебиеттің басы деу керек. Не болмаса қазақ топырағында ең алғашқы жазба әдебиетті туғызған анасы осылар деу керек.

Тарихшылардың көбі жазба әдебиет деп жазу кірген соң шықкан әдебиетті айтады, әйтпесе жалғыз ақынның жазып шығарған өлеңін айтады. Елдің әдебиетін ауызша мен жазбаға айыру үшін қолданылатын ең оңай, ең сыртқы белгі осы. Жаңағы зар заман ақындарына осы белгінің жалғызы өзін алғып қарасақ, алғашқы ақындар жазып айтпаса да, орта буыннан бастап, соңғыларының барлығы да жазып сөйлейтін болған.

Бірақ ауызша әдебиет пен жазбаны айырудың жалғыз белгісі бұл болмауга керек. Бұл ғана емес. Біз осы кітаптың бас кезінде, екі түрлі әдебиеттің айырмасын айтқанда, жаңағы белгіден басқа тағы бір белгіні көрсеткенбіз. Ол белгі: ел әдебиеті жаллап елдің сөйлеп, әңгімелеп, өзінше қалыптап жүрген жұрнактарынан туады. Оның ішінде елдің өз ұғымына, өз пікіріне жат нәрсе болмайды. Не жаңалық, не ескілік болса, барлығы да елдің өзінікі.

Өлең қылышы ақын болса, ол құрғана жақсы айтушы, әншайған ғана шешен әңгімеші. Өз жанынан елден бөлек ұғым, нағым, пікір, ой туғыза алмайды дегенбіз.

Онаң соң ескі әдебиет жұрнактарының барлығында бір бетте бір максатқа қарай тартқан бағыт жок. Елді үйретіп, түзеп тастаймын, мұнын жоқтаймын деген тілек жок. Бұл жұрнактардың әр қайсысы өздігімен туып, өз бетімен бөлек өмір сүреді. Барлық ескіліктің басын бір жерге қосатын тамыр жок.

Бұған қараганда, жазба әдебиетті туғызатын, ең алдымен, жалғыз ақындар.

Эрине, бұл ақындар да ел тіршілігі мен ел ұғымынан тіпті жат шырқап кетпейді. Бірақ елмен кейде ұғысса, кейде ұғыспайды. Елді кейде мақтаса, кейде сынап, сөгеді. Кейде елмен бірге куанса, үміт қылса, кей уақытта көптен жалғыз шығып, бөлініп алғып, жылайды. Қамығады. Қайғырады. Не қылса да бұл ақын елден гөрі бойы озған, ой, сезім, білім шалымы көптен гөрі ілгерілеп, асып кеткен адам болады. Сондықтан бұлар кейде көптің сыйнысы болса, кейде сол көпке ақыл, есінет айтатын басшысы, ақылшысы да болады.

Осындай ақын шығып, көптің жайылып жүрген бетінен бөлек бір жаңа беттер тауып, қалың елге жана өріс, жана жайылыс табамыз деген ниеттер туған соң, бұл елдің әдебиетінде ең алғашқы бағыт, мақсат деген нәрселер туады. Жақсылыққа бастасын, теріске, жаңылысқа, жаманға бастасын, кайда тартса да, әйтеуір ел халқының бұрынғы халіне қанағаттанбай, жаңалықты іздейп, «бастаймын, түзеймін, қазіргі күйге қанағаттанбаймын» деген күй бірлік, алғашқы рет тұтаскан ой құралып, әдебиет жүзінде елдің әлеуметтік тіршілігі сөз бола бастаган соң, жазба әдебиет дәуірі туда бастады деп есептеу керек. Ауызша мен жазба әдебиеттің арасын бөлөтін белес, кезең осы.

Зар заман дәуірі қазак әдебиетінің тарихында жаңағыдан кезең асқан дәуір болғандыктан, қазактың жазба әдебиеті осылардан бастап әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірі мен тілек, мақсат, мұн, зар сияқты сезімдерінің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт санасын құрай бастайды. Бұл уақытқа шейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы шығады.

Сондықтан зар заман ақындарының алғашқы буыны өлең, жырын ауызша айтса да, жаңағы белгілерге қарап, барлық зар заман ақындарынан қалған сөздерді жазба әдебиетке қосамыз.

Енді зар заман кезеңінің ақыны деп кімді айтамыз? Бұл дәуірдің алғашқы ақындары кім болады? Барлығының басын қосатын күй қайсы? Қөшілігі не жайдан сөйлеген? Осы сұраптардың шешуіне келейік.

Зар заман ақындарының көшілігі XIX ғасырдың орта кезінен бері қарай, Исадай, Махамбет, Кенесарылар қозғалысының артынан шығады. Қалың қазактың ұйтқысын шайқап шыққандай болып, Орта жүзді, Кіші жүзді түгел оятқан Исадай, Кенесары қозғалыстары қайғылы халмен біткен соң, елдің тауы шағылып, иығы түсken, бұрын болымсыз үміт болса, белгісіз келешектен күткен азғана сәүле болса, барлығы да жаңағы ерлердің жолсыз жорығынан соң суалып біткендей болады. Сондықтан XIX ғасырдың орта кезінен кейін зар заман күйі қалың елге түгел жайылады. Өкінішті казаның артынан кара жамылған елдің

жүргегінен қайғыдан басқа еш нәрсе шықпайтын сияқтанады. Сол қазалы күй осы заманың қайғышыл ақындарын туғызып, зар заманшыл уайым-шылдардың санын көбейтті. Бұған қарағанда, зар заман ақынының қалың шоғыры өткен ғасырдың орта кезінде шықты деу керек.

Бірақ қазак тарихында Кенесары дәуірінің ауырлығы жалғыз Кенесарының өз тұсында туған жок. Ауырталық аргы жерден, Абылай заманынан басталды дегенбіз. Қазак елі қайда барып, кайда тұратыны туралы, басына келе жатқан ықтиярсыздыққа карсы не шара қолдану туралы ең алғашқы рет қатты толғанып, ойланғаны Абылай тұсында болатын. Сол Абылай тұсында ілгері құннің талай жұмбагына шешу айтылған сияқты болып, саяси бет, негізгі пікір сол кезде белгіленіп, қалыптана бастаған. Сол күнде-ак, мүмкін болса, патша үкіметіне бағынбай, елдің өз іргесін өз бетімен бөлек сактау түбекейлі ниет сияқты нық байланған болатын. Орысқа қараган күнде ел басына құлдық, зорлық, ауырталық келетіні ел басшысының барлығына белгілі болатын.

Сондықтан кейінгі заманда Кенесары, Исадай көтерілістері болса, барлығы да Абылай заманынан суат алады. Солардың тұсында нығайған пікір, қалыптанған бет кейінгі заманда ел батырларының көтерілістерін туғызды дегенбіз. Тарих жүзінде әлеумет тіршілігінде, Кенесары мен Абылай заманының арасында осындай байланыс болса, әдебиетте де Кенесары жорығының артынан шыққан зар заман ақындары мен Абылай дәуірінде болған ақындардың арасында сондайлық үзілмейтін жалғастық бар. Абылайдың ұсынан ұшқан балапаны Кенесары болса, кейінгі замандағы ақындардың ой, бағытын баулыған аналары да сол Абылай заманында тіршілік еткен. Ел тарихынан осы сияқты қадау-қадау белгі түрғызып алған соң, әдебиет тарихының да көш асуы анығырақ ұғылып, анығырақ көрінетін болар дейміз.

Абылай дәуірінде зар заман ақыны екі алуан болған. Мұның бірі, елге келер қуннің жұмбағын шешіп беріп, үлгі-есінет сөйлейтін, болжап айтқан қария: екіншісі – толғау айтқан жырау. Екеуі де кейінгі заман ақындары сияқты, өлеңшілікті салт қылып, қазактың ақындық өнерін дагды қылған адамдар емес. Екеуінің де көпке айтқан сөздері өлең күйінде айтылып, такпак, толғау болып кетсе, ол қазактың баяғыдан шешендік үлгісін өлең күйінде бағалап, өлең түрінде жақсы ұғынып, жақсы тыңдайтындығынан туған. Сол себепті ескінің биі, батыры, барымташысы болсын, даугер жауапкері болсын барлығы да кара сөздің арасына тақылдаған такпак, желдірген өлең коспаса сезі сүйік болып, дәлелсіз болатындей көрген. Абылай тұсында болған жаңағы екі алуан жаксының көп сөзі өлеңге айналып кеткен себебі де сол.

Анығында, өситетшіл қария, толғаушыл жыраудың негізгі міндеті елеңшилік емес, елге басшылық істеп, басалқа айту болатын. Бұның екеуі де ең алдымен елдің ақылшы кеменгері, заманның сыншысы, қырағысы болатын. Сондыктан әрқайсысы өз елі, өз табының не би, не батагейі болады. Екеуі де жалғыз ел ақылшысы емес, елді менгерген хан мен бектің де ақылшысы, уәзірі есебінде болған. Хан шеше алмagan ауыр түйін, киын жұмбақ, көмескі келешек болса, барлығына да шешу сезді солар айттын.

Тыныштық заманда киуы қашып, арасы ашылған карындасты табыстырып, қысылшан заманда саскан елге жол табатын, бет нұсқайтын кеменгер, көрегені болған. Жер таңдау, ел таңдау, кешу, кону да, соғысу, бітімдесу де, барлығында ханның ең алдымен ақыл қосатын кіслері солар болатын. Бұлар хан касына қалың елдің ішінен қосылған қариялар кеңесі сияқты. Сондыктан хан аузынан шыққан ұшқары сез болса, жәнге салатын да осылар. Көп елге хан жарлығын орнату керек болса, айтқан сезі ем болатын дуалы ауыз да осылар. Кей кезде қалың ел ханнан да осылардың аузынан шыққан сезді толымдырақ көретін. Ел тіршілігінің барлық ауыр істері осылардың қабылдауымен іске асатын. Қауым тіршілігінде бұлардың саяси салмағы сондайлық зор болғандыктan, аузынан шыққан сез де олқы болмауга керек. «Ак дегені алғыс, кара дегені қарғыс» болатын жақсылардың сезі көптің көзінде мінсіз, толық болуы шарт. Қөлденен кісі мін таба алмайтындей, корғасында ауыр, октай жұмыр, өтімді болуы керек. Сол себепті бұлардың сезі асыл өлең өлшеуімен шығуы шарт болған. Айтылған сез: тақпак толғау сияқты болса ғана ел көзіне мінсіз, асыл болып көрінетін. Ел билеген жақсы туралы заманның сыны мен ұғымы сондайлық болғандыктan, әрбір хан өз касында ақылшы болатын биді таңдағанда, ең алдымен сез тапқыш өткір деген суырлған шешеннең, судырлаған ақыннан алатын. Осы салтка Абылай да бағынған. Сондыктан тандап алған ақылшыларының ішінде Бұқардай жырау, Жәнібектей шешендер болады. Бұл адамдар ең алдымен ел менгеру жолындағы саясат адамдары болғандыктan, көпке айтқан сездерінің барлығы ел мұнына, ел камына арналған сездер болады. Бұлар өз заманындағы қазақтың жоғарғы табынан: билер, басшылар ортасынан шыққан, өздері әкім. Сондыктан ел тізгінің ұстаудың бір шарты көптің қамын жеу болғандықтан, артында қалған сездерінің барлығы әлеуметшілдік сарынымен айтылады.

Қазақ елінің жазба әдебиеті алғашқы дәүірінде ел өмірінің осы сияқты қайнар бұлағынан, жуан тамырынан шыққандығын ойласақ, бергі заманда шыққан Абай сияқты ақындарды туғызған анайы топырақ, арғы ата-баба кім екенін анық ұғамыз. Осы жайды ұғынсақ қазақтың жазба

әдебиеті кешегі өткен Абай емес, одан көп арғы жердегі көп сай мен көп саладан суат алатының түсініміз. Біз жоғарыда зар заман сарыны Абылай түсындағы екі алуан ақыннан басталады дедік. Біреуі ақылшы би, қария, екіншісі толғаушыл жырау. Енді осы жіктің адамдары кім? Соларға келейік.

Әзірше бұл жіктің алғашқысына косатынымыз: Асан қайғы, екіншісі – Бұқар жырау.

Бұл жерде Асан қайғыдай ертегінің адамы сияқты болып кеткен ескінің аты аталуы кейбіреулерге жат көріну мүмкін. Сондыктан Асан қайғы өмір сүрген заман туралы біраз сез айтып өтейік. Ел аузындағы ескілік пен ел ортасындағы әңгімелерге қараганда, Асан қайғы тіпті көрі заманның адамы сияқты көрінетіні рас. Бүгінгінің қазағына Асан қайғы ертегінің Еділ-Жайығынан да, ел әңгімесінің Алдар көсе, Жиренше шешендерінен де жас сияқты көрінбейді.

Бұл күнге шейін біздің қолымызда Асанның қай заманда туып, қандай адам болғаны туралы ешбір анық мағлұмат жок. Бірақ қазақ даласын жайлап отырған қазақ руларының қайсысының ішіне барсан да, Асанның аты мәлім, әйгілі болып шығады.

Себебі сол рулар отырған коныс-коныстың барлығы туралы Асан болжал, тұспал айтып кеткен. Болжалының барлығы қалың қазақтың қамын жеген ұлы қариямыздың дуалы аузынан шыққан жалынды сез сияқты. Сол болжалдың өзіне қарап ел Асанды көрі күннің сөүегейі, әулиесі сияқты көреді. Бұл күнде өз өміріне Асан қайғының тұспал сездері келіп тұрған сияктанады. Асанның сондағы айтқан сездері келген сайн ел оны, тіпті көрі заманды болжап, біліп койған кісі қылып, атағы мен білімін зорайтып, ғайыпты болжаған қырагылдығын қүшету үшін өз қолымен әдейі алыс заманға апарып қойғысы келеді. Сондыктан Әз-Жәнібектей алыс заманың ханымен тұстас қылады.

Оның үстінен ел әңгімесі Асанды жемляға мінгізген соң, бұрынғыдан да алысқа шегініп, бір жолата ертегі заманың адамы қылып әкеткен. Себебі қазақ елінің көшпілігі «Жемля» – түйенің бір түрі екенін, осы күнге шейін Орал, Бекей қазағының кол малы екенін білмейді. Орта жұз қазағының түсінүінше, жемляны ертегінің жалмауыздары ғана мінеді. Сондыктан сол жалмауыздар сияқты жат бір нәрсе болып көрінеді. Осындағы себептердің салдарынан Асан қайғы кейде болған адам сияқты емес, ертегі әуезе тәрізді, қомескі пішінді жан болып та көрінеді. Бірақ Асан қайғы жайындағы аз ғана мағлұматтар мен Асан айтты деген сездерді қазақ тарихымен салыстырып көрсек, бұл адам ең алдымен Әз-Жәнібек ханның тұстасы болуға кисынбайды: тарихта Әз-Жәнібек Қобыландының тұстасы. Бұл ногайлы қазақ бірлігінің заманында хандық құрған адам.

Ол кезде қазақ елінің алдында орысқа қарау деген мәселе туған да емес. Ешбір жанның басына ондайлық сүйк ой келген де емес.

Онан соң бұл күнде Асан жайынан не білсек те, сол Асанның өз аузынан шықкан сөзден білеміз. Өз аузынан шықкан сөзге карасак, Асан Абылайдың тұстасы болмаса да, сол Абылай алдында аз-ак бұрын өмір сүрген адамға ұқсайды. Өйткені Асанның қатты қиналып айткан сөзі заман жайы туралы, қинаған заман қазақтың орысқа бағынуға жақындан қалған мезгілі. Сол кезде алдында төніп келе жаткан қарғыс күнді ойлад:

Мұнан соң қылышты заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар
Карағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар.
Ол күнде карындастан қайырым кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлы, қызың орысқа бодан болып,
Кайран ел, есіл жұрттың сонда не етер, –
деген Асан қайырым қалған екінші бір сөз – жоғарыда айткан Өз-Жәнібек ханға айтыпты деген сез. Жәнібек хан Ертістің басынан қорған салдырыпты, қарадан катын алыпты, құладынға кү ілдіріпти. Осы үшін жұмысына той қылғанда Асан келмейді. «Куанышима неге келмедің?» деп сұрағанда, Асан заман жайына қайырып бірталай болжал айткан. Сол сезінің ішінде:

«Катын алдың қарадан,
Айрылдың хандық жорадан.
Ел ұстайтын ұл таппас
Айрыылар ата мұрадан.
Мұны неге білмейсің,
Құладын құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүні түледі,
Акку құстың төресі,
Ен жайлап көлді жүреді.
Андып жүрген көп дұшпан,
Елге жау бол келеді,
Құладын куды өлтірсе,
Өз басыңа келеді.
Құлың кеп сені өлтірер,
Осыны Асан біледі.
Мұны неге білмейсің?
Арасынан қытай, орыстың
Корған сал, тыныш жатырсын.

Өзің, Жәнібек, елден аскан батырсын.

Ертісті өрлеп орыс жүр,
Тіл алсаң іздел қоңыс көр.
Желмая мініп жер шалсам,
Тапкан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің?
Бұл арадан көшпесен,
Айтқаным түспесен.
Орыс алар қаланды,
Шулатар катын, баланды.
Осыны көрдім түсімде,
Біл десе де білмейсің:
Қош, аман тұр, Жәнібек,
Енді мені көрмейсің, –

деп жемляяға мініп, жүріп кеткен екен дейді.

Осы өлеңдердегі: орыс, қытайдың арасында отырған қазақ, Ертісті өрлеп жүрген орыс, бодан болғалы отырған ел, жат жұртқа құл болмас үшін ауа көшуді ем көрген басшылар, барлығы да Абылай дәүірінің суреті емес пе? Абылай дәл өз заманы, болмаса соның алдындағы 30-40 жылдай бұрын да болған хандардың анық белгісі емес пе? Сондықтан Асан өмір сүрген заманды Абылай дәүірінің айналасынан іздеу керек деп білеміз. Асанның мезгілі тұрасындағы сөзді осымен доғарып, енді жаңағы өлеңдердегі негізгі пікір мен сарынға келсек: Асанның аузынан шықкан сөз Абылай заманындағы барлық кеменгер кария мен кемел бидің жүрегінде жатқан дерті, аузынан шықкан жалыны болатын. «Қылышты заман болып, қарағай басын шортан шалғанда», «ұлы, қызы орысқа бодан болғанда, кайран ел есіл жүріп не болады», «не болады» деген ауыр сұрақ, ашы жұмбак сол заманың барлық жақсысына тағдыр түйініндей кеселді түйін болған. Қалың қазақтың ішінен: «Не болады?» деген сұракты ең алдымен өзіне қойған Асан. Содан кейінгі заманда шықкан жақсының барлығы да сол сұракты мың кайтарып айтқан, бірақ ешбірі жауап бере алмай, шешу айта алмаған.

Өуел басы Асаннан басталып, барлық зар заман ақын ұлдары осы сұрактың алдында не дерін білмей, қайылы қара жамылып тұрып, амалы құрығандықтан құрсініп жылап, күніреніп откен. Бұғінгі күні – қайы күні толып жатқан жара сиякты, ауыр дерт, ашы азап күні. Бірақ алда не болады? Қай жарға апарып соғады? Шығар жол, керер сауле бар ма? Оны ешкім білмейді. Сол жолды білмегендіктен ел камын ойлаған ойшылдың барлығы да тығырыққа қамалған сиякты. Шығар есік табылмаған соң, зар менен шер женеді. Сол сұрақ, сол жұмбак, жұз жылға шейін шешілмеген.

Сондыктан жұз аса жыл бойында казактың есі кірген әдебиеті ылғи бір-ақ сарын, бір-ақ бағытпен өтеді. Ол бағыты – зар заман.

Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің ең шашшулы мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың елдің қамын ойлап, күніренген қария Асан. Алғашқы рет келешек заманың құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп, болжал айтқан Асан қайғы. Сол заманың өзінде басқа жерге ауайық десе де, өлең сөзді қауымның қызметіне жаратуға кіріскең тарғы да сол. Кейінгігі ел қамын жоқтаған мұң, зар сарының тастап кеткен де сол. Зар заман ақындарының барлығындағы сары уайым Асан бастаған сарын. Сондыктан зар заман ақындарының алғашқы белгісі Асан қайғыдан басталады дейміз.

Абылай дәуірінде болжалышыл қарт, ақылшы биден шықкан бір алуан ақын – Асан қайғы болса, екінші – толғауши жыраушыдан шықкан – Бұқар жырау. Бұның заманындағы осы алуандас өлеңшіні ақын демей, жырау деген. Осы аттың өзі де жыраулар әншайін өлеңшіден бөлек, ой ірген ойшыл өлеңші екенін білдіргендей болады.

Жырау – құрғанаң тақылдақ өлең айтпайды: бұл заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбак, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрган заманың белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терен ой, терең мағынамен сөйленеді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырган суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді. Айтпак жайларын ашып, ұғымды қылып, анықтап бермейді. Әдейі көмексілеу жұмбак қылып айтады. Ұғарлық кісі сол жұмбактан ұғыну керек. Жыраудың сөзі мақсатсыз айттылмайды. Не айтса да, көптің мұны мен қамы, көптің жәйі-күйі туралы, не көпке арналған ақыл, өсiet есебінде айттылады.

Осы сөздің барлығына әлшігіндей суреттілік, жұмбактылық шарт болғандыктан, жыраудың салыстырган суреттері кейде біріне бірі қайши келетін, арасы алыс жайлардан алынған сияқтанады.

Беті шалғай терістен, қын қиядан, бұлт құшкан біктен, шыңыраудың түбінен шыққандай «қиырдан жиылған» суреттер болады. Сондыктан толғауының ішінде «Құлан жортпас құ тақыр, кулыктан туған құлаша» бір мағынаны ұғындыру үшін қатар келсе, жоғарыда айтқан нобай белгі деп есептеу керек. Сыртқы аламыштығына қарап жатсынбай, ішкі жұмбак мағынадағы түбірі бірлігін ойлап, соны ұғыну керек.

Жырау айтқан толғаулардың өзге сөздерден ерекшелігі болғандықтан, ең алдымен сыртқы түріне тоқтап өттік. Енді зар заман ақындарына Бұқар жырауды қосатын сарын қайсы, қандай белгімен, кай алуандас ақын болып зар заманшылдардың ішіне қосылады, сол жағына келейік.

Бұқар жырау Абылайдың жанындағы уәзірі, заман күйін сынға салып, корытынды айттып, бет нұскайтын кемел ақылшысы. Абылайдай ханмен

бірге қалың елге де өсiet айтады. Айтатын сөзінің барлығы сол күнде казак елінің басына келіп тұрган саяси хал, тарихи дәуірге арналады. Ел билеген ұлықтың ішінен шыққан ақын болғандықтан, ақылшының көбі елді бастап, билеп жүрген басшыларға, артынан ерген елге арналады. Қарашины қалай билеп, қалай бастау керек екендігі туралы сөйлейді. Жыраудың міндегі осы жайлардың барлығын көпке тарайтын, көпке естілетін құрыш сөзбен айтту. Сондыктан ең алдымен өлеңмен айтады. Екінші, өз алдында болған ойшыл жақсылар казак қамынан не сөз айткан, нені тілеп, нені арман қылған, сонын бәрін білу керек. Кейінгі көпке солар айтқан сөздің шешуін айтту керек. Сондыктан Бұқардың ірі толғауы жоғарына Асан қайғы айтқан көмексі жұмбакты шешуге арналады. Асан қайғы қойған сұрактың мағынасы қайсы? Дерті немене? Соны ұғындырады, бұл сөзбен Асанның қайғысын, жалғыз Абылайға емес, қалың елге де ашып береді.

Бұқардың заманы – ел басына ауыртпалық тұған заман. Саяси хал, казак елінің басына құлдық ноктасын кигізгелі қабагын түйіп, ауырлап келе жатқан. Сондыктан Бұқардың толғауында екі түрлі күй, сарын бар. Біреуі, жоғарыда айтқан шарт, әлеумет қамын сөйлеу, екінші, сол жайды сөйлегенде мұң зармен, арманмен сөйлеу, қайғылы пішін, қаралы көңілмен күніреніп сөйлеу. Бұл сарын көрер көзге бола көлдан жасап алған сарыны емес. Сол заманың дерті улатқан ақынның жүргінен қайнап шыққан шын жалын, шын қайты. Сөйлесе жүргінен қайғы ғана шығатын болғандықтан, Асанның сөзін айтпастан бұрын, «Осы қайғыны көпке жайғанша, айтпасам кайтеді» деп жыраудың өзі де қиналады. Сондыктан Абылай Асан сөзінің шешуін айт деп сұраганда:

Ханға жауап бермесем,
Ханның көңілі кайтады.
Қайтара жауап сөйлесем,
Халқым не деп айтады.
Хан Абылай, Абылай,
Мұндай жаман хабарды
Сұрамасаң не етеді... –

деп тілек етеді. Бірақ бұл сөздің көпке ұғындыру – жыраудың міндегі. Жырау жасырганмен, заман өз пішінін жасырып тұрган жок. Асан айтқан ауыр күн тақап келіп қалды, енді ел жыласа да, күніренсе де, қандай заманға келгенін ақылшы, ойшылдарының аузынан естуі керек. Сондыктан жырау:

Енді айтайын тыңдасан,
Маган қаһар қылмасан.
Қарағай судан қашып,

Шөлге шықкан бір дарак.
Шортан шөлге шыдамсыз,
Балықтағы бір қарак.
Ойлама шортан үшпас деп,
Қарағайға шықпас деп.
Құбыладан келер бір кәпір,
Аузы-басы жұн кәпір
Жаяулап келер жұртыңа.
Кара шекпен кигізіп,
Балдымай жағар мұртыңа.
Ел қамын айтқан жақсыны
Сейлетпей ұrap ұртына.
Есеп алар пұлынан,
Солдат алар ұлынан,
Күндердің күні, Абылай,
Есе тимес өзіне,
Есіктеңі құлыннан... –
дейді.

Осы сөзбен Бұқар жырау өз заманының қайғы-шерін Асан заманының қайғысымен жалғастырады. Кейінгі зар заман ақындарына осы сарынды ұсынып, осы бағытпен қол созады. Бұқар жыраудан қалған толғау сез көп, солардың ішінде Абылай заманындағы жыраудың бағыты мен сарының анық көрсететін осы толғауы. Осымен күйі бір келетін тағы бір толғауы:

Бірінші тілек тілеңіз:

Шұғыл пасық залымның

Тіліне еріп азбаска.

Екінші тілек тілеңіз:

Алпыс басты ак орда,

Ардактаған аяулың,

Өзіңнен басқа бір жанға

Тегіннен олжа болмаска.

Үшінші тілек тілеңіз:

Желкілдеген ту келіп,

Жер қайықсан қол келіп,

Сонан да сасып тұрмаска.

Төртінші тілек тілеңіз:

Омыртқасы үзіліп,

Аязды күнде айналған,

Бұлтты күнде толғанған,

Тар құрсағын кеңіткен

Тас емшегін жібіткен

Анаң бір аңырап қалмасқа ... –

дейді.

Бұл толғауды тұтызған да жаңағы сарын.

Келешек қандай қүйлер әкеледі? Не сыйбаға тартады? Зәлімнің тіліне еріп, ел аза ма? Алпыс басты ақ орда жатқа жем бола ма? Жер қайықсан қол келіп, ел саса ма? Тар құрсағын кеңітіп, тас емшегін жібіткен аналар аңырап қала ма? Барлығы да келе жатқан кер заманда болуға мүмкін. Соның ызғары өткендіктен жыраудың жүрегін қаралы қайғы басады. Бұл толғауы сол замандағы саяси халдің бетін ашып айтқан анық белгі. «Қарагай басын шалғалы жүрген шортанның» кім екенін түсіндіргені.

Жыраудың бұлардан соңғы кейір толғауы саяси халдің дәл өзіне арналмаса да терең ой, терең өситетпен: заман азып, заң тозып, тіршілікті уақыт өзгерісі билейтіні туралы тұспал айтады. Бұның мысалы: «Айналасын жер тұтқан» деген толғауында «Тіршілік бір қалпында тұрмайды. Өмірді уақыт билейді». Сондыктан:

Айналасын жер жұтқан

Айды батпас деменіз,

Айнала ішсе азайып,

Көл суалмас деменіз.

Құрсағы құшақ байлардан

Дәүлет таймас деменіз.

Қурай бітпес құба жон

Құлан жортпас деменіз.

Құландар ойнар ку такыр

Көлшік болмас деменіз.

Құрсағы жуан биелер

Құлын салмас деменіз.

Құлық туган құлаша

Құрсақтанбас деменіз.

Құбылып тұрған бейшешек

Қурай болар солған соң.

Хандар киген камқа тон

Шұберек болар, тозған соң.

Еңсесі бійік кең сарай,

Кемтік болар, бөлген соң... –

дейді.

Мұның бәрі елге кеменгер жыраудың толғанып айтқан ақыл өситеті.

Өмір даналығы. Өлең сөздің міндегі елдің ақыл-ойын тәрбиелеу, білім

үйретіп, басшылық ету, ой түсіріп, көзін ашу, көnlін ояту. Сондықтан
емір ақиқатын теңіздей толқытып экеледі.

Бұл айтылған толғауларда Бұқар жырау заман сыншысы, бірақ жоғарыда айткан бір сөзде жыраулар жалғыз гана ел ақылшысы, ел сыншысы емес, ханға да ақыл айтып, ханды да сынайды, кемшілігін міндейді дегенбіз. Хан байлаған істің барлығына ел үндемей көне бермейді. Елдің ырза, наразылығын хан қасындағы жырау мен ақылшы би сейлейді. Ханның байлауы солармен ұғысқан уақытта гана байлау болады. Сондықтан ел басына келген соғыс, бітім сияқты мәселелер болса, барлығында байлау сезді ел үәкілдері, жыраулар, билер айтады дегенбіз.

Бұқардың бір толғауы ескі күннің осы жайын анық білдіреді. Бұл толғау Абылай көптің қарсылығымен есептеспей, орыспен соғысам деген уақытта айтылған. Бұқар көп жағында, соғыска қарсы. Сондықтан Абылайға:

«Ей, Абылай, Абылай,
Сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің,
Түркістанда жүр едің.
Әбіл-Мәмбет хандарға,
Қызыметші болып тұр едің.
Сен қай жерде жүріп жетілдің.
Үйсін Төле бидің
Түйесін баққан құл едің.
Жиырма жасқа жеткен соң,
Дәулет күсы конды басына,
Қыдыр келді қасыңа,
Бақ үйіңе тұнедің,
Ак сұңқар құстай түледің,
Алыстан тоят тіледің,
Қылышыңды тасқа біледің,
Он сан алаш баласын,
Жусатып қойдай өргізіп,
Жұмсал тұрсың колынан.
Ашуланба, Абылай.
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазына салармын.
Өтімменен жарылма,
Өкпеңменен қабынба.
Орыспенен соғысын,
Басына моншак көтерген,

Жұртына жаулық сағынба.

Күнде мендей сойлейтін
Тоқсан үште кария
Енді саған табылмас, –
дайді.

Бұл өлеңдерге қарағанда, жырау құр гана өлеңші, құр гана ақылшы емес, керекті кезінде ханның да, қараның да қатты сыншысы, катал тезі болатынын білдіреді. Ақылшы өсietшіден шығып, кей кезде саяси салмагы бар, зор қуат иесі болатынын сездіреді. Сондайлық салмагы болып, айткан сезі кімге де болса ем болатындықтан, жырау кей уақытта бөлініп-жарылған елдің бітімші би де болып кететін.

Қиуы қашып, жігі ашылған ерлерге жамаушының сезі ем болмаған уақытта, кесікті билік пен нық байлауды айтып, көпті тоқтататын жырау болған. Бұның мысалы: Бұқардың Керейге айткан сезі, Керей өкпе үстәншып ел үйкесін бұзып, ханға бағынғысы келмей, араздықпен ауа көшпекші болады. Сонда жырау өзінің қуатын білдіріп, ызгарланаип, жуан сейлейді:

Керей, кайда барасын,
Сырдың бойын көбелеп.
Сен кашсаң да, мен қойман
Арғымагым жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауган күндей себелеп.
Мен аргын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен – бұзай тірісі шөншіксін,
Мен – өгіз терісі талыспын.
Абылай алдында бітпесен,
Атасын білмес алыспын.
Көшің кетер бір жакқа,
Малың кетер бір жакқа...
Жар басына конарсын.
Жарты лашық тігерсін,
Ауызыңнан ас кетер,
Қара кезден жас кетер,
Бұл қылышың қоймасаң,
Сонау кеудедегі
Дұлыгадай бас кетер, –
дайді.

Бұл кезде жырау жуан даугер, жуан би. Ол қалың арғынның көптігіне сүйенген. Сол көпті сонына ерткен, салмағы ауыр тоқпағы. Бұкардың ханға жуан сөйлейтіні де сол.

Тарих сыйымен қарағанда, Асан қайғы мен Бұкар жырау, қазақ қауымының жоғарғы табынан шыққан хан мен билер ортасынан туған ақындар. Өздері де ел менгеріп жүрген басшы, ұлық. Бұларды туғызған қазақ тарихының хан билеп, би билеген дәуірі. Сондықтан дүниеге көзқарасы, ұғымы, ел тіршілігіне берген бағасы, барлығы да хан мен би заманының ой негізін, салт-санасын білдіреді. Асан қайғы Жәнібектей ханның қарадан қатын алғанын теріс көріп, келешек заманында құл билейді деп қорыкса, «ханнан құш, қарағайдан шайыр кетеді!» десе, Бұкар жырау: «Құндердің құні Абылай, есе тимес өзіне есіктегі құлынан» деп, «караша торғай қаз болмас» десе, барлығы да ескі ұлғіні сүйіп, өз заманының ұйытқысы бұзылмағанын тілегендіктен туады.

Бірақ Абылай заманындағы ақындарды сыйнаганында, жалғыз осы белгімен сыйнауға болмайды. Бұлар қазақтың өз тұрмысына, өз ісіне келгенде, ескі ұлғіні сүйсе де, сонымен бірге ең терең, ең құшті сөздерін қалың қазақтың камына арнаған. Қазак елі өз бетімен еркін өмір сүруі мүмкін болса, Асан мен Бұкар сондай заманда өмір сүрсе, онда бұлардан байышыл ақынның толық ұлғісі шығуға болар еді. Бірақ ол беттегі ел адамының ерісі аз болып, ең ауыр хал – орынса бағынып, жаттан таяқ жеу болған соң, ақындардың да күйі мен сарыны қалың елдің мұн-зары мен тіршілік қамына айналып кеткен. Сол себепті Абылай заманындағы ақындардың желісі кейінгі заман ақындарымен қосылып кетеді.

Асан мен жыраудың өлеңдерін тұр жағынан карасақ, ылғи құба жондатқан жұмбак пен жарыстырған ой, катарластырған көп ұлken суреттеп келеді. Барлық сөзі терең ой мен ақыл, өситетке айналады. Кейінгі ақындарға тастаған ұлғісінің бірі де осы. Болжалышыл кария, толғаушыл жыраудың сөздерін осы белгімен сыйнасак, бұлар біздің әдette өз бетімен туған салтанатты әдебиет белгісін көрсетеді. Қазак топырағының өзінен, қазақтың тарихи дәуірінен туған ұлғісі әдебиет дәуірі сияқты болады.

Абылай заманында болған зар заман ақындарының жайын шамалап білдік, енді бұлардың арты не болғанын айтайық. Ел тарихында Абылай заманынан соңғы ұлken толқын Исатай, Кенесары мезгілінде болған тарихи өлеңдерді қарастырған уақыттарда айтқамыз. Абылай заманында негізделген саяси бағыт Сырым, Исатай, Кенесары тұсында іс жүзіне шығып, қалың ел өмірінің астын үстіне келтіреді. Сол заманың пікір жолындағы басшысы, табалдырығы Абылай заманы болатұғын. Соңғы заман адамы ой суатын, саяси бағытын артқы дәүірден алды. Сондықтан бір заманда толғау айткан кария кейінгінің ақыны мен ақылшысы бас-

шысына қадірлі аруак, қасиетті ұран сияқты болды. Ел билеген би болса, батагей аксакал, кария болса, заман халін Асан қайғыша қайғырып, Асанша жоктап, құңренетін болды. Өмір қажытып, қайғы женген басшысының барлығы Асанды ұлғі қылып: «Қылы-қылы заман болар, қарағай басын шортан шалар» дейтін болды.

Осы күй Асан қайғы мен Бұкар жыраудан кейінгінің ақынында да күшті. Сондықтан жоғарыда айтЫлған жұз жылдық дәуірдің ақыны түгелімен осы күй, осы сарынды ұлғі қылып, Абай заманына шейін жетті. Кейде сол сарынның арты Абаймен тұстас болған ақындардан да жоғалмағаны бар.

Енді осы дәуірдегі зар заман ағымына кіретін кім? Бізше бұл ағымға XIX ғасырда болған ақындардың бәрі кіреді. Бұл ғасырда қазақ ақындары екі алуан болған. Біреуі: есі кірген ойлы ақындар, нағыз зар заманының өз ақындары, екінші: елдің қызық-сауығын салт қылған айтис ақындары. Жоғарғы айтқан ағымға айтис ақындарының кіретін себебі: бұлардың барлығы бірдей ылғи айтиспен өткен емес. Көпшілігі айтиспен айт пен тойды қызықтап жүріп, сонымен бірге анда-санда ел басына келген ауыр құндерді де өлең қылатын. Орыс зорлығымен жерден ауған ел, елден куылған ер болса, сонын барлығына айтис ақындары да жылаган, жоктау өлеңдерін айта білген. Сондықтан зар заманға бұлар айтистарымен кірмese де, жаңағыдай есті өлеңдерімен кіруге тиісті.

Енді зар заманының өз күйін толық суреттеп көрсетіп, анық ұлғі болатын ақындарға келсек, бұлардың саны көп болуға керек. Бірақ бұл күнде барлығының сөздері жиналмаған: жиналғаны болса, баспаға шықпаған. Сондықтан қазірде зар заманының бар ақынын түгел санап шығу мүмкін емес. Сол себепті көпке мәлім болып, жарияланған ақындардың бірнешеін мысалға алып, солардың бағыты мен сарынына қарап жалпы зар заман ақындарының заманы мен қалпын ұғынып көрейік.

Бұкар жыраудан соң XIX ғасырдағы зар заман ақындарының басы – Махамбет. Одан кейінгілері: Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, бұлардан соңғы бір буыны Абаймен тұстас ақындар.

Әзірше бұлардың мысалына алатынымыз Нармамбет, айтис ақындарынан кейір өлеңдерімен осы жікке кіретін Шернияз, Досқожа, Күдері кожа сияқтылар. Онан соң зар заманының құй сарынымен әңгімелі өлең айтқан ақындар жоғарыда тарихи өлеңнің ішінде айтЫлған Нысамбай, Іғылман сияқтылар.

Енді жаңағы саналған ақындарды жеке-жеке қарастырып көрейік. Абылай тұсынан кейін зар заман ақындарының санын көбейтіп, сарының күштейткен Кенесары, Исатайлар дәуірі дедік. Сондықтан бұл дәуірдің ақындарын жаңағы адамдардың оқигаларына жакын тұрған Махамбеттен бастаймыз.

Махамбет жалғыз ғана ақын емес. Бір жағынан ақын болса, екінші жағынан Исадай оқиғасының қан майданында ірі кайрат көрсеткен атақты батыр. Әрі сөзімен, әрі ісімен әлеумет қызметкөрі болып, сол жолға бойындағы бар қуатын сарп еткен адам Махамбет. Бұқар жырау мен Асан қайғының жаңа замандағы жаңа үлгісі, тұтынған жолы мен көздеген мақсатта солардың ешбір айырмасы жоқ. Алдыңғылары өз заманына ақыл өситетпен басшылық етіп, әкімшілік орында отырып, қызмет етсе, мынау алдыңғылар салған жолмен, солар нұсқаған бетке қол қайратымен жетпек болған. Исадай, Кенесарылар казак елінің ақырғы рет патша үкіметіне қарсы тұяқ серіпкен кимылын көрсетсө, Махамбет осылардың жолын түгелімен қабылдап, өзіне иман қылған адам. Жырау өситет пен билік соңындағы адам болса, Махамбет солардың үлгісімен жаңа заманда, тар заманда шыққандыктан, үгіт пен істің соңына түскен адам. Сондыктан калың елді артынан ертіп жүріп, үкіметке кара қайратпен қарсылық етеді. Көтеріліс жасайды. Соғысады. Сөз сөйлесе жалпы қазактың қанын қыздырып, желіктіріп, осы жолға ертпекші болады. Өлеңіне карасақ, өздері істеген істің алғашқы кезіндегі Махамбет осы пішінмен айқын көрінеді.

Бұның заманы Абылай заманынан да бұзылып кеткен. Бұл күнде бұрынғыша толғау айтып, алыстан қозғап, ой түсіремін деп отыруға болмайды, енді іс қана қалған. Жүрек токтатып, бекініп қолға наиза алып аттану ғана қалды. Не өлу, не тірілу керек. Тыныс бітіп, тығырыққа қамалған жердегі жалғыз асу осы. Сондыктан қызулы үгіт сөзбен калың қазактың қайраты бар ерлеріне ұран салады. Көтеріліс жалауын сермен, «Алақаны мұздамаган» ұл болса, соларға арнап:

«Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі наиза қолға алмай,
Егіндікті жер шалмай,
Коңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай
Өзіңнен туған жас бала
Сакалы шынғып, жат болмай,
Ашаршылық, шел көрмей,
Арып-ашып, ел көрмей,
Тұн катып жүріп, тұс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір казық жастанбай

Кү толағай бастанбай
Ерлердің ісі бітер ме...», –
дейді.

Бұл өлеңнің тұсында Махамбетте үміт бар. Алдынан күткен тілегіне жетем деген екпін, жалын бар. Бірақ бұл күйі ұзакқа барған жоқ. Истің басы осындағы иманмен басталса да, тез уақытта бастарына қаза келеді. Ақынның екпініне қарсы кара дауыл шыкты. Атқан оғы тасқа тиді. Қол бастаған ер болсын, артынан ерген ел болсын барлығының да тауы шағылды. От сөнуге айналды.

Исадай істеген іс – казак еліне жасалған сын еді. Тарихтың тар кезен, тайғақ кешуі еді. Осыған қарсы тұруға қайрат табылып, шыдам жетер деп еді. Сонын бәрі табылмаған сиякты болды. Сондыктан елдің әлсіздігіне көзі жеткен ақын:

«Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығуға,
Қас үлкектен тұган қатепті,
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабыргасын қаусатып,
Бір-бірін деп сөксө де,
Қабағын шытпас ер керек,
Біздің бұл іске», –
дейді.

Ақын ердің қазақ ішінен керек қылған қайраты сыртына шығып көзге көрінбеді. Жасыған ел алдынан соққан дауылға қарсы тұруға щыдамай, бет бұрып ықтап кетті. Сондыктан:

«Бұрынғыдай қарыштап
Коналмадық қоныска,
Келе алмадық келіске,
Жағалай қонып қоныска,
Тағы жақын келдік орыска...»

Бұрынғы тілек, үмітпен салыстырғанда, бұл өмір емес; жұбанатын сәуле жоқ. Қарғыс күн:

«Ат басына соқтырып,
Ата-енені сөктіріп,
Нәлет болсын, жігіттер,
Біздің бұл жүрген жүріске.
Тағыдай тандап су ішкен,
Тарпандай тізесін бүтіп от жеген,
Тағы сынды мырза едін,
Тағы да келдің тар жерге...»

Таңдансан тағы болар ма,
Тәнірінің салған бұл іске», –
дейді.

Қарсы көніл жығылып, жалын жүрек суынған соң, жаңа заманға ықтиярыз бағынуға қалды. Бірақ бұл бағынуда көнгеннің белгісі жок. Тастай жатқан каттылық пен қарсылық әлде болса іште жатыр, сондыктан ендігі қалған күнді тіршілік деп есептемейді. Нәдет оқиды. Ақын көнілінен жаңағы өлеңмен шыққан осы күй, қарсылық ақын көнілінен еш уақытта кеткен жок. Исадай толкыны өтті. Ел жығылып, женелді, жаңа заманға зорлықпен болса да бас иді. Жаңа өмірге ырза болған қанағатшылдар да шықты. Жаңаалықтан ракат алатын «жаксылар» туды. Заман өзгермеген сияқты болып, бұрынғыша жұбаныш, қызық тапқандар болды. Бірақ ақын көнілі бұнын біріне де қанағаттанған жок. Өзгеге жаксы көрінген өмір бұған тозақ есебінде көрінді. Тұтқын орын деп санады. Бүгінгі ырзалық – құлдың ырзалығы. Қорашиб төбет болғанына мәз болған жігерсіз, отсыздың ырзалығы. Шынында, бүгінгі күн қаралы күн емес пе? Қаралы болатын себебі:

Желкілдеген ала ту
Жиырылып ойға түскен күн.
Жез қарғылы құба арлан
Жез қарғыдан айрылып,
Корашиб төбет болған күн.
Аса шапқан құлаша ат
Зымырандай болған күн.
Арқауылдың бойынан
Терісей дауыл соккан күн.
Сағағы болат қылыштың
Балдағынан сынған күн.
Жас бейтерек жығылып,
Жығылғаны естіліп,
Алыстағы дұспанның
Куанып, көнілі тынған күн.

Заман осы болған соң, ақылды қанаттандыратын жұбаныш жок. Сондыктан бұның аузынан шыққан сөздің барлығында жаңағы зар заман күйі арылмластай кайғылы сарын болып, білініп отырады.

Зар заман ақындарының Махамбеттен соңғысы өлеңді жазып айта бастайды. Бұлардың алдындағы тарихи дәуір Исадай, Кенесарының жолсыз жорығымен байланысқан, жүдеулік қайғы күндері болатын. Ол уақыттағы елдің өміріне қандай жаңаалық, өзгерістер, ауырлықтар кірісінен бұрынғы ақындардың тұсында айткамыз.

Енді сол тарихи оқига мен патша саясатынан басқа тағы қосымша жаңаалықтар болды ма? Болса, не жаңаалық? Сол жаңаалықтың әдебиетке қандай әсері болды? Зар заман ақындарының бұрыннан келе жатқан күй сарының өзгерпесе де, бояуын жаңырытып жаңа иіс кіргізгені бар ма? Сол жайдан біраз сез айтып өтейік.

Бұлар жырау заманынан келе жатқан бұрынғы әлеуметшілдік, ойшылдық сарынына Махамбет заманында ісшілдік қосылса, кейінгі ақындардың тұсында жаңа әсер сияқты болып дін мен мәдениет іісі кіре бастайды.

Зар заманың орта буыннан бері қарай дін сарыны біздің әдебиетте жылдан жыл өткен сайын ұлкенірек орын алады. Басы Шортанбайдан басталған діншілдік, XIX ғасырдың аяғына келгенде толып жатқан дін қиссаларына келіп соғады. Бірақ, бұл жазылып отырган әдебиет тарихында біздің мақсат қылған нәрсеміз ең әуелі казактың нағыз өз әдебиетін аршып алу болғандыктан, дін ағымымен туып, жат жүрттыш үлгісі сияқты болып көшіп келген әдебиеттің әзірше қозғамақшы емеспіз. Себебі казак әдебиетіне кірген дін қиссалары мен халық романдарын алсақ, барлығы да өзге елдерде туып, бізге кешірме сияқты болып келген.

Сондыктан казактың бір қиссасын қарастырудан бұрын, сол қиссаларды өзге елдердің әдебиетінен теріп, тексеру керек болар еді. Қазіргі міндет ол емес. Сондыктан біздің әдебиеттегі дін ағымын кең ауданымен қарастырмаймыз. Оның орнына жоғарыдан қарастырып келе жатқан зар заман ақындарында діншілдік әсері білінді ме, қаншалық дәрежеде білінді, соны ғана әркайсысының өлеңінен қарастырып өтеміз.

Зар заманың орта буыннандағы бір жаңаалық – діншілдік сарыны делік. Екінші – жоғарыда айтқан мәдениет ісі. Бірақ бұл дәуірде соңғы жаңаалық оншалық айқын болып, толық күйінде білінбейді. Білінсе жалғыз Алтынсариннің ғана сөздерінде білінеді. Сондыктан мұны бір үлкен жаңаалық демей, ісі деп қана атадык.

Бұл айтылған жаңаалықтардан басқа зар заман күйінде болған тағы бір өзгеріс: Махамбеттен соңғы ақындар, бұрынғы Бұлар жырау заманында биіктегі тұрған өлең сезді ойға келіп, түсірді. Бұлардың тұсында өлең ел өмірінің ұсақ салаларына тарауға айналды. Бұрынғы ақын казак өмірінің ұлы құрсауын, үлкен ауданын сез кылса, бұлардың сездері, күндегі өмірдің ұсақтаған жамаушысы сияқты болып, жеке-жеке дертке арналатын болды.

Жырау жырлағанда ел басына келе жатқан жаңа заманың ұлы денесін, нобай суретін сез қылатын, содан көркіп, толғанатын. Олар қазак жайлаған сахараның бір шетінен шыққан шоқтай қара бұлтты көріп, соның белгісінен шошып, содан келетін бәле қандай екенін болжап, түспал қылыш айтатын.

Соңғы ақындардың заманында сол бүлт бір есептен қазақ даласының үстінен соғып етті. Сондыктan бұл күннің ақындары баяғыдай шыккан бүлтты сез қылмай, содан түскен бұршакты, үй жыққан дауылды, мал ықтрыған сокқынды сез қылды. Дала жайларған елдің өмірінде бүлттан түскен қаза менен дерт кандай болды, соларды айттып, құніренетін болды.

Сол қаза мен дерттер қайсы? Дерт көп. Біреуі, елді орыс ұлығы билегенін арман қылады. Ел мінезінің бұзылып бірлік, берекеден айырылғанын айтады. Байлық кетіп, кедей болғанына қайғырады. Екіншісі, ел жайларуын орыс алып, жер тарылғанын, зорлық көргенін айтады. Бұрынғы кең коныс, кең өрісін жоктайды. Үшіншісі, дін жоғалып, қарындастық қадір тозып, ру тіршілігінің шырқы бұзылғанын сөйлейді. Кейбіреулер өзгеріп тұрған заманың ауыртпалығын айттып келіп, өткен күнге жоктау айтады. Осының бәрін санаумен бірге тығырыққа камалып, сенделген елдің кайғылы хандары кей-кейде ем айткысы да келеді. Бірақ мұның ешқайсысы да алдыңғы заман неге согатының білмейді. Өткен күннен қалған ұлы жұмбакты шеше алмайды. Сондыктan әрқайсысының демі де әртүрлі. Кейбірінікі дін, кейінікі таза адамшылдық, тағы бірінікі шала күйде айттын оку өнер. Бұлардың сез қылған жайлары баска-басқа сияқты болып, атаган емдері де әртүрлі болғанмен, барлығының басын қосатын ортак жері бар. Ол ортак жері: заман халінің қайсысынан туатын өкініш, зар өткендегі ойлап, құрсініп, сағынып, қазірден қажып, торығу, алдыңғыдан шошынып, корку, сондыктan ыныранып, зарланып, зарығу. Жылауына зорлау.

Зар заманың пісіп жеткен кезіндегі толық шыны осы. Енді осы халдерді жеке ақындардың сез мысалдарынан тексеріп қарайык.

Соңғы заман өлеңдеріне зар заман деген ат қойды. Бұл аттың иесі Шортанбай. Бұл ақын «Зар заман» деген өлеңінде өзі көріп тұрған казак өмірінің барлық суретін айтады. Сол суреттер бойынша Шортанбай өмір сүрген заманың хал-жайы қалай пішиңделеді, соны көрейік.

Шортанбай әуелі бұрыннан көп сөйленіп келе жаткан «Заманға» қай заман екенін атап, ат қояды.

Мынау ақырзаманда

Алуан, алуан жан шыкты,

Арам, араз хан шыкты,

Қайыры жоқ бай шыкты.

Сауып ішер сүті жок.

Мініп көрер күші жок,

Ақша деген мал шыкты.

Баяғыдан құбылып, бұзылып келе жаткан заман, өзге заман емес, ақыр заман екен. Бұл арада дін ұғымы мен ескі қазақ қөзқарасы бір арага

қосылғандай болады. Сондыктan «акша деген мал шығып, қайыры жоқ бай шықканы» ақыр заманың белгісі. Заманың осы сияқты жаман белгісі «Зар заманың» ішінде көп айтылады. Ел өмірінде бұрынғыдан өзгерген жаңалық, жаттық болса, барлығы да ақыр заман нысанасы сияқты көрінеді.

Мұның өзі зар заман
Зарлығының белгісі
Ұлы сыйламас атасын.
Арам сідік болған соң,
Атасы бермес батасын.
Қазы, болыс, хан қойды
Некесіз тұған шатасын.
Сол заманың кезінде
Қызы сыйламас шешесін,
Ержеттім деп, шаштасын.

Заманың бұзылған белгісі жалғыз адамда емес, табигат та өзгереді. О да жұтап, жұдеп келеді:

Асылы асқан замандай,
Шөп сүйилды жердегі,
Құс таусылды көлдегі
Бай таусылды елдегі.

Бұның бәрі заман бұзылғанының анық белгілері. Енді осы заманды бұзған кім? Қандай іс, қандай кұлық, қай өзгерістен соң бұрынғы заман бұзылуға айналды? Бұған ақынның беретін жауабы:

Заман қайтып оңалсын,
Адам қайтып қуансын,
Жандарал болды ұлығын,
Майыр болды сыпайын.
Арылмастай дерт болды
Нашарға қылған зорлығын.
Кінәзді көрдің піріндей,
Тілмәшті көрдің биіндей,
Дуанды көрдің үйіндей,
Абакты тұр қасында,
Қазылып қойған көріндей.
Байлар ұрлық қылады,
Көзіне мал көрінбей.
Билер жейді параны,
Сактап қойған сүріндей.
Сол себепті:

Заманың түрі бұзылды
Текеметтің түріндей.

Мінеки, басында заман жайын ел өмірінің ұсак белгісінен бастаса да, аяғында келіп тірелетін баяғы ескі түйін. Заманың зарын айтып, күніреніп келгенде, сол қайғыға салып отырган себепті іздесек, ол орыс үкіметінің билігі болып шығады. Бұрынғыдай емес, бүгінгі күнде үкімет елді басып, билеп алған, ел өміріне барлық сұық пішінімен, сұық мақсатымен жақын келіп, коян-котық араласып кеткен. Сондықтан «ұлық болған жандарал, пір болған кінәз, би болған тілмәшпен» бірге солардың кейпіне түсіп, азып кеткен ұрлықшыл бай мен парашыл би де заманды бұзуышылардың бірі деп саналады.

Енді осында заманың ішінде өмір сүрген зарлы ақынның өмірден үміті бар ма? Үміті жок. Жалғыз жұбаныш: бүгінгі залымның бәрі осы күнгі ісінің жазасын ақыретте тартады деп сенеді. Сондықтан осы тез құрылатын заманың болуын тілегендей болып:

Келе жатыр жақынданап
Ай мен күннің арасы.
Таңда мақшар болғанда,
Таразыны аударар,
Залымның қылған құнәсі,
Әкімнің қылған зинасы,—
дейді.

Зар заман ақындарының ішінде қауым тіршілігін, әлеуметтің қайысын дін бояуымен бояп айткан осы Шортанбай.

Зар заманың бұдан кейінгі көрнекті ақыны Мұрат. Мұрат зар заман ақындарының ішінде патша саясатының бір тарауына көп көңіл бөлген ақын. Ол тарауы қазактың жері алынуы болатын. Сондықтан бұл ақын көп жырында коңыс пен өрістің жоқшысы болады. Жер тарылып, заң бұзылып, ел сасқан соң, бұрынғы ұйтқысы бұзылмаған ру тіршілігі көркінен айрылып, құбылып, куарып бара жаткан сияқтанады. Бұзылған заман мұның да өлең сөзінің бар күшін әлеумет камына жұмсалады. Мұрат зар заман ішіндегі ірі ақынның бірі. Бұның сөз үлгісі баяғының толғауы сияқтанып, карсыға шапқан жүйріктей көсліп, құлашын керіп келеді. Елдің жайлауы мен коңысын жоктағанда жалғыз өз заманынан бастамайды. Қазактың қайғылы күйі алыстап, ескіден келе жатканын айтып:

Еділді тартып алғаны —
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны

Ойдағысы болғаны
Қоныстың бар ма қалғаны
Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны.
Анғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да
Бір қырсыктың шалғаны, —
дейді.

Қазактың ата конысы, мекені алына бастағаны, бүгінnea емес, көптен басталған. Сондықтан бұл зорлықтың тарихын шолып өтеді.

Ел өмірін осындағы ескіден келе жатқан дерт кернеген соң, заман бұзылмасқа шара жок. Бұған да заман өзгеріп, «қырсық шалғандай» болып көрінеді. Бұл да азған заманың белгісін айтып келіп, заман неден бұзылғанына шешу айтады. Шешуі Шортанбайша табиғат бұзылғандықтан, дін жоғынан емес. Табиғат бұрынғы қалпында, заманды бұзған казактың өз қауымы:

Бәйіт еттім бұл сезді,
Қайғы шегіп заманнан.
Заман азып не қылсын.
Ай орнынан туады,
Күн орнынан шығады, —
Бұның бәрі адамнан...

Осыдан кейінгі сездерде адамның бұзылғанының белгісі қайсы екенін айтады. Белгілері бұрынғылар айтқан берекесіздік, арамдық, жат бауыр болып карындастан айрылығандықтан. Қауымды бұзған себеп:

Қатпа болған түйедей,
Киенкі болған биедей,
Ел биледі бір сымптыс
Екі бұты таралған, —
дейді.

Заманды аздырған себептің бірі осы болса, екіншісі күшті дұшпан. Бұл дұшпан иыққа шығып, қырандай қадалып бағып түр. Мойын бұрғызбайды. Сондықтан ақын:

Дұшпан тазы, біз тұлкі,
Қашсақ ерікке қоймайды,
Інге кірсек сұрып
Құлғанадай қадалып,
Қазынасы кен құдайым,
Сактағайсың саламат, —
дейді.

Мыкты дүшпен ақын жүргегін шоштып, жаратқан иесінен тілек тілетеді. Тыныс бітіп қажыған соң, әлі құрыған зарлының аргы тірері құдай. Сондықтан «сактай көр» деп соған жалбарынады. Қайғы мен үмітсіздік женген ақын алдыңғы заманнан да шошиды, алдыңғы заман ел сұрқын бүгінгіден де жаман бұзатын сияқты. Қомескі келешек тағы да талай бұзық белгіні сездіріп тұрған сияқты. Өмір ұтқысының бұзылуы ақын заманындағы жамандықпен токтамайды. Жакында тағы қауіп бар. Ол қауіп:

Ұстай ма деп білегін,
Нығая ма деп жүргегін,
Кейінгі туган баланың
Шашын, мұртын койдырып,
Ашы суға тойдырып,
Бұза ма деп ренін,
Адыра қалғыр заманың
Жаратпаймын суренін.

Бұл сөзде жақындағап келе жатқан заманың ақынды құпті қылған жұмбагы бар. Ол жұмбақ патша үкіметінің казак елін орыс қылмақ саясаты. Мұрат сол ниеттің шетін сезген. Өз заманындағы көп белгіден топшылал, сол күн бола ма деп қайғы шеккен. Қөрген күні осы болған соң, бұл да тіршілікке ырза емес. Сондықтан «адыра қалған заманы» – Махамбеттің «нэлэт» оқыған заманынан өзге емес. Сондай қайғылы, сондай дерпті заман екенін білдіреді. Мұраттың ел қайғысын көрсететін бір үлкен өлеңі «Сарыарқа». Мұнда жерден ауған елдің арып-ашқан күйлерін, бұрынғы дәуренін айтады. Мұнда да күшті сарыны – заман қайғысы. Бұзылған, азған заманың жыры. Сонымен бірге казак қоныс қылған жердің күтсіздік, сорлылығын айтады.

Кірін жуып, кіндігін кескен жерден,
Кысылмай, ер кете ме еркіменен.
Бұрын да адыра қалғыр күтсіз еді,
Егескен ердің бәрі жер тіреген, –
дейді.

Жер үшін талай ел өмірін сарп қылып, еңбек еткен. Бірак ежелден баяғы батыр мен жауынгер елдің ешбіріне пайызды қоныс бол маған күтсіз жер. Сондықтан басшысына айрылған кара халықта қарсылық шара жок.

Елдің іргесі ыдырап, тозғаны жалғыз бүгін емес:
Әуслі Әлімменен Табынды алды,
Тоздырып аксүектің тағын да алды.
Әленді Қосеппенен Сібірге айдал,
Бұл жүрттың қара түгіл ханын да алды.

Сондықтан алып көңіл басылып жүр демескे шара жок.

Зар заман ағымына өлеңнің кейбір сарынымен қосылатын ақын Ыбырай Алтынсарин. Бірак сонымен бірге сол ақынның өзгелерден белек бір жаңалығы бар. Бұл мәдениетті ақын. Сондықтан кейбір өлеңдері оқымысты, ұлгілі ақындардың салтымен жазылған. Ондай ұлгінің мысалы: «Сәүірде көтерілер рахмет туы» деп даланың жазғы түрін суреттеп айтқан өлеңі.

Алтынсариннен ең алғаш рет қазак әдебиетіндегі сипаттау өлеңі басталады. Европа ақындарының ұлгісімен қыр тұрмысының көркін суреттейді. Бұл өлеңнің әлеуметшілдік сарыны, ел қамы жок қазак әдебиетінде алғашқы шыққан жаңа ұлғі болғандықтан, сол жаңалық мысалының есебінде атап отырмыз.

Әлеумет қамына ариалған өлеңдерінің сыртқы ұлгісі мен күй сарыны бұрынғы ақындарға ұксайды. Бұл да елге ұлғі, өсiet айтады. Жүдеген елді жұбатқысы келеді, ел түгелімен көңілі кірбен, гарып сияқты, сондықтан жұмсақ қолмен ұстап, жылы сөзben келіп, көңіліне қонатын ұғымдай ақыл айтпақшы. Елдің басына келген күн көп сөйленген, көп айтылған.

Сондықтан ендігі сөзді Алтынсарин заманды жоқтап, заман зарын айтуда арнамайды. Заманың кайғы шерін қалың елдің өзі сезіп-бліп, көріп тұр. Оның орнына, мүмкін болғанша, ем айтқысы келеді. Бірак мұның айтқан емінде бір бағыттық, анықтап бастаған екпін, ағын жок. Елдің әр алуанына әртүрлі ем айтады. Елдің үміт, сүйенішін жас буынға артқандай болады. Сондықтан балаларды окуға шақырып, бата береді.

Ақынның қалың елге айтқан өсietі көмескі, ұғымсыз. Өз заманындағы оқымаған надан көпшілікке ешбір үміт арта алмаған сияқты, олардың колынан іргелі елдік келеріне де сене алмағандай. Сондықтан қалың елге кейде таза адамшылықты ем қылады. Кейде дін өсietін ұлғі қылып ұстайды. Зар заман ақындарының ішінде дін сарының шығарып, дін мейманалығын көп ұсынатын ақын Алтынсарин. Таза адамшылық жолында елге айтатын ақылы:

Араз бол, кедей болсан, ұрлықпенен,
Әліп кет, басың кетсе шындықпенен.
Алланың рахметінен күдер үзбе,
Телмірме еш адамға мұндықпенен,
Мактана бай болдым деп, бағызызға,
Қартаймақ, о да киын тағыңызда,
Дөн аспай бақ дәүлеттің кетуі онай,
Басыңнан бақыт тайған шағыңызда, –
деген сияқты жалпы адамшылдық үгітімен келеді.

Дін сарынымен келетін өситеті тәқаппар болмау, сабырлы болу, әділдік пен иесінен үялу, иман байлығын жиуга тырысу. Осы үлгінің барлығын дін жақсыларының өміріндегі мысалдарымен айтады.

Айубты жеті жылдай мың құрт жеді,
Тәні де бөлек-бөлек болып еді,
Тақыт, тәж, мал-мұлкінен қабат безіп,
Жапанды жалғыз жатып «алда» деді.

Кәпірлер кеше құндіз жәбір етті,
Айуб тағы бәлеге сабыр етті,
Артында михнаттың рахат бар ден,
Не келсе құдайдан деп бәрін құтті.
Дүниеде патша болып Дәуіт те откен,
Фаламға әділдікпен даңқы жеткен.
Бар ғой деп отыз ұлым көптік ойлап,
Бір құдай жалғыз құнде әлек еткен.
Наушаруан өзі ғаділ, кәпір екен,
Дұзакқа әділдікпен жығылмады.
Бұзбақыз әділдікті бұл мал үшін.
Жиясыз оны-дағы бір жан үшін.
Әзәзіл періштенің ұлығы екен,
Не болды тәқаппарлық қылғаны үшін.
Ұмытпа бай болым деп бір құдайды,
Жер жұтқан қайыры жоқ Қарынбайды,
Мекені қайда екенін білесіз бе?
Жомарттық қылғаны үшін Атымтайды, –
дәйді.

Мұның барлығы жоғарыда айтылған дін мейманалығы. Жуасып, жудеген елге ақырғы тыныштық, жұбаныш осыдан табылmas па екен, ендігі өмірдің емі бойсұнып, сабырмен шыдап, дінмен тірек іздеу болмас па екен дейді. Әр заманда, әр елдің тарихында, үміт кемесі су астындағы жартасқа соғылып, талқан болған шакта, әрбір жан өз жарасымен ыңырануға айналғанда, осындаі момындыққа түсіп, мұнға батып, дін бесігінің тербетуін іздейді. Тағдырына бас иіп, үміт, тілекке қош айтып, жарық сәулені ол дүниеден құтеді.

Өлеңнің мағынасы мен үлгісі өзгелерден жат болса да, Алтынсариннің өзге зар заман ақындарымен жалғасатын желісі бар. Ол желісі жаңағы айтқан көніл құйінде, түпкі сарынында, зар заман ағымының бір саласы осы бетпен, осы құймен кеткен.

Осы айтылған зар заман ақындарының сарыны жүз жылдан артық дәуірдің ішінде өмір сүрген казак ақынның барлығына да құй, сарын

болды. Зар заманың артқы ақыны XIX ғасыр мен XX ғасырдың жапсарында өмір сүріп, сол кезде өлең айтқан Нарманбет. Заман зарының ең ақырғы құйін шертіп, токтаған осы ақын.

Осының заманымен, осыдан кейінгі дәуірде зар, құй қазак әдебиетінен біtedі. Нарманбет мезгілінде зар құйінің басын шертіп, алғашқы толкынын шығарған толғауыш жырау, ақылшы қария да жоғалған. Бұнын тұсында Бұқар жыраудың өз дәуірі де арман қылатын қызық дәурен сиякты көрінген.

Қалың елдің қамын тұтас ойлап, тұтас жоктайтын қамкордың бәрі біткен. Заманың өзгерісі мезгіл сайын құбыла келіп, аяғында танымастық болып басқарған. Енді кәрі қүйді жоктаудың өзі де ескірген сарын болып, ол жайлы сөз қылатын алжыған шал сиякты бірен-саранғана болып қалған. Елдің жақсы деген кісісін Абылай заманының құйін күйлеу түгіл, Кенесары, Исадайдың да ісі мен мақсатын білетіндер де бірен-саран-ак болған. Қалың ел, бұрынғы көп тілекті кемітіп, бойғынып болып, жаңа заман жетегіне жүрге ынтық бола бастаған, құлдыққа, корлыққа, таршылық пен зорлыққа елдің еті үйреніп, денесі уланып, өліп кеткен. Енді зар заманды Махамбетше айтып, жаңалыққа қарсы болса, ақынды елдің өзі де тындаламайтын, үқпайтын сиякты болған.

Нарманбет осы дәуірдің ішінде туған ақын болған соң, зар заманың барлық бағыт, мақсатын ұғып отыrsa да, солар айтқан қүйді қайта шертудің мезгілі өтіп кеткенін сезген. Бірақ ақын жүрегі бұл қүнге солардай ырза емес, соларша құсаланып, қайғырып, шерленеді. Киялы солардың заманында, көнілінің құйі солармен туыстырады. Бірақ олардың үлгісі өтіп кеткенін қүндегі өмір мен қүндегі тіршілік мақсаттары көп дәлелмен миландырып, ұқтырып отыр. Сондықтан бар зар заман дәуірінде «Сарыарқа» деген өлеңмен кош-кош айтады. Зар құйінің ақырғы толғауы мен ақынды ырғағы осы өлеңмен келіп біtedі.

«Сарыарқаның» басы зар заманшылардың ескі құлақ құйінен басталады. Ақын алдыңғы сөзде заман бұзылған соң табиғат та бұзылып, бұрынғы көркінен, бұрынғы жараптық қызығынан айрылады дейді:

Сарыарқа, сарқыраган сүйн қайда,
Тұнде шық, құндіз мұнар буын қайда?
Нажағай жарқ-жүрк етіп нөсер қүйған,
Көк-жасыл кемпірқосақ туын қайда, –

деген сөздер бүгінгі қүннің табиғатына да наразы болған көнілді білдіреді. Зар заман Нарманбетке келгенде жоктау болып кеткен, ескі қүнге қош айтудымен бірге сол ескінің қасиетін айтып, жоктау араластырады. Бұнда бұрынғылардай ем айтып, ел дертінен шығарлық жол іздеу жоқ, өзінің мақсаты ескіні жоктау болғандыктан, сол үлгіден ауыспай отырып:

Бай бар ма баяғыдай барқылдаган
 Асы мол, аты тегін тартылмаган?
 Алдыңиан атыңды ұстап құрмет еткен,
 Жайдары женгең бар ма жарқылдаган?
 Пайдалы балығы көп дарияң бар ма?
 Сыбырыз сыр айтатын жарияң бар ма?
 Аузынаң ая толым қақырық тастап,
 Батагей басалқы айтқан қарияң бар ма? –
 дейді.

Зар заманның артқы ақыны бұрынғы зарлы мұдның бәріне ақырыгы күмбезді тұргызып, әдебиеттің бір ғасырлық дәуірін осы жоктаумен тындырады. Біз зар заман дәуірін осы санаған ақындармен бітіреміз. Бұл дәуірге аты белгілі ақындардан кіретін көп болуга керек еді. Өйткені аргы заманның Сыныра жырауы, Қазтуғаны, бергінің Алаша Байтоқ жырауы, Базар жырауы, Досқожасы болсын – барлығы да зар заман дәуірінен үлкен орын алатын ақындар. Көбінің сөз саптауы мен күй сарыны осы шенбердің ішіндегі улгімен келеді. Бірак әзірше қоса алмауымыздың екі себебі бар. Бірінші, көбінің олеңі басылып жарыққа шықпағандық, шықса да, біздің қолымызға түспегендігі, екінші себеп, қазіргі әдебиет тарихында бетке ұстап отырған мақсатымыздан туады. Бұғынгі мақсат – казақ елінің әдебиет жүрнектарын сыртқы түрі мен мағынасына қарап арнаулы жіктерге боліп, әр түрлінің орнын көрсету. Бұл кітаптың түп мақсаты сол болған соң, бір дәуірде бір түрлі олең айтқан ақынның бәрін санаудың орына, солардың ішінен мысал боларлық бірнешесін алып, осылардың олең мысалын тексерумен әдебиет тарихының желісін тартағын алмаштырыз. Әр жерде шашылып қалған белгілерге қарап, әдебиет тарихының үзын жолынан қалған сүрлеуді тауып алушы талап етіп отырмыз.

Осы мақсатпен карасак, жаңағы санаған ақындардың бірталайы, Ұқар жырау, не Махамбет, не Мұрат сияқты ақындардың күй сарынын екінші рет қайтарып, қайталарап айтқан ақын болып шыгады.

Сондыктан бұл кітаптың ішінде бәріне бірдей бөлек-бөлек тоқтауды қажет көргеніміз жоқ. Қазақ әдебиетінің тарихы зар заман дәуірінен соң Абайга келіп тіреледі. Сол себепті енді Абайға көшеміз.

Ой түйін.

1. Кестеге М.Әуезов зерттеуіндегі негізгі ғылыми идеяларды теріп жазып, ғалымның қазақ әдебиеті тарихына кіргізген ғылыми жаңалығын негізденіз.

Негізгі идеялар	Зерттеуден үзінді, дәлел	Ғылыми жаңалық

2. М.Әуезов зерттеуіндегі зар заман ағымы туралы ғылыми ой-тұжырымдарды тезис түрінде жазып алыңыз. Тезисте ғалымның ғылыми-философиялық түйінді пікірлеріне назар аударыңыз.

7-ТАҚЫРЫП

БАУЫРЖАН ОМАРҰЛЫ ШОРТАНБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, әйгілі жыр жүйрігі Шортанбай Қанайұлының шығармашылығын ел мұддесімен, ұлт тағдырымен орайласатын зар заман поэзиясынан бөліп қаралу мүмкін емес. Рухани әлемімізде ерекше орны бар, бұл ағым туралы сөз болғанда оның өміршен өлең-толғаулары мен есiet-өнегесі жөнінде айтылмай қалмайды. Өз дәүірінің жырын жырлап, жоғын жоктаған Шортанбай мұрасы ғасырдан ғасырга жалғасатын қастерлі құndылық ретінде әлі күнге дейін сан ұрпақтың кәдесіне жарап келеді.

«Зар заман» атауын әдеби термин ретінде алғаш рет Мұхтар Әуезов колданыска енгізді. Ол өзінің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде зар заман ақындарына арнайы бөлім арнап, құрделі кезең поэзиясына жан-жақты талдау жасады; зар заманның өкілдерін атады; бұл дәүірдің басы мен сонына дейінгі аралықты белгіледі; сондай-ак тарихи және теориялық негізdemelerін ұсынды. «Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ақындардың барлық күй, сарының бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандыктan, бұқіл бір дәүірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман ақындары» деп ат койдық» [1, 192], – деген М.Әуезовтің тұжырымды сөзі кейінрек әдебиеттану ғылыми накты ұғым ретінде қалыптасты.

М.Әуезовтің байыптаасына сәйкес «отаршылдық дәүірде жасаған, ортақ сарынмен жыр төккен» ақындардың жалпы атауына, тұтас әдеби құбылыстың анықтамасына негіз болған Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауы 1870 жылы академик В.Радловтың «Оңтүстік Сібір және Жонғар даласындағы түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты көп томдық еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында басылып шықкан [2, 714-724]. Кейіннен қазақ әдебиетіндегі тұтас бір ағымның атауына айналған шығарма туралы В.Радлов осы кітаптың алғы сөзінде былай дейді: «Зар заман» мен «Заман ақыр» тәрізді ғибрат өлеңдер Ертістің шығысындағы дала қазақтарының моллалары шығарған колтума дүниелер» [2, 21-22]. Бұл жерде әнгіме Шортанбай жөнінде болып отырғаны анық. Сондай-ак, Шортанбайдың Орынбай ақынмен айтысы да осы кітапта жарияланған [2, 43-46].

Заманға сын айту қазақ ақын-жырауларының шығармаларында бұрыннан бар. Әйтсе де, тасқа басылған Шортанбай өлеңінен кейін «зар заман» тіркесі қасіретті кезеңнің, аянышты халдің жыр түрінде бейнелеуінің көрінісі ретінде қалыптаса бастаған. Ал, І.Алтынсарин «Қазактың кайғысы» («Горе киргиз») деген колжазбасында [3] атап өткен Я.Люш жинаған Түркістан өлкесі қазақтарының әдебиет нұскалары 1883 жылы Ташкент қаласында басылған. Сол кітапта да «Зар заман» деп аталатын өлеңдер топтамасы жарық көрген.

Әлихан Бекейханның мұрасын зерттеушілер ұсынған мына бір дерек назар аударарлық: «Санкт-Петербургда 20 жасында келген Әлиханнның студенттік күндерін қалай өткізгендігі жайында Англияның әйгілі білім ордасы – Оксфорд университетінің «Орталық Азияны зерттеу қоғамы» өзінің «Қазактар 1917 жылға дейінгі орыстар туралы» атты кітабында «Ә.Бекейхан жас қунінде орнықты революционер, социалист болды және «Зар заман» атты орыстарға қарсы әдеби топтың мүшесі болды» деп жазады» [4, 10]. Бұл ұйымның қашан құрылғандығы, қанша адамның мүше болғандығы, топтың іс-әрекеті жөнінде толық мәліметтер жоқ. Дегенмен, XIX ғасырдың аяғында ұйымдастып, жұмыс жүргізген осы топтың бұлай аталуына 1870 жылдан бастап сол Санкт-Петербургдың өзінде шыққан кітаптарға енген Шортанбайдың «Зар заман» толғауының әсері болуы мүмкін деп топшылаймыз.

«Зар заман» атауының мән-мағынасын ашып, әдебиеттанудың ұғымы ретінде орнықтырып, осы ағымның өкілдерінің шығармаларына жана шырлықпен қарап, жалықпай зерттеп-зеделеген жазушы-ғалым Сәбит Мұқановтың еңбегі өлшеусіз. Ол 1942 жылы жарық көрген «Қазактың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабының бір тарауын «Зар заман» деп атады. Бұл топтың жұрт ұғымында қалыптаскан өкілдері – Шортанбай Қанайұлы мен Мұрат Менкеұлының катарына Шернияз Жарылғасұлын қости. Сонау М.Әуезовтен желі бол тартылып келе жатқан «Зар заман» ұғымы жөнінде С.Мұқанов мынадай ғылыми байыптаама жасады: «Бас бостандығынан, жерден айырылған, кедейленген халық, бұл зорлыққа қарсы басын көтере алмады, көтерем дегенге үкімет көтертпей, қозгала бергенде тарпа бас салып, орнында езіп тастап отырды. Осындаған колдан күш, бастан ерік кеткен кезде, қайғыдан тұншықкан халықтың зарынан туған көркем әдебиетін біз «Зар заман» әдебиеті дейміз» [5, 120-121].

Шортанбай мен Мұраттың шығармаларын жинал, жүртка кеңінен таныс-тырган С.Мұқанов олардың ардақты есімдерін эр түрлі даудамайдан ара-шалауға да үлкен үлес кости. Елуінші жылдардың қырағы көздері Шортанбайларды Абайға қарсы қою арқылы оларды әдебиет

аулынан аулактатуға тырысқаны мәлім. Тіршіліктің бары мен базарын келелі келешектен емес, өткен өмірден іздейтін ақындардың өлеңжырларын тұншықтыру үшін бұл таптырмайтын тәсіл саналды. Өсіресақ әдебиетшілер ілгері басудың орнына кейін тартып, жаңаны жирене кабылдаған зар заман жыршыларын орыстың оқуын оқып, тілін үйренген Абайдың қолымен таяқтатқысы келді. С.Мұқанов алдымен осынан қарсы тұрды: «Біреулер Абайға қоятын шартты Шортанбайға да койғысы кеп, «неге ол Абайдай бізді прогрессе, орыс мәдениетіне шакырмайды» дейді. Сөз емес олай деу. Абай орыс мәдениетімен таныс та, Шортанбай таныс емес. Таныс емес нәрсесіне қалай шақыра алады ол?» [6]. Кеңпейіл жүрекпен, казакы кең қолтық мінезбен айтылған бұл пікір айқын көзқарасты танытады. Көрнекті жазушы Абай өлеңдерінде Шортанбай шығармашылығына байланысты ой-тұжырымды талдау кезінде таптық таным шеңберінде қалып коймайды. Мәселенің мән-жайына тілдік көркемдік, эстетикалық тұрғыдан үңіледі.

1959 жылы 15-19 маусым аралығында Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты ұйымдастырган ғылыми-теориялық конференцияда аты ең көп аталған ақын Шортанбай Қанайұлы болды. Діншілдік ұғымы туралы жасалған тұжырымның бәрі соның өлеңдерімен түзілді. Көртартпа бағыттың өкілдерін санамалап көрсеткендеге алдымен ауызға ілінді. Ұлы Абайдың «Сөзінің бірі – жамау, бірі – құрау» ақындарды нұсқағанда Шортанбайдан бастайтыны тәрізді, басқосуда пікірталасқа түскен шешендер осы ақынға ерекше шүйілді. Шортанбайдың шығармалары да, оны зерттегендердің еңбектері де сынға түсті. Солай болғанына қарамастан, Сәйділ Талжанов ақын туралы баяндамасында жиындағы дәстүрлі талдау ауқымынан шығып, он көзқарас танытты. Зерттеуіш-ғалымның ұғымында, ол – өмір шындығын айқын көрсетуші, отарлаушы ұлықтарға қарсы құресуши, ауыз әдебиетін жазба әдебиетке жеткізуши. Зар заман поэзиясын жабыла сынаған сол конференциядағы С.Талжановтың: «Шортанбай – өз заманындағы әлеуметтік өмірді жетік білген, кем-кетігін сыйнай отырып, көргенін қаз-қалпында айнаға түсірген шебер ақын» [7, 185], – деген шынайы бағалауы құні ғанаға дейін құнын жоғалтқан жок. Оның Шортанбайды «актау жағына бейім болып, әрбір сыйнан арашалап алуға» тырысқанын Мұхтар Өзесовтің өзі де атап өтті [7, 368].

Осы басқосудың қаулысында Шортанбайдың әдебиеттегі орны туралы мынадай корытынды жасалды: «Шортанбай Қанаевтың творчествосы жайында конференция сол дәуірдің негізгі идеялары мен әлеуметтік өмірдегі ерекшеліктерін еске ала отырып, ақын бір жағынан патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатының салдарынан туған әлеуметтік жай-

ларды сыйнай отырады да, екінші жағынан хандық дәуірді мадактайды, шығармаларында ислам дінінің идеяларын үағыздайды деп корытады. Бұл сияқты ақындардың творчествосына жоғары мектептің программаларында орын беріліп, негізінде ағартушылық, халықтық бағыттағы әдебиеттің осындай көртартпа ақындармен күрес үстінде дамығанын көрсету үшін аталуы керек» [7, 372]. Әрине, бұл қаулыдан кейін атальмыш ақындардың өлең-жырлары жарыққа шыкпайтын болды. Олардың шығармалары мектеп оқушыларына тәрбие беру ісінен аулактатылды. Сол құжаттан соң қайта жазылған оқулыктар жас ұрпактың колына «құлагын кесіп құнтиткан, мұрнын кесіп шұнгиткан» күйінде жетті. Тұрсынбек Қекішевтің: «Шортанбай, Дулат, Мұраттар қазақ әдебиетінде кара дақ, қаныпезер дұшпан болып түсіндірлі» [8, 86], – деген тұжырымы осы кезеңнің табиғатын дәл танытады.

Шортанбай шығармалары қазақ елінен тыскары жерлерде шықкан антологиялар мен ғылыми басылымдарды әзірлеушілердің назарынан тыс қалған жок. 1940 жылы Мәскеуде жарық көрген «Песни степей» атты қазақ поэзиясының антологиясына (құрастырган Л.Соболев) зар заман поэзиясының бірқатар үлгілері енгізілді. Кітап төрт тарауға бөлінген: хан сарайы маңындағы ақындар (Бұқар, Нысанбай, Досқожа), көтерліс дәуірі поэзиясы (Ығылман, Махамбет, Шернияз), зар заман («Эпоха скорби») ақындары (Шортанбай, Мұрат), XIX ғасырдағы жазба әдебиеті (Ыбырай, Шәнгерей, Абай, Жұсіп, Нұржан). Жинақты құрастыруыш Леонид Соболевтің: «Екі жакты езгіге ұшырап, өз жұртының қалталылары мен патша отарлаушыларынан қорлық көрген қазақ халқының қайғысы «зар заман» ақындары Шортанбай мен Мұраттың өлеңдерінде көрініс тапты» [9, 7-8], – деген пікірі құні ғанаға дейін құнін жоғалта койған жок.

1978 жылы зар заман поэзиясы өкілдерінің (Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Менкеұлы) өлеңдері М.Магауиннің құрастыруымен «Советский писатель» баспасының Ленинград белімшесінен орыс тілінде жарық көрді. Бір айта кетерлік нәрсе, бұл жинаққа айтулы ақындардың азулы жырлары енгізілді. «Поэты Казахстана» кітабының құндылығы – отаршылдықты сынаған, өз жерімізде қырагы көздер мұлт жібермейтін өршіл өлеңдердің Ресейде жариялағандығында. Жинақтың алғы сөзінде бұл ақындардың айналада болып жаткан құбылыстарға, тарихи ахуалдың шұғыл өзгерістеріне тосыркай әрі шошына қарап, қазақтың өткен өмірін идеал тұтқаны туралы айттылды. Сонымен катар, «Дулат, Шортанбай, Мұрат ақындар айрықша өкілдері саналатын «Зар заман» («Эпоха скорби») әдеби ағымы осылай пайда болды» [10, 29-30], – деген түйін жасалды. Ал, 1958 жылы АҚШ-тың Солтүстік Каролина штатындағы Дьюк университеті Томас Густав Виннердің «Ресейлік Орталық Азия

қазактарының ауызекі сөз өнері мен әдебиеті» атты кітабын бастырып шыгарды. Виннердің еңбегі ауыз әдебиеті нұсқаларынан бастап қазақ әдебиетінің елуінші жылдарға дейінгі кезеңін қамтиды. Кітабының алғы сөзінде ғалымның өзі: «Айналымға қосылатын барлық түпнұсқа туындылар мұқият тексерілді, бірақ, осы еңбек жазылып жатқан тұста Қенестер Одағының өзінде жан-жақты зерттеу жүргізуге мүмкіншілік болған жок. Сол себепті мениң қазақ әдебиеті мен ауызекі сөз өнерінің эстетикалық құндылықтары туралы қандай да болсын кесімді пікір айта аламын деген ойым жок. Одан гөрі мен әлеуметтік көзқарасқа дең койдым» [11, 17], – деп атап көрсетеді. Автор зар заман дәүірі («Time of Lament») ақындарының санатында Шортанбай мен Мұратты мысалға алады. Базар, Әбубекір және Ақан серінің шығармаларын да осы сарынмен байланыстырады. Олардың поэзиясына «Мойынсұну дәүірі» («Poetry of Pesignation») деген тарау арнады. Виннер зерттеуінде алдыңғы екі ақынның ағылшын тіліне аударылған өлең текстері біршама талданған. Шортанбайдың «Зар заман» («Time of Lament») және «Алдаушы жалған» («Faithless Lying»), Мұраттың «Үш қиян» («Three Epochs») толғаулары орыс тіліндегі аудармасы арқылы ағылшыншаға тәржімаланған. Сонда, Шортанбайдың «Сауып ішер сүті жоқ, Мініп көрер күші жоқ, Ақша деген мал шыктысының» АҚШ-та басылған оқулықтағы нұсқасы былай болады:

*Instead of herds, money.
From such cattle
You can obtain no milk.
How can one put a saddle on it?*

Бұл, әрине, түпнұсқаның бар бояуын сактаган, төрт аяғын тең басқан аударма емес, автордың өзі айтқандай, әлеуметтік көзқарасты аңғарту мақсаты ғана алға қойылған секілді. Нактылай түссек, «Сауып ішер сүті жоқ, Мініп көрер күші жоқ, Ақша деген мал шыкты» деген жолдар 1940 жылы Мәскеуде басылған «Песни степей» атты антологияда былайша аударылған:

*Вместо стад – деньги.
Из такого скота
Ты не выдоишь себе молока,
Никак не положишь на него седла...*

Ал, осы орыс тіліндегі мәтін ағылшыншаға жолма-жол аударылғаны айқын көрініп тұр [9, 219]. Ең бастысы, Т.Виннер зар заман әдебиетінің табиғатын таниды, әлеуметтік-тарихи себептеріне үніледі, халық тағдырымен тамырластығына назар аударады. Ол соның берін саралай келіп, «Шортанбай қазақ қоғамындағы орын алған өзгерістерді айқын аң-ғарып, жан-жақты саралап, тарихи құбылыстар халыққа каншалықты әсер етіп

жатқанын алғаш талдап-таразылаған ақындардың бірі» [11, 95], – деп қорытынды жасады. Т.Виннер өзінің монографиясында Шортанбайдың өлең-толғауларындағы мынадай үзінділерді мысалға көлтіреді:

Аяқты қия басу жоқ,

Емін-еркін заман жоқ.

Ендігі жүрген жігіттің,

Маңдаіында соры бар.

Екі кісі ұрыssa.

Қалам алар қолына,

Зәкүннің түсөр жолына.

Өте қусаң оралың,

Орыстың жайған торына.

Мал багып тыныш ұйықтаган,

Талапты тұған ерлерім,

Абақты түсті сорыңа!

Алдымен қазақ тілінен орыс тіліне, одан соң ағылшыншаға аударылғып, кітапқа енген бұл жолдар түпнұсқаның мағынасын дәл беріп тұрған жоқ. Шортанбайдың сөлді сөздері, ойлы оралымдары, тосын тіркестері, құнарлы қайырымдары өзге тілде көркемдігін жоғалтатыны, қоңылдегідей болып шықпайтыны баршаға белгілі. Оның үстінен, мұнда ақынның туған және дүние салған жылдары да кате жазылған. Бірақ, қалай болғанда да, американлық ғалым сол заманның өзінде оның асқақ үнін, ішкі жан айқайын жаһанға естіртті. Ақынның әлеулі есімі мен маңызды мұрасы халықаралық деңгейдегі зерттеудің нақты нысанасы болды. Бұл ғылыми еңбек сонысымен де құнды.

Шортанбайдан басталған «Зар заман» ағымы тек қазақ әдебиетін ғана емес, қырғыз елінің поэзиясын да қамтиды. Отаршылдыққа карсы шыққан жыр жүйріктегі қырғыз әдебиетінде «замана жыршылары» («заманчы ырчылар») делінеді. Бұл тұрасында көрші елдің әдебиетін зерттеген ғалым М.И.Богданова былай дейді: «Қырғыз әдебиетінің тарихында осы кезеңнің поэтикалық шығармалары «замандар» деген жалпы атаумен белгілі. Бұлар – Қалығұлдың «Ақырзаман» («Судный день»), Арыстанбектің «Тар заман» («Трудное время»), Молда Қылыштың «Зар заман» («Эпоха скорби») толғаулары, т.б. шығармалар» [12, 79]. Қырғыз зар заман поэзиясы (замана поэзиясы) үлгілерінің тізімі бұдан әрі былайша жалғасады: Алдаш Молданың «Хал заманы», Тоғалақ Молданың «Зар заманы», Женіжек, Сағымбай, Алтай Айдарбекұлының «Заманалары».

1959 жылы Алматыда өткен конференцияда жарыссөзге шыққан қырғыз ғалымы З.Ш.Мамытбеков өз пікірлерін зар заман ақындарына байланысты таласты мәселеге орайластыра баяндағы: «Қырғыз хал-

қында, мәселен, казактардағы Шортанбайға үкесас күрделі ақын бар. Ол – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген жазба ақын – Молда Қылыш. XIX-XX ғасырлардағы ақындардың мұралары бір-бірімен салыстыру ынғайында зерттелсі, өте қызықты болар еді. Мәселен, Шортанбай шығармашылығын қырғыз ақыны Молда Қылыштың мұраларымен салыстыра қараған пайдалы. Өйткені, олар бір кезеңде ғұмыр кешіп, бірдей оқигаларға үн қосқан» [7, 330].

Жарыссеуде жүртты елең еткізген Мамытбековтің пікірі М.Әуезовтің назарын аударды. Ол конференцияны қорытындылаған сезінде Шортанбай тәрізді Молда Қылыш мұрасы да аса даулы мәселе болғанына, оның шығармаларын сын тұрғысынан бағалауга арналған ғылыми кеңестер өткеніне, Шортанбаймен Молда Қылыштың үйлес жырлары бар екеніне тоқталды [7, 352].

Молда Қылышты заманшылардың қатарына қосқан сұбелі шығармасы – «Зар заман» толғауы [13, 123-163] еді. Бұл – Қылыштың ең көлемді әрі көркемдігі жағынан шоктығы биік тұратын туындысы. Қырғыз Ғылым академиясы қолжазба корындағы кейір естеліктерде 1908 жылдан бастап ел ішінде кең тараған «Зар заманды» колына түсірген кіслердің молдаларға ақша немесе кой беріп, көшіртіп алғаны туралы мәліметтер айтылады [14, 99]. «Зар заманның» 8-9 нұсқасы бар. Жалпы көлемі – 10 баспа табак. Шортанбайдың мәнерін еске салатын бұл «Зар заман» сонау 1870 жылы В.Радлов бастырғаннан кейін алыс-жакын жүртқа кең тараған «Зар заманнан» тамыр тартатынын аңгару кын емес. Демек, Шортанбайдың «Зар заманы» қазақ және қырғыз әдебиеттеріндегі бүкіл «Зар замандардың» бастауында тұр.

Қырғыз жүртіна кең жайылған «Зар заман» толғауының үлгілері мен үрдістері қарақалпак поэзиясында да көрініс байқатты. Қазак зар заман поэзиясындағы төл оппозициялы үғымдардың – жаксылық пен жамандықтың, ерлік пен ездіктің, текстілік пен тәрбиесіздіктің дәуірлер кактығысының негізінде орын алmasуын сипаттайтын, бір-біріне магынасы қарсы «зор болды» – «қор болды» (Шортанбай) формуласы Бердак Қарғабайұлының өлеңдерін [15] де айшықтайды.

Кимсeler хәdden зор болды,
Біраздан шыннан қор болды.

Дұшпандарды бұл заманда зор еттің,
Сол себепті біздейлерді қор еттің...

Көрші халықтардың ақындық мектебіне үлгі болған Шортанбайдың «Зар заман» толғауында ақырзамандық белгілердің көріністері («Заман

ақыр боларда, Алуан-алуан жан шыкты, Қайыры жок бай шыкты») ел ішінде үрдіс емес, кейіннен пайда болған құбылыстарды санамалап, замана адамның жаңа тұрпатын аңғарту түрінде бейнеленеді. Ақынның үғымы бойынша, ен далада еркін жүрген жұрт үшін «ақша деген малдың», «шошала деген үйдің», «шошандаган бидің» шығуы жаксылықтың нышаны емес. «Жер астынан жік шыкты, екі құлагы тік шыктыға» мензейтін мұндай жаңалықтарға зар заман ақындары шошына қараған.

Қазақ әдебиетінде ерекше орны бар айтулы ақындардың сөз өрнегі, елең өрімі, көркем тіл замана ахуалын, замана адамын бейнелеу арқылы ақын көрінді. Дулат өлеңдерінде дәуірді сипаттайтын «кер заман», «азган заман» тіркестері қолданылса, Шортанбайдың «зар заманы» кейін тұтас бір ағымды санаға сіңірді. Отаршылдық қамытын еріксіз киген жүрттың зары бірте-бірте үдең, «қайғы-шер» түсінігі замана сипатын аңғартатын балама мағынаға ие болды.

«Зар заман, зар заман, Зарлап өткен бір заман», – деген Шортанбай өлеңінің тармактары дыбыстар гармониясы арқылы да үйлесімділік танытып тұр. «Зар» эпитеттің «заманға» қонымды болғаны соншалық, бұл үғым ақынның бүкіл шығармашылығының мазмұнын ашатын тіркес ретінде қалыптасып кетті. Қырғыз ақыны Молда Қылыштың «Зар заман» толғаулар топтамасының бұлайша аталауды Шортанбай өлеңдері әсер өткен болуы әбден мүмкін. Көрші елдін әдебиетінде оншакты ырчының «Зар заман» атты шығармасы бар екенін ескерсек, «заман» мен «зардың» берік үндесіп, тұтастық құраганын байқаймыз. Шортанбай өз дәуірінің тұр-сипатын бейнелі созбен көркем кестелеп көрсетті.

Заманың сенің құбылды,

Текеметтің түріндей.

Бұл теңеу арқылы аумалы-төкпелі дәуірдің елді елеңдеткен болжаусыз құбылыстары аңғарылып тұр. «Заманың сипаты» үғымын алмастырган «текеметтің түрі» «құбылу» етістігімен байланыстырылып, синонимдік катардың ойды білдіруге онтайлысы таңдал алынғын. Ал, Шортанбай өзі «зар заман» деп атаған дәуірдің тұтастай болмысын байлаша бедерлейді:

Мына заман қай заман?

Азұлтыға бар заман,

Азусызға тар заман.

Тарлығының белгісі:

Жақсы жасаннан түнілген,

Жаман малға жүгінген.

Мұның өзі зар заман,

Зарлығының белгісі:

*Бір-бірлерін күндеген,
Жайына тыныш жүргемеген.*

Ақын заманың жайын толғағанда өзінің «Әуелгі қорлар зор болды, Сондай зорлар қор болды» тұжырымынан ой туындалады. Қоғамда жақсылық пен жамандықтың, тектілік пен шалағайлықтың, парасаттылық пен пасықтықтың орын алмастырғанын поэтикалық антнимдер қатарын тұзу арқылы танытады. «Арғымак ат тасырқап, Тағалы болған замана. Мәстек жабы жалданып, Бағалы болған замана», – осының бір мысалы. Шын асылды тұсаулаған, өресізді еркінсіткен дәуірдің сиқы қарама-кайши құбылыстарды, өткен мен бүгінді салыстыру тәслімен айқындалады.

Шортанбай адамның азғандығын елге билігін жүргізетін аксақалдардың өзара ұстасуынан, өнегесіздіктің тамыр жаюынан көреді. Даудамайды әділ шешіп, жұртты жөнге салатын ақылман қария мәртебесінің төмендегеніне, аксақалдықтың құны түскеніне көніл аударады. Жалпы, ақынның өлеңдерінде замана адамының азғанын «балық басынан шіриді» тұжырымына бағындыру үрдісі әр тұста байқалып калады. Бұл, әсіресе, оның ел басшысының не би-болыстың бейнесін кескіндеуінен көрінеді. Ал, аксақалдықтың қадірі кете бастағанын екі адамның тартысы арқылы былайша түйіндеді: «Екі үлкен егесіп, Қошқардай басын теңесіп, Сол жерде заман оңалмас».

Демек, Шортанбай дәуірдің бұзылуын дәстүрдің де бүлінуі деп біледі. Мұның себеп-салдары, әрине, отаршылдық жүйенің саясатымен астасып жатканы белгілі. Ел ішінде әлдеқалай дау туындаста, қара қылды қак жарған әділ биге барып жүгініп, екі жактың да көnlінен шығатын бітімге тоқтайтын заман өтіп, қазак ішінде қит етсе ұлыққа арыз жазатын әдет пайда болды. Ұлттың барлық мәселесінің отарлаушылар билігіне тәуелділігі осындай ахуалды орнықтырды. Талас-тартыска не орыс ұлығы, не солардың ел ішіндегі екілі төрелік етті. Бұл кең қолтық казақы мінездің өзгеше қалыптасуына әсерін тигізбей қойған жок. Осы дерпті тап басып, «Ел екіге жарылды» деген Дулаттың айқындағасы Шортанбай шығармашылығында одан әрі түрленеді: «Екі кісі ұрысса, Қалам алар қолына Зәкүннің түсер жолына».

Шортанбайдан кейінгі ақындардың шығармашылығында тектіліктің тозуы мотиві «Әуелгі барлар жок болды, Сондай барлар тоқ болды» тұжырымының қалыбына салып шенделестіру арқылы дамығаны анық. Шортанбай өз үлгісі бойынша: «Жөн білмеген жамандар, Ел билеген бек болды», – деп қүйінсе, Мұрат: «Қоңыдан тұған би болды, Бұл секілді қүй болды», – деп әлеуметтік кеселдің түбін қазбалайды. Осы сарынды

Әбубәкір: «Қараның ұлы хан болды, Құлдан тұған паң болды», – деп жалғастырады. Қоңы мен құлдан тұған замана адамының ағайынын Албан Асан да түстеп таниды: «Қүннен тұған түзеліп, Сөз бастағыш ер болды». Тегінде, бұл мотив Асан шығармашылығында кеңінен көрініс тапты. Дәуір құбылыстары жоғарыда аталған үлгімен, түрліше тіркес-термен бейнеленді.

«XIX ғасырдың орта тұсынан бастап ене бастаған жана сөздердің бірі – Шортанбай сиякты ақындардың таным тұрғысынан бағаланған «зар заман», «заман ақыр» тіркестері. Соңғы тіркес, әдетте, діни ұғымға қатысты бұрыннан бар болғанмен, енді, ол зар заман дегеннің синонимі ретінде де келеді. Осы атаудан шығарып, кейін қазақ әдебиеттандырылғында «зар заман ақындары» деген терминдік тіркес те колданылып кеткені мәлім» [16, 193], – деген академик Р.Сыздықованың пікірі бұл атаудың санамызға әбден сіністі болғандығын айғақтай түседі.

Былтыр Германияның Саарбрюккен қаласындағы «Lap Lambert Academic Publishing» баспасынан ағылшын тілінде басылып шығып, «Amazon.com» халықаралық интернет дүкені арқылы оқырманға ұсынылған «Zar Zaman (Time of Lament) Flow in the Kazakh and Kyrgyz Literature: Monograph (Genesis, Typology, Poetics)» («Қазақ және қырғыз әдебиеттеріндегі зар заман ағымы» (генезис, типология, поэтика)) атты монографияда [17] Шортанбай Қанайұлы шығармашылығына да кеңінен орын берілді.

Ақын мұрасын әр қырынан қарастырып, шығармашылық табиғатын, өлең-толғауларының мән-мазмұнын жан-жакты зерделеп, байыптама жасаған зерттеушілердің пікіріне ден қойсақ, «о дүниенің талқысынан гөрі бұ дүниенің азабын, тұған халқының бүгінгі тіршілік кебі мен ертеңгі болашағын көбірек қамдаған» [18, 25], «ел мұның жырлап қана қоймай, ол өмірді түзеу үшін өз жолын ұсынған» [19, 14], «заманың бұзылуын көп сөз өтіп, қасірет өлеңге қосқаны үшін көбірек датталған» [20, 77] Шортанбай Қанайұлы өзі өмірге келгеннен бергі екі ғасырға рухани азық боларлық қастерлі қазына қалдырғанын көреміз.

Аумалы-төкпелі заманға тап келсе де қадірі кемімеген ақын мұрасы бүгінде алмастай жарқырап, баға жетпес құндылыққа айналып отыр. Сөзі салмакты, ойы оралымды, танымы терең жыр жүйрігінің өлең-толғауларының табиғаты әлі де толық ашылған жок. Ілім-білімге жетік ғұлама ақынның құрделі көркемдік кестесі талай зерттеулерге жук болары анық. Ендеше, Шортанбай ғұмырнамасы мен шығармашылығының өміршендігін танытатын кос ғасырдың тағыльмы алдағы кезенде де жалғаса бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Эуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 240 бет.
2. Радлов В. Нарын тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. I отдынене. Образцы народной литературы. Часть III. – Санктпетербургъ, 1970. – 778 с.
3. Алтынсарин Ы. Қазақтың қайғысы (Горе киргиз). Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 25-кор, 1-тізбе, 2022-іс.
4. Базарбаев М., Аққұлыұлы С. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бекейхан (Алғы сез) // Бекейхан Ә. Тандамалы. – Алматы: ҚЭ Бас редакциясы, 1995. – 478 б.
5. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеттің тарихынан очерктер. 1 бөлім, – Алматы: ҚМББ, 1942. – 248 б.
6. Мұқанов С. Ана тілі мен әдебиет сабагы // «Қазак әдебиеті», 1953, 12 сәуір.
7. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: Қазак ССР ҰҒА баспасы, 1961. – 376 б.
8. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: «Қазақстан», 1992. – 264 б.
9. Песни степей. Антология казахской литературы. – Москва: «Художественная литература, 1940». – 588 с.
10. Поэты Казахстана. – Ленинград.: «Советский писатель», 1978. – 608 с.
11. Thomas G. Winner. The oral art and literature of the Kazakhs of Russian Central Asia. Dukeuniversitypress, 1958. – 270 р.
12. Богданова. М. Киргизская литература. – Москва: «Советский писатель», 1947. – 292 с.
13. Молдо Қылыш. Казалдар. Фрунзе: «Адабият», 1990. – 256 б.
14. Сооронов О. Молдо Қылыштың кол жазмаларынын илимий сыпаттамасы. Атайдын фонду-2. – Бишкек: Манастану жана көркөм маданияттың улуттук борбору, 1998. – 116 б.
15. Бердак. Таңламалы шығармалары. Нөкис: «Қарақалпақстан», 1987. – 320 б.
16. Сыздыкова Р. Қазак әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 320 б.
17. Omaruly B. Zar Zaman (Time of Lament) Flow in the Kazakh and Kyrgyz Literature: Monograph (Genesis, Typology, Poetics). Germany, Saarbrücken: LapLambertAcademicPublishing, 2017. – 172 p.
18. Мағауин М. Шортанбайдың зар заманы // Кітапта: Қанайұлы Ш. Қай заман? – Астана: «Фолиант», 2011. – 288 б.
19. Жүністегі К. Ғұмырнама // Кітапта: Қанайұлы Ш. Қай заман? – Астана: «Фолиант», 2011. – 288 б.

20. Мәдібай Қ. Зар заман ағымы. – Алматы: «Қазак университеті». 1997. – 160 б.

Ой түйін.

1. Ғалым Б.Омарұның макаласында пайдаланылған ғылыми еңбектерге назар аударыңыз. Зар заман ақындарына қазіргі қазак ғылыми тұрғысынан автордың берген бағасы қандай әдіснамаға сүйеніп жасалғанына сынни баға беріңіз. Өз сынни қөзқарасынызды ғылыми талдау түрінде жазыңыз. Сыни хабарламны дайындау үшін ғалымның пайдаланған әдебиеттеріне шолу жасап, өз біліміндегі жаңа ақпараттармен толыктырыңыз.

8-ТАҚЫРЫП

Тапсырмалар.

1. Ж.Аймауытовтың макаласындағы негізгі ғылыми тұжырымдарды анықтаңыз. Әдіснамалық жағынан автор сүйенген ғылыми негіздер мен автордың өз пайымдауларына назар аударыңыз.
2. Макала негізінде Мағжан Жұмабаев өлеңдеріне талдау жасаңыз. Талдауда ақын өлеңдеріндегі көркемдік ерекшеліктер мен идеялық негіздерін ашып көрсетіңіз.
3. Мағжан Жұмабаев шығармашылығы туралы басқа да зерттеулерді оқып, салыстырыңыз. (Мәселен, Ш.Елеуkenовтың «Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі» (2008), Қанарабаева Б.Мағжан символист: Зерттеу. 2007 т.б.)

Ж. АЙМАУЫТОВ МАҒЖАННЫҢ АҚЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

Мағжанның ақындығын сынауға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз; толық сынау үшін, оның алды-артын орап, ерісін арылтып шығарлық сегіз қырлы, негізді білім керек.

Кеңінен толғамай, шұғылдан істелген жұмыс өңсіз, үстіртін болмай тұрмайды. Мағжан өлеңдерінің егжей-тегжейін, нокатын, тәстітін қалдырымай тәптіштеп қарап шығуға көп уақыт, көп дерек /материал/ керек, ақынның ақындығын үстінен қарап топышыламай, ішіне кіріп зерттеу керек. Бұ жағынан да емін-еркін бола алмадық.

Мағжанды тексергендегі тағы бір киыншылық мынау. Қандай өнер-пазды, ақынды, данышпанды болсын, өз заманының сыншылары әділ көзben қарап, баға беру шетін нәрсе. Заман сыншыларының бүйрегі не олай, не бұлай бұрып кетпей тұрмайды. Талай таланттардың, талай жақсылардың қадірін жұрт өлген соң біледі. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» дегендей. Замандастар, тұстастар әділ болу киын, өйткені не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішімен өлшейді; сыншылардың көбі не ақынды жактаушылар, не жамандаушылар, не бықсыған күншілдер, не сол ақынды ат қылып мініп алып, әбүйір-атак іздел, көзге түсем деушилер болуға мүмкін. Біз де – сол көптің біріміз. Не заманға күйлеп, не басқа бір максатпен бір жағынан ағып етіп жүрсек, ғажап емес. Міне, сондықтан біз бұл баяндамамызда Мағжанның бір табысын толық тексеріп, жете сынап ұшығына шыға алмаймыз /тағы зерттеу үшін баяндама жетпейді, аз болса қалындығы бір елі кітап жазу керек болады/. Бұл баяндаманы Мағжан сөздері туралы азды-көпті көнілге перне түсіріп, пікір алысу

деп карау керек. Әйтсе де мұндай баяндамалар пайдасыз да болмайды. Орыстың Пушкин сынды, Гоголь сынды ақындары бар заманда атакты социалистический сыншы Белинский әлі орыста әдебиет жоқ деп қайғырған. Әдебиет сынмен көркейеді. Бәйгеге косатын атты жаратып, құйрыкжалын сүзіп жіберсе, көрікті болып жұтынып шығады. Әдебиетке сондай күтім, сондай сын керек. Әсіресе әдебиетті сынау біз сықылды жұртқа керек, өйткені бізде әлі жөнді әдебиет жоқ, бар болса – балапан, буыны бекіп, бұғанасы қатқан жоқ, әдебиетті тәрбиелей, мәпелей білсек, біздің де ақындарымыз, жазушыларымыз санатка косылады.

Шаруаның билемейтіні жоқ. Әлеумет ішіндегі адамдардың өзара қатынасы да содан тудады. Әлеумет түгіл, үй ішінің де, ерлі-зайыпты адамдардың тұрмыс жайы да шаруға тіреледі. Шару түрі ел билеу жұмысына да, саясат құрылышына да ықпал жүргізеді. Дінді, дүниені қалай ұғыну, өнерлі, ғылымды болу-болмау, салт-сана түрі – бәрінің бас иетін қояссы – шаруа.

Олай болса, әр адамның, әр ақынның ерісі бірінші – заманға, екінші – туып-өсken әлеуметіне, үшінші – інсіліне /тұқымына/ байлаулы. Ақын ерікті-еріксіз өз заманының тонын кимеске, өз әлеуметінің мұнын жоқтамасқа, тілегін орында масқа әдді жоқ.

Озгелерден гөрі әлеуметтің мұнын баса жоқтайтын ақын болу керек. Өйткені ақын қоғамның қарапайым тырна қатар топас мүшесі емес, өзгелерден гөрі сақ құлакты, сезгіш жүректі, сара ақылды, өткір қиялды мүше. Ақын өзгелердің сезбекені сезеді, көрмекені көреді, ойламаганын болжайды, тіпті жетпегенін айтып береді. Әлеуметтің, өз табының қатарға кіріп ер жеткені кейін қалып, кер кеткені өзгеден гөрі ақынға артығырақ батады, ақынның жүрегі өзгедегі гөрі көбірек толқиды, көбірек толғанады. Өзгелер салқын қанмен қарайтын нәрсеге ақын қүйіп-піспіл қалады.

Көл қорыған қызығыштай, «Ел қамын жеген Едігемсіп» ақын кәүәп болып жүргені. Күшті ақын – әлеуметінің тіл қамшысы, сайламаса да табиғатымен салланып шығарылған үәкілі, мұнын, зарын айтқызатын елшісі. Өз әзлеттін, өз табын ілгері сүйреуге, көтермелеге, демеуге күшті ақындардың әсері тиген, әлі де тимекші.

Луначарский айтады: «Юнан жұрттында Солонның данышпан атағы шыққандығымен де емес, қара сөзге шешендігімен де емес, күшті элегия – поэма жазып жұртқа әсер берген ақындығымен еді» – дейді. Ақынды пайғамбарға тенекен сөз ежелгі Рум жұрттынан қалған. Ақындар өздерін пайғамбарға, перштеге, әділ қазыға тенец сөйлесе, онысында шындық жоқ, бекер деуге болмайды, бір шакадай болса да шындық бар.

Ақын бір жағынан өз табының, әлеуметінің жоғын жоктап, мұддесін көксеп жүрсе, екінші жақтан оның бір артықшылығы – өзгеден тәжірибешілігінде, өзгеден өмірді анық, жете білуінде.

Өзі өмірді анық жете біліп, өзгелерге жөн сілтеп, қараңғыны жарық, бұлдырыды ашық қорсете алмаған ақын – ақын емес. Сондықтан ақын жалғыз ғана таптың пайдасын көздел, сойылын соға бермейді, өмірді анық танып, кемшілікті түгел көріп тұрган соң ақын кейде тап көлемінен шығып, жалпы шындыққа, жалпы адам баласының қамына да құлаш ұрып кетеді. Кейде қөнілдегі ойы шықпай, басқа нәрселерге де қошіп кетеді.

Луначарский айтады: «Ақын бірнеше таптың, бірнеше топтың ар елегінде болуы мүмкін. Ақын тетігі көп машина тәрізді. Тургеневті ақсүйектердің ақыны, солардың үекілі деуге бола ма? Болмайды! Тургеневтің тұсындағы барып тұрган ақсүйектер адам құлданып, құлдың енбегін жеп дәурен сүргендерді дұрыс деп білетін еді. Тургенев мұжықты құлдануға қарсы болды. Ол тұмысы ақсүйек болса да, еркіндікті сүйетін ақсүйек еді. Ақынның кім екенін ұғу үшін оның шығармаларын тексеріп, зерттеу керек. Зерттесек, кейде бір тап емес, әлденеше таптың мұддесін көксеген ақындарды да табамыз.

Нагыз сырлы әдебиет бар, мәселең Лермонтовты, Шекспирді алсак, олар белгілі бір үгіт айтқан ба? Таптың жырын жырлаған ба? Жоқ, оларға сырлы, көркем сөз шығару, ақын перне түсіру мақсұт болған. Олар бір әдемі суретті, болмаса адамда болатын бір сезімді, болмаса белгілі адамдардың жаңында болған тартысты алады да, киялына келген нәрсені суреттейді».

Міне, ақынға қарайтын Маркстің, марксшілердің көзі осы.

Ақынның пікірі, ақынның сөзі әлеуметіне байлаулы; ақын әлеуметтің жасап шығарған құралы болса, Мағжан да өз әuletінің ұлы екен ғой. Мағжанды жасап шығарған әлеумет қандай? Соны қысқаша шолып өтейік.

Бәрімізге белгілі Мағжанның туып-өсken, тәрбие алған әлеуметі – казак. Мағжан тұсындағы қазактың әлеумет құрылышы қандай еді? Атанаға, ру-руға бөлініп, руды аксақал, би. Болыс, тілмаш билеген, орынша айтсак, «патриархат» құрылыш еді. Аргы заманда қазак еркін жүріп, ен жайлап, өзінен шықкан хандары, батырлары, билері, шешендері болып, онда да бір кісінің аузына қарауды әдет қылды. Жан-жағынан жау қысып, өз ішінен ала ауыздық шығып, казак берекеден айрылып, орынса карады. Орынса бағынғанмен де қазактың бүрынғы әлеуметтік қалпы өзгерे койған жоқ, әлі де хандардың, билердің, атаулы ауылдың тұқымы билейтін болды. Солар – дуан бас, солар – советник, солар – казы, солар –

богыс, би болды. Олардың «ақ дегені алғыс, кара дегені карғыс», қарсы келер, бас қотерер жан болған жоқ. Қара бұқара кедей сөзге, қатарға алынған жоқ. Әлеуметшілік, жұртшылық деген нәрсе болған жоқ. Елдің тағдырын ру басылар, ақсақалдар, болыстар кесіп-пішті. Әлеумет құрылышы өзгерген жоқ: қазактың кәсібі, шаруа түрі мал бағу болса, әлі де мал бағуда келе жатты. Кәсібі мал баккан, әлеуметі ру басыға бағынған жұртта тап жігі, байлар, кедейлер тобы деген нәрсе анық болмайды.

Міне, Мағжанның туып-өсken ортасы, ұяда қөргені осы...

1905 жылғы өзгерістен былай қазактың қамын ойлаймын деген азаматтар үлт мұнын сейлеп, үлт мәселеңін колға ала бастады.

Ол өзгерістің арты мемлекеттік думаға уәкіл жіберуді шығарды. Қазақ азаматтарының бас қосуына, мұнын сейлеуіне аз да болса еркіндік берілді. Қазақ баласын окуға беруі қебейді. Қазактың баспасөзі газет-журналдары шыға бастады. Қазактың «жаксы боламын деген жасы үлтшылдық» сезіміне жабысуға айналды. Міне, сол жастардың біріне Мағжан да косылды.

Медресе «Фалиядан» шыққан соң Мағжан орыстың учительский семинариясында оқиды. Бұл 12-13-ші жылдың шамасы болса керек. Ол орыстың әдебиетімен танысып, солардан үлгі ала бастады. Ол кездегі орыстың әлеуметтік құрылышы, ескі ақсүйектер дәуірі шөгіп, капиталистер дәуірі үстемдей бастаған дәуір еді. Көпшілік құл есебінде саналып, өмірге жеке адам қожалық еткен заман еді. Орыстың жақсы деген зиялыштары патша өкіметіне қарсы болып, кара бұқараны жақтап, «бұқарашылдық» туын көтерген шак еді. Капиталға негізделген әлеуметте кім пысық, кім кунақы, кім өнерлі, кәсіпшіл болын сауда қылса, фабрик, завод жүргізсе, жердің жүзін шарлап ысылып, көпті қөрсе, сол кара бұқарадан мойны асқан үздік болып саналған. Сауда капиталалының дәуірлеу себебінен Колумб Американы тапкан, сауда капиталы математика ғылымын күштейткен. Сауда мәдениеттің, пәннің, әдістің, «техниканың» өркендеуіне Архимедтің бакканы тәрізді ықпал жүргізген. Саудагердің алапаты өзгеден артқан, буржуйлар табын тудырған, адамға табыну, адамға бас ию, өзімшілдік сыйылды пікірді майданға шығарған. Сондықтан капитал дәуіріндегі ақындардың, жазушылардың көбі дара-шыл болған. Әлеуметті былай койып, жеке адамды суреттегіш, кейіпкер /тип/ шығарғыш болған. Мағжан орыс әдебиетімен таныс болған соң Шекспир, Гейне, Гете, Байрон, Пушкин, Фет, Бальмонт, Максим Горький, Александр Блок сынды жеке адамды дәріптегіш, дараышыл ақындарға мұрит болған, солардан тәлім алып, соларға еліктеген. Ол ақындардың бері идеализм жолын тұтынған болатын.

Бір жағынан, үй іші – әкеге, әлеумет ру басыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген, казак ішінде туып-өскен болса, екінші, татар медресесінде оқып, түркішлік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші, патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазактың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төртінші, орыс зиялышарының қаймағы бұкарашыл, халықшыл болып жатканын сезіп білсе, бесінші, батыстың, кала берсе орыс ақындарының санаышылдық, дараышылдық школынан сабак алса, енді Мағжан қай пікірдегі ақын болып шығу керек? Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түркішлі, санаышыл, дараышыл ақын болып шығу керек? Олай болып шықпау мүмкін емес. Әлеумет ортасының заманының жағдайы солай...

Қазактың газет-журналдары шығып тұруы, қазак жастарының жұмыла окуға кіріскеңі, олардың әр қалада мәдениет ағарту ұйымдарын ашып, кенес құрып, ұлт мәселесіне, баспасөзге араласуы Мағжанның ұлтшылдығын күшейтеді. Жастардың жігері, талабы Мағжанды да жігерлендіреді; ол жастарға сенеді, жастардан таудай үміт күтеді. «Балапан канат какты», «Мен кім?», «Тез барам», «Мен жастарға сенемін» деген жалынды, құшті өлеңдерін шығарды.

Ақынның қасиеті – заманға жаңғырық, әлеумет тұрмысындағы зор оқиғаларға айна болып, тарихи із, тарихи материал /дерек/ қалдырып отыруында...

Мағжанның түркішілдігі тыңдан тауып алған нәрсе емес, әуелден-ақ бар болатын, ол «Фалияда» жүргендे түркішіл пікірде бірер өлең жазған. Бірақ орысша окуға кірісkenen былай, ол пікірін жарыққа шығара коймайтын. 19-шы жылдарға шейін Мағжанның түркішілдік рухын жамылған өлеңдерін білмейміз. Колчактың кер заманы, одан қала берсе ұлтшылдықтың аузына қақпак салған кенес заманы Мағжанның баяғы басылып қалған түркішілдік сезімін кайта ояты. Мағжан енді ұлт жалауын түрік жалауының панаына, түрік қанатының астына қоюды табады. Жеке ұлтшылдықтың ерісі тарылғандығын көріп, түрік тұрмызды жүрттармен әдебиет жүзінде өзінше одақ жасаған болады. Бара-бара Мағжанға түркішілдік те тар ауданды көрінеді, ол құншығыстың – Азияның ақыны болып, Европамен, Батыспен «араздасады». Ресейде болсын, Мағжанның түркішіл, азияшыл болу себебі, оның өз киялынан болмаса, оның солай болайын деген тілегінен деп ұғуға болмайды. Оның терең негізі бар: мәселен, құншығыс халықтарын алсак, бәрі де Батыстың, Европаның жемі, аздығы, атып жейтін аны болып келе жатыр. Үндістан, Ауғанстан, парсы жүрттарын, түрк, араб жүрттарын қашаннан бері ағылшын сорып, қанап келеді. Қытай, Жапония сықылды мемлекеттер – Европадагы мәдениетті озбыр жүрттардың қырқысып, таласып байлығын

иемденбек болып көз тігіп отырған жерлері, Ресей қол астындағы түрік тұқымдары патша үкіметінің отары болып келді. Батыстың мәдениетті жүрттары өнерсіз, ғылымсыз Шығыс жүрттарын жеуге ынтасты құрып, мойнын созғалы талай жылдар, ғасырлар өтіп барады. Европадағы талай қанды соғыс, капитал соғысы көбінесе құншығыска қожа болу үшін шығып келген. Азия – құл, Европа – қожа есебінде үкім істеген. Бұл саясатты азиаттыл шығыстың жүрттары билетін. Бірақ торды үзіп шыға алмайтын. «Құншығысты Батыстың капитал бұғауынан азат ету керек» деген Кенес үкіметінің ұраны ақынның жүргегіне жылы тиеді де, енді ол шығыс жалауына жабысады. Шығыстың ұранын шакырады. «Құнбатысты қараңғылық қаптады, тұн баласы қанға қақалып тұнеріп өлуге айналды, адамдықтан безді. Батыстың мәдениеті құлайды, мәдениет «пайғамбары» Күншығыстан шығуға керек» деген пікірге келеді. Бұл пікір тууға, эрине, «Европаның сөнү» деген Шпенглер сықылды ғалымдардың кітабын оку да себеп болады. Бұл пікірге ауғаннан бері Мағжаннан «От», «Құншығыс», «Пайғамбар», «Аксак Темір», «Түркістан», «Жер жүзін топан басса екен», «Оқжетпестің киясында», «Қойлыбайдың қобызы» сықылды өлеңдерді көреміз. Төңкерістің алғашки аласапыран дәуірі қазақ тұрмысына қатаң тиді. Қазақ даласы ақтар қашып, қызылдар қуған соғыс майданы болды. Азамат соғысында ел қатты шығындағы, оның үстіне «разверстка» шықты. Әуелгі кездегі милиция, агент, тағы басқалардың лаңы қосылды. 21-ші жылды зор ашаршылық, дүниe тапшылықтан, сауда тоқталғаннан шыққан жалаңаштық – осының бері ұласып, ел қазағына зор ауыртпалық болды...

Әдебиет тарихын тексерген кісіге мәлім: ескі тұрмыстың шаңырағы ортасына түсіп, жаңа тұрмыс әлі орнықпаган көшпелі дәуірдің ақындарында мұң-зардың, торығудың сарыны болады. Ақын ескі тұрмыспен тәрбиеленіп қалады да, жаңа заманың жақсы екенін білсе де, сол өмірге тосаңсып, түсіне алмай, жаңа заманын адамы бола алмай, көп тайқалактайды. Ақсүйектер дәуірі күйреп, капитал дәуіріне көшерде аксүйек ақындарында да торығу, ескіні жырлау болған. Әйткені ескі өмірдің жақсы жақтары көнілде сайрап тұрады, жаңа заманың ие боларына көзі жетпейді. Міне осындағы көшпелі дәуір басталарда, адам ескіге көзін сүзіп, жабықкан заманда әдебиет бағыты романтизмге айналатын. Біздің Мағжан да романтизмге беріліп отыр. Ол жалғыз ақынның сезімі емес, елдің де арманы, көнілі «әттең баяғы дәуреніміз болар ма?» – дейтін ер ел ішінде де аз емес. Мағжан романтизмге салынып, көшпелі дәуірдің рухын айнаға түсіріп отыр деуге болады...

Қазақ әдебиетінде романтизм дәуірі аяқталуға Мағжан көмек көрсетті деуге болады. Бұрын Мағжан өлеңдерінде орыстың түрлі ақындарына

еліктеушілік көрініп тұрса, казактың ақындарымен танысқаннан кейін Ақан сері, Шәңгереілерді жинағаннан былай, Мағжан өлеңінің бетін ескілікке қарай бұрады. Енді казактың ескі ақындарын дәріптейді. Қазактың ескі заманын жырлайды. Ертегі, Қорқыт, Баян – Мағжанның романтизмі күштегендігіне дәлел...

Мағжанның алғашқы кездегі өлеңдерінде неше түрлі рух бар. Сыртқы түрінде орыстың бейнешілдеріне /символист/ еліктесе, ішкі руҳында күйректілік, жылауықтық /сентиментализм/ романтизм болады. Сентиментализм әсері, әсіресе әйел тенденцияне аринал жазған өлеңдерінде үшшырайды. «Домбыра», «Зарлы сұлу», «Жәмила», «Шын сорлы», «Жас келін», «Алданған сұлу», «Тілегім» деген өлеңдерін оқысаныз, бәрінде де әйелдің халін өте ауыр көрсетіп, әйелмен мұндақсандай, әйелді аяғандай, есіркегендай, окушылардың жаңын ашытқандай мұн бар, зар бар:

Жәмила, мұнша неге жүдедін,

Бетінде тамшы қан жок қой.

Сарғаймашы, бауырым? –

деп іші-бауыры елжіреп катты аяйды. Шыдай алмай, өзі де бірге жылайды, окушының да жүйесін босатады. Ақынның көрінісі сондай, бос әйел көрсе жыламай коймайды. Сүйген жар құшағында бола ма, қуана ма, күйіне ме, әйтеуір көзінің жасын тыя алмайды. Екі сөзінің бірі сүйейін де өлеійін, күйейін де өлеійін. «Бота көзім, өлтіріп кет қолыңдан, тірі тастап кетіп мені не етейін?». Әйелді аяп есіркеу, орыстың бейнешіл ақындарына еліктегендегі Мағжанның бар өлеңдерінде көрінеді. Жазу жолында бейнешілдердің негізгі әдісі – ишарамен, бейнемен түсін бояп, көлеңкелеп жазу, олар тоңіректегі деректі тұрмыстан өзге дүниеге, ана дүниеге бір ұйқастық іздейді. Сөздің ішкі маңызында көбінесе сыртқы ұйқасына, тізіліміне, ырғағына көбірек назар салады. Олардың сөзі ақылдан гөрі жүрекке артығырақ әсер беріп, сезімді билейді. Бүгінгі өмірді онша керек қылмау, өзінен өзгені жақтамау, өнерді де өте жақсы көру, әйелді сую, махаббатты жырлау – міне, бейнешілдердің тұтынған жолдары. Сондықтан бейнешілдердің өлеңі құлаққа жағымды, ұнді, әуезді, күйлі, зарлы келеді. Дыбыстардың құрылуы сурет туғызады. Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиуін Абай да іздеген, Абай да сөздің ішін мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауға, сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен қазақ ақыны жок. Өлеңнің сыртқы сұлұлығына, дыбысына әуестеніп кеткендіктен кейде Мағжан өлеңдерінің ішкі маңызы кем болып шығады. Шу дегенде ермек үшін катарап жып қойған баланың қуыршағы тәрізді көрінеді. Бірақ жұмбак та болса, тіпті мағына шықпайтын өлең жок. Бәрінде де мағына бар...

Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндегі «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» үлбіреген нәзік әуез қазактың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің көбізын шерте біледі, оның жүргегінен жас пен қаны аралас шықкан тәтті сөздері өзгенің жүргегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Окушының жүргегіне әсер етегі алмайтын құрғак өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз. Ол табиғатты суреттей ме, әйелді жаза ма, тарихи адамдарды ала ма, ертегі айта ма, ұран сала ма – бәрінде де ақынның ойлағаны, сезгені, жүргегінің қайғыруы, жаңының күйзелуі, көңілінің кірбені қөрініп тұрады. Қай өлеңін оқысан да, не ақынмен, не өз жүргегінмен, не ел жүргегімен сырласқандай боласың. Ақынның өзі қөрінбейтін өлеңдерін оқысаныз да, еріксіз бір сезім туғызады. Әлде өкіндіреді, әлде мұнайтады, әлде жылатауды, әлде аятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді...

Күшті ақын өзгелерді өзіне еріксіз еліктетеді, сонынан шәкірт ереді, әдебиет жүзінде жаңа жол /школ/ ашады. Мағжан да қүшті ақын. Қүштілігі еліктеткенінен көрінеді. Осы күнгі өлеңшілердің көбі Мағжан өлеңінің не сыртқы түріне, не ішкі мазмұнына еліктемей жаза алмайды. Кім өлең жазса, Мағжан сөзінен бірдемені алмай коймайды. Алайын деп алмаса да, еріксіз, өзі байқамай алып кояды. Неге? Кестелі, ырғакты, қүшті даяр сөз, даяр түр ауызға түсे кетеді. Сондықтан Мағжанды жек көретін өлеңшілер де Мағжан өлеңінің түріне, әдісіне /техникасына/ елікten жүр. Санап, тексеріп карасақ, Мағжанға карсы жазып жүрген ақындарымыздың бәрі Мағжан өлеңінің даяр түрімен жазып отырғанын көресіз. Женіл-желпі өлеңшілер былай тұрсын, бір кезде қүшті болған ақындарымыз, Мағжанға ұстаз болған ақындарымыз бұл күнде өлең жазса, баяғы шәкіртіне еліктейтін болыпты. Бұл сөздерімнің бәрінә дәлел келтіріп, әр ақынның өлеңдерін жазуыма болады. Бірақ орын тар болғандықтан жазуды артық көріп отырмын. Тұбінде еліктегеніміз жок деп таласуышылар болса, еліктегендігін өлеңімен көрсетіп, жұрттың алдына тартармыз.

Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жок. Абайдан соң өлең өлшеулерін түрлендірген тағы да Мағжан. Мағжан тыңдан 8-9 жаңа өлшеу туғызды, бәрін бірдей санаудың қажеті жок. «Сап-сары бел», «Біраз Фетше», «Шылым», «Александр Блок», «Мені де, өлім, әлділе», «Күншығыс» тағы басқа өлеңдері Абайдан өлшеуінде жок.

Қазақ әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес, орыстың символизмін /бейнешілдігін/ қазаққа аударды, өлеңді күйге айналдырды, дыбыстарды сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жана өлшеулер шығарды. Романтизмді күштегі, тілді ұстартты.

Мағжан – заман туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жақаны әлі мойындап болмаған ақын. Әлі де болса оның ақындығы, енбегі алдында. Ол – күшті ақын. Күшті ақын өмірінде талай өзгеріске жолығады. Пікір жүзінде жақалықтар табады, Мағжан да өзгеруге мүмкін.

Мағжан терең ойдағы ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны. Ел ішінде бай, кедейдің арасындағы қияннатты, теңсіздікті көрмейді. Ұлтты жалпағынан алғып қарайды. Ол түрікшіл, санашыл, дараышыл, уайымшыл, өзімшіл ақын; бұжагынан қарасақ, ол – ескі пікірлі ақын. Жақсы жағын санаасақ, ол – сыршыл, толғашыл, суретші, сөз ұстасы, түршіл, романтик, мәдениетшіл, отаршылыққа, жауынгерлікке карсы құншығысшыл ақын.

Oй түйін.

Жүсіпбек Аймауытов зерттеуіне сынни баға беріліз. Кестеге мақаладағы негізгі түйінді пікірді теріп жазып, өз ойыңызben корытып отырыңыз

Мақаладағы ақын шығармашылығы туралы түйінді пікір	Бұл пікір туралы басқа дағалымдардың ойлары	Менің ойымша...

Ақжол – 1923 жылғы 4 акпандың санында жарияланған мақаласын Мұхтар Әуезов те Ахметтің демейді, «Аханың елу жылдық тойы» деп атайды. Бұл да тегін емес: Мұхаңың өз сөзімен айтқанда «қазак халқының рухани көсеміне» деген құрметті, ылтифаты. Біз де осы үрдістен шыққымыз келеді. Содан соң, қисындар дегеніміз не? Мұның да себебі бар. Асылы, Ахан – анасының ак сүті секілді өзінің ана тіліне уызында жарыған кісі. Аханың тіліндегі ағыл-тегіл бай тіл соңыра Мұханда (Әуезов) болса, болған-ды, ал өнге қазактардың бір де бірінде болған жок. Тұп-теркіні сонда жаткан шығар-ау, Ахан көзінің тірісінде өзге халықтардың бір де бірінің тіліне таң калған жок; қазак тілінің байлығын, сұлулығын, икемі мен мүмкіндігін қазак еместердің бір де бірінің тілінен артық болмаса, кем көрген жок; өзге тілдердің қай-қайсысына да қандай киын сөз болмасын, қазак тілінде оның баламы болмауы мүмкін емес деп білді және өзінің осы үғымын іс жүзінде дәлелдеп кетті.

9-ТАҚЫРЫП

Тапсырма.

1. Қабдолотовтың «Аханың әдеби қисындары» зерттеуімен таныспас бұрын Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабын толық оқып шығыңыз.
2. 3. Қабдолов мақаласындағы «Әдебиет танытқыш» берілген ғылыми талдаудағы әдебиет теориясы терминдерінің анықтамаларына жасалған саралауға назар аударып, терминдердің қазіргі қолдануына байланысты шағын терминдер сөздігін құрастырыңыз.

3. ҚАБДОЛОВ АХАНЫҢ ӘДЕБИ ҚИСЫНДАРЫ

Алдымен, тақырып туралы: Ахмет Байтұрсынов деуге тіліміз келмей отырған жок, Ахан деп әдейі атадық. Себебі, өзінің азап пен бейнетке толы саналы өмірінің (санаулы ғұмырының) он бойында ол тек қана Ахан атанған адам және Ахан деп азды-көпті жақын-жуықтар, жасы кішілер ғана емес, күллі қазак қауымы, әсіресе ұлт зияллылары жаппай, жамырай атаған. Мұның өзі аяулы азаматтың көзі тірісінде-ак халық махаббатына бөленіп, аты анызға айналғандығының айрықша бір көрінісі еді.

«Ақжол» газетінің 1923 жылғы 4 акпандығы санында жарияланған мақаласын Мұхтар Әуезов те Ахметтің демейді, «Аханың елу жылдық тойы» деп атайды. Бұл да тегін емес: Мұхаңың өз сөзімен айтқанда «қазак халқының рухани көсеміне» деген құрметті, ылтифаты. Біз де осы үрдістен шыққымыз келеді. Содан соң, қисындар дегеніміз не? Мұның да себебі бар. Асылы, Ахан – анасының ак сүті секілді өзінің ана тіліне уызында жарыған кісі. Аханың тіліндегі ағыл-тегіл бай тіл соңыра Мұханда (Әуезов) болса, болған-ды, ал өнге қазактардың бір де бірінде болған жок. Тұп-теркіні сонда жаткан шығар-ау, Ахан көзінің тірісінде өзге халықтардың бір де бірінің тіліне таң калған жок; қазак тілінің байлығын, сұлулығын, икемі мен мүмкіндігін қазак еместердің бір де бірінің тілінен артық болмаса, кем көрген жок; өзге тілдердің қай-қайсысына да қандай киын сөз болмасын, қазак тілінде оның баламы болмауы мүмкін емес деп білді және өзінің осы үғымын іс жүзінде дәлелдеп кетті.

Қисын – Ахан айшықтаған сөз, философияны – фәлсафа деп аударғаны секілді қисын деген сөзді теорияның баламасы ретінде алған.

Біз де солай еттік.

1990 жылғы шілдеде Қазақстан Жазушылар одағы Ахмет Байтұрсынов шығармашылығына арналған ғылыми конференция өткізген. Сол мәслихатта

жасаған арнаулы баяндамамызда біз ғұламағалымның «Әдебиет танытқышын» қысқа байыпта, тұжыра корытып (синтез), оның қазіргі казак әдебиеттануындағы тарихи орнын, мәні мен маңызын белгілегенбіз.

Әнгімені содан бастайық. Ахмет Байтұрсынов 1926 жылы өзінін әйгілі «Әдебиет танытқышын» кітап қып бастырып шығарды. Бұл біздің жыл санауымыздан үш жұз жыырма алты жыл бұрын Эллада елінде жарық көрген Аристотельдің атақты «Поэтикасы» тәрізді сөз өнерінің болмысы мен бітімін жүйелі байыптастын қазақ топырагындағы тұнғыш теориялық зерттеу еді.

Егер Лессинг өзінің «Гамбург драматургиясында» Аристотель «Поэтикасын» мінсіздік тұрғысынан «Евклид элементтерімен» қатар қойған болса, біз бүгін Ахаңың «Әдебиет танытқышын» Аристотель «Поэтикасынмен» салыстырап едік.

Мұның мәнісі – екеуі де: бірі – грек әдебиетінің, екіншісі – қазақ әдебиетінің алғашкы «әліп-білері». Асылы, үздік қасиеттер бір-бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне соғұрлым ұқсас болады...

Мінсіздік дедік. Мұның өзі уақыт пен кеңістікке тығыз байланысты тарихи категория: уақыт отсе, кеңістік өзгерсе, бұл да адам танымастай өзгеріске ұшырайды. Айтальық, Эсхил трагедиясындағы мифтік құдайлар қырсықтан қырсыққа шалдырып қырылып жатканда шетінен маңырай жылаган гректер Лукиан комедиясындағы өлімге жамырай күлген.

Тарихтың бұлай жылжу себебін Маркстен артық айтуда қиын: «Адам баласы өзінің өткенімен күліп қоштасып отырған».

Мінсіздік дегенді де солай түсіну керек. Мәселен, Аристотель өзінің Лессингке мінсіз көрінген «Поэтикасында» ұғым һәм термин ретінде тарихта тұнғыш рет өзі қалыптастырған фабула дегеннің композициялық бүтіндігін былай түсіндіреді:

Бүтіндік дегеніміз – әрнәрсенің басы, ортасы, аяғы болуы. Басы – өзгеге ермейді, өзіне ертеді; ортасы – өзі де ереді, өзгені де ертеді; аяғы – өзі ереді де, өзгені ертпейді (Поэтика, 62-бет).

Ал Ахан болса, біз тұнғыш қазақы теориялық трактат ретінде бағалап отырған өзінің «Әдебиет танытқышында» Терменің жанрлық ерекшелігін былай сипаттайды: «Терме деп ат қойылуының мәнісі – бұл түрлі шығармалар бір нәрсенің жайынан сөйлеп тұрмай, көп нәрсені теріп сөз кылып өтеді. Көп нәрсені сөз кылғанда, әрқайсысына айналып, баяндап жатпайды. Түрлі шөптің басын шалып оттап, тоқтамастан желге қарай тартып бара жаткан мал сияқты» (Шығ., 245-бет).

Ал енді бар ма, Аристотель мен Ахаңың өз мезгілі мен мекенінде «мінсіз» көрінген осы кисындары мен қағидалары әдебиет туралы ғылымның біршама шарықтап өскен бүгінгі деңгейінен қараганда, шынын

айтсақ, сын көтермейді. Онда қалайша мінсіз? Гәп осы арада. Бүгінде бізде – ана тілімізде әдебиет теориясы жасалды. Қазақ әдебиеттануын үш саладан – әдебиет тарихынан, әдебиет сынынан, әдебиет теориясынан тұрады десек, бұл үш сала да казір тек өз дәрежемізде ғана емес, өзге де кәдімгі өркениетті елдер деңгейінде өрістеп-дамып отыр.

Демек, күні кешеге дейін кешен қалып келген әдебиет теориясы да бізде, туған әдебиетіміздің тарихы мен сыны секілді, бүтінделді. Әлгі бір Аристотель қалыптастырған ұрыммен тұжырар болсак, бұл ғылым да бүтін мұның да «басы, ортасы, аяғы» бар. Басы – жиырмасының жылдарда туған Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы», ортасы – қырқының жылдарда таяу басылып шыққан Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» мен Есмағамбет Ысмайловтың «Әдебиет теориясының мәселелері»; аяғы – алпысының жылдардың ақырына таман жазылып бітіп, жарық көрген Зейнолла Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» («Сөз өнері»). Сәкен Сейфуллиннің сөзімен айтқанда, «қазақ халқын байға, кедейге бөлмей, намысын бірдей жыртып, арын бірге жактаған» ардагер Ахаңың араға алпыс жыл салып қайтып оралуы агартушы-акын-оішыл-окымысты ретіндегі өзге қырларын өз алдына койғанда, біздің әдебиет туралы ғылымызызды, оның теориясын осылай бүгіндегі. Туған топырагымызыдағы әдебиет теориясының басы болып табылатын «Әдебиет танытқыштың» айта қалғандай кадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы дәл осы арада жатыр.

Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жок кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дene бола ма?! Қайтейік, болады деп келдік...

Мәселен, Айшықтаудың (фигураның) Арнау деген бір түрі бар. Бұкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ак түр; шауып шықса, бұған Шешендік сұрау қосылып кана аздал ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ахан осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндегі құлпыртып әкетеді. Улгілері төмендегідей.

Сұрай арнау:

«Желі толған сар түйе
Ағажсан, кімге тапсырдың?
Кора толған ақтың қой
Ай көке, кімге тапсырдың?
Тогай толған мың жылқы
Күн көке, кімге тапсырдың?
Тоқсанда әкең Тоқтарбай
Жан көке, кімге тапсырдың?
Алпыста шешен Аналық,

*Бірге тұган мен зарлық
Ақ көкө, кімге тапсырдың?»*
«Қобыланды батыр»)

Зарлай арнау:

*«Сауықшыл есіл, елім-ай,
Сарыарқа сайран, жерім-ай!
Күмістей таза суы бар
Айдын шалқар көлім-ай!».*

(Магжан Жұмабаев)

Жарлай арнау:

*«Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды қоңылғе
Біқыласпен тоқылық!
Оқысаңдар балалар,
Шамнан шырақ жасаылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.*

(Ыбырай Алтынсарин)

Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдаپ, кисындаپ, кейде тіпті қыннан қыстырып, біз де (Жұмалиев те, Үсмайлов та, Қабдолов та) кітап-тарымызға кіргіздік. Бірақ амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекене сілтеме жасауга мәжбүр болды...

Бұл бұл ма? Қазіргі қазак тіл біліміндегі секілді, қазак әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламын ойладап тапқан да Ахаң: көріктеу, мензеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, есрелеу, шенdestіру, дамыту, түйдектеу... – осылардың берінің түп-тамыры Аханда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдінің әдебиет аясындағы бір накты да затты көрінісі осы.

Демек, «Әдебиет танытқыштың» ең басты бағалылығы осылайша әдеби терминдерді казакша қалыптастырғандығы. Әрине, бәрі бірдей әдебиет теориясына тұлға бол орныға беруі қын. Мысалы, «Өрнекті сөйлемдер» деген тараудағы а) себепті оралым, ә) мақсатты оралым, б) ұқсатпалы оралым, в) қайши оралым, г) шартты оралым, ғ) жалғасынқы оралым, д) серіппелі оралым, е) айырықты оралым, ж) корытпалы оралым дегендер әдебиеттанудан ғөрі тіл біліміне тікелей қатысты орамдар. Осындағы тұстарда Аханың әдебиетшілігінен ғөрі лингвистігі басым шыға береді.

Ахаң ә дегенмен өнер атаулыны тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері, көркемдік үшін жұмсалатын көрнек өнері деп екіге айрып алады

да, соңғысын бес түрге бөледі: сәулет өнері (архитектура), сымбат өнері (скульптура), кескін өнері (живопись), әуез өнері (музыка), сөз өнері (әдебиет). Бұлар әдебиет теориясының дәл бүгінгі бигіне шырқап, шалқып шығатын шынайы ұғымдар, бірақ мұнын есесіне «Дарынды сөз» тарауындағы Әуезе – эпостың, Толғай – лириканың, Айтис – драманың бүгінгі теориялық деңгейдегі баламдары болады деу қын.

Задында, Ахаң қалыптастырған әдеби-теориялық терминдерге мұқият жауапкершілікпен қарған жөн. Дәлірек айтқанда, Ахаң терминдерін жапатармай жілкө тізе бермей, тандау керек, талғау керек, сейтіп барып талдау керек. Аханнан қалған атаулар сонда ғана екшеледі, ірктеледі, сұрыпталады. Мәселен, «Шешен сөз» бен «Көсем сөз» дегендерді алып қарайық. «Бұлардың айырмасы – шешен сөз ауызша айтылады, көсем сөз жазбаша айтылады», – дейді де Ахаң «Шешен сөзді» бес мүшеге бөледі: 1) бастамасы, 2) ұсынбасы, 3) мазмұндамасы, 4) қыздырмасы, 5) корытпасы.

Мұның бәрі әрине, стандарт, қолдан қалып қып канон жасау. Ал қолдан «қалып» ұсынылған жердегі қысын қысық, қағида касаң болатыны мәлім. Жә, енді Аханың «Көсем сөз» деп отырғаны не? Бұл публицистикаға алған баламы. Мұны қабылдауға әбден болады.

Публицистика – көсем сөз! Әдемі емес пе?! Бұдан әрі Ахаң қазак өлеңінің құрылышын, қазак әдебиетінің (фольклордан бергі) ұзак тарихын шолуға көшеді. Мұның өзі бір қараганда әдебиет туралы ғылымның екі саласын (тарихы мен теориясын) қосып, койыртпактап жібергендей көрінеді, бірақ байыбына барыңқырасақ, ол мұнда да әдеби-теориялық ұғымдар қалыптастырып, өзінің «Әдебиет танытқышын» тағы да сөз өнерінің әсем әліппесіне айналдырады.

Бұл бөлімнің ең бір құнды жері – әдебиеттің Аристотель белгілеген негізгі үш тегін яки жанрын (эпос, лирика, драма) грек тілінен түп-түгел қазак тіліне ауыстырып алады да, әр жанрдың жанрлық түрлерін өзіміздің төл әдебиетімізден іздейді. Мысалы, лириканың алғашқы үлгілерін казактың сонау тұрмыс-салт жырларынан іздеп табады. Сонда, ең жеңілі, жоктау – эпитафияға, мақтау – одага, даттау – сатираға боп шыға келеді. Дәл осы ретпен әдебиеттің үшінші тегін Аристотельше «Драма» деп емес, Ахаң «Айтис-тартыс» деп алады да, осы жанрдың жанрлық түрлерін, айталақ, Трагедияны – Мерт яки әлекті тартыс, Драманы – Сергелден яки азапты тартыс, Комедияны – Арамтер яки әурешілік деп алады. Сейтіп, Ахаң әдебиет теориясының негіздерін казактар ортасына осылай әкеліп орнықтырып, әдебиет теориясына айрықша ұлттық сипат дарытудың жолын, әдісі мен амалын міне, осылай іздеді.

Корыта айтартымыз: Ахмет Байтұрсынов өзінің «Әдебиет танытқышы» арқылы қазактың таза ұлттық топырағына егіп-өсіріп, жалпы әдебиет

дегеннің болмысы мен бітімін Аханша есіліп, Аханша көсліп бір толғап берді. Бұл – сөз өнерінің басы, «әліп-бій», өйткені сөз өнерінің тек ұлттық кана емес, күллі адамбаласылық ұлы проблемалары әдебиеттің болмыс-бітімін белгілеумен ғана шектелмейді. Бұдан әрі біріне-бірі тұтасып, әдеби шығарманың сыры мен сипатын парықтау, ақыр-аяғында әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жатыр. Бұларды жүзеге асыру жолын біз «Сөз өнерінде» былай белгілейміз: әдебиеттің теориялық мәселелерін бірыңғай қысынға ғана айналдырып, оны әлдебір қасаң ереже, кейде тіпті қатал заң ретінде ұсынбай, теориялық толғамдарымызды жазушылық шеберлік мәселесімен, жақет жағдайда каламгерлік өнердің киын ірімдерімен ұштастыра, көркем творчествоның психологиясымен байланыстыра жүйелеп отыруымыз керек.

Бұл міндettі Ахан өзінен кейінгілердің үлесінен қалдырып кетті. Енді біз «Әдебиет танытқыштың» мағынасы мен мазмұнына теренірек барып, нақты да затты талдау (анализ) жасауымыз керек. Соған көшейік.

Әдебиет туралы ғылым үш саладан құралып-қалыптастасатыны және сол үш арнамен өрбіп-өрістейтін мәлім. Олар әдебиеттің тарихы, әдебиеттің теориясы және әдебиеттің сыны. Бұл үш салаға соқпай кететін, бұл үш арнаға түспей өтетін бір де бір әдеби зерттеу, әдеби толғаныс яки талдау болмайтыны тағы мәлім. Десек те, әдебиеттанудың осы үш тарауының да басында тұратын, бастапқы желісі боп тартылатын, алғашқы адымдары ретінде белгілі бір композициялық тұстасында келтірілген, бас-аяғы бүтін енбек болады. Қазақ топырагында сондай енбектер Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» (1926), Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) және Тұрсынбек Қекішевтің «Сын сапары» (1971). Соныра бұл үш сала әдебиетіміздің тарихы, теориясы, сыны қандай сатыдан-сатыға шыға дамыса да, өркендесе де бәрібір анау үш кітапқа соқпай етпейді. Өйткені ол үш кітап – мынау үш саланын тұнғыш рет тұтаса жүйеленген бастауы мен қайнары, төлбасы. «Әдебиет танытқыштың» талдауға біз осы тұргыдан келіп, кірісеміз.

Аханның әдеби қысындарын біз қазақ әдебиеттануында тұнғыш туып, қалыптастан әдебиет теориясының «әліп-бій» деп жайдан-жай атағанымыз жок. Дәл осы себептен де Ахан әр нәрсені «А-Б-С» дегендей нак-нак, мектеп окушысына әріп үйреткендегі тәптіштеп түсіндіреді. Айталық, бүгінгі монографиялар мен окулықтардың кіріспесі, алғысөзі яки беташары көп шілікке таныс қарапайым нәрселерді көп ежіктеп жатпай-ак, бірден есіле, көсіле басталып кететін болса, Ахан олай етпейді, әр сөздің әрпіне дейін, әр ұғымның ұтары ғана емес, үтіріне дейін мән береді, «соқырға таяқ ұстатқандай» қолма-қол қорытып, асықпай аңғартады.

«Әдебиет танытқыш» кіріспе орнына берілген «Андату» деген екі кайырым (абзац) ғана беташардан басталады. Мұнда автор жоғарыда айтқанымыздай, ә дегеннен төрт түрлі ұғым, төрт түрлі термин қалып-тастасырмақ болады: 1) Жаратынды нәрсе; 2) Жасалынды нәрсе; 3) Тірнек өнері; 4) Көрнек өнері. Бұлардың кайсысы тұракты ұғымға айналып, санамызға сіңер-сіңбесін тәжірибе көрсетер. Жалғыз-ак, осы арада Аханның әр нәрсеге өзгеден үлгі ізdemей немесе өзгені кайталамай, тек қана өзінше ат койып, айдар тағу әрекетінің өзі бұл ұғымдарға ғылыми сипат береді. Өйткені бұлардың әрқайсысын Ахан ойлады, толғады, әр нәрсемен салыстырды, сөйтіп барып қорытты, түйін түйді. Ал ойлау, толғау, салыстыру, тұжырымдау бар жерде ғылым бар. Осыларды өзгелерше емес, тек өзінше ойлап-қорытуы бұларға ұлттық қасиет дарытқан. Ахан қысындарының нұсқалығы осыдан туған.

Аханның жаратынды нәрсе деп отырғаны табиғаттың өзінен жаратылған орман, теңіз, өзен, тау; жасалынды нәрселері – адам колымен құйылған кірпіш, салынған үй, қазылған құдық, есірілген бақша. Бұларды біз бүгінде жаратынды, жасалынды деп жатпай-ак, табиғи, жасанды дей саламыз. Оның үстінен, мәселен, Ахан жаратынды нәрсені жаратылыс калпында қалдырып, жасалынды нәрсені етік тігу, киіз басу секілді тірнек өнері; ән салу, құй тарту секілді көрнек өнері деп тағы да екі түрге бөлгөн болса, бүгінде біз мұның екеуін өнер яки көркемөнер деп бір-ак қосып атап, анау табиғи, жасанды дегендердің өзін осы атауға теліп, өнердің өзіне сын ретінде қолданамыз. Мысалы, шын мәніндегі шебер колдан шықкан сұлу өнер туындысын өмірдің өзіндегі табиғи да тамсана кабылдасақ, олак колдан шықкан олпы-соллы дүниеліктерді шындықтан аулақ жасанды нәрсе деп сырт айналамыз. Бұл арада өмір мен өнерге деген бүгінгі талап пен талғам жатыр. Өнер мен ғылым уақыт сынынан осылай өтетінін ескерсек, Аханның «Андатуындағы» жоғарыда аталаған төрт нәрсе (жаратынды, жасалынды, тірнек, көрнек) өмір мен өнердің ара-катастысын, өзара өзгешеліктерін, тіпті бұлардың түп-төркінін, сайып келгенде, өнердің өмірден туу құпиясын тәтпіштеп түсіндіретін төрт түрлі ұғым ретінде қанша мәнді, мағыналы болғанмен, төрт түрлі термин бол қалыптасып, тұрактана қоюы киын.

Демек, Аханның «Андатуындағы» байыптауларының сарқып құярсағасы біреу: ол – өнер.

Ахан енді Өнерді «Көрнек өнері» (келе-келе «көрнек» деген эпитет те түсіп кала ма, кім білсін?) деп «тірнектен» бөліп алады да, әдеби-теориялық қағидаларын қалыптастыруға көшеді.

Осы құнгі белгілі бір ортақ арнаға түсіп, әбден жүйеленген әдебиет теориясы да, әдетте осылай басталады. Ендеше, осы мағынадағы Ахан

салған сүрлеу де әдеби қисын атаулының жалпыға ортак данғылына қосылады екен деп білген жөн.

«Әдебиет танытқыштың» кіріспеден («Андатудан») кейінгі алғашкы тарауы Өнердің түрлерін белгілеуден басталады. Ахаңша Өнердің бес түрі бар: 1) сәүлет өнері (архитектура); 2) сымбат өнері (скульптура); 3) кескін өнері (живопись); 4) әуз өнері (музыка); 5) сөз өнері (литература).

Әділін айту керек, өнердің бұл бес түрін казак топырағында тұңғыш анықтап, сарапап, даралап, дәл осылай казак ұғымға, казакша сөз тіркестеріне айналдырған – Ахмет Байтұрсынов. Бұған дейін Өнер бізде бұлай белінбеген: синкретті болғандыктан ғана емес, эстетикалық тұргыдан сауатты қисын қалыптаспағандыктан. Демек, бұл – Аханың Ахандығы, жоқтан бар жасаған жері.

Бұғінде әрине, әдебиет туралы ғылымның ілгерілеуіне байланысты Ахан атауларының кейбіреулері аздаپ түрлендіріліп, жетілдіріліп келеді. Маселен, сымбат өнерін мұсін өнері деп алғы жүрміз. Бұл дұрыс. Кескін өнерін бейнелеу өнері деп дәлдеңкіреген боламыз. Мұнымыз дұрыс емес секілді, бұдан ғері Аханың атауы дәл, нық, нығыз. Сондай-ақ, біз бір еңбегімізде музыканы саз өнері деп қалып едік, соны әуез әлеміндегілер дереке қағып әкетіп, бұл қүндерде жаппай, жамырай, музыканы саз өнері, музыкантты сазгер деп атап бара жатыр. Мұның өзі Ахан атауын (әуез өнері) жетілдіру болып шыға ма, жоқ па, оны келешек көрсетер.

Қалай болғанда да, әйтеуір, осы түрлендірүлдердің бәрі әдебиеттануды, Әуезовше айтқанда, «Ахан түрлеген» түрлер болғандыктан түрлендіріп жатыр. Бұл ретте де Байтұрсынов бар бастаманың басы (начало всех начал) болып қалады, қала береді.

Ахан енді әлгіндей Өнердің өзі белгілеген бес түрінің ішінен Сөз өнерін (әдебиетті) бөліп алады да, одан әрі тек қана осы өнердің қадір-қасиетін, сыр-сипатын, болмыс-бітімін таратып талдауга, дәлелдеуге көшеді. Сөз өнерін басқа бар өнердің басына қояды: «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны казақ сөз баққан, сөз қүйттеген халық болып, сөз қадірін білген-діктен айткан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәүлетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сейлеп, сүгреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» (Шығармалары, 138-бет).

Әдебиет теориясын түгелімен казак ұғымына лайықтап осылай бастаған Ахан енді өзінің осы қисындарын қафидага айналдыра, орнықтыру үшін Абайдың әйелді сымбаттауын («Қақтаған ақ құмістей кең мандайлы»), құзғі күнді сүгріттеуін («Сұр бұлт түсі сүйк қаптайды аспан»),

ән мен күйді сөзбен сипаттап-танаудын («Көніл құсы қүйқылжыр шартарапка»), Мағжанның толқынды қескіндеуін («Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады») мысалға келтіріп, колма-қол және жанжакты дәлелдеп шығады. Бұлар сонда ауызбен айтылған сөз ғана емес, сөзбен салынған сурет болады да, оқырман оларды құлақпен естіп қана қоймай, көзбен көріп, қолмен ұстағандай әсерленеді, түсініп ғана қоймай, түйсінеді.

Аханың әдеби қисындары осылай нақты ғана емес, затты сипатта көшеді. Сонда «толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады» деп Мағжан айтқандай, шын мәніндегі ғұлама ғалымның ой-толғаныска толы эстетикалық талғамы мен танымынан осындағы нақты да затты әдеби қисын туады да, ол дәлел мен дерекке негізделген нағыз ғылымға айналды. Олай болса, Ахмет Байтұрсынов – біздің әсемдік әлемімізде бірыңғай әдеби ұғым қалыптастыруыш ғана емес, әдебиет ғылымын туғызуыш да. Аханың казақ әдебиеттанудындағы айрықша орны осылай бағалануға тиіс.

Ахан әдебиетті яки сөз өнерін, шығарма сөзді яки әдеби туындыны жеке-жеке алғып, әрқайсынына анықтама береді және сол анықтаманы тұракты ережеге айналдырмак болады. «Әдебиет танытқыштың» негізгі бөлімдері екеу: 1) Сөз өнерінің ғылымы; 2) Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі.

Бірінші бөлімнің ең бағалы жері – мұнда Ахан әдеби тіл туралы өз «америкасын ашады», бұған дейін болмаған ұғымдар тұғызады, бұған дейін қолданылмаған терминдер қалыптастырады және өзге тілдердегі терминдерді сол қалпында сірестіріп әкеліп көшіре салмайды, олардың кәдімгі «тілге женіл, жүрекке жылы» казакша баламын табады. Өз «америкасын ашады» деп отырганымыз осы.

Тыңға түрен салу оңай емес. Тыңға түскен түренинің ізінен дән өсуі де мүмкін, өспеуі де мүмкін. Жогарыда айттылды, «Әдебиет танытқыш» – казақ әдебиеттанудындағы теориялық қисындардың басы (ортасы не аяғы емес). Сондыктан мұндағы ой-пікірлер су жана, бұған дейін үлгісі болмаған, тыңнан тұған нәрселер. Бұлардың ішінде сәтті қызықандарды да, сәтсіз ұйызықандарды да бар. Сәтті қызықандарды қағидалы қисынға айналды; сәтсіз ұйызықандарды әший ғана әрішілдік тәрізді, жай ғана сауат ашу секілді тым жайдак, жадағай күде қала береді. Не нәрсенің де міні құнының жалғасы деп білсек, «Әдебиет танытқыштағы» әрішілдік аратұра жасандылыққа, жасандылық қасандылыққа ауысып отырады.

«Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз» дейді Ахан. Жарайды, таласпай-ақ қоялық, әдебиетшінің қолындағы құралы сөз болғандыктан да, әдебиет – сөз өнері гой. Бірі – аксиома. Тым ежіктеңкіреп, жайдактау айттылғаны

болмаса, бұған талас жоқ. «Сөз шумағы – тіл» дейді Ахан одан әрі. Бұл арада ұғым ежіктелген үстінен ежіктеліп кеткен.

«Шығарма тілі екі түрлі: 1) ақын тілі, 2) әншайін тіл деп жалғастырады Ахан. Бұл жердегі ұғым даулы: «акын тілі» дегенді әдеби тіл, «әншайін тіл» дегенді ауызекі сөйлеу тілі деп түсініеік десек, екеуін де «Шығарма тілі» деп атаған Ахан. Сонда қалай?! Біріншісі – поэзия, екіншісі проза болғаны ма?! Онда прозаны (көркем кара сөзді) «әншайін тіл» деуге бола ма?!

Осындай даулы-даусыз пікірлерінің корытындысы ретінде мынадай теориялық түйін түйеді Ахан: «Бір нәрсе тұрасындағы пікірімізді яки киялымызды яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады» (Шығ., 147-бет).

Жоқ, жалпы әдебиет туралы ғылымның бүгінгі биік деңгейінен кара-сақ, Ахандың бұл қисының көркем әдебиеттің яки сөз өнерінің теориялық анықтамасы болады деу киын. «Бір нәрсе тұрасындағы пікірді сөз арқылы жақсылап айта білу» жазушының ғана емес, ел-жүрттты сөзіне жүгін-дірген қазактың билерінің де немесе мінбеден жаңып, жалындан сөйлеп, тыңдаушысын ұйыткан шешенниң де колынан келуі мүмкін. Бірақ билік те, шешендік те жазушылық емес.

Біздің бұл пікіріміз Аханды сынау үшін айтылып отырган жоқ, Ахан өзінің әдеби қисындарын туғызып, тынға түрлен салған тұста қазак қогамындағы әдебиет туралы ұғым-түсініктің, жалпы эстетикалық ой-сананың дәрежесі қандай екенін аңғарту үшін айтылып отыр. Демек, Аристотельдің «Поэтикасын» қаншама әлемдік әдебиет теориясының басы дей тұрсақ та, біздің дәуіріміздегі әдеби қисындар Аристотель түсінінде дәрежеден әлдеқайда ілгері кеткені секілді, Ахандың әдеби қисындарын қаншама қазак топырағындағы әдебиет теориясының басы дей тұрсақ та, біздің бүгінгі әдеби-теориялық таным-толғамдарымыз Ахан тұсындағы деңгейден әлдеқайда биіктеп кеткенін мойындаамасқа болмайды. Әйтпесе, біз қазіргі қазак қогамындағы көркемдік дамудың байыбына бара алмас едік.

Сөз өнерінің ғылымын Ахан тағы да екіге бөледі: 1) шығарманың түрінің ғылымы, 2) шығарманың тілінің ғылымы. Шығарманың түрі әрине, әдеби жанрға мензейді. Ал, шығарманың тілі, сөз жоқ, әдеби тіл. Бұл соңғы мәселені талдаң-тексеруге келгенде әдебиетші Байтұрсыновка тілші Байтұрсынов қосылады да, мұншалық іргелі де күрделі тақырыпты бүкіл тамыр-тереңімен қопара зерттеп, одан қағидалы қисындар тұғызып, күні бүгінге дейін мәнін де, маңызын да жоймай, аса зәру қалпында тұрған қазак әдебиеттануындағы көркем сөз теориясының іргетасын қалап, негізін салады. «Әдебиет танытқыштың» бұл бөлімі оның бары

мен нәрі. Қазіргі казак филологтарының қай-қайсысы болмасын, бұл бөлімдегі Ахан қисындарынан аттап та кете алмайды, айналып та өте алмайды.

Байтұрсынов бұл бөлімді тіл қисынан яғни «асыл сөздің асыл болатын зандарын, шарттарын танытудан» бастайды. Алғашқы шарт ретінде сөз талғау керектігін ұсынады. Талғам Ахаңша бес түрлі: 1) дұрыстық; 2) тазалық; 3) анықтық; 4) дәлдік; 5) көрнекілік.

Бұлардың ішіндегі әсіресе тіл тазалығы туралы тұжырымдар – терең бағдарламалық түйіндер: «тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін баска тілдің сөзімен шұбарламау» (Шығ., 151-бет). Дәл, бүгін айтылғандай! Егемен Қазакстанның мемлекеттік тіліне қойылатын ең зәру шарт осы емес пе?! «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, – дейді Ахан одан әрі, – өз тілінде жоқ деп жүрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің, қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жүрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазак тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықтай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады» (сонда). Даналық пікір!

Сөйлемнің дұрыс құрылуы, мағынаның анық болуы, сөздің дәл айтылуы көп дәлелдеуді керек еттейді. Көрнекілік дегенді Ахан «өң берілген сөздер» деп түсіндіреді: «Тіл көрнекі болуы үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суретtelіп, адамның сана-саңылауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек» (Шығ., 154-бет). Ол үшін істелетін амал-ғамалдарды Ахан үш топқа бөледі: 1) көріктеу; 2) мензеу; 3) әсерлеу.

Бұл уш топқа бөлініп-топтастырылған ғамалдар құллі әлем әдебиетінің бәріне ортақ теориялық тәсілдер-түсініктер мен терминдер. Жалғыз-ақ Ахан соларды, әлгіде өзі айтқандай, даяр күйінде ала салмайды, әркайсысына балама боларлық «ана тілімізден қарастырып сөз табады». Ахандың бұл табыстарын өзінен кейінгі әдебиетшілердің бәрі іс жүзінде түгел колданып жүр. Әрине, әркім қабілеті мен мүмкіндігі жеткен жерге дейін ғамалдайды, түрлендіреді, жетілдіреді, бірақ негізінен Ахан іздел тапқан балама-терминдерге сүйенеді. Соларды жалғастырады. Ережелерін әркім өзінше жасағанмен, атауын қобінесе қалпында қалдырады: айқындау, тенеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, мензеу, шендерестіру... – бәрі де бүгінгі біршама қазакыланған әдебиет теориясына «Ахан түрлеген» күйде көшкен.

Ахан тіл (лұғат) әуезділігіне үлкен мән берген, сондыктан болса керек, әуезділіктің шарттарын белгілеген. Сол арқылы сөз әуезділігі, сейлеу әуезділігі деген ұғым қалыптастырып, одан бірнеше кисын туғызған. Тіпті сөз бен сойлемдер аузызекі сойленген уақытта құлакқа жағымды естіле ме, жағымсыз естіле ме, соған да ерекше назар аударып, екшеп, ежіктең түсіндірген. Бұл тұста Ахан сойлемдердің өзін екіге (өрнекті сойлемдер, өлеңді сойлемдер) бөліп алғып, біріншісінен 9 түрлі оралым құрастырады; екіншісін тағы екі (әнді өлең, мәнді өлең) айырып, одан мынадай тұжырым жасайды: «әні басым мәні кем, ажары аз өлеңге қара өлең деп ат койып, әні кем мәні мол ажарлы өлеңге жыр деп ат койған» (Шығ., 187-бет).

Тағы да айтамыз, Ахан – әрі тілші (лингвист) әрі әдебиетші (зерттеуші), осы екі қырының екеуінде де ойшыл-оқымысты, ғұламағалым. Оның үстінен нағыз творчестволық тұлға, сондыктан оның әдебиет мәселелерін қозғаган уақытта тілшілігі, тіл мәселелерін толғаған уақытта әдебиетшілігі бір-біріне бүримдай өріліп, бірін-бірі нұрландағы жарқырай көрініп отырады. Сонымен катар ол әдебиет мәселелерін қозғап, тіл мәселелерін толғап қана қоймайды, екеуін бір-біріне байланыстыра, кен, терен байыптаиды, жан-жакты зерттейді, байыптаап, зерттеп қана қоймайды, өзі творчестволық тұлға болғасын, байыптауларынан тым тұрлаулы ұғым туғызды; зерттеулерінен бүрін басқалардың ойна келмеген, миына енбеген жаңа әрі тұрақты теория жасайды, кисын қалыптастырады. Осы әрекеттерінде ол батыл ғана емес, орасан тұжырымды, үзілді-кесілді... «Айтты – болды, кесті – үзілді», әр ойының өрнегін өзгермейтін занға айналдырады, әр пікірінің түйінін катал қағидаға айналдырады. Бұл ретте Ахан кейде, тіпті шамадан тыс кисынышыл.

Айталық, анау 9 оралым. Әр оралымда Ахан ауыз әдебиетінен мысалдар келтіре дәлелдегенмен, бұлар әдебиет теориясынан гөрі тікелей тіл біліміне хас нәрсeler. Онда да бұлар біздегі тіл біліміне Ахан енгізіп-зандандырған, мәселен, етісті (етістік деген атаудың өзі Ахандікі) әрлendірген ырықты, ырықсыз дегендер я болмаса сөйлемді нәрлendірген салалас құрмалас, сабактас құрмалас дегендер секілді кірігіп, әбден орнығып алған қағидалы ұғымдарға айнала ма, жоқ па, оны іс жүзінде тәжірибе көрсетер. Ал, әдебиет теориясына хас әнді өлең, мәнді өлең деген ұғымдар әшейін ауызша айтуга әдемі көрінгенімен әдеби кисынға айнала алмайды. Әсіреле, қара өлеңнің әні басым мәні кем, жырдың әні кем мәні мол деген тұжырымдары тым ұшқарылау. Сол секілді «адам баласының сөзі екі түрлі орынға: күн көріс ісіне, көңіл көтеріс ісіне

жұмсалған. Бастапқысына қара сөз деп, соңғысына өлең деп қазақ ат койған» (Шығ., 186-бет) деген корыту да көнілге конбайды, дәлелі мен дерегі осал, сондыктан иландырмайды.

Асылы, Аханың әдеби кисындарын әлемдік әдебиеттанудың біздің дәүіріміздегі биік деңгейінен терен таныммен, талғаммен келіп игере білуіміз шарт. Айтып отырмыз ғой, Ахан тек аузын ашса болды, әр сөзін ережеге айналдырады. Задында, киыннан киыстырушының құлқы сіре, осындаи болатын шыгар.

Сөздің өнер болатын мәнісін түсіндіре келіп, Ахан өлең туралы кисындарын қалыптастыруға көшеді. Сейлем сөзден куралса, сөз буыннан тұратынын айта келіп, буын ыргакпен екшелетінің дәлелдейді. Үргактың өмірде де, өнерде де шешуші мәні бар екені баршаға аян. Өлең, тіпті, Маяковскийше айтсак, ыргактан тудады. Өлең мен қара сөз (поэзия мен проза) туралы пікірлер де киль-қильы, қым-қиғаш қызық. Николай Тихонов, мәселен, қара сөз – жаяу кісінің жай жүргені де, өлең жүгіргені секілді дейді. Бұлардың бәрі – ой, пікір. Бұлардың бәрі – ойласу, кенесу үшін айтылған.

Ахан олай етпейді, ойларын ортага салып, өзгелермен пікірлесіп жатпайды. Бір өзі бірден үзілді-кесілді тұжырым жасайды: «Буын ыргағынан өлең ыргағын айыру үшін бұл ыргакты жорғақ деп атаймыз» (Шығ., 189-бет). Көріп отырсыз ба, жоқ жерден жорғақ деген термин туды. Ізінше «жорғағы келмегенде жорға деуге болмаған сияқты жорғағы келмеген өленді өлең деуге болмайды» (Шығ., 190-бет) деп тағы да кесіп айтады да, кисының қағидаға, қағидасын занға айналдырады. Өлең занмен жазылмайды, занға бағынбайды. Бұл даусыз. Десе де өлең теориясына Ахан енгізген «жорғақ» деген ұғымды зандаудыру жолында дауласуға әбден болады. Томашевскийдің «өлең туралы ой-тұжырымдардың бәрі даулы, сондыктан бәрі қызық дейтіні» осы ғой.

Бір даусыз шындық: казіргі қазақ өлеңнің теориясы Ахансыз аттап баса алмайды. Өлең кестесін айшық деп атаған Ахан оның ішкі сырьы мен сыртқы түрін былай түрлеп-түстеп шығады: «Айшықтың әрбір тақтасы шумак деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумак болады. Әр шумакта бірнеше тармак болады. Тармак дегеніміз өлеңнің әрбір жолы. Тармак ішінде бірнеше бунак болады. Бунак дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунак ішінде бірнеше буын болады. Бунак буыны болатын кәдімгі сөз буыны» (Шығ., 192-бет).

Қазақ өлеңнің құрылышын талдап-тексергенде оның жүйесін, ыргағын, ұйқасын сипаттай келе, айшығын әрлең, шумағын түрлеген Ахан

атауларын пайдаланбайтын бір де бір зерттеуші жок. Ахаң қисындары тәжірибеге осылай көшіп отыр. Ахаң қисындары біздің ұлттық әдебиеттіңіз бен әдебиеттануымыздың таңдан туа салған жок. Әрине, не көктен түскен не жерден шықкан нәрсе емес, бүкіл әлемдік сөз өнерінің құллі адамзатқа ортақ ұлгісі мен үрдісінде жасалған дүниелер. Осының дәлелі ретінде ғұламаның «Өлең ағындары» туралы ой-толғамын алып қаралық: «Өлең түріне қарай эр бунақтың шумак ішінде таңдамалы да, талғамалы да орны бар. Таңдамалы орны берілмесе, өлең өлең болмай шығады. Талғамалы орнына назар салынбаса, өлең жорғагынан жанылады. Бунақтың таңдамалы орны тармақ аяғында болады, талғамалы орны тармактың басы мен ортасында болады» (Шығ., 198-бет).

Таң қаласыз: ағындар таңдамалы, талғамалы... Не деген ағыл-тегіл байлық?! Тұған тілінің хан-казынасына еркін еніп, мұхитында балыктай жүзетін асқан білімпаз тіл маманы ғана іздел тауып, тың мағына, нәзік түсінік бере алатын сөздер емес пе?! Әйтпесе, өлеңге ағынды байланыстыру, таңдаудан талғауды ажырату, сөйтіп барып әрқайсысынан жекедара қисын туғызу екінің бірінің колынан келе қояр ма?!

Дей тұрганмен, осылардың өзі де жалпы әдебиет туралы ғылымдағы, оның ішінде өлең теориясындағы көпке мәлім үлгі мен үрдістен аулақ жатқан жок. Ахмет Байтұрсынов қисын туғызудың, термин жасаудың жөні осы екен деп, сез өнерінде мүлде икемге келмейтін ұғым мен атуларды күштеп әкеп, тізеге салып иіп жатқан жок. Жоқтан бар жасап жатқан да жок. Барды байтып жатыр. Жалпы ұғымды накты ұғымға көшіріп, оған ұлттық түр, халыктық сыр дарытып жатыр. Бағамдап байкасақ, орындары тармактың басы мен ортасында болатын талғамалы бунактар кәдімгі цезуралар екен де, орны тармактың аяғында болатын таңдамалы бунақ клаузула екен. Бұларға бұдан артық балама табу, казақша ұғым беріп, казақы терминге айналдыру мүмкін емес. Осы ретпен Ахаң бунақтар арасындағы дауыс толқынының жіктеріне дейін бажайлап тексеріп, тарата талдаң, оларға кезек деп ат береді: «Кезек екі түрлі болады: 1) ұлы кезек; 2) кіші кезек» (Шығ., 206-бет). Япырмай, мұндай да сұнғылалық болады екен-ая?

Біздің бүгінгі төл әдебиеттануымыз бен тума тіл біліміздегі ғажайып дәстүрге айналуға лайық Ахандың Ахандығы деген осы емес пе?!

Oй түйін.

Мақаладағы әдебиеттанулық терминдерді теріп кестені толтырындар. Кестені термин санына байланысты толықтыра беруге болады.

Терминнің А.Байтұрсынұлы береген атауы	Терминнің халықаралық атауы	Мысал

10-ТАҚЫРЫП

Тапсырма.

1. Берілген үзіндідегі стиль мен көркемдік әдіс анықтамаларына байланысты өз ойыңызды шағын таладау жұмысы түрінде жазыңыз. Тадаудағы мысалдарын толықтырып өз мысалдарыңызды көлтіріңіз.

Қ. ЖҰМАЛИЕВ СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ БЕТ ПЕН БАҒЫТ

«Сол бетіммен қаңғырып өлер ме едім, қайтер едім, егер аздан кейін артымнан «Бәтес!» деген Бүркіттің дауысы естілмесе!.. Оған да тоқтамас па едім, қайтер ем, егер қуып жетіп үстай алмаса!.. Оған да көнбес пе едім, қайтер ем, егер жалбарынышты сөздеріне жауап бермей бүлкүнып, ағыл-тегіл жылаған мені Бүркіт ықтиярымнан тыскары тағы құшақтай көтеріп ала жөнелмесе!..» (С.Мұқанов).

«Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам... Зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма қарай беретінім – корқып келемін. Шаңқан шілденің аяқ кезі болар деймін... Пісіп қалған ақ селеулер баяу тенселіп, үкідей бұлғандап, кейде жұмсақ қана тізеден сипайды да, кейде инесін қадап алады. Сипағанда талғамай сипаса, инесін қадарда екі сирақтағы жара мен жарықты тауып алғып қадайды. Құннің көзі жер бетіне шанышла қадалып, көлеңкең тәлтиіп, бауырыңа кіріп барады. Бар ыстық менің қойныма тығылғандай, шоқпыт комшаның екі қолтығы қыж-қыж қайнайды» (F.Мусірепов).

«Тебініп қап шаба жөнелді... Жиреншеге көз жасын керсетпегісі келді. Анау да шапты, бірақ Абай жеткізер емес. Ол оқ бойы ұзап кетіп бара жатып, өзі өзіне ерік беріп, өксіп-өксіп жылап келе жатыр. Көп жылдан бері Абай жылаған емес еді. Тоқтай алмай, егіліп жылады. Ағындан ұшып келе жатқан бестінің екі жағында көделі, бетегелі кек дала тасқын судай зулап жөнеліп, артқа қарай құлдырап ағып кетіп жатыр. Екі құлағын бітіргендей боп дыңылдан сокқан екпін желі Абайдың көзінен акқан жастарды, қат-қат тамшыдай, жаңағы көде мен бетегеге ұшырып түсіріп келеді» (М.Әуезов).

Бұл оқығанымыз үш жазушының үш шығармасынан алынған үш бөлек үзінді. Үшеуіндегі шындық сырт қарағанда бір-біріне ұқсас: бірі жаяу, бірі атты демесек, үш қаһарман да (Бәтес те, Қайрош та, Абай да) әлденеден қашып жұр. Бірақ осынау өзара ұқсас шындықты үш жазушы бір-біріне мүлде ұқсатпай, тек өздеріне ғана тән творчестволық ерекше-

лікпен, үш түрлі суреттеген: бірінде, мәселен, қаһарманның қымылы авторға тән мәнермен автор сезіміне бағындырыла ауызекі айтылса, екіншісінде қымыл суретке көшіп, юмор араласкан да, үшіншісінде сурет қаһарманның көңіл күйімен астастырылған... Егер әр үзіндін аяғында авторын атамаған болсақ, бәрібір, қай үзіндінің кімдікі екенін адаспай тапқан болар едік. Өйткені үш автор да – нағыз суреткер. Ал нағыз суреткере әрқашан тек кана өзіне тән творчестволық ерекшелік болады. Әдебиетші негұрлым нұскалы суреткөр болса, оның өзіндік әдеби беті де соғурулым айқын танылмак.

Әдеби бет туралы әңгімені *стильден* бастаған жөн. Ал стиль деген не?

Жазушының шығармашылығы оның ғұмырнамасымен тығыз байланысты. Жазушы творчествосы оның адамдық болмысымен, азamatтық бітімімен, өзгеден ерек өз өмір тәжірибесімен, білімімен, мәдениетімен, дүниетанымымен ұласып, керек десеніз, бірігіп, біте қайнасып жатады.

Оз көзімен көрмеген немесе өзі сезіп-білмеген шындықты жазушы жаза алмайды. Гетеңін сезімін айтсақ, жазушы творчествосында оның өз өмірбаянына (биографиясына) енбейтін бірде-бір сыйық жоқ, жалғыз-ақ, бірде-бір сыйық сол қалпында емес, ылғи ғана аунап түсіп отырады. Бұған қарап, әрине, жазушы суреттеген өмірлік күбылыстардың бәрі оның өз басынан кешкен шындық екен деуге болмайды. Мәселен, жазушы бір шығармада өзінің бір қаһарманның өлімін жазды делік. Оны автор өз басынан кешіргесін жазып отыр деуге, әрине, болмас еді. Ендеше, жазушы творчествосы оның өмірбаянынан әлдекайда кен; бірақ, тағы да айтамыз, бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты.

Әр жазушының қаламынан туған бар шығармада, алдымен, идеялық бірлік болатынын байқаймыз. Өйткені әр жазушы өзінің әр шығармасында әр түрлі өмірлік проблема қояды да, оны шешуге бір ғана тұрғыдан – өзінің тұрақты дүниетанымы тұрғысынан келеді. Мәселен, С.Мұқанов, ол қай тақырыпта жазбасын, қандай кездің шындығын суреттемесін, мейлі, әйтеуір барлық проблеманы бір-ақ тұрғыдан – шындыққа большевиктік көзқарас яки өзі жарты ғасыр сапында болған коммунистік партияның саясаты тұрғысынан шешеді. Мұның өзі жазушының әр жанрда жазған барлық шығармасына бір ғана идеялық ерекшелік бітіреді. Бұрыннан осылай болған, кеше осылай болды. Бұған Сәбенцің өзі жоқ, Енді бұл беттен оны ешбір күш кайтара алмайды. Тарихта осылай болып қалады.

Идеялық бірлікпен қатар, әр жазушының творчествосынан тақырып ерекшелігін аңғару да киын емес. Мұның өзі әр сипатта көрінеді. Орыс әдебиетінің теоретиктері (әсіресе Л.Тимофеев), мысалы, Шолохов ылғи Дон казактары туралы жазатының, Фадеев кебіне Сибирь партизандары жөнінде жазған болса, Панферов Поволжье шаруалары

жайлы жазғаның айтады. Бұл заңды да: жазушы кандай шындыкты жете білсе, шығармасына соны тақырып етпек. Мұндай жағдай қазак әдебиетінде де бар, мысалы F.Мұстафиннің көп шығармаларының («Милионер», «Қарағанды», «Дауылдан кейін», «Көзкөрген», т.б.) арқау болған шындық Қарағанды маңындағы қазактар өмірі болса, Х.Есенжанов трилогиясы мен дилогиясы Орал қазактарының, Ә.Нұрпейісов трилогиясы Арал қазактарының өмірінен туды. Жазушы творчествосы оның өмір тәжірибесімен тығыз байланысты екеніне, суреткер нені жақсы білсе, сол жайлы жазатынына дәлел.

Тақырып ерекшелігімен қатар, әр жазушының творчествосында мінез (характер) бірлігі деген болады. Мұны, әрине, бір жазушы он образ жасаса, бәрінің мінез-құлқы бірдей болады деп ұқпау керек; он образ он түрлі мінездің адамы бола берсін, бірақ он мінездің де жасалу тәсілдері бір-біріне ұқсап отырады. Бір жазушы, айталық, адам мінезін кимыл-әрекет үстінде танытуа бейім болса, енді бір жазушы оның көңіл күйін, сезім-сырын, ой-арманын, әр алуан психологиялық ірімдерін суреттеу арқылы ашуға шебер...

Мінез бірлігімен қатар, әр жазушының творчествосынан оның тек өзіне ғана тән тіл ерекшелігін аңғарамыз. Бізде Сәбиттің тілі, Габиттің тілі, Мұхтардың тілі дейтін көп тіл жоқ, бір ғана қазак тілі бар; Мұқановта, Мұсрепов те, Әуезов те сол бір ғана қазак тілінде жазған. Бірақ үшеуінің тіл мәнері (жогарыда келтірлітен үш үзіндіге қараңыз – З.К.) сөз қолдануы, сөйлем құрауы, сөзбен сурет салуы не баяндап беруі, сыр ағытуы не сезімді жеткізуі... үш түрлі. Үшеуін тіпті шатастыру мүмкін емес. Өйткені тіл ерекшелігі шешуші ерекшелік. Әр жазушының тіл ерекшелігіне қарап, оның бір шығармасы емес, кейде тіпті бүкіл суреткерлік бітімін бір қырынан байқап калуга болады. М.Әуезов бір жолы бір топ ақынға мынадай бір-бір мінездеме берді: «Қырғи тілді Аскар, сыршыл үнді Әбділда, майда қоңыр Фали, басым сөзді Тайыр, күйлі-мұнды Қасым, ізденгіш те тапқыш Хамит, өзіне болек сырлы сазды Сырбай, салқын ойлы Саин...» Осы сипаттарды берерде Әуезов әркімнің ақындық сырына бәрінен бұрын әрқайсысының тілі арқылы кілт тапқаны даусызы.

Әрбір жазушының бүкіл творчествосының өн бойынан идеялық-коркемдік негіздің (идея – тақырып – мінез – тіл) тек сол жазушыға ғана тән ерекшелігін аңғарамыз. Мұндай ерекшелікті жазушы творчествосының мазмұны мен пішініне көтүстік басқа жайлардан да ізделп таба беруге болады. Міне, стиль әр суреткерге тән осындай творчестволық, ерекшелік.

Стиль (грекше – *stylos*) деген терминнің мағынасы әртүрлі. Байырғы римляндар сырлы тақтаға сөз жазатын бір ұшы қалакша, бір ұшы сүйір таяқшаны стиль деген болса, кейін әркімнің қолтаңбасы, жазу өрнегі, одан бертін келе сөз мәнері, сөйлеу машиғы, ақыр аяғында әр суреткерге тән өнер ерекшелігі стиль атанған. Соңғы анықтама белгілі ғалым Бюффонның жалпы жүрт нақылға айналдырып әкеткен «Стиль – адам» деген тұжырымына сай келеді. Бюффон ғана емес-ау, мұндай пікірді «Мінез кандай болса, стиль де сондай» деген Платоннан «Адамның барлық касиеті стильде тұрады» деген Стендальға дейін талайлар айтқанын тагы ескеру керек.

Стиль хакындағы бүгінгі ұғымдар да әр алуан, бір ғана академик В.В.Виноградовтың өзінде бірнеше пікір бар («Авторлық проблема һәм стильдер теориясы» деген еңбегін қараңыз). Бірақ ол стиль мәселесін көбіне лингвистикалық тұрғыдан байыптаиды.

Стиль деген ұғым ғылым мен өнер атаулының бәріне көтүстік және олардың әр саласындағы сипаты әр болек. Ғылым мен өнер ғана емес-ау, бұл ұғым тіпті өмірдің өзінде қаптап жүр. Жұмыс стилі, кене стилі, газет стилі, шахмат стилі, т.б.

Жә, біздің айтып отырғанымыз – бұлардың бірі де емес, әр қаламгердің әдеби бетін айқындағын жазушылық стиль. «Ақындар өзара ұқсастығымен емес, ерекшелігімен қызық» – дейді Блок. Ал енді, әр қаламгерде осынау әдеби бет, творчестволық ерекшелік дегендер бірден бола қала ма? Жоқ, бірден емес, бірте-бірте қалыптасады. Ендеше, әдеби стиль – әрқашан эволюция үстінде, диалектикалық даму үстінде деп үғу қажет.

Творчестволық ерекшеліктің қалыптасында, Гетеңің айтуына қарағанда, үш кезең бар: 1. өзінен бүрінгі үлгіге жалаң еліктеумен жүрген шақ; 2. өзгеден бөлөгірек азын-шоғын мәнер, машиқ тапқан тұс; 3. өзінен басқа ешкімге ұқсамайтын өзгеше стиль белгілеген кез Соғың кезең яки шын мәніндегі стиль қалыптастырған кез творчестволық эволюцияның ең жоғарғы сатысы, бұған жету үшін әбден шындалған суреткерлік шеберлік керек. Әдебиетпен әуестенгеннің бәрі үшінші сатыға (стильге) жете бермейді, мықтағанда, екінші сатыға (мәнерге) жақындаиды, әйтпесе, бірінші сатының (еліктеудің) өзінен аса алмай, қалып қояды. Себебі: «Стиль – шын талант, ұлы ақын-жазушылардың қаламдарына тән сипат. Кез келген ақын-жазушылардан стиль іздеу бекершілік, өйткені барлық олар киыстырушыларды ақын, сөз жаза білушілерді жазушы десек, қателескен болар едік. Дарын жокта стиль жоқ. Бұл екеуі сабактас. Оқырмандарының ойна азық, жанына сусын бермейтін можантопай шығармалар жазып, «жазушы» атану мүмкін. Бірақ ондайлардың өзіне тән стилі болады деу кате. Құбатөбел қойторы-

ларда стиль болмайды. Олардың бірінің шығармалары егіз козыдай екіншілеріне ұксас келеді. Жаман шығарманы жағымпаз сыншы, жандайшап әдебиетшілер қанша мактаса да жандандыра алмайды. Барлық сыншылардың ішінде ең ұлы, ең данышпан, ең қателеспейтін сыншы – мезгіл деп В.Г.Белинский айтқандай, жаман шығарма, дарынсыз жазушы мезгіл сынның кетере алмақ емес. Демек, стильдің нактылы талант, ұлы жазушылардың туындыларынан іздеген жөн».

Стильдің жазушы творчествосындағы көрінісі күрделі әрі қызық. Жазушы не жазса, соның бәрінде оның өзіндік стилі төрт бұрышын түгел танытып тұра қалады деуге болмайды. Жазушының творчестволық ерекшелігі әр шығармасында әр қырынан – повесте сюжет құру ерекшелігі көрінсе, әңгімede образ жасау ерекшелігі, эсседе тіл ерекшелігі айқынырақ аңғарылуы мүмкін. Демек, жазушының стилі жайлы бір емес, барлық шығармасын оқып барып байлау жасаған дұрыс.

Стильдің өзгеруі де мүмкін. Егер суреткердің дүниетанымында немесе идеялық бағытында өзгеріс болса, стиліне де ықпал ететін даусыз. Мәселен, М.Әуезов 1959 жылы «Қаракөз» пьесасының жаңа вариантына жазған алғы сөзінде мынаны айтты: «1922 жылы осы пьесаның салт-саналық, идеялық, саясаттық қателігін жұртшылық әділ, қатал сын түрінде айтқанын мойында, баспасөз жүзінде менің өзімнің де жариялаған сөзім болатын. Қазірде мен осы шығарманы қайта қарап, идея-көркемдік жағындағы бұрынғы терістік, қателіктерін түзеп, қайтадан жазып шығуды өзімнің азаматтық, жазушылық карыз-борышым деп сана-дым». Пьесаның жаңа вариантында «идея-көркемдік жағындағы бұрынғы терістік, қателіктер түзелген» болса, сөз жоқ, жазушы творчествосының идея-көркемдік негізімен сабактас стилінде де бірсынша өзгеріс болды деуіміз керек. Осы секілді стильдің өзгеруін, С.Мұқановтың өз сөзімен айтқанда, бұрын «Адасқандар», енді «Мәлдір махаббат» аталып... басынан аяғына дейін қайтадан жазылып шыккан романынан да байқауға болар еді. Ол ол ма, кейде, тіпті, стиль ешкандай тосын ықпалсыз, жазушының әдеттегі заңды творчестволық эволюциясына сәйкес те қадімгідей құбыла береді: F.Мұсіреповтің «Қазақ солдаты» мен «Оянған елкесін» салыстырсақ, арада әжептәуір стильдік метаморфоза бар

Стиль – адам. Ендеше, адамды ұзағырақ уақыт бірге тұрып, бірге жүріп, оның мінез-құлқын, ой-арманың, іс-әрекетін неғұрлым молырақ байкасақ, соғұрлым анығырақ танитынымыз сияқты, стильді де жазушы творчествосың неғұрлым толық, неғұрлым терең тексерсек, соғұрлым айқын анықтай аламыз. Қыскасы, шын мәніндегі ірі жазушының стилін оның суреткерлік бітімінен бөліп карауға, оның бүкіл әдеби беті мен бағытын, бүкіл творчествосының мазмұны мен рухын белгілеген өзге

«құпиялардан», айталақ, ағымнан, не әдістен ажыратып әкетуге тіпті де болмайды.

II

Стиль – өнер ерекшелігі. Әр стиль – бір-ак суреткердің өнеріне тән ерекшелік. Ал осындағы өнер ерекшелігі бір емес, бір топ суреткерге тән болуы мүмкін бе? Әбден мүмкін.

Әдеби ағымды дәл осы тұргыдан пайымдау керек.

Бір жазушының бірнеше шығармасы ғана емес, бір топ жазушының бір алуан шығармасында өзара ұксас сипаттар, сыйбайлас сырлар жатады. Мұндай сыр мен сипатты әр жазушы өз шығармасына әншайін қолдан жасап, жапсыра салмайды. Мұндай өзара ұксас сыр мен сипатты бір топ жазушының бір алуан шығармасына мезгілдің, олар өмір сүрген дәуірдің өзі дарытады.

Дәлелдейік. Ерубаев – Мұстафин – Шашкин; «Менің күрдастарым» – «Қарағанды» – «Теміртау»; Раҳмет – Мейрам – Қайыр... Үш жазушы, үш роман, үш қаһарман. Сез жоқ, үш түрлі жазушы, үш түрлі роман, үш түрлі қаһарман!.. Бірақ бұлардың әрқайсысына тән өзгешелікті көре тұра бәріне тән бірлікті де байқауға болады. Қандай бірлік?

Алдымен үш жазушыда әдіс бірлігі бар, содан соң үш романда такырып бірлігі бар. Ақыр аяғында, үш қаһарманда идеялық бірлік бар, баскасын айтпағанда, тек осы бірліктердің өзі-әк үш әдебиетшіге тән өзара ұксас сыр мен сипатты аңғарта алады.

Ал осындағы бірлік яки өзара ұксас сыр мен сипат тек осы үшеуіне ғана тән бе? Жоқ, қазіргі қазақ жазушыларының бәріне тән. Қалайша?

Қазіргі қазақ жазушылары қай тақырыпқа жазбасын, бәрібір, шындыққа тек қазіргі қоғамдық таным тұргысынан қарайды. Қандай бір күрделі шығарма (поэма, пьеса, роман) болсын, бәрібір, бас қаһарманы – халық. Суреткер шығармасын кешегі шындықтан туғыза ма, болмаса бүгінгі шындықтан туғыза ма, бәрібір, әйтеүір халықтың ертегі болашак жолындағы құресін суреттейді. Қыскасы, осындағы көп-көп сыйбайлас сырлар, ұксас сипаттар бір емес, бір топ жазушының бүкіл суреткерлік өнеріндегі белгілі бір уақыт пен кеңістікке сай идеялық – көркемдік бірлікке әкеледі. Дәл осы бірлік әдеби ағым. Байқап карасақ, стиль – бір жазушыға тән творчестволық ерекшелік болса, ағым – бірнеше жазушыға тән творчестволық бірлік. Стиль – әр жазушының дара қасиеті болса, ағым – әр алуан жазушының ортақ сипаты; стиль – жалқыға тән ұғым болса, ағым – жалқыға тән таным; стиль бір жазушының әдеби беті болса, ағым – бір топ жазушының әдеби бағыты.

Пікір дәлелдеуге қажет бірер мысалды біз жоғарыда қазіргі қазақ әдебиетінен алдық. Бұл әрине, әдеби ағым тек қазір туған және казақ әдебиетінде туған нәрсе деген сөз емес. Әдеби ағым әр елдің әдебиетінде әрқашан болған, қазірде де бар және бүгінгі біздегідей біреу емес, бірнешеу.

Әрбір әдеби ағымды әр көғамдағы әртүрлі әлеуметтік жағдай тузызады. Әрбір әдеби ағым – әр дауірдегі идеологиялық күрестің әдебиеттегі көрінісі.

Әдеби ағым – тарихи категория: белгілі бір қоғамдық жүйенің белгілі кезеңдерінде белгілі саяси-әлеуметтік сипатына сәйкес туады да, сонымен бірге дамып, бірге жоғалып отырады.

Әлем әдебиетінің тарихында әрбір әдеби ағымның қалай пайда болып, қалай дамығанын, қалай құбылып, қалай құрығанын әдебиеттің теориясы емес, әдебиеттің тарихы тексереді. Сондықтан біз жалпы әдеби дамудың кезең-кезеңдерінде туған кейбір әйгілі ағымдарды ғана мысал ретінде атап, аз сөзben мінездейміз де, қоямыз.

XVII ғасырдың аяқ жағында тууып, XVIII ғасырдың орта тұсына дейін өнер атаулының бәрінде, әсіресе Еуропа әдебиетінде орасан кең өріс алған жұртқа мәлім ағым *классицизм* (латынша *classicus* – үлгілі, өнегелі бағыт).

Сөз өнеріндегі әрбір ағымның тууында таза әдеби «құпиялармен» катар, қоғамдық сыр мен себеп болатынын да айттық. Классицизмнің туған тұсы – Еуропа елдерінде абсолютизм дәуірлеген кез. Ол тұста елдегі барлық үстемдік дворяндар сословиесінде, барлық билік монарх қолында болатын; солардың ықпалымен жұрт назары сарайға ауған, жұрттың бәрі сарай манындағы ат төбеліндегі «асыл нәсілдер» (аксүйектер) аузына қараған кез еді. Қоғам өміріндегі осы хал өз кезінің әдебиетіне де әсер етіп, оның дамуында өзгеше бір өнегелі бағыт атанған классицизм ағымын белгіледі.

Бұл ағымның өкілдері (әсіресе Расин, Корнель, Мольєр сияқты француз драматургтары) баяғы көне дүние классикасын өздерінен өнеге тұтты (классицизм аталу себебі де сондыктан), әдеби шығармаларын сол үлгімен жазды. Француз ақыны Буало өзінің «Поэтический өнер» деген белгілі поэмасында классицизм ағымының творчестволық принципін белгілеп берді.

Классицистер қаламынан туған шығамалардың негізгі тақырыбы, ежелгі грек әдебиетіндегі сияқты, ел өмірінін елеулі, ірі оқиғалары; негізгі идеясы – елдің елдігін корғаушы «ессіз ерлердің» қанды жорықтары мен дүрбелең саясаты; негізгі қаһармандары – қарапайымдар емес, қастерлілдер – қолбасылар, корольдар, патшалар.

Классицистер жазған жанrlар да, кәдімгі антик әдебиетіндегідей, трагедия, комедия, батырлық поэма, желғабаз ода... Бұлардың тілі де сол көне әдебиеттегі кетеріңкі пафос, шешен һәм көсем сөз рухындағы бояма диалогтар мен монологтар, құлдібалам ақыл-нақылдар, атам заманғы архаиздерге толы әсіре айшықтар болатын. Адам образдары да тым бір жакты не мінсіз жақсылар, не іске алғысыз жамандар кейіпнде көрінді. Оның үстінен бұл ағымның көркем шығарма мазмұны мен пішініне қоятын катал талабы, дәлірек айтқанда, кәдімгі «ұш бірлік» (уақыт бірлігі, орын бірлігі, оқиға бірлігі) атанған бұлжымас шарты болды. «Ұш бірлікке» бағынған шығарманың мазмұны: а) бір-ак тәулік ішіндегі шындық, ә) тек бір орында өтетін тартыс, б) бір ғана сюжеттік желінің бойында жататын оқиға; бұл ұш талап бұлжымай орындалуы шарт.

Классицистер қаламынан туған көркем шығармалардың ең жақсы үлгілері патриотизм, ұлт мактандыши, қоғам алдындағы борыш, асқақ мұдделер үшін айқас секілді әп-әсем идеялық принцип ұсынып, негізінен, шыншылдық тенденцияда жазыласа да, ағымның жоғарыда айтылған ұшы-қырысыз шарттылығы мен жасандылығы сөз өнерін ақырат өмірден алшак әкетіп, «өнердің табиғилығы мен еркіндігін талак етті; шындықта болған адамдар орына ешбір елде, ешбір жерде болмаган дерексіз елестер қаптап кетті» (Белинский). Нәтижесінде, әдеби ағым классикалық сипаттан әншіейн схемаға қошті. Адамдар жерде қалды; ағым аспанда жүрді. Қарапайым қалың бұқара мұлде қаламға ілікпей қойды. Адамға тән нәзік сезімдер мен терең төбіреністер орын лепірген жел сөз, айғай-сүрән басып кетті.

XVIII ғасырдың орта кезінде өмірдегі абсолютизммен құрсақ идеясынан туған *сентиментализм* (французша *sentimentalisme* – сезімталдық) өнерде классицизмді ауыстыраптың ағым болып қалыптасты.

Сентиментализм әуелі Англиядан ағылшын жазушысы Стерннің «Сентиментальдық саяхатынан» (ағымның аты да осыдан алынған) басталды да, кейін Францияға (Руссо), Германияға (Жан Поль, жас Гете, жас Шиллер), Ресейге (Карамзин, жас Жуковский ауыстырылды).

Сентименталистердің идеялық тұрғысы – елде енді-енді орнығып, нығай бастаған жас буржуазияның идеологиясы; творчестволық обьектісі – сарай маңындағы аксүйектер өмірі емес, кәдімгі «орталық» адамдардың күнделік тіршілігі, солардың көніл күйлери, жеке бастағына тән күйінш-сүйінштері, куаныш-реніштері. Негізгі тақырыбы классицистердегідей тарихи оқиғалар емес, әдеттегі семья тұрмысы; негізгі қаһармандар – колбасылар, корольдар мен патшалар емес, алпауыттар, колөнершілер мен қарапайым шаруалар. Көркем шығармаға мазмұн болған оқиғалар енді сарай маңынан аулак, ашық мөлдір аспан астына,

көктемде күлпүрган көк майса шөп үстіне, өзен жағасына, жасыл төбе баурайына көшірілді. Адамдардың көңіл күйін сентименталистер осынау сұлу табиғат көркімен ұштастырып, бір алуан сезімдер мен сырлар қозғау – «жан тебіренту» тәсілдерін тапты. Олар оқырман көңілін онай босататын иен дала, иесіз жұрт, жас қабір, құлаған қыстау... секілді көрністерді суреттеуге, әсірессе, құштар болатын. Ағымға тән осы ерекшеліктер енді әдеби жанрлардың да бұрын көп өріс алмаған (элегия, психологиялық роман, мещандық драма, «жылауық комедия» атанған) жаңа түрлерін туғызды.

Сентиментальдық шығармаларда сезімге табыну әбден шарықтау шегіне жетті, кітап беті ашылса-ақ болғаны, көңілдегі кірбің, көзделгі жас, көкейдегі мұн-шер ағытыла жөнелеттін. Мұндай шығармалардың тілі де бұрынғыдан асқақ, адудын емес, майда, нәзік орамдар мен өрнектер тапты.

Сентиментализм ағымы әдеби шығармаларға көл-көсір лиризм дарытты; классицизм тұсында тым аспандап кеткен асынқы әуенде жерге түсірді; жұрт назарын арсы-гұрсі сырт әрекеттерден гөрі адамның ішкі сырына аударыңқырады; әдеби шығармалардың классицизм тұсында ұмыт қалған прозалық түрлерін туғызып, оларға әжептәуір табиғи, шыншыл сипат берді. Сөйті тұра сентиментализм классицизммен құресте біраз қажет нәрседен айрылып та қалды: әдебиетті ірі такырыптардан аулақ әкетті; тіршілікте ұсақ-түйек, күйік жайлармен көбрек әуестенді; адамның жеке қара басына ден койыңқырап, қоғамдағы халықтық мәні бар келелі мәселелерден сырт қалып қойды. Сөйтіп, бұл ағымның ғұмыры да онша ұзаққа бармады.

Қысқасы, жалпы дүние жүзі әдебиеттің даму тарихына қарап отырсақ, классицизм мен сентиментализмнен басқа да толып жаткан «измдерді» тауып, олардың әрқайсысына әдеби ағым ретінде мінездеме беруге болар еді. Айталық, *натурализм* (латынша *natura* – табиғат). Бұл ағымды басында Золя ұсынды, оның «Экспериментальдық роман», «Театрдағы натурализм» тәрізді теориялық толғамдарында өмір құбылыстарына ешқандай идеялық бага бермей, қазқалпында суреттеуді талап еткен творчестволық принциптер бар. Алайда Золяның өзі іс жүзінде бұл «принциптерін» ұстана алмады да, ағым әртүрлі көртартпа қаламгерлердің экспериментіне айналып кетті. Демек, натурализмді, біріншіден, орыс әдебиетіндегі «натуральдық мектеппен» шатастыруға болмайтын болса, екіншіден, оның ағым ретіндегі табиғатын тереңірек тану қажет. Натурализм – бәрінен бұрын, әдебиет пен өнердегі принципіздік; эстетикалық талғамның жоқтығы; ақиқат шындыққа енжар бейтараптық. Әдебиеттегі натурализм де философиядағы буржуазиялық позитивизм секілді лайсан-

ағым. Натурализм өмірде ірі мақсаттар да, асыл мұраттар да жок, тіршілік ұсақ-түйектен ғана тұрады деген көртартпа ұғымға негізделген. Мұның өзі, сайып келгенде, адамдарды жаңа үшін ескімен құрестен оқшау әкетіп, «буржуазиялық барға» қанағат етуге шақыру. Міне, дәл осы секілді көртартпа ағымдар бүкіл әлемдік әдеби дамудың кезең-кезеңдерінде көптен-көп: әдебиеттегі мазмұн дегенді біржола ұмытып, жалаң пішінді ғана қуалаған жат сарынды формализм, оның асқынған түрі абстракционизм, бұлардың «бел балалары әсіре қызыл экспрессионизм, бет алды ақкан футуризм, дараышыл, күйрек импрессионизм, құніренген символизм, діни мистикалық акмеизм, қылтың-сыйтың трюкке толы имажинизм, құллі көртартпа ағым атаулының бүтінгі буржуазиялық өнердегі қырық құрау қосындысы өні айналдырылып, қайта тысталған түрі – модернизм. Бұлардың бәрін жіпке тізіп жатуды артық деп білеміз.

Себебі, біріншіден, әдеби даму әншайін ағымдар ауысуы сыйылды ылғы ғана аумалы-төкпелі, аласапыран әлдене емес;

екіншіден, әдеби ағым атаулының бәрін мына соңғы көрсетілгендер сияқты, өңшең көртартпа, кесірлі бағыттар екен деуге тіпті де болмайды;

үшіншіден, жалпы әдеби-творчестволық процесте стиль мен ағымнан гөрі әлдекайда тұрақты және тұрлаулы зат бар, ол – әдіс.

Енді соған көшеміз.

III

Әдебиет теориясында әдіс мәселесінен көп айтиска, талас-тартыска тұсken нәрсе аз шығар. Алдымен, әдіс деген атаудың өзін әркім әртүрлі айқынайды: біреулер көркемдік әдіс десе, біреулер творчестволық әдіс, енді біреулер әншайін әдеби әдіс дей салады. Алайда бұларға дау айтып, уақыт оздырудың керегі жок, өйткені бәрінікі бір ұғым.

Ұғым демекші, айттың үлкені әдіс деген сөзге тән ұғымға, мағынаға байланысты... «Әдіс – творчестволық тәсіл», – дейді В.Щербина. «Творчестволық тәсіл дегенінде өзі не нәрсе дейді Л.Тимофеев, оны нақты шығарма талдауға қалай қолданамыз?»

Біреулер әдісті суреткердің дүниетанымына байланыстыра байыптаса, біреулер бұған қарама-қарсы, «әдістің таза дүниетаным категориясымен қабыспайтынын» (Л.Новиченко) дәлелдей жатады.

Г.Абрамович «әдіс – шындықты суреттеудің жалпы принципі» десе, Л.Щепилова «әдіс – өмірді образ арқылы көрдің айрықша типі» дейді.

Сондай-ақ, мәселең, Ф.Головченко «Әдіс пен ағымның арасында анық шегара жок» десе, В.Сорокин әдісті ағымға қоса тексерे тұра, екеуінің ара жігі айқын екенін яғни «әдіс – ағымнан әлдекайда кең ұғым» екенін айтады.

Шынында, қалай өзі?! Айталақ, романтизм немесе реализм... Осылар ағым ба, әдіс пе? Біреулер әдіс десе, біреулер ағым дейді; ал үшінші біреулер әрі әдіс, әрі ағым деп екеуіне бірдей телиди.

Байқап отырсақ, бұлайша бұлдыратып жүрген тек бүгінгілер ғана емес екен. «Менің бір байқағаным, – деп жазыпты бір кездे Пушкин Вяземскийге, – біздің бәріміздің (тіпті, сенің де) романтизм туралы түсінігіміз барып тұрган бұлынғыр». Айт-айтпа, «романтизм әр үйдің аруағы тәрізді деп жазыпты Вяземский Жуковскийге, – жүрттың көбі осыған ден қояды, әйтеуір осындай бірдене бар деп біледі, бірақ қайда сол, кай жерден көрүте болады, саусакпен тұртпін байқауға бола ма өзін?..»

Қысқасы, романтизм жайлы әр тараған әңгіме сол Пушкин заманының өзінде ондаған жылға созылған, әйтсе де «бірде-бірі мәселенің басын ашып бере алмаған, романтизм бәз баяғы құпия һәм жұмбак қалпында қалған да қойған» (Белинский).

Содан бері, міне, талай дәуір өтті, бірақ романтизм хақындағы айтыс әлі толастаған жоқ. Ал реализм ше, мұның халі нешік?

Реализм жөніндегі айтыс, тіпті, түгесілер емес. Пікірлер де әр тараған. Оны долелдеу үшін әлгідей Пушкин заманына бармай-ақ, әлем әдебиеттіңдеңі қазір қалың оқырманға кеңінен таныс ірі де іргелі суреткерлердің бірнешеуін сөйлетіп байқасақ та болатын шығар.

Эрскин Колдуэлл (Америка): «Реализм – шындықта болмаған оқиғалар мен адамдарды шындықта болған оқиғалар мен адамдардан гері нанымдырақ етіп көрсету». Джон Моррисон (Австралия): «Реализм – шындықты қаз-қалпында көрсету, адамның іс-әрекеті өмірде қандай болса, сондай етіп бұлжытпай суреттеу».

Вяйне Линна (Финляндия): «Реализм – колдан келгенше қалыс қалу, бейтарап болу». Аллан Маршалл (Австралия): «Реализм – бейтарап болмау, көздің көрегендігіне көкіректің құштарлығын косу».

Кобо Абэ (Япония): «Реализм, әдіс ретінде, әдебиеттегі абсолют бола алмайды; осыған қардап емеспіз десек қайтер еді?» Бернард Уолл (Англия): «Иә, реализм пайдасыз, керек емес». Андре Моруа (Франция): «Жоқ, реализм пайдалы, керек...»

Памела Джонсон (Англия): «Реализм – адамның қоғамға, қоғамның адамға арақатынасын аңғарту құралы». Арман Лану (Франция): «Реализм – суреткердің өмірден өзі үшін жасап алған көркем бейнені өзгениң көкейіне қондыру құралы».

Джон Аплайк (Америка): «Реализм – шындыққа адалдық». Иржи Гаек (Чехословакия): «Реализм – шындықтың концепциясы».

Қысқасы, дүниенің әр түкпірінен әртүрлі қалам қайраткері өзінше үн қатып, казіргі реализм туралы, осылайша, әртүрлі пікір айтады. Бірақ

әйтеуір, Бернард Уолл сияқты, бірен-сараны болмаса, бәрі де реализмнің – сөз өнеріндегі шешуші нәрсе, құнарлы касиет, шын суреткердің творчествосындағы табиги тыныс екеніне құмән келтірмейді: Сид Чаплин (Англия) «алма ағашына алма өсуі қандай табиги болса, маган реализмнің келуі де сондай табиги» десе, Элиз Несин (Түркия) «мен реалист еткен мен кешкен өмірдің өзі» дейді; Чарльз Сноу (Англия) «өз басым – нағыз реализпін» десе, Зофья Посмыш (Польша) «шындықтағы ең терен ағым – реалистік ағым» дейді, сейтіп, жер бетіндегі бірде-бір қаламгер бұл мәселеге сокпай кетпейді, реализм жайлы өз ойын айтады.

Жә, сонымен реализм немесе романтизм... Ағым болды ма, әдіс болды ма? Жаңа ғана Посмыштың ағым дегенін білдік. Әдебиет теориясына арналған оқулықтарда ағым ретінде жүр: классицизм, сентиментализм, романтизм, реализм... Осылай тізбектеледі, бірін-бірі ауыстырады, бірінің орнына бірі келеді (Қараңыз: В.И.Сорокин. «Әдебиет теориясы», М., 1960). Біз де солай сырғытып өте шықсак болмас па?! Шынында да, көркемдік әдіс деген атау яки термин ұғым ретінде әдебиет туралы ғылымға құні кеше ғана келіп енді; керегі не әдіс деп, ағыммен жүре берсек қайтеді?.. Мүмкін, тіпті ағымды да, әдісті де қойып, біржола стильтеге көшерміз?!. Бұрын солай болатын, оқымыстылар әдебиет пен өнер тарихын стильтер тарихы деп түсіндіретін: Ригель, айталақ, өнер тарихын «оптикалық» (көрү) стильтің «хаптикалық» (сезіну) стильтеге ауысу десе, Кон-Винер конструктивтік, деструктивтік, декоративтік «стильдердің» өзара алмасуы, ал Вельфлин «ренессанстың» «бароккоға» көшуі деп біletін.

Әдісті ағыммен алмастыруға да, стилемен шатастыруға да болмайды. Неге десеніз, – стиль мен ағым тарихи категориялар болса, әдіс олай емес; стиль мен ағым – қайталанбайтын құбылыстар болса, әдіс – қайталанып отыратын құбылыс; стиль мен ағым құбылмалы болса, әдіс – тұракты нәрсе...

Әдіс – стиль де емес, ағым да емес. «Творчествоның әдіс, – дейді академик М.Қаратаев, – өмірді образben бейнелеп, көркем шындық жасау жолы. Екінші сөзбен айтқанда, өмірдегі болмыс дүниесінен өнер дүниесін яғни тұтас бір шығарма көлемінде көркем образдар жүйесін жасау жолы. «Жолы» деген сөзді кең мағынасында алып, оған біз акт, процесс, тәсіл деген ұғымдарды сыйғызып отырмыз, өйткені әдіс іс жүзінде осы ұғымдардың қызметін коса атқарады».

Құр «тәтті, тәтті» дегеннен ауызға дәм келмейтіні секілді, әншнейін «әдіс, әдіс» дей бергеннен міға да дым кірмес еді; айтқанымыздың, бәрі «ауада ілініп» қалар еді; сколастиктерді сынап отырып, өзіміз сколастикаға ұрынар едік. Олай болса, айттар оймызыға дерек табуымыз керек; пікіріміз құр сөз болмай, накты һәм затты болуы шарт. Міне,

романтизм мен реализм бізге дәл осы арада қажет. Бұл екеуін әркімнің қолында бір кететін стиль демей, бірде туып, бірде құритын ағым демей, қашаннан келе жатқан тұрлаулы әдіс – суреткер творчествосы мен ақиқат шындықтың арақатысы, өмірдің өнерге, өнердің өмірге айналу жолы дейтін себебіміз де сондыктан. Демек, творчестволық әдісті әңгімелу – романтизм мен реализмді әңгімелу, керісінше, романтизм мен реализмді әңгімелу – творчестволық әдісті әңгімелу деп білу керек.

Дәлелдейік. Бір жолы (Гоголь повестеріне байланысты) Белинский поэзияда өмірді өнерге айналдыру тәсілі екі түрлі екенін, бірі қөнілдегі киялға негізделген тәсіл болса, екіншісі өмірдегі шындыкка тамыр тартқан тәсіл екенін, екеуі – бір-біріне керегар тәсілдер, бірак бір максатқа апаратын бағыттас жолдар екенін дәлелдей келіп, жалпы поэзияды екі салаға – асыл мұрат поэзиясына және мөлдір ақиқат поэзиясына белгенді. Сыншының осы айтып отырғаны (атын атап, түсін түстемесе де) көркемдік әдіс мәселесі.

Белинскійдің пікірі бұдан екі жұз жыл бұрын айтылса, Аристотель дәл осындай ойды, тіпті, екі мың үш жұз жыл бұрын айтты. Өзінің «Поэтикасында» (129-бет) Аристотель Софоклдің «мен адамдардың ертең қандай болатынын суреттесем, Еврипид бүгін қандай екенін суреттейді» деген пікірін тілге тиек ете келіп, поэтикалық шығармада көркем жинақталатын арман мен ақиқат жайларындағы өз толғамдарын танытады. Ұлы философтың дәл осы арада айтып отырғаны (атын атап, түсін түстемесе де) көркемдік әдіс мәселесі екені тағы даусыз

Бұл айтылғандардың бәрі көркемдік әдіс – бір адамға ғана тән стиль де емес, бір қоғамға ғана сай ағым да емес, мұның екеуінен де әлдеқайда кең ұғым, барлық адамдар мен қоғамдарға тән өнер атаулының бәріне ортақ тұрлаулы һәм тұрқты әрсесе екенін және заты көркемдік әдіс деген атымен бірге (күні кеше ғана) емес, өнердің өзімен бірге туып, өнер арқауы – өмірдің өзімен бірге дамып, жетіліп келе жатқан табиғи, тұтас құбылыс екенін дәлелдейді.

Көркемдік әдіс – алдымен, шындықты шын мәніндегі суреткердің өз көзімен образды түрде тану жолы, содан соң, өзі таныған шындықты бар өнерін төге, бар шеберлігін сала көркем жинақтап, өзгеге таныту жолы.

Көркемдік әдіс – өнер туындысында адам образын жасауга, сол арқылы шындықтың сырын образды түрде ашуға қажет өмір деректерін белгілі бір эстетикалық талғам биігінен таңдаудың, корытудың және жинақтаудың өзгеше принципі, өмір шындығын өнер шындығына айналдыра саралап, белгілі бір қоғамдық, идеал тұрғысынан қайта туғызуудың айрықша типі.

Романтизм мен реализмнің көркемдік немесе творчестволық әдіс ретіндегі ең елеулі сипаттары, міне, осы анықтамаларда жатыр. Осы анықтамалардың байыбына бара түссек, әдіс пен стильтің бір-бірінен ерекшеліктерін анығырақ аңғара түсеміз. Шынында да, «біздің әдіс жайлары әңгімеміз өнердің даму процесіндегі стратегия жайлары әңгіме сияқты да, стиль жайлары әңгімеміз тактика жайлары әңгіме сияқты» екенін көреміз. Бұдан да гөрі дәлірек айтсақ, «творчестволық әдістің басты сипаты – өмірді көркем жинақтаудың ең негізгі принциптері де, осылардың накты жүзеге асыру – міnez бен окиғаны суреттеу амалдары, тәсілдері – стильге қатысты әрсесе».

Романтизмнің өзіне тән ерекшеліктері көп, суреттeler шындық киялға негізделеді; кияли шындықтың өзі осы шақтықі емес, не өткен, не келер шақтікі; шығарманың идеялық-көркемдік арқауында асқак арман, көтерінкі пафос жатады; автордың тілі де тым бояулы, мейлінше лепті. Дегенмен, осы ерекшеліктеріне қарамастан, романтизмді релазимнен бөліп әкетіп, араларына ылғи шек қоя берудің қажеті жок. Романтизм (әсіресе оның прогрессіл түрі) мен реализм кей ретте, Белинский ше айтсақ, «бір-біріне керегар келгенмен, түбінде бір максатқа апаратын бағыттас» әдістер. Оның үстінен әр суреткер осынау екі әдістің тек біреуімен ғана жазады; екеуінің басын бір жерге қоса алмайды, ол не таза реалист, не таза романтик болуға тиіс деп түсінсек, көтөлесер едік. Керісінше, әрбір «ірі суреткерде – дейді Горький, – реализм мен романтизм бір-бірімен әрқашан жалғасып жататын сияқты. Бальзак – реалист, бірақ ол «Шегрен былғары» тәрізді реализмнен өте-мөтө аулактұрған романдар жазды. Тургенев те романтикалық рухтағы дүниелер туғызған. Гогольден бермен карай Чехов пен Бунинге дейінгі ірі жазушылардың бәрі сөйткен. Реализм мен романтизмнің бұлайша бірігуі – біздің үлкен әдебиетімізге әсіресе тән сипат».

Қай кезде жасамасын, бәрібір, барлық казак жазушылары (Махамбет пен Абай, Ш.Құдайбердиев пен С.Торайғыров, М.Жұмабаев пен С.Сейфуллин, Б.Майлин мен І.Жансүгіров, М.Әуезов пен Ж.Аймауытов, С.Мұқанов пен F.Мұсірепов, F.Мұстафин мен X.Есенжанов, т.б.) жайлары да дәл осының айтуға болады, бәрінің творчествосында да реализм мен романтизм арасынан жүр. Жалғыз-ақ бір есте болатын әрсесе осылардың жеке алғанда әрқайсысы колдан келгенше, романтизмнен реализмге келеді. Әдеби дамудың объективті заңы, әдеби әдістің эволюциясы тек қана осылай жылжуға тиіс.

Бұл – бір біздегі емес, бар елдегі жағдай. Осыған қарап, бүкіл әлемдегі барлық ілгерішіл әдебиет пен өнердің ғасырлар бойынша даму тарихын, бір себептен, дүниенің көркем тану, дәлірек айтқанда, өмірдегі шындықтың

өнердегі шыншылдықпен тану жолында реализмнің туу, қалыптасу және даму тарихы. Мұның өзі философияның тарихы – философиядағы материализмнің туу, даму тарихы деген қағидалы пікірлерге де сәй келеді. Философиядағы материализм өзінің даму тарихында өзіне қарсы түрліше идеалистік ағымдармен қуресе отырып нығайғаны мәлім. Сол секілді, әдебиеттегі реализм де өзінің даму тарихында өзіне қарсы түрліше көртартпа ағымдармен қуресе отырып нығайғаны сөзсіз.

Әдебиеттегі реализм проблемасын дәл осы тұрғыдан түсіну шарт. Сонда біз, бір жағынан, әдебиеттегі реализм көп стильдер мен ағымдардың бірі емес екенін білген үстінен біле түссең, екінші жағынан, мұның жуырдағана кенеттен пайда бола қалған нәрсе емес екенін, реализмнің алғашқы элементтері тіпті атам заманғы антик әдебиеттіндегі жатқанын, Орта ғасыр мен Ояну дәүірлерінің әдебиеттері де өзінше шыншыл болғанын, ал өткен ғасырдағы әйгілі «натуралистик мектеп» пен сыншыл реализм – бұл әдістің даму тарихындағы айрықша кезеңдер екенін аңғарған үстінен анғара түсеміз.

Бір ескеретін нәрсе: жоғарыда айтылғандай, романтизмнің де, реализмнің де өмірді өнерге көшіру сипатына негізделген екеуінің екі түрлі ерекше табиғаты, түп-тамыры мен тегі терендегі жатқанмен, олардың әдеби әдіс ретінде қалыптасу тарихын әдебиет зерттеушілері беріден бастайды. Мәселен, олар романтизм көркемдік дамудың күрделі бағыты ретінде еуропа мен америка әдебиеттерінде XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басынан бермен қарай қалыптасты деп жүр. Бұлай дегендегі дәлелі сөз өнеріндегі романтикалық (французша – *romantique*, ағылшынша – *romantic*) туындылар суреткерлердің шындықтағы барға канагаттанбай жокты іздеуінен, ақықтадан аулактап әлдебір асыңқы, өмірде емес өнерде ғана болуға тиіс кітаби қиял-гажайып шытырман оқиғаларды бейнелеуден пайда болған деседі. Сондыктан бұл ағым ағартушылық бағытка да, классицизмге де, сентиментализмге де... – бәріне де керегар.

Реализм (латынша *realis* – атты, накты) – шындықты шынайылау әдісі. Адамның өзін-өзіне таныту, сайып келгенде одан да әрі терендеп барып, алдымен халыктың өзін-өзіне таныту, содан соң сол халыкты өзгеге яки әлемге – адамзатқа таныту жолы. Адам мен көфам, көфам мен заман арақатынастарын барлық бірлігімен және қарама-қарсылығымен жан-жакты суреттеу арқылы көркем образдар, типтер, сом тұлғалар жасау тәсілі.

Реализмнің тууы, қалыптасуы және дамуы туралы пікірлер де әр алуан: біреулер бағыт ретінде XVIII ғасырда туды десе, біреулер ағым ретінде XIX ғасырда қалыптасты деседі. Ал әдіс ретінде дамуын қадаға-

лаушылар оны ғасырлар тереңіне әкетіп, бір-біріне тұтаскан түр-түрге бөледі: Қөне дүние (антика) реализмі, Ояну дәүірінің, реализмі, Агарту кезінің реализмі, қайта өрлеу кезеңінің реализмі, сыншыл реализм, социалистік реализм...

Қалай болғанда да бір нәрсе айқын: реализм атаулының бүкіл дүниежүзілік әдебиеттегі озық үлгілері – XIX ғасырда.

Толстой мен Достоевский шығармалары да, XX ғасырда Эуэзов шығармалары. Орыс әдебиетінің мерейі мен казак әдебиетінің мактандышын осы шындыққа сайып, мөлшерлеген жөн.

IV

Әдеби әдіс – қатып қалған қасаң (догмалық) қағидалар қосындысы емес, уақыттың көркемдік концепциясы. Демек, басынан ешқашан дау арылмаган социалистік реализм де – колдан құрастырыла салған әлдебір ережелер жинағы емес, өмірдің объективтік даму заңына сай, кеңес дәүірінің өзі туғызған құбылыс.

Социалистік реализмнің көркемдік әдіс ретінде туып қалыптасуы А.М.Гор'кий творчествосымен тығыз байланысты. Достоевскийдің сыншыл реалистер жайлы «бәріміз Гогольдің «Шинелінен» шықтық» дегенін аздал өзгертіп, социалистік реалистер жайлы «бәрі Горькийдің «Анасынан» туды» деуге әбден болады. Өйткені Горькийдің атакты «Ана» романында ешқандай ережесіз-ақ жана көркемдік әдістің творчество-лық принциптері іс жүзінде қалыптастырылды. Дәлірек айтқанда, Горький романында, бәрінен бүрын, нағыз шындық, жинақталды. Содан соң, шындық тарихи жағынан накты суреттелді, ақыр аяғында шындық революциялық даму үстінде көрсетілді. Осы үш принцип еңбекші қауымды идея жағынан қайта тәрбиелу міндеттімен үштастырыла келе социалистік реализм әдісінің өзіне дейінгі реализм атауыдан сапалық ерекшеліктері болып қалыптасаны мәлім.

Социалистік реализмге дейінгі ең прогресшіл әдіс – сыншыл реализм. Социалистік реализм – сыншыл реализмнің мұрагері. Екеуін салыстырып қарасақ, арапарынан шынайылық бірлігімен қатар, үлкен алшактық бар.

Ең негізгі алшактық – мақсат алшактығы: сыншыл реализм өз кезіндегі аща шындықтарды ашып көрсете тұра, капиталистік құрылыштың негізін шайқалтуға қызмет етсе, социалистік реализм өз кезінің кандай шындығын суреттемесін, бәрібір, социалистік қоғамды мейлінше нығайту мақсатын көздейді. Бұл – бір.

Екінші алшактық – мұрат алшактығы: сыншыл реализм қаншама прогресшіл болғанмен оның эстетикалық идеалы айқын емес-ті. Бір кезде Флобер «өздерінің оркестрі қеп дауысты, палитрасы көп бояулы»

болғанына қарамастан, сыншыл реалистерде «ішкі принцип жетпейтінін» айтса, Чехов одан да ғері ашығырап, «өмірді өз қалпында көрсүтуден асып не әрі, не бері кете алмайтындарын, өйткені өздерінде анық көрініп тұрган не алыс, не жақын мұрат жоқтығын» айтып еді.

Ал социалистік реализмнің жайы мұлде басқа, мұнда ап-анық идеал бар. Бұл – екінші айрыым.

Социалистік реализмнің өзіне дейінгі реализм атауыдан сапалық ерекшелігінің бір алуаның шыншыл жазушылар, міне, осы маңнан іздеуге мәжбүр болды. Дей тұрганмен, әдістің құрамындағы «таптық», «партиялық» принциптер олардың творчестволық еркіндігіне тұсau сала берді. Социалистік реализмнің қазіргі жаңа кезеңде жұртшылық сынныңа ұшырап, тарих сахнасынан ығысу себебі осы арада жатыр.

Асылы, творчестволық әдіс бір бар да, суреткерлік шеберлік бір бар. Социалистік реализм әдісі кеңес жазушыларының шын мәніндегі суреткерлік шеберліктерімен ұштаскан жағдайда ғана дұрыс нәтиже бермек. Көп ұлтты кеңес әдебиетінің ең таңдаулы шығармалары тек қана осындағы тұтасудан туған. Демек, социалистік реализм мәселелерін қозғау – жазушылық, шеберлік мәселелерін қозғау деген сөз. Кезінде бәріміз осылай түсіндік.

Шеберлік әр суреткердің тек өз творчестволық мүмкіндігі мен ерекшелігіне байланысты, әр суреткер тек өз қабілеті мен таланттының жеткен жеріне дейін ғана шебер. Олай болса, творчестволық әдістің бірдей болуы әр суреткердің бүкіл творчестволық ерекшеліктері де бірдей деген сөз емес. Әдіс әр суреткердің өзіне тән творчестволық ерекшелік атауының бәріне толық мүмкіндік беруге тиіс. Ендеше, социалистік реализм әрбір талантты шығармада тыңнан туып, өзінің жаңа сырын ашып, жаңа қырын танытып отырмак еді. Алайда іс жүзінде олай болмады.

Социалистік реализмнің айрықша сипаттарының бірі – бір творчестволық әдістің ішінде екі түрлі әдістің: реализм мен романтизмнің біргіуі, біte қайнауы деп білдік. Бұл туралы Алексей Толстой былай деген: «Біздің елде романтиктер мен реалистер арасындағы жік жоғалды, біздің бәріміз – жаңа дүние құрылышшыларымыз, Үлкен Адам жасаушылармыз – әрі романтикерміз, әрі реалистерміз»...

Қыскасы, термин ретінде тарихта тұнғыш рет 1932 жылы («Литгазета», 23 мамыр) социалистік реализм атанип, негізгі принциптері кеңес жазушыларының Букладақтық I съезінде (1934) ресми зандаңдырылып жарғыра енген бұл көркемдік әдіс содан бергі жетпіс жыл бойына әдебиет пен өнер қайраткерлерінің шындыққа баар жолы боп белгіленді де олардың творчестволық беті мен бағытына айналып кетті. Ал шығармасына қажет шындықты халық өмірімен тығыз байланысты

суреткердің өзі іздең табады. Егер суреткер өнері мен халық өмірінің арасында нық байланыс болмаса, әдіс те жай схемага айналатыны ескертілді. Демек, социалистік реализмді өзіне нұқсалы әдіс еткен суреткер оны кез келген схема мен догмадан өзге емес, өзі корғай білуі шарт болды.

Бұгінде бұл әдіс те жоғарыда арнағы сиптталған классицизм, сентиментализм, натурализм, т.б. «измдер» тәрізді өз рөлін біршама ойнап бітіріп, жалпы әдебиет пен өнердегі реализмнің өрбү, өсу, өркендеу барысындағы белгілі бір кезең болып қалды.

Oй түйін.

Стиль мен көркемдік әдіс туралы ғылыми эссе жазыңыз. Эсседе баска да ғалымдардың ой-түйіндерін пайдаланып, стиль мен әдіс байланысы туралы өз тұжырымды ойынызды нақтылы қөркем шығармадан алынған мысалдармен дәлелдеңіз.

11-ТАҚЫРЫП

Тапсырма.

1. Макаланы оқып, ғалым Мекметас Мырзахметов қазак әдебиеті тарихын дәуірлеуде кандай зерттеу әдісіне сүйенгінін анықтаңыз.
2. Әдебиет тарихын дәуірлеуге байланысты басқа да ғалымдардың зерттеулеріндегі жіктеумен салыстырып, макаладағы ғылыми құндылықтарды анықтап көрсетіңіз.

МЕКМЕТАС МЫРЗАХМЕТОВ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

1991 жылы тәуелсіздігімізді жариялаған қүннен бастап ой-таным еркіндігіне шындалп бет бұру басталды. Бүкіл рухани казына қоздеріне бөгде жұрттың қозімен қараудан арылып, өзіндік ұлттық таным тұрғысынан танып білуге мүмкіндік алдык. Тәуелсіздік заманы жаңа ой еркіндігіне бағыт алды. Әдебиет пен тарихымызды, басқа да саладағы рухани казыналарымызды осы ой еркіндігі мұнарасынан қарап ғылыми зерттеулерге сүйенуге әрі соның тұрғысынан танып білуге, танытуға ойыстық. Бірақ батпандап кірген құлдық санадан арылудың жолы мыскылдан шығатын кеселдей баяу өтетіні өкінішті. Бұған біздің елімізде отарсыздандыру саясатының Прибалтика еліндегідей тегеурінді түрде жүрмеуі де себеп болған тәрізді. Өйткені ой-танымда тоталитарлық идеология арқылы қалыптасқан жаңы сірі касан кеңестік ұғымдардың тез арада өзгеріп, санадан тез шайылып кетуі оңайлықпен жүзеге асатын құбылыс емес еді.

Осы тұрғыдан қарағанда мәселенің бастапқы басқышы, яғни, тұнғыш табалдырығы қазіргі құндың түрік халықтарының ежелгі тұп төркінін яғни түріктік тұпотанын (прородина) ғылыми негізде танып білу деңгейнің тым аласалығында жатқандай.

Қазіргі түрік халықтарының прототүріктік тұпотаны, сол тұстан бері қарай қалыптасып келе жатқан тіліміз бен діліміздің, дініміздің түріктік дүниетаным болмысымыздың пайда болған о бастағы бастау Отаны (прородинасы) қайда деген мәселеде әр түрлі танымдық ой пікірлер, тұжырымды байламдар айтылып жүр. Сол прототүріктік Отанымызды дәл мензей алып, ғылыми тұрғыдан адаспай тани алсак қана, атабабаларымыздың рухани казынасындағы есте жок ескі замандағы қарақазанынан дәм татып, табиги жұпар исін сезінер едік.

Соңғы уақыттағы ғылыми ізденістердің барысында анықталған атабабалар колымен жасалынған тұнғыш рухани қазынамыздың қалып-

тасқан ошағы яғни прототүріктердің атамекені қазіргі Жерорта теңізінде гректер жайлап, өзіндік өркениетін өркендеткен заманының ар жағында жатқаны ғылыми болжам негізде мензеліп отыр (А.Айзахметов. «Рождения тюркского мира», Тараз, 2004).

Прототүріктік ата-мекен уақыты жағынан б.ж.с.б. алты мыңыншы жылдың ар жағында уақыт межесіне сілтейді, яғни, ««А» сыйыкты жазуы» деп аталағын («өлі тілді») өте көне рухани әлеміне қарай мензейді.

Жалпы гректер әлеміндегі ««А» сыйыкты жазуладар» мен ««В» сыйыкты жазуладары» түгел оқылған. Бірақ, ««В» сыйыкты жазуының» сырь оқылдып, ондағы сөздердің мән-мағынасы ашылғанымен, ««А» сыйыкты жазуындағы» мәтіндердің мағынасын ашу мүмкін болмай келуі себепті, ол жазу оқылса да, ондағы сөздердің мағынасы ашылмауынан «өлі тілдер» катарапа ысырылды. Осы себепті ол жазуды ғалымдар «өлі тіл» деп карастырып келді. Ал, бүгіндері ғалымдар ол жазудың құпия сырын ашып, оның түрік тіліне (казак тіліне) жататын өте көне жазу таңбасы екендігі анықталуда. Эрине, жаңалық атаулының бәрі де бірден мойында бермейтіні бар. Мұны көне түрік жазу-ескерткіштерін танып білу жолында орын алған машақатты талас-тартыстардың тарихынан хабары барлардың бәрі де біледі.

Бұл ««А» сыйыкты жазу»» таңбасы ғажап құбылыс әрі тамаша әлемдік жаңалық ретінде әйгіленіп, бүкіл әлем ғалымдарының назарына ұсынылуда. Олай болатын себебі, көне замандағы прототүріктер жасап қалыптастырған тұнғыш түрік өркениеті яғни ««А» сыйыкты жазу»» табиғатын кайталанбас дербес рухани әлем ретінде танып білу міндеті күн тәртібіне койылуда.

Күні бүгінгө дейін адамзат баласының тенденсі жок өркениет бесігіретінде танылып келген Грек, Рим, Мысыр өркениеттерінің пайда болу, қалыптасу уақыты б.ж.с.д. алты мың жылдық мерзім ішінде қалыптасқан бірегей құбылыс делінсе, түрік өркениеті осы алты мың жылдықтың ар жағында жатқан мейлінше өте тұнғыш рухани құбылыс деп танылуда. Сондыктan, ««А» сыйыкты жазу»» өркениеті адамзат тарихындағы ең көне тенденсі жок тұнғыш өркениет үлгісі болып танылуы заңды құбылысқа айналмак.

Түрік халықтарының тұп ата-мекені (прородинасы) саналған Жерорта теңізі аумағын темір құралмен қаруланған басқыншы жаулардың басып алу себептерінен прототүріктік ата-жұрттынан кеткен түрік халықтарының соңғы мекені жайында тарихта әрқылды болжам пікірлер де бар. Қос өзенде жайлап, артына қайталанбас өркениет белгісін қалдырған шумерлер де сол түрік халықтарының бір сілемі болса керек-ті. Немесе тұпотаның тастап шықкан түріктіктер басынан бұлт айналған Орал тауы

мен Еділ-Жайық кеңістігін еркін жайлап, сонынан Алтай-Саянды сағалап тұрақтаған тарихи іздері сайрап жатыр. Халықтардың ұлы қоші басталғанда ұлы дала бойын жайыла жайлап, атакты қолбасшы Еділ бастаған жорықтың қарқынына ілесіп, европалыктармен де араласа қоныстасып, бұл өлкеге өз мәдениетін ала келді.

Ал, Алтай мен ұлы дала жонында қалғандары Тұран деп аталатын ұлы өлкे кеңістігінде тұрақтайды. Тұран аталымы арабтардың жауап алудын кейін Түркістан деп аталды. Түркістан аталымы ол өлкені Ресей мен Қытай империясы жауап алғып отарлаған соң, Орта Азия деген атап умен алмастырылса, бүгінде Орталық Азия деп аталына бастады. Міне, осы Орталық Азиядағы түрік халықтарының тағдыры көне замандағы жұмбак сиро мол жер шарының үш тұсында пайда болған тарихи аларапт іірімдер аумағында тағдыры шешіліп жатты.

Түсінікті болуы үшін образды түрде атап өтер болсақ, ол тарихи аларапт іірімдер төмендегіше аталаپ, айқындалмак:

а) Ғұндар мен сактардың, одан тараған түрік қағанаттары қытай, парсы жұрттымен бетпе-бет келуі, екі арадағы тарихи талас-тартыстардың VIII ғасыр ортасына дейін созылып келіп, бәсек тартып босансуы тарту күші алапт зор тарихи іірімнің тоқырауына алғып келді. Бар тарихи тағдырымыз сезізінші ғасырга дейін осы алапт тарихи іірім ауқымында шешімін тауып жатқаны түрік қағанаттарының тарихында өз болмысын толық көрсетті. 751 жылы Талас өзені бойында болып өткен соғыста қытай әскерінің күйрей жеңілуінен кейін бұл алапт тарихи іірімнің тарталисы қуаты әлсіреп, әрекет ерісі мүлде тоқтауга бет алды.

Түрік халықтары тарихтың алғашқы алапт іірімнің тарту күшінен босанып қана қоймай, өзінің бүкіл рухани болмысындағы халықтың жадының болмысын толық сактап шығуымен де ерекшеленді. Түрік халықтарының тілін де, ұстанған дінін де, жазу таңбасы мен елді мекен жер атауында ұлы хандық яғни қытайлық мәдениеттің еш белгісі әсер етпей бастапқы табиғи қалпында сакталып, өзгеріске түспей өз қалпында жетті. Керінше музыкалық өнер жағынан қытайларға түрік халықтарының әсері болғанын тарихшы фалым әрі қытай тіліне жетік Әлімғазы Дәүлетхан атап өтеді («Ақжол», 16.11.2006). Ә.Дәүлетхан хундар пайдаланған «...көбіз аспабы 2000-3000 жылдан бері айтарлықтай өзгеріске түспей-әк Қорқыт бабамызға, одан бізге жеткен», – деп жазуында үлкен тарихи дерек көзі жатыр. Қобыздың шығу көзін біздердің сахналық ән-би өнері болғанын қытай ғылымдарының өз аузымен атап өтетіні бар. Әрине, ән-би болған жерде өлең текстері де болатыны табиғи нәрсе.

Әбілғазы Алып Ер Тоңа туралы жоктау өлеңінен кейінгі тарихтағы нақты дәлелді қолденең тартады. Яғни, қытайлар хундар пайдаланған «ху кімі, ху шатыры, ху төсегі, ху би, ху театры, ху сыйызғысын» құнделікті тұрмысында астана аксүйектері қажетіне жаратып пайдаланып отырган дерек көзін дәлел ретінде келтіреді... Ә.Дәүлетхан Қытай деректеріне сүйене отырып, Қытайдың «Батыс хан патшалығы» дәүірінде өмір сүрген белгілі саясаткер әдебиетші Жия И (б.ж.с.д. 200-168 ж.) 10 томдық «Жаңа кітап» деген еңбегінің төртінші томында «...Хундарда бұдан басқа «ху-шы» деп аталатын сахналық ән-би түріндегі өнері бар», – деп жазған айғакты дерек көзін келтіреді. Бұлардың бәрі де түрік халықтары әдебиет тарихының бастау көздері қайда жатқанын мензеді. Әдебиет тарихында бұл іспеттес нақтылы дерек көздерінің б.ж.с.б. 726-168 жылдар араптыңында жатуы-кейір мемменсіп қөкірегін көтере керген ұлы державалы астамшыл халықтардың түсіне де кірмейтін дерек көздерімен «тағы, жартылай тағы халық» атансақ та, занды түрде мақтануға құқымыз бар халықпаз.

Бұл заман ауқымында түрік халықтарының рухани болмысы мен әдебиетінде, өнерінде өзінің түріктік белгілері де сакталып, олар бүгінгі ғылыми зерттеу енбектерінің нысанасына алына бастады. Жалпы түрік халықтары әдебиет тарихының бастау көздерін ғұндар мен сактардың және қоңа түріктердің рухани ескерткіштерінен бері қарай тарту әрекеті жыл өткен сайын бел алғып келеді.

Түрік халықтарының қара шаңырағын ұстанып қалған қазақ халқының әдебиет тарихын дәүірлеу жүйесін жоғарыда айтылған алапт тарихи іірімдер шенберінде алғып жүйелеуге табан тіреген орынды болмак деп, төмендегідей қалыпты ұстанамыз: Бірақ біз бұл танымды тұжырымдамалық тұрғыдан ұсынғанда кейір ұлт әдебиеттерінің (ұйғыр, түрік, әзіrbайжан, т.б.) өзіне тән ішкі даму ерекшеліктері болатынын назарда ұстаймыз. Бұл жайында әркиль пікір танымдардың болу ықтималы да бар.

Қазірдің өзінде менің шекірттерімнің бірі Иманғазы Нұрахмет жақын арада қорғалған «Қазақ әдебиетінің төркіні мен тарихын дәүірлеу» деп аталатын кандидаттық диссертациясында қазақ әдебиеті тарихының бастау көзін б.ж.с.б. ғасыр ішінде жатыр деген ғылыми танымын ұсынды. Бұған дәлел қытай тілінде жазылған қазақ тайпаларынан шыққан аты-жоні белгілі ақындардың қытай тілінде жазылған нақтылы өлеңдері мен көптеген шашыранды өлең жолдарымен айғакты да нақтылы дәлелдер келтіруде.

Бұл тақырыпты тереңдеп зерттеу арқылы жаңа танымның орнығына негіз болып қаланатын талай әдеби қайнар көздерін ашып беретін айғакты

дәлелдер де баршылық. Бұл күрделі ой танымды деректі әдеби қайнаңдар көзімен салыстыра отырып сараптағанда келетін ой түйіні, әсіресе, жалпы түрік халықтары әдебиет тарихының жүріп өткен ұзақ ғасырларға созылған жолдары тәрізді казак әдебиеті тарихын дәуірлегендеге де оның ызың тартар бастау көзі тым алыста көне заман деректерінде жататыны алдымыздан шығады. Әрине, оларды халқымыздың басынан өткен ала-пат тарихи иірімдермен тікелей байланыста жатқан рухани құбылыстар ретінде қараша жон сияқты. Ол құбылыстарды рет-ретімен қарастыратын болсақ әдебиет тарихын жүйелеудің желісі төмөндегідей қалыпта көрініс беретіннің заңдылықты байқаймыз.

I. Біздер ендігі заманда казак әдебиетінің о бастағы ызың тартар бастау көзін барлық түрік халықтарына ортак рухани мұра ретінде б.ж.с.б. VII ғасырдағы Алып Ер Тоңа туралы жоқтау жырынан бастау – заңды құбылыс деп қараймыз. Өйткені тарихи рухани туынды «Авеста» мен Фирдоусидің «Шаһнама» дастанында қатар өріліп бас кейіпкер ретінде жырланатын Алып Ер Тоңа (Афрасиап) туралы эпикалық тарихи жырдың бір көрінісі – үш шумакты, он екі жолды өлең жолымен, бірыңғай желілі үйқас түрімен берілетін таза жоқтау өлең үзіндісі негіз болатын әдеби мәтіннің өзі-ак ғылыми тұрғыдан қарағанда тарихи тұрғыдан әдеби құжат ретінде айғақтайды. Тарихтың алапат тұңғыш иірімі Тұран-Иран арасындағы көне замандағы тарихи тартыстан басталып, ғұндар мен қытай арасындағы тарихи алапат иірімінде жалғасын тауып жатқаны көп нәрсенің сырын аңғартады.

Ал, кәзіргі ғылыми ойдың үдерес жылдам дамуы бізге үлкен мәселені жаңаша дүненитаным тұрғысынан шешу қажеттілігін алға коя бастады. Тәуелсіздік заманы талап еткен ой-танымдағы өзгерістер біздің алдымызға күрделі мәселелер мен міндеттер коя бастағаны күн өткен сайын айқын сезілуде. Мысалы, мен «Тұранның ұлы қағаны» деп аталатын Афрасияб (Алып Ер Тоңа) туралы ғылыми мақала («Ақ жол», 2004) жарияладым. Мақалада б.ж.с.б. VII ғасырдағы Алып Ер Тоңа туралы жоқтау жырының өлең уәзініндегі («көг») желілі үйқас түрінің дәстүрі Дулат ақын (1802-1872) мен Абай (1845-1905) өлеңдерінде жалғастық тауып, «көг» өлең уәзініндегі есте жоқ ескі замандағы көне өлең өрнегінің дәстүрлік жалғастық тұрғыдан талдау арқылы дәлелденді. Осы мақала Түркістандағы түркология институтының жетекші ғылыми қызметкері Сайран Әбушәріпке тұрткі салып, ол «Афрасияб» деп аталатын үлкен ғылыми монографиясын жариялады. Белгілі ғалымдардың бәрі де Афрасияб туралы көне дерек көздеріне назар сала бастады.

М.Қашқаридің «Түрік сөздігіндегі» Алып Ер Тоңа туралы эпикалық тарихи жыр сілемдерін жинастырып (600 өлең жолы немесе 150 шумак),

осы дерек негізінде түрік халықтары әдебиет тарихын б.ж.с.б. VII ғасырдан бастаудың ғылыми негізі бар деп сеніммен ұсынып отырымыз. Сүйенер дәлеліміз – «көг» деп аталатын байырғы бармак өлең уәзініндегі желілі үйқастың қазак әдебиетінде дәстүрлік жалғастық тауып, бүгінге дейін даму жолында түрленіп өзгерістерге түссе де, бастапқы табиғи қалпын таза сактауында жатыр. Бұл көне дәстүр түрік халықтарының өлең құрылышында әркиль түрде колданылып келе жатқан өлең ернектерінде өз белгісін танытып келеді.

II. Қазак және түрік халықтары әдебиеті тарихының екінші дәуірі V-VIII ғасырдағы түрік жазба ескерткіштерінен басталады. Дәл осы жазу таңбасында шығысымыздаты сонау Енесай өзенінен басталып, Европаның Балкан тау сілемдерінде дейін созылған кең көлемдегі кеңістіктің қамтитын әлемде басқа жазу таңбасы болған емес. Мұндай алапат рухани құбылыс мейлінше қалыптасқан мемлекеттік құрылыштан туындағыны болмысы бөлекші жатқан құпия сырға толы дүниеліктер. Евразия өлкесінде шашырап жатқан әр тұстан кездесетін тасқа жазылған ескерткіштердің әлі де жанры жағынан толық айқындал ала алмай жатқан әлжуаз тұстарымыз да баршылық. Өйткені тасқа түсken көне түрік жазба ескерткіштерінің жанрлық табиғатын терең танып анықтау мәселесінде екі түрлі ой-пікір тұжырымдары ойрын алып, пікір таласы толастамай келеді.

Бір топ зерттеуші ғалымдар евроцентристік танымнаң ықпалынан шыға алмай көне түрік жазба ескерткіштерін «поэзиялық туынды» деп өлең жанрына жатқызудың басында проф. И.В.Стеблеваның «Поэзия тюроков VI-VIII веков» (Москва, 1965) деп аталатын ғылыми монографиясы тұрды. Бірақ тас бетінде бедерленген көне түрік жазба ескерткіштерін ой жотамен өлең өрнегіне салудың дәлелді ғылыми негізі бар деуге келмейді. Өйткені проф. И.В.Стеблева – евроцентристік иірімнің тартымынан шыға алмай қалған ғалымдардың бірі. Бұл түгіл ертедегі түрколог ғалымдар көне түрік жазба ескерткіштерін әуелгі кезде түрік халқына рухани мұрасына кия алмай, оны европалық халқытардың ата мұрасына жатқыза қарағаны есімізде. Қашан тастағы жазулар түрікше сөйлегенмен кейін гана олар лажсыз райынан қайтып, мойындаға мәжбүр болды емес пе?

И.В.Стеблеваның көне түрік жазба ескерткіштерін «поэзиялық туындыға» жатқызуының астарында осы евроцентристік танымының ызгарлы табы жатыр. Олар түрік халықтарын жабайы, жартылай тағы халықтар деген танымды ұстанып келгенін бүгінде жасырып болмайтын шындық. И.В.Стеблева да осы таным тұрғысынан түрік поэзиясының көне заманда туып қалыптасқан «көг»(бармақ уәзіні) деп аталатын өлең

өлшемі болғанын аңғарып біле алмаған. Сондыктan VI-VIII ғасырлардағы түрік өлең өрнегінде бір қалыпта түсіп, жетілген өлең өлшемінің болуы мүмкін емес деп тұқырта карауы себепті, баяндау үлгісіндегі тарихи әңгіме жанрын «поэзиялық туынды» деген корытындыға алып келген. Мұндағы мақсаты V-VIII ғасырға дейінгі түрік өлең өрнегі әлжуаз, дамып жетілмеген, бар даму деңгейі осы ғана деген балан танымды алға тартады.

Түрік өлең сөз мәдениетінің басы б.ж.с.д. VII ғасырында Алып Ер Тоңа туралы бізге жеткен жоктау өлең жолдарында жатыр. Ондағы өлең шумактарын кай жағынан алып талласаң да, шұқшия карасаң да қалыптасқан өлең өлшемі негізінде шығарылған ауызша поэзиялық туынды екеніне көзің анық жете түседі.

Осы айтылған ой-пікірлерді ескере отырып дарынды ойшыл ғалым Құлмат Өмірәлиев: «...Орхон ескерткіштерін «түркі поэзиясы» деп тану – бізге жеткен дүниені (табылған барды) түркі халықтарының сөз мәдениетінің басы деп түсінуден барып тұған қате пайымаудар», – деп жазған болатын («VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері.» Алматы, 1985, 21 бет).

Шындығына келсек, тас бетінде бедерленген түрік жазба ескерткіштерінің бәрі де проза жанрының уақыт талабы тудырган қайталанбас түріне жатпағаны жөн сиякты. Әйткені ол жазба тас ескерткіштеріндегі көне түркіткі «көг» өлең уәзініне сай жыр өрнектері, яғни буын, бунақ, ұйқас, шумақ, ішкі ұйқас түрлері табиғи қалпында өз ерекшелігін көрсете бермейтін жағын қайда қоямыз?

Б.ж.с.д. VII ғасырда «көг» өлең уәзіні, яғни, бармак уәзіні қалыптасқан өлең өлшемін көне түрік жазба ескерткіштері не себепті ата дәстүрі ретінде кабылдан жалғастырып екетпеген? Әйткені олар проза жанрында жазылуы себепті ол өлеңдәстүрін жалғастырып әкетудің реті келмейді. Егер көне түрік жазба ескерткіштері өлеңмен жазылғанда сөзсіз олдәстүр міндетті түрде көлданыска түсер еді. Егер ол ескерткіштер өлеңмен жазылғанда сөзсіз желілі ұйқастыбармак уәзінімен жазылған дәстүрдің жалғастық тапқан ғажап үлгілерін көрген болар едік.

Көне түрік жазба ескерткіштерінің табиғи жанрын дәл анықтап алмай жатып, проза түріндегі туындыны жасанды түрде поэзия жанрына жатқызуымыздың танытуымыздың қисыны жок. Тұбінде жасанды түрде поэзия жанрына жатқызуымыздың танытуымыздың қисыны жок. Тұбінде жасанды танымды әр кезде-ақ табиғи таным өз қалпына түсіріп отыратын зандалылық үстем болса керек-ті.

V-VIII ғасырлардағы көне түрік жазба ескерткіштері дәуіріндегі аласапыран тарихи оқиғалардың болмысынан терең мазмұнды сыр шертетін

тарихи әңгіме жанры тілімен жазылған көне түрік жазба ескерткіштері дүниеге келді. Осы себепті бұл бірінші әлемдік алапат тарихи иірімнің шенберінде Қек түріктер қағанаты мен Қытай империясының арасында болып өткен сан қылыш талас-тартыстардың шенберінде қаралуы жөн... Бұл тартыс сонау көне замандағы ғұндар мен қытай империясы арасында болып өткен тарихи тартыстардың занды жалғасы болып табылатын алғашқы алапат тарихи иірімнің өзіне айналып кетті десе болғандай.

Бұл таным бізді бүгінге дейін казак әдебиеті тарихындағы белгілі ғалым, профессор Б.Кенжебаевтың тұжырымдамасы негізінде баска туысқан түрік халықтары тәрізді VIII ғасырдағы ойма жазу ескерткіштерінен (Орхон, Енисей жазба ескерткіштері) бастау алып, даму үстінде келеді.

ә) Түрік халықтары көне замандағы парсы жұртымен (VIII ғасырдан бастап парсыларды жаулап алған арабтармен) бетпе-бет келіп, соңыра олармен бар салада мидай араласып, құндылықтар алмасуымыз VIII-XVIII ғасыр аралығына дейін мың жылдан астам уақытқа созылған осы екінші тарихи алапат иірім ауқымында өтіп жатты. Он ғасырдан астам ұзық мерзімге созылған осы аралықта түрік халықтарының тағдыры шешіліп, рухани құндылықтары талай рет сапырылса түссе де, өзінің халықтық әдет-ғұрыптың тамырынан қол үзбеген өміршен дәстүр жалғастырын бастаң кешіп жатты. Дегенмен, түрік халықтарының рухани дүниетанымында елеулі өзгерістер орын алып, қоғамдық ғылымдар мен көркем әдебиет туындыларында сырттан енген маригиналдық сананың белгісі анық аңғарылып тұратыны бар. Хасқаджиптің «Құтадғу білік» дастанында молынан сөз болатын мұсылмандық дүниетаным салаларының елеулі көріністері осы айтылған пікірдің айғағындаі алдымыздан шығатынын терістей алмасақ керек.

Қазак жеріне мұсылмандық дін VIII ғасырдың орта тұсында біртіндеп ене бастады. Халқымыз ұстанған монотеистік танымдағы Тәнірлік дін осы танымды ұстанған ислам дінімен үлесім тауып, жаңа діннің бейбіт жолмен халық санасына сіңісуіне мүмкіндік тудырып отырды. Осы ерекшеліктен болса керек тәнірлік діннің кейбір атрибуттары бүгінге дейін халқымыздың салт-санасына жи үшірасып отыратыны жәй нәрсе емес-ті.

Ислам діні деңдеп енүмен бірге казак даласына араб әлемінің ғылымы мен мәдениеті де кеңінен тараң, мектеп, медреселер арқылы кеңінен тараң, өрісін жая түсті. Араб ғылымы мен философиялық ойын дамытуға түрік елінен шықкан Әл-Фараби, Бируни, Ж.Баласагуни, Ясауи, т.б. саңлақтар айттарлықтай үлес қосып жатты.

VIII-XVII ғасыр арасында мәдениет пен философиялық ой танымдағы, өнер мен ғылымдағы бүкіл адамзаттың ой танымы деңгейін бійкке көтерген өнер, ғылым саңлақтары туындыларында көрініс берген өмір шындығын әлемдік алапат тарихи екінші иіріміне тартылған құбылыс ретіндекараймыз. Бұл аталып өткен тарихтың алапат иірімінің тарту күші он ғасыр бойы түрік халықтары әлеміндегі мәдени, рухани болмысымыздың даму жолындағы іштей байланыстағы уш кезеңін қамтитын құбылысты қөреміз.

III. IX-XII ғасырлар арасындағы Қараханидтер дәуіріндегі түрік халықтарының бәріне ортақ тұңғышжазба әдебиеттің классикалық туындыларын қамтиды. Осы кезеңнің маңдай алды ұлы туындылары Жүсіп Баласағұның «Құтадғу білік»дастаны, М.Кашқаридің көп томды «Түрік сөздігі», Яссайдің «Хикметтері» мен Бақыргани мен Сопаллаярдың т.б. ақындар мен ойшылдардың туындыларында сол заманнын рухани әлеміндегі өзгерістер өз көріністерін беріп жатты. Түрік халықтарының руханиәлемінде бүкіладамзаттық жәуанмәртлік ілімінің негізі салынып, адам жанының рухани жағынан тазаруы жайындағы ар ғылымы қанат жайып, өрісі кеңі түсті.

XIII-XV ғасырлардағы Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет тарихында ортақ рухани тұтастықтың болмысын жырға косып әспеттейтін жазба әдебиет үлгілері дүниеге келді. Алтын Орда билігі заманында туындаған ортақ рухани тұтастықты жырға коскан әдебиет туындыларын танып білу бізде көпке дейін қолға алынбай келуіне ұлы державалық таным ырық бермей келді. Тіпті, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет деген атаудың өзін тұншықтырып куынға салып отырды.

Түрік халықтарының рухани бір тұтастыққа түсіріп билеп отырған Алтын Орда империясы ыдырап, түркі халықтары көптеген ұсак хандықтарға бөлініп, тарыдай шашылып бөлшектеніп кетті.

Дербес хандықтардың билігіндегі түрік халықтарының өздеріне тән ұлттық әдебиеттері пайда болып, өріс ала бастады. Осы себепті Алтын Орда империясы ыдырап кеткенге дейінгі түрік халықтары әдебиетін солардың бәріне тең ортақ әдебиет ретінде танып, қарастыруға бағыт алдық. Осы таным тұрғысынан бүкіл түрік халықтарына ортақ әдеби мұраларды яғни Алып Ер Тона туралы эпикалық тарихи жырды, ойма жазу ескерткіштерін, Оғыз қаған зоны мен Қорқыт мұрасын, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Ясауи, Бақыргани және тағы басқа әдеби құндылықтарды түрік халықтарының бәріне ортақ әдеби мұра ретінде тану мәселесі макұлдануда. Осы жағдайға орай XV ғасырдан бастап Алтын Орда империясы құлап түрік халықтары бірнеше ұсак хандықтарға бөлініп, өмір сүре бастаган заманда ұлттық әдебиет тарихының басталу кезеңі деп

тану мәселесі де алға койылып отыр. Міне, осы ортақ таным тұрғысынан келіп, әдеби мұраны әркім өз ұлтына қарай тартқылап таныту әрекетіне тоскауыл қойылмак.

V. XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы тұсындағы абыздардан өріс алған жыраулық әдебиет үлгілері біздің әдебиет тарихында Қазақ хандығы тұсындағы қазақ әдебиеті деп аталағы жүр. Қазақ ұғымындағы абыздар интуитивтік сана-сезімнің өкілі болуы себепті келешекті алдын ала болжай билетін көріпкел сөз өнері жағынан казақ қөркем өнерінің синкерттік табиғатын орнықтырган белгілері мен көріпкелдік қасиет жыраулар поэзиясында қөрініс беріп отырады. Мысалы, Асан қайғыдағы интуитивтік сана-сезімнің орын алған белгісі оның көріпкелдік, алтын болжағыштық сөздерінен қөрінеді. Мысалы, оның «Мұнан соң қылығылы заман болар» толғауындағы болжамын. Бұкар жыраудың Абылай хан сурауына берген жауабында анық сезінеміз. Бұл кезеңдегі рухани тұтастықтың, қалыптастан бір бүтін мәдениетіміз монолитті тіліміз, исламдық дініміз, ұлттық дүниетанымымыз берілгенде шыр айналып, әдет – ғүрпымыз мызғымас бір ізділікке түсті. Бұл өрекшеліктің бәрі де арғы басы абыздардан басталатын жыраулар поэзиясының табиғатында тұнып тұр. Бұл асыл қасиеттерден біз отаршылдық заманда сырттан енген қысымның құші мен біртіндеп айырыла бастадық.

Б) Тұран өлкесі халықтарының тағдыры XVIII ғасырдан бастап Ресей империясымен бетпе-бет келіп, сол арқылы европалықтармен жалғасып, тікелей қарым-катынаска түсіміз бүгінге дейін созылып отырған тарихтың аса қуатты алапат үшінші иірім шенберінде шыр айналып, тағдырымыз осы иірімнің тарту күшімен шешіліп келеді.

Тұран өлкесін жайлаптан барлық түрік халықтарының тарихи тағдыры мен рухани болмысы, ондағы болып өткен түрлі тарихи сапырылыстардың бәрі де осы аталағы өткен тарихтың сырға толы үш бұрышындағы адуынды тарихи иірімдердің тартылыс шенберінде өтіп келеді. Біз үшін енді тарихтың үш бұрышы саналған осы қеңістікте пайда болып қалыптастан рухани қазынамызы (біртіндеп қалыптасан жалғытүрік халықтарының рухани әлемі, оның ішіндегі әдеби-мәдени қазынасы) осы қеңістік аумағында қарастырып танытуміндері алға койылып, жанаша дүниетаным негізінде саралталған шешімдер негізін танып білуді филолог, тарихшы галымдар мен қазақ философтарынан құтудеміз.

Жалпы түрік суперэтносының (казіргі күнде 49 ұлт пен ұлыс) бір әзүлтті бұтағы – қазақ әдебиеті тарихының дәуірлеуін аталағы өткен тарихи тағдырымызбен бірлікте алып қарастыру мәселесі бүгінде күн тәртібіне койылып, ғылыми тұрғыдан шешімін құтуде. Өйткені

бүкіл болмысымыз бер рухани әлеміндегі жақсылы-жаманды бүкіл өзгерістеріміз түрік халықтарының Ресей мен Қытай империясы отаршылдық саясатының желісінде шешіліп келді. Осы себепті бодандық дәуірде дүниеге келген әдебиетімізді отаршылдық дәуірдегі әдебиет деп атауды ұсынып келеміз.

VI. XVII-XX ғасырдағы отаршылдық дәуірдегі әдебиет томендергідей калыпты жүйеге түсіріліп сарапанбак.

1) XVIII ғасырдағы вассалдық дәуірдегі яғни сырттай Ресей мен Қытай империясы билеген, ал, ішімізді өзіміз билеген кезеңнің әдебиеті. Бұл тұстагы ұлттық идеяның ұраны қалмактарға қарсы ұлы отан соғысында халықтың бірлігі үшін құрес ұраны қазақ поэзиясын халықтық деңгейге көтере алды. Бұл замандағы өмір шындығы Бұқар жырау бастаған жыраулар поэзиясында өз көрінісін тауып жатты.

2) XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы бір тұтас қазақ әдебиетінің отаршылдық ырқына түсіп, бөлшектену, бұрынғы тұтастығынан айырлу заманы басталды. Осының нәтижесінде қазақ хандығы кезінде біртұтас, біркелкі дамып келген қазақ әдебиеті отаршылдардың кәнігі «бөлшекте де билей бер» саясаты нәтижесінде үшкебөлініп, арасы ашылып, алшактап кеткен қалпын көреміз:

- Кіші жүздегі сұлтан-правительдер билігі тұсындағы саяси-әлеуметтік жағдайдан туындаған қайталанбас өмір шындығы Махамбет бастаған ақындар поэзиясында толық бейнеленді. Бұл ақындар жырындағы ортақ белгі сұлтан-правителдер образын жасаудағы ақындық бағыт пен сатириалық сарың мығым түсіп жатты. Бұл өлкенін орталығы Орынбор қаласы болып табылады.
- Орта жүздегі отаршылдық ел билеудегі өзіндік ерекшелік аға сұлтандар билігі тұсындағы өмір шындығын әшкерелей жырлап аға сұлтандар образын сомдаған Дулат ақын бастаған ақындар шығармаларында қайталанбас өз көрінісін беріп жатты.
- Қоқан хандығы кол астындағы Ұлы жүздегі ел билеу жүйесіндегі датқалар билігі дәуіріндегі әдебиет Жанкісі жырау мен Сүйінбай бастаған ақындар поэзиясынан орын алды. Бұл өлкедегі ақындар поэзиясында датқалар образын сомдап бейнелеудегі ортақ сарынды ұшыратамыз.

3) XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы Қазак жері мен Түркістан өлкесін тұтас жауап алған соң, оларды Ресейдін ел билеу жүйесіне жақыннату мақсатымен ел билеудің бірыңғай территориялық принципті ұстанған болыстық жүйесін ендіру дәуіріндегі әдебиет кезеңі 1867 жылдан 1917 жылға дейін созылды. Қазак әдебиетінің ұлы классигі Абайдың саналы өмірі осы билік жүйесінің шеңберінде өтті. Осы

дәуірдегі саяси-әлеуметтік өмірде болып өткен өмір шындығы тудырган құбылыс атаулының бәрі де Абай шығармаларында реалистік түрғыдан дәл суретtelіп, өз көрінісін толығымен беріп, әдебиетті жана өріске бастады.

VII. XX ғасыр басындағы, яғни, ояну дәуіріндегі әдебиет деп атаудымыздың мәнісі осы тұста әдебиет майданына қызу араласқан ақын-жазушылар шығармасындағы ортақ сарың қазақ халқының ұлттық санасын, оятуға жұмыла кірісуіне байланысты осылай атап отырымсыз. Бұрындары осы тұстагы әдебиет тарихын жүйелеуде оны екі бағытка бөле карайтын: Біріншісі, буржуазиялық ұлтшылдық әдебиет деп атала, екіншісі, ағартушылық-демократиялық бағыттары әдебиет деп бөлінетін. Әрине, бұл ғылыми танымға шалыс келетін әдебиеттің партиядагы мен таптығы деген марктік дүниетаным түрғысынан кабылданып саясат-танған байlam болатын.

Алаш ұранды әдебиет таптық, партиялық танымды қабылдамауы себепті, олардың артына шам алып түскен үр да жық солақай сындар жазған әдебиетшілер де барышылық еді.

VIII. Кеңестік билік дәуіріндегі әдебиет 1917 жылдан 1991 жылға дейін созылды. Қазақ совет әдебиетін дәуірлеу мәселесі туралы ой танымдар советолог ғалымдардың ой-пікірі мен ұстанған жолдары қалың оқырман қауымға кеңінен мағлұм.

Кеңестік билік заманындағы әдебиет әлемінде болып өткен халық санасының мәңгүрттеніп, жас үрпактың тарихи жадынан айрылып, коммунистік партияның бір текті кеңес адамын қалыптастару саясатының теріс әсері жайында айта кетудің де жөні бар.

Қазақстанның тәуелсіздік жолына тұсуіне байланысты ой сана мен танымдағы түбірлі өзгерістердің ұлттық сананы оятуна орай өткен заман мен кеңестік дәуірдегі әдеби-мәдени құндылықтардың бәрін де оянған ұлттық сана мен бүгінгі заман талабы түрғысынан халықтық тарихи жадымызды жаңғыртуына қарап бағалайтын бағыт-бағдар күн өткен сайын күш алып үдей дамып келеді.

Кеңестік дәуірдегі әдебиет тарихын сөз еткенде онда айрышка орын алған әдебиеттегі бір рухани құбылыстың қайталанбас өзіндік ерекшелігіне назар аударып, оның орын алу себебін айқындал алушың орны да, жөні де бар. Өйткені қазақ халқының бір ғасыр ішіндегі яғни, XIX ғасыр ішінде өмір сүрген төрт түрлі үрпак аралық алмасудың төрт кезеңі де рухани тұтастық желісі үзілмей үрпак дәстүрі жалғасын тауып, бірінен-біріне өтіп отыратын зандастық сакталған. Өткен ғасырлардың бәрінде де осы зандастық үстем болып толассыз жүріп жататын. XIX ғасыр ішіндегі отарланған заманының өзінде де саяси-әлеуметтік

жағдайың отаршылдық саясат арқылы бұзыла бастаған өзгерістерге орай үлттық рухани дәстүрде үзіліс болмай, үрпактар заңды жолмен алмасып отырған дәстүрлі тұтастықтың жалғасын көреміз. Бұл құбылыс ғасырлар бойы кайталанып, үзліссіз жалғасын тауып отыратын табиғи қалпы жайында Бауыржан Момышұлы: «У нас есть подследственная преемственность всего благородного от поколения к поколению. Именно в этом достойство нашего народа. Именно в этом суть нашего прогрессивного мышления и стремления к идеалом...», – деп өзінше жаңаша танымдағы ой толғанысынан үрпактар алмасуы арасында дәстүрлі жолмен болып жататын табиғи заңдылықка айрыкша мән берे қарайтын ғылыми ой танымын ортаға тастанды. Кеңестік дәүірде айтылған бұл көреген әрі батыл пікірде саналы үрпак сабак алар ғылыми ой өнегесі жатыр.

Кез келген үлттың бойындағы осы тұракты табиғи заңды құбылыс XX ғасыр ішіндегі қазақ қауымы арасындағы үрпак алмасу тұсында еліміздегі саяси-әлеуметтік алапат өзгерістерге байланысты үрпактар арасындағы рухани дәстүр жалғастығы алғаш рет зорлықпен күрт үзіліс тауып, қасретті рухани құбылысқа айналып жүре берді. Бұл қазақ қауымының басына алғаш рет түскен аса ауыр қасрет XX ғасыр ішіндегі үрпактар алмасу жолында айрыкша қайталанбас өз көрінісін берді. Бұл өзгерісті еске алмай кеңестік дәүірдегі қазақ әдеиетінде болып өткен адам жанындағы рухани өзгерістердің табиғатын терен танып біле алмаймыз. Бұл құбылыстың сырын танып білу ғана бізді шындық жолға тұра бастайды.

Қазактардың «Елу жылда ел жана, жұз жылда қазан» деген өмірлік тәжірибелен туған даналық сөзінің терен мән-мағынасы барлығына ой жүгіртіп, жұз жыл ішінде алмасатын үрпактар буыннандағы ерекшелікке айрыкша мән бере қараша қажеттігі алдымыздан шыгады. Мысалы, қазақ халқының XIX ғасыр ішіндегі үрпактар буынның алмасу ерекшелігіне назар аударсақ, дүниетанымдағы үлттық салт-санадан, әдет-ғұрыптан дәстүрлік жалғастықтың бүріннан қалыптасып келе жатқан табиғи болмысы толассыз бір үрпактан келесі үрпакқа тоқтаусыз өтіп отырған табиғи қалыптың көреміз. Бұл дәстүр әр халықтың жұз жыл ішінде ата буын, аға буын, орта буын, жас буын болып, бұлар кезекпен алмасып отыратын тұракты табиғи заңдылығын айғастайды. Халықтық дүниетаным, әдет-ғұрып, салт-санадағы үлттық таным бір үрпактан келесі үрпакқа дәстүрлік жалғастық тауып отырды. Мұны ұлы Айбайдың сөзімен кестелеп айттар болсак:

Дүние улкен көл, Замана соққан жел.

Алдыңғы толқын агалар, Соңғы толқын інілер,

Кезекпенен өлінер, Бәрі бірдей көрінер,

– деп бұл табиғи құбылыстың үрпактар арасындағы заңды түрдегі алмасуының өзі болып шыгады. Толассыз өмір ағысындағы үнемі кайталанып отыратын үрпактар арасындағы тұракты рухани дәстүрлік жалғастықтың мәнгілік тұракты құбылысқа айналған заңдылығы ашиқ көрініп тұр. XVIII ғасырдағы Бұқар жыраудан Жанак ақынға дейінгі өнер санлактарының бірінен біріне өткен дүниетанымдағы рухани үлттық дәстүр жалғастығына қылау түспеген. Ал, XIX ғасырдағы Махамбеттен (1804 жылы туған) басталып, Абаймен (1904 жылы қайтыс болған) еki аралықтағы бір ғасырға созылған төрт буын үрпактың заман сазына сай пайда болған туындыларында да буын арасындағы рухани дәстүрлік жалғастық табиғи қалпын бұзбай сақтаған ерекшелік те айқын із тасталап тұр.

Үрпактар арасындағы сан ғасырлар бойы кайталанып келген осы тұракты табиғи рухани дәстүрлі жалғастық тұңғыш рет XX ғасыр ішінде кенет колдан зорлықпен бұзылып, түбірлі өзгеріске түсіп күрт үзіліп қалуы-аса ауыр орны толмас үлттық рухани қасретімізге айналды. Бүгінде соның уытты зардабын әлі де болса тартып отырмыз.

Қазір неге ауылдарда қазыналы ақылгөй шежіре қарттарымыз мүлде азайып, көз жаздырып барады. Ал әжелеріміздің көбі, әсіресе, қалалы жерлерде «цивилизованный» әжелерге айналып, немере-шебелерін бауырына басып мәпелеп бағып-қагудан сырт қалуда? Бұрындары ата үрпак арасында әр ауылда үлттымыздың рухани қазынасын бойына жиған көкірегі шежіре қарттарымыздың мол болып, өмірден көріп білгендерін жас үрпактың құлагына сіңіріп бір ауылды бір өзі-әк тәрбиелеп отыруши еди. Енді олардың орны толмай отырса, халықтың әжесі болған Абайдың әжесі Зере мен Бауыржан Момышұлының әжесі Қызтумас тәрізді әжелер бүгінде некен саяк. Осы себепті оқырмандар тарарапынан неге деген сұрап жиі койла бастады. Бұл құбылыстың құпия сыры жок, бәрі де үрпактар буыны алмасқанда сақталып келген бір буыннан келесі буынға ауысып отыратын тұракты үлттық рухани дәстүрлі салт-сана, әдет-ғұрыптағы табиғи жалғастықтың тоталитарлық зорлықпен күрт үзіліп, құшпен жойылуында жатыр.

XX ғасыр басындағы атаүрпактың бойындағы рухани қазынаның аға үрпакқа беріледі дәстүрлік жалғасын кеңестік таптық саясат саналы түрде күрт үзіліуіне алып келді. 1930-1937 жылдан кейін дүниеге келген бүгінгі аға үрпак өкілдері тұтастай мәнгүрттеннен жағдайын бастан кешті. Бұлардың мәнгүрттеннен Қазакстан республикасының басшысы болған қаныпезер үр да жық әрекеттің иесі Голощекиннің И.В.Сталинге жазған қызмет хатында (Советская степь, 20.11.1927 ж.): «...бесінші кезенде қалған барлық қазақ зиялъяларының көзін жойып, қазақ әліппесін тағы

да ауыстырып, осындай әдіспен жеткіншек үрпактың өз халқының тарихын бастапқы тұма көздерден оқып білу мүмкіндігінен айыру», – деген саяси ұстанымдағы бағдарламасын Сталиннің: «Голощекин жолдас! Менің ойымша, қызметтік жазбада атап көрсетілген саясат, негізінен, бірден-бір дұрыс саясат болып табылады», – деп ресми түрде бекітіп беруі арқылы келешек жас үрпакты тұтас мәңгүрттендердің саяси негізін салып беруінде басымызға түскен барлық касіреттің өзекті қанды желісі жатыр...

Осы аға үрпактың екілінің бірі менің өзім де катты мәңгүрттеніп, ұлттық сананың оянуна байланысты есімді әрен әрі кешірек жидым. Голощекин ұстанған саясаттың көздеғен мақсаты негізінде мен өз замандастарым сияқты қазақ әліппесінің ауысуна байланысты өзіме дейінгі үрпактың ой казынасын оқып білуден макұрым қалдым. Мен есе келе мәселеге сын қөзімен қарайтын деңгейге жетсем де бәрібір мен жазған ғылыми, публицистикалық еңбектерде мәңгүрттіктің рухани табы анданған кісіге байқалып тұратынын өзім де іштей сезінемін.

Табиғи жолмен сақталып, дамып келген бұл рухани дәстүрлі жалғастықтың бұзылу себебі қайда жатыр деген сұрақ алдымызға койылып, оның себебін танып білуге назар аудармай тұра алмаймыз. Бұл мәселе, әсіресе, ұлттық әдебиет саласында орын алған асыра сілтеу заманында анық белгі беріп жатты.

Ал, енді XX ғасыр ішіндегі қазақ елінің алғашқы буын өкілі яғни ата буын өкілдері (мысалы 75 пен 100 жас арасындағы өкіл Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Әуезов т.б.), одан кейінгі екінші буыны яғни аға буын өкілдері (50 мен 75 жас аралығындағы Э.Әлімжанов, С.Жұнісов, О.Сүлейменов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Ғ.Қайырбеков т.б.), үшінші буын яғни 25 пен 50 жас аралығындағы орта буын өкілдері, ал ең соңғы буынға жататын 25 жасқа дейінгі жаңа буын жас толқын арасындағы рухани ұлттық дәстүрдің жалғастық таппай қалуынан орны толмас аса ауыр касіретін шегіп отырмыз.

Бүгінгі аға үрпактан басталған жаппай мәңгүрттенудің ең соңғы үрпактарға дейін созылып келуінде қандай себеп бар? Оның төркіні қайда жатыр? Осыларды жете танып білмейінше, XX ғасыр ішіндегі ұлттық әдебиет тарихында болып өткен әр түрлі рухани құбылыстардың астарын дәл танып, саяси-әлеуметтік себептерін толық біліп анықтай алмаймыз.

Бұл құбылыстың түп-тамыры Ресей империясы мен оның мұрагеріне айналған Кеңес үкіметі жүргізген әділестіз ұлттық саясаттың астарында жатыр. Отаршыл Ресей империясы өзі жауап отарлаған Түркістан өлкесіндегі халықтарды шоқындырып орыстандыру саясатын мемлекеттік саясат деңгейіне көтерді. Осы мақсатқа жету үшін аямай жомарт-

тықпен қаржы бөліп, миссионерлік ұйымдарды қоздатты. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бұл аса жауапты жұмысты атакты профессорлар Ильминский, Алекторов, Остроумов тәрізді миссионер ғалымдарға тапсырыды. Олар қазақ елін шоқындырып орыстандырудың ең колайлы төрт түрлі ұрымтал жолын пайдаланудың идеологиялық құрес жолын алдымен колға алғандар болатын.

Олар, біріншіден, қазақ жастарын тек аралас мектептерде (орыс-түзем мектептері) оқыту арқылы ұлттық санасын өшіріп, алдымен, жастардың тарихи жадын шайып мәңгүрттендерді жолына шешуші мән бере қарады. Миссионер ғалымдар орыстандырудың басты кілті аралас мектеп түрінде жатыр деген танымды ұстанды. Осы танымды кеңестік идеологиялар аралас мектеп – халықтар достығын нығайтатын идеологиялық құрал деп қарады. Қазақстан Оку министрінің орынбасары Шербаков Қазакстандағы аралас мектептер халықтар достығын нығайтуда тәлім-тәрбие беру жұмысының ең өзекті мәселе екендігі жайында кандидаттық диссертация корғады. Бұл «ғылымсымақ» диссертацияның корғалуына жазушылар С.Мұқанов, Б.Момышұлы т.б. тікелей қарсылық білдірді. Ғылыми кеңесте С.Мұқанов қатты сынап сөйлесе, Б.Момышұлы Сәбене берген хатында: «Сәке! Мен ойланып ҚазПИ-дің бүгінгі жиналысына бармайтын шешімге келдім. Бір жаман орысқа құллі қазақ шуылдап, жабысу бізге жарапайды. Адамды өлтіру үшін бір-ақ оқ керек. Сіздің сөзізіге көсімшаш – том 24, 154-155-бет В.И.Ленин: «У нас например, при комиссариате просвещения или около него есть коммунисты, которые говорят: Единая школа, поэтому не смей учить на другом языке, кроме русского по-моему такой коммунист это-велико-русский шовинист. Он сидит во многих из нас. С ним надо бороться, их надо убрать с пути просвещения», – дейді В.И.Ленин» – деп жазуы арқылы өз қарсылығының төркіні қайда жатқанын мәнзеп өтеді.

Бүгінде тәуелсіз Қазақстанның Білім, ғылым министрлігі осы кертарапта танымға қарсы құрес жүргізуінде орнына соның артынан мұрның тескен тайлақтай елпектей еріп келе жатқанын көргенде сүйінесің бе, күйінесің бе? Қазакстандағы екі мыңдан астам аралас мектептер өмір сүріп тұрғанда жас буын жаңа үрпактың мемлекеттік тілді менгеруі еki талай. Бұл мектепте оқытын қазақ балалары орыстандырудың классикалық жолынан өтіп жатқаны Білім-ғылым министрлігінің санасына кіріп те шықпайды! Не деген танымсыздық, не деген керенаулық?..

Екіншіден, қазақ жастарының халықтық тарихи жадын жойып, ұлттық-дәстүрінен қол үздіру үшін қазақ халқының он ғасыр бойы колданып, мұсылмандық, ұлттық дүниетанымын қалыптастырудың негізін қалаған араб жазу таңбасын әуелі латын (1930 жылы) таңбасына,

артынша 1940 жылы бірден орыс жазу таңбасына ауыстыру арқылы халықтың тарихи жадын шаю сиякты аса нәзік саясат арқылы өткен тарихын білуден мұлдем мақұрым қалдыруды көздеді. Голошекин мен Сталиннің ұстанымы өз «жемісін» токтаусыз түрде беріп жатты. Осы себепті түрік халықтарының ортак жазу таңбасы мен ортак емлеке негізделіп әрі түрік халықтарының рухани тұтастығын сактаудың кілтіне айналған түрік халықтарына ортак араб жазу таңбасын істен шығаруды саяси идеологиялық мақсат ретінде ұстанды. Бірак орталық осы саясатын қазактардан шықкан солшыл танымдағы қоғам қайраткерлері мен сатымсак ғалымдарының қолымен жүзеге асырған айлакерлік саясаттың кулығына құрық бойламайтын жағына да назар салмақ керек. Бұл саяси мақсатты қазақ зиялышарын бір-біріне қарсы қойып, солардың солшыл ұраншыл тобының қолымен жүзеге асырып жатты.

Ушіншіден, Ресей империясы түрік антропонимдерінің орнына біртіндел орыс, европа антропонимдерін шым-шымдаң сіндіру амалын іске кости. Бөгде халықтар антропонимін тұтынған қазақ олардың идеясы мен рухын өл-өлгенше насиҳаттайтын ұлттық рухы өлген тіл алғыш нағыз мәңгүрттің өзі болып шығады. Бұл жолды Қенес үкіметі халықтар достығы деген жалған ұранды жамыла отырып, аса шебер тәсілдермен жүзеге асырып келді. Ұлттық санастың әлсіз халық бұл мәселеге мән бермей тез бой алдырады. Ал, отаршылдық ұлы державалық санасты жетілген халықтар бұл құбылышка айрықша мен бере қараған. Осы себепті қазақ ішінде сан ғасырлар бойы аралас тұрган орыс қоғамының ең төменгі сатысындағы топтың өкілі саналатын маскүнемдерді (алқачтары) мен ұры-қарылардың бір де бірі өз баласына қазақ атын қоюға аяғын аттап басқан емес. Іздесен де ырымға бірін таба алмайсын.

Төртіншіден, халықтың тарихи санасы мен халықтық жадының сақталуына рухани нәр беріп жандандырып тұратын бір өнікті рухани бұлак көзі – «ел тарихы – жер тарихына» аяусыз катыгездікпен қол салуында жатыр. Халықтық топонимдер орнына саналы түрде отаршылдық, тоталитарлық топонимдерді қаптатты. Мұндағы мақсаты да жергілікті халықты тарихи жадынан жаңылдырып өткендегі ата-дәстүрін ұмыттыру арқылы құлдық санаға түсіру әрекетін көздеді. Қазақ жерінің жартысынан астамы орыс тілді елді мекен, жер атауларымен аталаған шұбарларып кетуінің сыры да осы мақсаттың жүзеге аса бастауының айғағы болатын-ды. Ресей жерінде патшалық заманда да, қенестік дәуірде де қазақ топонимімен аталағын елді мекен жер атауларының мұлде болмауы көп мәселенің сырын ашық аңғартып тұрады. Мысалы, бір кезде Қазақстанның астанасы болған Орынбор қаласында казақша ырым үшін бір көшө атының болмауы – көп нәрсенің сырын ашып айғақтап тұр.

Осындай отаршылдық саясаттың тарихын өз басынан өткізгендердің бірі атакты жазушымыз Ә.Нұрпейісовтің Халықаралық ПЕН клубтың Берлинде өткен конгресінде ашына сөйлеп: «...сол совет дәуірі үстемдік құрып тұрган шакта ол өзінің бүкіл идеологиялық күш қуатын соншалық бір рахымсыз қаталдықпен аз ұлттар тілін түп-тамырымен құртуға жұмсағаны белгілі. Тіл құрыса – ұлт құриды. Ал ұлт құрыса – ұлттық мәдениет те, ұлттық дәстүр де, ұлттық сана-сезімде түгелдей құрып, дүниеге тегі, дәстүрі белгісіз бір қасиетсіз халық келетініне совет идеологиясы кәміл білді. Сөйтіп, бұрын-сөнді жер бетінде болып көрмеген, ешқандай ұлттық насліл белгісіз, ешбір Құдайга, дінге сенбейтін, ата-тегі беймәлім ұрпак – қенес адамы деген жаңа адам жасап шығаруды қолға алды» (Ана тілі, 22.06.2006), – деп жазуында Қенестік жалған идеологияның сырын әшкөрелейтін аса мәнді шындық жатыр. Л.И.Брежнев билігі кезінде орталықтың бірыңғай қенес адамын жасау туралы саяси әрекеті бүгінгі аға ұрпактың көз алдында өтіп жатты. Осы саясаттың аса қатерлі лебін сезінген көреген жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Кассандро таңбасы» романындағы мәңгүрт ұрпак жасау жолындағы орталықтың саяси мақсатын шеберлікпен әшкөрелей суреттеуінде осы ұстанған империялық шовинистік астам саясаттың алысты көздеген адамзат атаулыға жат мақсатын суреттеуде өмірде болған шындықтың аясы шындығы негізге алынған еді.

Бүкіл түрік халықтарының, оның ішінде түрік халықтарының қара шашырагын иеленіп отырган бүгінгі қазақ елінің ту баста қалыптасқан ата-салты, әдет-ғұрпы мен ұлттық дүниетанымы, яғни, рухани бар болмысы тарихтың алапат тарту қуаты орасан зор үш түрлі іірімінде шыркөбелек айналып түбірлі өзгерістерге ұшыраса да, ата-бабаларымыз жан беріп, жан алысып жүріп өзінің тума рухани болмысын сактап қалған таңғажайып ерлігін тарих ананың өзі де айғақтауда (Мурад Аджи. «Европа, Тюрки, Великая степь». Москва, 2004).

Тарихтың бірінші іірімінде қытаймен бетпе-бет келген ғұндар мен түрік қағанаттары бірде женіліп жүріп тарихтың қатерлі сапырылышына түссе де, табиғи болмысы мен рухани әлемін бастапқы табиғи қалпында сақтап қалды. Тіл, ділі, діні де мұқалмай таза табиғи қалпында келесі ұрпак қолына жетті.

Түрік халықтарының тағдырына тұс келген тарихтың алапат тарту күші соншалықты орасан зор болған екінші ііріміне ұзак уақытқа түсken, яғни VIII ғасырдан XVIII ғасыр аралығында өткен мың жылдықтарғы сапырылышта дүниетанымы мен рухани әлемі жағынан түбірлі өзгерістерге ұшырап жатты. Діні жағынан Қектәнірлік ата діннен мұсылмандық дінге өтіп, дүниетанымдық әлемінде де елеулі өзгерістер болып, орта

ғасырлық көркем туындыларында анық белгі беріп жатты. Тілі жағынан да бұрынғы табиғи тіл болмысы араб-парсы тілінің тегеуірінді ықпалына түсіп, тіпті, «көг» (бармак уәзінін) өлең өлшемінен арабтан келген гаруз (мәт) уәзініне көше бастады. Түрік поэзиясының ұлы классиктері ана тілі үшін құрессе де, өлеңдерін осы жат уәзін өлшеміне салуға мәжбүр болды. Осы себепті де өзбек ғалымы Фитрат «түрік тілі дүниедегі ең бай көркем тіл, бірақ бақытсыз тіл» деген ой байланына келуі жәй нәрсе емес. Бұл аса ауыр баға болса да, оны тілдегі шындық айттырып отыр. Бұл дертең бір кезде казак тілі де шалынды, бірақ табиғи калпы құشتі болуы себепті өз болмысын таза құйінде сактаған калды. Өйткені қазак тіліндегі үндестік (сингармонизм) занының құشتі болып келуі қазак тіліне көптеп енген араб-парсы сөздерін өз бойына сініріп, қазақыландырып жіберуі – тіл тазалығының табиғатында жатты. Осы себепті қазак поэзиясына гаруз (мәт) уәзіні үстемдік жасай алмады, бұған дәрмені де жете бермеді. Осынан байланысты қазак поэзиясында о баста ата-бабалардың ақындық өнері қалыптастырыған «көг» уәзіні (бармак уәзіні) зар құйінде сакталып бүгінге дейін дәстүрлік жалғастықпен дамытылып келеді.

Тағдырымызды шырайландырыған ең қасіретті тарихтың сұрапылды дауылы үшінші алапат ірімі бұрынғы Тұранды, яғни кейінгі Түркістан өлкесін жайлайған барлық түрік халықтарының тарихи тағдырын таразыға тартқан европалықтармен бетпе-бет келуімізде ұшырасты. Бұқіл түрік халықтарының тағдыры XVII ғасырдан дәл бүгінгे дейін осы айрықша ерекшелігі бар тарихтың алапат үшінші ірімінде шешіліп келеді. Бұл тарихи үшінші ірімінің тарту құші босаңсып, мұлде ешу кезені жеткенше, біздің түрік халықтарының тағдыры осы ірімінің тартылу орталығындағы шырқөбелек айналасынан шыға алмайды, әзірше тағдыры да сол ірімде шешіле бермек... Бұл үшінші алапат ірімінің де бүгінде арқауы босаңсып, тарту өрісі тарылып келеді. XXI ғасырдың ортасы мен аятында бұқіл әлемдік тарту құші алапат тарихи ірімінің Қытай империясы маңында пайда болатын түрі бар. Барлық түрік халықтарының келешек тағдыры да осы төртінші тарихи алапат ірімінің шенберіне тартаулыу себепті тағдыры шешілер болашағымыздың камын осы бастап ойланған бастау – шешуші міндеттімізге айналма...

Бұл жеке дара атап отырған тарихтың үшінші ірімі бізге, түрік халықтарына не берді, тағдырының қандай сыйбағасын ұсынды деген күрделі сұраққа назар аудартады. Бұл ірімінің басында XVII ғасырдан бастап Ресей империясы тұрды. Оның басты саяси мақсаты түрік халықтарының жерін жетілген кару құшімен түгел жаулап алуша жатты. Қашан түрік халықтарының бәрі бодандық камытын мойнына ілген сон, олардың рухани әлеміне еніп, біртіндең шоқындырып, орыстандырып жіберу мақсаты мемлекеттік саясат ретінде алға койылды. Бұл міндетті

Ресей патшалығы асықпай жағдайға қарай отырып, алдымен, халықтың тарихи жадын шаю, ұлттық санасын өшіру, дінін, ділін және тіліне шабуыл жасау арқылы шетке қағу, реті келсе оларды саяси бір текті орыстық әлеуметтік организмге айналдырып жіберу әрекетін үздіксіз жүргізіп отырды.

Әр түрлі саяси амалдарды колданумен түрік халықтарының тарихи жадын шаю арқылы олардың тілін, ділін, ұлттық рухани салт-санасы мен әдет-ғұрыптарын ескіліктің, байшылдық феодалдың санаңың қалдығы деп терістеу арқылы мәнгүрттік қалыпта түсіруді көзdedі. Бұл саясаттыңшешуші кілті – ғасырлар бойы қалыптасан халықтың ұрпактар алмасуындағы тұрақты рухани дәстүріндегі жалғастықтың өзекті жібін зорлықпен ұзуінде жатыр. Бұл түрік халықтарының XX ғасыр ішіндегі ең басты орны толmas тариха қасіретіне айналды.

Бұл тарихи қасіреттің ең ауыр қайталанбас тарихи «сыбағасы» толық мағынада мәнгүрттенген бүгінгі аға ұрпақ өкілдеріне (50 мен 70 жас аралығындағы) тартылды. Міне, бұл қасіретті сыйбагамен қазіргі орта буын (25 пен 50 жас аралығы) мен 25 жасқа дейінгі жас буын да уланып, дерттеніп отыр.

Ендігі жердегі біздің басты ұлттық мақсатымыз – ата буыннан қалған рухани ұлттық қалпының шындығында бастыл да сенімді түрде алға жылжи беру.

Жогарыда баяндалған тариха жағдайларды назарда ұстай отырып, Кеңестік дәүірдегі қазак совет әдебиеті тарихын жүйелеген тұста өмірдегі шындығты негізге алу арқылы баяндау қажеттілігі уақыт талабына сайын көзімен саралтай отырып ойлы көзбен екшій отырып сұрыптау міндегі алға койылуда. Кеңестік дәүірде жазылған барлық жанрдағы көркем өнер атаулы туындыларының негізгі бағыты әдебиеттің таптығы мен партиялылығы тұрғысынан койылатын социалистік реализм талағына негізделді. Ақын-жазушылардың туындыларының басты тақырыбы колхоз, совхоз, өндіріс маңайынан ұзап шыға алмай өмір шындығын суреттеу жасандылыққа ұрынды. Қай жанрда жазылса да шығарма тақырыбы шамадан тыс саясаттандырылды. Бұл талап гуманитарлық ғылыминың барлық салаларын да тұтас қамтыды. Әсіресе, қазак әдебиеті тарихын зерттеу саласында бұл талап асыра орындалып жатты. Мысалы, бір ғана абайтану саласында ұлы ақын мұрасын танып білудегі зерттеу тақырыптары шектен тыс саясаттандырылған «Абайтану тарихында» анық көрініп тұрады.

Бүгінгі күн тақырыбына сай жазылып саясаттың биін билеген ақын-жазушылардың «бабы» жанды. Ал, тарихи тақырып пен ұлттық дәстүрді жанама түрде жүқалап болса да сөз еткен шығармалардың жолы болмады. Тіпті, авторлары қуғындалып, үр да жық солақай большевиктік сыйның

астында бұқпалап өмір сүрге мәжбүрленді. Мысалы, XX ғасырдың ұлы жазушысы атанған М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының өзі аяусыз солақай сынның астында қалып, оның кей тарауларын еркісіз түбірлі өзгерістерге түсіріп, жаңадан тараулар қосып кайта жазуға алып келді. Бауыржан Момышұлының алғашкы туындысы «Наша семья» романы 1947 жылы жазылып бітсе де, он жылға жуық Қазақстанда басылым көрмей әрекеттегі Ресейдің алыстағы бір шеткегі облысында 1956 жылы жариялануы көп нәрсениң сырын ангартса керекті...

Ендігі кезекте кенестік дәуірдегі казак совет әдебиетін студенттер мен мектеп оқушыларына оқыту үшін жазылатын жана оқулыктарға енетін ақын-жазушылар мен драматургтердің туындысына мүлде жаңаша уақыт талабы койылмак. Шешуші талап – өз шығармаларында халықтың тарихи жадын жаңғыртып, ұлттық санаасын оятуға ұмтылған қаламгерлерге ғана айқара жол ашылмақ. Ал, кенестік әдебиетте саясаттанған шығармалар жазып, атак-данқ қашшалыкты мадакқа бөлөнсө де, жоғарыда койылған талапка жауп бере алмауы себепті, оларды енді оқулыктарға тоғыта беруден бойды аулак ұстай – заман талабына айналғанда бастауымен есептесетін уақыт жеткенін ұғыну ләзім.

IX. Тәуелсіздік заманындағы жаңа әдебиет 1991 жылдан бергі кезеңді қамтиды. Тәуелсіз заманың жаңа көркем өнер мен әдебиетін барлық жарында ұлттық руха бөлөнген ұлттық сана түрғысынан үн қата бастады. Түрік Республикасының астанасы Анкарада түрік тілінде тұнғыш рет басылым көрген «Қазақ әдебиеті тарихының антологиясына» енген қазақ ақын-жазушыларының туындылары да заман талабына сай іріктеліп берілуі мәселенің кай түрғыдан койылып отырғанын айғақтайды.

Көркем өнер мен әдебиет – жастардың елін, жерін, ұлттық сана-сана, әдет-ғұрыпын, өткен тарихын сүйіп өсуге тәрбиелеудің тендеусіз өткір құралы. Бұл құралды бүгінгі күннің рухани сұранысына сай пайдалануға айрықша мән беру – алдымызға ауқымы мол талаптар койып отыр.

Ой түйін.

Мақаладан негізгі ой-түйіндерді тезис түрінде жазып, әр тезиске өз көзқарасызызды білдіріп кестені толтырыңыз.

Мақаладан үзінді	Өз пікірім...

12-ТАҚЫРЫП

Тапсырма.

1. Ғалым зерттеуінде қандай ғылыми талдау әдістерін колданған? Қазақ өлең құрылышындағы басты ерекшелік ретінде қандай тілдік зандылықтарды атайды? Не себепті деп ойлайсыз? Өз пікіріңізді дәлелдеп айтып беріңіз.
2. Силлабикалық өлең құрылышында байланысты ғалымның пікірін негізден, қазақ өлең жүйесінің ерекшелігін ашып ғылыми талау жасаңыз.
3. Қазақ өлең құрылыш-жүйесі туралы жазылған басқа да отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін пайдаланып «Қазіргі қазақ өлең құрылышы» деген тақырыпта зерттеу жасаңыз. Зерттеуде тоуелсіздік алғаннан кейінгі қазіргі қазақ өлеңдерінен мысалдар көлтіріңіз.

3. АХМЕТОВ ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ ҚҰРЫЛЫС-ЖҮЙЕСІ

Өлең сөз адамға өзінің ішкі мазмұнымен, суреттілігімен, бейнелілік мәнімен ғана емес, айтылу қалпы, әсем үнділігімен де әсер етеді. Сөздің ұғым-түсінік беретін мәнін, бейнелі мағынасын оның өлеңдегі ырғак-үнділігі, әуезділігі сан түрлі рең беріп толықтыра түседі. Тіпті өлеңді сөйлемпейтін, іштей оқығанда да, оның үні, әуезділігі, ырғак-интонациясы адам жанына қалай да әсерін тигізбей қоймайды. Мұны қандай ақын болсын тәжірибе жүзінде-ақ анық байқайды, сондыктан олар өлең сөздің Абай айтқандай, «*тілге жеңіл, жүрекке жылы тиін*», «*айналасы тен-тегіс, жұмыр*» келуін өз қадырынша құннттайды. Әрине, өлең сөздің ырғағын мөлшерден тыс өрнектеп, дыбыс үндестігін бірыңғай куып кетуге де болмайды. Бұл міндет өлең сөздің барлық мүмкіншілігін, мағыналық, бейнелілік, ырғак-интонациялық, дыбыстық байлығын бір-бірімен сабактас, жалғас алып пайдаланғанда, көркем түрді мазмұнға бағындыра білгенде ғана толық, дұрыс жүзеге асады.

Өлең сөздің қара сөзден құрылыш жағынан айырмасы онда мөлшерлі ырғак болады. Қара сөзде де бола беретін, сөйлем не сөйлемшелердің біткен жеріндегі тыныс алу, дауыс толқынының құбылып, өзгеріп, тиянақталып отыруынан туатын ырғак қана емес. Өлең сөзге тән өлшемділікten туатын, өлеңнің өзінде ғана болатын ырғак яғни өлең ырғағы – поэзияның өз еншісіне тиғен сипат, өлең сөзде белгілі, қалыптасқан өлшем, өрнекті

сактаудан туатын, әрбір өлең тармағының көлемінде мөлшерлі шек болатындықтан туатын ырғак. Алайда, бұдан өлеңнің құрылыш-жүйесін танып-білудің өлшемдердін, ерекшелігін, нақыш-өрнекін зерттеп, бажай-лап талдаудың қажеті аз деген ұғым тумау керек. Өлең құрылышының теориясын қанша білгенмен, ол өлең жазуға көмекші бола алмайды, себі тимейді деген пікір жиі айтады. Ән-күйді де тек музыканың теориясына ғана сүйеніп шығармайтыны белгілі, сондай-ақ грамматиканы білмей де жаксы сөйлеуге болатыны мәлім. Тіл құрылышын, заңдарын зерттеп-білу негізінде ғана асқан шешен болып кету мүмкін емес екені де талассыз. Осының бәрінен музыканың, тілдің, өлеңнің теориясын зерттеу, білудің керегі шамалы деген қорытынды шығаруға бола ма? Не нәрсені болсын сезім арқылы, соның ішінде ақынша көркем сезім арқылы қабылдап түсіну бар да, ғылыми-теориялық жолмен таратып-талда, ұғып-білу бар.

Терендеп зерттеп, ұға білсе, өлең құрылышында, өлеңнің өлшем-өрнектерінде халықтың творчестволық-жасампаздық кабілетінің шек-сіздігін, эстетикалық-көркемдік талабын жоғары танытатын ғажап сырлар мол. Өлең сөздің табигаты, оның кара сөзден болек, мөлшерлі ырғак, өрнегі болатыны, осындай өлшеуліліктің сырьы, қажеттілігі жайлы талай ғалым-зерттеушілер, әдебиетші-ойшылдар пікір козғаған. Кейбір әдебиетші, жазушылардың құнделікті сөйлеу тілінің қалпын өзгертудің, өлшеулі тармак, шумак, үйқастарды қолданып, өлең сөздің ырғағын екеп, белгілі шенберден шығармай қоюдың қандай қажеті бар деп шүбәланған кездері де жок емес. Салтыков-Щедриннің мынандай белгілі сөзі бар: «Еркін, табиғи қалпында сөйлемей, құндіз-тұні сөзді бір өлшемге келтіріп, үйлестіремін деп бас қатыруды дені дұрыс адамның істейтін ісі деуге болар ма екен? Мұның өзі адамша жүрмей, аркан тар-тып, соның үстімен шайқалақтап басып жүру секілді ғой». Осыған ұқсас пікір Л.Н.Толстой сөздерінде де кездесіп отырады. Кейде ол үзілдікесілді тұжырым да айтады: «Сөз адамның ойын, шындықты білдіріп, рухын танытатындықтан, ол өте маңызды нәрсе, ал енді оған әкеліп өлшем, ырғак, үйқасты кіргізуға тырысу, сөйтіп сөздің айқындығы мен қарапайымдылығына нұқсан келтіру сөздің қадірін кетірушілік және мұның өзі сокамен жер жыртып келе жатып, би билеп, түзу жүрмеу секілді жөнсіз қылых», – дейді.

Өлең жүйесі тіл құрылышына негізделе отырып, мүлде жана сапа, қасиетке ие болады. Өлең сөздің өзіне ғана тән белгілі заңдары қалыптаскан. Сөздерді буын санына қарай қолдану, мөлшерлі буын сактау өлеңде ғана бар, ал қара сөзде мұндай заңдылық жок. Өлең сөздегі кейбір қарапайым ырғак-өрнектер жай сөйлеу тілінде де кездесетіні болады,

бірақ күрделі өлең өрнектері сейлеу тілінде дайын қалпында көзге түспейді. Өлең құрылышының, өрнектерінің әртүрлі қырлары, әр сатылы сипаттары бар. Олардың тілмен қатынасы да біркелкі емес. Үйқастың құрылышы тілдің дыбыстық құрылышымен, ал үйқастың кезектесу реті тілдің синтаксистік құрылышымен көбірек байланысты. Орыс поэзиясы мен қазақ поэзиясындағы үйқастың дыбыстық құрылышы мүлде болек болып келеді. Үйқастың кезектесу реті кейде бір-бірімен жақын бола береді. Мысалы, *шалыс үйқас* – аbab орыс поэзиясында да, қазақ поэзиясында да (әсіресе аса ұзын емес тармактарда) көп колданылады.

Өлең өлшемдері ақынның алдына белгілі талаптар қоятыны рас, бірақ ол талаптарды кол байлайтын, кедергі келтіретін тоскауыл деп түсінбеу керек. Керісінше, өлшем-өрнектер қисынымен шебер қолданылса, өлең сөз әуезділігін арттыруға себепші құрал бола алады, өйткені өлеңнің өлшемдері сырттан пішіп, өлең сөзге әкеп кіргізе салған үлгілер емес. Олар сөздің өзінде көп кездесетін ырғак-үлгілердің ең ұтымды, ықшамдыларын іріктең екшеу, таңдау, жинақтап, жүйеге салып, өндеп-толықтыру, орнықтыру негізінде қалыптаскан. Шығармада қолданылатын өлшемді, оның құрылыш-кестесіне сәйкес туатын өлең ырғағын өлең сөздегі сан құбылып тұратын дауыс толқынының негізгі арқауы деп қару керек. Белгілі өлшеммен жазылған өлеңнің өзіндік ырғағы, әуенділік сипаты болғанымен, олар дауыстың, үннің мазмұн-мағына, сезім-әсер байлығына сай түрленіп, еркін өзгеріп отырады.

Қай елдің поэзиясында болсын өлеңдегі ырғакты туғызатын өлең сөздің қайталаңып келіп отыратын мөлшерлі бөлшектері десек, қазақ поэзиясында ырғак туғызатын өлең сөздің буын саны тұрақты бөлшектері. Осындай бөлшектердің негізгісі, бастысы – *тармак яғни өлең жолы*.

Өлеңді сөзді оқып, айтып қарағанда тармактың өлшеулі шегі бар екені ерекше көзге түседі. Тармактың бірлік-тұтастық тауып, оқшаулаңып, бөлініп тұратыны тегін емес. Оның шегі берік сакталып, өрнегі үнемі қайталаңып отырады. Әрбір тармак көбінесе тиянақты ойды не оның бір түйін-тарауын білдіреді, дауыс толқыны, сөйлем құрылышы жағынан да бөлекше болады. Ал тармакты бунаққа бөлу ырғактық жағынан анық болғанымен, *синтаксистік* (сөйлем құрылышы), *интонациялық* (дауыс толқыны) жағынан көзге түсे бермейді. Шумактың құрылышы тармактар төрт-терттеп топтасса да не алты-алтыдан топтасса да, көбіне өлең сөздің интонациялық, синтаксистік ерекшеліктеріне сәйкестелініп алынады.

Өлең өлшемдері әдетте тармактағы буын санына қарап ажыратылады. Мысалы, 11 буынды өлең, 6 буынды өлең, 7-8 буынды жыр өлшемі, т.б. Тармак ішінде өлең ырғағын белгілейтін, дәлдеп анықтайтын – бунақ. Ырғакты қүштейтіп, толыктыра түсетіндер – *шумак, үйқас*.

Қазак поэзиясында өлең ырғағының тірегі – буын. Үргак буын санымен өлшенеді, сондыктан қазак өлеңі *силлабикалық* (силлабо – грекше буын деген сөз) жүйеге жатады. Буын санына негізделетін силлабикалық өлең жүйесі қазак поэзиясында басқа түркі тілдес қырығыз, өзбек, татар, түрікмен, әзербайжан, башқұрт секілді халықтардың тілінде, сонымен бірге француз, чех сияқты халықтардың тілінде де қолданылады.

Буын силлабикадан басқа жүйедегі өлең құрылышында да ескеріледі, бірақ оларда ырғакты силлабикалық өлеңдегідей, қазак өлеңдегідей, буын саны, буынның аз, көбі тұғызбайды. Тоникалық өлеңде екпінді буындарға есепке алынса, силлабикалық-тоникалық өлең екпінді буын мен екпінсіз буындардың белгігі ретпен алмасуына, *метрикалық* өлең созылып айтылатын буындар мен қыска буындардың алмасуына негізделеді. Силлабикалық өлең жүйесінде буынның бәрі ырғактық сапасы, сипаты жағынан тең саналады, мұнда өлең ырғағын туғызатын да, ол ырғактың қандайлығын анықтайтын да буын саны болады. Сондыктан силлабикалық өлең жүйесін, соның ішінде қазак өлең құрылышын буынға негізделген деу әбден дұрыс.

Силлабикалық өлең жүйесінде буындардың өлең ырғағын туғызуға, белгілеуге қатысы, қызметі біркелкі сипат алуы, әрине, тіл құрылышының түпкі, түбекейлі ерекшелігімен терең байланысты. Қазак тілінде екпінді буын мен екпінсіз буын арасында орыс тіліндегідей немесе басқа тілдердегідей зор айырма жок. Орыс тілінде екпінді буын айрықша көтерінкі, неғұрлым құштірек айтылса, екпінсіз буын әлдекайда бәсек, әлсіз айтылады. (Ал араб, парсы тілдерінде созылынқы дауысты дыбыс қыска дауысты дыбыспен салыстырғанда екі есе ұзақ айтылады да, өлеңде бір ұзын буын екі қыска буынға тең болады).

Қазак өлең жүйесінің орыс поэзиясындағы силлабикалық-тоникалық өлеңнен өзгешелігін белгілейтін тек қазак тіліндегі екпіннің орыс тіліндегідей аса құшті болмауы ғана емес. Сондай-ақ, қазак тілінде екпіннің орыс тіліндегідей жылжымалы емес, тұракты, көбінше сөздің соңғы буынына түстенін де басты айырмашылық деп қарауға болмайды. Қазак тіліне орыс тіліндегідей екпінді буынды ерекше күшпен, ал екпінсіз буынды әлсірептіп, тым бәсек айту тән нәрсе емес. Мұның, сөзсіз, үлкен мәні бар. Ал буынның дыбыстық құрамын алсак, бір буында бір дауысты дыбыска қоса көбінесе бір не екі дауыссыз дыбыс болады, үш дауыссыз дыбыс болуы өте сирек. Катарынан екі дауыссыз дыбыс келуі де кемде-кем және кейінгі кездерде кірген сөздер болмаса, мұның өзі де буынның басында емес, тек сонында, аяғында ғана кездеседі. Қазак өлеңінде барлық буындардың ырғактық сапасы жағынан бірыңғай, тең болуына себепші жағдайлар. Дауысты дыбыстың, сол себепті буынның, бәрі

де біркелкі айқын айтылатын, екпінді буын екпінсіз буынға қарағанда пәлендей оқшауланбайтын тілдерде өлең тармағында буынның аз-көптігі өзінен-өзі-ақ сезіліп тұратынын және осындағы тілдерде силлабикалық өлең жүйесін қолданудын, өзі бірден-бір қонымы, ұтымды, әрі өнімді деген пікірді кезінде В.Брюсов дәлелді айткан болатын. Ол силлабикалық өлеңнің мүмкіншіліктері орасан мол, бай екіндігін атап көрсеттіп, (силлабикалық өлең) басқа өлең жүйелерімен салыстырғанда өлең сөз ырғағын түрлендіру жағынан артып түседі деген.

Кейбір әдебиетшілер қазак өлеңінің силлабикалық жүйеге жататынын дәлелдегендеге қазак тілінде екпін үнемі соңғы буынға түседі дегенді тірек етіп келді. Қазак тіліндегі екпін орыс тіліндегідей сөздің басына, орта-сана, сонына да түсे беретін жылжымалы емес, көбінесе соңғы буынға түседі деуде әрине, кателік жок. Мұны жоғарыда біз де атап көрсеттік, бірақ осыған ғана сүйеніп өлең жүйесі жайлы байлам пікір айтудың ағат жері бар. Бұл ағаттық қазак тілі мен орыс тіліндегі екпіннің сөздегі орнын ғана ескеріп, сапасын ескермеуден, осы екі тілде екпіннің құші бірдей ме, жок па оған мән бермеуден туады. Орыс тіліндегі екпінді буынның екпін түспеген буынмен салыстырғанда айрықша көтерінкі, құшті естілуйінң барлық тілдерге бірдей тән құбылыс емес екені еске алынбайды. Осыдан келіп орыс тілінде екпін жылжымалы, тұрақсыз болғандықтан өлең әдette силлабикалық-тоникалық, жүйемен жазылады яғни екпінді буын мен екпінсіз буындардың алмасып отыруына негізделіп құрылады.

Қазак поэзиясында екпінді буын мен екпінсіз буындардың кезектесуіне негізделетін силлабикалық-тоникалық өлшемдер колдануға болады деген пікірде кисын жок дедік. Кейбір әдебиетшілер осыдан біраз бұрын поэзияда ете-мөте Абайдан бастап кең тараган буынды өлшемді, т.б. кейбір өлең өлшемдері силлабикалық-тоникалық өлшемдерге жатқызуға болады дейді. «Көзімнің қарасы» секілді 6 буынды өлеңнің тармағында екпін үнемі үшінші буын мен алтыншы буынға түседі дегенді тірек етеді. Сонда осы 6 буынды мен орыс поэзиясындағы екі екпінсіз буыннан кейін бір екпінді буын келіп отыратын (○○ – ○○ –) анапест өлшемімен жазылған алты буынды өлеңге сәйкес келеді деп түйіндеді.

Байытпап қарасақ, «Көзімнің қарасы» сияқты 6 буынды өлеңде екпін үнемі тармактағы үшінші буын мен алтыншы буынға ғана түсे бермейді, басқа буындарға да келіп отырады. Мысалы:

Жүректен қозғайын,

Әдептен өзбайын

Озі де білмей ме?

Көп сөйлеп созбайын.

Төмөндел қарайын,

Телміріп тұрмайын.

Бихабар жүргенсіп,

Бек катты сынаісын.

Сан кісі мұңайын,

Сабырмен шыдайын.

Күйемін, жанамын,

Еш ракым қылмайын.

Жалпы алганда, буынды өлшем қолданылған өлеңде екпіннің көп жағдайда шынында да үшінші буын мен алтыншы буынға түсетінін мойындамауга болмайды. Мысалы:

Кызырып, сұрланып, Аяңдап ақырын,
Лұпілдеп жүрегі. Жүрекпен алысып.
Өзгеден ұрланаң Сыбырын, тықырын
Өзд (i) өзі керегі. Көңілмен танысып.

Екі жүйедегі өлең күрілісінде осындай сырттай ұқсастық болған күнде де, жоғарыда айттылғандай үзілді-кесліді тұжырым жасау кале. Осы ұқсастық деп атап отырган орыс өлеңі мен казак өлеңіндегі ерекшеліктердің табиғаты, тегі мұлде бөлек. Қазак тіліндегі екпін мен орыс тіліндегі екпіннің сипаты, сапасы бірдей емес. Екпіннің әр тілде сипаты және аткаратын міндеті әртүрлі. Қазак тіліндегі екпін орыс тіліндегідегі айрықша күшті емес, екпінді буынның айтылуы мен екпінсіз буынның айтылуында орыс тіліндегідегі ыргак-интонациялық жағынан зор айырма жок. Қазак өлеңінде екпінді буындар орыс тіліндегідегі екпінсіз буындардан әлдекайда күшті болған күнде де, силлабикалық-тоникалық өлшемдер қолдану лайық келмейді. Себебі, біріншіден, казак тілінде екпін негізінен алганда сөздің соңғы буынына түсетіні белгілі. Бұған қоса өлең тармақтары бунаққа бөлінетін еске алсақ, бунақтың бірыңғай соңғы буыннанға ғана екпін күшті болып шығар еді. Мұндай біркелкілік жалықтыратыны өзінен-өзі айқын.

Буынды өлшем қолданылып жазылған, екпін үшінші және алтыншы буындарға түсіп отыратын орыс өлеңін алып каралық:

В том лесу соловей.
Громко песни поет.
Молодая вдова
В хуторочке живет.
(П.В.Кольцов)

Орыс өлеңінде екпін айрықша күшті болғандықтан, әр тармақты казак өлеңіндегідегі бунаққа бөлу яғни сөз берін сөздің арасындағы жігін тұрақты ету ынғайсыз. Себебі мұндай ретте бунақ өлең ыргағының біркелкілігін күштейте түсіп, женілдігін, икемділігін азайтпак. Әр тармағы бірнеше бунаққа бөлінетін қазак өлеңінде буындағы екпіннің күшті болып келуі тиімсіз.

Қазак поэзиясында екпінді буын мен екпінсіз буынның кезектесуіне негізделген бірлі-екілі силлабикалық-тоникалық, өлшемдерді қолдану мүмкін деп мойындасақ, осындай бір текстес қүріліс негізі бір өлшемдерді қолданып, басқаларын қолдануға болмайды деу де кисынды болмас еді. Силлабикалық өлең жүйесінде калыптаскан казак поэзия-

сына кейбір силлабикалық-тоникалық өлшемдерді де енгізуге болады деушілер орыс поэзиясында бір кезде силлабикалық өлең болды, кейін силлабикалық-тоникалық өлең орнында. Маяковскийден бастап тоникалық өлең кіре бастады дегенді тілге тиек етеді, бірақ мұның мәнісі тіпті басқа. Бұл – шартты түрде айтылатын жайт. Орыс өлеңі бір жүйеден екінші бір жүйеге аттай берген жоқ. Тілдің табиғатына, құрлысына сәйкес өлең жүйесін тастап, басқа бір жүйеге оп-опай аудиа беруге болады деу дұрыс емес.

Олең жүйесінде тілдің құрлысымен тығыз байланысты екенін М.Ломоносов бұдан екі жарым гасыр бұрын айткан. Орыстың халық өлеңі де, силлабикалық деп айтылып жүрген өлеңі де, силлабикалық-тоникалық, тоникалық дейтін өлеңі де негізінен алганда тоникалық, бір жүйедегі, өлеңдер. Тек осы негізгі бір өлең жүйесі әр заманда, әр кезеңде тарихи-әдеби дамуға байланысты әр қырынан өркендеген. Силлабикалық өлең дегені белгілі бір кезеңде өлеңде буын санына да мән беруге ұмытылғандықты ғана танытады (мұның өзі В.Белинский айтқандай, аса нәтижелі бола койған жоқ). Силлабикалық-тоникалық өлең буын саны мен екпінге негізделеді дегенді де белгілі мағынада ғана түсінуге болады, өйткені екпінді буынға екпінсіз буын қосымша болып топтасады. Бұл – негізгі шарт. Соңда буын саны туынды нәрсе ғана болып шығады, сондықтан екпінді буынмен топтаспай тұрған жекелеген екпінсіз буын есепке алына коймайды.

Маяковскийден бастап қанат жайған тоникалық өлеңді алсақ, орыс халық поэзиясында Некрасов сиякты ақындардың өлеңдерінде бұрыннан негізі салынған өрнек. Маяковский өлеңі бұрыннан белгілі өлшемдерді, әсіресе Пушкин, Лермонтов поэзиясында ерекше өркендер, қолданылып келе жатқан силлабикалық-тоникалық өлеңді жоққа шығармайды. Бұл өлең түрлері қүрілісі жағынан біртектес. Маяковский өлеңінің ең басты айырмасы мұнда өлеңді сөйлеу интонациясына барынша жақыннату талабы бар. Сол себепті өлең екпінді буынның тұрақтылығына негізделеді, екпінсіз буындар аз-көп болып, еркін топтаса береді. Оған қоса өлеңде синтаксистік-интонациялық жағынан көбірек оқшауланып, дербес тұрған қысқа сөйлемше, сөздерді қолдану, соған сәйкес өлең жолын бірнеше қысқа бөлшектерге болып тастау, тармақты қыскартып, *kidiric* (пауза) жасау, сөйлемнің ажырамайтын бөлшегін тармактан-тармакта тасымалдау тәсілдері жиі пайдаланылады.

Маяковский өлеңінің тәжірибесіне үңіле зейін салып, ұтымды жақтарын казак өлеңінің ерекшелігін ескере отырып, орнымен пайдалану эрине, маңызды, өте қажет нәрсе. Мұны поэзияда калыптасқан өлең жүйесін езгертіп-бұзы, оған басқа жүйедегі өлең өлшемдерін әкеп енгізу арқылы

емес, көрініше, ұлттық өлең құрылышының барлық мүмкіншілігін толығынан пайдалану арқылы ғана іске асады. Озық әдебиет әсері ұлттық әдебиеттің бар байлығының көзін теренде ашып, өркендете беруге себебі тиу арқылы көрінің заңды құбылыс. Басқа әдебиеттегі дайын ұлғи-өрнекті көп қиналып ізденбей-ак қазақ өлеңіне әкеліп қондыруға болады деуі дұрыс емес.

Осы айтылғанның дұрыс екендігін Абайдан бергі әсіресе, совет дауіріндегі әдебиетіміздің өркендеу тәжірибесі толық дәлелдейді. Абай Пушкин, Лермонтов поэзиясының ыргак-өрнек, интонациялық-синтаксистік құрылышындағы бірталай ұлғілердің қазақ поэзиясында өндеп, түрлендіріп, шебер пайдаланған. Сәкен, Илияс, Сәбит секілді ақындарымыз Маяковский поэзиясының ыргак-интонациялық байлығын еркін игеру арқылы қазақ өлеңін, оның өлшем, шумак, ұйқас түрлерін молықтырып, байта түсті.

Қазақ өлең жүйесінің өзінше бітімі болуы, ыргактың буынға негізделуі, тармақтың да буын санымен белгіленуі – мұның бәрі тілдің құрылышына, алдымен дыбыстық яғни фонетикалық құрылышына орай қалыптасқаны, тілдің табиғатынан туатыны талассыз. Тіпті ұйқастың құрылышы да буынға байланысты. Шумакта да тармақтың буындық құрамы еске алынады. Өлең құрылышының тұрақтылығы, басты заңдылығының негізгі өзгешеліктерінің ғасырлар бойы сакталып отыратыны да тіл табиғатымен терең тамырласып жатқандығынан. «Өлең құрылышы қаншалықты өзінше, бөлекше болса да, ол құрылыш тілмен тамырласып, жалғасып жатады, сол тілдің ұлттық сөйлеу калпынан тыс жерде кайталаңбайды. Поэзияның әрқашан ұлттық сипаты ең бір айқын көрінетін өнер болып қала беретіні осыдан», – дейді Б.В.Томашевский. Тілде сөздердің жаңа мағына алуы, соны сөздер косылып, толысып, сөз құрамының молығып отыруы жи кездесетін болса, тілдің құрылышы, әсіресе, дыбыстық құрылышы оп-оңай, санаулы уақыт ішінде айтартылғанда өзгере қоймайтыны белгілі.

Жеке өлең өрнектері (мысалы, алты тармақты шумак) бір кезде өте аз, ал белгілі бір уақыттан бастап әлдекайда жиірек қолданылады. Кейір ақындар өзінше өрнек тауып, өлең тармактарын тіпті бөлекше ретпен ұйқастыруды машық етуі ықтимал. Осы айтылған жаңалық, ізденулерге бағдарлап карасақ, қазақ өлең жүйесінің бұрыннан қалыптасқан негізгі заңдылықтарына сәйкес туатынын, өлең тілінің, көбіне-көп тілдің синтаксистік құрылышының бай мүмкіншіліктерін толығырақ пайдалану тілегінен туатынын көреміз. Өлең жүйесі негізінен тұрақты болатыны оның сарқылмайтын, мол мүмкіншіліктерін әдебиеттің дамуына, ондағы жеке жанрлық түрлердің орнығы, өрістеуіне орай әр жағынан, әр қырынан

алып, барған сайын негұрлым мол, жан-жақты пайдалануға болатынын жокка шығармайды.

Өлең құрылышының бай мүмкіншіліктері бір мезетте өзінен-өзі туа салмайды, мүмкіншіліктерді ақындар тарихи-қоғамдық өмірдің, әдебиеттің дамуына байланысты барған сайын кеңінен қамтып пайдалана береді. Айталық, ауыз әдебиеті, ондағы әпостық жыыр, толғау, терме, жақтау секілді жанрлардың дамуы, сұрып салып айту өнері мен өлең сөзді әуенмен термелеп айту әдісінің кеңінен құлаш жаюы өлең өрнектеріне тән бірталай сипат-ерекшеліктердің өрістеп, үдеуіне жол ашты. Мысалы, шұбыртпалы ұйқас түрінің поэзияда кеңінен орнықканың айтсак та жеткілікті.

Жазба әдебиеттің дамып, реалистік поэма, профессионалды лирикалық поэзияның түрлери бел алып, өсіу шумақ пен ұйқастың бірталай жаңа үлгілерін әкелді. Совет дәүірінде қазақ ақындары өлең ыргак-өрнектерінің бұрын жете ашылмаган мүмкіншіліктерін толығынан пайдалануға, өлең сөздің ыргак-интонациясын сөйлеу тіліне жақындана түсуге бет бұрды. Өлең құрылышының тіл табиғатына сәйкес болуы, оның үнемі дамып, жетіле түсіп, байып отыратындығының кеплі. Қазақ поэзиясының буынға негізделген силлабикалық өлең құрылышы жылдар бойы қалыптасып, шындалған, өрнектері мол өлең жүйесі. Бұл өрнектер, көп тараған 11 буынды, 7-8 буынды, тағы сондай өлшемдер тілдің өзіне тән серпінділік, екпінділікті, сөз бен сөзді шебер киоястырып байланыстығанда туатын жарасымды гармонияны бойына барынша толық сінірген. Поэзиядағы орнықкан өрнек-өлшемдер ұтымды қолданылғанда өлең сөзге бейне жан бітірерлікей әуезділік, келісімді, әрі ширақ ыргак дарытады, сөздің сыңғырлаған үнділігі мен әуенділігі, әсерлілігі мен көркі неғұрлым мол көрінуіне мүмкіндік береді.

Қазақ поэзиясында көп тараған өлең өлшемдерінің бір тобында барлық тармақтың буын саны бірдей болып келеді. Мысалы, 11 буынды өлең, 6 буынды өлең, бірақ барлық өлшемдерде өлең жолдары түгелдей буын саны жағынан тен болуы шарт емес. Мысалы, жыр өлеңінде тармактар 7 не 8 буынды болып келетіні белгілі. Ал тармактардың қай-қайсысының да буын саны тұрақты, әрі ыргак жағынан ұқсас сабактас. Сондыктан екі түрлі тармак еркін араласып, кезектесіп келе береді.

Қазақ поэзиясында ең көп қолданылатын өлең өлшемдері – 7 буынды, 7-8 буынды, 11 буынды, 6 буынды өлең, онан да қысқарап 4 буынды өлең сиректеу кездеседі. 14, 15 буынды өлеңдердің тармағы құрама болып келеді яғни 7 буынды екі тармактан, не 7, 8 буынды екі тармактан құралған болады. Қазақ поэзиясында ертеден 7 буынды, 7-8 буынды, 11 буынды екі-үш-ак түрлі өлшем болыпты деп комсына карауға ешбір негіз

жоқ. Жалғыз қазақ поэзиясында ғана емес, тіпті дүниежүзі халықтарының әдебиетінде де орын тепкен өлшемдер 7-8 буыннан 11 буынға дейінгі өлшемдер болған.

Тармактың көлемінде, мөлшерінде үлкен мән бар айталық, 4 буынды келте тармактар бірыңғай қолданғанда, сейлемді, сөйлемшелерді тым қыска-қыска құрап, интонациялық, синтаксистік құрылышы жағынан үзік-үзік етіп алуға тұра болады. Мұндай жағдайда ойды кеңінен толғап айту оңай емес, тармак көлемді, шұбаланқы болып келсе, оның ырғагы әлсіреп, жинақылық, ширактығы кеміді. Өлең өлшеміндегі тармакты, айталық, 7-8 буын, не 11 буын етіп көлемін шектеп алғанда осындаш шарттар ескерілгені күмәнсіз.

Ал осы аралықта 9 және 10 буынды тармактар бар емес пе, олар неге мол тарамаған деген сұрап тууы орынды. Тармактың ұзындығына, жалпы көлемінә қоса оның ішкі құрылышын қамтып карасақ, бұл сұрапқа жауап табамыз. Асылы, қазақ поэзиясында тармактың неше бунаққа және қандай бунаққа бөлінетінінде зор мән бар. Бұл пікірді мысалмен дәлелдейік. 11 буынды өлшемнің соңғы бунағы 3 буынды болып келген түрі (4 буын + 4 буын + 3 буын) революцияға дейін аз тарады, себебі мұндай өлең ауыз әдебиетіндегі әдет бойынша әуендетіп, әндептікіреп айтканда өлең ырғагы біркелкі естілетіндіктен.

10 буынды тармактың қазақ поэзиясында қолданылған жүрген түрінің бунақтық өрнегі билай келеді: 3 буын + 2 буын + 3 буын + 2 буын. Мұнда бунақтар ұсақтау және көpteу, сондықтан тармак ырғагы жағынан 5-5 буыннан екіге белінуге бейімдеу тұрады. Бұл өлшемнің ырғагы көлісті, бірақ аса жүрдек емес: Сондықтан ол да көп қолданылмайды. Ал 7, 7-8, 11 буынды ең мол тараған өлшемдерді алсақ, бұлардың тармак көлемі, бунақ өрнегі – бәрі де ырғактың женіл, әсерлі болып, құбылып, түрленіп отыруына оңтайты, сан килем шығармаларда пайдалануға лайыкты.

Алдымен 7 буынды тармактың бунақ өрнегіне назар аударалық, оның 4 буын + 3 буын болып келуінде айрықша қисындылық бар. Тармактың ырғагы мейлінше женіл, әуезді. Бұл жерде буын саны тен түсетін бунақтардан гөрі мына сиякты 4 буын + 3 буын болып келетін бунақтар көбірек жымдастып, тармактың ырғактық тұтастығы күшті болатынын айту керек. Тіпті бұдан қыскарақ 6 буынды тармактың өзінде-ақ көлемі бірдей (3 буынды) екі бунақтың ара жігі айқын көзге түседі. 7 буынды тармакта 4 буынды бунақ бүрін келіп 3 буынды бунақ соңынан келеді. Бұл көрісінше болуы мүмкін емес, ойткени тек 4 буынды бунақтан көлемі қыскарақ бунаққа (3 буынды) ауысқанда ғана өлең ырғагына қажет ширактық, женілдік пайда болады.

Қазақ өлеңінде әдетте 7 буынды тармак пен 8 буынды тармак арасынан, алмасып келе береді. 7 буынды тармак 4 буын + 3 буын болып құралса, онымен алмасып отыратын 8 буынды тармак 3 буын + 2 буын + 3 буын болып келуі мүмкін. Тармактары осылай құрылатын 7-8 буынды өлшем – қазақ поэзиясында кең қанат жайған, ең өнімді өлең түрі. Түйдектеліп келетін жырдың өлшемі де осы және бұл өлшеммен шығарылатын өлдендерде шумак та (әсіресе, төрт тармакты) өте көп қолданылады. Осы екі түрлі, 7 және 8 буынды тармактар жыр түйдегінде де, шумакта да еркін, түрліше алмасып келе береді. Мұны қездесік нәрсе деуге болмайды. Тармактың басындағы 4 буынды бунақ пен 3 буын + 2 буын болып келетін қос бунақтың арасында ырғактық сипаты жағынан алғанда қалайда біржакындық, жалғастық бар екені күмәнсіз. Назар салсак, 3 буын + 2 буын болып келетін өрнектің баскы 3 буынныңдағыдан гөрі сөз соңғы 2 буында сәл созылыңқырап, жайырақ айтылады. Бұл осы екі қыска бунақтың тұтастығын арттыру үшін керек. Олай болмаған күнде үш келте бунақтан тұратын тармак тым бөлшектеніп айтылған болар еді.

7 және 8 буынды тармактардың кайсысының болсын соңғы бунағы 3 буынды болуында ерекше ұтымдылық бар. Мұның орында 4 буынды бунақ тұрса, тармактың ырғагын баулатып, ауырлатар еді. Ал 2 буынды бунақ тым келте болғандықтан, ырғактың икемділігін кемітер еді. 7-8 буынды өлшемнің 8 буынды тармактың 4 буын + 4 буын болып келетін басқа түрін алсақ, мұнда әртүрлі тармактар етеге араласпай, үнемі белгілі ретпен ғана қезектеседі. Әдетте ең көп тараған төрт тармакты шумакта бірінші, үшінші тармак 8 буынды болады да, екінші, үшінші тармак 7 буынды болады. Мысалы:

Ішім өлген, құр денем сау,
Босқа үрейім жүр менің.
Жарамайды бекер алдау,
Теңің емес мен сенің.

(Абай)

Бұл өлшемнің бунақтық кестесінде 4 буынды бунақтар басым болғандықтан, өлең ырғагында біркелкілік, салмақтылық сипаттайды. 11 буынды өлшемде бунақтардың тек 3 буын, 4 буыннан құралып отыруы өте қисынды. Ұзын тармакта одан қыска, мысалы, 2 буынды бунақтың қолданудың қажеті жоқ. Өлең ырғагына ширактық, женілдік дарыту үшін 3 буынды бір бунақ енгізуін өзи-ақ әбден жеткілікті. Тармактың бас жағында келіп, 4 буынды бунақпен еркін алмасып, қезектесіп отыратынын ескерсек, бұл өлшемнің ырғактық өрнегі қаншалықты келісімді екенін байқау қын емес. Мұндай өлең тармактың соңғы бунақтың 4 буын болуы өте ұтымды.

Тармактың өзіне тән ырғағын анықтайтын тек ондағы буындардың жалпы саны ғана емес. Буындар белгілі ретпен, белгілі мөлшерде топтасып, әр тармактың бірнеше қысқа бөлшектерге бөлінуіне мүмкіндік береді. Тармактың осындай ырғактық құрылышы жағынан жекеленген бір бөлшегін құрайтын буындар тобын *бұнақ* дейміз. Тармакта неше буын бар, ол буындар қалай топтаскан яки тармақ неше және қандай бунақтардан құралған – міне, осы екі түрлі өзгешелік тармактың ырғактық кестесін қалыптастырады. Бұларды екі түрлі, екі тарау өзгешелік дейтініміз, оның бірі тармактың сырт калпын яғни өлең жолының ұзын-қыскалығын белгілесе, екіншісі тармактың ішкі құрылышын яғни оның бунакка қалай бөлінетінін айқындайды.

Қазак тілінде өлең жолдары, тармактар буынға негізделетіні секілді, әр тармактың ішіндегі бунақтар да буын санына негізделіп құрылады. Өлеңнің әр тармағы 2, 3, 4 буынды бунақтарға бөлінеді. 11 буынды тармақ үш бунақтан құралады:

4 буын 3 буын 4 буын,
Терін сатпай / телміріп / көзін сатып,
3 буын 4 буын 4 буын
Теп-тегіс / жұрттың бәрі / болд(ы) аларман.
7 буынды тармақ екі бунақтан түседі:
4 буын 3 буын
Күнде жақсы / бола ма,
4 буын 3 буын
Бір қылышы / жаққанға?

Жыр өлшемінде тармак 7 буынды болса, бұның кестесі 4 буын + 3 буын, тармак 8 буынды болса, бунак кестесі 3 буын + 2 буын + 3 буын болады.

4 буын 3 буын
Базарбайдың / Төлеген
3 буын 2 буын 3 буын
Соңынан / еріп / Қаршыға...

11 буынды өлеңде алғашқы екі бунақтың орны ауысып, тармақ 3 буыннан басталып, екінші бунақ 4 буынды болып немесе бунақ 4 буыннан басталып, екінші бунақ 3 буынды болып келе береді. Тармактың соңғы бунағы буын саны жағынан өзгермейді, үнемі 4 буынды болады. Жыр өлшемінде де соңғы бунақ өзгермей үнемі 3 буынды болып келеді. Әр тармактың бірнеше бунаққа бөлінуі казак тілінде өлең сөздің ырғак-үнділігін, әуезділігін күштейтетін бірден-бір ұтымды, ең табиғи және карапайым тәсіл.

Өлең жолының, тармағының осындай бірнеше буыннан тұратын қысқа-қысқа бөлшектерге (қазакша айтқанда *бұнақ*) бөлінуі казак өлеңнімен бірге қырғыз, өзбек, түркімен, татар секілді түркі тілдес халықтардың поэзиясында көң тарағанын В.В.Радлов бұдан бір ғасыр бұрын айтқан. Қазакпен туыстас осы аталған халықтардың поэзиясында бунак өрнектерінің осы құнгі әдебиетте де негізінен сакталып, толығып, өрістеп келе жатқаны қазіргі әдебиет зерттеушілердің енбектерінде де әр жағынан баяндалған.

Бунақтың яғни екіден, үштен, төрттен топтасқан буын тобының ара жігін, шегін белгілейтін – сез бен сөздің арасындағы жік, сез айрымы. Қазақ өлеңінде сез бен сөздің арасындағы жік бунак кестесіне орай әр өлшемде өзінің тиісті орынна бекітіледі. 7 буынды өлеңде бунак кестесі 4 буын + 3 буын болып келгендіктен, тұракты сез жігі ылғи алғашқы 4 буыннан кейін орналасады. 11 буынды өлшемде өлең тармағында сез бен сөздің арасындағы шек әрбір 4 буыннан не 3 буыннан кейін келеді. Өлеңдегі бунақ кестесін талдағанда әрине, сөздердің арасындағы кез келген айрыым жіктің бәрі бірдей еске алынбайды. Еске алынатын, есепке кіретін жік тек тиісті орында, үнемі қайталанып отыратын, бунак пен бунақтың шекарасын белгілейтін тұракты сез жігі.

Осындай сез бен сөздің аралық жігін белгілі орынға тұрактату әдісі басқа елдердің өлең құрылышында да пайдаланылады. Мысалы, біраз халықтардың поэзиясында, соның ішінде орыс поэзиясында кейір өлшемдерде колданылатын *цезура* да тұракты сез жігі. Кейір ғалымдардың (Радловтан бастап) қазақ өлеңіне де цезура терминін колданып келгені сондықтан, бірақ мұны дұрыс тауып колданған деуге болмайды. Цезура өлең теориясында ең қысқа *тармактап* (полустышие) құралған ұзын тармактың арасын белгілейді. Ал қазақ поэзиясында тұракты сез жігі бунақтың шегін белгілейді, сол себепті оның сипаты, атқаратын қызметі өзінше бөлек.

Қазақ өлеңнің ырғактық жүйесінде тұракталған сез жігінің, сез айрымының үлкен мәні болуы әрине, казақ тілінің құрылышындағы, алдымен фонетикалық құрылышындағы өзгешеліктерге негізделеді. Қазак тілінің басты, түбірлі ерекшеліктері яғни оның грамматикалық құрылышы жағынан алғанда *жалғамалылығы* (агглютинация), сез түбірі өзгермей, оған жалғау, жұрнақтар қосылып, жалғана беретінің фонетикалық, дыбыстық құрылышы жағынан алғанда тілге *дыбыс үндестігі* (сингармонизм) тән, бұларға қоса казақ тілінде, жоғарыда айттылғандай, буындағы екпіннің аса күшті еместігі міне, осының бәрі сөздегі дыбыстардың қилюласып, жақындасуына, сез бен сөздің шегі, жігі айқын ажырамай, қатар сөздер кірігіп, жалғасып айттылуына себепші болады. Сөзді буынға

бөлгендеге қатар тұрған магынасы жағынан бірлес сөздердің жігі ажырамайды (*dəu-le-ti ac-қan; bas-ұ-рып болмай, dəu-le-t (i) ac-қan; ba-su-рып болады*). Сондай-ақ, сен келгенде, қара қарға деген секілді тіркестердің *сен гелгенде, қара ғарға болып үндесуі немесе жсақсы адам, сараң бай деген тіркестерде соңғы сөздерге жалғау жалғанғанда алғашқы сөздердің өзгермеуі тіркестегі сөздердің тығыз қабысып жататынын байқатады*.

Қазак өлеңінің бунақ кестесінің құрылышына сәйкес өлең-жырларда колданылатын жеке сөздердің буын құрамында да бірталай ерекшеліктер кездесетінін көреміз. Қазактың өлең сөзін Сәбит Мұқанов атап көрсеткендегі, «*кай сөз болсын, соны қабылдай бермейді...* 4 буыннан артық буыны бар сөзді қабылдамайды».

Қазак поэзиясында буын саны төрттен артық сөздер колданылмауды жалпы шұбаланқы сөзден қашудан емес, қазак, өлеңінде әр тармакты бунаққа белуден туатын алабөтен, айрықша сипаты бар өзгешелік. Айталық, сөздің буындық құрамы 4 буыннан артық болмауды өлең жолдарында 4 буынды бунақ қолданылатындықтан. Бунақ кестесі 3 буын + 3 буын болып келетін 6 буынды өлең өлшемін алсак (мысалы, «*Көзімнің қарасы*»), мұнда құрамы 3 буыннан артық сөз мүлде кездеспейді. Жыр өлшемімен жазылған өлеңнің 8 жолдық тармағын алып қарайық.

3 буын 2 буын 3 буын

Ылдидан шапса төсте озған

Мұнда бастапқы бунақ пен соңғы бунактың кай-қайсысында болсын, сөздің не сөз тіркесінің буын саны үштен артық болмайды. Екінші бунакта келетін сөз 2 буыннан аспайды. Жырдың 7 буынды тармағының бунактық кестесі 4 буын + 3 буын болғандықтан, тек осы тармақтың бас жағындаған 4 буынды сөз қолданылуы мүмкін.

Айрықша назар аударалық бір жай жырда өлең жолынын аяғында тек 3 буынды сөз бер 3 буынды сөз тіркесі ғана қолданылады. Мысалы:

Жыламаймын мен дағы,

Өзінің де көкежан,

Көзіннің жасын тый деді.

Жылап отыр ат(a)-анаң,

Сапарынды қый деді.

Көп жолдаспен барсаңшы,

Ел-жүртінды жый деді

Жалғыз кайтіп барасын,

Жалғыздық ісі киын-ды.

Менің жайым мінеки,

Танымаган ешкімді,

Сіз кеткен соң, көкежан,

Кемпір, шалдың қасында,

Өзім жалғыз, өзім жас,

Боламын кімге сыйынды?

(«*Қызы Жібек*»)

Жыр ыргагына тән айрықша жеделдік, екіпінділік, ондағы сөздің құйылып, төгіліп отыратыны оның өлең өлшеміндегі, бунақ кестесіндегі өзгешеліктерімен тығыз байланысты.

Қазак поэзиясында өлең жолдарының буын саны берік сакталады. Бір буын артық не кем болса, өлең сөздің үрленшікті ыргагы бұзылады,

оны байкамау, сезбеу мүмкін емес. Ондай тармак, өлең жолы жүзде біреу, мында біреу ғана болса да, бірден назарымызды аударады. Өлеңде басы артық буын болуы не буын саны тиісті мөлшерден кем болуы ете сирек үшіншесады. Өлең тармактарының буын санын есептеп, анықтағанда кейбір жайларды мүқият ескеру керек. Қазак тіліндегі біралуан сөздердің буындық құрамы құбылмалы келеді, себебі кейбір дауысты дыбыстар айтылғанда түсіп қалып, не қосылып айтыла береді.

Жекелеген сөздердің буын саны жағынан қыска және ұзыннырак екі варианты болуы тіл құрылышының ерекшелігі. Қазак өлеңі буынға негізделетіндіктен, ондай вариантар поэзиялық шығармада ерекше көзге түседі. Қазак тілінде сөздердің шектескен жерінде екі дауысты дыбыс қатар келсе, айтылғанда біреуі түсіп қалатыны белгілі. Бұл өлеңде де кездеседі: *«Не қыларым біл(е) алмай. Өлейін десем өл(е) алмай, өз жсанымды қи(а) алмай»* («*Алпамыс*»). Өлең сөзде керек болған жағдайда, қатар келген екі дауысты дыбыстың екеуі де сакталуы ықтимал: *«Үйкі алып денесін. Қыздардың бәрі қалды енді»* («*Алпамыс*»). *«Саңқылдан көкте ойнат шарықтайды»* (С.Торайғыров).

Қазак тілінде бірде қосылып айтылып, бірде түсіп қалатын дыбыстар – *ЫI, I*. Егер сөз басында *ЫI, I* дыбыстары *P, L* дыбыстарының алдында келсе, олар көбінесе қосылып айтылады.

Көтергін, Жібек, басынды

Ертіл келдім бір жігіт,

Тап өзіне ылайық.

(«*Қызы Жібек*»)

Ырахат, мені тастап қоймадың тыныш.

(Абай)

Өлеңде осы сөздер лайық, рахат болып та айтыла береді.

Жоктаусыз кеткен лайық па,

Туган соң іні біздейін?

(«*Қызы Жібек*»)

Рахатпен әлсіреп,

Көзіне жас алып.

(Абай)

Өлең-жырда *рахмет* – ырахмет, *рас* – ырас, *разы* – ыразы, *рет* – ырет, *реніш* – ыреніш, *лай* – ылай, *лақтыру* – ылақтыру, *лашын* – ылашын, *лезде* – ылезде, *лақы* – ылақсы секілді сөздер буын саны екі түрлі болып кездеседі.

ЫI, I дыбыстары сөздің ортасында келген кезде бірде түсіп қалып, бірде қосылып айтыла береді: *есімін* – *естін*, *ықылас* – *ықлас*, *жапырақ* – *жапрақ*, *жасурын* – *жасурын*, *топырақ* – *топрақ*, *көкірек* – *көкірек*,

куңіреніп – күніреніп, қоңырау – қонрау, еңіреп – еңреп, өтірік – өтпрік, кәрілік – кәрлік, қазына – қазна, ашина – ашна, асырап – асрап, қасірет – қасрет, адыра – адра, меніреу – менреу, ұйықтап – ұйқтап, т.б. Мысалы: «Ауасы дертең дауа, жұнапар исі. Қекірек қаша жұстса тоясың ба?»; «Бір жұстсаң Қекшетаудың жұнапарынан. Өлгенише кекрегінен құмар кетпес» (С.Сейфуллин).

Сонымен бірге *Ы*, *I* дыбыстары кейде сөздің соңғы буыннанда да айтылмай қалады. Мысалы, *ерік*, *қауып*, *бұлт*, *халқ* сияқты 2 буынды сөздер *ерк*, *қауп*, *бұлт*, *халқ* түрінде қыскарып, 1 буынды сөзге айналады. Мысалы: «Кісімсі қайда жүрсөң олжаса тоқ. Шүкіма халқ көзінше қарглаша бок» (Абай); «Ерк алып, қекірек керіп, демін алган» (С.Сейфуллин).

Қазак тіліндегі байыргы төл сөздердегі дауысты И айтылуы жағынан алғанда екі дыбыстан (*Ы+и*, не *I+и*) құралатындықтан, ие, ия болып қосарланған дауысты дыбыстары бар *дү-ниe*, *иे*, *өсімет*, *дария*, *жария* деген секілді сөздер буынға: *дү-ни-ие*, *i-ие*, *ө-си-иет*, *да-ры-йа*, *жа-ры-йа* болып белінгенімен, көп ретте қыскарып өлеңде *дүн-ие*, *ие*, *өс-иет*, *дар-йа*, *жар-йа* түрінде де айтыла береді. Мысалы: «Дү-ни-ие өтеріңді біліп едім» (Біржан); «Дүн-иеден басқа рахам тілемеймін» (С.Торайғыров).

Қысқа дауысты *Ү*, *Ү* дыбыстары да *Ы*, *I* дыбыстары секілді біртталай сөздерде бірде түсіп, бірде сакталып отырады. Сондықтан *рұх-сат* – *ұ-рұқ-сат*, *рус-тем* – *ұ-руս-тем*, *ру-ха-ни* – *ұ-ру-ха-ни* болып түрліше айтылады. Дауысты *У* да екі дыбыстан (*ұ* + қысқа *у* немесе *ұ* + қысқа *у*) құрылатындықтан уақыт, уәде секілді сөздер буынға *ұ-уа-қыт*, *ұ-уә-де* болып белінеді де, қыскарғанда *уа-қыт*, *уә-де* түрінде дыбысталады. Құрамында *уа*, *уә*, *уе*, *уі* болып қосарланған дауыстылары бар *шаруа*, *жануар*, *меруерт*, *қуаныш*, *алуан*, *уызыдаи*, *үйледеп*, *рәсүә* секілді сөздердің бәрі де осы ретпен буын саны жағынан екі түрлі болып айтылады. Мысалы:

Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Ша-р ұ-уа-га қыры жоқ.
Мен өзіңдей *шар-уа-шыл*
Жұмсақ илеу үлі мә?
(Абай)

Орыс тілінен алғанда сөздердің өлеңде қазақша айтылғанда буын саны өзгеріп, қебейіп шығады, себебі орыс сөзін қазақ тіліндегі сөздердің дыбыстық-буындық құрамына жақындағып айтудан. Бұған дәлел өлеңде /ы/ *роман*, /ұ/ *Rуссо*; зе-м/ы/-с-т/ы/-во, /ы/ *Ш-т/ы/-ра - у /ы/* с түрінде кездесетін сөздер. Айталық, *Штраус* деген кісі аты орыс тілінде 1 буынды болса, қазақша айтылуында 4 буынды болып шықкан. Мысалы: «(ы) *Ш-т(ы)-ра-у* (ы) с, *Моцарттен*. Болған мунда *Бетховен*» (С.Мәуленов).

Қазак өлеңінде буын санының айнымай дәл келіп отыратыны соншалық, 11 буынды өлшеммен жазылған бірнеше мың жолдан тұратын поэмалардың қай-қайсысын алсақ та, ішінен буыны артық не кем тармакты табу киын. Рас, жыр өлшемімен шығарылған, көбінесе толтау түрінде келетін шығармаларда анда-санда артық буындар кездесіп отыратыны бар. Мысалы:

Қайда кетіп бараңың, – 7 буын

Қарагымның аманат койған ешкісі-ай. – 12 буын
(«Алпамыс»)

Тоқсан бес деген тор екен, – 8 буын

Дүйім жанның коры екен, – 7 буын

Қарғын десен, екі жағы ор екен. – 11 буын
(Бұқар)

Бұл қылығын коймасаң – 7 буын

Сонау қеудедегі дұлығадай бас кетер. – 13 буын
(Бұқар)

Сендей нарқоспактың баласы – 9 буын

Маган оңаша жерде жолықсан, – 10 буын

Қайраңан алған шабактай – 8 буын

Қия бір соғып ас етсем, – 8 буын

Тамағыма қылқаның кетер демес ем. – 12 буын
(Махамбет)

Бұл буынның артық кетуі емес, артық сөзді әдейі колдану, өйткені 5-6 артық буынды байқамау мүмкін емес. Бұл жырды, толғауды әуенде жырлап отырып, арасында бір еркіндеу сейлем кететін әдетten туған нәрсе.

Қыргыз поэзиясында да жырда осындай артық буындар, сөздер кездеседі. Тармақ интонациясы жағынан да яғни дауыс толқынының белгілі дәрежеде тиянақталуы жағынан да оқшауланып келеді. Бұған алдымен тармактың көлемінде белгілі мөлшер, өлшеулілік барлығы, тармактардың қайталанып отыруынан келіп тұатын ырғактың интонацияға, дауыс қозғалысына, оның қүшейіп-баяулап отыруына тікелей эсер ететіні, сондықтан белгілі тұста сейлем бітпесе де, тармақ аяқталғандықтан дауыс толқыны соған орай өзгеретіні себеп. Интонация, дауыстың өзгеріп-құбылуы айтылатын сөздердің синтаксистік құрылышына, сейлемдердің қалай құрылатынна сыйкес болса, өлеңнің синтаксистік құрылышы ырғак-өлшеммен, тармактың көлем, орнегімен тікелей байланысты. Өлең ырғағы интонацияға, дауыс толқынына бір жағынан тіке эсер етсе, екінші жағынан сейлемдердің синтаксистік құрылышына ықпал жасау арқылы тағы эсер етеді. 11 буынды өлеңде көбінесе бір тармак бір

сөйлем, кейде екі тармак косылып бір күрделі сөйлем құрайды. Ал 7-8 буынды өлеңде әр тармактың жеке сөйлем болуы жи қездеспегенімен, тармак көшілік жағдайда не сөйлем, не сөйлемшеге сәйкес келіп отырады. 7-8 буынды төрт тармакты өлеңде (әсіресе, үйқасы кезектесіп, шалыс келсе – *абаб*) көбінесе әр екі тармак бір сөйлем құрайды. Өлеңде сөйлем бір тармакпен шектелсін, не екі тармакпен шектелсін, не одан көбірек тармакты қамтысын (бұл соңғысы алғашкы екеуіне қарағанда азырап қездеседі), қалайда сөйлемнің бітуі мен тармактың шегі дөп келіп отырады. Сөйлемнің тармак ортасында бітуі казак өлеңінде жалғыз жарым ғана болмаса, ұшыраса бермейді. Өлеңде тармактардың көлемімен сәйкес болып бірдей келетін сөйлемдер көп қездеседі. Бұған қоса бірнеше қатар сөйлемдердің құрылыш-кестесінің де кейде жақында, ұқсас болуы өлеңде қара сөздегіден жиірек ұшырасатының да ескеру керек. Бұл айтылған жайлар тармактың интонациялық жағынан тиянақтылығын, дауыс толқынының өзгеру түрі қандай болатындығын түсіну үшін аса кажет.

Шумақ (строфа) – өлеңде бірнеше қатар тармактардың белгілі мөлшерде топтасуы. Осында тармактар тобының бірлік-тұстығы немен толығады? Шумакталған тармактардың жекеленіп, бір-бірінен ажырауына себепші жайлар қандай? Шумактың тұтастық-бірлігін күшетіп, жекеленіп-бөлінуіне себін тигизетіндер айтылатын ойдың тиянақталуы, сөйлемдер синтаксистік құрылышы жағынан толық аяқталып, дауыс толқынының (интонацияның) тынуы. Сонымен бірге шумакты туғызатын елеулі шарттың бірі – ондағы тармак санының тұрақтылығы яғни өлеңде шумак болу үшін, тармактардың белгілі мөлшерде топтасу тәртібі сакталуы, үнемі қайталанып отыруы кажет. Шумактың құрайтын тармактардың үйқасында белгілі тәртіп болады. Үйқас та шумактың өрнегін белгілеуге, жекеленіп бөлінуіне күшті әсер етеді.

Шумактың ой, мағына жағынан блектеніп, оқшауланып тұруын дұрыс түсіну керек. Бұл алдыңғы шумактағы ой мен келесі шумактағы ойдың арасында жалғастық, жақындық болмайды деген мағынаны білдірмейді. Ондай жалғастық әрине, бола береді. Кейде бір шумак пен екінші шумак мағына-ой жағынан ете тығыз байланысты болып келуі де ықтимал. Ой тізбегі қалай да шексіз, шетсіз созыла бермейді. Түйін-түйін болып, үзіліп, аяқталып, жаңадан басталып, жалғасып отырады, сондықтан әр шумак біткенде айтылатын бір түйін ой не аяқталып, не белгілі дәрежеде тиянақталып отырады.

Сөйлемдердің синтаксистік құрылышы, дауыс толқынының (интонация) өзгеріп, түрленуі жағынан алғанда да қатар келген бірнеше тармакта жалғастық, жақындық (айталық, синтаксистік параллелизм не

болмаса сөйлемдердің интонациялық сипатындағы біркелкілік) ұшырасуы ықтимал. Шумак ішінде тармактар белгілі ретпен топтасып келетін-діктен интонациялық сипаты күрделі болады, 7-8 буынды төрт тармакты шумактың алсақ, оның әр тармағындағы ыргактың интонацияға әсері бірдей емес, өйткені әр тармактың интонацияға, дауыс толқынына тигизетін әсері тармактың шумактағы орнына, үйқастың ретіне де байланысты. Мысалы, 7-8 буынды төрт тармакты, үйқасы *абаб* болып кезектесіп келетін өлеңді алалық:

Аркада бір жер бар еді,

Жібек самал саясы;

Саяда бір көл бар еді,

Сырлы кесе аясы.

(Сәкен)

Мұнда бірінші тармактан гөрі екінші тармакта ыргактың интонацияға, дауыс қозғалысына әсері қүштірек. Дауыс толқынының тиянақтылығы шумактың сонында, төртінші тармакта айрықша қүшті, бір-бірімен үйлескен тармактарда дауыс қозғалысының екпін-қүші, тиянақталып тынуы көбінесе біркелкі, жуық келетінін ескеру керек.

Үйқастың интонацияға әсерін байқау үшін мына шумакты еске түсірелік:

Жүргегі – айна, көnlі ояу,

Сөз тында мас ол баюа;

Оз өнері тұр таяу,

Үкпасын ба сөзді те?

(Абай)

Үйқасы *ааб* түрінде келетін осы шумакпен салыстырып қарағанда, шалыс үйқасы бар жоғарыда келтірілген шумакта әрқайсысы екі тармактан тұратын екі бөлшекке ажыратылуға бейімділік әлдекайда қүшті болатының көрү киын емес. Алғашқы шумактың өз ара үйқасқан бірінші және үшінші тармактары аяқталғанда дауыс көбінесе сәл көтеріліп тоқталып, ары қарай тағы жалғаса түсетіні аңғарылады. Бірімен-бірі қыстырылған екінші және төртінші тармактың сонында дауыс біраз төмөнделп, салмактанып, саябырлап тынады, сондықтан интонацияның тиянақтылығы ерекше сезіледі.

Шығысты зерттеуші Т.Ковальский түркі тілдес елдер поэзиясында үйқас көне заманда-ақ қалыптасып, өзінше белек сипат алдып, содан бері қолданылып келеді деген пікір айткан. Осыған ұқсас пікірді Е.Э.Бертельс, В.М.Жирмунский сиякты ғалымдардың еңбегінен де қездестіреміз. Шоқан қазак поэзиясында тіпті суырып салма ақындар да үйқассыз өлең шығармайтынын атап айтады.

Кейбір тілдерде бірімен-бірі үйлесетін сөздер аса мол болады да, басқа бір тілдерде ондай сөздердің саны азырақ болады, оларды тауып қолдану кынга түседі. Мысалы, орыс тілінде кез келген сөздер үйкеса бермейді, ал француз тілінде үйлесетін сөздер әлдекайда көп. Қазақ тілінде өз ара үйлесетін сөздер мол кездесетінін байқау кын емес. Қазак поэзиясында үйқастың осы мүмкіншілігін шебер пайдалана білетін ақындар кейде бір үйқасты 50-60 жолға дейін, тіпті онан да ұзак қайталап отырады.

Қазак поэзиясында көп тараған үйқастың түрлерін тармактардың шумакта кезектесу ретінен қарай *егіз үйқас – аа, шалыс үйқас* не кезекті үйқас – *абаб, ақсақ үйқас – ааба, қасырма үйқас* не орама үйқас – *абба, сондай-ак* жыр үйқасын *шұбыртпалы үйқас* деп жіктеу, саралау гылыми зерттеу еңбектерде, сын макалаларда көптен қалыптасып келеді. Үйқастың үндестік сапасы, қандай дыбыстардың үйлесінен, неше буыннан құралатыны, жасалу шарты қазақ тілінде жазылған еңбектерде мүлде талданбайды тек қана үйқасты үндестік сапасы жағынан толымды, толымсыз деп екіге бөлуғана.

Өлең үйқасы бірімен-бірі қыстырылған сөздердегі бір не бірнеше өз ара сәйкес буынның дыбыс үндестігінен туады. Қазақ өлеңіндегі үйқастың өзгешелігін танып-білу үшін, оның дыбыстық құрылышы, буын құрамы қандай болып келетінін анықтау керек. Үйлесетін сөздерде көп жағдайда негізгі дауысты дыбыстар қайталанып келіп отырады: *кигенім – кимедім – имеді; сағынады – ағылады – жалынады*. Бұл – тілдің құрылышымен астасып жатқан қазақ өлеңіне ерекше тән қасиет. Үйқаста үндестігі жағынан егіз-катар дыбыстар *a-a, o-o, у-у, ы-i, келісімді үйлес туғызады: алды – алді, қонымды – конімді, ұшын – түсін, қылық – мұлік*. Сонымен бірге үйлесуі жағынан жақын, үйқас деп дыбыстардың мына топтарын атап көрсетуге болады: *o-o-e; ұ-ұ-ы-i; ө-ү-i; o-ұ-y; кейбір жағдайда a-a-o; e-ұ-ұ-i; o-ұ-ұ-y*.

Үйқас құратын негізінен дауысты дыбыстар, ал дауыссыз дыбыстар қосымша, жанама міндет аткаратындықтан, қайсысы қалай үйлесетінін үзілді-кесілді айту кынға соғады. Алайда, үйқастарда өзара үйлесетін мына бірнеше топ дыбыстарды атаяға болады: *б-ғ-ғ; б-д-п-к-қ; с-ш; м-н-ң*. Бұдан басқа дауыссыз дыбыстар да бір-бірімен жақын, үйлес естілуі мүмкін. Мысалы: *m-n-l; ғ-ғ-д-б (құмар – шынар – бұлар – шыгар; шыдар – шубар; кемін – сенің-те-ғін – едім – ебін)*.

Үйқасқан буындардың, сөздердің үйлестік жағындығы алдымен сәйкес дыбыстардың сапасына байланысты, бірақ дыбыстардың сөздің ішінде қай буында, буынның ішінде қай орында тұрғандығында да үлкен мән бар. Үйқастағы ең соңғы буынның үйлесетін буынмен дыбыстық үндестігі өте-мөте толық болуы шарт. Оның алдындағы буында өзіне

сәйкес буынмен дыбыс үндестігі жағынан аздал болса да алшактық, ал соңынан санаганда үшінші, әсіресе, төртінші буында бірталай алшактық болуы ықтимал.

Мысалы: «*Мен көрдім ұзын қанат қәбелекті. О да білер өмірді іздемекті*» (Абай). Мұндағы *кобелекті – іздемекті* боп үйлескен сөздердегі төртінші буында (*ко... – із...*) айтарлыктай үндестік болмағанымен, осы сөздер толымды үйқас құрайды. Ал, осындай буын үйлесі соңғы буында келсе, тіпті болмаған күнде екінші буында кездессе, онда үйқастың сапасы көп өзгеретін еді. Үйлескен буындағы жеке дыбыстардың буын ішінде қай жерде тұрғанын да ескеру керек. Алдыңғы дауыссыз дыбыс сөздің басқы буыннан бір-бірінен қанша алшак келсе де, үйқасты әлсіретпейді: *желбіреп – зенбірек; берік – серік – теріп; кім – мұң – тұн*. Үйқастағы кейін тұрған буындарда, әсіресе, соңғы буында дыбыс үндестігі бұдан әлдекайда жақын болуы шарт.

Буын ішіндегі ақырғы дауыссыз дыбысты алсак, үйқастағы соңғы буында ол өзі үйлесетін дыбыспен барынша үндес болуға тиіс. Сондықтан әдette не бір дыбыс қайталанады не үндестігі жағынан өте жақын дыбыстар алынады: *мақтап – жақтап – сақтап; еткізбес – жеткізбес; тіл – біл; өтіп – жетік – күтіп; кейін – бейім*.

Үйқастың буындық құрамы қандай болады яғни ол неше буыннан құралуы мүмкін? Буынга (силлабикалық) негізделген өлеңнің табиғатынан туатын бір ерекшелік – үйқаста бірімен-бірі үйлесетін сөздердегі (*шырақ – бұлақ*) буынға буынның сәйкес келуі, соңғы буын мен соңғы буын (*..рақ – ...лақ*), оның алдындағы буын сәйкес буынмен (*шы... – бұ...*) үндесстіні.

Қазак өлеңінде үйлесетін сөздер буын саны жағынан тен болса, үйқаста түгелдей кіреді. Мысалы: *ұнасымы – жарасымы – таласуы; шырақ – бұлақ*. Ал, егер бір сөздің буын саны көбірек болса, мысалы, жоғарыда келтірілген 2 буынды сөздермен (*шырақ – бұлақ*) 3 буынды сөз (*қысырақ*) үйлесіп келсе, онда үйқаста соңғы 2 буынға кіреді.

Ләйлім шырақ дегенге, Ләйлім шырақ,

Таудан аккан құм қайрақ сен бір бұлақ.

Қайыс болсын, жіп болсын, неге керек,

Шідерімнің бағасы қырық қысырақ.

(Біржан)

Өлеңнің үйқасы 2 буынды: *шы-рақ – бұ-лақ – (қы) сы-рақ*. Басқаша айтқанда бір-бірімен үйлескен сөздердің қыскарап сөзі неше буынды болса, үйқас та сонша буынды болады. Егер өз ара үйлескен сөздердің ішінде бір буынды сөз кездессе, үйқас та бір буынды, ал ең қысқа сөз екі буынды болса, үйқас та екі буынды болуы ықтимал. Жырдың соңғы

бунағы үнемі 3 буынды болғандықтан, ұйқасы да көбінше 3 буынды болады. Поэзия нұскаларында 3 буыннан ұйқасатын үнділік, әуезділігі күшті сөздерді колдану өте жи кездесетінін көреміз. 11 буынды өлең өлшемін алсак, мұнда соғы 4 буынды ұйқастарды колдану көбірек.

Ой түйін.

3.Ахметов мақаласы негізінде ғылыми эссе жазыныз. Эсседе казак өлең жүйесіндегі құрылымдық ерекшелік туралы айтылған ғылыми пікірлерге талау жасаңыз. Өлең құрылышының қалыптасу тарихы мен қазіргі өлендердегі ерекшеліктердің негізін аныктап көрсетуге тырысыңыз.

13-ТАҚЫРЫП

Тапсырма.

1. Р.Нұргалидың мақаласындағы негізгі ой-түйінді аныктаңыз. Қазак әдебиетіндегі трагедия жанрының қалыптасуы мен дамуы туралы таныстырым дайындаңыз.
2. Фалым казак тарихи трагедиясының ерекшеліктерін ашуда қандай әдеби талдаулар колданған? Тарихи тұлғалардың көркем бейнесін таладау арқылы Р.Нұргали қандай корытынды ой-түйін жасады? Мақаладан шағын тезис жасап, өз ойыңды дәлелді түрде баяндаң беріңіз.

Р. НҰРГАЛИ ТАРИХИ ТРАГЕДИЯ

Ел алғашқы қазақ тарихи трагедиясы – Мұхтар Әуезовтің «Хан Кенесі» (1928).

Көркемдік қасиеттеріне келгенде, «Хан Кене» пьесасының көп сарындылық, полифониялық сипатын ерекше айту керек. Халық өмірінің ең бір күрделі, кын, қанды кезеңіне арналған трагедиялық үлкен шығарма үшін бас-аяғы жиырма екі кейіпкердің алынуы туындының мейлінше ықшамдылығын көрсетеді. Прологы бар, бес переден, ұзын саны қырық жеті көріністен тұратын бұл пьеса драмалық жанрдың композицияға, характерге, психологиялық талдауга қоятын ең катал-шарт талаптарына жауап береді. Мінездер қактығысы, тағдырлар шарпылуы Шекспирлік биік деңгейде.

Босқа жүрген бірде-бір персонаж жок. Тіпті, аты-жөні түстелмен кейіпкерлердің аузымен авторлық идея, халық пікірі білінеді, өтіп жаткан оқиғаға тың көзben баға беріледі. Мұны уақыт кесімі, мезгіл үні десе де болғандай, ұлы шығарма – «Кенесары-Наурызбай» дастанын туғызған Нысанбай жырау бір қаһарман ретінде берілген. Кенені хан көтергендегі Шеген бидің сөзі халық даналығының айнымас белгісіндей, Ағыбай, Жоламан, Бұқарбай, Ержан батырлар көз алдында қалып қояды.

Трагедияда Кенесарының хан сайлануы салтанатын былай койғанда, негізінен, ұлт-азаттық қозғалысының соғы қезеңі, оқиғаның оңтүстік өлкеде өрбүі бейнеленеді. Сондыктан орыс әскерлерімен арадағы шайқас, қазак ішіндегі соғыстар, Қоқанмен қактығыс оқиғалары жок. Мұның бәрі бір драмалық шығарма сыймайды да.

Оның есесіне казак-қыргыз қатынастары ешбір бүркемесіз, барлық ашыңдығымен айқара ашылады. Қазақ ру басыларын еркіндік, азат-

тық, тәуелсіздік жалауының астына топтай алмаған Кенесары қырғыз манаптарына да бұл ойын өткізе алмайды. Патша өкіметінен жасырын көмек алған, әрі қоқандықтармен ауыз жаласқан, Дулат басшыларымен жең үшінан жалғасқан Орман, Жанқараң, Жантайлармен бейбіт мәмілеге келмеген соң, күшпен тізе бүктірмек болған Кенесары-Наурызбай косындарының кейбір шектен асқан зорлығы қырғыздың қара қауымын да шапка тұртіп, өшпенділік отына май құйған. Қырғыз елшілері Жманқара, Кәрібоз осы шындықтарды хан Кенеге бетің бар, жұзің бар демей, көзге камшы сокқандай етіп, касқайып турып айтады. Өке, ағаларының дүшпен колынан мерт болғанын табалай сейлейді. Өліспей беріспейтін айбат көрсетіп, аспанға шашыди. Сондай еретес сез үстінде Наурызбай елші Жаманқараны өлтіріп жібереді.

Драматург бүйрегі казак, қырғыздың ешқайсысына бүрмайды. Тарихи канды оқиғаны, хан Кененің соңғы сәттерін зор трагедиялық қуатпен реалистік тұрғыда көрсетіп береді.

Шығармадагы барлық кейіпкерлердің іс-эрекеті, мінез-құлқы, тұптің түбінде, хан Кенеге бір сокпай кетпейді. Трагедиядағы сан-сала әуесарының идея – ойдың тұп қазығы – Кенесары. Ақ киізге салып, хан көтерген соң, сез тиғен тұс – бір көслетін кез секілді еді. Қай заманда, қай елде таққа отырар алдында, енді отырып алғаннан кін қой үстіне бозторғай жұмыртқалатам деп, кеңінен көсліп көл-көсір уәде бермеуші ме еді? Мансап иесінің ол сезі жоқ. Хан Кене қысылған кездे киіз туырлықты қазақ баласы етегінен ұстаған атасы Абылайдың барын салып, сенімін актағанын бір айтып өтіп, кеудесінде шыбын жаңы тұрғанда сол жолды үстайтынын жария етеді. Бар болғаны осы. Өзге көп сез жоқ.

Кенесарының мінез қырлары сан алуан әрекет арқылы – сез оргасында, дүшпандармен арпалыста, бейбіт күнде, майданда, хан ордасында, соғыс үстінде біртіндеп, сатыладап барып, кеңінен ашылады. Ол бірде аргы-бергіні түгел шолып, тұптеп ойлайтын дана, бірде кеселді түйінді асқындырмай қолма-қол шауып тастайтын оташы, бірде дүшпанын езіне қарату үшін мал-жан, дүние-мұлік сауға-олжаны төгіп жіберетін жомарт, айлакер, бірде тұпкі максатына жету үшін жауласқаның басын алмай тынбайтын қатыгез, жол-жора, дәстүр-заңға келгенде, жақынжық, алыс-ағайын деп бөлмейтін, кара қылды қақ жаратын әділ. Бұл сипаттар хан тағына отырғанда, үстінен патша ұлығына арыз жазған Мұса опасызығын кешіргенде, шабуылдан түскен олжаны Дулат еліне таратқанда, қырғыз елшісі Жаманқараны Наурызбай өлтіріп жібергенде, немесе қарындасты Қарашашпен жақындығын сезген соң, інісін жаза-лауда, коршаудан қашып шығу мүмкіндігін пайдаланбаған сәтте – осы секілді сан алуан жағдайда, алмағайып ситуацияларда көрініс береді.

Сөйтіп отка салып балқытып, мұзға салып суырған алмас қылыштай қаһарманың, бір басында қырық кісінің айласы бар елбасының сан қырлы бейнесі драмалық тәсілдер арқылы сомдалып шығады. Кенесары қашанда ықшам, шебер, қыска сейлейді. Өзінің елі үшін күресіп, елі үшін шайіт өтерін толғайтын, кейінгі үрпаққа айтатын аманаты іспеттес әйгілі сырлы, мұнды монологының өзі дөп-донгелек.

Пьесада бірнеше өрім қатар жүріп қоғамдық-әлеуметтік арна, жеке бастың бак-талайы алmasып жатады. Шығармада әйел кейіпкер екеу-ак: бірі Кененің немере ағасы Ержанның кызы – Қарашаш, екіншісі Кененің апасы – Бопай. Тарихи деректерден, ауызша әңгімелерден, жыр-дастандардан халық арасына есімі ерекше жазылған – осы Бопай. Еркектерден асқан батырлығымен, кей тұста айрықша каталдығымен даңқы шықкан.

Сол ел санасында сұлбасы белгілі жанның мінез қалпын бейнелеуде Өуезов дәстүрлі арнадан көп ауытқымағанын көреміз. Қүйеуі өліп, жесір қалған басы бос әйел Бопайдың уақыт өткен соң, қаралы желекті шешүге хакы бар. Бірақ төре нәсілдеспен болмаса, қарамен жақындағасуға тыыйым.

Ерлігі мен өрлігі бір басынан артылып жығылатын Бопай есікі заңмен көне жоралыны ұстанып отырса, Бопай болар ма еді, қарадан шықкан Бұғыбай батырмен көңілдестігін, тілті уақыты жеткенде оған косақ болудан тайынбайтынын жасырмайды да. Тіпті, көзінің ағы мен қарасындағы көретін батыр інісі Науаның өзімен Бұғыбай үшін қайта-қайта шарпысып, отқа түскендей болады.

Тұптеп келгенде, хан Кене бастаған күрес жолында жанын шуберекке түйген Бопайдың, өзге емес, колбасы Бұғыбайды таңдауында сезіммен коса, түкпірлей ойлаган есеп жатыр, құшагына алса, батыр төрениң намысын жыртпай қайда барады.

Хан Кене тобы қамауда қалып, әскер ыдырап, опасыздық көбейіп, сарбаздар қаша бастаған алмағайып кезде Бұғыбай іздел келіп, Бопайды өзімен бірге алып қашпақ болатын көрініс пьесадагы шебер жасалған, гажап көркем тұс. Екіұдай сезім, екіұдай хәл: қалың өлім ішінен сыйтылып шығып, құтылып кетіп, бас қосып, шаңырақ көтерейік дейді батыр, ұлы арман, зор күрес мұраттарын тәрк етіп, ак жолдан тайғанда, қай жұмактың төрінен озбактың деп ойлайды әйел. Сонда өзіне жар санаған, хан Кененің үзенгілес серігі есептеген Бұғыбай көп қорқақтың бірі болғаны ма? Ол ол ма, ак беренниң тасқа соғылғанына күнірену орнына, табалап, кекетіп, мазакташ барады эне. Фашық сезімі таусылып, кектене шамырқанған Бопайдың опасызыз Бұғыбайды өз қолымен атып тастауы намысты ашудан тұған кесек трагедиялық әрекет. Грек, Шекспир трагедияларына лайық қимыл.

Улкен шебердің сомдап құйған драмалық характерлерінің бірі – Наурызбай. Жас батырдың фольклордағы, тарихи деректердегі сипаттамасын өзөзов терең зерттеп біліп, өз шығармасында ұластыра, үлгайта келіп, естен кетпестей сахналық бейне жасаған. Бұл сөзі, ісі, әрекеті, сезімтүйсігі, ой-байламы бір-ак арманға, бір-ак жолға – казак елінің еркіндігі үшін құреске арналған хас батыр. Осы сапарда ту ұстаушы хан Кене, сондыктан Кене, сондыктан Кененің досы – мұның досы, хан Кененің дүшпаны – мұның дүшпаны. Басқа жол жок. Былк-сылкты білмейді. Өзгелер, кейбір мысық табан батырлар, жорға билер жақтастықка кісі тартудың пара жегізу, олжа сыйлау, шен тагу, қолтығына алып, демеп жіберу, құдандаласу, жер бөліп беру, елші алмасу, ескі дауды ұмыту, баталасып мемілеге келу, уәжге тоқтау іспеттес атам заманнан келе жаткан дала дипломатиясының мынжылдық тұлкі тәсілдерін колданса, батыр Наурызбай ұстанатын қасқыр құдірет біреу-ак: алдаспан, көк наиза, акберен. Берсе қолынан, бермесе жолынан дейді. Билік орнықтырудың бірден-бір құралы құш қөрсету, тізе бүктіру деп біледі. Мұның аржағы зорлық, қаталдық, қатыгездік, кез жасы, кан, өлім. Ақылға тізгін бермей, ашуға шырап жақкан батырдың сондай қаһары тұтас тайпалы елді бұлдіріп, хан Кененің тобына косу орнына, оларды дүшпан туының астына жинаған кездері аз болмаған.

Сол мінездің жария болған Наурызбай мен бас қолбасы Бұғыбай арасындағы бірте-бірте шиленісіп, ақыры мұлде ушығып барып, екі батырдың қол жұмсауға дейін баратын әрекеттерінен көрінеді. Төре әuletін адам баласының ең асыл нәсілі санайтын Наурызбай қарадан шыққан батыр Бұғыбайдың апасы Болаймен қоңілдес болуын сүйекке түсken таңба деп, намыстан өртеніп, кектене ширығып, қалышылдан кетеді. Өзгелер бөгет жасап, араша түспесе, Бұғыбайды өлтіріп жіберуі де мүмкін еді.

Мұсылмандық шаригаты тыым салса да, Наурыз немере қарындасы, бірақ шешелері бөлек Қараашашпен қоңіл қосады. Ұстараның жүзінде жүргендей, өлім мен өмір шайқасындағы бір сәттік рахат, куанышты осығана.

Кенесарының қазак ру басыларының бірі колдаса, бірі карсы шыкты. Қарсылық әр деңгейде болғаны белгілі: жігіт бермеу, мал бермеу, соғысу, іріткі салу, патшага сатылу, дүшпанды колдап кету, уәде беріп, артынан опасаңдық жасау. Осы алуандас сан түрлі әрекеттерді драматург жанр мүмкіндіктеріне орай пьесаның өн бойында түгел көрсетіп отырады.

Қасым ханың асы беріліп, оның артынан Кенесары хан сайланған бүкілхалықтық салтанат үстінде қызы-жігіттер айтысып, шешендер тілін безеп, батырлар жамбы атып, мәре-сәре боп жатқан куанышты бір сәтте

Жантөре, Шотай, Балғожа бөлекtenіп, жырылып шығып, пыш-пыш өсек өрбітіп қарсылық, ғайбат айтады.

Бұлардың ішіндегі қеуделісі Жантөре қазақ халқының бірлігіне, елдігіне сенбейді, жұртты ішкен-жегеніне мәз тобыр, жайдак су санайды. Сондай ел сайлаған Кененің хандығында да мағына жок деп біледі. Қайта патшадан шен алып, әскер жиып келіп, өзі билік құруды мақсат етеді. Қасындағы екі би қөбіне мұның шылауында, костаушысы, қоленкесі іспеттес.

Ру басыларының мұндай қара бастарының камын жеген опасыз тұрпа-тының бір үлгісі кеше хан Кенені таққа отырығызғанда қолдаушы болған, бүгін оның үстінен Омбы ұлығына актабан сойылдың табанына тығып, жириен атты жансыздан шағым жіберген – Мұса би.

Драматург хан кененің Арқада, Жетісуда дүшпандары болған би, төрелерді бөліп-жармай, олардың мінез-құлық қалпының дүние таным нысанасының, тіршілік мақсатының бір арнада екендігін дәл де айқын көрсетеді.

Дулат елінің басшылары ретінде көрінетін Рұстем, сыпатай, Байұзак үшеуі үш түрлі мінездің адамдары. Әуелі хан Кене қозғалысына қосылғандай бол келген бұлардың нағыз тас босага, тар кезенде шын сырлары ашылады, Рұстем төре хан Кене мен Наурызбайдың бар билікті өз қолдарына алып, бәрін өздері шешкендерінен іш тартады. Ертең қазақ, қырғыз басын қосып, бұдан да үлкен лауазымға жетсе, мұлде тізгін бермей кетеді-ау деп қорқады. Хан Кене әулие болса, Арқадағы рулар неге тұтас мұның соңынан ермеген? Алатауга неге ауган?

Сыпатай да өз билігінен айрылып қалудан қорқады. Қөршілес, құданалас қырғызды хан Кене үшін неге шабам деп күдіктенеді. Оның үстінен бас қолбасы Бұғыбайдың өзі жеңістен құдер үзіп отырғанда, Наурызбай шекесінен қарап, менсінбей жүргінде, қанына қарайып, әбден өшігіп алған қырғыз манаптары бұларға мал берем, олжа берем, туыстықпен бітесем деп тұрғанда, окқа қарсы шауып, не көрініпті? Бұлардың ішінде Кенесарының қазақ, қырғыздың басын қосып, тұтас ел қылам деген түкпірлі ойы Байұзакқа ұнағанымен, жол айрығына келіп, мойынға шылбыр түсердей сәтте, ол да сырт айнала береді. Сейтіп, 12 мың сарбазы бар Дулат қосыны Кенесарыны жау коршауына тастан, соғыс майданынан тұн жамылып сыйылып шығады. Жеке бастарының камын, ру-тайпа көсемдігін тұтас ел болу идеясынан жоғары қойған опасыздар кеселінен трагедиялық кателік жасалып, аз сарбазben тұйыкта қалған есіл ерлер мерт болады.

Осындай ұлы трагедиялық шығарма «Хан кене» пьесасы жынышындықтың жылдардың аяғында жазылып, көп киындықпен 1934 жылы са-

нага шыкканмен, колма-кол тыйым салынды да, 1961 жылы әреп қайта басылды. Бұл сахналық классикалық туынды өз режиссерін күтіп жатыр. Ол қашан келеді?

Суреткер шығармашылығына қандай материалдар сүйек, негіз, таған болатындығын дәл мөлшерлеп, анық санап, бас-басына түгендең беруді ешбір ғалым, зерттеуші мойнына алмайтын шығар деп ойлаймыз. Талант қасиеті, тәрбие мөні, дәстүр ықпалы әр түрлі жағдайда әсер етпек. Илияс Жансүгровтің лирикалық өлеңдерінің арқауы акын сезімінің әр түрлі құбылуы десек, поэмаларына, әңгімелеріне, драмаларына, романына ең алдымен автордың туған, өсken, ер жеткен ортасының пейзажы, деректі оқигалары, дәлелді істері, көпке мәлім тартыстары жатқанын анғару қыынға түспейді. Өзі естіген, өзі көрген, бастаң кешкен жайттарды шығармаға өзек ету шығармашылық сапардың алғашқы кезеңіндегі сипат болса, марқайған, кемелденген тұста жазушы әдейі мақсатты зерттеу, іздеу, тексеру арқылы жаңа тақырыптарды игере бастайды. «Құлагер» поэмасын жазу үшін Сарыарқаға – Көкшетау, Ерейментауға сапар шегеді; Исадай, Махамбет, Құрманғазы өмірінен пьеса, поэма жазу үшін Еділ, Жайық бойына – батыс Қазакстанға жол тартады.

Ұлттық өміріміздегі ерекше мәнді оқигаларға терен назар аударып, халкымыздың ұлы перзенттерінің ғұмырынан шығарма жазуды биік мақсат, әр нысана ету – Илияс Жансүгров талантының асыл нәрі, алтын өзегі; тарихи зор әрекеттерді ойшыл, зерттеуші көзімен дәл танып, нәзік бейнелеуді армандаған қаламгер қажыры.

Отызыншы жылдардың орта шенінде, тарихшыларымыз Қазакстанның өткенине байланысты ғылыми объективті пікірлерді анық тұжырымдал бітпеген кезде, жазушыларымыз әлі тарихи-төңкерістік, тарихи-ғұмырнамалық тақырыпқа бойлап бармай тұрған шакта Жансүгровтің Исадай – Махамбет өмірінен пьеса жазуы шығармашылық үлкен батылдық, әдебиеттің үшін маңызды қадам болатын.

Оз тұрғылыстары, тағдырластарына қарағанда, ақынның архиві біршама сакталған. Фатима Габитованың ерлікке пара-пар құнтылығының арқасында жоғалмай, шашылмай жеткен материалдардың көпшілікке мәлім бола бастаған кейбір фактілеріне жүгінгеннің өзінде, Илиястың тақырыпқа бару жолында зор ізденіске түсіп, көп еңбек, мол қайрат жүмсағанын көреміз.

Драматург ең әуелі Исадай – махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің әлеуметтік мәнін, қозғаушы құштерін, женілу себептерін тарихи тұрғыдан айқын, дұрыс түсінген. Өмірде болған, көтеріліске қатысқан адамдардың іс-қылышын дәл көрсеткен. Жер, ру, кісі аттары өз аклпында алынған. Осындаи деректі, документті негізі бар шығарма сахналық өнердің биік, катал күрделі талаптарына жауап берерліктең көркем, шебер.

Пьесаның қара сөзбен жазылған нұсқасы болыпты. Бұл шығарманы автор дауыстап оқып берген кезде тыңдаған адамдардың бірі – Мұқаметжан Қаратаев. Бейімбет Майлинның әркім айтатын (ішінде Габит Мүсірепов те бар) «Қызыл жалау» романы секілді бұл туынды да жоғалған. Әлде жымысқы біреу пайдаланып кетті ме? Дәл мұны ешкім ашып айта алмайды.

Шығарма олеңмен, ішінара қара сөзбен жазылған. Ремаркада «үш перделі, алты суретті трагедия» деп анық көрсетілген. Автордың хор, дүэт деп арнайы айтып отыратын тұстарына қарап, туындыны жеңіл құрастырылған жадағай опера либреттосы катарына әсте жатқызуға келмейді. Біздің ойымызша, Жансүгровтің бұл шығармасы сахнага коюга лайықталып жазылған, басты назар, негізгі салмак музикалық әуен, опералық саз, арияларда емес, сөздің ішкі қуатында, астарында, мағына-мәнінде жатыр. Бұл – әдебиеттіміздің тарихынан сыбағалы, мәртебелі орын алуға лайық тамаша трагедия. Құні бүгінге дейін еленбей, ескерілмей, бағаланбай келсе, өз салғырттығымыз, әдебиеттанудағы олқылық, асылдың қадірін білмеу.

Алғашқы оқиғаға араласатын адамдар туралы ремарканы оқығанда тіксініп қаласын. Өйткені, персонаж саны тіпті көп – атымен берілетін кейіпкерлердің өзі қырық шакты. Мұның үстіне пішеншілер, сарай қызметкерлері, солдаттар, меймандар және бар. Рас, он адамды батырлар деп бір, жеті адамды сұлтан, билер деп екі топтап тастайды. Пьесамен түбекейлі танысып шыққаннан кейін кейіпкер көптігі жөніндегі құдік сейіледі. Ойынызда әрекет-тартыска бел шешіп, білек сыбанып қатысатын, мінез-характерімен терен ашылатын сом құйылған қаһармандар гана қалады. Көптеген персонаж бар жерде, екі жерде бір сез, екі сез айтумен гана тынады. Бұларды драматург әлеуметтік орта, дәуір танысын сөздіруге, көпшілік сценаларын ашуға пайдаланғандығын ұғасын.

Бірінші перденің бірінші суретінде дүэт және хор арқылы халық басына түсken көп зорлық, хан қорлығын ашы тіл, өткір сөзбен білдірген драматург негізгі қаһармандарды сахнага шығарады. Карт батыр Қалдыбай зар төгіп, запыран жұтқанда, әлеумет басындағы азап-ауыртпалыққа қабыргасы қайысады: ұлы Таңатардан айрылған, осы кайғы өзегін өртейді.

Алғашқы көріністен бастап Махамбет сөздері сұрап не жауап түрінде келетін әдetteгі қалыпты арнада емес, от-жалыны бетті шарпітын табіреністі толғау – монолог сипатында келеді. Бұларды жеке алғанда басаяғы жұмыр, композициялық келісімі бар, ішкі тебіреніс, зор толкудың көрінісі – аяқталған асau жыр деп караса, кате емес. Қалдыбай тобының

Қарауыл қожа қысымына қарсылығы бір тартыстың шетін шығарса, екінші лан қашып келген қыз бер жігіт оқиғасынан басталады. Қыз аты Қарлыға. Махамбеттің жиені. Жігіт аты Құрманғазы. Құйши Құрманғазы.

Ескі қазак аулындағы дәстүрлі, белгілі ситуация, қалыңмалға келіспеу, махабbat бостандығына ұмтылу – мұның бір ұшқыны қыз бер жігіттің тағдырыдь жүйрік аттың беліне тапсырып, алыс жұрағатты – нағашы елді сүйеу көріп, тұн жамылып, қашып кетуі болатын.

Сол жағдай мына екеуінің басында тұр. Бұл драмалық түйін казак драматургиясында кейін жазылатын «Абай», «Ақан сері – Актоқты» трагедияларында әр қырынан, әр деңгейнен бейнеленетін болады.

Өзі де қазак өнері тарихының бір деңгегі – Құрманғазы тағдыры Илияс трагедиясында жан-жакты көрсетілмейді. Қүйшинің ойда қалар образы жоқ, ол пьесаның ұлы арнасындағы қатардағы персонаж. Біркүдіру әрекеттерге Қарлыға екеуінің сүйіспеншілік тарихы, қашып кетуі мұрындық.

Намыстан қүйіп, кектен өртеніп келген Махамбеттің сүйеніші – халық: бұтаға қорғалаған торғайдай қысылған екі жасты қамыс шауып жүрген жігіттер жасырып кояды.

Әрекетке Қарауылдың өзі, оның қол тоқпак, сал соылдары араласқан соң драматизм күштегі бастайды. Бір жағы таптап, илеп, үйтіп тастамақ, екінші жағы қенбейді, қарсыласады, дауыс қөтереді.

Исатай Тайманұлының орта дәүлетті, ел ішінде сыйлы кісі болып старшина сайланғандығы, көтеріліске дейін патша әкімдерімен де, ханмен де күрделі карым-қатынаста жүргендігі, әсіресе, соңғы кезде жазылған тарихи зерттеу еңбектерінде ашық, айқын айтылған (И.Кенжалиев, «Тайманұлы Исатай», А., 1977).

Трагедияны жазу үстінде И.Жансүгіров қандай архив деректеріне, жазба материалдарға, кімдердің ауызаша әңгімелеріне, шежіре-жырларға сүйенді, дәл бүтін, акын архивін толық танысу мүмкіндігі тумай тұрған шақта бұл мәселеге толық, орнықты жауап берे алмаймыз.

Пьесаның зор олжасы – Исатай бейнесі диалектикалық бірлекте, қайшылық-қасиеті сом тұтастықта алынған.

Алғашқы кездескенімізде жанында екі солдат, ұлы Жакия, дау иесі Қауғабай бар старшина Исатай қашып кеткен қыз бер жігітті күа келіп тұр. Әрбір сөзді темір келсап соккандай етіп айтатын Қалдыбайдан тұтылған Исатай бұрыла берді. Сахнада – Исатай мен Махамбет. Халқымыздың тарихында есімі қатар айтылатын егіз тарлан екі есім. Азаттық атты сұнқардың кос қанаты. Не дейді бұлар?

Дүниедегі көзі қөрген, санасты жеткен куаныш болсын, қайғы болсын – баршасын жан жүрегімен қабылдайтын акын зорлыққа шыдамақ

емес. Әсіресе, қазак басына күн туып, ел-жүрт жылап жаткан кезде, акын сөзімен, ісімен наиза ұшында. Махамбет басында дәл осындағы қүй бар. Сұмпайы сұлтан, сұмбырай би, жемір қожа, жұлымыр молда, тұп төркіні ант ұрған хан болып, салғырт-салық деп, зекет-шығын деп халықты зар иletkenін көріп, біліп тұрған акын қорған іздейді. Тығырыктан шығар жол шындалған шалғымен шөп шабу емес, жуандардың аулын шабу деп біледі.

Қашкындарды тауып бер деген Исатай сөзіне айтылатын жауап тіпті катқыл. Екі мінезде екі түрлі сипат бар. Аты алты алашқа мәшінүр, арғы тегі тубірлі, әзір өз жанына сұнғы батпаған старшина Исатай өзі түргылас Қарауыл мен Балқыны бакталасын, дұшпаным деп санағанымен, ханға қарсылыққа әзір баспайды. Ханды халық қамқоры есептейді. Алып-ұшып, жұлқынып тұрған Махамбетке басу айтады, істін артын тосып, сабыр қылғанды жөн санайды.

Бөрін көрген, зорлықтан әбден қажыған акын сенген ері Исатай мынандай момындық, жуастық, бағыныштылық жолын айтып тұрғанда, ашу ызадан ширығып, жалғыздық-жалқылық жайлы шер төгеді.

Драматург негізгі екі қаһарманың бір-біріне ұқсас етіп жібермей, даралап, ерекшелендіріп шығару үшін бұлардың арасындағы достық, тұтастық сезімдерімен коса, темперамент алшактығын, ұғыспаған кезді, мінез өзгешелігін әдейі бейнелейді.

Трагедияда шағын орта, қысаң аудан емес, өмір құбылыстарының кен шенбері қамтылған. Қаһармандар ішінде сол кездегі қазак қауымының негізгі өкілдері, патша әкімдері түгел бар. Окиға әр түрлі жерде, әр түрлі әлеуметтік шаңырак астында өтеді. Бірінші перденің екінші суретінде алғаш рет хан ордасымен танысамыз. Әуел сахнаға ханың екі әйелі – Айғаным, Фатима шығады. Ел жұртты, кара халықты жамандаған кезде ым-жымдары бір. Одан өзге нәрсеге ауысқан шакта кос ханымының бет тырнақ, көсөу ала жүгіретін, бір-бірін өлердей жек көретін көп күндең әйелдерден айырмасы шамалы. Ханың кезіне шөп салып жүрген кос арам бет жыртардай болып, тап-тап беріседі. Бірі Европа сылқымдарына дес бермес пандықпен аяғын шекіп басып, бірі Шығыс билікштерінің дәстүрімен үлде мен бұлдеге малына кийіп, тоты құстай таранып тұрғанымен, екеуінің ішкі дүниелерінде айырма жок.

Кейіпкерлердің мінезін ашуда, білім дәрежесін көтеруде, дағды ерекшелігін аңғартуда дараланған сөздік сипаттаманың көркемдік мәні ерекше. Бұл саладағы Жансүгіров ізденісінің салмақты табысы деп Жәңгір ханың сөздерін айтуда көрек.

Арғы тегін Шығысхан әuletінен таратып, өздерін асыл тұқым, аксүйек санаған төрелер кара қазактан бөлекtenудің жүріс-тұрыс, кимыл-

козгалыс, дағды-мінезге қатысты көп тәсілін тапқан. Күнделікті құлакқа үйреншікті, әркім білетін сөздер жұртшылықты селт еткізбейді деп санаған хан, бір жағы, сесті, қаһарлы болу мақсатымен, екінші жағы, ғұлама, білікті көріну ниетімен әдейі тілін шұбарлап, араб, парсы, татар, түрік сөздерін косып, сөйлем кисының шағатайшалап келтіреді. Кейде қыска, кейде келте қайыратын, оп-оңай, түсінікті жайттың өзін касақана созып, миңзадап тұрып алса, кейде толық арналы толғайтын тұста тактұқ еткізіп, бір сөзben кесіп тастап отырады.

Мұндай тақыстық шекара әскерінің бастығы Генсте жок. Өйткені ол тәуелсіздігінен айрылған, патша қаруының астына тізе бүккен көшпенді елде кісі қаймығар қайрат, адам сыйлайтын қасиет бар деп есептемейді. Бұлардың басқалары түгіл, хан атанип билік тұтқасын ұстағандай болып отырган Жәңгірдің өзі қолдан жасаған куыршақ емес пе? Сондықтан отарышылдық саясаттың қанды ауыз касқыры Генстің үрейлендіріп, коркытып, шошытып сөйлеуі, у корғасындаі ойып түсер зіл, салмақ тастап отыруы әбден заңды.

Европа жендеті аталған Россия отарышылдары бағынышты елді езіп, жаншып, илеудің сан алуан айла-тәсіл, амал-шарғысын әккі жымыс-қылышкен іске асырып отырды. Қарапайым тілмен айтканда, мұндай саясаттың бір түрі – сапты аяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарау деп аталады, яки бас-басына жел беріп, әрқайсының қолтығына дым бүркіп көю.

Генс қимылында тұлқі құлық емес, аристан айлакерлік жатыр. Бұрынғы қеншілік қеншілік пе, енді мұлде еркіндік беріп тастағансыды. Хан жағынан он екі биден тұратын, «шорай қазы» аталағын алқа құрапады екен. Үкім шығару, билік айту, салық жинау бәрі осылардың қолына берілмек. Қараныз, жыртқыштар ұлып табысып жатыр. Мұсылмандық парызы түгел ұмыт болып, молданың ең мықтысы Ахун патша құрметіне дүға оқып, өзге билер құран сүйіп, адал қызмет етеміз деп айт береді. Халықты екі өкпеге тепкілеудің осындай жана қылмысты ұйымы жасалардың алдынға ғана деген үлкен қарсылықтың ызғары сезілген.

Махамбетпен кездескен сәтінде толық ашылмай, іштей томырылып, сүйк жұзбен кеткен. Исадайдың хан алдындағы мінезі басқа. Әр түрлі сирдың ұшығы анғарылады. Такыс, арамдағы қабат-қабат бүккеттіліп ішінде жататын Жәңгір хан тындал түр. Исадай тұрмыс ауыртпалығын, ордадан айттылған он жарлықтың елге отыз болып баратынын, қалың сұмның талап-тонап жатқандығын, тентектерге тыйым жоқтығын, судың басынан лайланғанын, сұлтан, билерге кесілген жерлердің халыққа қайтарылуын, Балқы, Қарауылдарды биліктен кетіру керектігін жай

тілек, етініш емес, тең, бастас адамдардың талабы, шарты етіп айтқанша ашу, ыза, кек екпінің айқын сезіледі. Старшина сезінің ешқайсысын орындау хан ойында жоқ, қайта қашқындарды жасырып жүрген Махамбетті неге ұстап бермейсін деп бас салады.

Жәңгір – Исадай арасындағы тартыс наизагайы осы тұста жарқ етеп қалады. Батыр енді әділет тұтқасы гой деп медет тұтқан билік иесінің барлық сиррын, шын кескінін көрді. Ойпырым-ау, халықтың сүйікті жыршысының басын қанжығама байлап бер деп тұр. Сөйтсе бітімге келмек, он екі бидің бірі етіп сайламақ. Старшина койған, бұйрық – жарлығын іске асырап, тірек болар санаған адамның сиқы мынадай екен, соңда халық, әкімдікте не қасиет, не қадір қалды?

Екі түрлі сенім, екі түрлі мінез, екі аристан. Бұлар енді бір-біріне карсы шапқан, бітім таппас жау күштердің наиза ұшында тұрған кос серке.

Тартыс кернеуі қолға түсken Құрманғазы мен Қарлығаны ордага алып келген соң қүшіне түседі. Бұл сценада Құрманғазы характерін ашатын әрекет, сөз, қымыл жок. Қайта Қарлыға монологында драматург ұлттық дәтүрде бар, жауға, дүшпанға айтылатын қарғыс сөздің үлгісін шебер қолданған. Осы тұста тұзакқа оралмай, қакпана тұспей жүрген Махамбеттің өзі тұра жүріп келеді. Баймағамбетке бейне бір ұстап от шашқандай, кесіп, тіліп түсетін, халық қаһарының екпініндегі сөз айтады.

Трагедияның көрініс суреттері психологиялық тұрғыдан контраст, қарама-карсылық принциптерін пайдалана отырып қыстырылған.

Ел ашыу селдей қантап, көтеріліп келе жаткан кезде үзіліп-айрылып, кекпен, нағыспен өртепін, Исадай кеткенде хан ордасындағы салтанаттың жалғандығы айқын сезіледі. Драматург Жәңгір айналасындағы екі жұзділік, опасыздық, сатқындық, жалғандықтың әр түрлі ұшқыны ретінде Бекжан, жанзақ тұлғаларын көрсетеді. Бірі әрі би, әрі құлдіргі, екіншісі өлеңші. Хан алдында жорғалап, жағын безел, алтынның буына дүниені малғандай етіп отырган жұрттың көзін қызылды-жасылды бояумен арбап, төгіліп-төгіліп кететін сарай жыршысының тұрпаты халық ақынының шындықты тербейтін, кекті, сұсты, қаһарлы кескінінен керегар алшак жатыр.

Илияс Жансүтіров, әсіресе, «Исадай – Махамбет» трагедиясында сахналық әрекеттің ырғағына ерекше мән берген. Қөнілді-қөнілсіз, құлқілі-қайғылы, бәсек-салтанатты көріністер өзара ауысып тұрады. Пьесаның басынан аяғына дейін үзілмей тартылып отыратын желінің бірі Қалдыбыай тағдыры. Бұл – халық өкілі, кейін қазақ әдебиетінде типтік характерлер дәрежесінә көтерілетін (Дәркембай, Қодар сынды) образдардың алғашқы үлгісі. Өздерінің сөздік сипаттамалары да бір-біріне ұқсас. «Абай жолы»

эпопеясындағы Қодар содыр жуындарды итке, көп итке теңесе, «Исатай – Махамбеттегі» Қалдыбай жәнгір ханға: «Қарауылдың күшігіне мұнша құн кестірдің, егер де мынау Шомбал сықылды төбетінді анау Қарауыл сықылды бұралқыңды өлтірсем, Қалдыбайға қанша құн кестірер едін?» – дейді (5-т., 291-бет). Ит, күшік, төбет, бұралқы – мұның бері халық эстетикасында қас дүшпанға, жек көретін жауызға айтылатын балағат сөздер.

Екінші перденің соңғы сценасында халық көтерілісінің қаһарына іргесі шайкалған ордадағы әбігерді көреміз. Драматург жеке характерлерді даралап ашпағанымен, патша өкілдері, хан төнірегі, түптеп келгенде, бір казанда қайнал жатқан жылбысты екендігін қыска диалогтар арқылы жақсы сездіреді. Декорация, киім-костюм үлгілері ремаркада айқын, дәл айтылған.

Пъесадағы әсер-әуен, ырғак-екпіннің анық, санқылдан естілетін айрықша ашық тұсы үшінші перде. Бесінші суретте теңіз айдынына жазғытырым жан-жактан жамырап келіп, асығыс құйып кететін асау өзендер секілді көтерілісшілерге қосылып жатқан сан атанаң күпшек санды батырларын көреміз: Жұсіп, Үрсалы, Қожахмет, Үбі, Шекшекей, Науша, Бабат – бұлардың аузынан шыққан сөз ел ашуының ұшқыны іспетті. Көтерілісшілердің бас коскан тұсын панорамалық, көпшілік сценасы сипатында берген драматург Исадай – Балқы, Махамбет – Борық, Құрманғазы – Қарлыға арасындағы сүйіспеншілікті, киын-қыстау кездегі адап махаббатты бірер көрініспен бейнелейді.

Мәре-сәре, у-ду болып, алдағы шабуылға дайындық жасап жаткан ереуілшілер ортасына хан елшілері жетті. Бұлардың ішіндең түбірлі сөзді ұстаған адам Бекжан Исатай мен Махамбетке ат, шапан әкеліпті. Қалдыбай батырдың басы да азат. Жәнгір осының алдында ғана исатайға билерге кестіріп салған айыпты да ұмытқан секілді, нысана бітім, бірлік.

Драматург шаруалар көтерілісінің жеңілу себептерін объективті түрде, тарихи тұрғыдан шындық аясында көрсетеді. Көтерілішілер арасындағы ала ауызлыкты екі курделі характерге сабактастыра бейнелейді.

Анталаған жау, қалың әскерге қарсы шапқанмен, тубі жеңіске жетуғынын, сондыктан ханның өзі келісімге келіп тұрғанда, қара казан, сары баланың қамы үшін бітімге токтағанды Исатай дұрыс көреді. Жалан қылыш, өрт ақын Махамбет ордага шабуыл жасау керек деп біледі.

Жырынды би Бекжан ру арасындағы ырың-жырынды пайдаланып, оп-оңай іріткі салады, көтерілісшілер катары сирей бастаған. Дәл осы кезде, сарбаздар кетіп, сардардың өзі калған қапылышты аңдитын әккі жауыздың жымысқы амалын істеп, Геке, Байеке бастаған жendetтер де жетеді.

Логикалық жүйемен алғанда, драмалық тартыс осы сценада тынған: көтерілісшілердің негізгі күші Жасқұста талқандалды, патша әскері, хан жасағы қанды қырғын жасады. Ал психологиялық тартыс, адамдардың ішкі әлеміндегі алай-дүлей толғаныс, дағдарыс, тебіреніс арғымактың орға жығылғандағы, кеменің жарға соғылғандағы, ак семсердің тасқа шабылғандығы сәтіндей қайғылы күй кешкен көтерілісшілер басы Исатай мен Махамбет болып «аһ» ұрады. Исатай бес қаруы бойында, құллі күші қасында тұрғанда ордаға шаппағаны, тартынып қалғаны, ер-азаматтың сағын сындырғаны үшін бармағын шайнайды, мынағай каралы күнде үмтүлғанмен не пайда, не кайыр.

Қарт ақын Қуан алыстан орағытып келіп, қарлы борандатып, жауышашындағы, ақыры түбі қазылған бәйтеректің тенселе-тенселе құлайтынын ұқтырады: женілген-жығылғанға, құлаған-сүрінгенге айтылатын азалы жыр, өлімге көніл айту іспетті кайғылы толғау, көздің жасын сұрту.

Міне, дәл осы шакта бәйге аттың құйрығынан үзіп алған қылды тақ-
қан, аршадан шапқан кызыл күрен көбіздің алпыс екі тамырыңды идіріп
бір шығатын үніндей болып, Махамбет монологтары кетеді лықсып.

Қазақтың шайырлы, қорғасынды сөздеріне келгенде ешкімнен аттың майын сұрамас даңғыл жүйрік, екпінді тұлпар Илияс айтылмыш tragedияны жазу үстінде халық тілінің қан-казынасынан қарпып алған; Махамбет Өтемісұлы поэзиясының стихиясын терең менгеріп, әуез-ыргак, үйкас, тармак, шумак жасауда ұлы шебер кәдеге асырған тамаша үлгілерді қайта жаңғырткан; ассонанс, аллитерация, консонанс, анафора, эпифора, градация, метафора, метонимия, литота – осылардың сан алуан құлпырып, жайнап тұрған соны өрнектерін көруге болады. Трагедиялық монологтар жасау ізденістеріне Илияс фольклордағы толғау, арнау өлең формаларын дамыта, жаңғырта кәдеге асырған. Халық билерінің, шешендерінің сөздерінде кездесетін тұракты, мәнді, айшықты оралымдарды жиңі қолданған.

А. занталак!

Сені, сені дегенде

Семіріпсің, занталак!

Сен біл, сен біл дегенде

Желігіпсің заңталак!

Күдайыңды танымай

Ханына құлдық қылмасстан,

Бөлініпсің, занталақ!

Ұлыңды сенің Ұрымғ

Қызыңды сенің Қырь

Жібермесем кәпір өтейін, занталақ!

— Аптықпа ханым, аптықпа ханым,
Адыраңдап қақтықпа ханым!
Қыларың болса, қылып қал,
Капыда менен қалмаған, ханым!
Кашаннан сенің қорлығың
Қазактан, сірә, қалмаған, ханым
Атаң Әбілқайыр, Нұралы,
Айшуак, Есім, Ералы
Қазакты қатын қылам дегенде
Өзінің басын жалмаған, ханым!
Қара басым кетсе де,
Хан деп құрттай қаймығып,
Қарулы сөзден қала алман, ханым!
(5-т., 293-бет)

Бұл диалог пьесадагы драмалық тілдің синтаксистік, стильдік, интонациялық, тропалық құрылышының сипаты жөнінде айқын ұлті бола алады. Екі қаһарманның лебізінде де трагедиялық зор пафос бар: есептеп қиталанатын «занталак», «ханым» сөздері барымташы жігіттердің жеті қараңғы түрде жортуда жүріп, дүшпанына аямай сілтеген кара шоқпарлары секілді.

Трагедия кейіпкерлерінің тілін даралауға айрықша көңіл бөлген драматург, негізінен, олардың бәрін де шешен, шебер, айшықты, сөз иесі етіп көрсетеді. Есіресе, бұл қасиет Махамбет монологтарынан ерекше көзге түседі. Тарихи драматургиядағы алғашқы барлау, ізденістің қындығынан шығар, Илияс Жансүгіров Махамбет тілінің реалистік негізін толық тапқан деп айтуға болмайды. Махамбет монологтарының бірқыдыруы ақын поэзиясының сарынына, идеясына, поэтикасына сәйкестендіріліп, тыңнан жасалған, бірқыдыру монологтарда Махамбет өлендері азды-кепті өзгерістермен алынған, кейбір монолог Махамбеттің өзгеріссіз өз өлеңі; Махамбеттің кейбір өлеңі басқа адамдардың аузымен айтылады:

Бір мысал.
Жалғыздық
Бұл дүниенің жүзінде
Айдан көркем нәрсе жок, —
Тұнде бар да күндіз жок,
Күннен көркем нәрсе жок,
Күндіз бар да тұнде жок,
Мұсылмандылық кімде жок?
Тілде бар да дінде жок,
Көшпелі дәүлет кімде жок?

Бірде бар да, бірде жок,
Азамат ерлер кімде жок?
Еріскен күні қолда жок,
Заманым менің тар болды, —
Тура әділдік биде жок.
Бәрін айт та, бірін айт
Қаумалаған қарындас
Қазакта бар да менде жок.
(Махамбет, Өлеңдер. А., 1974, 83-бет).
Трагедиядагы Махамбет монологы.
Аспан әлем жүзінде
Айдан көркем нәрсе жок, —
Тұнде бар да, күндіз жок.
Күллі әлемнің өзінде
Күннен көркем нәрсе жок, —
Күндіз бар да, тұнде жок,
Қарындастық кімде жок?
Тілде бар да, дінде жок,
Көшпелі дәүлет кімде жок,
Бірде бар да, бірде жок,
Азамат ерлер кімде жок?
Айқай шықса, бірі де жок.
Заманым менің тар болды,
Тура билік биде жок.
Бәрін айт та, бірін айт,
Қаумалаған қарындас,
Қазакта бар да, менде жок.
(И.Жансүгіров. Шығармалар, 5-т., 267-бет)

Драматург өлең мағынасын аша тұсу үшін: «Бұл дүниенің» – «аспан, әлем», «мұсылмандылық» – «қарындастық», «еріскен күні қолда жок» – «айқай шықса бәрі де жок», «тура әділдік» – «тура билік», – деп өзертеп алған; «куллі әлемнің өзінде» деген жана тармақ қосқан. Қалған сөз түп-түгел Махамбет шығармаларында жарияланған текслепен сәйкес келеді.

Әлі күнге Махамбет шығармаларының текстологиясы толық, ғылыми жолға койылған жок. Ақын шығармалары бізге Мұрат Мәңкеұлы, Ығылман Шөрековтердің ауызаша айтуымен қағазға түсіп, 1925 жылы баспа-сөзде жариялану арқылы жетті. Тұңғыш Халел Досмұхамедов басылы-мның толық қадіріне әлі түгел жетіп болдық дей алмаймыз. Махамбет өлендерін зерттеу, насхаттау ісінде Қажым Жұмалиевтің еңбегі мол. Ақын, көзі қаракты әдебиетші Беркайыр Аманшин 1974 жылы Махам-

бет өлеңдерін қайта күрастырды. Қ.Жұмалиев бастырган жинактарда, оқулыктарда қалыптастан көптеген өлеңдердің сөздерін өзгерткен, шығармаларды бір-бірімен қоскан, бөлшектеген; жаңа өлеңдер жасаған; өз жанынан ат қойған; «ереуіл ат» емес, «еруіл ат» жасады, жалғыз адам ұлттық тарихымыздағы ең қымбат мұралардың бірін өз ойынша, өз қалауынша қайтадан өзгертіп жариялады.

Ғылыми мекемелер, маман ғалымдардың осындай өте жауапты жұмыс жайлар пікір білдірмеудің кісіні таң қалдырады.

Трагедияға материал жинау кезінде Еділ – Жайық бойына арнайы сапармен барған Илияс Махамбет өлеңдерінің ел аузында сакталған таза нұсқаларын жазып алуды мүмкін. Сондықтан пьесадағы Махамбет монологтарын ақын шығармаларының канондық, тұракты, академиялық жинағын шығару ісінде бір негіз ретінде пайдалануға болады деп санаймыз.

Махамбет аузынан айрықша терең айтылған көтерілішілер сырның соңғы түйінін жасайтын – Исатай. Ақын монологында айшыкты сурет, жүрек тебірентер толғаныс көп, батыр монологында ой, тұжырым, байлам басым, исатай – Махамбет көтерілісін бір аймақтың, бір жүздің дүмпүі емес, ісі қазақ баласының кекті намысына тиғен шақпақ от етіп бейнелеу – өткен өмірге тарихи объективті қозқараспен қарай білген, құбылыстарды ойшыл қаламгер санатында талғап, саралаған аршынды суреткөр позициясына тиянакты дәлел. Исатай өз өмірі мен орыс елінің тенсіздікке қарсы ширыққан ашуының жарқ өткен наизағайлары Степан Разин, Емельян Пугачев сыңды перзенттері тағдырын сабактастыра толғанған кезде, тіпті, биіктеп көрінеді.

Классикалық әдебиетте жіңінештесін трагедиялық образға лайық трагедиялық қателік Исатай басында да зіл батпан. Ол Махамбеттің, басқа батырлардың ойынша, кейін Исатайдың өз ойынша, кезі келіп тұрғанда Жәңгір ханың ордасын шаппагандығы; Бекжаның қызыл тіліне алданып, бітімге барамын деп, жігіттерді таратып жіберуі. Рас, тарихи көтерілістің жеңілуінің көптеген таптық, әлеуметтік, саяси себептері белгілі. Драматург сол мол себептерді тұтастырып, әдеби шығарма талабына лайықты, арналы қайшылықты алған.

Ел-елге батырларды қайта жіберіп, күш жинап, жауға қайта шабамын деп алас ұрган Исатай харakterінде талантты актер сахнада сәтімен ойнай қалса, жайнап, жарқырап кететін мол трагедиялық сипаттар бар. Ал, Махамбет бейнесі өршіл романтикалық ыңғайдағы өнерпаздың қолына түссе, сөйлеп кетейін деп тұр. Трагедия финалы зор суреткерлік толғаныстан туып, ақындық ғаламат шабытпен жазылған; бұл қазақ драматургиясында көркемдігі, философиялық терендігі жөнінен алғанда

Әуезовтің классикалық шығармасының соңғы нұсқасындағы Еңлік пен кебектің тіршілікпен коштасу, Жапал, Абыздардың болашақ үрпакпен сырласу сценасымен деңгейлес тұрған тамаша көрініс.

Бір сәтке үміт оты қайта жанып, көтерілішілер күш жинау үшін жан-жаққа аттануға бел бұған, ертеңгі тұманды құнғе құдікпен қараған шытырман шакта кимастық сезімі, әсіресе, екі альпты Исатай мен Махамбетті қинайды.

Махамбет сөзіндегі түйткіл, кеселді түйін жеке бастың өкпе-назы емес, сәті түсіп тұрғанда орданы, Жәңгірдің шанырағын неге ойрандамадық деген өкініш ішін үдай ашытады. Әлі де болса, қапысын тауып барып Баймагамбет сұлтан мен Жәңгір ханды жарып тастау – көкейін тескен арманы секілді.

Бұндай жалғыз шапкан жеке дара кимылға Исатай әлі қарсы. Осындаид толқып, мұн шағып, өткеннің қателігіне бармак шайнап тұрған екі батырдың үстінен, аяқ астынан жау сау ете түседі. Дүшпан оғы Исатайды жаралайды.

Өмір нұры сөніп бара жатыр. Тіршілік тартысынан әбден қажып, жеңіліп, дүниедегі қызықтың берінен қалып, түңіліп, ажалдың өзін демалыс, ракат, тыныштық мекені, мәңгі үйкес қолтығы қоретіндер де, өмір күресінде бірде жығып, бірде жығылып жүріп әлі де есем, кезегім калды дейтін, татқанынан татпаганы, қөргенінен қөрмегені мол, істемек шаруасы әлі тынбаған, қарауыл төбеге шығып үлгермеген, арманын орындағы алмағандар да – кім болса да, араның ашып жеткен сәтті, шамасы келсе, ақтық сөзін, қоштасуды айтпай қалмак емес.

Осындай соңғы сәт, ақырғы минут Исатай басына да келді:

«Жолдасым, жөнел, айналма, мен қалдым... Сен тірі кет... Сенің тірі кеткенің қөңіліме жаксы. Артымда сен қалдың! Ел қалды... Сен елге сәлем айт!.. Ханың басын алам деген халқыма қарысып, қапыда қақпан басқан едім. Ел Исатайдың ол құнәсін кешсін!.. Қапыда істеген қатеме қара қазақ баласы қарғамасын мени!.. Елге осыны айт. Елге жетер ендігі тілім сен! Тез жөнел!» (5-т., 333-бет).

Көтеріліс басшысы өлім ұстарасы алкымға тақалғанда да жігерлі. Мұрат, нысананы әлі естен шығармаған. Басқа емес, ауызда екі-ак сөз: халық, ел.

Қару асынып, жігіттерді бастап, қалың жауға неге шаптым деген өкініш жок. Әділет, тендік жолында құрбан болғандығын мерей санайды. «Халық» сөзі бір рет, «ел» сөзі бес рет айтылып тұр. Пьесаның ұзын бойында Исатай мен Махамбет монологтарында «ел» сөзі үнемі қайталанып отырады. Бұлардың символдық, жинақтаушылық, лейтмотивтік мәні бар. Тағы да «Еңлік-Кебек» трагедиясының соңғы нұсқасындағы Нысан абыз

монологтарындағы «ел» сөзінің қолданылу ерекшелігін еске түсірудің артықшылығы жоқ.

Драматург Исадайдың өлім сценасын жап-жақсы, реалистік дәлдікпен, психологиялық тереңдікпен, өте сенімді бейнелеген. Ұлы Жақиямен қоштасу монологында ет жүргегі елжіреген әке маҳаббаты, екі көзден ақкан қанды жас бар.

Халық қаһарының қолбасшысы мерт болып бара жатқанда Байеке (Баймағамбет) секілді жендертер ер-азаматты өлтіргендері үшін қандай шен тағып, қандай шекпен киетіндерін ойлас, көнілдері құлті, тірдей колға түсірмек. Исадайдың соңғы лебізінде қайғы, өкініш жоқ, келешекке деген зор сенім, өршіл оптимизм басым.

Ілиястың «Исадай-Махамбет» трагедиясы әлі ешбір әлеуетті әдебиетші, сарабдал сыншы, орнықты зерттеуші назарына ілікпеген соң, шала-жансар, жүрдім-бардым, шикілі-пісілі пьесаларға үшкіріп дем салып, жан бітіріп, арсы-күрсі спектакль жасап жүрген кейбір пысық режиссерден не қайыр, не үміт?

Қазак театрының талантты сыншысы марқұм Қажығұмар Қуандықов кезінде «Исадай – Махамбет» трагедиясы туралы көпшілікке жар салып, ағынан жарылып, екі мақала жазып еді («Театрда туған ойлар», А., 1972, 51-56-беттен). Оған құлақ асқан кісі болған жоқ.

Абзалында Илияс Жансүгіровтің «Исадай – Махамбет» трагедиясы өмірлік фактілерінің дәлдігі, оларды сұрыптауы, кейіпкерлерді дара-лауы, драматургиялық құрылышы, идеялық-эстетикалық нысанасы – жалпы маңызы жөнінен осы тақырыпқа арналып бұрын-соңды жазылған, М.Ақынжановтың «Исадай – Махамбет», Ф.Слановтың «Махамбет», Б. Аманшиннің «Жақия» пьесаларынан шоқтығы биік туынды десек, бұл – ұлы ақынның аруагы алдында бас ию емес, шығарманы накты анализ жасаудан туған дәлелді түжірым, әдеби дамудың шындығы.

... Сейтіп, қазак драматургерінің трагедиялық шығармаларын класификациялау және талдау бұл жанрлық форманың ұлттық әдебиетімізде кең өріс алып дамығанын көрсетеді. Үздік трагедиялық туындылар сахнадан түспей, үнемі қойылып жатқан классикалық спектакльдерге арқау болды. Бұл трагедияның драматургиямыздағы ең піскен, жетілген, толық қанды жанр екендігінің тағы бір айқын белгісі.

Ұлттық материалға сүйене отырып, екінші жағынан әлемдік әдеби дәстүрлер сабағын ескеріп, қазак трагедиясының мынадай спецификалық ерекшеліктерін анықтап айттар едік:

– күні етіп бара жатқан ескілік пененді тұа бастаған жаңаның арасындағы бітіспейтін идеялар мен құштарлықтар арасынан туатын трагедиялық тартыс;

- асыл армандар, биік мұраттар жолында күресу үстінде қалыпты өмірдің тас қорғанына соғылып мерт болатын дара тұлғаның трагедиялық қателігі яки адасуы;
- өлім мен өмірдің шекарасында, адам мүмкіндіктерінің шегінде жететін тұстарында өтетін аса тартысты сюжетпен әбден ширатылған композицияның шығарманың барлық структуралық көркемдік элементтерін шашау шықпас жүйеге түсіруі;
- ересен психологиялық, адамгершілік-эмоциялық әсер күшінің оқырманды (көрерменді) ерекше эстетикалық сезіммен барап, өмірдің тұңғылық сырларын ұқтырып, жаңғыртып, өзгертуендей ықпал етуі;
- таудан ақкан селдей ғажайып шешендік, наизағай жарқылындағы отты айтыс, орасан бай, ерекше өрнекті халықтық орамды, бейнелі көркем тіл құнары.

Ой түйін.

Фалым Р.Нұргали зерттеуіне сүйене отырып, қазіргі казак әдебиеттіндегі трагедия жанрында жазылған бір көркем туындыға талдау жасаңыз. Талдауда автор үстанымы мен кейіпкерлер жүйесіндегі өзара байланысты анықтаңыз. Драмалық шығармадағы негізгі тартыстың композициялық жүйенің қай тұсында басталғанын және шығарма идеясын ашуда маңыздылығын анықтап көрсетініз.

14-ТАҚЫРЫП

Тапсырма.

1. Эдебиеттегі стиль ұғымына ғылыми таладау жасаңыз. Ғалым Қ.Жүсіп талдауларындағы стильдік ерекшеліктерді анықтау тәсілдеріне назар аударыңыз.
2. Макаланың тақырыбын негізге ала отырып қазіргі қазақ өлеңдеріндегі стильдік түрлену туралы ғылыми макалда дайындаңыз. Макалада тәуелсіздік алғаннан бергі (өзініз қалаған) ақындардың шығармашылық ерекшелігін талап көрсетіңіз.

Қ. ЖУСІП СТИЛЬ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛІЛІК

Стиль жөніндегі пайымдаулардың, айтыс – тартыстардың бәрін жинақтап жүйелесек, оны тым кең магынада, түрлі арнада алушмен бірге арнағы жеке мәнде қарастырудың да қуесі боламыз. Кең ауқымда дейтініміз: тіпті, осы кезге дейін «күйнү стилі», «мода стилі» деген тәрізді сөз колданыстарға тап боламыз. Сонымен бірге стильді әдіс, немесе ағыммен алмастыру болғанына зерттеуші Қ.Жұмалиев орынды назар аударды¹.

Сондай-ақ стильді жеке суреткер ерекшелігі ретінде санаушыларда да бір-біріне қарама-карсы пікірлер көп болды. Соның бірі және неғұрлым жиі кездескені: стильдің көркем шығармада қамтымайтын саласы – жок, немесе, бар деген керегар тұжырымдар төнегегінде туып отырды. Сонымен бірге стильді тым тар магынада түсіндіріп, оны тілден ғана іздеу орынсыздығы қазақ әдебиеті сыйниңда жете айтылды².

Стиль жүгін молайтып, оның үстемдік құрап аясына тақырыпты, обrazдарды, композицияны, мазмұнды коса кіргізуін орыс әдебиеті ғылымында кең орын алғаны Мәселен, стильді П.Н.Сакуллиннің (1927 ж.), мәлім. В.М.Жирмунскийдің алпысыншы жылдары арнағы зерттеген В.А.Ковалев кезінде (1961 ж.) стильге тақырыпты, композицияны т.б. жатқызғанын еске салады³. Осы іспепті байламды әдебиет теориясы окулығы авторлары: Л.И.Тимофеев, Г.Л.Абрамович те қолдайды⁴.

¹ Қараныз: Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. Алматы, Жазушы, 1966, 7 б.

² Бұда сонда, 19 б; Оразаев Ф. Замана қаһарманы. Алматы, Жазушы, 1981, 147 б.

³ Қараныз: Многообразие стилей в советской литературе. Москва – Ленинград. «Наука» баспасы, 1965, 21 б.

⁴ Қараныз: Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. Москва, «Просвещение» баспасы, 1966, 391-393 б; Г.Л.Абрамович. Введение в литературоведение. Москва, Просвещение, 1970, 298 б.

Зерттеуші В.В.Курилов стиль жөніндегі екі қөзқарастың бар екенін сарайлай келіп, екінші тоқтам өкілдерінің шығарма стилі-мазмұнның әр алуан жақтарынан да (тақырып, кейіпкерлер, идея), пішіннің (форманың) көрінімінен де (образдар, композиция, тіл) құралады деп санайтынын көрсеткен⁵. Қазак зерттеушілері: З.Қабдолов, Ф.Оразаев, Ә.Кекілбаев та осы сарындаң үйғарымды қуаттайды⁶.

Әйтсе де бұл түйіндерге қарсы байылтаулар да барышылық. Белгілі зерттеуші Г.Н.Поспелов мазмұнның стильтеге енбейтінін, бірақ оның стильтеде көрінуін сөз етеді⁷. Демек мазмұн стильге жатпайды десек те. стиль шапағатын мүлде кабылдамайды деп те шегелей алмайтынымыз анық. В.А.Ковалев болса, ол да «стиль» ұғымының пішінге де, мазмұнға да қатысты екенін жарлаумен бірге стиль категориясының көркем шығарманың бар жағын қамті алмайтынына да назар аудартады⁸.

Осы пікірлердің бәрін сұрыптаі келе, мына ойды ту еткіміз келеді. Біріншіден, стильдің, негізінен алғанда, пішінде жүзеге асатыны басы ашық мәселе. Екіншіден, стильге мазмұнды жатқызыбаушылар пікірінде де дән бар. Расында, пішін тәрізді, мазмұн да стиль уысында брыңғай қала алмайды. Әйтсе де стиль мазмұнға да біршама әсер етіп, өзі де соның ықпалын кабылдайды. Демек, негізінен алғанда, стильді пішінге қатысты деу оны мазмұннан мүлде бөліп әкетуге бастамауга тиіс. Қайта мазмұнның пішінге әсерінің нәтижесі ретінде қарау стилді неғұрлым жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ стильдің көркемдік әдіспен байланысы туралы⁹, стильдің ағым, бағыт пен т.б. арақатынасы хакында¹⁰ отау тіккен үйғарымдардан да стиль аумағы, қызметінің көп

⁵ Қараныз: Проблема стиля в современном советском литературоведении. «Литературные направления и стили» жинағы ішінде. Изд-во Московского университета, 1976, 47-48 б.

⁶ Қараныз: Қабдолов З.Сөз өнері. Алматы, Мектеп, 1976, 349-352 б; Оразаев Ф. Шолулар-деректер, пікірлер-ойлар. «Қазак әдебиеті» жинағы ішінде, Алматы, 1969, 99 б; Кекілбаев Ә. Өмір, талант, шығарма. «Жүлдүз» журналы, 4, 1981, 208-212 б.

⁷ Қараныз: Проблемы литературного стиля. Изд-во Московского университета, 1970, 40 б.

⁸ Многообразие стилей в советской литературе. Москва – Ленинград, Наука, 1965, 17, 20, 134 б.

⁹ Қараныз: Палиевский П.В. Постановка проблемы стиля. // «Теория литературы» деген кітап ішінде. Москва, Наука, 1965, 33 б; Борев Ю.В. Художественный стиль, метод и направление. «Теория литературных стилей» деген кітап ішінде. Москва, Наука, 1982, 86 б.

¹⁰ Қараныз: Поспелов Г.Н. Проблемы литературного стиля. Изд-во Московского университета, 1970, 94 б; Борев Ю.В. Художественный стиль, метод и направление. // «Теория литературных стилей» деген кітап ішінде. Москва, Наука, 1982, 86-87 б; Ковалев В.А. Многообразие стилей в советской литературе. Москва – Ленинград, Наука, 1965, 50 – бет, т.б.

қырлы екенін көреміз. Сонымен қатар стильді басқа ұғымдармен: мазмұн, пішін, әдіс, ағым т.б. алмастырып, солардың не бірінің, не бәрінің орнына колдануға келмейтіні де мәлім. Әйтсе де соның бәрін стильдің өз шарпуына бөлеп жататынын да ескермеуге болмайды. Жалпы стиль туралы ірге тепкен патуа, шешімдерді сараптап, ортақ нағымға жүгінгеннен кейін, оның ішіндегі басты да өзекті саланы, дербес стильді, арнайы дәйектеу қажеттігі туады. Дербес стиль ерекшелігі, мәні туралы қанат жайған толғамдар ұлан-ғайыр. Солардың ішінде ең көп тараганы және қолайлышы не десек, ол-қаламгердің бар шығармасында кездесетін негізгі идеялық-көркемдік ерекшеліктердің (идея, тақырып, кейіпкер, сюжет, тіл) бірлігі дербес стильді негіздейді деген пікір¹¹. Сондай-ак стиль категориясының: жазушы шығармаларына тән ішкі тұтастық пен табиғилыкты, оның шығармашылық жүйесіндегі жеке элементтердің жүйелілігі мен сарын беріктігін, олардың бір-біріне сай келушілігі мен өзара байланысын т.б. септестірушілік ролі орынды көрсетілді¹². Сонымен қатар стиль ұғымымен бірге жекелеген жазушы әдісі (жалпы көркемдік әдіспен қатар), яғни көркемдік әдістің белгілі бір суреткөр шығармашылығында өзіндік көрінісі болады деген пікірде ой саларлық дән бар¹³. Әйтсе де бұл сараптаударды әрі өрістетіп, стильді шығарманың образдық турлеріндегі өзіндік даралығы бар детальдардың бірлігі емес, соларды іріктеу, үйлестіру, өзара ықпал жасау принциптерінің жиынтығы ретінде қарастыру ұтымды тәрізді¹⁴.

Сейте тұра әр қаламгер еңбегінде әрі оны, әсіресе, өзімен тұстас әріптестерімен үндес ететін ортақ жайттар, әрі оны басқадан белектейтін жеке өзгешеліктер болуы, сөйтіп, бұл екеуінің бір шығармада кірігіп, бір бүтіндікте келуі, демек дараңың бәрі тек дербес болып қалмай, оның ішінде де ортақ сарын орын алуы т.б. бұл ұғымды да жіліктей түсү талабын қойғаны анық¹⁵. Сондықтан да біраз зерттеушілер қаламгер дербестігін

¹¹ Бұл үйгәримді, біздіңше, негұрлым дәл, жүйелі дәлелдеген ғалым – Тимофеев Л.И. Қараныз: Основы теории литературы. Москва, «Просвещение» баспасы, 1966, 392-393 б.

¹² Карапыз: Ковалев В.А. Многообразие стилей в советской литературе. Москва — Ленинград. Наука. 1965. 10-11 б.

¹³ Карапыз: Абрамович Г.Л. Введение в литературоведение. Москва, Просвещение, 1970. 304-305 б.

¹⁴ Карапыч: Поступов Г.Н. Проблемы литературного стиля. Изд-во Московского университета. 1970. 93 б.

¹⁵ Орыс әдебиеті гылымында жанр, әдіспен қатар, стильдің де жинақтау сипатындағы ролі дәлелденген. Қараңыз: Тимофеев Л.И. Слово в стихе. Москва, Советский писатель, 1982, 276-277 б. Зерттеуші А.Н.Соколов стильдің «таза», немесе белгілі бір бағыт, ағымнан тыс бірынғай дербес түрі болуы мүмкін еместігін сез етеді. Қараңыз: «Теория стиля». Москва, Искусство, 1968, 152 б. Соңдай-ақ стильдегі даражалық пеш тиитлілікті

ашу үшін, стиль ұғымы жеткіліксіздігін ескертіп, оның орнына «дербес шығармашылық тәсіл¹⁶», «Өзіндік колтаңба» т.б. атаулар ұсынаса, енді бір ізденушілер олай бөлшектеуге карсы¹⁷. Сонымен бірге жазушы шығармаларының да бәрі біркелкі жазылмайтыны, стиль көптүрлілігі, көпқырлылығы болу мүмкіндігіне де ғалымдар назар аударды¹⁸. Сондай-ақ стильсіз көркем шығармадағы кез-келген сөзқолданысты түсіну, түсіндіру мүмкін еместігі дау тудырмасы белгілі¹⁹. Әйтсе де қанша түрлі атаулар ұсынылғанымен, қаламгердің өзінен басқага ұқсамайтын өзіндік айырмашылықтары болатыны²⁰, оны белгілі бір ұғыммен, дербес стильмен, байланыстыру керек екендігі мәлім. Осы орайда дербес стильді тудыратын не десек, алдымен оған тарихи жағдай әсері еске түседі. Әйтсе де белгілі бір кезеңдегі тарихи жағдайдың әр суреткерге әртүрлі ықпал ететінін ескерсек, қаламгер ерекшелігін тек тарихи жағдайдан іздеудің жетімсіздігі танылады. Демек тарихи жағдайдың суреткерге дарыткан бағытымен қатар, қаламгердің өзінің қозқарас, мінез т.б. түрлішелігін қоса ескеріп, сол екеуінің шынайы, табиғи өрілуінен барып дербес стиль шаңыраптап көтереді десек, қателеспейміз. Рас, дербес стильді әдістен, ағымнан ажыратқанда, алғашкысы белгілі бір суреткердің басқалардан бөлөтін белгілерге сүйеніп, кейінгілері сол қаламгердің өз кезіндегі тұрғыластарымен туыстастыратын ұқсас, орайлас жайттарға табан тірепті деуде де шындық бар. Бұл бірак – дербес стильдің ішінде де қаламгер өзгешеліктерімен қатар, басқа замандастарымен сарындағы ететін ортақ белгілердің де болатынын жоққа шығармайды. Тек дербес стиль байымдалғанда, қаламгердегі басқаларға ұқсас сипаттардың бәрі сол ерекшеліктің шарпуына бөлөнетінін алдымен ескеру кажет. Ендеше

көрсеткен М.М.Гиршман пікірі де бұл үгымды тек жекешелендіруге алып кетудін біржакты, үстірттігін дәлелдесе керек. Қараныз: Изучение диалектики общего и индивидуального в стиле. «Теория литературных стилей» деген кітап ішінде. Москва, Наука 1982. 17 б.

¹⁶ Карапан: Последний Г.Н. Проблемы литературного стиля. Изд-во Московского университета, 1970. 114-116 б.

17. Алысқа бармай-ак, осы орайда казак зерттеушісі Ә. Кекілбаев шікірін дәлелді деңгейдегі Қараныз: Өмір, талант, шыгарма. Жұлдыз, 4, 1981, 209 б.

¹⁸ Карапыз В.А. Многообразие стилей в советской литературе. Москва – Ленинград, Наука, 1965, 12 б.; Поступов Г.Н. Проблемы литературного стиля. Изд-во МГУ, 1970, 98-99 б.

¹⁹ Карапан: Подгаецкая И.Ю. Границы индивидуального стиля. // Теория литературных стилей // деген кітап ішінде, Москва, Наука, 1982, 32 б.; Гончаров Б.П. Проблемы художественного стиля и проблемы стилевого анализа. Буда соңда, 231 б.

²⁰ Эр акынның өзінші жыраулы көрекітігі, онын мәні туралы құнды ойлар белгілі орыс совет акыны М.Исааковский еңбегінде бар. Қараныз: О поэтах, о стихах, о песнях. Москва. Советский писатель, 1968, 190-191 б.

каламгерде әрі баскаларға үндес ортак, әрі ешкімге ұқсамайтын өзіндік нақыштар болады дегенде, бұл екеуінің бірлігін, біріншісінің екіншігে бағынышты түрде белгі беретінін ұмытпаган жөн. Қысқасы, жазушы-ақын шығармашылығын зерттегендеге, мына ерекшелік ағымға, не әдіске, ал мына сипат дербес стильге тән дегендеге де, бөлудің шартты түрде жүретініне, ортақ сипаттардың өз алдында оқшаша көріне алмайтынына, тек дербес стиль көністігінде отау тігетініне назар аударғымыз келеді.

Стильді сөз еткенде, оның соншалық кең ұғым екені, демек мәселені ақынның жеке басымен ғана байланыстырып кою жеткіліксіздігі де белгілі. Бұл бірақ стильді анықтауда ақынның жеке басының жетекші, басты роль атқаратының жокқа шығармайды²¹. Осы байымдауларды безбендей келе, дербес стиль қайдан көрінеді десек, ойланарлық жайттар көп. Дербес стиль алдымен жазушының тақырып таңдауынан да байкалады. Сондай-ақ ұнамды, ұнамсыз образ мүсіндеуде де, қай идеяны нысанда, жетекші етіп ұстауда да дербес стильтің бағыттаушылық, жетекшілік қызыметі бар. Мәселен, С.Мұқановтың жағымды кейіпкерлері көбінесе («Мөлдір махабbat» романынан басқа туындыларының бәрінде дерлік) кедей табынан шыққан, коммунист партиясы ісіне берілген адам ретінде алынса, М.Әуезовтің ұнамды қаһарманы қашан да қай таптан шыққанына қарамастан (Мәселен, Абай, Әбіш т.б.), халқына қызмет еткен өнер адамы ретінде көрінеді. Рас, «Абай жолындағы» Эйгерім ақын емес, бірақ оның есесіне ол әнші, өнерді қастерлеуші. Эпопеяды басқа да ұнамды бейнелер әнді, өлеңді, өнер атаулыны жоғары бағалауымен ерекшеленеді. Бұл жазушының өнер сүюді бірінші кезекке койғанын дәлелдесе керек. Б.Майлиниң ұнамды қаһармандары көбіне как-соқпен ісі жоқ, момын, еңбекші, адапт да аңқаулау адам және әдеттегі қарапайым пенде болса (Бәкен, Азамат т.б.), С.Сейфуллинде ол өз қатарынан көп озық, алға шыққан белсенді курескер ретінде оқшашулады («Қызыл сұнқардағы» Еркебұлан, «Тар жол тайғақ кешудегі» жазушының өз бейнесі, т.б.). Б.Майлиниң жуастық, немесе ақжарқындық – ұнамдылық белгісі ретінде көзге түссе, Т.Ахтанов аңқылдақ, ашық болып көрінушінің жексүрүндығына («Боран» романындағы Қасболат), катқыл, ожар тәріздінің нағыз азбал адам екендігіне («Қаһарлы құндердегі» Ержан, Мұрат, «Борандағы» Қоспан т.б.) баса көніл бөледі. Сондай-ақ лирика жанрында да Б.Майлиниң

²¹ Стильді түсінуде ақынның жеке басының мәні туралы қазақ әдебиеті ғылымиında көп айтылды. Қараңыз: Жәмішев Ә. Лирика табиғаты дегендеге. Жұлдыз, 8, 1967, 149 б.; Үбырайымов Б.Парасат толқыны. «Қазақ әдебиеті» газеті, 25-кыркүйек, 1981, 11 б. Бөпежанова Ә.Дәүірмен үндеусен бакытты өлең. «Уақыт және каламгер» деген жинақ ішінде. Алматы, Жазушы, 1981, 203 б.; Әлімқұлов Т.Жазушылық онай ма? «Сөзстан» деген жинақ ішінде, Алматы. Жазушы, 1982, 96-97 б.

сүйікті қаһарманы көбінесе қатардағы еңбек адамы (мәселен, Мырқымбай т.б.) болып келсе, С.Сейфуллинде алға шыққан, ту ұстаған үздік күреспекер батыр кең дәріптеледі. Мұның бәрі дербес стильтің тақырып таңдаудан да, кейіпкер мүсіндеуден де айқындалатынын көрсетеді. Демек тақырып екшеуге, образ сомдауға, идея жеткізуғе ықпал жасау нәтижесінде дербес стильтің шығарма сюжетін, шығарма тілін т.б. негіздейтінін арнайы зерттеу қажеттігі туады (мұның біз кейін әр ақын стилін өз алдына қарастыру кезінде қолға алымыз. – Қ.Ж.).

С.Сейфуллин стилі дегендеге, алдымен оның лирикалық қаһарман мүсіндеудегі ерекшелігіне тоқталу керек. Осы орайда «Лирикалық қаһарман деген не?» – саяул туары анық. Бұл тұста лирикалық қаһарман мен автордың бір еместігіне назар аударғымыз келеді. 1923 жылдың өзінде «Анна Ахматова» мақаласында Б.Эйхенбаум ақын өлеңдерінде автобиографиялық белгілер бар екенін айта келіп, бірақ оған қарап ол шығармаларды автордың жеке өмірінің кыр – сырын танытарлық құнделік ретінде қаруға келмейтінін дәлелдеген болатын²². Бұл іспепті пікірді кейінірек жазылған Ю.М.Лотман еңбегінен де кездестіреміз²³. Лирикалық қаһарманың, қалай болғанда да, ақынның дүниеге көзқарасының бір саласы ғана екендігі туралы пікір де көніл бөлерлік²⁴. Сөз жоқ, лирикалық қаһарман түсінігі мен автор ұғымын бір деп санауға болмайды деу олардың арасындағы байланысты, ортақ үндеңстіктерді елемемуге де әкелуге тиіс. Тағы да орыс әдебиеті зерттеушілері пікірін алдымен сараптасақ, лирикаға автор катысы мәселесінде де анықтарлық жайттар баршылық. Мәселен, лирикалық шығармада автор сезімінің белгілі бір құбылысқа катысы тұрғысынан көрінетінін дәлелдеген бағымдауға біз толық қосыламыз²⁵. Сонымен бірге «ақын бейнесі» деген ұғым мен, «ақынның жеке басы» түсінігін бөліп қарастыру да ой саларлық²⁶. Қалай болғанда да лирикаға автордың жеке басының, ақынның өз сезімін білдіруінің, шешуші роль атқаратының естен шығаруға болмайды²⁷. Бұл арада эпостағы тәрізді лирикада да автор позициясы сакталатынын, тек көріну сипаты жанр талабына сай түрліше болатынын²⁸ басшылыққа алған жөн. Жалпы, өлеңде ақын шеберлігі ғана емес, ақын мінезі де

²² «О поэзии» жинағы ішінде, Ленинград, Сов.писатель, 1969, 146 бет.

²³ Анализ поэтического текста, Ленинград, Просвещение, 1972, 104 бет.

²⁴ Гинзбург Л. О лирике, Ленинград, Сов.писатель, 1974, 6 б; Тимофеев Л., Слово в стихе, Москва, Сов.писатель, 1982, 226-227 беттер.

²⁵ Гинзбург Л., О лирике, Ленинград, Сов.писатель, 1974, 54 б.

²⁶ Бұл да сонда, 163 б.

²⁷ Қараңыз: Дементьев В.Границы стиха, Москва, Просвещение, 1979, 6 б., 83 б.

²⁸ Қараңыз: Тимофеев Л., Слово в стихе. Москва, Сов.писатель, 1982, 254 б.

алдымен шаң беретіні аны²⁹. Сырт қараганда, ақын алуан тақырыпка түрлі өлең жазғандықтан, оның әр туындысында бір-бірінен мүлде бөлек қилем образ бар тәрізді көрінуі де ықтимал. Әйтсе де қalamгер белгілі бір өлеңінде насадтануын, енді бірде күйзелуін, тағы бірінде еміренуін, не кіділенуін т.б. жырласа да, сол түрлі жағдайда әрекет еткен лирикалық «менинің» бәрін топтастыратын ортақ сипатты да байқауға болады. Демек ақын әр жағдайдағы түрлі сезімді сипаттайты, әрі соның бәріне бір көзben карайды десек, лирикалық қаһарманның ұйыстыруышылық ролін ашамыз³⁰.

Осы орайда ақын өмірінің бар кезеңінде лирикалық қаһарманның бір деңгейде, бір қалыпта бола бермейтінін, қайта көбінесе есу, өзегеру үстінде шындала түсү мүмкіндігін де ескерген жөн³¹. Сонымен бірге лирикалық қаһарманның тұлғаланып есейгенде де бұрынғыға катысы жоқ, мүлде бөтен сипатқа ауыспай, қайта бастапқы өзектіні де сактап, соның арқасында да шынайы толыға түсетінін ескермеуге болмайды. Лирикалық қаһарман мен автор аракатынасын межелеу үстінде сол қаһарманға деген заман, уақыт әсерін де қағыс қалдырмаймыз. Белгілі бір тарихи жағдайдағы суреткер шығармашылығына ықпалын ашу үстінде біз ақынның әрі өз заманындағы мың-миллиондардың талғамын т.б. коса арқалайтыны туралы қағидаға тірелеміз³². Сөйтіп, ақынның жеке толғанысымен бірге мыңдардың сезімін жинақтау арқылы лирикалық қаһарман қалыптасатынын айқындарды³³. Соның нәтижесінде лирикада да типті бейне жасалуы ықтималдығы – өз алдына бір әңгіме. Бұл

²⁹ Бұл арада Орыс әдебиеті ғылымында белгілі ақын М. Исаевский, Қазак әдебиеті ғылымында З. Қабдолов тұжырымдары нақты да, дәлелді. Қараныз: Исаевский М. О поэтах, о стихах, о песнях. Москва, Сов. писатель, 1968, 194 б; Қабдолов З., Сөз онери, Алматы, Мектеп, 1976, 332 б.

³⁰ Қараныз: Тимофеев Л.И. Основы теории литературы, Москва, Просвещение, 1966, 268-269 б; Гончаров Б.П. Проблемы художественного целого и системность стилевого анализа. «Теория литературных стилей» деген жинақ ішінде, Москва, Наука, 1982, 256 б.

³¹ Бұл мәселе де Т.Әбдірахманова кітабында өзіндік дәлелдер баршылық. Қараныз: Бұл да сонда, 39-40 беттер.

³² Зерттеуші К.Чуковский ақынның өз талғамы өлшемімен ғана емес, халық талғамы тұрғысынан да жазатынына көніл бөледі. Қараныз: «Мастерство Некрасова», Москва, Гос.изд. худ.лит., 1962, 210 б. Сондай-ақ Х.Әдібаев кітабында да лирикалық кейіпкер сипаттының жалпы адамзатқа тән қасиетке айналатынына назар аудартады. Қараныз: «Кекжиек», Алматы, Жазушы, 1978, 239 б.

³³ Қараныз: Сквозников В.Д. Реализм лирической поэзии. Москва, Наука, 1975, 305-306 б.; Петровский К.Г. О спорных проблемах романтизма в русской литературе конца XIX-начала XX века. «Русский романтизм» деген жинақ ішінде, Ленинград, Наука, 1978, 253 б.; Дементьев В., Грани стиха, Москва, Просвещение, 1979, 5 б.; Тәжібаев Ә., Өмір және поэзия, Алматы, ҚМКӘБ, 1960, 69 б.

арада ақынның құбылыстың бар қырын қапсыруды қөзdemейтінін (ол мүмкін де емес), қайта соның ең мәнді дегенін іркестің білуі шешуші роль атқаратынын дәйектеген жөн³⁴.

Лирикалық қаһарман жайындағы байқауларымызды жинақтай, түйіндей келе, өлеңдердің біразында лирикалық бейненің онша байқалмай, қайта онда белгілі бір құбылыс, зат бейнесі т.б. жетекші болып көрінуі мүмкіндігіне көніл бөлмей кете алмаймыз. Айтальық, Абайдың «Жаз» өлеңінде казак аулының өткен ғасырдағы тіршілігі нақышталған дегендеге, онда лирикалық қаһарман бар ма деген саяул туары да анық. Расында, өлеңде тікелей «Мен» айтылмайды: яғни «мен сейттім, мен бүйттім» іспетті әрекеттер ұшыраспайды. Бұл бірақ онда лирикалық қаһарман жоқ, немесе оның болып жаткан оқиғаларға катысы мүлде берілмеген дегендік те емес. Шығармада өрнектелген құлын-тайлардың «бұлтылдан», қыз-келіншектердің «бұрала басып былқылдан» т.б. әрекеттерінің бәрі лирикалық қаһарман талғамына сай іркителіп өрілген. Өлең басталымындағы «көкорай шалғын» бәйшешектің «ұзарып өсіп» толуынан шөп биіктігі, өзеннің «күркіреп» ағуынан су молдығы корінсе, ол – құнқөрісі малға байланысты қазак халқының басты тілегінің, соған сай ақын талғамының да айнасы. Өйткені мал баққан қазактың құнарлы шөптің, тұғызы судың мол болуын қалайтыны анық. Сондыктан да «ұзарып өсіп», «күркіреп» сөздерінен белгілі бір табигат көрінісін дайын көшірмесін емес, алдымен оған лирикалық қаһарманның қалай қарайтынын, соны ерекше жақтыратынын да көреміз. Сол тәрізді құлын-тайлардың «бұлтылдан» шабуында әрі халық тіршілігінде жиі кездесетін келісті сурет жатса, әрі сол көріністерді егде тартқан адамның, лирикалық қаһарманның, қызықтауы да (Абайдың бұл өлеңді қырықтан асканда жазғанын еске саламыз) бар. Сондай-ақ үй тігуші қыз-келіншектер әрекетін нақыштаганда да, жастығын көксеген лирикалық қаһарман тамсануын байқау киын емес.

Соның алдында ғана құлын-тайлардың «бұлтылдан», үрек-қаздың «сымпылдан» әрекет етуімен желпінген лирикалық қаһарманың енді қыз-келіншектердің «сынқылдан» шықкан ажарлы үнін, «былқылдан» басқан көрім кимылын тамашалағаны көрініп түр. Демек өлеңде «мен» тікелей жота көрсетпесе де, «мен» мүлде жоқ деп те айта алмаймыз. Тікелей «мен сейттім» делінбесе де, кай құбылысқа қай талғаммен баға беруі тұрғысынан бағымдасақ, бар көрініске бір көзben қарап, бәрін жалғыз жүрекпен сезінуші дербес лирикалық қаһарман сезі-мін абайлаймыз. Ал, енді біраз өлеңдер тікелей белгілі бір зат, құбылыска

³⁴ Қараныз: Карпов А.С. Стих и время, Москва, Наука, 1966, 9-12 б.

(айталық, өлең не тау, не бұлак, не жүзік туралы болса да) ғана арналған тәрізденсе де, ол туындылардан да лирикалық қаһарман толғанысын көреміз. Көргенде, әйтеүір бір гүлді, не білезікті, не өзенді емес, соны кім қалай ұнатып, қалай әспеттеуі түрғысынан, демек белгілі бір лирикалық қаһарман талғамы таразысы арқылы қабылдаймыз. Сөйтіп өленде белгілі бір табиғат құбылысы, зат т.б. және заттың т.б. дербес болып алынған шартты бейнесі болуы мүмкін. Бірақ оның бәрі, біздіңше, адам бейнесін мүсіндеуге, лирикалық қаһарман сипатын танытуға бағындырылған³⁵.

Сәкен Сейфуллин стилі дегенде, ондағы лирикалық қаһарманың өзіндік сипатын алдымен ашуға тырысамыз. Ол түсінікті де. Лирикалық қаһарманың өзіндік сипаты болуы акын өлеңдерінің сюжетіне, композициясына, идеясына, тіліне т.б. – бар элементтеріне әсер ететіні анық. Жіліктей түссек, лирикалық қаһарманың ерекше жағдайда әрекет етуі тұсында оның айрықша сипаттары: тынымсыздығы, асқартығы, сезімталдығы, қайраттылығы т.б. – бәрі септесе келе шығарма сюжетіне, идеясына, тіліне шешуші ықпал жасайды. Осы орайда акынның 1917 жылға дейінгі туындыларымен 1917 жылғы және одан кейінгі өлеңдері арасында біраз айырмашылықтар бар екеніне көніл белгіміз келеді. Мәселен, «Нұра» (1914), «Жайлауға көшү» (1914) туындыларынан Абайдың «Жаз» өлеңі дәстүрін жалғастыруды көреміз:

Көш артында қыз-келіншек іркіліп,
Бір жүруге біріне-бірі қарасып.
Қатарласып жоргаларын салысадар,
Желектері, үкілері жарасып.
Өзіне-өзі риза болып ыржандад,
Қастарында жүрген жігіт жанасып.
Тайға мініп балалар жылқы айдасар,
Аксакалдар ілгері қоныс сайласар.

Абай өлеңінде «аяңшылы жылпылдан» ауылға келе жатқан лирикалық бейне және «су жағалап кутындан» жүрген жас бозбала көніл-күйі мен ісіндегі ерекшелік, түрліше сипат т.б. өріс алса, бұл шығармада да халықтың әр тобының өзіне тән әрекеті нақтылы бейнеленген. Атап айтқанда, жайлауға көшү кезінде бар топтың әрекеті біркелкі емес: аксакалдар ілгері қоныс сайласа, балалар «тайға мініп» жылқы айдасуда, ал, қыз-келіншектердің өз қылыктары бар. Сондай-ақ «Нұра» өлеңінде:

Жазғытұры болғанда,
Ұжмақтай гүлің жайнаған.

³⁵ Л.И.Тимофеев әр заттың образы болады деудің орынсыздығын, соның бәрі адам образын ашуға бағындырылатынын дәлелдейді. Карапыз: Основы теории литературы, Москва, Просвещение, 1966, 63 бет.

Бұтана құстар қонғанда,
Мың құбылтып сайраған.

...Мөп-мөлдір аккан сұзыңа

Шомылған қыз-келіншек.

Олардың құлқі, шуына

Тал паналап келуші ек.

Міне, мұнда гүл ренделілігін – «жайнаған», құс ерекшелігін «сайраған» сөздері танытса, су тазалығын «мөп-мөлдір» сөзі анықтағандай, қыз-келіншек алаңсыздығын «шомылған» сөзі, оларды тансықтаушылар ісін «тал паналап» келу т.б. аша түседі. Бұл көріністердің бәрі табиғаттың әр құбылысың, адамдардың әр тобын біркелкі етіп алуға келмейтінің, әр біртектестің өзіндік басты ерекшелігін бөліп көрсету мәнін дәлелдесе керек. Мұның бәрі – Абайдың «Жаз» өлеңінен басталған табиғаттың әр құбылысының, адамдардың әр тобының өзіндік белгілерін жинактап, дарарап бейнелеген дәстүр үлгісі. Әйтсе де осы «Нұра» өлеңінде Сәкеннің лирикалық қаһарманың ғана тән өзіндік мазасыздану, қапалану да бар:

Хош, Нұра, тағы көргенше,

Есендік берсін бір құдай.

Енді қайтып келгенше,

Ескі иең жүрер құр жылай.

Бұрынғыдан қайғылы

Құстарың да сайрайды.

Қолдан келер еш не жоқ,

Жүрек от боп қайнайды.

Зерделесек, осы үзіндінің өзінде Абайдың «Жаз» өлеңіндегідей, жаз кезіндегі табиғат зейнеттілігі мен адамдар сілкінісін қызықтау ғана емес, сөйткен әсемдіктен, жерден айырылуға байланысты шаң берген лирикалық қаһарман мұнды да бар. Сөйтіп, алмағайып уақыттағы халық тағдырын елекten өткізу лирикалық қаһарман көніл-күйіне, тартыс, әрекетіне шарпуын тигізгені осылай көрінеді. Сырт қарағанда, «Қоштасқан жер» (1914), «Сағыну» (1914) өлеңдерінде өз сүйіктісінен айырылуына байланысты туған лирикалық қаһарманың жабығуы ғана бар тәрізді. Әйтсе де бұл қапалануда тек сүйіктісінен ажырауы емес, жалпы шытырман тағдырға мазасыздану, соған күйзелу әсері де баршылық. «Мәлімсіз тағдырымыз жалғыз хакта» тармағының өзі маҳабbat күйігінен басқа да бірдене бар екеніне мәнзеп тұр.

Сәкеннің лирикалық қаһарманының өзіндік наласы «Кім басшы-аға халыққа?» (1914) туындысынан да байқалады:

Біздерде, аз халыққа, аға болған ер,

Шын көңілімен өз жұртының камын жер.

От басында ынтымақсыз өздері
Солар аға, солар басшы дегендер.
Бірікпесе басшылардың сөздері,
Бірін-бірі кекетсе олар өздері.
Қыңыр-қисық казақ халқын түзеуге
Кане, олардың күрган үйтіп тездері?!

Көріп отырғанымыздай, бұл жолдарда ел бастаушылар алауыздығы ғана емес, соған деген лирикалық қаһарман камырыгуы да қоса өрілген.

Түйіп айттар болсак, ақынның бастапқы шығармаларында лирикалық қаһарман тұнжырауы қылан берсе, кейін, әсіресе, 1917 жылдар түсінде, уақыт лебі әсерін сезінгендіктен де, құсалану атаулы кейін ысырылып, тікелей шайқасқа араласу, бостандық, женіс таяу екеніне сеніп, сонымен қанаттану байқалады. Соның бір көрінісі – «Далада» өлеңі. Шығармада «алты жасар асауды» ұстап мінүінде де, «Оргытып, ұшыртып жүріп // Кекіректі кернеп, // Кең даланы күнірентіп» «қатты айқайлап» ән салуында да т.б. лирикалық қаһарманның күреске қаншалық араласқаны, шын бостандық таяу деп илануы, ерекше қайраттылығы, үнінің де айрықша зор екені т.б. өрнектелген. Осы орайда бір тақырыпка, бостандыққа коштануға, арналған С.Сейфуллиннің «Далада» өлеңі мен Б.Майлиниң «Қырда» өлеңін салыстыра қарау жөн тәрізді. Бостандық келгеніне Сәкеннің лирикалық қаһарманы тәрізді Б.Майлиниң күрескері де настартанады. Дегенмен бостандық және оған деген сезім ортақ болса да, әрқайсысының шаттануы бір-біріне ұқсамайтыны да байқалады. Рас, Б.Майлиnde де бостандыққа жадырау, «көріліп, көтеріле» аяқ басу, масайрау, бойы балку т.б. бар. Бірақ бұл көбінесе қарапайым адамға тән қалыпты сезім ретінде ерекшеленеді. Себебі онда С.Сейфуллиндегідей ала-бөтен асауды ұстап мініп, өзгеше қайрат, құдіреттілік таныту, айрықша тасына жайтанду жок.

С.Сейфуллин қаһарманының ерекше батылдығы, ерлігі, ке-сек әрекеті, ерлігі т.б. ақын өлеңдеріндегі ырғак, мақам, ұйқастың да оқшаша сипатта болуын негіздеді. Сейтіп, соны нышандар: өзгеше қажырлылық, мықтылықты ашу үшін де, бұрынғы өлең өлшемдері тарлық еткені анық. Өлең өрімін: мақам, ырғак, ұйқасты т.б. зерттеген арнайы еңбектер бар екенін ескеріп³⁶, ақынның «Жас казак марсельезасы» (1918 ж.) туындысына ғана тоқталамыз. Бұрынғы казак өлеңдері, негізінен алғанда, он бір буынды, немесе жеті, сегіз буынды түрінде келуін сараптасақ та, бұл туындының қайырмасынан басқа шумактарының бәрі тоғыз буынды болуы нәтижесінде өлең мақамына, ырғагына күрт өзгеріс

³⁶ Ахметов З. Өлең сөздің теориясы, Алматы, Мектеп, 1973; Негимов С. Өлең өрімі, Алматы, Ғылым, 1980.

енгені байқалады. Соның салдарынан да өлеңде тармақ сонындағы ғана емес, тармақ ішіндегі, бунақ аралығындағы кідіріс ұлғайып, тіпті, әр сөздің өзіне арнайы назар аударту жүзеге асқан. Бұл аялдау, екпін артуы шығармадағы бар сөздің мағынасы кеңеңе түсін камтамасыз етіп, соның бәрі лирикалық қаһарманның тынымсыздығын, асқақтығын ашуға бағындырылған. Сонымен қатар өлең, негізінен алғанда, тоғыз буынды болып келіп, яғни тоғыз буынмен алынған әр алты тармактан кейін берілген қайырманың бастапқы екі тармағының кенет он екі буынға ұзарып, сол шумақтың өзінің соңғы екі тармағында қайта тоғыз буынға кемуі салдарынан да өлең ырғағы біркелкілігін күрт өзгерту жүзеге асқан. Осылайша ырғакты құбылтып, екпінді ұлғайту да лирикалық қаһарманың күрескерлік рухын жоталанта түсуге қызмет етеді. Лирикалық қаһарманың айрықша сипаты: еңсіл биіктеге құлаш ұру арқылы қатардағы адам мүмкіндігінен көп жоғары тұруы «Тұлпарым» (1918), «Қамаудан» (1918) туындыларынан да көрінеді:

Отырмын құзет-камауда

Дұшпаннан тәнім женілді.

Жеңе алмас бірақ еш пәнде

Асая, еркін қөнілді! («Қамаудан»)

Осы шумақтағы «женілді» сөзінің өзі лирикалық қаһарманың түрмеде отырғанын, құштің тең еместігін, шарасыздық нәтижесін жарласа да, «асау, еркін қөнілді» еш пәнденін жеңе алмайтынын әйгілеумен өлеңді аяқтау да лирикалық қаһарманың мойымас жігерін жайып салады. Сондай-ақ, жоғарыда атап өткеніміздей, «Түрмеден қашып шықканда» (1919) өлеңінде де лирикалық қаһарманың артықша бітімі, қайраттылығы назар аудартады. Басқаны билай қойғанда, түрмеден босанған күрескердің «көкті жерді қапсырып» «біріктіріп» құшы қезінде оның қаншалық алыптығы (көк пен жерді қапсыру үшін қаншалық құшқа керек екенін елестетсек), қуаттылығы көзге ұрады.

С.Сейфуллиннің лирикалық қаһарманының қаншалық тұлғаланып өскені, әсіресе, оның «Алтай» (1923) өлеңінен кең көрінеді. Өлеңнің бастапқы шумактары Алтай тауының ересен биіктігін әспеттеуге арналған:

Ор Алтай ызғарланған көкке тиіп,

Ор кеуде ақ мамықтай төсің биік!

Үймелеп көктен бұлттар коршап төніп,

Аймалап ақ төсінді құшқан сүйіп.

Бұл үзіндідегі «көкке тиіп» тіркесінен тау занғарлығын елестетсек, «ызғарланған» сөзі сол какырауға төтенше айбар дарытып тұр. Бұл әсерді «үймелеп», және «коршап» сөздері көмегімен өрнектелген бұлт-

тардың көптігі өрбіте түсken (бұлт бір-екеу ғана болса, үймелей де, коршай да алмас еді). Сондай-ақ «теніп», «аймалап», «құшқан сүйіп» сөздерімен берілген бұлттарды жандандыруды тек сөзбе-сөз ұғынып, табиғаттың бір көрінімі деп қана қарамаймыз. Қайта осы арқылы сол тау-ға, бұлттарға караушы лирикалық қаһарманның құштарлық сипатын, табиғатты өз көңіл-күйіне сай қабылдауын сеземіз. Сонда өлеңде әйтеуір Алтай тауының көшірме суретін емес (оны біз географиядан да білеміз), Сәкеннің лирикалық қаһарманы-

нын шығандаған биіктікті, аскактыкты ұнаткан сезіміне сай ірітелген көріністердің бейнеленуін тамашалаймыз. Сейтіп, тікелей өз сезімін баяндаған туындылардан ғана емес, табиғаттың белгілі бір көрінісіне тұшынған өлең жолдарынан да Сәкеннің лирикалық қаһарманының өзіндік бітімін, демек стильті ерекшелігін, көреміз. Ақын табиғат көрінісін осылай өзінше қызықтау үстіне шығармадағы оқиғаларға лирикалық қаһарманың тікелей араласуын береді (Ақындардың көп ретте табиғаттың бір көрінісін ғана жырлап, лирикалық қаһарманды, «менді», оқиғаға тікелей араластырмауын, тек сезідіруін біз осының алдында ғана Абайдың «Жаз» өлеңін талдау кезінде айттық – Қ.Ж.). Әрине, Сәкеннің лирикалық қаһарманы белгілі бір ортаға келіп, арнағы әрекетке бет бұрганда да, соның бәріне өзінше кірісіп, өзінің аскак та батыл, сенімді де іске сипатымен көзге түседі:

Бауырында ақ бөкеннің лағы ойнап,
Сағымдай сумандаган салып ойнақ.
Уа шіркін! шың, құзыңа келіп шығып,
Отырсам қызыл жібек әлем байлан!
Бұркіттей отырсам мен келіп қонып,
Айнала дүниені көзден шолып...

Үңіле түссек, бастапкы тармактарда ақбөкеннің лағының ойнауын, тіпті, сағымдай сумандауын кестелеу түсінда лирикалық қаһарманының әсемдікті, сәнді қымылды бағалауды тап боламыз. Сейтіп бұған дейін үздіктік, шырайлылықты зерделей білген лирикалық қаһарманының осы үзіндінің келер жолдарында сонша заңғар тауға еш кібіртікеп, бөгелместен, жай адамдардай ұзак уақыт өрмелеместен, бірден «бұркіттей», «келіп қонып» отыруынан-ақ оның ала-бөтен сипаты (сөзбе-сөз ұғынсақ, бұркіттей қанаты боп ұша алуы) ашылады. Шығармадағы будан кейінгі өлең жолдары да лирикалық қаһарманың ерен күш-куатын т.б. өрістете түсуге арналған:

...Санқылдал Азияға салсам ұран,
Жиналса қызыл ерлер лек-лек болып.
...Жаңғыртып жер-дүниені «жаяу қайдалап»;

Лек-лек боп зор майданға біз де барсак.

Қара жер қайыстырып қанат жaszак,

Алтайдан Европага қаптап ассак...

Лирикалық қаһарман үнінің «санқылдал» шығуы және оның бір қалаға, бір елге ғана емес, бүкіл материкке, Азияға, естілуі (поэзиядағы шарттылық жемісінің нәтижесінде өлеңде осыған сенеміз ғой) әрекет иесінің айрықша құдіретке ие болғанын дәлелдейді. Сондай-ақ лирикалық қаһарман шакыруымен қызыл ерлердің лек-лек боп жиналуынан танылған молдығы да, олардың жер-дүниені жаңғыртуы да, ол аз болса, «қара жер қайыстырып» (жер кайысуы оңай ма) қанат жазып, қаптап асуы (демек соншалық көптігі) да, – бәрі де құресперлердің үлкен бір іргелі іске қаншалық құлышыныспен кірісун әйгілеумен бірге

соған бастаған лирикалық қаһарман тынымсыздығын, бірбеткейлігін паш етеді. Әрине, бұғінгі өзгерген заман көзімен қарасақ, қызыл ерлердің өздері жиналып, ізденіп, «жаяу қайдалап» аттануын дұрыс дей алмасақ керек. Әйтсе де бұл жолдардан сол кездегі адамдардың бір бөлегін баурап алған көзқарасты анғарып, Сәкен стилін межелерде оған заман, уақыт ықпалын ескеру мәніне келіп тірелеміз. Қорыта айтқанда, осы байыптаулардың бәрі жана заман идеясын басшылыққа алып, күрестің алдыңғы шебінде жүрген С.Сейфуллин шығармаларында оның лирикалық қаһарманының өзіндік көзқарас, мінез, сезім т.б. ерекшеліктері; өзгеше жағдайдағы озық қаһарманың кесек әрекеттері, аскактығы, ерлігі т.б. жинақталып берілгенін, ал, мұның бәрі ақын стилін негіздейтінін дәлелдейді.

С.Сейфуллинмен қатар лирика жанрында 20-30 жылдары өнімді еңбек еткен ақындардың бірі – Илияс Жансүгіров. Илияс Жансүгіров шығармашылығы, оның ішінде өлеңдері туралы аз жазылған жоқ. Жекелеген мақалаларды былай қойғанда, арнағы монографиялық еңбектер жарық көрді³⁷. Бұл бірақ басқа да ақындар тәрізді Илияс шығармашылығы зерттеліп бітті деген де сөз емес. Біз осы орайда Илияс Жансүгіров өлеңдерінен көрінетін оның стильті ерекшелігі туралы сөз қозғамақпыш. Ақын стилі дегенде, оның бір күнде, бірден қалыптаспайтыны, өну, толысу сатылары болатыны белгілі. Осы тұрғыдан дәйектесек, Илияс Жансүгіровтің бастапқы өлеңдерінде Абай әсері алдымен анғарылады³⁸.

³⁷ Эбдірахманова Т. Ақын сирaby, Алматы, Жазушы, 1964; М.Дүйсенов, И.Жансүгіров, Алматы, Фылым, 1965.

³⁸ Илиясқа деген Абай әсері, әсіресе, ақынның өсу, қалыптасу кезінде ықпалы, бізде кең айтылды. Қараныз: Каратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. Алматы, КМКӘБ, 1958, 295-296; Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия, КМКӘБ, 1960, 117; М.Дүйсенов, И.Жансүгіров. Алматы, Фылым, 1965, 22 б.

1915-1916 жылдары жазылған «Қалпымыз» өлеңінің алғашқы шумағына көз жіберейік:

Ашылар ма көз,
Іс болар ма сез
Көп көксеген күн туып?
Дауыл, жел айдап,
Жауын, сел қайнап,
Өз еркінше жүр куып!
Алу үшін тендікті,
Сагынамыз кеңдікті.

Шумактың сегіз тармак бол келуінен Абай үлгісін, әсерін көрсек, әсіресе «Дауыл, жел айдап, // Жауын, сел қайнап» сез колданыстарынан Илиястың өзіндік беталысын да аңдаймыз. Малды, немесе адамды адамның айдауы емес, дауыл, желдің айдауы тәрізді сез колданыстың Илиясқа дейінгі ақындарда болмауы да белгілі бір сезге, немесе сез тіркесіне тың салмак артушылықты дәлелдейді. Сондай-ақ жауын, селдің қайнауы да – Илияс енгізген тың үлті. «Қайнау» сезі магынасын жеке алып, қатты қызу әсерінен су қайнауын, не сол тәрізді козғалыс т.б. сипатын байымдасқат, тұтас бір алқапты көмкерерлік селдің қайнауы арқылы белгілі бір құбылыстың қаншалық өріс алғанын ақынның өзінше нақыштағанын зерделейміз. Сейтіп, сез магынасын әрі кеңейту, әрі белгілі бір екпін ұялату, болашак үлкен ерекшеліктің іргетасы калана бастаудың анғартады. Сонымен бірге алғашқы үш тармақтың сауал түрінде берілуі де өлеңдегі ширықкан толғанысты, лирикалық қаһарман мазасыздығын ашуға бастап тұр. Абай өлеңі пішінін (алты тармақты шумакты пайдалану) қабылдан, сонымен бірге Абайдың лирикалық қаһарманы мұңымен сарындастықты әрі дамыта отырып, өзінше арна іздеуді танытқан I.Жансүгіровтің «Қажыдым» (1923 ж.) өлеңін толық келтірейік:

Куаныштан,
Қайғыдан
Жетім бота – көңілім.
Дұшпандықтан,
Достықтан
Жаралы у өмірім.
Надандықтан,
Настықтан
Желге кеткен, о күнім!
Мезіл өтті,
Ойландым
Өнерім не? Не білім?

Кармаландым,
Кармандым,
Нені үйрәндім, не білдім?!
Құрағытқан
Қас болдым,
Құр қанқылдаپ төгілдім.
Құр қөнілмен
Айтысып,
Құр жыладым, сөгілдім.
Күшікten қалған
Күшіктей,
Құр қанқылы қөнілдін.
Осы болса
Өзін ал
Қылар сыйы өмірдің!

Осындағы, әсіресе, «жаралы у өмірім» жолынан лирикалық қаһарман камырығы үдеуі, соның нәтижесінде М.Жұмабаевпен үндесуі шаң береді. Сонымен катар екінші шумактың соңғы тармағының және үшінші шумактың үшінші жолының сауал беруге, жауап таппауға негізделуі де әрі шарасыздықты, әрі ақынның өзіндік қобалжуын жайып салады. Сондай-ақ он сегізінші тармак сонындағы – «төгілдім», жиырма бірінші тармак аяқталымындағы «сөгілдім» етістік сездерін қолдануда да Илияс ерекшелігі «мен мұңдалап» тұр. Атап айтқанда, «төгілу», немесе «сөгілу» сездері ауыспалы мәнде қолданылып, өз магынасын көп ұлғайтқан. Соның нәтижесінде «төгілдім» сезінен шартты түрде болсын көрінетін сезім мөлшері-көлемділігі (төгілсе, біраз су, не сұйық аумағы болғанғой) лирикалық қаһарман толғанысының артықша биік денгейін аша түседі. Ал, «сөгілдім» сезін кедеге жаратудағы ақын шеберлігіне келсек, белгілі бір мата жыртылғандай, лирикалық қаһарман сөгілуі, әрине, – шарттылық жемісі. Сол шарттылықты қолдану аркасында лирикалық қаһарманнның ұстап, карауға келмейтін сезімі, яғни қайғысы, көзге айқын шальындарлық зат өзгерісіне пара-пар болып (мата сөгілсе, көрініп, естілерлік айқын болғанғой), өз әсерін көп арттырып тұр.

I.Жансүгіров ерекшелігі дегенде: оның етістік сездерді топтап, жарыстырып алуына, сол арқылы лирикалық қаһарман тынымсыздығын жайып салуына токтамай кетуге болмайды. Осы орайда ақынның 1923 жылды жазылған «Ақынға» өлеңіндегі мына жолдарға назар аударғымыз келеді:

Күнірекен аруағы, көр бір мола,
Құшақта, зарлан, ағыз көзден сора.

Ашы ойға ашуланып, дауыл болып,
Күнді құ, көкті арала, аспанды ора!
Көңілдің дүрбісіне-көмей моржа,
Төрт бұрышын төніректің көрмей болжа.
Самалдай тауға, тасқа демінді үшкір,
Сүй, жалын, алда, арба, жан сиқырла...

Сөйтіп, бұл үзіндідегі алғашқы шумактың соңғы тармағында үш етістік («ку», «арала», «ора») жұмсалса, кейінгінің соңғы жолында бес етістік пайдаланылған. Етістік сөздерді бұлай екшеп төпей қолдану нәтижесінде лирикалық қаһарман құштарлығы, сезім арпалысы тұлғалана түскен. Мәселен, лирикалық бейненің күнді қууы (сөзбе-сөз түсінек, күнді қуу оңай ма, тіпті мүмкін бе) өз алдына, сонымен бірге оған көкті аралау, тіпті, аспанды орау міндеті қойылады. Осы ауқымды міндеттердің топтасып, бірінен бірі өтуі де лирикалық қаһарман сипатының өзгеше биік қырын әспеттеуге қызмет етіп тұр. Сондай-ақ «сүй» сөзі айтысымен, оған ілесе «жалын, алда, арба, жан сиқырла» – етістік сөздері берілуі де біріндегі сырды екіншілері толықтырып, өршіте түсу ұлгілері ретінде көзге түседі. Сөз жок, етістік сөздерді түйдектеудің жөні осы екен деп, дыбыс қуалауға түсу, сөз мағынасын комескіленту, бұлдырату да Ілияс өлеңдерінде біраз орын алды³⁹. Эйтсе де бұл ізденістер босқа кеткен жок. Сөзді тосын тіркес ішінде пайдалану, сөз мағынасын ұштау т.б. септесе келе. И.Жансүгіровтің өзіндік сөз қолданысын, лирикалық қаһарманының дербес сипатын негізdedі. И.Жансүгіровтің қаншалық кемел ақын болтолысын танытқан «Гималай» өлеңі (1929 ж.) былай басталады:

Ақшалап басын кар көміп,
Аспаның төсін арда еміп,
Анасындаі алтын күн
Сел жіберіп бір жуып,
Жел жіберіп бір желпіп,
Ауық-ауық құшақтап,
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,
Есейген асқар Гималай...

Осы үзіндідегі бір ғана «Гималай» сөзінен басқаның бәрі тек сол тауды анықтау, ажарлау, үкілеу үшін алынғаны белгілі. Алдымен Гималайды сонша бөліп маралпattaу не үшін керек десек, жауапты шығарманың негізгі идеясынан табамыз. Ал, өлеңнің басты, өзекті идеясы: «Тау қаншалық зәулім, таңғажайып болса, езілүші халық та бірлесіп, тұтасса, соншалық

³⁹ И.Жансүгіров өлеңдерінде кездесетін орынсыз дыбыс куушылықты кезінде Ә.Тәжібаев дұрыс атап көрсетті. Караңыз: «Қазақ лирикасының тарихынан» (1960). Шығармалары, 4-томы ішінде, Алматы, Жазушы, 1981, 160-161 беттер.

сұсты, әзуетті қалыпка жете алады», – дегенге саяды той. Демек халықтың отаршылдарға қарсы үйімдасып көтерілуі қажеттігін дәлелдеу үшін, көзге алдымен көрінерлік тау құдіретін ашу міндеті туғаны анық. Міне, осы талап көзімен барласақ, өлеңдегі бар сөз тәрізді осы үзіндідегі әр сөз, әр сөз тіркесі де алдымен тау заңғарлығын, сол арқылы топтасқан халықтың зор қүшке айнала алатынын әйгілеуге арналған. Жіліктеп қарастырсақ, осы мысалдағы бастапқы сөз: «ақшалап» «а» дыбысымен басталса (сөз ішіндегі «а» қайталануы да бұл әсерді қүштейте түсетіні өз алдына), соңғы «Гималай» алдындағы «аскар» сөзі де сол үндестікі сактап, сонымен бірге осы екі сөздің аралығында «а» дыбысын мәндай еткен бес сөз болуы, – бәрі септесе келе белгілі бір дыбыс саздылығын құрайды. Бұл әуезділік алғашқы тармақтағы «қар көміп» тіркесі нәтижесінде тау басындағы қардың соншалық мол екендігімен (көп болмаса, тау басын көме ала ма) селбессе, екінші жолдағы «аспанның төсін» арда ему көмегімен белгілі бір озықтық, мықтылыққа тәнті етүмен ұштасады. Расында, «арда» сөзінің екі жасқа дейін төлдің енесін емуіне байланысты қолданылатынын сараптасақ, «аспан төсін» арда емуідің де бір жылмен шектелмей, қатарынан соруды демек ылғал т.б. мол пайдалануды ашып тұрғаны анық.

Ал, осы биіктікке үйітқаннан кейін берілген «анасында» мен «күн» сөзі аралығына орын тебуімен де «алтын» көріктеуші ерекше құндылық белгісі ретінде ажарлана түсіп, өзіне назар аудартады. Сондай-ақ бұл сөздің де «а» дыбысымен басталуы жоғарыдағы мағыналық үндесуге қоса (тау биік болса, күннің алтын болуы да үздіккө үздік серік болғандай әсер тудырады), дыбыстық сарындастықты қоса жүзеге асырып, сол мағыналық толысуды да көріктендіре түседі. Міне, осыншалық өзгешелік аясында сол күннің Гималайды «сел жіберіп» бір жууы да осал іс емес. Кең жайылған су тасқынын сел деп ататынымызды зерделесек, әр жуынуға сел жіберу қамқорлық жасаушы күннің де, соншалық ірі сыйды қабылдаушы таудың да ересен сипатқа, құдіретке, ие болғанын дәлелдейді. Осындаі кереметтерге сендергеннен кейін, әншайін дабыраланған тәрізді жолдардың өзі ерекше әсерлі. Мәселен, жеке бөліп алсақ, «жел жіберіп» бір желпуде де, «ауық-ауық» құшақтауда да, «әлсін-әлсін» нұр себуде де (бесінші, алтыншы, жетінші жолдардағы) асып бара жатқан кенеулілік жоқ тәрізді. Ал, сол үзіндіде соншалық ғажайыптардан кейін берілгесін де, бұлай жай сипаттаудың өзі «мықтыға ілесушінің өзі жай болушы ма еді» дегендей әсерге бөлейді. Шумақ ішіндегі осы сегіз тармак тау алыптығына тамсантуга арналса, кейінгі үш тармақ сол алпауыттың өзін тұмшалаушы бар екеніне көніл бөлгізеді:

Сол күннен нұр ала алмай,
Басы мұнар, бауыры тар...
Гималай аскар неге олай?
Өлеңнің келесі шумактарында да осы әдіс қайталанып отырады.
Екінші шумакта әрі «б» дыбысы үндесуі, әрі тау сипатын ашарлық детальдар бірлесуі, – бәрі алғашқы сезіз тармакта тау ерекшелігін ашуға бағындырылса, кейінгі үш жол тағыда сол гүжбанның өзін тұқыртушы бар екенине қайталап үцілтеді. Үшінші шумакта да осы дәстүр жалғастырылады:

Ыргалып, тулас, тербеліп,
Тербетсе аскар күніреніп,
Жазықта аттай жарысып,
Иықта жіптей күрмеліп,
Тауды бұзып, тасты айдан,
Сылдыр-сылдыр сөз сойлеп,
Өзендер салған неге айқай?
Сол судан сыр ала алмай,
Қабагы – күз, мұрны – мұз,
Гималай аскар неге олай?

Бастапқы тармактан Илиястың әдеттегідей етістік сөздерді ұstemелеп қолдану арқылы белгілі бір қозғалыс, екпін дарыту әдісін байқаймыз. Ал, екінші жолдағы «тербетсе, аскар» күніренуінен өзен суы молдығын, ағысы қатты екенин (аскар күніренуі онай ма) анық көреміз. Сондай-ақ «жазықта аттай» жарысу судың ағыс жылдамдығын (аттай жарысса, сонша тез акканы да) танытса, «иыққа жіптей» күрмелу соншалық екпінмен беттеген суды бөгерлік таудың бір бөлігінің беріктігін, орнықтылығын ашады. Сол тәрізді «тауды бұзып» тіркесінен тағы да су екпіні, көлемділігі (аз су тауды бұза алмайды) шаң берсе, «тасты айдан» сөз қолданысынан ағын күші жота көрсетеді. Себебі тастың өз бетімен жылжи алмайтыны аян. Демек өз аяғымен жүретін малды айдағандай қозғалысқа келтіру үшін, оны итерушінің, судың, екпіні соншалық тегеуірінді болу керектігі белгілі. Әйтте де өзен қанша айқай салып, екпінді болса да, «сол судан сыр ала алмай» қалуда үлкен мән жатыр. Ол – бір шоңнан асқан екінші дүрдің бар екендігі, демек сол құлданушымен, оның ішінде қазакты отарлаушымен, күресу қажеттігі. Өлеңнің келер шумактарынан да, оның «жауап» деп аталатын екінші ұзак бөлімінен де осы тартыс, айқас идеясының ерістеуін көреміз. Біздің назар аудармағымыз: С.Сейфуллин тәрізді I.Жансүгіровтің де әдеттегі құбылысты, іс-әрекетті емес, көбінесе елеулін жырлауга ден қоя отырып, сол акқұланы жоталантуға өзіндік жолмен баратыны. Расында, тау каншалық кеуделі болса, оның қиналуы да ересен:

Бұлт тамшылап, қамшылап,
Бұрқақтатып күн шығад.
Сол бұрқақтың астында
Қинаған бір үн шығад.
Қиналад та, қүніренед.
Аскар әлде тұншығад,
Басқан оны кай құдай?
Тұсті ме екен наизагай?
Жатыр ма екен жау жайлап?
Гималай аскар неге олай?

Бұл жолдардағы дыбыс үндестігі де, шумақтың сонғы жолдарының сауал беру түрінде аяқталуы да Илиястың дәлме-дәл суреттен горі шарттылық, әсірелеуге ден коюмен септесіп, өзіндік әсер туындалады. С.Сейфуллин шығандаган сезім, жосын әрекетті («Алтай» елеңінде) қанша аспандатқанымен, нақты суреттен кол үзбесе, Илияс орайлылықтан горі шарттылық басымдығын, әйтеір жырактап шалқуды, үгым көмескілігін негіздеуімен ерекшеленеді. Әрітесі Мағжан тәрізді Илиястың көрініс табиғилығынан горі шарттылыққа, әйтеір зорайта беруге ойысуы белгілі бір кезең шындығымен шектелмей, уақыттан да, үлттан да тыс мәңгі де жалпыадамзаттық мәселелерді ту етуінен деп білеміз. Сол межемен дәйектесек, аскардың тұншығуы белгілі бір кезеңде ғана (20-30 жылдарда) емес, кейін де қайталана беруі мүмкін ақиқат белгісі ретінде назар аудартады. «Тұншығу» сөзі магынасын жеке алсақ та, адам дем ала алмауы үшін қанша мөлшер, не қуат (су болса, кісі бойынан асарлық су; адам болса, күші басым т.б.) керек болса, сонша алып тауды тұншықтырарлық әрекет иесінің де алапат екендігі мойын бұргызыды. Бұл тұншығуды әрі әсірелеу, әрі шарттылық жемісі деп қараймыз. Шарттылық басым, нақтылық кем дейтініміз: шынында да тауды біреу қылғындырып, не суга батырып жатқаны накты елестетерлік сурет тағы жок. Сондай-ақ өлеңнің «Жауап» бөліміндегі:

Құнін көміп, батырган,
Өзенін тас қатырган.
Құзын, мұзын шенгелден,
Тегеурінін батырган.
Апшысын аяз куырып,
Қақалса қан қақырган.
Бар бір басқан тұмандай.
Сол тұманнан шыға алмай,
Жүрегі – жара, көзі – көл,
Гималай сорлы, сор мандай, –

жолдарын алайық. Күнді көміп, батырудың мүмкін еместігі белгілі. Ал, өлеңде ақын осыған сендіреді. Аяз құштілігі сондай: «өзенін тас қатырған» (кітті тасты бұзып көрініз). Сонымен бірге бұл жол – нақты сурет айнасы. Расында, аяздың өзенін тас қатыратыны белгілі. Демек мұнда әсірелеу де, шарттылық та жок деуге болады. Бұл арада ол әріптесі Сәкенмен толық үндес келеді. Әйтсе де шумактың үшінші, бесінші, алтыншы жолдары туралы мұны айта алмаймыз. Бұл тармақтарда нақтылық кейін ысырылып, шарттылық, ишараттау, әйтеуір еселеу, үдетеу орын тепкен. Себебі біз кімнің калай тегеурін батырғанын нақты көрмейміз. «Құзын, мұзын шенгелдеп» жолынан да әйтеуір шен-гелдеуді естіміз, ал қымыл иесі әрекетін елестете алмаймыз. Осы тәрізді шарттылық, көрініс айқын еместігі «жүргегі жара, көзі-көл» тармағында да жүзеге асқан.

Таудың жүргегі бар екендігінің өзі шарттылық саналатыны өз алдына, жүректің «жара» болуы да сол өзгешелікті жоталанта түседі. Бұл іспетті пікірді шығармадағы басқа көп детальдар туралы да айтуға болады. Сөйтіп, С.Сейфуллин тәрізді әдetteгі қындық емес, төтеншени тұлғалантып өрнектей отырып, Илиястың басқадан ерекшеленетін тұсы оның шартты сурет, дабырайту, дыбыс куу т.б. әдіс-амалдарға негұрлым жи баратыны дер едік.

М.Жұмабаевтың стилін сөз еткенде, алдымен Ж.Аймауытовтың 1923 жылы айтқан мына бір пікірін есте ұстаған жөн: «Қазак әдебиетіне Мағжанның кіргізген жаңалығы аз емес: орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазакқа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жана өлшеулер шығарды. Романтизмді қүштейті, тілді ұстартты.»⁴⁰ М. Жұмабаев ақындығы Ш.Елеуkenов, Ә.Тәжібаев, Т.Кәкішев, Б.Майтанов мақалаларында да біраз қамтылған⁴¹. Мағжан поэзиясын ізрелеп қарастырғанда, оның әріптестерінде (С.Сейфуллин, И.Жансүгіров, С.Мұқанов т.б.) жок басты ерекшелікті бөліп көрсету керек. Ол-құбылысты негұрлым нақты бейнелеуден гөрі шарттылық, үлкейту, тұспалдау әдістеріне ақынның көбірек дең коятыны. Әрине, дабырайту, шарттылық басқа ақындарда да кездеседі. Бұл, әсіресе, С.Сейфуллин поэзиясынан айқын көрінеді. Әйтсе де шарттылық, үлкейтуге де Сәкеннің Сәкенше, Мағжанның Мағжанша келетінін ашу, ескеру қажет. Осы орайда Мағжанның сол нақтылықтан сырғактауы

⁴⁰ Мағжанның ақындығы туралы. «Мағжан Жұмабаев. Шығармалары» ішінде. Жазушы. 1989, 428 б.

⁴¹ Елеуkenов Ш. Мағжан. «Жұлдыз» журналы, 6, 1989 ж; Абай мен Мағжан. Жұлдыз, 2, 1993 ж; Тәжібаев Ә. Тарихымыз бүтінделіп келеді. Жалын, 2, 1989; Кәкішев Т. Әр дарынның өз орны бар. «Қазак әдебиеті» газеті, 2 наурыз, 1990 ж. 6-7 б; Майтанов Б.Тарихи тақырыпқа ақындық көзқарас. Жұлдыз, 12, 1991. т.б.

сырына токталмай болмайды. Сөз жоқ, нақтылықтан аулактауды сөзбесіз ұғындырып, реализмнен, шындық атаулыдан безу деп біржакты, бұлдырылғық, тұра айтқанға, дәлме-дәл кескіндегенге не жетсін деген түста көркем әдебиеттегі, оның ішінде поэзиядағы көп үнділікті: бар шындықты бейнелеу құралдарының алуан түрлілігін басшылықта ала-мыз. Алдымен жар етеріміз: М.Жұмабаевтың нақтылықтан жылыстауы бірер жылдар шенберінде қалмай, тіпті бір ұлт, бір аймақ ауқымымен іздеуінен туған. Ақын үшін ең маңыздысы белгілі бір құбылыс-әрекетті поэзиясынан сусындаған, XX ғасыр басындағы дүрбелендерге өзіндік сезімінің сан алуан болуы мүмкіндігіне дең кояды. Сол көпқырлылықты таныту үстінде де, ақын соның белгілі бір саласын нақты ашуға бар-мауымен ерекшеленеді. Мәселен, бір кезеңде жазылып, бір тақырыпқа С.Мұқановтың «Бостандық» өлеңінде бұрынғы казақ кедейінің ауыр өмірін ашарлық көрініс беріледі:

Салбан-сұлбаң жұмыс қылып құнұзын,
Төсек қылып жатсан құрым киізін,
Битті құпі «тонарсың» дең, берсе бай,
Куанушы ең шыққандай боп мүйізін.

Мұнда кедейдің киын халін ашарлық «құрым киіз» тәрізді деталь-мен катар (демек неғұрлым дәлдік үлгісімен бірге), күні бойғы бейнетті үштастыру («битті құпі»), киім алғандағы кедей жадырауын тікелей өрнектеуден гөрі, дайын дәстүрлі тұрақты тіркесті («шыққандай боп мүйізін») пайдалану да бар. Әйтсе де бір ғана «құрым киіздің» өзі кедей тұрмысын, лирикалық қаһарманның соған жаны ашуын біршама нақты (нақтылықтың езіне лирика табигатына сай шартты, салыстырмалы түрде өзінде өзгеріс, революцияны – дауыл; бостандықты – күн; бақытты-гүл арқылы мензеу, демек дайын белгі (символ) арқылы нақыштау талабы да үшірасады:

Бір заманда соққан дауыл басылды,
Бұлт ыдырап, күннің көзі ашылды.

Көгі шығып, жер жұмактай құлпырды,
Гүлге толып: қызыл, сары, жасылды.

Осылай бір туындыда дәлдік, белгі-ишарап (символ), мензеу талаптары ұштасуымен қатар, шығарма соңында лирикалық қаһарманның ұран тастап, тікелей үгітке кірісу де ақынның белгілі бір сәттегі (бар кезеңге тән емес) жеке табыстарды арнайы әспеттеу максатын көздегенін дәлелдесе керек. Егер реализмді тек бір дәүірге, бір накты максатқа қызмет ету деп тар шенберде түсінсек, көркемдік шарттардың баска қырларын елемесек, бұл туынды осы орайда салыстыра талданбак Мағжан, Сәкен өлеңдерінен ғері өмірге, кезең шындығына соншалық жақынырақ болуымен де ерекше құнды да, ал кейінгілері негұрлым «төменгі сортты» болып саналуы да мүмкін. Әйтсе де өмірге біршама жақын қорінген осы бір соңғы шумақтың өзінде ақынның заманға пәрменді қызмет ету талабымен бірге өлең көркемдігін солғыннаткан әлсіздігі де шаң береді. Себебі «енбек етсең, білім, енер сенікі» тәрізді түсіндіру, үгіт айтулар жалаң берілгендейтен де, тым жалпылама, үстірт, солғын тартып тұр. С.Сейфуллиннің «Асығып тез аттандық» өлеңінің тақырыбы жаңа талданған С.Мұқановтың «Бостандық» өлеңіне жақын (өлең тақырыбы астына «бостандықты карсы алу» деп жазылуы да тегін емес). Өлеңде қазақ кедейінің ауыр тұрмысын елестетерлік накты сурет жоқ. (Бір өлеңде бәрін камту керек деп талап қоюдан аулақпаз). Оның есесіне киындық атаулыны жинақтау, белгілі бір ишарап-белгі (символ) арқылы мензеу С.Мұқановта сөз арасында (жоғарыдағы мысалдағы соққан дауылдың басылуы, күн көзі аышылуы) берілсе, мұнда сол іспетті белгілерге баса назар аударылып, оның бәрі кенейген, дамытылған түрде алынады:

Таң таяуын сездік те,
Ояңдық біз қыбырлап,
Тіршілік қылдық оянып,
Түннен корқып сыйырлап.
...Жер мен көкке нұр шашып,
Көрінді таң жалтырап;
Шаттық тасып лұпілдең,
Сокты жүрек калтырап.

Осындағы «ояну» сөзі лирикалық қаһарман өмір сүрген ортасын, бүкіл бір халықтың санасы өсуін жинақтап, мензеу айнасы болса, «қыбырлап» сөзі сол ілгерлеудің бастапқыда қаншалық әлсіз, баяу болғанын нақыштауға арналған. «Қыбырлап» сөзі сонымен қатар кейінгі бікітеп өсу мәнін, бұрынғыдан айырмасын беліп көрсетуге бағытталған. «Сыйырлап» сөзіне келсек, ол «қыбырлаппен» дыбыстық үндесу, әуезділік, үйкас

үшін қызмет етумен бірге, лирикалық қаһарманның бастапқы мүшкіл халін айқындағы түсуге жетектейді. Ал, келтірілген екінші шумақтағы танның жалтырап көрінуі де – әрі ишараплау (тан-бостандық символы), әрі сол түспалдауға тән нақтылықты (С.Мұқановтагыдай әйтеуір бір күн шығуы емес, «жалтырап» көрінген тан) септестіру үлгісі. Бұл жіптестіру осы шумақтың өзінде лирикалық қаһарманның белгілі бір сезімін жеке беліп алып, өзінше арнайы бейнелеумен ұштасады. Олай дайтініміз: мұнда да шаттық тасуы (су тасуы накты көрініс үлгісі десек, дерексіз ұғым шаттықтың сол деректі су тәрізді тасуы оның соншалық көлемге ие болуын аша алады) арқылы лирикалық қаһарманның кесек куанышы берілсе, «лұпілдеу» сөзі түсінде сезімін белгілі бір қырын екшеп кестелеу жүзеге асады. Соңғы тармак та (...«Сокты жүрек калтырап») лирикалық қаһарманның ішкі толғанысына үзілте түседі.

Ой түйін.

1. Фалым Қ.Жұсіптің мақаласында талданған М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, И.Жансүгіров, С.Мұқанов шығармалары қазақ әдебиетінің кай кезеңіне жатады? Фалым қаламгерлердің шығармаларындағы қандай ерекшеліктерге назар аудартады? Қаламгер стилін анықтауда қандай ғылыми ұстанмадарды басшылықта алады? Осы мәселелердің басын ашып талдан, шағын ғылыми баяндама дайындаңыз.
2. Кестені толтырыңыз. Макалада талданған стильтік ұғым мен бейнелілік тәсілдері туралы ғалым пікіріне өз ойынызды біліріп талдаңыз.

Ғалым мысалы	Ғалым пікірі	Менің ойымша...

15-ТАҚЫРЫП

Тапсырма.

1. XXI ғасырдағы қоғамдық дамудың өзіндік ерекшелігі болып табылатын жаһандану үдерісіне байланысты қойылған адамзат қоғамының алдындағы жаңа проблемалар туралы ғалым қандай ой-пікір білдіреді? Не себепті жаһандық жаму үрдісі бұл проблемаларды тудырды? Ғалым ұсынған ғылыми байланыздарды өз ойыңызбен корытып қазіргі қазак әдебиетінің даму бағыттары туралы шағын таныстырылым жасаңыз.
2. Ортақ түркі әдебиеті мен мәдениеті туралы жазылған басқа да ғылыми ой-пікірлерді салыстыра отырып өз ойыңызды корытып айтыңыз. (Мысалы, М.Мырзахметов, Н.Келімбетов т.б ғалымдардың енбектерін алуға болады.)
3. Мақалады көтерілген негізгі мәселелерді ретімен теріп тезис түрінде жазыңыз.

Д. ЫСҚАҚҰЛЫ

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Әдебиеттің тарихы – әдебиеттану ғылымының негізі болумен бірге қөлемі жағынан ауқымдысы да, сондай-ақ шешімін күтіп тұрған проблемалары көбірегі де. Әдебиет тарихын жасау, оны дәуірлеу мәселесі әдебиетті зерттей бастаған кезден күн тәртібінде келеді. Сырт қарағанда, онда тұрған не бар, тарихты кезең-кезеңдерге бөліп, жаза берсе болмай ма деуге де болатын сияқты. Сөйтіп те келдік. Десек те заман өзгерді, заман мен бірге адам да жаңарды; қоғамдық сана өзгеріп, ғылым мен мәдениет дамыды.

Осының барлығы әдебиеттің, оның ғылымының алдына жаңа міндеттер койып отыр. Соның бірі – әдебиеттің тарихын жаңаша дәуірлеу, тың деректер мен пікірлермен толыктыра түсу, бүгінгі таңдағы қоғамтану ғылымының жетістіктерімен каруланған, XXI ғасырдың жаңа адамының талғамын қанағафтандырып, толғандырар сұраптарына жауап бере алатын толықканды әдебиет тарихын кайта жасау.

XXI ғасырдағы қоғамдық дамудың өзіндік ерекшелігі болып табылатын жаһандану үдерісі адамзат қоғамының алдына мұлдем жаңа проблемалар койып отыр. Батыста басталып, «бұл болмай коймайтын, өркениетке апарар жол» деп, барынша насиҳатталып жатқан жаһандану жолындағы мәдениеттердің, әдебиеттердің барлығын жалмап, жұтып,

халықтарды ұлттық рухани тамырынан айырып, мәңгүрттендіру арқылы бір оқ шығармай, әлемді бағындыру әрекетіне көшті. «Мәдениеттер қақтығысының», сырпайласпайтқанда, «мәдениеттер тоғысының» негізгі соққысы ұлттық тілге, оның әдебиетіне бағытталып, әлемді алқымынан алып, халықтың жанды жерінен жарапап, рухын жоюда. Соның нәтижесінде Еуропаның батысындағы шағын ғана аралды мекендейтін 60 миллион ағылшының тілін ана тілі санайтындардың саны 500 миллионнан, жалпы пайдаланушылар 1 миллиардтан асып, әлемнің 44 елінде мемлекеттік мәртебеге ие болып отыр (А.Көрімұлы. Тіл майданы – біз үшін Отан соғысы. «Қазак әдебиеті», 20-26.01.2012). Мұның барлығы басқа тілдердің, мәдениеттердің, әдебиеттердің жойылуы есебінен болып жатқандығы белгілі.

Казіргі тіл майданы жүріп жатқан әлемде ұлттардың алдына не өмір, не өлім проблемасы қойылып, қамдарын жасай бастады. Міне, осындан кездерде тұбі бір түркі халықтары өздерінің жаһандануға жұтылып кетпеуі үшін де рухани жағынан бірігуінің маңызы зор. Ал бұл бірігудің бірден-бір жолы бағзы замандарда Алтайдың, Еуразияның кең сахара-сында бірге жүріп жасаған, күні бүгінгे дейін өзінің құндылықтарын жогалтпаған, көрінше бүгінгі туысқан халықтардың бір-бірімен тату-тәтті, түсіністікпен өмір сүруіне көмектесетін рухани тамырларды тірілтуде, бүгінгінің қәдесіне жаратуда жатыр.

Әдебиет – руханияттың күре тамыры. Сондықтан да тегі бір, тілі бір халықтардың ерте кездердегі әдебиетін кайта қарап, бүгінгі әдебиеттану ғылымы жеткен жетістіктерді пайдалана отырып, жаңаша көзқараспен түркі бірлігіне қызмет ететін ортақ әдебиет тарихын жасау – кезек күттірмейтін мәселе.

Бұл – мәселенің бір жағы болса, екінші жағынан, күні бүгінгে дейін өзіне лайықты насиҳатталып, бағасын ала алмай келе жатқан дамыған түркілік әдебиетті тіпті өзімізге, одан қалды әлемдік оқырманға да насиҳаттау, таныстыру өз дәрежесінде емес. Оның ара жағында қоғамдық даму барысында түркілік мәдениеттің әлемдік өркениетке қосқан өзіндік үлесін анықтау деген секілді ауқымды міндеттер тағы тұр.

Әрине, бұл – айта салуға онай болғанымен, жүзеге асыруға, жазуга келгенде, күрмеуі көп, шешімін күтіп тұрған мәселелері жеткілікті шаруа. Қазір түрлі тарихи жағдайлардың әсерінен әлемнің түкпір-түкпіріне шашырап, түрлі мәдениеттердің ықпалына ұшыраган түркі текес халықтардың жалпы саны 200 миллионның о жақ бұл жағында. Олардың ішінде тілінен, рухани тамырынан көз жазып қалғандары, болмаса соған жақын түрғандары да бар. Міне, осындан жағдайдағы халықтардың тарихи негізді ортақ бай әдеби мұрасын жинақтау, нақтылай айтқанда, түркі

халықтарының ортақ әдебиет тарихын жазу – теориялық жағынан да, практикалық жағынан да бірсыныра күрделі мәселелерді шешуді, қажыр-кайратты қажет ететін күрделі проблема. Бұкіл түркі халықтары түгілі бір ғана ұлттың әдебиет тарихын жасаудың өзі қаншама қындықтар туғызатының қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолдарынан-ақ байқауға болады.

Түркі халықтарының ортақ әдебиет тарихын жасау барысында есте боларлық бірнеше жағдайлар бар. Отаршылдықтың салдарынан түркі халықтарының көпшілігі күні кешеге шейін өздерінің шын мәніндегі ғылыми негізіді әдебиет тарихын жасай алмай келді. Оған бір жағынан, түркі халықтарын қоғамдық дамудың төменгі сатысындағылар санайтын европацентризм ілімі кедергі келтірсе, екінші жағынан, ұлттық атаулыға қарсы кенестік отаршылдық саясат мүмкіндік бере бермеді. Соған қарамастан, КСРО құрамына кірген түркі халықтары өздерінің ұлттық әдебиетінің тарихын зерттеген ғылыми ізденістерін бір сәтке де тоқтатқан жок деуге болады. Нәтижесінде социалистік реализм принциптері негізінде жазылған әр ұлттың жеке өзіндік әдебиет тарихтары өмірге келді.

Кенестік кезеңде өмірге келген әдебиет тарихтарын жазу барысында туындаған түрлі ғылыми мәселелерді әр ұлт өзінше шешті. Әдебиет тарихтарын біреулері түркі халықтарының барлығына бірдей ортақ ерте кездерден бастаса, кейбіреулері кейінгі кездерді місі тұтты. Әдебиет тарихының келелі мәселелерін ғалымдар болып ойласып шешу, үлестіру жағы жетісе бермеді.

Ортақ әдебиеттің ортақ мәселелерін әр ұлттың өзінше шешуі түркі халықтарының көпшілігі тәуелсіздік алғаннан кейін тіпті күшіне түсті. Бұл айтылғандар негізінен, түркі халықтарының ортақ әдебиетіне кайдауірлерді жатқызу, түркі халықтарының барлығына ортақ ірі әдеби тұлғаларды бір ғана ұлттың әдебиеті аясында қарап, меншіктеу хакында болып отыр. Түркі халықтарының әдебиет тарихын жасауда осы сияқты толып жатқан мәселелер барышылық. Бұларды енді бұрынғыдай әр ұлт жеке-жеке шешпей, ғалымдар болып ойласа отырып, мәмілеге келетін кез келген сияқты. Мұндай мәселелердің нақтылы түрде дұрыс шешілуінде түркі халықтарының ортақ әдебиет тарихын жасау септігін тигізбек.

Әдебиеттің негізгі екі жағы бар. Оның ең біріншісі және негізгісі әдебиетті әдебиет кылышпен тұрған оның ішкі жағы, яғни өнер ретіндегі көркемдік касиеті болса, екіншісі – сол көркем әдебиеттің тууына, өмір суруіне жағдай жасайтын, тағдырын айқындайтын қоғамдық ортаның әсері. Әдебиеттің тарихын жасағанда, негізгі мәселе осы екі жағын да ескеріп отыру – аса маңызды. Осы бір күрделі мәселені таразының

басын тең ұстай отырып, іс жүзінде шешу казақ әдебиетінің тарихын жасаушыларға да оңайға түспеген.

Болашақта жасалар түркі халықтары әдебиетінің ортақ тарихын жазуға кіріспестен бұрын ұлттық әдебиет тарихтарының жасалу жолдарын, тәжірибелерін корытып, оның жеткен жетістіктерін пайдалану керек; жетпей жатқан жерлерін жеткізуі, кателіктіктерін жоуды, проблемаларын шешуді көп болып ойластырып, ортақ ұстанымдарға келу керек. Тарих – ұлы ұстаз. Сондықтан да тарихтың сабактарын бүгінгі күннің талаптарымен, ғылыми жетістіктерімен ұштастыра отырып, жұмыс жасау алға көп міндеттер жүктейді.

Ортақ әдебиет тарихының зерттеу нысаны – алдымен, анықталып алынуы тиіс күрделі мәселенің бірі. Түркі халықтарының әдебиеті дегеніміз не, ұлттық әдебиет пен түркілік әдебиеттің ара жігі қалай, ортақ әдебиетке кай дауірлер жатады, ұлттық, түркілік әдебиетке қандай әдебиетті жатқызып, негізгі өлшем ретінде тегі, жері, тілі сияқты өлшемдердің қайсысын аламыз деген секілді сандаған сауалдар ғылыми тұрғыдан жауаптар күттеді. Осы сияқты бірсыныра мәселелердің дұрыс шешілуі қолға алынғалы отырған үлкен жұмыстың дұрыс бағытта жүруінің бірден-бір кепілі болмак.

Осы уақытқа дейін түркілік ортақ әдебиетті бірлесе отырып зерттеу мәселесі күн тәртібіне қойылмай, тек ұлттық әдебиеттің тарихын жасау жұмыстары жүріп жатыр. Осының салдарынан түркілік ортақ әдебиет пен ұлттық әдебиеттің бірге қарастырылуы тиіс көтеген мәселелері біржакты шешіліп келді. Ұлттық әдебиетті анықтауда көбіне территориялық принциптің алға шығып отырғандығын байқаймыз.

Мысалы, ортағасырлық Әл-Фараби көп уақыттарға дейін өзбек әдебиетінің тарихында орын алғып келсе, кейін туылған жері Отырад (Фараби) Қазақстанда болғандықтан да қазақ делініп жүр. Профессор Ә.Дербісалінің зерттеуінше, Отырадан шықкан Әл-Фарабилердің ұзын саны отыздың о жақ, бұжығында. Солардың барлығының да қазақ руханиятына катысы бар деп есептейді. Жүсіп Баласағұнға қазақ пен қыргыз таласуда. Шу өзенінің бойындағы Баласағұн қаласында туылған ғұламаны қыргыздар қыргыз жерінде, қазактар қазақ жерінде туылған деп дәлелдейді. Қорші жатқан екі халықтың Жүсіпке таласы аяғында Баласағұн қаласының кай елде болғандығы жайлы ғылыми пікірталастарға ұласты. Сонда бар мәселе Баласағұн қаласының кай жерде болғандығы анықталуына байланысты шешілетін сияқты. Осы сияқты ортағасырларда жасаған Қ.А.Иассауи, М.Қашқарі, Ә.Хорезми сияқты көтеген ірі қайраткерлер көбіне бір ғана ұлттың ауқымында қарастырылып, олардың құллі түркі жұрттына ортақ ұлы тұлғалар екендігіне назар онша аударылмай келеді.

Белгілі бір әдебиеттің өкілдерін анықтағанда, оның шықкан тегіне мән береді. Мысалы, Әл-Фараби Отырарда туылғанының үстіне руы қыпшақ екендігі көрсетілгендей де, ал қыпшактардың кейіннен казак ұлтының құрамына кірген негізгі ұлттардың бірі болғандықтан да қазак деп жүр. Ал Қадырғали Жалайыры, Мұхамед Хайдар Дулати сияқты шықкан руын ата-тегі (фамилия) етіп алғандар да бар. Әзірше Жалайыриға талас жок, Өйткені жалайыр тайпасы тек казактың құрамында. Ал Дулатига келсек, әнгіме – басқашалау.

Өткен (2011) жылы күзде Өзбекстанның Андижан қаласында Мұхамед Хайдар Дулатига арналған халықаралық ғылыми конференция өтті. Дұрыс. Дұрыс емесі олардың тарихқа танымал Мұхамед Хайдар Дулати деген аты-жөнін өзгерти, оны Мырза Хайдар жасап, өзбек қылуы болды. Дәлелі: Дулати рудың аты, ондай фамилия болмайды, сондыктан оны алып тастау керек; туылған жері – Ташкент. Тегіне келсек, дулаттар қазактың құрамына кірген, қалайша ол өзбек болады; Дулати сол кездерде осы өнірде өмір сүрген түркі текстес халықтардың барлығына бірдей ортақ дегенге оның туылған жері қазіргі Өзбекстан екендігін алға тартып, пікірлерінен кайтпады. Тегіне келгенде, осындай дау-дамайлардың да шығып қалатындығы да бар.

Түркі халықтарының бір кездерде қытайлармен аралас-құралас өмір сүргендігі белгілі. Соңғы зерттеулердің барысында қытай деректерінен түркі тайпаларынан шықкан қоңтеген ақындар белгілі болды. Мысалы, қытай тілінде жазған қаңлы Пото-Дың (232-248), қаңлы Бұқым (1255-1300), қыпشاқ Сагидолла (1272-?), дулат Хы-Тял-Тың (1247-1313), қыпشاқ Сарын т.б. сияқты бұрындары белгісіз болып келген ақындар шығып жатыр. Қытай әдебиеттің классигі саналып келген Ли Боның дулат руынан шыққандығын дәлледеп, ақынның казак әдебиеттің тарихынан өзіне лайықты орнын алуы керектігін көтерген М. Оразбайдың пікірі кейіннен дау-дамайға ұласты. «Қытай әдебиеттіңде жүрген» тағы бір түркілік ақын Кан Мен Эрдің тағдыры да осылай болды.

Әдебиеттің негізі – тіл. Шығарма қай ұлттың тілінде жазылса, сол ұлттың әдебиетіне жататындығы дау тудырмайды. Қай халықтың болмасын, ұлттық әдебиетін сол ұлттың тілінде жазылған туындылар күрайды. Түркілік әдебиеттің негізгі өлшемі де – осы. Десек те бұл қалыпқа сия бермейтін жағдайлар да жиі кездеседі. Жоғарыдағы тегіне қарай түркі әдебиетіне жатқызылып жүрген ақындардың қытай, араб тілдерінде жазғаны белгілі. Әдебиет ұлттық мәдениеттің, рухтың көрінісі болса, басқа мәдениетке, рухқа сай тілде жазылған көркем шығарманы авторының тегіндегі әдебиетке жатқыза аламыз ба? Ақын жазушы қай тілде жазса, сол ұлттың сөз өнеріне үлес қосып, ұлттық рухына,

мұддесіне қызмет ететіні белгілі. Әлемдік әдебиетте каламгер қай тілде жазса, сол тілдегі әдебиеттің өкілі деп қараушылық басым. Бұл мәселені біз қалай шешуіміз керек? Отаршылдық саяттың «жемісі» ретінде соңғы кезеңдерде орыс, қытай тілінде жазатын қазак қаламгерлері шыға бастады. Он томдық «Қазак әдебиеті тарихының» соңғы кітабында «Қазақстандағы орыс әдебиетіне» арнайы тарау арналды.

Міне, осы тақиеттес сандаған сауалдар әдебиет тарихының тереңіне бойлаған сайын мен мұндалап қебейе түседі. Сондыктан да мұндан мәселелердің әлемдік әдебиет тарихтарында қалайша шешімін тауып жүргеніне назар аударып, ғылыми негізді бір шешімдерге келу керек. Олай болмаса, аяғы таусылмайтын дауларға ұласып кетуі мүмкін.

Әдебиет тарихының негізгі зерттеу нысаны – белгілі бір дәуірдің *әдеби өмірі*. Ал әдеби өмір (процесс) дегеніміз, белгілі бір дәуірдегі әдебиеттің тұтастай күйіндегі тарихи өмір сүруі, дамуы күйіндегі аса құрделі жайкүйі. Ал әдеби өмірді жекелеген қаламгерлер, олардың шығармалары, ол шығармаларды оқырмандардың қалай қабылдағаны жайлы пікірлер, әдеби, немесе әдебиетке қатысы бар оқигалар күрайды. Әдебиет тарихын зерттеуші бұдан талай замандар бұрын өтіп кеткен дәуірлерге үніліп, әдеби өмірде болып өткен елеулі оқигаларды, фактілерді елекten өткізіп, негізгілерін анықтау үшін әдеби өмірдің даму бағытын белгілеген басты оқигаларды, негізгі ағымдарды сол дәуірдің саяси-әлеуметтік, мәдени аясында ашып көрсетуі тиіс.

Казандай қайнап жататын әдеби өмірдің басты тұлғалары сол әдебиетті жасау жолында еңбектеніп, құресіп жаткан – қаламгерлер. Әрбір дәуірдің әдебиетін сол кезде дүниеге келген әдеби туындылар, сөз өнерінің сонында жүрген ақын-жазушылар жасайды. Замана ағымын дөп баса білген дарын иесі сол дәуір қажетсініп отырған зәру мәселені дер кезінде шеберлікпен көтеріп, «мода» болуы мүмкін; не керісінше, қанша дарынды болғанымен де, айтқаны асыл болса да саяси-әлеуметтік өмірде болып жаткан түрлі жағдайлардың салдарынан не бір құнды шығармалар қабылданылмай, түсінілмей қалуы, өзінің танылар таңын күтіп, ұзак уақыт жатып қалуы мүмкін. Әдебиет тарихында жиі кездесетін мұндан жағдайлар әдебиет тарихын зерттеушінің әрдайім есінде боларлық жәйт.

Әдебиеттің тарихы – осы уақытқа дейін әдебиеттің әр дәуірлерінде өмір сүріп, артына өшпес мұра қалдырған ақын-жазушылардың хронологиялық түрғыдан жүйеге түскен шежіресі де. Шын мәніндегі әрбір дарын иесі бұрынғы ұлттық дәстүрді жаңаша жалғастырып, әдебиетке жаңа стиль, жаңа бағыт, жаңа форма, жаңа идеялар әкеліп, тұтастай бір әдеби мектепке айналады. Әдеби өмірде мұндан әдеби бағыттар бірнеше болып, қатарынан қанаттаса дамып, не болмаса, араларында

әдебиетке көшбасшылық үшін кым-киғаш күрестер жүріп жатуы мүмкін. Сондыктан да әдебиет тарихшысы әдеби дәуірлерді зерттегендеге, осы мәселелерге назар аударып, әдеби ағымдардың ішіндегі басты даму бағыттарын айқындаі туспіп, соның басы-қасында жүрген көрнекті әдебиет кайраткерлерінің әдеби дамуға қосқан үлесін анықтауға құшсалуы тиіс.

Әдебиет тарихын зерттегендеге, ылғи да назарда болуға тиіс мәселенің бірі – **әдеби жанрлар**. Әдебиеттің бірден пайда бола салмағаны әлімсактан белгілі. Әдебиет дегеніміз – жанр. Әдебиет ғасырлар бойы жанрлық тұрғыдан дамып, бүгінгі біекке жетті. Демек, әдебиеттің дамуы дегеніміз, оның жанрлық тұрғыдан жетілуі екен. Сондыктан да әдебиеттің тарихын зерттеуші қарастырып отырған дәуіріндегі әдеби жанрлардың жай-күйін барлық уақытта назарда ұстал отырғаны лазымен.

Әдеби жанрлар бірден пайда бола қалған жок. Әдебиет тарихының ежелгі дәуірінің әдебиеті деп жүргеніміздің көшілігі біздің бүгінгі әдебиет туралы ұғымымызға, әдеби қалыптарға сай келе бермейді. Сөз өнерінің ең көне ұлгілері қатарында тасқа жазылған сынна жазулары, шежірелер, шіркеуілік жазбалар, хаттар, тарихи деректер сияқты ұлгілер алынып жүр. Бұлар кейін ұзақ даму жолдарынан өтіп, бүгінгі професиональды әдебиет дәрежесіне жеткен. Сондыктан да әдебиет тарихшысы белгілі бір дәуір әдебиеттің зерттеу барысында оның жанрлық, яғни көркемдік жағынан каншалықты деңгейде екенін анықтап отыруы лазымен.

Түркі халықтарының ортақ әдебиет тарихының негізін жекелеген ұлт әдебиеттерінің тарихы құрайды. Сондыктан да алдымен, ұлттық әдебиет тарихтарын жасау мәселелері дұрыс шешілуі керек. Әрбір ұлт әдебиет тарихының өзіндік ерекшеліктері ескеріліп, тәжірибелері тияннаталуы қажет. Осылардың негізінде түркі халықтары әдебиеттің ортақ әдебиет тарихын жасаудың теориялық, практикалық мәселелері айқындалып, толық шешімін табатын болады.

Сонымен, түркілік ортақ әдебиет тарихын жасаудың негізі – ұлттық әдебиет тарихтары. Соның бірі қазақ әдебиеттің тарихын жасау да ұзақ та, күрделі ауыр жолдардан өтті. Қазақ әдебиеттің тарихын зерттеудің алғашқы кезеңдерінде ұлттық әдебиеттің бар екендігін де дәлелдеуге тұра келген. Әдебиеттің тарихы ұлттық әдебиеттің өткен даму жолдарын, нактылай айтқанда, сөз өнерінің кайнар бастауларынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихи дамуын, дамудың жетекші заңдылықтарын, ондағы жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылықтарын зерттейтін әдебиеттандырылған үлесінде өткен дәлелдердің оның алғашқы сілемдері XIX ғасырда Ш.Уәлихановтың еңбектерінде («Қазақ халық поэзиясының түрлері») атты макаласы, Жанак, Орынбай, Шөже туралы

айтқандары, т.б.) көрінсе, XX ғасырдың алғашкы жарымында біртіндеп қалыптаса бастады.

Қазақ әдебиеттандырылған үлесінде әдебиеттің көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары жайлы әртүрлі деңгейде айтылған пікірлер түрінде өмірге келді. Түрлі мақсатта көрінген В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, А.Е.Алекторов, Н.И.Ильминский, Г.Н.Потанин, А.Янушкевич, Ә.Дибаев секілді жат жүрттыханың пікірлерінің болашакта жасалынар әдебиет тарихы үшін маңызы айтарлықтай болды. Әдетте, әрбір ұлт өзінің ұлттық тарихын, әдебиеттің, өнерін негізінен өзі зерттейді. Ал қазақ әдебиеттің тарихын жасаудың алғашкы кезеңінде оған басқа ұлт өкілдерінің арасынан бірнеше себептері болса, соның ең негізгісі әдебиеттің ұлттық кадрларымыздың жоқтығы еді.

XX ғасырдың бас кезінде Ресей империясында бұрк-сарқ қайнап жатқан саяси оқиғалар қазақ даласына да жетіп, ұлт-азаттық қозғалыс орыс алды, ұлттық сана-сезім оянып, ұлттың ұлт болып өмір сүруіне негіз болатын рухани таяныштар ізделіне бастады. Рұхсыз ұлттың ояту, қалыптастыру мақсатымен, қазақтың азаматтық тарихын, әдебиеттің мәдениетін зерттеуді өз қолдарына алды. Осы кездерде Ә.Бекейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Х.Досмұхамедовтің, С.Торайғыровтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауитовтың, С.Сәдуақасовтың, М.Әуезовтің, Р.Мәрсековтің, Қ.Кеменгеровтің, Ы.Мұстамбаевтың, С.Қожановтың, С.Сейфуллиннің, т.б. «Қазақ», «Айқап», «Сана», «Лениншіл жас» секілді басылымдарда жарияланған материалдарында қазақ әдебиеттің тарихын жасауға тікелей қатысты алғы шарттар жасалынды. Бұларды болашакта жасалар әдебиет тарихының дайындық материалдары, яғни «шикізаты» деуге болады.

1917 жылғы Қазан төңкөрісі әлемге жаңа заманның басталғанын жариялады. Революция Ресей империясындағы барлық езілген халықтарға азаттық, тәндік әкеледі деген үміт акталмай, орыс отарышылдығы жаңаша формада, социалистік мазмұнда күштеге түсті. Бодандықтың салда-рынан саяси-экономикалық, мәдени-әдеби салаларда кенжелеп қалған халықтарды маркстік-лениндік ілімге сүйене отырып, қоғам дамуының капиталистік сатысынан өтпеген, артта қалған, халық ретінде пісіп жетілмеген, әлі ұлт болып қалыптаспаған, ұлттық тарихы, әдебиеті жок

бұратаналар санап, біз олардың ұлт болып үйисуына, яғни социалистік ұлт болып шығуына көмектесеміз деген, түптің түбінде басқа ұлттардың жойылуына, ұлтсыздандыруға апаратын құйтұркы саясат қүшейе түсті.

Міне, осындай ұлт тағдырына қауіп тәнген кезде Ресей құрамындағы түркі тектес ұлттардың зиялды азаматтары ездерінің де басқалар сияқты ұлт екендігін дәлелдеу мақсатымен азаматтық тарихын, ұлттық әдебиетін, мәдениетін іздей бастады. Қазактың да бұрыннан келе жатқан ұлт, дамыған ұлттық әдебиеті, мәдениеті бар халық екендігін дәлелден, жазылған мақаланың бірі С.Сәдуақасовтың «Қыргыз әдебиеті» («Трудовая Сибирь», 1919, №1) такырыбындағы тарихи-сыны очеркі болды. Орыс тілінде жазылған мақаланың негізгі мақсаты – казак халқының мәдениеті, әдебиеті төмөн деп түсінетін орыс оқырмандарына өткен дәуірлерде ұлттық әдебиеттің, әсіреке ауыз әдебиетінің дамыған, бай түрі болғандығын, оның өзгелерге ұксамайтын өзіндік ерекшеліктерін таныстыру болған. Смағұл қазактың жазба әдебиетінің тарихын Мәшінүр Жүсіптен, Абайдан бастаған. Қазак әдебиетінің ірі өкілдері ретінде М.Дулатовтың, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, С.Дөнентаевтың, F.Каращевтің, Ш.Құдайбердиевтің, С.Торайғыровтың, А.Мәметовтің, С.Сейфуллиннің, т.б. шығармаларын талдап, сипаттамалар берген.

Осы кездерде бұрындары қазак әдебиеті болды ма, болса, қай кезден бастап бар деген мәселе көтерілді. Отаршылдар негізінен, қазактарда шын мәніндегі әдебиет болған жоқ деген таптық ілімге сүйенген бағытты ұстанса, ұлтжанды қазак зиялдылары әдебиет болғандығын дәлелдеуге кірісті. М.Жұмабаев 1923 жылы қазакта бұрындары дамыған әдебиет болмаған дегендеге қарсы «Өткен дәуірдегі теніздей тұңғыл әдебиетіміздің бізге бұл күнде адасқан ұшқындары, тентіреген тамшылары ғана жетіп отыр. Көбі, көбі болғанда ең сұлулары ұмытылған, желдей өсken жыраулармен бірге топыракқа айналған. Баяғыда отыз күн, отыз түн айтылатын Қобыландылардың ауызда аласып, азғантайы ғана қалған. Талай түндерге созылған ертегілердің басы қайырылып, аяғына жетіп, шоп-шолақ қалған» (М.Жұмабаев. Шығармалары. А., 1989, 340-бет) – деп, өткен замандарда жасалынған әдеби мұрамыздың ұмытылып бара жатқандығына жұртшылық назарын аударды.

Ұлттық дамудың әдебиеттегі рухани тамырларын үзіп тастау мақсатымен жузеге асырыла бастаған пролетарлық мәдениет бағытына қарсы Мағжан 1924-1926 жылдары «Алқаның» бағдарламасын дайындағы. Ә.Бекіханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ж.Тілеулин, С.Дөнентаев, М.Әуезов, С.Сәдуақасов, Е.Омаров, С.Қожанұлы, Е.Алдонғарұлы, Ж.Сәрсенбіұлы сияқты қазактың біртуар алаштыл азаматтары қолданған бағдарламада да бұрындары қазак халқының бай әдебиеті болғандығын

дәлелдей түскен. Мағжан әдебиеттің деңгейі қоғамдық дамумен тікелей байланысты болуына орай феодалдық дәуірде өмір сүрген қазак халқының әдебиеті де төмен деген пікірдің сынаржақ екендігін айта келіп, «техника мәдениеті тіпті темен болғанымен», «көзінше терең әдебиеті болған һәм бар» деп дәлелдеді. Дәлелге «кешегі Мұрат, Махамбет, Базар, Шортанбай, Ақан сері сықылды ақындардың елдің мұнын, зарын, ой-қиялын жырлай білген шын жыраулар екенін» алға тартты. Осында ол қазактың ұлы ақыны Абайдың поэзиясын аса жоғары бағалады.

Келтірілген мысалдардан қазак әдебиетінің тарихына көтүстік алғашкы зерттеулердің алдымен, ұлттық әдебиеттің ғасырлар бойы дамып келе жатқан бай тарихы бар екендігін дәлелдеуден басталғандығын көреміз. Қоғамдық өмірде үстемдік құрган таптық идеологияны әдебиет пен мәдениетке де қолданып, тұрпайылықпен жүзеге асыра бастаған кездерде оған қарсылық ретінде айтылған осы сияқты пікірлердің болашақта жасалар қазак әдебиетінің тарихы үшін саяси жағынан да, ғылыми жағынан да практикалық маңызы аса зор болды. Саяси кудалауларға қарамастан, алаштыл азаматтар халықтың болашағы үшін ұлттық әдебиет тарихын жасаудың аса қажеттілігін, оны қай бағытта жазу керектігін батыл көрсетіп берді.

Қазак әдебиетінің бастау бұлактарын анықтау, тарихын кезеңдерге бөлу жолындағы ізденістерде қазак әдебиеттану ғылыми ұзақ жолдардан өтті. Жиырмасыншы жылдардың соңына қарай қазак әдебиетінің өткендегі даму жолдарын зерттеп, дәуірлерге бөліп, ғылыми жүйеге түсіруге ұмтылған енбектер көріне бастады. А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» (1926) қазак әдебиетін ғылыми тұрғыдан тұтастай алып, теориялық, тарихи тұрғыдан зерттеудің жолдарын алғаш рет жүйелеген енбек болды. Мұнда жалпы әдебиетті ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп екіге бөліп, ары қарай тағы да іштей түрлерге, жанrlарға жіктеген. Қазактың жазба әдебиетінің тарихын «діндар дәуір», «ділмар дәуір», «сындар дәуір» аталған кезеңдерге бөлген. Діндар дәуірге араб, парсы үлгісіндегі діни бағыттары әдебиетті, ділмар дәуірге орыс әдебиетінен енеге ала бастаған кезден бергіні, сындар дәуірге Абайдан кейінгі кезді жатқызған. Мұнда әдебиеттің тарихын кезеңдерге бөлуге алғаш рет әрекет жасалынып, ғылыми ұстаным ретінде хронология емес, әдебиеттің негізгі бағыты, мазмұны, сыйпатты алынғандығы көрінеді. Сөйтіп, А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышында» тұңғыш рет қазак әдебиетінің тарихын кезеңдерге бөліп, оны дәуірлеудің өзіндік принциптері ұсынылды.

1927 жылы М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» шықты. Кітап осында аталынғанымен де онда негізінен қазак халқының ауыз әдебиеті

карастырылған. Мұнда ауыз әдебиетіне анықтама беріліп, сыршылдық салт өлеңдері, әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел помасы, тарихи өлеңдер), айтыс-такпак, өртегі, макал-мәтеп, жұмбак түрлеріне жіктелінген. Әдебиеттің тарихын әңгімелегенде, XIX ғасыр әдебиетін «зар заман» әдебиеті атаған. Қазак әдебиетінің тарихын Асан Қайғыдан бастап, Бұқар, Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Ыбырай, Ұғылман, Абай, Нармамбет сияқты ұлт мұддесін жырлаган ақындардың шығармашылықтарын жоғары бағалаған. Ұлт-азаттық күресті жырлаган ақын-жыраулардың поэзиясын насиҳаттады деген айыппен «Әдебиет тарихы» жарық көре салысымен «қамауға алынды».

Халел Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиетінде» (1928, орыс тілінде) ауыз әдебиетінің табигаты, жазба әдебиеттен ерекшелігі, халық өмірімен байланыстылығы кеңінен әңгімеленді. «Халық әдебиетінің кайсы бір үлгі нұсқасының із-түсіз жойылып кетуі мәдениетіміз үшін орын толмас өкініш болмак» деп білген Халел қазак ауыз әдебиетінің 46 түрін көрсетеді. Тәуелсіздік алғанға дейін фольклористика ғылымында қазак ауыз әдебиетінің он шакты-ак түрі ғылыми айналымда болып келгенін ескерер болсақ, Х.Досмұхамедов зерттеуінің мәні мен маңызы толығырақ түсініледі. Халелдің Махамбет, Мұрат, Шортанбай туралы зерттеулері кейіннен қазак әдебиетінің тарихын жасау кездерінде кірпіш болып, қаланды десе де болғандай.

Қазак әдебиетінің өткен кездердегі тарихын зерттеу істерінде С.Сейфуллин айтарлықтай еңбек сіңірді. Ол жиырмасының жылдардың соңына қарай баспасөз бетінде ауыз әдебиетін, әдеби мұраны жинауға үндеген бірнеше хат-макала жазды. Нәтижесінде «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (1931), «Қазақ әдебиеті» (1932) өмірге келді. Профессор Т.Кәкішевтің дәлелдеуі бойынша, С.Сейфуллин қазак әдебиетінің тарихына арнап бірнеше кітап жазуды жоспарлаган. Бізге жеткені сонын екеуі ғана.

Сәкен қазак әдебиетінің төңкеріске дейінгі дәүірін сол кездің саяси-әлеуметтік жағдайына орай, үлken екі кезеңге бөледі: 1) «ビルдер дәүірі», 2) «корыс патшасына бағынған дәүір». 1932 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінде» осының алғашқы кезеңі «ビルдер дәүірінің» әдебиеті ғана камтылған. Мұнда негізінен қазақтың ауыз әдебиеті түрлерге, жанрларға жіктеліп, қарастырылған. «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» хрестоматиясына Бұхар, Балқы Базар, Шортанбай, Досқожа, Сүйінбай, Шәже, Балта, Кемпірбай, Жанақ, Тубек, Орынбай, Сералы, Тоғжан, Құлмамбет, Жамбыл, Майқөт секілді ақындардың өлең, айтыстары енген. Бұлардың біразы баспа бетін алғаш рет көрсе, ал енді кейбіреулері күні кешегі тәуелсіздік алғанға дейін «жабық» болып келді. Сейтіп Сәкен

Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары», «Қазак әдебиеті» атты еңбектері ұлттық әдебиеттің тарихына тұнғыш рет хронологиялық, хрестоматиялық жүйемен желі болып тартылып, қазығы болып қағылды.

XX ғасырдың бірінші жарымындағы қазак әдебиетінің аса ірі өкілі, социалистік реализм әдебиетінің ту ұстаушыларының бірі С.Мұқанов қазак әдебиетінің тарихын зерттеу істеріне аса қомақты үлес кости. Жазушының әдебиет тарихына қатысты зерттеулерін іштей жікtesек, XУІІІ-XІХ ғасырлардағы қазак әдебиеті, Ш.Ұәлиханов, А.Құнанбаев, XX ғасырдың бас кезіндегі қазак әдебиеті болып келеді. Сәбит қазак әдебиетінің тарихын XУІІІ ғасырдан бастап зерттеген. Оның себебін осыған дейінгі ақындардың аттары жөнді сакталмағандығымен, «белгілі дәүірде жасаған ақын бар, ол ақынның белгілі шығармасы бар ғасыр» казак әдебиетінің тарихында XУІІІ ғасыр» болғандығымен түсіндіреді. Соңан соң бұл дәүірдің әдебиетін «қазак халқының тәуелсіздігін коргау жолындағы күресін сипаттайтын әдебиет» деп анықтаған.

С.Мұқановтың «ХУІІІ-XІХ ғасырдағы қазак әдебиеті туралы» көлемді зерттеуі алдымен, «Халық мұғалімі» (1941, №6-12) журналында жарияланды. Автор осы кездің әдебиетін 1) ұлт бостандығы үшін құреспудің әдебиетке әсері, 2) «Зар заман» әдебиеті, 3) ақын және айтystар, 4) шығыс әдебиетінің әсері, 5) просветительдік әдебиет деп, жіктел қарастыруды жоспарлаған. Кейін кітап болып шыққанда, біраз өзгерістер байкалды. Алдымен, кітап «Қазақтың XУІІІ-XІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихын очерктер» (1942) аталған. Бірінші тарау «Бостандық қүресі», екіншісі «Зар заман», үшіншісі «Айтys туралы» болып өзгеріп, бастапқыда жоспарланған «Шығыс әдебиетінің әсері», «Просветительдік әдебиет» тараулары кітапта жок.

Кітаптың «Бостандық қүресі» тарауында Бұхар жыраудың, Сырым Датұлының, Махамбет Өтемісұлының өлеңдеріне, Жанқожа батыр, Кенесары-Наурызбай туралы жырларға, «Бекет батыр» дастанына тоқталған. Автор зар заман әдебиетін Асан қайғыдан бастап, оның өкілдері ретінде Бұхар жырау, Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Ыбырай Алтынсарыұлы, Нармамбет, Шерніяз, Досқожа, Құдери, Нысанбай, Ұғылман сияқты ақындарды атап, өлеңдеріне талдаулар жасайды.

Сәбит Мұқановтың қазақтың тұнғыш ғалымы Шокан Ұәлихановтың, ойшыл ақыны Абай Құнанбаевтың өмірін, шығармашылығын зерттеп, іргелі зерттеулер жазғаны белгілі. Бұл еңбектер қазак әдебиетінің тарихына косылған сүбелі үлес болып, өзінің ғылыми құндылығын күні бүгінге дейін жойған жок.

Қазак әдебиетінің тарихын жасауда күні кешегі тәуелсіздік алғанға дейін «актаңдак» болып, шешімін таппай келген кезең – XX ғасырдың

басындағы қазак әдебиеті болатын. Міне, осы бір саяси күрмеуі құрделі тақырыпқа алғаш рет жол салып, ғылыми тұргыдан ерлік жасаған С.Мұқанов болды. Оның 1932 жылы шықкан «ХХ ғасырдағы қазак әдебиетіне» «1 бөлім. Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі» деген косымша ат берілуі автордың кеңестік кезеңге арнап та жеке кітап жазбак болғанын аңғартады. Кітап негізгі еki бөлімнен тұрады. «Ұлт деген не?», «Ұлтшылдық нeden шығады?», «Казактың ұлтшыл оқығандары», «Ұлтшылдықтың өркендеуі», «Алашорда» тараулары құрайтын бірінші бөлім түгелдей ұлт, ұлтшылдық мәселелерін сол кездің идеологиялық ауқымы аясында түсіндіруге арналған. «Ұлтшыл-байшыл дәуірдің ақын-жазушылары аталған екінші бөлімде алашорда әдебиетінің көрнекті өкілдері А.Байтұрысновтың, М.Дулатовтың, О.Қарашұлының, М.Жұма-баевтың, С.Торайғыровтың, С.Денентаевтың, Б.Күлеевтің, М.Әуезовтің, Ж.Аймауитовтың шығармашылдықтары жеке-жеке қарастырылады.

Таптық күрестің барынша күшейіп тұрған отызыншы жылдардың бас кезінде жарық көрген «ХХ ғасырдағы қазак әдебиетінде» таптық ілімнің әдеби мұра туралы ұстанымдары айқын көрінеді. Тіпті екі бөлімнен тұратын кітаптың бірінші болімі, яғни тен жарымы сол кездің саясатында «модный» бол тұрған «ұлтшылдықтың» зиянды екендігін «ғылыми тұрғыдан» барынша дәлелдеуге күш салып, сонын дәлелін қазак әдебиеті арқылы керсетуге тырысқан. Автор алашордашыл жазушыларды «ұлтшылдар» деп, сынайды. Ол кездің саяси өлшемі бойынша, ұлтшылдан өткен қаскей адам болмайтын. Ал енді «ұлтшылды» бүтінгі отанын шын сүйетін патриот ұғымында түсінер болсақ, кітапта алашыл калам иелеріне дұрыс баға берген деп те қарауға болады.

Сәбит алашордашыл акын-жазушыларды идеялық жағынан халыкка жат деп, сынап отырғанымен де шығармаларының көркемдік жағына келгенде, аса құнарлы пікірлер айта білген. Мысалы, Мағжан туралы «Ақындық жағына келгенде, Мағжан казактың құшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазакта жок. Абай қазак әдебиетіне Еуропа үлгісін шет-пұшпактап кіргізсе, Мағжан дендер кіргізді. Мағжан өлеңдерінде сыршылдық (лирика) басым келеді. Мағжан қазақ әдебиетінде бейнешіл (символист) ақынның орнын алады» – деген пікірі күні бүгінге дейін өзінің құнын жоя қойған жок.

М.Баталов пен М.Сильченко 1933 жылы шыққан «Очерки по казахскому фольклору и казахской литературе» деген кітабында қазақ эдебиетінің тарихын Ыбырай мен Абайдан бағтады. Онда да Ыбырайды орыс миссионерлерінің ықпалында болды, Абай феодал ақыны деп, сынаржактықка ұрынды.

Е.Ысмайылов казақ әдебиетін 1) қазактың фольклоры, 2) XVIII-XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, 3) XX ғасырдағы қазақ әдебиеті жүйесінде карастыруды ұсынды (Е.Ысмайылов. Қазақ әдебиетінің тарихын жасау туралы. «Социалистік Қазақстан», 03.09.1938).

Соғысқа дейінгі дәүірдегі әдебиеттің тарихына, оны дәүірлеуге катысты ізденістер мектепке арналған оқулықтар жазу, хрестоматиялар құрастыру барысында да жүріп жатты. І.Жансүгіров пен Ф.Мүсіреповтің «Көркем әдебиет жинағы» (орта мектептің 6-оку жылы үшін, 1933), М.Жолдыбаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаевтың «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы казақ әдебиетінің оку құралы» (7-жыл оку үшін, 1933), С.Сейфуллин мен Ә.Тұрманжановтың «Көркем әдебиет» (5-оку жылы үшін, 1934), Е. Үсмайылов пен Т.Ақшолаковтың «Әдебиет хрестоматиясы» (1939) секілді оқулық, оку құралдарында әдебиеттің тарихын дәүірлерге бөліп, ұсана бастады.

Софықса дейінгі дәуірде қазақ әдебиетінің тарихын игеруге қатысты біршама жұмыстар атқарылып, енді соларды ғылыми тұрғыдан жүйелеу, ғылыми түрде бір ізділендіру міндеті алға шыға бастады. Әдебиет тарихын дәуірлеудін бірнеше үлгілері ұсынылып, пікірталастар жүре бастады.

Қажым Жұмалиев он сегізінші-он тоғызыныш ғасырлардағы қазак әдебиетінен диссертация қорғап (1941), қазақ әдебиетінің тарихын Бұқар жыраудан, яғни ХУІІІ ғасырдан бастауды ұсынды. Бұқарға дейінгі қазак әдебиетінің барлығы – ауыз әдебиет; «ХУІІІ ғасырдың екінші жартысы, XIX ғасырдың бас кезінен бері қарай тарихта бірінші рет аты мәлім, шығармалары да өзінің атымен сақталған ақын – Бұқар жырау. Біз қазақ әдебиетінің, жазба әдебиетінің тарихының басы Бұқар жырау дейміз» мазмұндағы осы концепциясын «Қазақ әдебиеті» (1941), «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» (1948), «Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері» (2 томдық. 1 том, 1958; 2 том, 1960) сиякты іргелі енбектерінде жалғастыра түсті.

Осы мәселеғе орай, профессор Бейсенбай Кенжебаев арнасы мақала жазып, казақ әдебиетінің тарихын төмендегіше дәүірлеуді ұсынды:

«Бірінші – казак хандығы тұсындағы әдебиет. Яғни, ХVІІІ ғасырдың ақырына дейінгі әдебиет.

Екінші – XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиет.

Үшінші – XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет.

Төртінші –XX ғасырдың алғашкы 20 жылдарындағы әдебиет

Бесінші – Кеңес әдебиеті»

(Б.Кенжебаев. Қазақ әдебиетінің тарихы туралы. «Социалистік Қазақстан», 15.06.1941). Б.Кенжебаевтың бұл дәүірлеуінде бұрынғыларға қарағанда, көп ілгерілеу бар. Соның ең бастысы – қазақ әдебиетінің тари-

хын ХУ ғасырдан, яғни қазақ хандығы құрылған кезден бастау керек деген ұсынысы. Бейсекенің ұлт бар жерде оның әдебиеті де бар деген ұстанымды басшылықта алып, қазақ әдебиетінің тарихы қазақ хандығы тарих саҳнасына шықкан кезден басталады деуі сол тұстағы қазақ әдебиеттану ғылыми ушін үлкен жаңалық, үлкен ілгерілеу болды.

Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналған «Әдеби мұра және оны зерттеу» (1959) атты ғылыми-теориялық конференция қазақ әдебиетінің тарихын, оның елеулі өкілдерін зерттеуде айтарлықтай оқиға болды. Десек те орталық мәселе қазақ әдебиетінің тарихын кай кезден бастаймыз дегенде, бұрынғы таптаурын пікір тағы да басым тұсті. Қазақ әдебиеттанушыларының торт козі түгел жиналған осы бір алқалы жыныда Бейсекен бұрынғы пікірін терендете түсіп, одан да арыға кетіп, қазақ әдебиетінің тарихын УШ-ХІІІ ғасырлардан бастау керек деген ұсынысты ортаға салды. Қазақ әдебиетінің тарихын бұлайша дәүірлеу бір жағынан, сол кездегі идеологиялық канондарға сыя бермейтін болса, екінші жағынан, бұған қазақ әдебиеттануының, оның әдебиетші ғалымдарының ересі жете бермейтін; ең соңында мұндай концепцияны қабылдауға қазақ әдебиеттанушылары дайын емес-тұғын. Конференцияның барысында әдебиетіміздің өткен тарихы жайлы құнды пікірлер білдірген М.Әуезовтің өзі де жиынды корытқан сезінде Б.Кенжебаевтың ұсынысын қабылдамай, Қ.Жұмалиевтің пікіріне қолдау білдірді.

Әдебиеттің тарихы кай кезден басталады, оны қалай дәүірлеу керек деген мәселе төнірегіндегі пікірталас алпысыншы, жетпісінші жылдардың әдеби салынында, әдебиеттану ғылымиңдағы орталық мәселенің бірі болды. Белгілі ғалым Б. Кенжебаев қазақ әдебиеті тарихының көне дәүірін зерттеу жолындағы ізденістерін жалғастыра берді. Ежелгі әдебиетті зерттеу мәселелеріне арналған бірсыныра мақалалар жазылып, «Көне әдебиет туралы» (1967), «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы» (1967), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973) сиктүркіліктер шықты. Бұларда қазақ әдебиетінің тарихы жаңаша көзқараспен мүлдем басқаша пайымдалды.

Ғалымның қазақ әдебиетінің тарихына қатысты айтып келген пікірлері алпысыншы жылдардың соңынан жетпісінші жылдарға қарай тұтас бір ғылыми концепцияға айналды. Бұл концепция бойынша, «Әдебиет тарихы халық тарихымен тығыз байланысты, соның бейнесі, көрінісі, сүрлеуі, ол кай кезде болсын халық тарихының ізімен жасалады. Демек, қазақ әдебиетінің ғылыми тарихы да қазақ халқы тарихының ізімен жасалуы тиіс» (Б.Кенжебаев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы, 1973, 3-бет). Бұл концепция бойынша, қазақ әдебиетінің тарихы төмендегіше дәүірленеді:

1. Бұрынғы әдебиет (У-ХУ ғасырлар). Қазақ ру-тайпаларының ежелгі ру, ұлыс дәүірлеріндегі әдебиеті, көбінше, сол замандардағы түрік ру-тайпаларымен бірге жасаған ортақ әдебиет.
2. Қазақ хандығы дәүіріндегі әдебиет (ХУ-ХІІІ ғасыр), қазактың өзіндік әдебиеті.
3. Қазактың XIX ғасырдағы жаңа, синшыл, реалистік әдебиеті.
4. Қазактың ХХ ғасыр басындағы (1900-1920 жылдардағы) әдебиеті.
5. Қазақ халқының Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі советтік әдебиет» (Б.Кенжебаев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. А., 1973, 3-4 беттер).

Б.Кенжебаевтың бұл ғылыми концепциясы өзінің өміршендігін көрсетті. Бейсекен алғашында жалғыз болса, кейін карасы көбейіп, тұтас бір ғылыми мектепке айналды. Ә.Қоныратбаев, Х.Сүйіншәлиев, Т.Қожаев, Р.Бердібай, Т.Қекішев, Ә.Оспанұлы сияқты белгілі ғалымдар қазақ әдебиетінің тарихын терендете зерттеуді қолдап қана қоймай, өздері де рухани мұраны игере тұсу істерінде айтарлықтай үлес косты. Ә.Қоныратбаевтың «Ескі түрік поэзиясы және казіргі халық фольклоры» (1971), Х.Сүйіншәлиевтің «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезендері» (1967), М.Магауиннің «ХУ-ХІІІ ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары» (1965), «Қобызы сарыны» (1968), «Алласпан» (1972), М.Жолдасбековтің «Ежелгі дәүір әдебиеті» (окулық-хрестоматия, 1967), «Көне түркі ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» (1969), Қ.Сыдықовтың құрастыруымен «Ұш ғасыр жырлайды» (1965), «Бес ғасыр жырлайды» (1985), Н.Келімбетовтің «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәүірі» (жоғары оку орындарына арналған оқулық, 1986), М.Қараевтың «Қазақ әдебиетінің тарихи даму кезендеріндегі көркемдік әдіс мәселесі» (1986), А.Қыраубаеваның «Ежелгі әдебиет» (1999), «Махаббатнама» (1983), «Ғасырлар мұрасы» (1989), А.Егеубайдың «Ежелгі дәүірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі» (1999) сияқты еңбектерде қазақ әдебиетінің тарихы көне замандарға қарай терендей тұсті. Р.Нұргали, Ү.Қалижан, А.Еспембетов сияқты дарынды ғалымдар Б.Кенжебаевтың ғылыми мектебінен өтіп, ғылыми бағытын жалғастырды. Сондықтан да олардың қазақ әдебиетінің тарихын терендете зерттеген ғылыми ізденістері жемісті болып, әдебиет тарихының көкжигін көңейте, ұлттық әдебиеттану ғылымиын байыта түсken еңбектер өмірге келді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Б.Кенжебаевтың әдебиет тарихын зерттеу, дәүірлеу мәселесіндегі ғылыми концепциясы түпкілікті мойындалып, әдебиет тарихын зерттеу саласында жаңа биіктеге жол бастады. Н.Келімбетовтің (Ежелгі дәүір әдебиеті. 2005), Т.Еңсегенұлының (Көне түркі руна жазбасы. Екі томдық, 1 том 2007; 2 том 2008), У.Қалижанның

(Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. 1998), Қ.Мәдібаевың (ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. 2001), Б. Омаровтың (Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика. 2003), А. Шәріптің (Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. 2003), т.б. енбектерінде қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің жаңа өрістері ашылды. Қазақ әдебиетінің тарихы араб, парсы, қытай деректерімен толығып, тарихтың тереңінде жатқан рухани мұралар байи түсті. Мұның барлығы да рухани мұраны игере түсү істерінің алдына жаңа міндеттер қоюда. Әдебиеттің тарихын жаңаша пайымдаған зерттеулер көрініп, өзіндік пікірі бар жас зерттеушілер шыға бастады.

Әдебиеттану ғылыминың ең басты міндеті – әдебиеттің баржыны түгендеп, жеткен жетістіктері мен жетпей жатқан жерлерін саралап, халықтың рухани қажеттілігін өтеу жолында оқырманға ғылыми негізді жол сілтеп отыру. Десек те бұл міндетті атқару онай шаруа емес. Оқырманның әдебиет мұхитының ішінен жол тауып жүруіне, ізdegенін тауып алуына көмектесетін бірден бір көмекші әдебиеттану болғандықтан да бүкіл әдебиетті тарихи тұргыдан ғылыми жүйеге түсіріп, дәуірлеудің маңызы зор. Әдебиеттану ғылыми дамыған сайын оның әдебиет тарихы да терендей түсіп, оны ғылыми негізді кезеңдерге бөліп қарастыруталабы да күшіе түседі. Алдымен, әдебиет тарихын қалай жасау керек мәселесі да күшіе түседі. Алдымен, әдебиет тарихын жасау көрініп, түркі көтеріліп, талқыланып, енді сол айтылған пікірлерді жинақтап, түркі халықтары әдебиетінің толықканды ортақ тарихын жасау күн тәртібінде тұр.

Әдебиеттің ғылыми негізді академиялық тарихын жасасу жөніндегі алғашқы тәжірибелер қырқыншы жылдардан бастап көріне бастады. Ұлттық әдебиеттің тұтастай тарихын жасау дайындық әлі жетіспейтін. Әдебиеттің терең тамырларын зерттей түсуге, оларды ғылыми тұрғыдан саралауға таптық ілімге негізделген кеңестік әдебиеттану мүмкіндік берmedі. Соган қарамастан, қырқыншы жылдардың сонына қарай көп берmedі. Соған қарамастан, қырқыншы жылдардың сонына қарай көп томдық қазақ әдебиетінің тарихы жазыла бастады да, оның ауыз әдебиетіне арналған алғашқы томы М.Әуезовтің редакциясымен 1948-жылы жарық көрді. Келесі (1949) жылы Қ.Жұмалиевтің басшылығымен «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» деген атпен екінші томы шықты.

Сол кездің идеологиялық талаптарына сай, марксист-лениндік ілім әдіснамасы негізінде жазылып, әдебиеттің көптеген жекелеген өкілдері, тұтас әдеби ағымдар, әдеби дәуірлер енбей қалғанына қарамастан, бұл екі кітап та елуінші жылдарға қарай қайта өріс алған «ұлтшылдыққа» карсы күрес науқанының қырына ұшырап, реcми билік тарарапынан қатты сынға ұшырады. Сыналғанда, ғылыми жағының жетіспеушілік жактарынан емес, әдеби үдеріске, жекелеген қаламгерлердің шығармашылықтарына баға бергенде, «саяси қырағылықтың» өз дәрежесінде болмауы кемшілік болып тағылды.

Әдебиет тарихын жасау ісін арғы дәуірлерге бармай, бер жағындағы социалистік реализм әдісіне негізделген қазақ кеңес әдебиетінен бастаған «Қазақ совет әдебиетінің очеркі» (1958) елуінші жылдардағы әдебиеттану ғылыминың елеулі еңбегі ретінде бағаланды. Осы кітаптың негізімен «Очерк истории казахской советской литературы» (1960) жазылды. Мұнда да іштей дәуірлерге болу жок. Бұларда қазақ кеңес әдебиетінің С.Сейфуллиннен басталған жеке өкілдерінің шығармашылықтарын көрсетуге мән берілген. Соғысқа дейінгі дәуір (1930-1941), соғыс кезіндегі, соғыстан кейінгі дәуір әдебиеттері және проза, поэзия, драматургия, сын салалары жеке тарауларда шолынған. Кітаптың әдебиет тарихының очеркі аталуы да бұл енбектің ғылыми негізді тарих болуға таласпайтындығын байқатты. Шынына келгенде, бұл очерк те, мұның алдында шыққан қос томдық та көп томдық қолемді әдебиет тарихын жасауға жатқан дайындықтардың бірі болатын.

Алпысыншы жылдары үш томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» (1960-1967) шығуы қазақ әдебиеттану ғылыминың айтулы табысына айналды. Республика Фылым Академиясы ғалымдарының көп жылдық ұжымдық ізденістерінің нәтижесі – үш томдықтың біріншісі ауыз әдебиетіне, екіншісі әдебиет тарихына, үшіншісі кеңес әдебиетіне арналған. Әр том калың-қалың екі кітаптан тұрады.

Фольклорға арналған бірінші томның алғашқы кітабы дәстүрлі ауыз әдебиетіне, екіншісі кеңестік кезге арналғанынан сол кездегі фольклортанудың өрсін байқауға болады. Ауыз әдебиетіне арналған алғашқы томның бірінші кітабына жалпы ауыз әдебиеті туралы маглұматтар мен оның даму жолдары, тұрларі, жанрлары хакындағы шолулармен бірге тұрмыс-салт жырлары, айтыс, лирикалық өлеңдер, жұмбак пен жаңылтпаштар, батылар жыры, лиро-эпостық жырлар, тарихи өлеңдер мен үлгілі сөздерге жеке-жеке тараулар арналған. «Қобыланды», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу», «Қызы Жібек» сияқты эпостық жырларды талдауға едәуір орын берілген.

Бірінші кітаптың жалпы редакциясын М.Әуезов басқарса, кеңестік дәуірдегі фольклорға арналған екінші кітаптың жазылуына М.Қаратаев басшылық жасаған. Мұнда да кеңестік дәуірдегі ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшелігін айқындаған шолулық тараумен бірге Жамбыл Жабаевтың, Иса Байзаковтың, Нұрпейіс Байғаниннің, Омар Шипиннің, Нартай Бекежановтың, Кенен Әзірбаевтың, т.б. ақындардың шығармашылықтарына арналған тараулар бар. Бұл ақындардың шығармашылықтары кейінгі зерттеулерде авторлық әдебиеттің өкілдері ретінде қарастырылып жүр.

Қазақ әдебиетінің 1917 жылғы төңкеріске дейінгі тарихына арналған екінші томның бірінші кітабының редакциясын Қ.Жұмалиев бас-

қарған. ХVIII-XIX ғасырлардағы қазак әдебиетіне арналған кітапта Бұхар жыраудан бергі әдебиеттен негізгі мағлұматтар шолу түрінде берілген. Осы кездерде жасаған қөптеген ақындық, жыраулық дәстүрдің көрнекті өкілдерінің поэзиялық туындылары өзіне лайықты бағасын ала алмай, өлең өрнектерінің өзіндік кестелері ашылмай қалған. Десек те мұндай міндеттерді авторлардың алға қоймагандығы байкалды; бұлар феодальдық дәуірдің ақындары, сондықтан да олардың бізге кажеті шамалы деген пифыл да қылан беріп қалады. Кітапта бұкарашылдық бағыттағы С.Торайғыровтың, С.Дөнентаевтың, Жаяу Мұса Байжанұлының, М.Байзақовтың, Ы.Шөрековтің, С.Көбебеевтің, Т.Ізтілеуовтің, Б.Өттілеуовтің шығармашылықтарын арнаған бөлімдерде талдап, олардагы әлеуметтік тенсіздікті жырлаган тұстарына назар аударады.

Екінші томның екінші кітабы (редакциясын басқарған Ы.Дүйсенбаев) XX ғасырдың бас кезіндегі қазак даласында жүріп өткен өзгерістерді, әдеби өмірді шолумен басталып, 1916 жылғы көтеріліске байланысты тұған халық поэзиясын талдаумен жалғасады. Абайдан бастап, осы кездегі қазак әдебиетінің үлкенді-кішілі Ақылбай Құнанбаев, Мағауия Құнанбаев, Сүйінбай Аронұлы, Шәнгерей Бекеев, Біржан Қожағұлұлы, Ыбырай Алтынсарин, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы сияқты өкілдеріне жеке тараулар арналған.

Көптомдықтың екінші томының екі кітабында да сол кездерде көғамдық ғылымдарда ұstemдік құрған екі түрлі мәденият туралы ілімнің салдарынан қазір «зар заман» әдебиеті, ұлт-азаттық бағыттағы әдебиет аталып жүрген әдеби ағымдарға тоқталмаған. Сол себепті де осы дәуірдің өзіндік әдеби сипаты тұтас құйінде ашылмай қалған.

Қазақ әдебиетінің кеңестік дәуіріне арналған ушинші томының алғашқы кітабы кеңес әдебиетінің тууы, қалыптасуы және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жай-құйі жайлы шолумен басталып, қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдері С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов сияқты ірі өкілдеріне жеке тараулар арналған. Екінші кітапта «Ұлы Отан соғысынан кейінгі (1946-1956)», «Қазіргі дәуір әдебиеті (1956-1966)» шолуларынан соң, F.Мұсіреповтің, А.Токмагамбетовтің, F.Мұстафиннің, Т.Жароковтың, Ә.Тәжібаевтың, F.Ормановтың Қ.Аманжоловтың өнерпаздық жолдарын талдаган шығармашылық портреттерге орын берілген.

Алты кітаптан тұратын үш томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» академиялық басылым болғандықтан да әр томның соңында библиография мен әдеби шежірениң орын алуы енбектің ғылымилық сипатын арттырып тұр.

Көп ұзамай-ак көп томдық қазақ әдебиетінің тарихы орыс тілінде де жарық көрді. Орыс тілінде шыққан үш томдықтың («История казахской

литературы») біріншісі («Казахский фольклор», 1968) ауыз әдебиетіне арналды. Бұл жердегі басты өзгешелік алты томдықта ауыз әдебиетіне екі том арналса, мұнда бір томдықпен шектелген. Кеңестік дәуірдегі ауыз әдебиетіне арнағы тарау бөлінбеген. Осы кездегі айттыс кана жеке тарауда сез болып, оны жана дәуірде Жамбыл сияқты халық ақындары дамыта түскендігін тілге тиек еткен.

Екінші том (1978) қазақ әдебиетінің тарихына арналған. Редакциясын Ы.Дүйсенбаев басқарған кітаптың кіріспесінде шын мәніндегі қазақ әдебиетінің басы ХVIII ғасырда жасаған Бұхар жырау дегенімен де іс жүзінде ХУ ғасырдағы Асан Қайғылардан бастаған. Кітап негізінен қазақ тіліндегі томның ізімен жазылғанымен де азын-аулак өзгерістер де бар. Мысалы, мұнда Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы хакындағы тараулар жоқ.

Кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеті «Қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасуы (1917-1929)», «Отызынши жылдардағы қазақ әдебиеті», «Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі әдебиет», «Соғыстан кейінгі кездегі әдебиет (1946-1955)», «Қазіргі қазақ әдебиеті (1956-1968)» аталған дәуірлерге бөлініп, үшінші томда (1971) қарастырылған. Социалистік реализм әдісіне негізделген жаңа тұрпатты әдебиеттің көш басшысы С. Сейфуллиннен бастап, оның бірсыыпра көрнекті өкілдерінің шығармашылықтарымен таныстырылған. Қазақ тіліндегі томнан айырмашылығы мұнда «Қазактың әдеби тілі туралы», «Қазақ әдебиетінің интернациональдық байланыстары хакында», «Қазақстандық орыс жазушыларының шығармашылығы» тараулары жаңадан косылған.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғалымдарының катысуымен қазақ, орыс тілдерінде дайындалған бұл «Қазақ әдебиеті тарихының» академиялық көптомдықтары қазақ әдебиеттану ғылымының біліктей бастаған өресін байқатқан елеулі еңбек ретінде бағаланды. Десек те академиялық зерттеулерге қойылатын биік талаптар тұрғысынан келгенде, сол кездегі саяси өмірдің, идеологияның әсерінен, әдебиеттану ғылымы басшылыққа алған әдіснамалық негіздерінен туындаған зерттеу әдістерінің әлсіздігігінен, жетілмелегендігінен туындаған бірсыыпра жетіспеушіліктерді байқау қын емес.

Әдебиет тарихының басты міндеті өзі қамтып отырған дәуірді барынша толығырақ қамтып, оның басты даму жолдарын, негізгі бағыттарын көрсетуге тиіс болса, бұл көптомдықтар мұндай биік талаптарға тұтастай жауап бере бермейді. Таптық ілімге негізделген екі түрлі мәдениет концепциясына сүйенудің барысында тек бұкарашыл бағыттағы әдебиет кана қамтылып, біржактылыққа ұрынған. Қазактың аса бай ауыз әдебиеті мен әдеби мұрасы, оның аса көрнекті өкілдері осындағы себептермен «Қазақ әдебиетінің тарихына» енбей қалған.

Әдебиет тарихын жасаудағы аса бір маңызды мәселе – әдебиет тарихын кай кезден бастау туралы. Қазақ әдебиетінің тарихына арналған жиырмасынышы, отызыншы жылдардағы алғашқы зерттеулерде (А. Байтұрыновтың «Әдебиет танытқышы», М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы», С.Сейфуллининің «Қазақ әдебиеті», т.б.) фольклорлық пен әдеби мұраның ара жігі ашылмай, араласып бірге жүрді; әдебиеттің тарихы ауыз әдебиетінен басталған. Ал осыдан отыз жылдай кейін жазылған әдебиет тарихында көп ілгерлеу бар болғанымен де әлі де шешімін таба қоймаган кейір мәселелер де байкалады. Мысалы, Жамбыл Жабаев, Иса Байзаков, О.Шипин, К.Әзірбаев сиякты ақындардың шығармашылықтары ауыз әдебиеті үлгілері қатарында қарастырылған; әдебиеттің тарихын ХVІІІ ғасырдан, әдебиет тарихының көрнекті өкілдерінің шығармашылықтарын талдауды іс жүзінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтан бастаған.

Осы кезге дейінгі әдеби зерттеулердің тағы басты бір кемшілігі әдебиеттің көркемдік қасиеттерін ашудың орнына көбіне әлеуметтік жақтарына назар аударып, идеялық тұрғыдан бағалаушылықтың өріс алуы, соның бірден-бір әмбебап зерттеушілік құралға айналуы болды. Осы бір жағдайдан қазақ және орыс тілдерінде шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихының» көптомдықтары да тыс кала алмады.

Қазір заман өзгерді. Сол заманмен бірге адам да өзгерді; адамның сана-сезімі өсіп, өмірге жаңаша көзқараспен қарайтын жаңа ұрпақ келді; ғылым дамып рухани құндылықтар өзгере бастады. Осының барлығы әдебиеттану ғылыминың алдына жаңа міндеттер койды. Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеушілер оның тарихы тым арыда, тарихын түпсіз терендерінде жатқандығын анықтай тұсті. Қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша бағамдаپ, жаңа сез айтқан іргелі зерттеулердің бірі – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ғалымдарының күшімен шыққан екі томдық «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» болды.

«Қазақ әдебиетінің тарихының» бірінші кітабы (2001) «Ертедегі көшпелі тайпалар тарихы» бөлімімен ашылған. Мұнда ертедегі кытай жазба деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиеті туралы сөзді біздің жыл санауымыздан бұрынғы IУ ғасырдағы түркілік тайпалардың сез өнеріне қатысты мұраларынан бастаған. Осы дәуірлерде өмір сүрген көптеген түркілік ақындардың аттары анықталып, өлеңдері сез болған.

Екі томдықтың қазақ әдебиетінің тарихын кезеңдерге бөлуінде де бұрынғы жүйеден өзгешелік бар. XIX ғасырға дейінгі әдебиет «Ертедегі көшпелі тайпалар тарихы», «Ежелгі түрк әдебиеті (VI-XV)», «Қазактың төл әдебиеті (ХV-ХVІІІ)», «XIX ғасыр әдебиеті», «Жаңа жазба әдебиет» бөлімдеріне жіктелген. Ал XX ғасырдағы қазақ әдебиеті жиырмасынышы ғасыр басындағы әдебиет және кенес дәүіріндегі әдебиет болып бөлінген. Шетелдегі казақ әдебиетіне жеке тарау арналған.

Бұл еңбек жоғары оку орындарына арналған оку құралы ретінде жазылғандықтан да қазақ әдебиетінің тарихын түгел қамтуды алдына міндет етіп қоймаған сиякты. Сонымен бірге әлі де зерттей, нақтылай тұсуді қажет ететін тұстары, пікір таластыратын жерлері де жоқ емес. Десек те толыққанды қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы ізденістерде екі томдық «Қазақ әдебиеті тарихының қысқаша тарихы» өзіндік бағыты, өзіндік жүйесі бар, жаңаша пікірлер айтқан елеулі еңбек болды.

Тәуелсіздік кезінде қазақ әдебиеттану ғылыминың жетістіктеріне сүйене отырып, бүгінгі күннің рухына, талантарына сай келетін көп томдық әдебиет тарихын жасау міндеті күн тәртібінен тұспеді. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары қолға алған бұл аса ауқымды да маңызды жұмысты екі мыңыншы жылдары жарық көрген он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» аткарып шыкты.

Кеңестік кезеңде шықкан уш томдық алты кітаптан тұратын «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1960-1967) академиялық басылым болғанымен, коммунистік идеологияның қалпымен жазылғандықтан да әдебиет тарихын түгел қамтуға мүмкіндіктері шектеулі болғандығы белгілі. Ал жаңадан шықкан он томдықтың басты құндылығы – мұнда қазақ халқының ғасырлар бойғы рухани дамуында жинақтаған әдеби мұрасының тұнғыш рет тұтастай ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, ұлттық мұдде, көзқарас тұрғысынан саралануы болды.

Он томдықтың біріншісі қазақ фольклорына арналған. «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томының сыртқы мұқабасына «folklorlyk keseñi» деген анықтамалық беріліп, титульды бетінде «Қазақ фольклорының тарихы» деп көрсетілген. Жалпы редакциясын С.Қасқабасов басқарған ауыз әдебиетіне арналған кітапта біраз жаңалықтар байқалады. Соның ең бастысы бұрынғы зерттеулерде қазақ ауыз әдебиеті негізінен жанрлық жүйе бойынша зерттелініп келсе, мұнда алғаш рет қазақ фольклоры хронологиялық принциппен даму үстінде тарихи тұрғыдан қарастырылады. Ауыз әдебиеті ескі замандарда адамдардың тұрмыс-тіршілігі, нағым-сенімдері барысында пайда болып, даму барысында формалық, мазмұндық жағынан жетіле түсіп, ұлт руханиятының асыл қазынасына айналған жолдары көрініс тапкан.

Қазақ фольклорының тарихы уш дәуірге жіктелген: «Ежелгі заманғы рухани мәдениет», «Орта ғасырлардағы фольклор», «Жаңа дәуірдегі фольклор». Әр бөлім іштей тағы да тарауларға бөлінеді. Бірінші бөлімде «Еңбек фольклоры», «Ғұрыптық фольклор», «Байырғы фольклор» тараулары орын алған. Әр тарау тағы да іштей жанрлық жағынан түрленген.

Қазақ фольклористикасына арналған томының басты жаңалығы – оны хронологиялық тұрғыдан даму үстінде қарастыруы ғана емес, соны-

мен бірге оларды тағы да тақырыптық жағынан бөліп, іштей жанрларға жіктеуі. «Ғұрыптық фольклор» аталған екінші тарау маусымдық, отбасылық, магиялық болып, олар ары қарай жаңарлық түрлерге бөлінген. Еңбекте бұрын жеке жаңар ретінде аталмай, зерттеу нысанына айналмай келген ауыз әдебиетінің бірсыныра түрлері еңбекте зерттеу нысанына айналған. Мысалы, отбасылық ғұрып фольклоры үйлену, балалар, жерлеу ғұрып фольклоры, ал магиялық арбау, жалбарыну, алғыс, бата, карғыс, ант, бәдік, бақсы сарыны болып жіктелген. Ал «Байырғы фольклордың» миф, хикая, этиологиялық өртегі, киял-ғажайып өртегі, көне эпос, жұмбак түрлері ажыратылған.

Осы сиякты «Ортағасырлардағы фольклордың» жіктелуі де бұрынғылардан өзгешелеу. Бұл бөлім «Түркі жазбаларындағы фольклор» және «Қазақ хандығы кезіндегі фольклордан» құралған. Мұның алғашқысында түркі халықтарына ортақ ауыз әдебиеті жайлы әңгіме қозгалған. Біздің осы уақытқа дейін казақ халқының ауыз әдебиеті деп келгеніміздің дені қазақ хандығы кезіндегі туған фольклор екендігіне кітапты оқи отыра көз жетеді.

Ауыз әдебиеті де – даму үстіндегі категория. Өзінін бастауын ескі замандардағы халықтың тұрмыс-тіршілігінен алған ауыз әдебиеті күні бүгінге дейін халықпен бірге жасасып келеді. «Жаңа дәуірдегі фольклор» аталған үзінші бөлімде қазақ фольклорының ХVIII-XIX және XX ғасырлардағы дамуы жеке-жеке тарауларда қарастырылған. Ауыз әдебиетінің халықпен бірге жасай беретіндігін бүгінгі фольклордағы жаңаша сыпаттағы өлең, жұмбак, мақал-мәтеп, әңгіме жанрларын талдай отырып, дәлелдейді.

«Қазақ әдебиеті тарихының» екінші томы ежелгі дәуір мен ортағасырлар әдебиетіне арналған. Шын мәніндегі «қазақ әдебиетінің санғасырлық тарихы өте өрте, кадым замандардан, ежелгі дәуірлерден басталатындығын» айта келіп, «зерттеудің негізгі мақсаты – сактар, ғұндар дәуіріндегі ерлік дастандары және Түркі қағанаты тұсында жазылған қаһармандық жырлар мен қазақтың батырлық жырлары санғасырлар бойы бір сәтке де үзілмей, жалғасып келе жатқан байланыс бар екенін мазмұн, форма, стиль, көріктеу құралдары тұрғысынан ашып көрсету; ислам дәуірі әдебиетіндегі гуманистік идеялар мен эстетикалық, дидактикалық ой-пікірлер бергін келе қазақ жыраулары поэзиясынан өзінің көркемдік дәстүр жалғастығын тапқанын, әрі жаңа тарихи жағдайда этикалық-дидактикалық мазмұндағы поэзия одан әрі дами түскенін нақты деректер негізінде дәлелдеп көрсету» (Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. 2-том. – Алматы, 2006, 12-бет) – деп, айқындаған.

Қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуіріне арналған екінші том бұдан үш мыңдай жыл бұрын Қара теңіз бен Азов теңізінің аралығындағы

ұлан-ғайыр өлкеде көшіп-конып жүрген сактар туралы грек тарихшысы Геродоттың жазбаларындағы деректерден басталған. Геродоттың еңбектеріндегі біздің заманымыздан 1500 жыл бұрын әмір сүрген «тарихта есімі сакталған тұңғыш түрік патшасы» Тарғытай, бейбіт жатқан елді шапқан парсы елінің патшасы Кирдін басын кесіп, адам канына толы меске салып жазалаған Тұмар ханым (европаша Томирис), шапқыншылығын қоймаган парсы елінің тағы бір патшасы Дарийді алдап, калың құмның ішіне адастырып, шөлден қырған Шырап батыр батыр туралы бізге жеткен деректерді, дастандарды әңгімеледен басталған.

«Түркі дәуіріне дейінгі әдеби жәдігерліктер» бөлімінде «Алып Ер Тоңға», «Шу», «Аттила», «Көк бөрі», «Ергенекон» «Хуастуанифт» дастандарының тарихи құндылықтарына басты назарды аударады. Бұлардың алғашқы екеуін сактардың қаһармандық дастаны, соңғыларын ғұндардың батырлық жырлары атаған.

«Түркі дәуіріндегі әдебиетте» «Құлтегін», «Тонықөк», «Оғызнама» т.б. жырлар талданылған. Әл-Фарабидің, Коркыттың, Ж.Баласағұнның, М.Қашқаридің, Қ.А.Иссауидің, С.Бақырғанидың, А.Йұнекійдің әмір жолдары мен шығармашылықтары таныстырылады.

«Қазақ әдебиеті тарихының» 4-ші томы XIII-XVIII ғасырлардағы дәуіріне арналған. «Алтын Орда дәуірі әдебиеті» және «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» аталған бөлімдердің алғашқысында Хорезми, Қутб, Сәйф Сараи, Дүрбек, Әли, Әблілғазы Баһадүрхан, Қадырғали Жалайырхан, Захириддин Мұхаммед Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати, Dana Хикар хикаясы жайлы академиялық әдебиет тарихында жеке тарулардың берілуі- бүгінгі әдебиеттану ғылыми үшін айтартықтай табыс. Өйткені түркі халықтарының қөшшілігі бөлініп шығып, әлі еншісін ала қоймаган, дербес ұлт, мемлекет болып, қалыптаса қоймаган кездерде жасаған бұларды туған жеріне, болмаса тілінің жақындығына қарап, бір ғана ұлттың өкілі деп, меншіктеуге келмейді. «Тарих» авторларының бұл кезең әдебиетін «Алтын Орда әдебиеті» атап, сол кезде осы хандық құрамында болған халықтарға ортақ мұра ретінде қарастыруы шындыққа жақын, әрі ғылыми жағынан да негізді.

XУ ғасырда қазақ хандығының іргесі қаланып, қазақ деген халықтың тарих сақнасына шыққандығы белгілі. Міне, осы кезден бастап қазақ халқының дербес ұлттық, мемлекеттік тарихы басталады. Кітаптың екінші бөлімінде Сыпира жырау, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалқиіз, Жиембет, Марғасқа, Бұкар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтікараптардың жыраулық поэзиясы көшпелі тұрмыс тудырған ерекше бір өнер құбылысы ретінде зерттелінеді.

Бұл әдебиет тарихының тағы бір жаңалығы — мұнда қазақтың шешендік өнері жайлар тараулардың берілуі. Бұрындары түрлі себептермен онша зерттелінбей келе жатқан, зерттелінсе де әдебиет тарихындағы өзіне лайыкты құрметті орнын ала алмай келе жатқан қазақтың шешендік өнері жайлар осы кітапта «Шешендер шығармашылығы» (М. Жармұхамедұлы) туралы шолу мақаламен бірге Төле, Қазыбек, Әйтке, Ақтайлак билермен қатар Сырым, Бөлтірік шешендердің өнерпаздық қырлары хакындағы тараулардың орын алуы да – құптарлық.

Кеңес екіметі жылдарында би-шешендер феодализм заманының билеушілері, мұддесін қорғаушылары, жыршылары танылып, шығармашыларды идеялық жағынан халыққа жат саналып келсе, олардың әдеби мұралары тәуелсіздік тұсындаға жан-жақты зерттеліне бастады. Өмір шындығын шынайы бейнелеп, халықтың мұнын жырлап, бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ деп, кара қылды қак жарып, бетін бар, жүзің бар демей, ақиҳатты ту еткен осы бір тенденсі жоқ синкретті өнердің көп томдық әдебиет тарихынан орын алуы болған әділетсіздіктерді қалпына келтіру де болмак.

XIX ғасырдың бірінші жарымындағы дәуірге арналған «Қазақ әдебиеті тарихы» 4-ші томының басты өзгешелігі деп, мұнда бұрындары аттары аталып, поэзиясы сөз болып жүргенімен де әдебиет қайраткері ретіндегі шығармашыларды арнайы зерттеу нысанына айналып, әдебиет тарихындағы өзіне лайыкты орнын ала алмай келе жатқан Көтеш, Қобылан, Шал, Жанақ, Абыл, Тұбек, Сабыrbай, Ұлбике сиякты сөз дүлділдерінің арнайы тарауларда қарастырылуы дер едік. А. Егеубаев жазған «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетінде» осы кез әдебиетінің өзіндік сыр-сыйпаты ашыла түскен.

Бесінші томның басындағы «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті» тақырындағы негізгі тарауды да А. Егеубаев жазыпты. Шоқанды, Үбірайды, Абайды берген дәуірдің әдебиеті бізге біршама таныс. Ағартушы демократтық бағыттан бірге осы кездерде сал-серілер поэзиясы, діни ағартушылық ағым да қатар дамыды. «Тарихта» Акан Қорамсаұлы, Біржан Қожагұлұлы секілді сал-серілердің, Ақмолла Мұхамедияұлы, Мұсабек Байзакұлы, Шәді Жәңғірұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы сиякты діни ағартушылардың шығармашыларды да жеке тарауларда сөз болады. Сондай-ақ Мұрат Мөңкеұлының, Базар Оңдасұлы Өтемісовтің, Шәңгереj Бекеевтің, Актан Керейұлының, Әріп Тәңірбергенұлының, Нұржан Наушабайұлының, Әсет Найманбаевтың өнерпаздық жолдары да кеңінен қарастырылған.

«Қазақ әдебиеті тарихының» алтыншы томы XIX ғасырдың басындағы әдебиетке арналған. Кеңестік кезенде сұрқылтай саясаттың салдарынан

зерттелінбей, зерттелінсе де шет-пұшпактап, теріс бағаланып келген осы бір бұрк-сарқ қайнаған заман әдебиетінің жеке томда қарастырылуының өзі біраз нәрсені байқаткан. Бұл кітаптың негізгі мәселелері «ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Абайдың әдеби мектебі», «1916 жылғы ұлт-азаттық кетеріліске байланысты туған поэзия» тарауларында көтерілген. Э. Бекейхан, Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, С. Торайғырұлы, С. Денентайұлы, М. Дулатұлы, Ф. Қарааш, М. Сералин, М. Ж. Қөпейұлы, Ж. Тілебергенов, Б. Қулеев, Т. Жомартбаев, С. Қебеев, Н. Орманбетұлыларының шығармашыларды арнайы сөз болған.

«Қазақ әдебиеті тарихының» жетінші, сегізінші, тоғызыншы томдары кеңестік кезенде әдебиетке арналған. Қазақ кеңес әдебиетінің 20-30-жылдары 7-ші томда, Отан соғысы және соғыстан кейінгі дәуірі 8-ші томда, соңғы (1956-1990) кезеңі 9-шы томда қарастырылған. Жалпы редакциясын басқарып, негізгі «20-30 жылдар әдебиетін шолуға кіріспе», «20-30 жылдардағы халық поэзиясының дамуы», «20-шы жылдардағы проза» (7-ші том), «Кіріспе», «Проза», «Әдеби сын», «Сәбит Мұқанов» (8-ші том), «1960-1980 жылдардағы қазақ әдебиеті» (9-шы том) тарауларын жазған – ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Серік Қирабаев.

Бұл үш томда да дәуір әдебиетін неғұрлым толығырақ қамтуды шолулық мақалалар жүзеге асырған. 8-ші және 9-шы томдарда «Қытай және Монголия қазақтарының әдебиеті» мен «Әдеби байланыстарға», 9-шы томда «Орыс тілді қазақ әдебиетіне» орын берілуі осы кезенде қазақ әдебиетінің даму өрісін неғұрлым ауқымды қамту, әлемдік әдеби өмір контекстінде көрсету мақсатында өзін актап тұр.

Қазақ кеңес әдебиетіне арналған томдарда осы кез әдебиеті жайлар мол мағлұматтар шоғырланған. Белгілі бір дәуірдің, немесе жанрдың жай-күйін, мәселелерін корытып баяндаған шолулармен бірге көрнекті өкілдерінің шығармашылардың жан-жақты талдаған творчестволық портреттердің қатар беріліп отыруы да ұлан-ғайыр міндеттің үдесінен шығуға айтарлықтай септігін тигізген. Кеңестік дәуірдің көрнекті өкілдері ретіндегі Мағжан, Жүсіпбек, Сәкендерден бастап, Ә. Қекілбаев, М. Мағаунгеге дейін отыз үш қаламгердің шығармашылтына жеке тараулар арналыпты.

Оныншы том «Қазақ әдебиетінің тарихы. Тәуелсіздік кезеңі» (1991-2001) аталады. Егемендік алғаннан кейінгі қазақ әдебиетінің даму жолдарына сараптама жасалынған бұл кітаптың жазылуына Ш. Елеуқенов жетекшілік жасаған. Әлі айқындала қоймаған көркемдік-идеялық мәселелері барышылық жаңа дәуірдің әдебиеті жайлар «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» деген негізгі және әр саланың, жанрдың жай-күйін нақтылы сарапалаған тараулардан мол мағлұматтар алуға болады. Мұнда

портреттік макалалар жоқ; казіргі казак әдебиетінің көрнекті өкілдерінің елеулі шығармалары негізгі шолуда және жанрлық жүйемен түзілген тараулада лайыкты бағасын алған.

Он томдық «Қазак әдебиетінің тарихы» академиялық басылымының екінші томынан бастап, әрқайсысы библиографиямен қамтамасыз етілген; 4,5-ші томдарда қосымша бар. 7,8,9,10-шы томдарға берілген «Әдеби өмір шежіресінің» де әдебиет сүйер қауымға берері мол.

Түйіп айтар болсак, он томдық академиялық «Қазак әдебиетінің тарихы» сан ғасырлық қазак әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан жүйелеген, әдеби мұраны бүгінгі күн бійінен кайта саралап, бағалаган, ұлттық әдебиетімізді әлемдік әдебиет контекстінде қарастырып, әдеби-эстетикалық деңгейіміз қаншалықты деген сияқты сан сауалдарға ғылыми тұрғыдан жауап берген, откеннің әдеби мұрасын игеру жолындағы ізденістерді қорытындылаған, бүгінгі қазак әдебиеттану ғылымының өресін байқаткан іргелі еңбек болып қала бермек.

Әдебиет тарихын қай кезден бастау – әдебиет тарихын жасауда ең алдымен, шешілуі тиіс негізгі мәселе. Осы мәселенің қалай шешілуі әдебиет тарихының ғылыми сапасын анықтайтын негізгі өлшемдердің бірінен саналады. Сонымен бірге әдебиетінің тарихы негұрлым теренде жатқан халық ұлттық тамырлары да теренде, рухани қазынасы да бай, ұлттық, қоғамдық сана-сезімі де дамыған өркениетті ел саналады. Сол себепті ұлттық әдебиеттің ғасырлардың койнауында шаң басып жатқан бастауларын анықтап, сілемдерін аршып, халықтың рухани игілігіне айналдырудың ғылыми да, практикалық та маңызы зор.

Бұл мәселеге келгенде, күні бүгінге шейін түпкілікті шешімін таппай келе жатқан түйінді мәселелер баршылық. Соның ең бастысы – түркі халықтары әдебиет тарихтарының әр қайсысының әр түрлі кездерден басталындығы. Мысалы, қазак әдебиетіне қарағанда түрік, өзбек, үйғыр әдебиеттерінің тарихтары әрекіректен алынған. Ал шуваштар өздерінің төл әдебиет тарихын ХVIII ғасырдан бастағанды жөн санайды.

Белгілі бір әдебиет өкілінің қандай ұлт әдебиетіне жататындығын анықтауда қай жерде туылғандығы, қай рудан шыккандығы сияқты өлшемдер басшылыққа алынып жүр. Осылардың барлығын бір жүйеге түсіріп, ойласып, ортақ ұстанымдарды жасаудың уақыты келген сияқты. Бұған бүгінгі таңдағы әдебиеттанды ғылымының, түркітанудың шамасы әбден келеді.

Орыс әдебиетінің тарихын зерттеушілер оны ертедегі Киев Русінің құрылған кезінен, яғни XI ғасырдағы жылнама, шежіре, шіркеулік жазбалар, уағыздар секілді хатқа түсіп, сакталынып қалған жазбалардан бастап жүр (Қараңыз: В.В.Кусков, Н.И.Прокофьев. История древнерус-

ской литературы. Ленинград, 1987, 16, 30-беттер; В.В.Кусков. История древнерусской литературы. – Москва, 1989, 21, 41-беттер; История русской литературы. В четырех томах. Том первый. Древнерусская литература. Под редакцией Д.С.Лихачева и Г.П.Макогоненко. – Ленинград, 1980, 11-бет. т.б.). Ал бұл кез шығыс славян халықтарының әлі орыс, украин, белорус болып бөлінбеген тұсы болатын. Соңда орыс әдебиетінің тарихында шығыс славян халықтарына ортақ әдеби мұраларды оның алғашкы дәүіріне жатқызған.

Ал орысша шықкан шетел әдебиетінің тарихтары көбіне Ертедегі Шығыс әдебиетінен бастау алып жүр. Атап айтқанда, ертедегі Шумер мен Вавилон жазбаларымен, ежелгі Египет, парсы, еврей, үнді, қытай әдебиеттерімен танысуға болады. Ал түркілік әдебиетке келгенде, әңгіме басқаша. Ол жағы бүгінгі күн бійінен қарағанда, мұлдем сын көтермейді. Түркі халықтарында дамыған мәдениет болмаған деген «европацентристік» жалған теория осы бағытта жасалынған жұмыстарда да «жүзеге асып» отырған. Мысалы В.А.Луковтың жоғары оку орындарына шетел әдебиетінен (В.А.Луков. История литературы. Зарубежная литература от истоков до наших дней. – Москва, 2003) оку құралы ретінде ұсынылған еңбегінде түркі халықтарының әдебиеті жайлы бір ауыз сөз жок. Әлемдік мәдениетке айтарлыктай үлес қосқан түркі халықтары тарихта болмагандай.

Қазіргі түркітану түркі халықтарының тарихына, мәдениетіне қатыстытың жаналықтармен толыға түсүде. Солардың ішінде ертедегі еврей әдебиетінің басы делініп жүрген шумер жазбаларының, парсы әдебиетінің классикалық тұындысы саналатын «Авестаның» тегі түркілік мәдениетке қатысы барлығын, сондай-ақ қоңай қытай жазбаларында сакталынған тарихи деректер түркілік әдебиеттің түп-тамырлары тым әріде, біздің жыл санауымыздан бұрынғы оныншы ғасырларда жатқандығын дәлелдей отыр. Осындай себептерден де түркілердің өткен тарихы мен мәдениетіне қатысты соңғы кездердің зерттеулерінде ашылып жатқан тың деректеріне, жалпы әдебиеттанды ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, түркі текстес халықтардың ортақ әдебиет тарихын жазу бүгінгі күннің кезек күттірмес аса зәру міндеттерінің бірінен саналуы тиіс.

Қазак әдебиетінің тарихын қай кезден бастау керектігін анықтау жолындағы ізденістердің бұраланы қөп болды. Өткен ғасырдың жиырма-сыныш жылдарында шыға бастаған алғашкы әдебиет тарихына қатысты еңбектерде бұрындары жасалынған әдеби үлгілерді ауыз әдебиеті, әдеби мұра деп жіктемей, барлығын да бір әдебиет деп, қарастырушылық байқалады.

М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1926) атты зерттеуі осылай аталағанымен де әдебиеттің тарихы шын мәнінде ауыз әдебиетінен басталған.

С. Сейфуллиннің «Ескі әдебиет нұсқалары» (1931) мен «Қазак әдебиеті» (1932) еңбектерінде де ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихының ара жігі ашылмай, бірге араласып жүрді. Бұлай болуының екі түрлі себебі болды: оның біріншісі – әдебиет туралығының әлі балаңдығы болса, екіншісі – казак әдебиеті тарихының әлі жете зерттелінбеуі еді.

Фольклор мен әдебиет тарихының ара жігін ашып алу мәселесі казак әдебиетінің тарихын зерттеу барысында біртіндеп жүзеге асты. Мысалы, Халел Досмұхамедов казактың ауыз әдебиетіне арналған еңбегін «Қазақтың халық әдебиеті» (1928, орыс тілінде) атап, тек кана фольклорлық мұраны жанрларға жіктеп, зерттеді. Одан кейінгі еңбектерде фольклортану мен әдебиеттің тарихы әдебиеттануғының дербес, жеке-жеке салалары болып қалыптасты. Қазіргі казак фольклористикасын әбден кемеліне келген, әлемдік деңгейдегі ғылым саласы деп бағалауға тұрарлық.

Әдебиет пен фольклористика бір бірінен еншісін алған соң да кей туындылардың қайсысына жатқызамыз деген мәселе көп уақыттарға дейін шешімін таптай келді. Авторы белгісіз, ауызша шығарылып, ауызша тараган, ел арасында түрлі нұсқалары қатар жүрген әдеби үлгілердің барлығы да фольклорға жатқызылып, аузша жырлап, өлеңдері бізге ғасырлардың қойнауынан ауыздан-ауызға көшіп жеткен ақын-жыраулар ауыз әдебиетінің өкілдері атанды да олардың әдебиет тарихына кіру-кірмеуінің өзі дау туғызды. Осындағы себептермен алпысының жылдары жарық көрген үш томдық академиялық «Қазак әдебиетінің тарихы» ХVІІІ ғасырда жасаған Бұкардан басталып, оған дейін жасаған ақын-жыраулардың барлығы ауыз әдебиеті өкілдеріне жатқызылған. Жетпісінші жылдарға дейін казак әдебиетінің тарихы Бұкар жыраудан басталады деген пікір үстемдік құрып келді.

Әдебиеттің тарихын қай кезден бастау керектігі жайлар ұзаққа созылған пікірталас барысында Б.Кенжебаевтың казак әдебиеті казак хандығы құрылған ХУ ғасырдан бастау алады деген ұстанымы өміршендік танытты. «Түркі ұлыстарынан шықкан тұңғыш оқымысты, әдебиетшілер өздері қай ру, қай ұлыстан шықпасын, өз шығармаларын сол кездің ортақ әдеби тілінде, өз тұсындағы барлық түркі елдер тайпасы колданған тілде, көне таңба үлгілерінде жазған. Сондыктан, ерте дәуірге жататын кейір жазба деректер мен көне ескерткіштер, әдеби еңбектер қазіргі Орта Азия мен Қазакстан елдеріне ортақ мұра болып танылады» (Х.Сүйіншәлиев. Қазак әдебиетінің қалыптасу кезендері. – А., 1967, 17-бет) – деген пікір қазак ғалымдарының негізгі ұстанымына айнала бастады.

Одан кейін европалық және казак ғалымдарының зерттеулеріне сүйене отырып, казак әдебиетінің тарихы ары қарай тағы да он жылға терендей,

У-УІІІ ғасырлардағы Орхон, Енисей, Талас жазбаларына дейін созылды. Қазак әдебиеті тарихының белгілі зерттеуші профессор Ханғали Сүйіншәлиевтің 1967 жылы шықкан «Қазак әдебиетінің қалыптасу кезендері» атты зерттеуінде әдебиеттің бастаулары көне дәуірлерде жатқандығын айтса, тоқсанынышы жылдарда жарық көрген «Қазак әдебиетінің тарихында» У-УІІ ғасырлардағы сына жазуларынан бастаған. Екі мынынышы жылдары шықкан он томдықта казак әдебиетінің тарихы көне грек тарихшысы Геродоттың деректеріне сүйене отырып, біздің жыл санауымызға дейін үш мың жылдай бұрын өмір сүрген сактардың қаһармандық дастандарынан бастаған (Қазак әдебиетінің тарихы. Он томдық. 2-том, – Алматы, 2006, 17-бет).

Сонғы зерттеулерде казак әдебиетінің тарихы терендей түсінеді. И.Нұрахмет қазак әдебиетінің тарихына катысты сондық зерттеулерге сүйене отырып, мұлдем жаңаша пікір білдіреді. Ол казак әдебиетінің тарихын Орхон-Енисей жазбаларынан емес, одан да арыдан бастауды үсынады. Имангазы «қытай деректерінде кездесетін сак, ғұн, үйсін-қаңы, түрік патшалықтар дәуірінің әдебиетіне тиісті нұсқалар мен басқа үлттар тілінде жазылған әдеби үлгілер түркі халықтарына ортақ әдебиеттің бастау көздерінің бірі болып санауда керек» (Нұрахметұлы И. Қазак әдебиетінің төркіні мен тарихын дәуірлеу (Заманымызға дейінгі X ғасырдан заманымыздың ХVІІІ ғасырына дейін). (Автореферат. 2005, 20-бет) – дейді.

Қазір кейбір зерттеушілер казак әдебиетінің тарихын біздің дәуірімізден бес мың жыл бұрынғы шумер ескерткіштеріндегі жазбалардан бастап жүр. Ал шумерлердің кезінде аса дамыған өркениетті ел болғандығын сондық зерттеулер дәлелдеп отыр.

Қазак әдебиетінің тарихы қай кезден басталады, казак хандығы құрылып, жеке үлт, мемлекет болып, тарих сақнасына шықкан ХУ ғасырдан ба, әлде, казактың құрамына кірген ру-тайпалардың арыда жатқан терең тарихынан ба деген сауалдарға келгенде, әлі де түркілік тұрғыдан, қазакқа қатысы жағынан салыстыра отырып, ғылыми жағынан зерттей, нақтылай тұсуді қажет ететін тұстары баршылық.

Әдебиеттің дәуірлеу жолдары. Әдебиеттің тарихын жазу барысында, оны жасау жолдары кандай, оны дәуірлерге бөлгендеге, кандай ұстанымдар басшылыққа алынады, кандай талаптар қойылады деген ыңғайдағы біраз сауалдар туындаиды. Қазір әдебиет тарихын дәуірлеудің негізгі үш жолы белгілі:

1. Хронологиялық.
2. Азamatтық тарихпен орайлас.
3. Әдебиеттің өзіндік көркемдік дамуына карай.

Осылардың ішінде көбірек қолданылып жүргені – алғашқы екеуі. Өйткені, әдебиет дегеніміз, халық тарихының көркем бейнесі, бейнелі шежіресі. Сондыктан да халық бар жерде оның тарихы бар десек, оның ажырамас бір бөлігі ретінде белгілі бір оқиғаның, болмаса кайраткердің өмірде болғандығын көркем бейнелеп, иллюстрациямен дәлелдей түстін әдебиетінің болуы да – заңдылық. Сол себептерден де әдебиет тарихын дәуірлеуді колға алған кездерден бастаған, оның шегараларын жылдармен, немесе ғасырлармен аныктап отырған дәстүр күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Мысалы, Х.Сүйіншәлиевтің «Қазак әдебиетінің қалыптасу кезеңдері» (1967) іштей «Ерте дәуір әдебиеті» және «XIX ғасыр әдебиетіне» бөлінсе, «Қазак әдебиетінің тарихы» (1997) «Ежелгі әдебиет», «ХV-ХVІІІ ғасырлардағы әдебиет», «ХVІІІ ғасыр әдебиеті», «XIX ғасыр әдебиеті» болып, дәуірленген. Соңғы он томдықтың 4-ші томы «XIX ғасырдың бірінші жартысы (1800-1850)», 5-ші томы «XIX ғасырдың екінші жартысы (1850-1900), 6-шы том «XX ғасырдың басы (1900-1916)» аталған.

Шуваш әдебиетінің тарихын зерттеушілер оны бұлғар (УІІІ-ХІІІ ғғ.), Алтынорда-Қазан (ХІУ-ХҮІ ғғ.) және орыс мемлекетінің құрамындағы (ХҮІ-ХҮІІІ) дәуірлерге бөлген (Қараңыз: Дореволюционная чувашская литература. Тексты. 1 том. – Чубаксары, 1984, 464-бет). Орыс әдебиеттану ғылыми да әдебиет тарихын дәуірлерге бөлгендеге, негізінен осы ұстанымды басшылыққа алған келе жатыр десек болады. Мысалы, КСРО Ғылым Академиясының Ленинград бөлімшесі шығарған төрт томдық «Орыс әдебиетінің тарихы» (История русской литературы. Ленинград, 1980) әдебиет кезеңдерін осы принциппен жүйелеген. Ертедегі орыс әдебиетіне (Древнерусская литература. Том редакторы академик Д.С.Лихачев пен Г.П.Макогенко) арналған бірінші том хронология бойынша, «Х-ХVІІІ ғасырлардағы орыс әдебиеті», «ХVІІІ ғасырдағы орыс әдебиеті» болімдеріне бөлініп, ары карай тағы да іштей тарауларға жіктелінген. В. Кусковтың «Ертедегі орыс әдебиеті» (История древнерусской литературы, 1989) ертедегі орыс әдебиетінің пайда болуы, Киев Русінің әдебиеті (XI-XII ғғ.), феодальдық дәуірдегі әдебиет (ХІІ-ХІІІ ғғ.), орыс халқының монгол-татар басқыншыларына қарсы құресі және орталықтанған мемлекеттің пайда бола бастауы (ХІІІ-ХІ ғ.), бір орталықка бағынған орыс мемлекетінің әдебиеті (ХҮ-ХҮІ), орыс ұлтының қалыптаса бастауы кезіндегі әдебиет (ХҮ ғ.) болімдеріне бөлінген. Осындай жүйені В.В.Кусков пен Н.И.Прокофьевтің «Ежелгі орыс әдебиеті» (История древнерусской литературы. 1987), Н.К.Гудзийдің «Ертедегі орыс әдебиеті» (История древней русской литературы. 2002) секілді еңбектерден де көреміз.

КСРО Ғылым Академиясы А.М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институты шығарған төрт томдық «Орыс совет әдебиетінің тарихы» (История русской советской литературы, 1967-1968) әдебиетті арнағы дәуірлерге бөлмей, оны тек жылдармен ғана көрсеткен. Мысалы, 1-ші томы 1917-1929, 2-ші томы 1930-1941, 3-ші томы 1941-1953, 4-ші томы 1954-1965 жылдарды қамтыған. Ал 1974 жылы жарық көрген «Орыс совет әдебиетінің тарихында» осы кездің әдебиетін дәуірлегендеге, жылдармен де, сол дәуірдің тарихи атымен де жіктепті: «Революция және Азамат соғысы дәуіріндегі әдебиет», «Жырымасының жылдар әдебиеті», «Отызынышы жылдар әдебиеті», «Ұлы Отан соғысындағы әдебиет», «Соғыстан кейінгі әдебиет», «Елуінші-алпысынышы жылдардағы әдебиет».

Орыс ғалымдары жазған шетел әдебиетінің тарихы да негізінен хронология бойынша дәуірленіп жүр. Мысалы, В.А.Луков әлемдік әдебиеттің тарихын төмендегідей кезеңдерге бөледі: «Ежелгі Шығыс әдебиеті», «Антикалық әдебиет», «Орта ғасырлар әдебиеті», «Қайта өрлеу алдындағы әдебиет», «Қайта өрлеу дәуіріндегі әдебиет», «Қайта өрлеу дәуірінен ХҮІІ ғасырға өтү», «ХҮІІ ғасыр әдебиеті» (В.А.Луков. История литературы. Зарубежная литература от истоков до наших дней. – Москва, 2003). С.Д.Артамонов, З.Т.Гражданская, Р.М.Самариннің «История зарубежной литературы ХҮІІ-ХҮІІІ в.» (1973) еңбегінде осы дәуірдің әдебиетін «ХҮІІ век. Литература Испании, Франции, Англии», «ХҮІІ век. Литература Англии и Франции», «ХҮІІ-ХҮІІІ века. Литература Германии, Италии, Польши, Болгарии, Чехии, Румынии, Венгрии. Южнославянская литература» жүйесімен баяндаған. 1973 жылы жоғары оку орындарына оку құралы ретінде шыққан «Зарубежная литература XX века» «История зарубежной литературы 1871-1917 гг.» және «История зарубежной литературы 1917-1970 гг.» болып, үлкен екі бөлімге жіктелген. Бұларда негізінен хронологиялық жүйе басшылыққа алынған.

Әдебиет тарихын дәуірлеудің алғашқы екі түрі жеке-жеке де, бірігіп те қолданылып жүр. Екі томдық «Қазак әдебиетінің қысқаша тарихында» (1-ші кітап 2001; 2-ші кітап 2002) ұлттық әдебиетіміздің ғасырлар бойы жүріп өткен жолы «Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті», «Ежелгі түрік әдебиеті (ҮІ)», «Қазактың төл әдебиеті (ХҮ-ХҮІІ)», «ХІХ ғасыр әдебиеті», «XX ғасыр басындағы әдебиет», «Кенес дәуіріндегі әдебиет» болып көрсетілген. Мұндағы 4,5-ші бөлімдердің атауы хронологиялық принципке сүйенсек, 1,2,3 және 6-шы бөлімдердің тақырыбы казақ халқының азаматтық тарихын еске түсіреді.

КСРО Ғылым Академиясы М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының ғалымдары шығарған «Древнегреческая литературная критика» (1975) атты ұжымдық енбекте осы кездің әдеби сынын іштей кезеңдерге

жіктегенде, хронологияны және сол дәуірдің тарихи атауын катар пайдаланған. Мысалы, «Литературная критика классической и эллинистической эпох» бөлімі іштей «Ранний период греческой литературной критики», «К истории литературной критики в классической Греции У-Увв.» деген ынғайда жүйеленген. Бұл жерде авторлар дәуірлерге бөлгендे, сол заманын, сол кез әдебиетінің басты сыйпатын айшықтайдын әпитет текес атауларды колданып, оған келмесе, жайғана уақытымен айқында отырғандығы көрінеді. Қалай болғанда да дәуірге бөлгенде, сол дәуір әдебиетінің өзіндік сыйпатты ерекшелігі бірінші кезекте ескеріліш, оның аталуы соган сай кеп тұруы керек.

Әдебиет тарихын дәуірлеудің үшінші жолы – әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін, сапалық даму жолдарын басшылыққа алып отыру. Әдеби мұраны зерттеудің алғашқы кезеңдерінде оның қай кездерде жазылғанын, авторы кім екендігін анықтау, шығарманың өмірге келуінің алғы шарттары, объективтік, субъективтік себептері секілді толып жатқан жақтарын ашуға алдыңғы орынға шығып, яғни, әдебиеттің әлеуметтік қырларын ашуға көбірек мән беріледі де оның көркемдік қырларына түрлі себептермен терендей алмай жататындығын байқау қын емес. Әдебиеттану ғылымы қоғамдық ғылымдардың аясында бірге дамып, әбден бұғанасы бекіп, кемеліне келген кезде барып, ғылыммен қаруланып, әдебиет атты әлемнің ішіне кіріп, оның әсемдік әлемін көре алады.

Әдебиетті зәулім сарайға теңесек, ол алыстан мұнартып көрінеді. Жақындай түссек барып, сыртқы жарқыраган көркін көріп, қандай дүние екендігін білуге құмартса түсеміз. Алдымен, авторы кім екенін, содан кейін қай кезде, қандай мақсатпен, қалай салынғанын, тағдыры қалай болғанын хабардар болғаннан соң, сарайдың ішінде не барын білгіміз келеді. Ишіне кіріп, таныса бастағасын бұл сарайдың өзгеше екендігіне көз жетеді. Сырттан көрінбейтін, ішіне кіргендеған күәсі болатын көркем көріністер алдыңыздан шығады.

Әдебиетте солай. Алдымен, әдебиеттің қоғамдық, рухани өмірдегі ізі, орны, аткарған қызметі жайлы деректер біртіндеп жиналып, содан кейін барып, солардың қомегі аркасында «ішкі» жағына үңіліп, оны әдебиет қылып тұрған көркемдіктің қалың катпарларында жатқан сұлулықтың не бір сырларын ашуға ұмтылыс басталады.

Әдебиеттің дамуы дегеніміз, оның көркемдік жағынан жетіле түсініп болсақ, оны көркемдік тұрғыдан өсу үстінде көрсету – аса маңызды. Әдебиеттің тарихын хронологиялық жүйеде түзгеннің өзінде де дәлелденілуи тиіс негізгі мәселе осы болмак. Сол себепті де әдебиет тарихын зерттеушілердің бұл жағдайды ылғи да басты назарда ұстап отырғандығы байқалады. Әдебиетті дәуірлерге бөлгенде, негізгі ұстаным

ретінде тарихиы қасшылыққа алынғанымен де оған косымша көркемдік дамуды да қатар колданып отырады. Мысалы, В.А.Луков шетел әдебиетінің ХVII-XIX ғасырлардағы тарихын барокко, классицизм, сентиментализм, предромантизм, романтизм, реализм, натурализм, символизм, модернизм, т.б. тарауларында да арнайы қарастырған.

Тіпті соңғы зерттеулерде әдебиеттің тарихын көркемдік әдістің дамуымен, орын ауыстырып отыруымен түсіндіретін концепция қүшейіп келеді. Орыс ғалымы С.С.Аверинцев осы тұрғыдан келіп, «мәдениеттің рефлекстілігі мен дәстүрлілігі» терминін енгізіп, әлем әдебиетінің тарихын үлкен үш дәуірге бөледі. Оның біріншісі «рефлексіз, дәстүрлі» әдебиетке ежелгі, У ғасырға дейінгі уақытты жатқызған. Бұл кездің әдебиеті бүгінгі күнгі түсінігіміздей, әдебиеттің кисынына келмейді; көркем туынды ретінде пікір тұғызып, талданылып жатпаған. Екіншісі У ғасырдан риторика, поэтика, грамматика пайда бола бастаған кезеңді камтыса, үшіншісі осы кезден бүгінгі күнге дейін созылады. Екіншісінде әдебиет «рефлексі, дәстүрлі» болса, соңғы дәуірде рефлекстілік сақталып, сыртқы әсерлердің салдарынан әдебиеттегі дәстүр жалғастығы бұзыла бастайды. Әдебиет тарихын бұлайша жүйелеуден әдебиет деуге әлі келе бермейтін, элементтері жетілу, қалыптаса бастаған кезін, әдебиеттің қалыптасып, онымен бірге сөз өнерінің пайда болған және кәзіргі жаһандану жағдайындағы дәуірлерін көреміз.

Бұл, әрине, еуропалық әдебиеттің тәжірибелеріне сүйене отырып, түйілген пікір болса керек. Өйткені, дәл осылайша дәуірлеу казак әдебиетіне колдануға келе бермейтін сияқты. Бір жағынан, Еуразияның кең даласында сайран салып, тенденсі жок көшпелілер мәдениетін жасаған, екінші жағынан, Сыр бойында, Жетісуда, Алтайда ғұлденген қалалар тұрғызып, мәдениеті өркендеп, әлемдік білім-ғылымға айтарлықтай үлес қосқан ғұламалар шыккан қазактың әдебиеті оның ғылымы пайда болмай тұрып-ақ халықтық эстетика негізінде одан кеп ғасырлар бұрын өмірге келгендігін айта кеткен лазым.

Әдебиеттің тарихына осы рефлекс, дәстүр жағынан келетін болсақ, казак және басқа да түркі халықтарына ортак деп жүрген ежелгі дәуірдегі Орхон-Енисей сияқты сына жазуларынан бастап, одан арғы кездердегі әдеби мұра деп жүргеніміздің барлығы да көркем әдебиетке койылар талаптардың үдесінен шыға бермейді. Анықтаңырай айтқанда, бұлардың көркемдік сыйпатынан ғөрі құжаттық, тарихиы, танымдық қызметі басым. Десек те бұлар – әдебиеттің бастаударында тұрған құнды мұралар.

Әдебиет тарихын зерттеушілер (Д.С.Лихачев, И.П.Еремин, В.В.Кусков, Н.И.Прокофьев, Н.К.Гудзий, т.б.) орыс әдебиетінің төл тарихын X ғасырлардағы түрлі шежірелерден, князьдардың бір біріне жазған хатта-

рынан, шіркеу жазбаларынан бастап жүр. Қазак әдебиетінің бастаулары бұдан да ары кездерден, біздің жыл санауымыздан бұрынғы У-Х ғасырларда жатқандығын соңы зерттеулер анықтап отыр. Қытай, араб, парсы мұрагаттарында сакталынып қалған сактар, ғұндар туралы жазбалар осы «рефлекссіз, дәстүрлі» әдебиет дәүіріне жатады. Бұлар – ұлыстың өзін сактап қалуы үшін отан сүйгіштік рухта тәрбие беру, ел бірлігін сактаған, елді жаудан корғаған ерлердің ерлігін ертеңгі ұрпаққа жеткізу, үлті ету мақсатымен жазылған тарихи манызы аса құнды мұралар. Сондыктан да бұларды зерттегенде, көркемдік жағынан ғері тарихи танымдық, дидактикалық, тәрbiелік қызметтеріне көбірек мән берілгені жөн.

Ал казак хандығы құрылған кезден бермен қарайғы жыраулық, ақындық өнер де европалық әдебиетті дәүірлеу өлшемдеріне сия бермейді. Аргы дәүір түгілі, ХУ-ХҮІІ ғасырлардың өзінде де бізде әдебиет болғанымен де оның хатқа түскен негізгі заңдылықтары, теориясы болған жоқ. ХУ ғасырдан бастап қазактың төл әдебиеті өмір сүрді десек, оның ғылыми осыдан төрт ғасырдай кейін ғана (Шоқаның макалалары) пайда бола бастады. Сына, түрлі құжаттық жазбалар елі әдеби түрғыдан пісіп жетілмеген болса, одан кейінгі орта ғасырлық жазба әдебиет танымдық, дидактикалық бағытымен қатар көркемдік сипат ала түсті десек, қазак хандығы құрылғаннан бергі дәүрдегі төл әдебиет сез өнеріне қойылатын жоғары талаптар үдесінен көрінді. Енді бұрынғыдай әдебиет атқарып келген танымдық, дидактикалық қызметтермен бірге халықтың эстетикалық қажеттілігін өтеу міндеті де алға шыкты. Осы кездерде казак халықының ешкімге ұксамайтын, өзіне ғана тән ұлттық поэзиясы өмірге келді. Бірақ та бұл ешқандай да әдебиет туралы ғылымның көмегінсіз, халықтың ғасырлар бойғы дамуы барысында қалыптасқан эстетикалық талғамынан өтіп барып, ұлттық дәстүр ізімен жасалынған рухани інжу-маржандар болатын. Сондыктан да әдебиетті дәүірлеу мәселесінде шетелдік ғалымдардың жетістіктерін пайдалану барысында оған сын көзімен қарап, ойланарлық тұстары да барышылық екені әрдайім есте болғаны азсал.

Әдебиет тарихының ертедегі кездерінде оның көркемдік сипатынан ғері тарихи құжаттық жағы басым болғандыктan да оны әдеби әдістердің дамуы түрғысдан жүйелеуге келе бермейді. Егер, қазак әдебиетін көркемдік тәсілдің ауысуы бойынша, дәүірлеуге тырыссак, онда ХУ ғасырдағы жыраулық дәстүрдегі ұлттық поэзиямыздан бастап, қазак әдебиетін әдеби әдістердің дамуы түрғысдан көркемдік дәүірлерге бөлуге болады. Қазак хандығы кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін қазак әдебиеті негізінен реализм, синшыл реализм, социалистік реализм әдістерімен жазылышты. Ара-тұра натурализм, романтизм, символизм,

формализм сиякты измдерді де шет-пұшпактап байқап көрді. Социализмнен көз жазып, тәуелсіздікке қарай бет алғалы бері қайтадан жандана түскен ұлттық дәстүр мен қазір Батыста «мода» болып тұрған түрлі модернизм, постмодернизмдердің «дәмін татып», әлі бір тоқтамға келе алмай, тоқыраудан шыға алмай жаткан секілді.

Әдебиет теоретигі Н.А.Гуляев әдебиетті көркемдік әдіс, ағым, стиль түрғысдан зерттеп, оның гуманистік реализм, классицизм, ағартушылық реализм, сентиментализм, романтизм, синшыл реализм, XX ғасыр әдебиеті мен өнеріндегі реалистік емес ағымдар, натурализм, модернизм, социалистік реализм даму сатыларынан өткендігін дәлелдейді (Н.А.Гуляев. Теория литературы. – Москва, 1985). Бір теориялық еңбекте бүкіл әдебиеттің тарихы антикалық әдебиет, орта ғасырлар және қайта өрлеу дәүірінің әдебиеті, барокко, классицизм, сентиментализм, романтизм, реализм, декаданс – модернизм, социалистік реализм, жаппай әдебиет дамуы үстінде зерттелінеді (Основы литературоведения. Под общей редакцией В.П.Мещерякова. – Москва, 2003). Тағы бір топ ғалымдар әдеби өмірді көркемдік әдіс, әдеби бағыт, әдеби ағым, әдеби мектеп, көркем бейнелеу ұстанымдарының дамуы үстінде қарастырып, осылардың ішінде көркемдік әдістің классицизм, сентиментализм, романтизм, реализм, символизм, акмеизм, футуризм секілді сатыларын атайды (Введение в литературоведение. Под общей редакцией Л.М.Крупчанова. – Москва, 2005).

Н.Л.Лейдерманның ХХ ғасырдағы орыс әдебиетінің тарихын дәүірлерге белуіжанашылдығымен ерекшеленеді. Ғалымның тарихи хронологиядан ғері әдебиеттің «ішкі» даму жактарына, сол дәүірдің мәдени-әдеби өмірінде болған өзгерістерден туындаған әдебиеттегі көркемдік жаңалықтарға көбірек назар аударғаны байқалады. Ол өткен ғасырдағы кеңес әдебиетін төмөндеғіше дәүірлеуді ұсынады:

- 1) 1890-1920-жылдардың соны. Бұл кезде түрлі әдеби ағымдардың арасындағы күрес күшіне түсті.
- 2) 1930-жылдардың басы – 1950-жылдардың ортасы. Иштей «отызыншы жылдар», «Ұлы Отан соғысы кезеңі», «соғыстар кейінгі алғашқы он жылдыққа» белгілі, «соцреализмнің шығармашылық әдіс, әдеби ағым ретінде үстемдік құруы», оған қарсылық ретінде түрлі әдеби ағымдардың көріне бастауымен сипаталады.
- 3) 1950-жылдардың ортасы мен 1980-жылдардың ортасы. Бұл кезді «алпысыншы жылдар» (1954-1968), «жетпісінші жылдар», социалистік мәдениеттің дағдарысы, социалистік реализм әдісі негіздерінің шайқалып, реалистік дәстүрдің жандана түсіү, модернистік, авангардтық ағымдардың тұа бастауы құрайды.
- 4) 1980-жылдардың ортасынан бастап, бүгінгі күнге дейін. Бұл дәүір қоғамда жаппай рухани дағдарыстың еріс алып, орыс постмо-

дернизмінің туып, дамуымен, өмірді бейнелеудің жаңа тәсілдерін (постреализм, натуралдық сентиментализм) іздеумен ерекшеленеді (Лейдерман Н.Л. Периодизация русской литературы XX века и текущий литературный процесс. Материалы международной научно-практической конференции «Современная русская литература: проблемы изучения и преподавания». – Пермь, 2003).

Профессор Әмірхан Әбдіманұлының «XX ғасыр бас кезіндегі казак әдебиеті» (2002) атты монографиялық қолемді зерттеуінде осы дәүір әдебиетін іштей тағы да діни – ағартушылық, ағартушы-демократтық, ұлт-азаттық бағыттарға жіктелген. Бұл жерде зерттеуші осы кезді үш бағыттағы біртұтас үдеріс ретінде қарастырып, әдебиеттің өзіне ғана тән көркемдік дамуын басты назарда ұстаған. Ғалым ғасыр басындағы әдебиетті ғылыми тұрғыдан саралағанда, қоғамдық-саяси өмірдің салдарынан туындаған ұлттық әдебиеттегі сапалық өзгерістерге қарай жіктеуі, әдебиетті идеялық-көркемдік бірлікті қарастыруы онтайлы шыққан.

Әдебиеттің өзін-өзі теориялық тұрғыдан танытатын құрамдас бір белігі санайтын әдебиеттің сыны тарихының жасалуында негізінен осы соңғы көркемдік әдіс жүйесінің басшылыққа алынатындығы байқалады. Өйткені, әдеби сын дегеніміз, белгілі бір әдеби әдістің, болмаса әдеби ағымның, не әдеби мектептің көркемдік принциптерінің орнығы үшін құрес құралы болғандықтан да белгілі бір дәүір сынны сол дәуірдегі көркемдік жүйемен тікелей байланысты. Сол себепті де әдеби сынның жүріп өткен жолдарынан әдебиеттің көркемдік әдіс жағынан даму да айқын көрінеді. Мысалы, XX ғасырдың бас кезіндегі (1900-1917) орыс әдеби сынны Н.А.Трифонов «Революциялық пролетарлық сынның қалыптасуы», «Сыншыл реализм әдебиеті», «Реализмнен декаденттік», «Модерн-декаденттік әдебиет» (символизм, акмеизм, футуризм), «Декаденттік жою жолында» тарауларына бөліп қарастырған (Русская литература XX века. Дооктябрьский период. Хрестоматия. Составил Н.А.Трифонов. – Москва, 1971).

В.И.Кулешов XУІІ-ХІХ ғасырлардағы орыс әдеби сынның тарихын былайша түзген: классикалық сын (Ломоносов, Тредиаковский, Сумароков, Державин, т.б.), сентиментал сын (Карамзин, Дмитриев), сатириалық сипаттағы, немесе, ағартушылық реализм (Крылов, Фонвизин, Радищев), сындағы ескі бағыттың құлдырауы және эклектикалық теорияның пайда болуы (Мерзляков), романтизмнің алғашқы элементтері (Жуковский, Батюшков), азаматтық, революциялық романтизм бағдарламасы (Бестужев, Кюхельбекер, т.б.), демократиялық романтизм (Н. Полевой, Кс. Полевой), реалистік сын табалдырығында (Надеждин), сыншыл реализмде орыстың революциялық-демократиялық тұғырнамасының жасалуы (Бе-

линский, Майков, Герцен, Некрасов), сындағы реализмге карсы бағыт (Булгарин, Аксаков, Дружинин, т.б.), сыншыл реализмдегі революциялық-демократиялық тұғырнаманың жетіле түсі (Чернышевский, Добролюбов, Писарев, Салтыков-Щедрин), сындағы консервативті-романтикалық және реакцияшыл-либеральдық бағыттар (Григорьев, Суворин, т.б.), реалистік сынның ішіндегі ағымдар (Михайловский, Тургенев, Гончаров, Островский, Короленко), орыстық «натурализм» теориясы (Боборыкин), сындағы антиреалистік, декаденттік ағымдар (Волынский, Мережковский, Брюсов, т.б.), социалистік реализм сынның алғашқы қайраткерлері (Плеханов, Луначарский, Воровский, Горький, т.б.) (В.И.Кулешов. История русской литературы. – Москва, 1972).

КСРО Ғылым Академиясы А.М.Горький атындағы Әлем әдебиеті институты шығарған тоғыз томдық «Әлем әдебиеттің тарихы» (История всемирной литературы. В девяти томах. Издательства «Наука», 1983-1994) орыс әдебиеттегі ғылыминың XX ғасырдағы аса ірі табысы ретінде бағаланды. Авторлар құрамында С.С.Аверинцев, Н.И.Балашов, Г.Б.Бердников, И.С.Брагинский, Ю.Б.Виппер, М.Л.Гаспаров, Н.И.Конрад, Д.С.Лихачев, Г.И.Ломидзе, Ю.М.Лотман, Е.М.Метлинский, А.Д.Михайлов, Б.И.Пуришев, Э.Р.Тенишев, М.Б.Храпченко, Е.П.Чельышев, т.б. секілді танымал әдебиеттанушылар бар бұл аса ірі академиялық іргелі зерттеуде әдебиет тарихын зерттеудің, дәуірлерге бөлудің көптеген әдіснамалық мәселелері теориялық және практикалық жағынан қалайша шешімін тапқандығы назар аударапты.

Әлем әдебиеті тарихын жазушылар оны дәуірлерге жіктеңде негізінен тарихи-хронологиялық ұстанымды басшылыққа алып, мәселеге типологиялық тұрғыдан келіп отырған. Бұл деген – әдебиет тарихын дәуірлеуде оның үш түрін де, яғни хронологиялық, тарихи және көркемдік даму түрлерін ретінен қарай қатар қолдану деген сез. Тараулардың тақырыптарының өзінен-ақ осы үш түрлі ұстанымның үйлесім тауып қолданылғандығы көрінеді. Көптөмдікта әдебиетті дәуірлерге бөлгендеге негізінен тарихи-хронологияның басшылыққа алынып, ішкі тараушала-рында көркемдік дамуға назар көбірек аударылып отырған.

Әр том шамамен бір әдеби дәуірге арналған. 1-том әдебиеттің пайда бола бастаған ерте, фольклорлық бастауларынан жаңа заманға дейін, 2-том жаңа дәуір басталуынан XIII-XIV ғасырдың басына дейін, 3-том XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басынан XVI ғасырға дейін, 4-том XVII ғасырды, 5-том XVIII ғасырды, 6-том Ұлы Француз революциясынан XIX ғасырдың ортасына дейін, 7-том XIX ғасырдың екінші жарымы, 8-том 1890-жылдардан 1917-жылға шейін, 9-том Октябрь революциясынан екінші жер жүзілік соғыс аяқталғанға дейін уақыттарды қамтыған.

Бұлайша дәүірлеудің астарында әлемдік тарихта, әдеби дамуда үлкен өзгерістер, серпілістер әкелген ұлы тарихи оқигалар, кезеңдер жатыр. Яғни, әдебиетті дәүірлеу тарихи-хронологиялық негізде жүргізілген. Әдебиеттің тарихын бұлайша кезеңдерге бөлу әдебиетті қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени даму аясында біртұтас процесс ретінде қарастыруға мүмкіндіктер туғызған. Десек те әдебиетті тек тарихи оқигалардың ынғайында қарап, оның өнер туындысы екендігі ескерілмесе, онда әдебиет тарихы азаматтық тарихтың жай ғана жалаң иллюстрациясы ғана болып шықкан болар еді. Сондыктан да авторлар үлдай болып шықпауы үшін тарихи-хронологияның көркемдік даму тарихымен ұштастырыл отырған. Мысалы, 6-шы томдағы XIX ғасырдың бірінші жарымындағы орыс әдебиетіне арналған тарау «XIX ғасырдың бірінші жарымындағы әдебиет», «Ғасыр басындағы әдеби ағымдар», «Орыс романтизмінің ерекшеліктері. Декабристер әдебиеті», «20-шы жылдардың екінші жарымы мен 30-шы жылдардағы проза мен драматургия», «Натуральдық мектеп» аталған шолу сипатты тараушалармен бірге Карамзин, Жуковский, Батюшков, Крылов, Грибоедов, Пушкин, Баратынский, Тютчев, Кольцов, Гоголь, Белинский хакындағы шығармашылық портреттермен толыға түсін. Мұның өзі сол кез әдебиетін тұтас қүйінде де, көрнекті қайраткерлері арқылы да тануға мүмкіндіктер ашқан.

Десек те «Әлем әдебиеті тарихында» казақ, түркі әдебиеттеріне қатысты берілген материалдар көніл көншітпейді. Үлкін тоғызың томдықтан «Ертедегі түркі әдебиеті» (И.В.Стеблева. Древняя тюркоязычная литература. 2-том, көлемі-7 бет), «Орта Азия әдебиеттері» (И.С.Брагинский, У.Кәрімов, А.Қаюров, С.Дурдиеv, М.Овезгелдиев. Литературы Средней Азии. 4-том, көлемі – 5 бет), «Орта Азия және Қазақстан әдебиеттері» (Х.Короглы. Введение; А.Қаюров. Узбекская литература; С.Каррыев. Туркменская литература; Н.Смирнова. Казахская литература. 5-том, көлемі – 10 бет), «Орта Азия және Қазақстан әдебиеттері» (Литературы Средней Азии и Казахстана. З.Османова. Введение; И.Дюсенбаев. Казахская литература; А.Хайтметов. Узбекская литература; С.Каррыев. Туркменская литература. 6-том, көлемі – 10 бет), «Орта Азия және Қазақстан халықтарының әдебиеті» (Литературы народов Средней Азии и Казахстана. З.Османова. Введение; З.Ахметов. Казахская литература; С.Каррыев. Туркменская литература; А.Абдурафуров, А.Джалаев. Узбекская литература. 7-том, көлемі – 7 бет), «Орта Азия және Қазақстан әдебиеті» (З.Османова. Введение; Э.Каримов. Узбекская литература; С.Каррыев. Туркменская литература; З.Ахметов, А.Дербисалин, Ш.Сатбаева. Казахская литература; К.Асаналиев. Киргизская литература. 8-том, көлемі – 10 бет) және XI-XVII ғасырлардағы әдебиетке арналған 3-томдағы түркі, өзбек

әдебиеттеріне, қырғыздың «Манас», ортаазиялық «Алпамыс», қарақалпактың «Қырық қызы» эпостарына, ногайлы жырларына, Қорқыт, Қөрұлы аңыздарына арналған тарауларға ғана орын беріліпті. Сонда үлкін түркі тектес халықтардың (түріктерден басқа) әдебиеттеріне 69-ак бет берілген.

Кеңестік империяның соңғы жылдарында жазылған «Әлем әдебиетінің тарихындағы» мұндағы ересекел кемшіліктердің сол кездерде қоғамдық, мәдени өмірдің барлық салаларында салтанат құрып тұрған отарышылдық саясаттың, европацентризмнің салқыны демескे лаж жок. Ал есесіне тәуелсіз ел ретінде түрік әдебиетіне үшіншіден бастап, әр томда жеке тарау берілген құптасак та, оның жалпы түркілік әдебиеттен бөлек қарастырылуы ойланады. XIII ғасырга дейінгі түркі халықтарының әдебиеті бірге қамтылған да, одан кейінгі томдарда түрікпен бірге өзбек әдебиеті де бөлек қарастырылған. Оның үстінен Орта Азия әдебиетіне жатады деп, тәжік әдебиеті де түркілік топқа қосып жіберген. Ал Ресей құрамындағы татар, башқұрт, шуваш секілді түркі тектес халықтардың әдебиеттері де осы томдардан өзіне лайыкты орнын алуға қақысы бар еді. Өкінішке орай, олай болмаған: тек кеңестік дәуірдегі Еділ және Жайық бойындағы халықтардың әдебиетіне берілген 7, 8-томдардағы қысқа ғана 7 беттік шолумен ғана шектеліпті.

Бұл жерде казақ әдебиетіне қатысты айтпай кетуге болмайтын тағы бір мәселе бар. Ол – казақ әдебиеті осы әлемдік әдебиеттің тарихына арналған іргелі еңбекте өзіндік болмысымен көрініп, өзіне лайыкты орнын ала алды ма деген сауал. Біздіңше, ала алған жок. Олай дейтініміз, үл бенек социалистік релизм салтанат құрып тұрған кеңестік кезеңде жазылды да, әдебиеттің ұлттық болмысын ашып көрсетуге мүмкіндіктері шектеулі, басқа әдебиеттердің өткендегі тарихына деген көзқарас салқындау болды. Осындағы себептермен басқалардың былай койғаның өзінде, әлемдік әдебиет классиктерінің катарында тұруы тиіс Абай, Мағжан сиякты қазақтың ұлттық әдебиетінің аса көрнекті қайраткерлері үл томдарда жок. Қазақ әдебиетінің ешбір елде қайталанбас өзіндік ерекшелігі саналатын жыраулық поэзияны, ақындық өнерді былай койғанда, XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық бағыттағы тұтас бір дәуірдің әдебиеті де түсіп калған.

Бұлардың барлығын ежікеп айттып жатқандағы мақсат: түркі халықтарының дербес ортақ әдебиет тарихын жасаудың бүгінгі әлеуметтік-мәдени өмір, ғылыминың дамуы ұсынып отырған маңызды мәселе; осы салада жүргізіліп келген ғылыми ізденістер болғанымен де оларда түрлі себептермен орын алған қателіктердің тез арада жойып, түркі халықтарының әлемдік әдеби дамуға қосқан тарихи үлесінің аса комакты екендігіне көзді жеткізе түсу.

Әдебиет тарихының негізгі зерттеу нысаны – өткен дәуірлердің көркем әдебиеті, сол әдебиетті жасаушылар. Әдебиет тарихында белгілі бір дәуірдің ғылыми негізді әдеби көрінісі жасалуы тиіс. Ал әдебиеттің өткен жолдарына көз жіберсек, тарихтың терең тылсымдарынан мен мұндалаған не бір ұлылар үн катады. Олардың кейбіреулері Алатаудың биік шыңдарында, алыстан мұнартып, тарихтың биік жоталарына, асу-ларына айналса, енді біреулері арканың жосылып жатқан таусылмайтын жота-шоқыларында, қасына жақында масаң, сырын аша бермейді.

Біз әдетте әдебиеттің өткені жайлы сөз болғанда, Абайға дейінгі әдебиет, Абайдан кейінгі әдебиет деген сиякты межелеуді жиі колданамыз. Жетпісінші жылдарға дейін казақ әдебиетінің тарихы «Бұқар жыраудан басталады» деп келгеніміз бар. Оның кай кез екені он сегізіншіғасыр дөлініп, осы тіркестің соңынан анықталып отырды. Мұндай жағдай әдебиет тарихтарында жиі кездеседі. Мысалы, орыс әдебиетін зерттеушілер оны Пушкинге дейінгі және кейінгі деп, үлкен екі кезенге бөледі.

Әдебиетті жасаушы өнер иелері болғандықтан да тарихты жазғанда, олардың әрқайсысының көркемдік дамуға қосқан үлесі барынша әділ бағалануы аса маңызды. Әдебиет тарихын жазу дегеніміз, іс жүзінде сол кездерде жасаған үлкенді-кішілі ақын-жазушылардың шығармаларын жан-жақты қарастырып, ғылыми түргыдан талдап, тарихтың таразысына салып таразылануы, әрқайсысының өзіне лайыкты орнынын анықталуы да деген сөз.

Белгілі бір дәуір әдебиетін тұстастай көруге әдетте шолу көмектеседі. Әдебиет тарихшысы ең алдымен, өзі зерттеп отырған дәуірдің әдеби, мәдени, әлеуметтік панорамасын жасап алып, содан кейін барып, сол кездің әдебиеттің шолып, оның үлкенді-кішілі өкілдерін көркемдік дамуға қосқан үлестеріне қарай орын орнына қояды; әдебиеттің аса ірі өкілдерінің шығармашылық жетістіктерін жан-жақты қөрсету мақсатымен оларға жеке шығармашылық портреттер арнайды.

Әдебиет тарихын жазғанда, көбіне ақын-жазушылардың өміrbаяндық деректері мен шығармаларының мазмұнын таныстырумен шектеліп жүргендей. Дұрыс, көне дәуірлерде жасалынған әдебиет жайлы деректердің аздығы, олардың бізге жеткен әдеби мұраларының бүгінгі көркемдік талдауларға көне бермейтіндігі де амалсыздан осылай етуге мәжбүр етеді. Десек те әрбір зерттеуші өзінің әдебиет жайлы жазып отырғанын әрдайім есте ұстап отырғаны жөн.

Әдебиет кайраткерлеріне арналған шығармашылық портреттерде сол кездің қоғамдық-тарихи жағдайы, мәдени, әдеби өмірде болып жатқан өзгерістері аясында дарын иесінің өзіндік шығармашылық колтаңбасы,

әдеби дамуға қосқан үлесі, қоғамдық өмірде алатын орны, бағалануы сиякты сауалдарға жауаптар берілуі қажет. Ғылыми негізді әдебиет тарихы бұларға коса оның шығармашылығына, көркемдік танымына айтарлықтай әсер еткен өміrbаяндық оқиғаларға да мән беріп, қоғамның, өмірдің жазушылық болмысқа әсерін анықтайды; сойтіп, суреткердің көркемдік әлемінің табиғатын бар болмысымен аша түсіді басты назарда ұстайды.

Әдебиет тарихын жасау – теориялық жағынан аса құрделі, қолемі жағынан ауқымды іс. Бұл іс әдеби, ғылыми дайындығының үстінен қоғамдық ғылымдардың жетістіктерімен де жан-жақты карулануды қажет етеді. Әдебиет тарихын зерттеуші ғалым ең алдымен, жақсы тарихшы болуы керек; тарихи зерттеулердің негізгі заңдылықтарына, табыстарына арқа сүйеп отырмаса, таза әдеби зерттеулердің жемісті болуы екітадай. Басқасын былай қойғанда, ен негізгі мәселе саналатын әдебиет тарихын дәуірлерге бөлудің өзі тарихи кезеңдермен тікелей байланысты.

Кеңес өкіметінің алғашкы жылдарындағы ауыр саяси жағдай казақ әдебиеттің үлттық дамуын біраз уақытқа тежеді. Отызынышы жылдардағы бесжылдықтар науқаны әдебиетке де қозғау салды. Отыз жеті мен елу үштің арасында барынша асқынған жеке адамға табынушылық салдарынан казақ әдебиеті де орны толмас зардап шекті. Елуінші жылдардың орта шенінен басталған саяси жылымық казақ әдебиетінің де дами түсініне біршама мүмкіндіктер туғызды. Демек, әдебиеттің даму дәуірлері көбіне қоғамдық-саяси даму тарихымен сәйкес келіп отырады екен. Мұнан шығатын корытынды әдебиетті кезеңдерге бөлгендеге, азаматтық тарихтың дәуірлерге бөлінуі барлық уақытта ескеріліп отыруы тиіс.

Бұл деген тарихтың дәуірлерін сол күйінде әдебиеттің тарихына әкеліп қондыра салу деген сөз емес. Керісінше. Әдебиет қоғамдық өмірдің аясында, белгілі бір тарихи кезеңде өмір сүргенімен, оның да өнер ретінде өзіндік даму ерекшеліктері бар. Мысалы, он тоғызынышы ғасырдың екінші жартысы мен жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде отаршылдық саясаттың асқына түсіү халықтың жаппай наразылығын туғызып, үлттық сана-сезімінің оянуна алып келді. Қоғамдық өмірдегі ауыртпалықтар үлт зиялышарын үлт-азаттық күресті бастауға мәжбүр етті. Осы кезде бұрындары мүлгіп келген әдебиет те «оянып», казақ әдебиетінің «алтын ғасыры» туды (Абай, Мағжан, т.б.). Демек, бұл кездің әдебиетін тарихтың дайын дәуірлеу калыптарына салуға келмейтіндігі көрініп түр. Мұндай кезде әдебиетті дәуірлерге бөлудің үшінші түрі яғни, көркемдік даму үстіндегі басшылықка алынуы тиіс.

Тағы бір мәселе есте болғаны жөн: әдеби дәуірлердің арасында қатып қалған «шегара» жок, ол «шегараның» өзі де жылжымалы. Әдеби

дәуірлердің ара жігі уақытпен межеленетін болса, сол уақыттар кейде ондаған жылдарға дейін ары-бері жылжып тұратын жағдайлар жиі кездеседі. Өйткені әдебиет те – бір-бірімен тұтасып, ұласып жатқан жанды құбылыс. Сондыктан да бір-бірімен жалғасып жатқанды бірден кесіп тастауға келе бермейтіндігі тағы бар.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақ әдебиетінің «шегарада тұрған» қайсы бір ірі өкілдерін дәуірлерге жатқызғанда, ойланатын кейбір мәселелер бар. Мысалы, 2002 жылы шықкан «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихында» (жалпы редакциясын басқарған профессор Т.Кәкішұлы) Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытовты XX ғасыр басындағы әдебиетке жатқызыса, он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихының» 7-ші томында 20-30-жылдарға, яғни кеңес әдебиетінің өкіліне жатқызыпты. Алғашқы еңбекте негізінен әдебиетті дәуірлеудің көркемдік-идеялық сипаты басшылыққа алынса, екіншісінде тарихи-хронологияны ұстанғаны байқалады.

Біздіңше, Мағжан мен Жүсіпбек – кеңес әдебиетіне дейінгі XX ғасырдың басындағы әдебиеттің, яғни ұлт-азаттық бағытты ұстанған алашорда әдебиетінің көрнекті өкілдері. Өйткені бұлардың шығармашылықтары ғасыр басында ұлт-азаттық идеяны көтеріп шықкан А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров сынды әдебиет алыштарымен үндес. Оның үстінен бұларды танытқан атақты шығармалары кеңестік кезеңде емес, сол дәуірде жазылды. Сондыктан да бұларды Ахмет, Мыржақыптың тобымен бірге атап, бір бағыттағы, бір сипаттағы шығармашылықтарын бір ыңғайда қарастырған жөн.

Рас, бұлар кеңес өкіметі жылдарында да өмір сүрді; шығармашылықпен айналысты. Бірақ та олар бұл кезде үстемдік құрган социалистік реализм әдісін толықтай қабылдай алмады. Сол себепті де бұрынғыдай жарқын шығармалар өмірге келмеді. Біздіңше, кеңес әдебиетінің тарихын Сәкен, Сәбиттерден бастаған жөн.

Әдебиет тарихын зерттеудің әдіснамалық негізі – ғылыми ізденістердің дұрыс арнада жүруінің бірден-бір кепілі. Әдебиетті зерттеу барысында туындастын түрлі мәселелердің қалай шешілуі түптеп келгенде, ғылыми ізденістердің жалпы бағытын айқындастын әдіснамага байланысты.

Әдіснаманы екі түрлі ыңғайда түсінуге болады. Оның біріншісі – бұқіл дүниетанымдық ізденістерде басшылыққа алынатын негізгі қағидалар, ғылыми бағыт. «Әдіснама-таным мен өмірді өзгертудің, өмірге көзқарас ұстанымдарын таным процестерінде, рухани шығармашылықта және тәжірибеде қолданудың әдістері жайлы философиялық ілім» (Основы научных исследований. – М., 1989, 54-бет).

Әдіснаманың философиялық сипаты айқын. Философия дегеніміз көзқарас, тіршілік туралы түсініктердің ортақ арнасы. Дүниетанымдық көзқарастардың осы уақытқа дейін негізінен идеалистік және материалистік болып екіге бөлініп келгені белгілі. Өмірді, сол өмірдің көркем бейнесі саналатын көркем шығарманы танып білуде жер бетінде тіршіліктің пайда болуы, адамзат қоғамының дамуы, тіршіліктің мәні туралы ілімнің маңызы зор. Бұқіл қоғамдық ғылымдар сияқты әдебиеттің тарихын зерттегендеге де әлемнің материалдық тұтастығы және оның ылғыда даму үстінде болатындығы жайлы философиялық-ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынып келеді.

Әдебиеттің тарихын зерттегендеге, әдіснамалық негізінің дұрыс болуы көненің сарғайған беттеріне айналған әдеби дәуірді тұтастай қамтуға, әдеби құбылыстардың пайда болу, даму себептерін, жолдарын анықтай түсуге алғышарттар жасайды. Ғылыми зерттеудің нәтижесі ғана емес, соған кол жеткізетін, бағытты баска жаққа бүрмай, оған тұра алып баратын жол да аса маңызды. Ғылыми негізді әдіснама әдебиетті зерттеу барысында шындыққа қарай жол көрсетіп отыратын сенімді бағдар (А.Я.Зись. Эстетика: идеология и методология. – М., «Наука», 1984, 11-бет). Мәселенің барлығы айналып келгенде, осы тұра бағытты, яғни әдіснамалық негізді дұрыс айқындалап, шындыққа кол жеткізетін сара жолды дәл таба білуғе келіп тіреледі. Сол себептен де әдіснамалық мәселелер ғылыми ізденістерде алдыңғы қатарға шығып, алдымен анықтап алушы талап етеді. Әдіснама дұрыс шешілмейінше, ғылымның мәселелері де дұрыс шешілмейді.

Әдебиеттің көркемдік дамуы оның бейнелеу тәсілдерінің жетіле түсінен көрінетін болса, әдебиеттанудың да қалыптасу, жетілу барысында әдебиетті зерттеу әдіс-амалдары толыға түсті. Осы уақытқа дейінгі әдебиеттану ғылымының жетістіктері де, кемшиліктері де оның әдіснамалық негіздерінде жатыр. Әдебиетті зерттеудің әдіснамалық негіздерінің жетілмеуі, болмаса, көркемдік дамудың өзіндік ерекшеліктерінің ескерілмей, саясатқа байланған жалған теориялар басшылыққа алынуы сияқты кемшиліктерден әдебиетіміз де, оның ғылымы да айтартылған опық жеді.

Демек, әдіснаманың дұрыс таңдалуы ғылыми ізденістердің дұрыс арнада, көзқараста болып, оның барап бағытын, кол жеткізетін нәтижесін алдын ала анғартып тұрады. Мысалы, Батыс адамзат қоғамының көшбасшысы, қоғамдық-экономикалық-рухани даму жағынан Шығыстан жоғары деген өздерінің отаршылдық пікірларын жүзеге асыруды ғылыми жағынан негіздеген еуроцентристік жалған ілім шығыс халықтарының тарихын, әдебиетін, мәдениетін зерттеу істеріне қаншама зиян келтіріп,

жалған теориялардың тууына жол ашты. Осы сиякты себептердің салда-рынан түркі халықтарының ерте кездердегі тарихы, әлемдік өркениетке коскан өзіндік үлесі сиякты мәселелер күні бүгінге дейін жеткілікті дәрежеде зерттелінбей, зерттелінгеннін өзінде де лайыкты бағасын алса алмай келе жатыр. Түркі халықтарының бір кездерде дамыған, гүденген мәдениеті, әдебиеті болғандығы, олардың арасынан әлемдік ғылымның аса көрнекті қайраткерлері шыққандығы, тіпті түркілік озық мәдениеттің Батыстың өркениет жолымен дамуына айтарлықтай әсер еткендігі – күні бүгінге дейін мойындалмай келе жатқан шындық. Ал ежелгі түркілік әдебиеттің жайына келетін болсак, бұл да паракталмаған кітап секілді, өз зерттеушілерін, оқырмандарын күтуде.

Кеңестік кезеңдегі ғылымның әдіснамалық негізіне марксік-лениндік таптық ілім алынып, оның басты қағидасты партиялық принцип әдебиетті бағалаудың негізгі өлшеміне айналып, әрбір ұлттық мәдениетте екі түрлі мәдениет болады деген жалған теория үстемдік құрган тұстарда қазак әдебиеті мен оның ғылымы орны толмас зардал шекті. Біртұтас ұлтты таптық тұрғыдан екіге бөліп, байларының бізге керегі жок деп, халық жауы санаған, сондыктан да оларды тұп-тұқиянымен құрту керек деп, оларға қарсы бітіспес құрес ашып, тек кедейлерді ғана адам сана-тына қосып, солардың ғана сөзі сойленген заман да болған. Әдебиеттің басты қасиеті – оның көркемдігі ескерілмей, тек қана идеялық жағына мән беріліп, коммунистік партиялық көзқарасқа сай келетіндігін, немесе келмейтіндігін анықтау болған уақыттарда әсіресе әдебиеттің тарихын зерттеу саласында ғылыми тоқырау болды. Қазак әдебиетінің өткен ғасырларда жасаған көрнекті өкілдері түгіл, тұтас бір дәуірлері, оны айтасыз, төңкеріске дейінгі бүкіл ұлттық әдебиеттің тарихы халықка жат санаалып, жоққа шығарылды.

Тәүелсіз ел болып, тарихқа басқаша көзқараспен қарал жатканда, оны бұрынғы ескі зерттеу тәсілдері арқылы қарастыру мүмкін еместігі өзінен-өзі түсінікті. Қазіргі қоғамдық ғылымдардың жетістігі, қоғамдық, үлттық ғылыми сананың есүі өткеннің әдеби мұраларын зерттеу істеріне мүлдем жаңа міндеттер жүктел отыр. Жаңа міндеттердің жаңаша зерттеу әдістерін қажет ететіні белгілі. Кезінде жасалынған осындай ғылыми «жетістіктерді» дұрыс әдіснамалық негізге сүйене отырып, бүтінгі күннің биігі, үлттық, түркілік, жалпыадамзаттық мұddeлер тұрғысынан зерделеп, бағалап, орын-орнына кою – әдебиеттану ғылымының бүтінгі таңда күн тәртібінде тұрған зәру мәселе.

Әдіснаманың екінші мағынасы белгілі бір ғылым саласына қатысты ұғынылады. Бұл жерде ол жалпы әдіснаманың құрамдас бір бөлігі ретінде сол саланың өзіндік ерекшеліктеріне орай нақтылы жағдайда көрінеді.

Бұл тұрасында белгілі ғалым А.Быков «Жеке ғылымдық әдіснама жок. Бір ғана әдіснама бар. Ол – философия, логика. Өйткені, философия мен логика ғана болмыс дең ойлаудың жалпыға ортақ заңдылықтарын зерттейді. Жеке ғылымдық әдістер – жалпы әдістің, жалпы әдіснаманың нақтылануы. Жеке ғылымдық принциптер мен теория әдіснамалық жүйе күра алмайды» (А.Быков. К вопросу о системе методологии методов в диалектической логике. Китапта: «Диалектика и логика научного мышления». – М., 1966, 322-бет) – деп жазады.

Әдебиеттандырылған да үзак жылдар бойғы дамуы барысында калыптасқан, ғылыми жағынан жетіліп, сыннан өткен өзіндік әдіснамасы бар. Әдеби зерттеулердің әдіснамасы дегеніміз, әдебиеттандырылған, қоғамдық ғылымдардың жетістіктеріне сүйене отырып, әдебиетті зерттеңде колданылатын әдістер мен ғылыми ізденістердің негізгі бағдарын белгілеп, басшылыққа алып отыратын негізгі ұстанымдардың жиынтығы. Әдебиеттің өткен дәуірлеріне үңіліп, тарихтың тереніне сұнгіп, ерте кездерде жасалынған әдеби мұраларды ғылыми айналымға салғанда, зерттеудің дүркін жолда жүруін қамтамасыз ететін, шамшырақтай жар-кырап, алды көрсетіп отыратын – осы әдіснама. Әдіснамалық тұғырымыкты болмаса, ғылыми жұмыстың жемісті болуы күмәнді.

Табиғат пен қоғамның ортақ зандылыктарын ашуға көмек жасаудың жалпыға ортақ философиялық әдіснама бар да, жекелеген ғылым салаларының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ғана колданылатын ұстанымдар мән тәсілдердің жынытығынан тұратын әдіснама тағы бар екен. Бұлардың арақатынасын жалпының жекеге, немесе жекенін жалпыға карым-қатынасы түрінде де түсінуге болады.

Әдебиетті зерттеу барысында басшылыққа алғының отыратын негізгі кағидаларды, идеяларды ұстанымдар (принциптер) дейміз. Әдеби зерттеу ұстанымдары ғылыми ізденистердің жүрер бағытын, таным процесінде колданылар әдіс-амалдарды алдын-ала аныктап, оның нәтижелі болуын алдын-ала қамтамасыз етіп отырады.

Зерттеу ұстанымдары да көркем әдебиеттің, оның ғылыминың дамуымен бірге есіп, жетіліп отырған. Әдебиеттану ғылыминың тарихи кезеңдерінде әртүрлі зерттеу ұстанымдарын басшылыққа алған түлі ғылыми мектептердің болғандығы белгілі. Қазіргі қолданылып жүрген әдебиетті зерттеу ұстанымдары ұзак уақыттар бойы ғылыми ізденістердің барысында сұрыпталып, сыннан өтіп, қалыптасқан, орнықкан қағидалар.

Зерттеу ұстанымы ғылыми ізденістің алдына койған негізгі мақсатын айқындайтын – әдіснамадағы ең негізгі мәселе. Сондыктан да зерттеу жұмыстарының жемісті болуы онда басшылыққа алынған ғылыми

ұстанымдардың орынды қолданылуына тікелей байланысты. Қандай әдістердің қолданылғандығы белгілі бір дәрежеде зерттеу жұмыстарының сапасын да аңғарта алады. Мұның өзі әдебиетші ғалымнан ғылыми ұстанымдарды толық менгеріп, оларды қажетіне карай онтайлы пайдалана білуін талап етеді.

Алдына қойған мақсатын айқындайтын нақтылы ғылыми ұстанымсыз зерттеу жұмыстарының нәтижелі болуы екіталаі; баар жағы белгісіз, жел қалай сокса, солай қарай ғана ығатын ескексіз кайық секілді. Бір істі колға алған адамның оны қалай атқаруын қамдастыратыны секілді, зерттеуші де болашак атқарылар жұмыстарын жүзеге асыру жолдарын қарастырады. Бұған бұл ретте алдымен көмекке келетін – ғылыми ұстанымдар. Әдебиеттің тарихын зерттегендеге, ғылыми ізденістердің жүрер жолын, баар бағытын сзызып, шамшырақтай көрсетіп отыратын аса маңызды ұстаным-тарихшылдық принципі.

Тарихшылдық табигат пен қоғамдық ғылым салаларында зерттеу бағытын айқындаушы негізгі ұстаным болып табылады. Өйткені, табигат пен қоғамда барлығы да бір-бірімен байланыста, даму үстінде. Оның осындай ерекшеліктерін ескермей, ғылыми шындыққа жету негайбыл.

Кең мағынасындағы тарихшылдық заттар мен құбылыстарды пайда болу, даму, тарихи байланыстары үстінде танып білуді мақсат етеді. Әдебиет қоғамдық құбылысқа жататындықтан да бұл принцип әдеби зерттеулерде де аса маңызды рөл атқарады.

Зерттеліп отырган әдебиетте белгілі бір дәүірдің қоғамдық тарихи шындығы қаншалықты қорініс тапқандығын анықтау барысында сол кезеңге қатысты тарихи мағлұматтар көнінен пайдаланылады. Демек, тарихи құбылысты бейнелеген әдебиетті тарихи тұрғыдан қарастыру – оны шынайы танып білудің бірден бір шарты.

«Әрбір өнер туындысы өз дәүіріне, тарихи заманына, суреткердің қоғамға қатынастарына орай қаралуы тиіс: оның өмірін, т. б. қарастыру шығарманың жасалуын түсіндіруге қызмет етеді» (В.Г.Белинский. Уш томдық шығармалар жинағы. 2-том, М., 1948, 361-бет). А.Бушмин тарихшылдық әдеби құбылыстардың ішкі-сыртқы себеп-салдарлық байланыстарын, оның генезисін, дамуын нақтылы тарихи жағдайда талдап, ашып беру деп біледі (А.Бушмин. Методологические вопросы литературоведческих исследований. Ленинград, 1969, 123-бет).

Сонымен, тарихшылдық өткен дәүірлерде жасалынған әдебиетке сол кездегі тарихи факторлардың әсер-ықпалын анықтауға, сол арқылы барып, оған объективті баға беруді қамтамасыз етеді. Сөйтіп, әдебиетті зерттеудің әдіснамалық негізін құрайды. Тарихшылдық ұстанымы бойынша, әдеби үдеріс (процесс) даму үстіндегі жанды құбылыс, қа-

зіргі әдебиет өткендегі әдебиеттің жалғасы, бүгінгі қорінісі ретінде қарастырылады.

Тарихшылдық принципі қатып қалған стандарт емес. Ол әдебиеттің, ғылымның дамуымен бірге жетіліп отыратындықтан да қолданғанда, шығармашылық шеберлікті қажет етеді. Ол әрбір зерттеушінің дүниетанымына, білім-ғылым дәрежесіне тікелей байланысты. Сондықтан да осы ұстанымды дұрыс қолданбаудың, болмаса, қолдануга өресі жетпегендіктен де бір әдеби дәүір, не сол дәүірдің көрнекті өкілі жайлы түрліше пікірлердің болуы – жиі кездесетін жағдай. Мысалы, арыға бармай-ак, күні кешегі көңестік дәүірде жасаган С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың шығармашылықтары хакында түрліше пікірлер айтылып келеді. Әдебиет тарихынан мұндаиларды көттеп келтіруге болады. Кей жағдайларда мұндаі пікіралысулардың аяғы пікірталастарға, әдеби-ғылыми даудамайларға ұласып жатады. Бұл жердегі басты мәселе тікелей өмірлік дүниетанымға, тарихшылдық ұстанымын қолдану ерекшеліктеріне тікелей байланысты болса керек. Керек десеніз, казіргі плюрализм заманында түрліше пікірлердің болуы заңды құбылыс сиякты да қорінеді.

Бұл ұстаным зерттеушіден жан-жакты білімдарлықты, қарастырып отырган әдеби дәүірге қатысты материалдарды толыктай игеруді қажет етеді. Қоркем әдебиеттің даму жолдарын зерделегендеге, өмірде жиі кездесетін уақытша ғана қорініс беріп, қате пікірлерге бастайтын жалған фактілердің шылауында кетпей, негізгі даму жолдарын айқындайтын типтік құбылыстарды дөп басып, сұрыптаап ала білуі, солардың негізінде толымды тұжырымдар жасап, ғылыми қорытындыларға келуі керек.

Қоркем әдебиет қоғамдық өмірдің асыл сөзбен апталып, қоркем кестеленген бейнесі дейтін болсақ, сол өмір шындығы қоркем шындыққа қалай айналды, қаламгер не айтпақ болды деген сауалдарға жауап беруге бастап аппаратын бірден-бір жолбасшы осы – тарихшылдық. Сондықтан да өткен замандардағы әдеби мұраларды зерттегендеге, олардың идеялық, қоркемдік құндылықтарын ашу тарихшылдық ұстанымының мүмкін емес деуге болады. Тіпті, ғылыми негізінде әдебиет тарихын жасау тікелей осы тарихшылдық ұстанымының онтайлы да сауатты қолданылуына тікелей байланысты дер едік.

Сонымен, әдебиет тарихын зерттеу барысында тарихшылдық принципін ұстанып отыру дегеніміз, әрбір әдебиет қайраткеріне, дәүірге баға бергенде, сол дәүірдің аясында, өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып барып бағалау болмак. Сонда ғана әдебиет тарихының шынайы тарихын жасауға болады.

Тарихшылдық ұстанымы *шындық* категориясымен тікелей байланысты. Ғылымның мақсаты – шындыққа жету болса, әдебиеттану ғылыми

өмір шындығының көркем шындыққа айналу заңдылыктарын зерттеп, әдебиеттің шындығын айтуға ұмтылады.

Біз күнде әдеби өмірде көріп жүргеннің, болып жатқанның, оларға беріліп жатқан бағалардың бәрі шындық па, жалпы өмір шындығы деген не, көркем шындық деген не, екеуінің ара катынасы қандай деген сауалдар төнірегінде де ойланарлық мәселелер жеткілікті. Біреуді «классик қаламгер» деп мактап, енді біреуін «халтурщик» деп, даттап жатамыз. Шындығында солай ма? Қым-куыт, қым-қиғаш оқиғаларға толы өмірдің шыны қайсы, жалғаны қайсы екендігін анықтауға, дұрыс бағытта болуына ғалымның білім дәрежесі, өмірлік тәжірибесі, басшылықка алған ғылыми ұстанымы көмектеседі.

Күнделікті тіршілікте өмір шындығы деп танығанымыз ертенгі күні басқаша болып кетуі мүмкін. М.Горький айтқандай, «көрінген фактінің бәрі әлі шындық емес, ол – әлі піспеген шындық. Оны ой казанында қайнатып, нағыз шындықты таза күйінде қорытып ала білу керек. Фактіні сыртындағы қауыздарынан тазартып, оның ішіндегі негізгі мәнін білдіретін жактарын айырып алу оңайға соқлады» (М.Горький. О литературе. – М., 1953, 563-бет).

Ғылымның дамуы абсолютті шындықты танып білу бағытында тоқтаусыз жүріп отырады. Шындыққа жету жолында оның адасуы да, шамасы жетпей жатуы да мүмкін. Өйткені, шындықтың жолы – ауыр, «тар жол, тайғақ кешуі», қауіпті жол. Өмірде таза алтынның кездес-пейтіні сиякты, «таза шындық» та сирек; «жалған шындық» пен «шын шындық» бір-бірімен жағаласып, арапасып, қатар өмір сүріп жатады. Оның қайсысы қайсы екендігін ажырату киын. Көрер көзге екеуі де бірдей. Көкірегінде көзі бар бірлі-жарымды парасатты азаматтар болмаса, бүгінгі өмір шындығымен тіршілігін жасап жүрген адамға бұларды ажырата білу оңайға түспейді.

«Бәріне де уақыт – сыншы» – дейді дана халық. Шындық уақытқа, сол уақыттағы саяси-әлеуметтік жағдайға тікелей тәуелді. Сол кезде үстемдік құрып тұрған саяси құрылыс өмір шындығын да саясиландырып, өнін айналдырып, өз мүддесіне қызмет еткізеді. Уақыт өткен сайын шындық үстін қымтаған өз дәүірінің уақытынша қабыршықтарынан арыла түседі десек те небір тарихи дәүірлерден өтіп, бізге жетемін дегенше, сол бір аласапыран замандардың шаң-тозаңдарына тағы көміліп қалатындары да, оны аршып алудың кептеген киындықтар туғызатыны да болады.

Шындықтың уақытыны танылуы үшін колайлы қоғамдық-мәдени орта керек. Сондыктан да қайсы бір шындықтың ашылуы үшін белгілі бір уақыт аралығы қажет болып, жарыққа шығар күнін күтіп жатып қалуы да жиі кездеседі. Бұл мәселенің бір жағы болса, екінші жағынан тарихтың

еншісіне айналған әдеби құбылыстың шындығын танып білу процесіне зерттеуші өмір сүріп отырған дәуірдің саяси-әлеуметтік жағдайы, яғни өмір сүріп отырған дәуірдің қажетсінуі де да әсер етіп, бұл үдеріс созыла түсіү де мүмкін. Десек те шындықтың ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір салтана тұратындығы хақ.

Түрлі себептерден шындығы айтылмай келе жатқан жағдайлар әдебиет тарихында да баршылық. Жеке бір ұлттың, не болмаса, мемлекеттің, аймақтың ынғайына орай жазылған «жалған тарихтар» – өкінішке орай, өмірде кездесіп тұратын фактілер. Осы тұрғыдан келгенде, әдебиет тарихын жасау барысында ойланып шешетін біраз мәселелер бар. Бұл әсіресе ұлт-азаттық әдебиет өкілдеріне тікелей катысты. Ұлт-азаттық бағыттағы ағым белгілі бір халықтың ұлттық тұрғыдан рухани өсіп-өркендеуіне айтарлықтай енбек сіңірген әдебиеттің жарқын беттерінен саналса, басқалар үшін олай емес, керісінше, тіпті кейбір көрші халықтар үшін жау көрінің де занды. Осындай себептерден казақ халқының азаттығын, ұлт-азаттық құрестерде ерен ерліктер жасап, керек десеніз, өмірін қиған халық қаһармандарын жырлаған не бір ауыз әдебиеттің ұлтлары, тарихи жырлар, ақын-жыраулар егеменді ел болсак та күні бүгінге дейін өзіне лайыкты бағасын ала алмай келеді. Мұндай жағдайлар басқа да кейбір ұлттық әдебиет тарихын жазу барысында да кездеседі.

Бұл айтқанымыз ұлттық әдебиеттің тарихына катысты десек те осы мәселе ұлттық, болмаса әлемдік әдебиеттің тарихын жазу барысында қалай шешімін табуы керек деген мәселе ойлантпай қоймайды. Сонда арба да сынбайтын, өгіз де өлмейтін, барлығына да бірдей, ойынан шығатын әдебиет тарихын жасаудың ортақ жолы қайда жатыр? Біздіңше, ондай жол бар. Мұндагы басты мәселе әдіснамалық негізді, яғни «тарих» қай тұрғыда жазылуы керек дегенді шешуге келіп тіреледі. Біздің ойымызша, ұлттық әдебиеттің тарихы ұлттық мұдде тұрғысынан жазылуы керек. Өйткені ол белгілі бір ұлтқа қызмет етеді. Сол сиякты ұлттың әдебиет тарихы ұлттық, әлемдік әдебиеттің тарихы жалпы адамзаттық мұдде тұрғысынан жасалғаны жөн. Бұл жерде мәселеге көң ауқымда келіп, ұлттық әдебиеттің әлемдік әдебиеттің құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырылғаны лазы.

Адамзат тарихына көз жіберсек, негізінен халықтардың бір-бірімен тату көршілік қарым-катынастарда өмір сүргенін көреміз. Десек те олардың арасында түсінісбеушіліктердің де орын алып, олардың аяғы жауласуға дейін барып отырғандығы – тағы да шындық. Қоғамдық өмірдің көркем шежіресі әдебиетте негізінен адамдардың, халықтардың арасындағы достық, адамгершілік қасиеттері көбірек жырланып отырған. Сонымен бірге көрші халықтардың арасындағы кейір түсінісбеушіліктердің

салдарынан туындаған жауласуышылқтардың да орын алуы, олардың әдебиетте көрініс беріп отыруы да заңды. Мұндай шығармалар көбіне ел корғау тақырыбына, халық басына көтер төнген киын-қыстау кездерде ерліктең аскан үлгісін көрсетіп, үлттық мақтанышқа айналған ерлердің ерлігін жырлауға арналып, жүрт сүйіп оқитын рухани құндылыққа айналады.

Әрине, ортак әдебиет тарихын жасау барысында кездесетін мұндай шығармаларды, ұлтқа өлшеуіз қызмет еткен әдебиет қайраткерлерін халықтар арасындағы достыкка нұксан келтіреді деп, шындықты атап кетуге болмайды. Оның ұлт өміріндегі ерекше рөлі атальп өтүмен бірге онда басқа халықтарға қарсы құрес суреттелуінің объективтік, субъективтік себептері де түсіндірілуі қажет. Қалай дегенде де ортак әдебиет тарихын жазу барысында онда халықтар арасындағы достық қарым-қатынастарға қылау түсіретін жағдайларға жол берілмей, керісінше жер басып жүрген жұмыр басты барлық халықтардың алға койған арман-мақсаттары бір, ол – бакытты өмір сұру; оған тек достық, бір-бірін құрметтеушілік, жалпы адамзаттық рухани құндылықтарды бойға сіңіру арқылы ғана жетуге болады деген гуманистік идеялар негізгі лейтмотив болуы керек.

Бұл жерде үлттық пен адамзаттық категорияларын аныктай түсудің кажеттілігі сезіледі. Жалпы, үлттық пен жалпыадамзаттық ұғымдары бір-біріне қарсы ұғымдар емес, көрісінше, біртұтас дүниенің түрлі жағдайлардағы көрінісі. Үлттық құндылықтар-жалпы адамзаттық рухани құндылықтардың құрамадас бір бөлігі. Демек, әлемдік құндылықтардың құрамына үлттық әдебиеттер де кіретіндіктен әлем әдебиеті деп жүргеніміздің өзі – үлттық әдебиеттердің жиынтығы. Сондықтан да ортақ әдебиеттің тарихын жасау барысында барлық үлттық әдебиеттердің ішіндегі жалпы адамзаттық идеалдардың жырлану мәселелеріне ерекше мән беріліп отырғаны жөн. Сонда ғана ортақ әдебиет тарихы ортақ идеалдарды жырлаған әдебиеттің шындығын айтып, халықтар арасында гуманистік идеалдардың салтанат құруына қызмет ететін болады.

Сонымен бірге әр уақыттың, әр дәуірдің өз шындығы тағы бар. Мысалы, кеңес өкіметі жылдарындағы мен қазіргі тәуелсіз ел кезіндегі өмір шындығының арасындағы айырма – жер мен көктей. Осы кездерде жазылған көп томдық «Қазак әдебиетінің тарихтарын» шын мәніндегі толық қанды ғылыми негізді еңбек деуге келе бермейді. Бұларда қазақ әдебиетінің тарих көшінде жүріп еткен жолдарының сокпактары сайрап жатқанымен де сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайдың ықпалымен әдеби өмір шындығы көрі бағаланған. Қазак әдебиетінің А. Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, М.Ж.Көпееев секілді классик-

тери «ұлтшыл», «байшыл», «халыққа жат» саналып, әдебиет тарихынан алғының тасталынуы сол кездің саяси шындығы болатын.

Шынайы әдебиет тарихын жасауда басшылыққа алынып отыратын тарихшылдық, шыншылдық ұстанымдарымен бірге зерттеудің ғылыми сипатта жүруі, бағалаудың халықтық тұрғыдан болуы, өмірмен тығыз байланыста болып, қоғам қажеттілігін өтеуі де да маңызды. Ен бастысы қарастырылып отырған дәуірдің әдебиеті көркемдік тұрғыдан бағаланып, ұлттық, одан калды әлемдік әдеби дамуға қандай жаңалықтар әкелді, рухани казынаға нендей улес косты деген сауалдарға жауаптар ізделінеді. Галым зерттеп отырған нысанына орай қандай пікір білдірсе де ғылымның бұрынғы-соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, айтылуы туіс. Сонымен бірге ғылымның ғылым үшін ғана емес, халықтың өзін-өзі тарихи тұрғыдан тануы, рухани азық қажеттілігін өтеуі де ылғи ескеріліп, ұлттық мұддеге қызмет етуі міндет.

Өмірді ғылыми тұрғыдан танып білудің философиялық принциптеріне сүйеніп, тұтас бір жүйеге айналған жекелеген ғылым салаларының тәсілдерін сол ғылымның әдістері деп айтамыз (А.С.Бушмин. Методологические вопросы литературоведческих исследований. – Ленинград, 1969, 13-бет). Әдіснама ұстанымдар мен әдістерден тұрады. Жекелеген әдістерді әдіснаманың нақтылы жағдайларда тәжірибеде қолданылуы деп ұқкан жөн. Ал зерттеу барысында қандай әдістің қолданылуу кажет екендігін аныктайтын, таңдауға көмектесетін – әдіснама, оның ұстанымдары. Зерттеу әдісі – әдіснаманың әдебиетті тану барысында қолданатын құралы, қаруы. Қаруы мықтының атқарған жұмысының нәтижелі болары да хак.

Әдіс дегеніміз – «танымның одан әрі дами түсүіне қызмет ететін, танылған заңдылықтардың негізінде жасалынған ережелер» (Ю.Борев. Роль литературной критики в художественном процессе. – М., 1979, 37-бет), «субъекттің колындағы объектімен жұмыс істей құралы» (Г.Гегель. Наука логики. З том, – М., 1972, 291-бет). Әдістерді іштей шартты түрде барлық ғылым салаларына ортақ (бакылау, салыстыру, талдау, жинақтау, тәжірибе жасау, т.б.) және бір ғана ғылым саласында колданылатын деп, екіге жіктеуге болады.

Әдіске қойылатын басты талап – ол зерттеу нысанына сай келіп, оның табиғатын ашып бере алатында болуы керек. Фалым еңбегінің нәтижелі болуы алға койған мақсатына орай зерттеп отырған әдеби нысанының табиғатын аша алатын әдісті дұрыс таңдай алуына, дұрыс пайдалана білуіне байланысты. Демек, әдебиеттің еткен жолдарын зерттеуде ең алдымен, алға дұрыс мақсаттар қоя біліп, оны орындау үшін дұрыс бағытты, оған барап жол мен қалай, немен жету керектігін аныктап алудын маңызы зор. Зерттеу барысында әдіснамалық негіз бен колданылатын әдістердің дұрыс колданылуы шешуші рөл аткарады.

Әдебиеттің шынайы тарихын өткеннін рухани мұрасының табиғатын аша алатын зерттеу әдістерінсіз танып білу мүмкін емес. Сондықтан да әдебиет тарихын зерттеушіден алдымен, әдебиеттану ғылымының зерттеу әдіс-амалдарын игеру, оны қажетіне қарай қолдана білу талап етіледі. Әдебиетті зерттеуши қолына қандай әдіс-қару алады – көп нәрсе соган байланысты.

Көркем әдебиеттің негізгі екі – әлеуметтік және көркемдік жағы бар. Осылан орай қоғамдық өмірдің әлеуметтік мәселелерін зерттеудін, сол сиякты әдебиеттің көркемдік қырларын ашуудың өзіндік тәсілдері бар. Осылайша екі түрлі бағытта қолданылатын зерттеу әдістерін бір жерге басын қосып, әдебиетті талдауға қолданғанда туындастын қындықтар зерттеушіден жан-жақты білімдарлықты, шеберлікі, тапқырлықты қажет етеді.

Әдебиетте адамзат қоғамының әлеуметтік өмірі сөз өнерімен көркемделіп, көрініс табады. Әдебиеттану ғылымының басты мұраты осы қоғамдық өмір әдебиетте қалайша, қаншалықты көркем көрініс талты, адамдардың бақытты өмір сүруіне септігін тигізер қандай идеялар көтерілді деген сауалдарға жауап іздеу болса, әдебиеттің тарихын жасағанда, осы проблемалар алдыңғы қатарға шыгады. Жалпы әдебиеттандырылған ғылымы әдебиеттің әлеуметтік, көркемдік қырлары бір-бірінен ажырамастанай кіріп, біртұтас әдебиет әлеміне айналып кеткен көркем шығарманы біртұтас нысан ретінде карауға тиіс.

Өмір қаншалықты шексіз болса, оны көркем бейнелеу амалдары да соншалықты шексіз. Талант неғұрлым тегеурінді болса, оның шығармаларында қоғамдық өмірдің болмысы да соғұрлым теренірек көрініс береді. Әдебиеттің тарихы белгілі бір дәуірдің әдебиеті сол кезеңнің әлеуметтік-рухани мәселелерін қаншалықты көтере білді, оларды қандай көркемдік тәсілдермен жеткізді, көркемдік дамуға нендей улес косты деген сауалдарға жауап іздейді.

Жалпы көркем әдебиеттің сөз өнері ретінде тілдік, қоғамдық өмірдің бейнесі ретінде әлеуметтік және өнер туындысы ретінде көркемдік қырлары бар. Зерттеушіні алға қойған мақсатына орай, ақын-жазушының оны ерекшелендіріп, осындағы біліктік көтеріп тұрған, әдебиетке жаңалық экелген, немесе көркемдік дамуға үлес болып қосылған қырларыға қызықтыруды мүмкін. Сол себепті де кейде оның әлеуметтік жактары, енді бірде көркемдік қырлары алға шығып, оған қөбірек мән беріліп, талданылып жатады.

Әдебиеттің теориясы, сыны қебіне шығарманың көркемдік қасиеттеріне үнілсе, әдебиеттің тарихы оның жүріп өткен жолдарының әлеуметтік-қоғамдық жағдайларына қебірек көніл аударып, әдебиеттің

осылай даму себептерін ашуға ұмтылады. Бұл әдебиеттің тарихы көркемдік мәселелерді назардан тыс қалдырады деген сөз емес, көрініше, әдебиеттің өміріндегі қоғамдық-әлеуметтік факторларды аша отырып, оның көркемдік дамуға еткен әсерін анықтай түсуді алдына басты міндет етіп қояды.

Зерттеушінің бұл жолмен жүруіне тарихи поэтика көмектеседі. Тарихи поэтиканы негізінен өмірді көркемдік тұрғыдан бейнелеу әдістері мен құралдарының даму жолдары, олардың қоғамдық-эстетикалық қызметі, әдеби жаңалықтардың тарихи тағдыры қызықтыратын болса, әдебиеттің тарихи поэтикалық шығармашылықтың тарихын қоғамдық өмір дамуымен, ұлттық әдебиеттің, оның жекелеген қайраткерлерінің тағдырымен тығыз байланыста қарастырады (М.Б.Храпченко. Художественное творчество. Действительность. Человек. – М., 1976). Демек, тарихи поэтика шын мәніндегі көркемдік дамудың тарихын жасауға көмектесіп, жағдай жасап отырады екен.

Тәжірибеде әдебиетті зерттеудің ғылыми ұстанымдары жеке дара қолданылмайды десе де болғандай. Өйткені сан қырлы бөліктерден, байланыстардан, құбылыстардан тұратын өмірді тұтас күйінде көркем бейнелеу қаншалықты құрделі болса, көркемдік құралдардың көмегімен біртұтас дүниеге айналған өнер туындысын талдау да соншалықты қындықтар тұғызады. Сан қырлы әдебиетті дұрыс бағытта танып-блуді қамтамасыз етуге бір ғана ұстанымның шамасы жете бермейді де, көркем туындының сан сипатты табиғатын аша түсептің зерттеу ұстанымдары таңдал алынып, тұтастай кешенді (комплекті) түрде қолданылады.

Әдебиетші ғалым зерттеу нысанын, ізденістерінің бағытын ғылыми ұстанымдар арқылы айқындал алған соң, келесі кезең өзінің алға қойған мақсатына кол жеткізетін талдау тәсілдерін таңдауға кіріседі. Ол біреу, бірнешеу, не кешенді (комплекті) болуы да мүмкін. Зерттеу барысында қандай әдістің, болмаса әдістердің қолданылатыны алға қойған мақсатқа, қарастырылып отырған әдеби нысаннның сипатына орай анықталады.

Қазіргі әдебиеттандырылған ғылымы әдебиет тарихын зерттеу әдістері жағынан да біршама жетістіктерге жеткен. Солардың ішінде әдеби дәуірді тани түсуге тарихи-типологиялық тұрғыдан келу өзінің жемісті жол екендігін көрсетіп жүр.

Әдебиеттің тарихын жасау – оның жүріп өткен жолдарын, әдеби құбылыстарын сол кездердің әлеуметтік-тарихи жағдайы аясында, қоғамдық оқиғаларымен тығыз байланыста қарастыру деген сөз. Өйткені, әдебиет дегеніміз – белгілі бір қоғамдық өмірдің, дәуірдің тұтастай алғандағы көркем бейнесі. Әлеуметтік өмірдің зәру проблемалары сол дәуірдің әдебиетінде қаншалықты көрініс тапқандығын, уақыт талабына,

ұлттық, халыктық мұдделерге қаншалықты жауап беріп, қызмет ете алғандығын анықтау әдебиет тарихшысының алдында тұрады. Мұның өзі зерттеушіден бүкіл қоғамдық ғылымдардың жетістіктерімен, оның ішіндегі зерттеу әдістерімен де толық карулануды қажет етеді. Етіп кана коймайды, талап етеді.

Әдебиет жекелеген каламгерлерден тұрады. Шын мәніндегі әрбір талантты каламгер – өзгеге ұксамайтын қайталанбас өнер иесі ретінде әдеби құбылыс. Сонымен бірге әдебиеттің ірі өкілдерін, белгілі бір дәуірдің, ұлттың әдебиетін басқалармен іштей байланыстырып тұратын, сырт қозғе онша байқала бермейтін ұқсастықтар да болады. Барлық әдебиеттерде кездесетін ортақ ұқсастықтар олардың өзгеге ұксамайтын өнерпаздық колтаңбасы мен ұлттық ерекшеліктерді жокқа шығармайды. Мұндай жағдай екі түрлі себептерден болуы мүмкін. Оның біріншісі әдебиет өмір сүріп отырған қоғамдық-мәдени ортасын ұсастығынан болса, екіншісі – әдеби байланыстардың әсері. Әдеби ортақ қасиеттер бір ағымдағы қаламгерлерді, ұлттық әдебиет, одан қалды ұлттық әдебиеттерден тұратын әлемдік әдебиет өкілдерін жұмыр жердегі бүкіл адамзаттың бақытты өмір сүруі үшін қүресінде бір-бірімен жақындастырып, ізгілікті істерге жұмылдыра түседі. Міне, осындағы қоғамдық дамудың бірдейлігінен пайда болған әдебиеттегі ұқсастықтарды типологиялық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі туындаиды.

Көркем әдебиеттің бірнеше құрылымдық қатпарлары бар. Оның ең сыртында әлеуметтік, ең ішкі жактарында көркемдік қатпарлары орналасқан. Бірінсіз бірі жок. Бұлар бір-біріне алғышарттар жасап, біртұтас өмір сүруді қамтамасыз етеді. Әдеби шығарманың көркемдік қасиеттерін бағалау алдымен, оның «сыртындағы» әлеуметтік қырларын анықтаудан бастау алады. Сондықтан да белгілі бір туындыны, қаламгерді, әдеби дәуірді бағалау сол дәуірдің қоғамдық-саяси өміріне экспурстан басталады. Өйткені, қаламгер де – қоғам мүшесі. Суреткер де қоғамда болып жаткан оқигалардан тыс кала алмайтыны сиякты бұлардың да оның шығармашылығына әсері болмай коймайды.

Жалпы, әдебиеттің дамуы қоғамдағы саяси-әлеуметтік ахуалға тікелей байланысты. Өмірге келген әрбір шығарманы қоғамда жүріп жатқан түрлі әлеуметтік процестердің тікелей салдары десе де болғандай. Сондықтан да әдебиетті зерттеу осы әдебиетті өмірге әкелген, оның осындағы болуына әсер еткен қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға алдымен назар аударады. Әдебиеттің әлеуметтік қырларын ашуға типологиялық зерттеулер көмектеседі. Әдебиетті типологиялық тұрғыдан зерттеу көркемдік дамудағы ортақ ағымдарды, ұқсастықтарды анықтауды максат тұтады. Нактылай түссең, ұлттық әдебиеттердегі, одан қалды әлемдік әдебиеттегі

қоғамдық дамудың салдарынан туындаған ортақ сарындарды, олардың көркем туындыдағы көріністерін зерттейді. Жеке каламгерге келгенде, оның шығармашылығына өз дәуірінің әсерін, өзіне дейінгі және басқа да әдебиеттермен ұқсас болу себептерін ашады.

Зерттеуші әдебиеттің көркемдік қыр-сырларын аша тұсу үшін оның осылай болу себептеріне үңіледі. Әдеби шығарма туылмастан бұрын оның жазылуына, жазылғанда да дәл осылай шығуына тікелей әсер еткен саяси-әлеуметтік, тұрмыстық факторларды анықтау көркемдік әлемінің ішіне кіргіз кілт іспеттес. Себепсіз салдар болмайды. Әдебиетті әдебиет қылған да, кудалап құлдыратқан да – заманы, сол қоғамда жүріп жататын түрлі саяси жағдайлар. Осында маглұматтардың барлығы да – зерттеліп отырған әдебиеттің, әдеби дәуірдің қыр-сырларын аша тұсуде әдебиет тарихшысы үшін аса құнды деректер.

Әдебиетті, әдебиеттің тарихын типологиялық зерттеуге қарсылар да бар. Неміс ғалымы В.Кайзер «Сөз өнері» атты кітабында әдебиет ғылымы көркем шығарманы зерттеуі керек, ал «әдебиеттің ішінен» тыскарының барлығы да, атап айтқанда, жазушының өміrbаяны, тұлғасы, жасы, араласқан адамдары, өмір сүрген ортасы сияктылар әдебиеттанудан тыс мәселелер деп біледі. Сол сиякты әдебиеттің таза көркемдік құрылымын анықтауды басты міндеп санайтын «структурализм», көркем шығарманы жана тұр санап, оны формальдық жағынан ғана қарастыратын «формализм», жазу атауларының барлығын «танба» ғана деп білетін «семиотика» секілді әдебиеттанудағы ғылыми ағымдар типологиялық тұрғыдан зерттеуді онша мойындаі бермейді.

Мұндай пікірлердің дұрыс жагы да, дұрыс емесі де бар. Дұрыс емесі – типологияны жокқа шығарып, әдебиетті тек қана көркемдік тұрғыдан, онда да менің ғана тәсілімен зертте деп, көркем әдебиеттің әлеуметтік сипаттын елемеуі. Дұрысы – әдебиет зерттеушілерін типологиялық зерттеулермен тым әуестене бермей, басқа да әдістердің бар екендігіне назар аудауры.

Біздіңше, қоғамдық өмір аса күрделі болса, сол өмір шындығының көркем бейнесі саналатын көркем әдебиет те соншалықты күрделі. Оны бір ғана зерттеу тәсілімен зерттеп, көркем шығарма ретіндегі қасиеттерін ашып беру мүмкін емес. Қоғамдық өмірдің түрлі жактарын сандаған ғылым салалары зерттейді. Сондықтан да әдебиетте көрініс тапқан әлеуметтік өмірдің түрлі жактарының калайша бейнеленгенін анықтауға типологиялық зерттеу көмекке келеді.

Типологиялық зерттеулердің аясы өте кен. Ол жекелеген калам иелерінің шығармашылықтарындағы ұқсастықтардан бастап әлемдік әдебиеттегі ортақ сарындарға дейін қамтиды. Әдебиеттер арасындағы

ұқсастықтардың тарихи дамудын бірдейлілігінен, не әдеби-мәдени қарым-қатынастардың әсерінен екендігін анықтап, осылай болудың жалпыға ортақ зандалықтарын аша түсуге талпыныс жасайды.

Сонымен типологиялық тұрғыдан зерттеу әдебиеттердің арасындағы ұқсастықтарды көркем шығарманың құрылсы, идеясы, образ, сюжет, стиль, әдеби жанр, әдеби ағым, әдеби бағыт, әдеби дәуір, әдеби процесс, ұлттық әдебиет деңгейлерінде қарастырып, олардың ортақ зандалықтарын ашуға көмектеседі. Яғни, қоғамдық ортаның әдебиетке тікелей әсерлерін, көркемдіктің қыр-сырларын әлеуметтік жағынан көліп ашуға үмтүлады.

Типологиялық зерттеулердің дұрыс бағытта жүруіне дүниетанымдық көзқарас ерекше рөл атқарады. Зерттеушінің білім деңгейінің, өмірлік тәжірибесінің мол болуы, зерттеу әдістерін менгеріп, оларды орынды қолдана білуі типологиялық ізденістердің жемісті болуының бірден бір шартты.

Әдебиет тарихын зерттегендегі, негізгі міндет – стиль, ағым, бағыт, әдеби мектептерге назар аударып, сол дәуірдің әдеби өміріндегі басты тенденцияларды анықтау болса, мұны жалаң құйінде емес, тарихи тұрғыдан, сол кездің саяси-әлеметтік өмірі аясында танып білуге көмектесетін әдістер бар. Әдебиет тарихын зерттеуде қолданылып жүрген зерттеу әдістері төмендегідей:

- 1) Биографиялық. Бұл әдіс бойынша, әдеби туынды оның авторының өміrbаянымен байланыста, өмір жолының тікелей нәтижесін ретінде қарастырылады.
- 2) Мәдени-тарихи әдіс әдебиетті зерттеп отырған дәуірдің мәдени-тарихи жағдайымен тығыз байланыста, сол дәуірдің жемісі, бір көрінісі тұрғысынан қарастыруды талап етеді.
- 3) Салыстырмалы-тарихи метод әдебиетті өзіне дейінгі, сол дәуірдегі басқа да қаламгерлермен, әдебиеттермен салыстыра отырып, зерттейді. Бұл әдісті қолданғанда, салыстыруға болатын, болмайтын жағдайларды айыра білу қажет.
- 4) Әлеуметтік (социологиялық) әдіс әдебиеттің қоғамдық қырларына, идеялық жақтарына көбірек мән береді. Мұнда көркем әдебиеттің басты мақсаты қоғамдық өмірдің толықанды бейнесін жасау, өмірді жақсартуға көмектесе алатын идея ұсыну санап, соларды анықтауға күш салады.
- 5) Формальдық тәсіл көркем шығарманы белгілі бір формадағы өнер туындысы деп қарап, әдебиеттану ғылымының басты мақсаты көркемдік дамудағы формалық жаңалықтарды анықтау деп біледі. Формальдық метод кейіннен структурализмге, ол өз кезегінде жүйелі (системно) – структурализмге ұласы.

- 6) Тарихи-функциональды метод. Әдебиетті қоғамда аткаратын үгіт-насихатшылық, тәрбиешілік, эстетикалық, ұйымдастыруышылық секілді қызметтеріне қараң қарастырады.
- 7) Тарихи-генетика көркем шығарманың туу негіздерін, себептерін зерттейді.
- 8) Тарихи-теориялық тәсіл әдебиетке теориялық жағынан келіп, сол дәуірде тарихи қалыптасқан көркем формалардың тарихи санада көрініс табуы, дамуы зерделенеді.
- 9) Мифология әдебиетті бір елден екінші елге ауысқан азыздардың, ортақ сюжеттердің жаңа ортада басқа ұлттық формада көрініс сарайды.

Әдебиетті, оның тарихын зерттеу әдістері мұнаймен шектеліп қалмайды. Көркем әдебиетті қоғамдық өмір туғызған тұтас бір өнер туындысы ретінде емес, оны бір жақты ғана зерттейтін семиотика, структуралיזם, математикалық, т.б. әдістер толып жатыр. Әрине, бұлардың барлығын да жокқа шығаруға болмайды. Орынды пайдалана білсе, көркем әдебиеттің сан қырларын аша түсуге септігін тигізері анық. Бірак та негізгі зерттеу әдісі ретінде қолдануға келгенде, мүмкіндіктері шектеулі.

Өмір қаншалықты құрделі болса, оның көркем бейнесін жасайтын әдебиет те сан қырлы. Қоғамды, табиғатты қаншама ғылым салалары зерттесе, солар көрініс табатын бір ғана әдебиетті танып білудің, талдаудың да соншалықты талдау амалдарын қажет еткен киындықты алдан шығады. Демек, көркем әдебиетті бір ғана амалмен, тіпті әдебиеттану ғылымының тәсілдерімен зерттеумен шектеліп қалуға болмайды екен.

Ғалым ғылыми ізденістер барысында өзіне оңтайлы, өзі көркем шығарманың маңызды жағы санап отырған тұстарын ашып көрсетуге көмектесетін әдістерді ғана қолданады. Ол жеткіліксіз болса, қашан алға қойған мақсатына жеткенше, қажетіне қараң, келесісіне көшіп, катарынан бірнеше тәсілдерді қолдануы мүмкін. Бұлардың ішінде біреуі негізгі де қалғандары көмекші. Тіпті, тұтас бір дәуір бейнеленген көркем туындының көркемдік қасиеттерін ашып көрсету үшін бір ғана әдебиеттану ғылымының әдіс-амалдары жеткіліксіздік танытып, ондай кездерде басқа да қоғамдық ғылымдардың жетістіктері мен зерттеу тәсілдерін пайдалану да – жиे кездесетін жәйт. Соңдықтан да соңғы кездердің әдеби зерттеулерінде кешенді талдауды көбірек қолдануға үмтүліс бар.

Сонымен, түркі халықтарының ортақ әдебиет тарихын жасау жайлы ойларымыздың негізгі түйіндері төмендегіше:

- 1) Түркі халықтарының ортак әдебиет тарихын жасау мәселесі – ғылыми жағынан да, саяси-элеуметтік жағынан да күн тәртібінде тұрған, пісін жетілген қажеттілік.
- 2) Ортақ әдебиет тарихын жасау ісіне осы саланың білікті түркілік ғалымдарымен бірге, әлемдік әйгілі түркітанушылар да қатысып, оны жазудың терминдік, әдістемелік негіздерін бірлесе отырып шешу керек.
- 3) Әдебиет тарихын қай кездерден бастау мәселесінде кейінгі кездерде анықталған біздің жыл санауымыздан бұрынғы көне қытай жазбаларындагы түркілік деректерге, осыған қатысты басқа да жаңалықтарға назар аударыңқыраған жөн. Соңғы зерттеулер түркі халықтары әдебиетінің тарихы біздің жыл санауымыздан бұрынғы Х ғасырдан бастау алатындығын дәлледеп отыр.
- 4) Әдебиет тарихын дәүірлеу – әдеби өмірде түбірлі өзгерістер туып, көркемдік дамуға сапалық жаңалықтар әкелген кезеңін межесін хронологиялық тұрғыдан анықтау деген сөз. Әдебиеттің жүріп откен жолдарын дәүірлегенде, тарихи-хронологиялық ұстаным мен идеялық-көркемдік, яғни әдеби даму тұрғысынан жіктеуді қатар колдана білу онтайлылық танытады.
- 5) Түркілік ортақ әдебиетке түркі халықтарының әрқайсысы тарих сағнасына жеке мемлекет, ұлт болып шықканға дейінгі дәуір жатады. Мысалы, казак, өзбек, қыргыз, түркімен, карақалпақ халықтарының төл әдебиет тарихтары шамамен ХУ ғасырдан, түрік, эзербайжан, шуваш әдебиеттері одан әрігіректен бастау алады.
- 6) Түркі халықтарының ортак әдебиет тарихы әдеби фактілердің тарихи тізбесі емес, әдебиеттану, қоғамдық ғылымдардың соңғы жетістіктеріне сүйеніп, тарихи-теориялық тұрғыдан жазылған ғылыми еңбек болуы керек.
- 7) Ортақ әдебиет тарихын жазу барысында түркі халықтарының өзіндік даму тарихы, мәдениеті европалық таным, ғылым стандарттарына көп реттерде сия бермейтіндігі ескеріліп, сөз өнерінің өзгеге ұқсамайтын ұлттық, ұлыстық көркемдік сипаттың ашуга басты назар аударылғаны жөн.
- 8) Әдеби дәуірлердің сипаттамасында оған әсер еткен ішкі, сыртқы факторларды анықтай отырып, әдеби өмірдің негізгі көркемдік даму бағыттарын аша түсуге ұмтылу керек.
- 9) Негізгі мәселе әдебиет тарихы болғандықтан да белгілі бір дәуірдің әдебиеті, болмаса сол әдебиеттің көрнекті өкілдері әдеби дамуға қаншалыкты үлес кости деген сауалға жауаптар ғылыми негізді болғаны дұрыс.

Oй түйін.

1. Фалымның түркі халықтарының ортак әдебиет тарихын жасау жайлы ойларын кестеге жазып, ез пікіріңізді негізденіз.

Түркі халықтарының ортак әдебиет тарихын жасау	Фалымның негіздемесі, дәлелі	Менің пікірі...

ҚОСЫМША ОҚУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРИ

1. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы: Білім, 1993.
2. Кенжебаев Б. Қазак халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазмембас, 1958.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том, 2-кітап. – Алматы: Ғылым, 1965.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық, 6-том. – Алматы: Қазакпарат, 2006.
5. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. Хрестоматия. Құрастырғандар Т.Әбдірахманов, Қ.Жармағамбетов, Алматы: Қазмемоқу – педагогика баспасы, 1959.
6. XX ғасыр басындағы әдебиет. Хрестоматия. Құрастырған Қ.Ергөбек. – Алматы: Білім, 1994.
7. XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы: ҚазССР FA баспасы, 1963.
8. XX ғасыр басындағы қазақ ақындары. – Алматы: Ғылым, 1982.
9. Үш ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1965.
10. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 1989.
11. Жеті ғасыр жырлайды. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2004.
12. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1993.
13. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
14. Ауэзова Л.М. Исторические основы эпопеи «Путь Абая» – Алма-Ата: Наука, 1969.
15. Айтмұхамбетова Ж. Мифтің поэтидағы қызметі. – Алматы: Жазушы, 2010.
16. Әбдірахманов Т. Жаңа ғасыр көніндегі. – Алматы: Жазушы, 1969.
17. Әбдіманұлы Ә. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазак университеті, 2002.
18. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы: ҚазССР FA баспасы, 1961.
19. Әуезов М. Абай Құнанбаев (монография). – Алматы: Ғылым, 1967.
20. Базарбаев М. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973.
21. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.
22. Әбдігазиев Б. Асыл арна. – Алматы: Қазак университеті, 1992.
23. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы. – Алматы: Мектеп, 1989.
24. Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997.
25. Дербісалин Ә. Қазақтың Октябрь алдындағы демократияшыл әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1966.
26. Дербісалин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алматы: Ғылым, 1990.
27. Дүйсенбаев І. Ғасырлар сирі. – Алматы: Ғылым, 1970.
28. Дүйсенбаев І. Эпос және ақындар мұрасы. – Алматы: Ғылым, 1987.
29. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. Бес кітап. – Астана: Таным. 2003-2005.
30. Ердембеков Б. Абайдың әдеби ортасы. – Алматы: Информ-Арна, 2008.
31. XX ғасырдың бас көзіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1994.
32. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1977.
33. Жүртбай Т. Бесігінді түзе!.. – Алматы: Жазушы, 1997.
34. Жүртбай Т. Бесігінді аяла!.. – Астана: Фолиант, 2002.
35. Ісімакова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009.
36. Ісімакова А. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: Таңбалы, 2009.
37. Исмаилов Е. Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968.
38. Қекішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992.
39. Қекішев Т. Кер заманнның керегар ойлары. – Алматы: Атамұра, 1995.
40. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. – Алматы: Жазушы, 1984.
41. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы.
42. Қабдолов З. Жебе – Алматы: Жазушы, 1977.
43. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 1992.
44. Қалижанұлы Ү. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы: Білім, 1998.
45. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Алматы: Білім, Фолиант, 2002.
46. Қасқабасов С. Абай. – Алматы: 2010.
47. Қирабаев С. Әдебиетіміздің актандық беттері. – Алматы: Білім, 1995.
48. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001.
49. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
50. Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991.
51. Мамраев Б. Казахские литературные связи начала XX века. – Алматы: Ғылым, 1997.
52. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр – аныздар. – Алматы: Жазушы, 1985.
53. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974.
54. Мұқанов С. Қазақ қауымы. – Алматы: Қазақстан, 1984.
55. Мұхamedханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 1-4 кітап. – Алматы: Дәүір, 1993-1997.
56. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов жән абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982.
57. Мырзахметов М. Қазак қалай орыстандырылды. – Алматы: Атамұра: Құлтегін, 2002.
58. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Құлтегін, 2002.

59. Нұркатор А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы: Жазушы, 1966.
60. Нұрпейісов К. Алаш һем Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995.
61. Нұртазин Т. Шеберлік туралы ойлар. – Алматы: Қазмемкөрәдеббас, 1968.
62. Омаров Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білім, 2000.
63. Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар. – Алматы: Жазушы, 1984.
64. Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттандыру өлемі. – Қарағанды: Болашак-Баспа, 2005.
65. Сұханбердина Ү. Қазак халқының атамұралары. – Алматы: Комплекс, 1999.
66. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиеттің тарихы. – Алматы: Санат, 1997.
67. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: мектеп, 1997.
68. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы: Білім, 2000.
69. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
70. Сұханбердина Ү., Сейфуллина Д. Қазақ кітаптарының шежіресі. 1807-1917. – Алматы: Рауан, 1996. – 287 б.
71. Қекішев Т. Кер заманның керегар ойлары. – Алматы: Атамұра – Қазақстан, 1995. – 168 б.
72. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 348 б.
73. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қоркем әдебиет баспасы, 1959. – 244 б.
74. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр – аңыздар/ Құраст.: Р.Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 417 б.
75. Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігеррліктер. – Астана: Фолиант, 2004. – 460 б.
76. Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Қазақ университетті, 1999. – 140 б.
77. Алдаспан/ Құраст.. М.Магаун. – Алматы: Жазушы, 1971. – 278 б.
78. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Мектеп, 1967. – 430 б.
79. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиеттің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 928 б.
80. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 434 б.
81. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы: Ғылым, 1966. – 217 б.
82. Сейфуллин С. Қазактың ескі әдебиет нұсқалары. – Алматы, 1931. – 220 б.
83. Мұқанов С. Қазактың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиеттің тарихынан очерктер. – Алматы, 1942. – 1-бөлім. – 248 б.
84. Қазақ әдебиеттің қысқаша тарихы. – Алматы: Қазақ университетті, 2001. 1-к. – 467 б.
85. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылыми баспа орталығы, 2001. – 448 б.
86. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білім, 2000. – 368 б.
87. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
88. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 360 б.
89. Қекішев Т. Санадағы жарапар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 264 б.
90. Мәдібай К. Зар – заман. – Алматы: Қазақ университетті, 1997. – 160 б.
91. Қойгелдиев М. «Оян, қазақ» және тарих шындығы// Ана тілі. 1990. – 9 тамыз.
92. Негимов С. Ақын – жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 200 б.
93. Әуезов М. Қазақ әдебиеттің қазіргі дәүірі // Әлем. Альманах: Өлеңдер, очерктер, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 496 б.
94. Дүйсенбаев ІІ. Ғасырлар сыры. – Алматы: Жазушы, 1970. – 192 б.
95. Омарұлы Б. Бұғауға бағынбаған жырлар. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 112 б.
96. Әмірәлиев Х. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1970. – 320 б.
97. Шортанбай. Толғаулар, айтystар, дастан / Құраст.: Қ.Мәдібаева, Қ.Жұністегі. – Алматы: Айқап, 1993. – 79 б.
98. Әуезов М. Жиyrма томдық шығармалар жтинағы. – Алматы: Жазушы, 1975. – 15 т. – 240 б.
99. Қекішев Т. Алақандай бет қағаз, табынарсың мандатқа... // Қанайұлы Шортанбай. Қайран, халқым. – Алматы: Раритет, 2002. – 216 б.
100. Омарұлы Б. Мұрат Мөнкеұлы. – Алматы: Крамдс Пресс, 1993. – 105 б.
101. Жұмалиев Қ.Ж. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы: Қазактың мемлекеттік қоркем әдебиет баспасы, 1952. – 402 б.
102. Сыздықова Р. Абайдың сөз өнері: Монография. – Алматы: Санат, 1995. – 225 б.
103. Шапаев Т. Ой түбінде жатқан сөз: Әдеби – сын мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 140 б.
104. Қабдолов З. Арина. – Алматы: Жазушы, 1988. – 256 б.
105. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университетті, 2004. – 340 б.
106. Әуезов М. Ахаңың елу жылдық тойы // Ақ жол. – 1923. – 4 акпан.
107. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана: Фолиант, 2002. – 474 б.
108. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 1992. – 416 б.
109. Әдебиеттандыру терминдер сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 246 б.
110. Қазақ әдебиеттің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1965. – 2 т., 2-к. – 252 б.

111. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1958. – 307 б.
112. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1960. – 407 б.
113. Көпеев Ж. Таңдамалы. 2 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 1 т. – 245 б.
114. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни – ағартушы ағым. – Алматы: Білім, 1998. – 256 б.
115. Әуезов М. Абай Құнанбаев: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1967. – 305 б.
116. Мұқаметханов Қ. Шекөрім Құдайбердіұлы // Семей таңы. – 1988. – 15-16 апрель.
117. Әбдіғазиев Б. Асыл арна. – Алматы: Білім, 1992. – 142 б.
118. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Ғылым, 1986. – 227 б.
119. Нұртазин Т. Шберлік туралы ойлар. – Алматы: Қазактың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1968. – 267 б.
120. Қирабаев С. Ақын тағдыры // Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 1 т. – 197 б.
121. Кожекеев Т. Сатиралық жанрлар. – Алматы: Ғылым, 1982. – 216 б.
122. Нұргали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: Зерттеу. – Астана: Құлтегін, 2002. – 528 б.
123. Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 327 б.
124. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы // Бес арыс (жинақ). – Алматы: Жазушы, 1992. – 434 б.
125. Елеуkenов Ш. Мағжан. – Алматы: Санат, 1995. – 347 б.
126. Бисенғали З.Қ. ХХ ғасыр басындағы казақ романы: Зерттеу. – Алматы: Өлке, 1997. – 268 б.
127. Майтанов Б. Мағжан Жұмабаевтің поэтикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 52 б.
128. Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – Алматы: Ғылым, 1992. – 200 б.
129. Қазақ әдебиетінің қыскаша тарихы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 2-к. – 455 б.

**А.С. Еспенбетов, А.С. Ақтанова,*
А.Қ. Жундибаева**

ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ISBN 978-601-7991-04-3

Компьютерде беттеген және мүкаба дизайнін жасаған – Любовицкая Елизавета

Басыу 2019 жылы қол қойылды.

Форматы 60x84 1/16. Көлемі 22,5 баспа табақ.

Times гарнитуrasesы. Офсеттік басылым.

Тапсырыс № 572.. Тиражы – 500 дана.

«Бастау» баспасы

Мемлекеттік лицензия – № 0000036

ҚР Білім және ғылым министрлігі.

ҚР Үлттых мемлекеттік кітап палатасының
халықаралық код беру туралы №155 –

978-601-281 сертификаты.

Қазақстан Республикасы Үлттых бизнес-рейтингінің

«Лидер отрасли – 2018» үлттых сертификаты.

Алматы қаласы, Сейфуллин дандығылы, 458/460-95.

Тел.: 279 49 53, 279 97 32.

«Полиграфсервис» баслаханасында басылды (тел.: 233 32 53).

Алматы қаласы, 050050, Зеленая концепсі, 13-а.